



**Шәкәрім университетінің
90 жылдық мерейтойына арналған
«ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ – 2024»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ**

СЕМЕЙ, 2024

ӘӘЖ 001
ББК 72
Ш 34

**Жалпы редакциясын басқарған Shakarim University ректоры
Д.Р. Орынбеков**

Редакция алқасы:

Смағұлова А.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, «Абай және ұлттық руханият» ҒО жетекшісі

Қасымова Ә.Ә. – PhD докторы, филология жоғары мектебінің деканы

Самекбаева Ә.М. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы

Мұсағалиева К.А. – «Абай және ұлттық руханият» ҒО ғылыми қызметкері.

Шәкәрім университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған «Шәкәрім оқулары – 2024» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының (2024 жылы, 15 қараша): материалдары/ Бас редакторы: Д.Р. Орынбеков. – Семей: Shakarim University, 2024. – 670 б.

ISBN 978-601-313-203-7

Жинаққа «Шәкәрім оқулары-2024» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына, докторанттарға, магистранттар мен студенттерге және мектеп мұғалімдеріне арналған.

ӘӘЖ 001
ББК 72
Ш 34

ISBN 978-601-313-203-7

© Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, 2024

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрі
Саясат Нұрбектің

ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

**Құрметті Shakarim University-дің ғалымдар қауымы, оқытушылар,
қызметкерлер, студенттер мен түлектер!**



Сіздерді университеттің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – тек бір оқу орнының тарихындағы маңызды дата емес, бүкіл Қазақстанның жоғары білім жүйесі, еліміздің мәдениеті мен ғылымы үшін үлкен оқиға.

Shakarim University – бұл ұлы Шәкәрімнің ағартушылық пен даналық дәстүрлерін сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізіп келе жатқан оқу орны.

Сіздердің бүгінгі ұстанымдарыңыз стандарттар мен көшбасшылыққа деген талпынысты дәлелдейтін заманауи білім беру бағдарламаларын дамытуға, ғылыми

жобаларды жүзеге асыруға бағыттталып отыр. Бұл факторлар университетке халықаралық рейтингтерде жоғары орындарды иеленуге мүмкіндік береді, білім беру ортасын жетілдіріп, білім көкжиегін кеңейтеді.

Университет жас кадрларды тартуға ерекше назар аудара отырып, тұрақты даму, инженерия, аграрлық технологиялар және экономиканың әрі ғылымның болашағын анықтайтын басқа да маңызды бағыттарда инновациялық бастамаларды нығайтуда. Бұл бастамалар Абай облысы және Қазақстан Республикасының экономикасы мен ғылыми прогресінің дамуына айтарлықтай үлес қосады.

Shakarim University-ге алдағы уақытта да табыстарының еселене түсуін, жаңашыл идеялардың көп болуын, гүлдену мен алға қарай нық қадам басуды тілеймін. Ұлы Шәкәрімнің есімі халыққа қызмет ету мен ақиқат іздеу жолында өскелең ұрпақты рухтандырып, білім мен ғылымға деген адалдықтың символы болып қала берсін!

Shakarim University ректоры Орынбеков Думан Рымғалиұлы

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі қонақтар, ұстаздар, зиялы қауым өкілдері!



Семей – ежелден оқу-білім қазығы қағылған, алашқа астана болған киелі өлке. Қаламыздағы ежелгі білім ордасы Шәкәрім университетінің құрылғанына тоқсан жыл. Тоқсан жыл, әрине аз уақыт емес. Бір ғасырға жуық уақыт талай шәкіртті қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама сыйлап, жол нұсқауда. Тоқсан жылдық өмір жолында қалыптасқан дәстүрлері, ардақты ұстаздардың есімдері мен атқарған істері уақыт шеңберінде жеткен жетістіктері екені сөзсіз. Біз осынау шежірелі тарих беттерінің тоғызыншы онжылдығын аттадық.

Шәкәрім университеті – жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, техникалық, ауыл шаруашылығы ғылымдары, ветеринария, бизнес саласында сұранысқа ие мамандықтардың кең спектрі бойынша мамандар даярлайтын Қазақстандағы ірі жоғары оқу орындарының бірі.

Бакалавр, магистратура, докторантура бойынша түрлі мамандық иелерін даярлау, академиялық ұтқырлық бағдарламалары мен ғылыми коллаборация жұмыстарын жүргізу барысында АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Қытай, Түркия, Ресей, Германия, Белоруссия, Венгрия, Польша, Словения сынды әлемдік деңгейде беделді университеттерімен тығыз байланыс орнатып, жұмыс жасауда.

90 жылдық тарихында әр алуан мамандық бойынша орта есеппен 150 мыңнан астам түлек шығарған Шәкәрім университеті – оқу-ағарту саласына үздіксіз қызмет етіп келе жатқан білімнің қара шаңырағы. Мыңдаған кітаптың тұсауын кесіп, мыңдаған түлектің білім күрмеуін шешкен қара шаңырақ дана Шәкәрім есімін иеленген қасиетті орда. Бұл шаңырақтан мектеп мұғалімінен бастап, ғалымдар, министрлер, өнер майталмандары, ақындар, жазушылар, кәсіпкерлер мен меценаттар, ағартушы-қайраткерлер, түрлі кәсіп иелері шықты.

Кітап – ақылшы, кітап – тәлімгер, кітап – өмір айнасы, кітап – тарих шежіресі. «Халық пен халықты, ұлт пен ұлтты теңестіретін нәрсе – білім», – деп кемеңгер жазушы М.Әуезов айтқандай білімді адамзат баласына жеткізіп, сусындататын дүние кітап екені анық. Шәкәрім университетінің шежірелі бай тарихы жинақталған бұл кітап тағылымды өткен күндердің белгісіндей, әрі жарқын болашақпен байланыстырар жалғасындай.

Құрметті әріптестер! Біз ұмтылар биік көп. Алдымызға зор мақсаттар қойдық. Ол асуларға ұжымның ынтымағы мен бірлігі, адал еңбегі, ісіне деген жауапкершілігі, ғылымның мұраттарына деген адалдығы арқылы жететіндігімізге кәміл сенімдімін. Ғылым жолында жүрген ұстаздарымыз қадірлі, шәкірттеріміз талапты болып, Қазақ Елінің ғылымы жасай берсін дегім келеді!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

И.А. Оралканова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ. Indir.85@mail.ru

ШӘКӘРІМ УНИВЕРСИТЕТІ: САПАЛЫ БІЛІМ, САНАЛЫ ҰРПАҚ, ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Қайырлы күн, қадірлі ардагер-ұстаздар, құрметті қонақтар, университет түлектері! Отандық жоғары білім беру кеңістігіндегі айрықша орны және тарихи маңызы бар білім ордасы, барлығымыздың Альма-матеріміз – Шәкәрім университетінің құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр. Тарихи бастауын 1934 жылы құрылған Семей педагогикалық институтынан алатын оқу орнының қалыптасуы ХХ ғасырдың өздеріңіз білетін күрделі жылдарымен тұспа-тұс келді.

Әділін айта кету керек, Кеңес өкіметі толық орнаған 20-шы жылдардан бастап, халық ағарту, сауатсыздықпен күрес мәселесі күн тәртібінен түскен емес. 1919 жылы В.И. Ленин қол қойған «РСФСР тұрғындарының арасындағы сауатсыздықты жою туралы» Декретке сәйкес, Семейде және облыста сауатсыздықты жою бойынша қызу жұмыстар басталды. Ол өзінің нәтижесін беріп отырғаның тарихи құжаттар дәлелдейді.

1920 жылдан 1930 жылға дейінгі аралықта Семейде дайындық курстары, рабфактар сынды қысқа мерзімді білім беру мекемелері халық ағарту ісінің негізгі миссияларын атқарды. Алайда, кәсіби, жоғары білімді маман дайындау үшін ЖОО ауадай қажет еді.

1927 жылы Ташкент қаласындағы Қазақ халық ағарту институты сол кездегі астана Қызылордаға, ал 1930 жылы Семей қаласына көшірілді. Институттың директоры қазақтың аса көрнекті зиялы азаматы Біләл Сүлеев болды. Алайда, небары екі ай көлемінде қызыметіне енді кіріскенде, кеңестік қудалауға ұшырады.

1933-1934 жылдары Семейде жұмыс істеп тұрған кешкі педагогикалық институт қаржыландырудың болмауына байланысты 1934 жылдың көктемінде жұмысын тоқтатты [2].

Ал, 1934 жылдың 23 маусымында Шығыс Қазақстан обкомының Бюросында «Семейде Қазақ педагогикалық институтын ұйымдастыру» туралы мәселе қаралды. Педагогикалық институттың ашылуына облыста, сол сияқты бүкіл республикада мұғалім кадрлардың жетіспеушілігі себеп болды. Мәселен, 1934-1935 оқу жылында қала мектептеріне 65 мұғалім қажет болса, сонымен бірге білім сапаларының төмендігіне қарай 100 мұғалімді ауыстыру қажеттігі туындаған. Мұғалімдер тапшылығы жаңа мектептерді ашуға мүмкіндік бермеді, тіпті бұрынғы бар мектептердің өздері жабылып қалып отырды. Бұл кездерде қызмет жасаған Қазақстандағы қысқа мерзімді курстар мен педагогикалық оқу орындары сұраныстың 10-15 % ғана қанағаттандыра алды.

Білім беру саласындағы қалыптасқан нақты жағдайға байланысты Бүкілодақтық Коммунистік партияның Шығыс Қазақстан обкомының бюросы «Семей кешкі педагогикалық институтының базасында, 1934 жылы күзден бастап, құрамында: а) физика-математика, б) химия-биология, в) тарих-әдебиет, г) экономика бөлімдері (география секциясымен бірге) бар Шығыс Қазақстан педагогикалық институтын ұйымдастыру туралы» Қаулы қабылдады. Көп ұзамай қазақ АКСР Халық Комиссарлар кеңесі осы шешімді бекітті. Осы Қаулы негізінде бүгінгі 90 жылдығын атап өтіп отырған Шәкәрім университетінің тарихы басталады. Ұзақ жылдар бойы Семей өңірінің ғана емес, Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағына кадрлар дайындайтын жоғары білім беру ордасы болған институттың 1934-1935 оқу жылындағы контингенті 210 адам болғаны көрінеді. 1935 жылы қаңтардан бастап, Семей мұғалімдер институты КСРО-титулды оқу орындарының тізіміне енгізілді.

1936 жылы 10 шілдедегі Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетінің Қаулысымен Семей мұғалімдер институтына әдебиет майданындағы 20 шығармашылық қызметіне

байланысты Сәкен Сейфуллиннің есімі берілді [6]. Алайда, қайраткердің 1937 жылы «халық жауы» ретінде тұтқынға алынуына байланысты есімі институттан алынып тасталды. 1939 жылы институтқа Н.К. Крупскаяның аты берілді. Ал, 1993 жылы Семей пединститутының халқымыздың ардақты перзенті Шәкәрімнің атын алғаны сіздерге аян.

1937 жылы 31 қазанда Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі «Семей педагогикалық институты туралы» Қаулы қабылдады. Қаулыда Қазақ КСР Халық ағарту Кеңесі мен Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің Семей қаласында 1937 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 4 жылдық педагогикалық институтты ұйымдастыру жөніндегі ұсынысының қабылданғаны айтылған [7]. Біз бұдан жоғары оқу орнының жаңа сатыға өткенін көреміз. Жаңадан құрылған Семей педагогикалық институтының бір ерекшелігі - оның құрамында Мұғалімдер институты да қызметін жалғастырды. 1940 жылы институтта төмендегідей факультеттер мен бөлімдер болғанын көреміз, олар:

- Орыс тілі мен әдебиеті
- Қазақ тілі мен әдебиеті
- Физика-математика
- Жаратылыстану-география
- Тарих.

Институт қабырғасында 770 студент білім алды [7].

Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл ел көтерген қиындық Пединституттің де иығына түскені белгілі. Оқу орнының ұстаздары мен студенттері отан қорғауға аттанып, небір ерліктің үлгілерін көрсеткен.

Семей педагогикалық институтының еліміздегі мықты оқу орындарының біріне айналуына үлкен еңбек сіңірген институттың әр кездегі басшылығын, ұстаздары мен ғалымдарын біздер қашанда аса бір жылылықпен еске аламыз.

1952 жылы Семей мұғалімдер институты негізінде Өскемен педагогикалық институты құрылғанын, сол сияқты Павлодар педагогикалық институтының да алғашқы құрылу кезеңінде Семей педагогикалық институтынан жан-жақты көмек алғанын да айта кетуіміз қажет.

Құрметті мерейтойлық іс-шараға қатысушылар! Өткен ғасырдың ортасында Семей қаласын студенттер қаласы деп кездейсоқ атамағаны белгілі. Еліміздің халық шаруышылығына қажетті мамандарды дайындауда қаламыздағы зооветеринарлық және технологиялық институттары ерекше орын алды. Олардың аттары ел тарихында алтын әріптермен жазылған.

Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институты 1952 жылы Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағындағы КСРО Министрлер Кеңесінің 15 желтоқсанындағы №4943 санды қаулысымен, КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің 25 желтоқсандағы №1794 санды бұйрығына сәйкес ашылған ғалым зоотехниктер мен мал дәрігерлерін даярлайтын Қазақстанның үшінші ауыл шаруашылық жоғары оқу орны болды.

1952-1954 жылдары институтқа 274 студентпен «Ветеринария», «Зоотехния» мамандықтары бойынша 24 оқытушымен (оның 9-37,5% ғылыми атағы болды) бастады.

1954-1967 жылдары институтқа ғылыми және педагог кадрлар басқа одақтас республикалардан, ауыл шаруашылығы жоғарғы оқу орындарынан – Ленинград, Қазан, Омбы, Воронеж, Алматыдан тартылды. 1957 жылы солтүстік – шығыс Қазақстан аймағы бойынша 122 ғалым-зоотехник (16 үздік диплом), 138 мал дәрігері (22 адам үздік диплом) алғашқы түлек атанды.

1967-1982 жылдары институт одан әрі қарқынды даму үстінде болды. 1968 жылы 7 кафедра бойынша аспирантура ашылды. Бұл кезеңде институт бітіруші 80 адам кандидаттық диссертация қорғап, оның 30-ы институтта қалып жұмыс істеді.

1982-1995 жылдары, соның ішінде 1988 жылы институттың 33 кафедрасында 7 ғылым докторлары, профессорлар, 99 ғылым кандидаттары, доценттер болды. Ғылыми дәреже 47,7% жетті. 5 мамандық бойынша 5664 адам даярланды, оқу 2 тілде жүргізілді. Студенттер

саны 3,5 мың адамға жетті.1994 жылы институт ғалымдары бүгіндері жоғары бағаланатын жартылай қылшық жүнді қазақтың жаңа «Байыс» қой тұқымын шығарды.

Елімізге белгілі болған Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтының құрылу тарихы Қазақстандағы және бұрынғы Семей облысындағы тамақ өндірісі саласының даму тарихымен тығыз байланысты.1963 жылы алғаш рет Семейде Шымкент Қазақ химиялық-технологиялық институтының (ҚазХТИ) жалпы техникалық факультеті ашылды. Факультет 1963 жылы алғаш рет студенттерді қабылдау жүргізді. 1965 жылы осы негізде және Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібінің технологиялық институтының базасында осы институттың Семейдегі филиалы ашылды, 1980 жылы олодаққа мәлім Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтына айналды.

Факультет оқытушыларының штаты алғаш 24 адамнан құралды: 1 тарих ғылымдарының кандидаты, 11 аға оқытушы және 13 оқытушы болды.

ҚазССР ЖОАБМ 1965 жылғы 19 маусымындағы № 491 бұйрығына сәйкес, оқу процесінің үздік ұйымдастырылуы мақсатында, Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының бөлімшесінде 1 қыркүйектен бастап екі факультет ұйымдастырылды:

– механикалық факультет «Тамақ өндірісінің машиналары мен аппараттары» мамандығы бойынша;

– технологиялық факультет «Ет және ет өнімдерінің технологиясы» және «Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы» мамандықтары бойынша.

1965-1995 жылдардың арасында Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институты одақтың және республиканың тамақ өнеркәсібіне қажетті жоғары білікті мамандарды үнемі дайындау үстінде болды.

1983-1984 оқу жылында студенттердің саны 2651 адамды құрады.Мамандарды дайындау 4 мамандық бойынша жүргізілді: 0517 – Тамақ өндірісінің машиналары мен агрегаттары, 1017 – Ет және ет өнімдерінің технологиясы, 1009 – Сүт және сүт өнімдерінің технологиясы, 1718 – Азық-түлік өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру.

1980-1985 жж. аралығында Ет, сүт және машина жасау өнеркәсібінің 49 кәсіпорынымен келісімшарт жасалды. Өндіріс орындарында, Семей ет комбинаты және Семей облыстық сүт бірлестігінде дипломдық жобаларды қорғау жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, Семей технологиялық институтының делегациясы 1987 жылы Кубада өткен ет өнеркәсібі мамандарының Халықаралық конгресіне қатысты.

Қазақстан ЖАК-ның 1993 ж. 30 желтоқсандағы бұйрығына сәйкес Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтында «Ет, сүт және балық өнімдерінің технологиясы» және «Тамақ өнеркәсібінің процестері, машиналары және агрегаттары» мамандықтары бойынша техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмыстарды қорғауға аймақтық мамандандырылған кеңес ашылды. Бұл ғылыми кадрларды дайындаудағы үлкен жетістік еді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылдың 13 қарашасындағы № 1518 қаулысымен және Білім министрінің 1995 жылдың 1 желтоқсанындағы № 304 бұйрығымен үш жоғары оқу орындары: Шәкәрім атындағы педагогикалық институт, малдәрігерлік институты және Семей ет және сүт өндірісінің технологиялық институты негізінде «Семей» мемлекеттік университеті құрылды. 1996 жылы Семейде Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржы институты құрылып, ол 2000 жылы университеттің құрамына енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1436 қаулысымен университетке Шәкәрім Құдайбердіұлының аты беріліп, университет Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті деп аталды.

Университетіміздің тарихының беттеріне аттары алтын әріптермен жазылған, халық білетін академик Т. Аманов, Қазақ ССР гимні авторларының бірі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қ. Мұхамедханов, ҚазССР оқу-ағарту министрі Қ. Балахметов, мемлекет қайраткері М. Сағдиев, Социалистік Еңбек Ері Ж. Шайжүнісов, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қ. Бітібаева, Мәжіліс және Сенат экс-депутаттары Ғ. Есім, Ә. Рахымжанов, Т.

Мұхаметжанов, Н. Қалиев, дипломат, Ұлттық қауіпсіздік саласының генерал-майоры Ө. Битимов, мемлекет және қоғам қайраткерлері Ж. Дәукеев, Х. Матаев, Б. Сыдықов, М. Орымбаев, М. Шайжүнісов, Н. Жотабаев, К. Сәлімов; бұрынғы министрлер Т.М. Нұрқиянов, М. Қожабаев, ҚР кәсіподақ конфедерациясының президенті С.Ө. Мұқашев, Социалистік Еңбек Ері В.В. Еременко, Қазақстанның Еңбек Ері, тұңғыш Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Ж. Үшкемпіров, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутаттары А.А. Доғалақов, Н.Г.Егорин, Б.К. Қожамбетов, К.М. Мұсажанов, ҚР Сенат депутаты – Ж.Ж. Нұрғалиев, Мәжіліс депутаттары – М. Пшенбаев, Т. Сыздықов, Т. Ибраев, РФ Мемлекеттік Дума депутаты – П.В. Ефремов, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Сайдуллин Тлеуберді, т.б.

КСРО Ет және сүт өнеркәсібі министрінің орынбасары Ю.А. Кроха, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрі Ф.А. Новиков, Қазақ ССР Ет және сүт өнеркәсібі министрі А.А. Алыбаев, Қазақ ССР ет және сүт өнеркәсібі министрінің орынбасары С.Г. Құрманғалиев, Қазақ ССР ет және сүт өнеркәсібі министрінің орынбасары А.М. Авдеев, Қазақ ССР ет және сүт өнеркәсібі министрлігінің басқарма бастықтары С.Ж. Исенбаев, Г.И. Костогукайлов, А.Е. Біләлова, бас технологы Я.М. Ұзақов, Қазақстан ет-консерві комбинаттарының директорлары Н.А. Крипак, Н.К. Колот, Е.Л. Бакман, С.Б. Бақтажаров, У.И. Ильясов, И.В. Браташ, Т. Төлемісов, А.А. Момышев, М.А. Фазлиев, С.М. Карибаев С.Б. Әділбеков, А.К. Қарымсақов А.Т. Смағұлова, Г.Ф.Феденев, А.Е. Жоламанов, Ж.Т. Сулейменов, Б.И. Аймағамбетов, С.А. Алибеков, А.П. Комнатный, А.П. Саенко, С.М. Қазиханова және т.б. тамақ өнеркәсібінің нағыз майталмандары болды.

Осы оқу ордасының түлектері ақын - жазушылар К. Оразалин, Ғ. Сапаев, М. Сұлтанбеков, М. Ибраев, Т. Жанғалиев, Ә. Қайран, Т. Әбдікәкімов, т.б. есімдері елімізден тыс жерлерге де аян.

Шәкәрім университеті спорт саңлақтарының ұстаханасы деген атқа лайық екенін атақты спортшыларымыз дәлелдеп келеді. Қазақстан, Азия, әлем чемпиондары, Олимпиада ойындарына қатысқан спортшылар, «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпаздары – Шәкәрім университетінің түлектері.

Университеттің әр жылдардағы басшыларын атамай кету мүмкін емес, олар Григорий Семеняк, Харира Мухамбетова, Яков Сихов, Ахметкали Ынтықпаев, Павел Малышев, Андрей Санников, Николай Ким, Рахым Барлыбаев, Кенжебек Даукеев, Өмірәлі Ташмұхаметов, Байдулла Садықов, Уәлхан Әбділманов, Александр Курочкин, Юрий Чернов, Евгений Кузнецов, Владимир Талалаев, Орынғазы Рахымжанов, Владимир Воробьев, Зейнолла Қалымбекұлы Тоқаев, Нәдірбек Апсәләмов, Михаил Семенович Панин, Ерлан Бәтәшұлы Сыдықов, Жексенбай Мәкейұлы Адилов, Мақтағали Бектемесов, Шәріпбек Ағабайұлы Әмірбеков, Мейір Ғариполлаұлы Ескендіров, Мұхтар Қазбекұлы Байжұманов, Бауыржан Аманкелдіұлы Ердембеков.

Бүгінде Шәкәрім университеті 150 мыңнан артық түлекті қанаттандырып, Shakarim High School, Шәкәрім жоғары колледжі, бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша, қайта даярлау, Күміс университет бағдарламаларын жүзеге асырып, Lifelong learning, яғни өмір бойы білім алу принциптеріне сәйкес жұмыс жасауда. 9 зерттеу және жоғары мектептері өз жұмысын табысты жүзеге асыруда.

Білім беру бағдарламалары нарық талабына сай жаңартылған және инновациялық бағытта жүзеге асырылуда. Оның бірден-бір дәлелі, «Атамекен» Ұлттық рейтинг нәтижесі.

Өңір жастарына шетелде білім алуға мүмкіндік беретін Оңтүстік Корея, Польша және Ресей мемлекеттерінің жоғары оқу орындарымен қос дипломды ББ табысты орындалып келеді.

Елімізде ғылымды қолдауға жасалып жатқан қадамдар өзінің оң нәтижесін беруде. Қазіргі кезде әріптестеріміз 52 жобаорындауда.

Ғылыми біліктілікті айқындайтын, диссертациялық кеңес те өз жұмысын жасап, еліміздің ғылыми дәрежелі кадрлар үлесін арттыруға ықпал етуде.

Ғылыми ізденістерді жүзеге асыру мақсатында ғылыми лабораториялар мен орталықтардың да ұлғайғанын анық көріп отырсыздар. Осы мерекелік шара аясында Инжиниринг орталығының ашылуы да қарастырылған. Агробиостанция жұмысы жаңғыртылып, агробиолаборатория ретінде қызметін атқарып, биыл қытайлық ғалымдармен бірлескен жобалар жүзеге асырылды.

Университет әлемдік кеңістікте өз орнын белгілеу мақсатында бірқатар міндеттер айқындалды. Олар өз нәтижесін беруде. Күні кеше Азиядағы үздік университеттердің рейтингі - QS Asia University Rankings 2025 сәйкес университет 100 орынға жоғарылап, 501-520 аралығында орналасты.

QS Stars халықаралық рейтинг жүйесі біздің университетімізге 4 жұлдыз беріп, білім беру бағдарламаларының сапасы мен тиімділігін, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілікке, инклюзияға және экологиялық тұрақтылыққа деген адалдығымызды растады.

Сондай-ақ тағы бір сыртқы бағалау жүйесі – институционалды аккредиттеу бойынша 2023 жылдың соңында университет алғашқы рет 7 жылға аккредиттелді.

Әрине, Сіздермен бөлісетін жаңалықтарымыз, әріптестеріміз бен білім алушыларымыздың жетістігі жетерлік, дегенмен белгіленген уақыт мерзіміне сай айтуды жөн көрдік.

Ардақты аға буын өкілдері, қадірлі мерейтойлық конференцияға қатысушылар, қандай да бір мәлімет назардан тыс қалса, айып етпессіздер деп ойлаймын. Университеттің 90 жылдық мерейтойына орай, таяуда жарық көретін арнайы Альманахтың мазмұнында жүріп өткен жолымыздың тарихы тізбектеліп, егжей-тегжейлі көрсетіледі. Ол жұртшылыққа қолжетімді болады.

Қорыта айтқанда, аға буыннан мирас болып келе жатқан университеттің жағымды имиджін кейінгі ұрпаққа жеткізу, университеттің жақсы атын тек елімізге емес, шетелдерге де таныту барлығымызға ортақ міндет. Сол себепті, Шәкәрім университетінің тарихын «1934 жылдан бастап қарастыру және 90 жыл ретінде тойлануы керек» – деген Думан Рымғалиұлының бастамасы, бұдан ары әр институттың жеке мерейтойы емес, ол ортақ тарих ретінде жалғасады.

Бүгінгі Альма-матерымыздың 90 жылдығына алыс-жақыннан сағынышпен жиналған аға буын өкілдеріне, түлектерге алғысымызды білдіре отыра, Шәкәрім қажы атындағы қара шанырақ – университетімізге жарқын болашақ тілейміз!

Б.Қ. Насырханова
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

**АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН САЛАСЫНА МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ БЕЙІМДЕУ**

**Құрметті университет ұжымы, профессорлық-оқытушы қауым,
қатысушы қонақтар!**

Сіздерді Университеттің 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, аграрлық салада кадрлар даярлау бойынша қысқаша баяндап кетуге рұқсат етіңіздер!

Соңғы 10 жыл ішінде экономика, экология т.б. салаларында орын алған өзгерістер агроөнеркәсіптік кешеннің жаңаша даму кезеңіне өтуіне ықпал етті. Осыжаңаша қайта құрудың серпінділігі, еліміздегі агроөнеркәсіп кешенінің даму жағдайындағы өзгерістер қатты байқалуда.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: аграрлық ғылымды дамыту, саланың білім беру бағдарламаларын өндіріс қажеттіліктеріне бейімдеу, сонымен қатар шетелдік жетекші жоғары оқу орындары және танымал орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату қажет деп нық айтты.

Осыған орай, қазіргі кезде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КеАҚ-на қарасты 3 аграрлық жоғары оқу орындары (*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, С.Сейфуллин атындағы агро-техникалық зерттеу университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті*) бар. Оған қоса аграрлық кадрларды біздің 3 ЖОО-дан басқа ҚР Ғылым және жоғары оқу орны министрлігіне қарасты 20 ЖОО-лар даярлайды, оның ішінде 8 ірі факультеттер, ал қалғандары 2-3 ғана мамандықтарды даярлайтын кафедралар.

Ал, соңғы 2023-2024 оқу жылдарын алсақ, республика бойынша 23 ЖОО-ларда аграрлық даярлау бағытында білім алушылар саны **12 480**, бітірушілер саны **3 039**, жалпы жұмысқа орналасқандары 60%, оның 20% магистратураға түскендер, ал қалған 20% (*бала күтушілер, әскер қатарына алынғандар, мүлдем жұмысқа орналаспағандар*).

Жоғарыда аталған бізге қарасты 3 ЖОО-да жасалынған жұмыстарды айта кетсек, Университеттердің жанынан аграрлық даярлау бағытының барлық білім беру бағдарламаларын толықтырулар енгізуге, өзектендіруге, әзірлеуге арналған Академиялық комитет құрылды. Олардың құрамына білікті профессорлық-оқытушылар, жұмыс берушілер, халықаралық тәжірибелерді қосатын шетелдік ғалымдар енген.

Сонымен қатар, жұмыс берушілердің базасында дуалдық оқыту көбірек қолданылуда. Оған қоса жыл сайын арнайы бос орындардың жәрмеңкесі аграрлық университеттердің өзінде «Тұқым күні», «Дала күнінің» шеңберінде қосымша өткізіледі. Мұның бәрі цифрлық платформасына енгізілді.

Түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етудің шарасының бірі үшжакты келісім-шарт жасалады, яғни (*университет, жұмыс беруші, бітіруші түлек*). Сондай-ақ бізге қарасты үш аграрлық ЖОО-ларда 1500-ге жуық практикалық базалармен жұмыс істейді. Студенттер өндірістік практикаға барып, одан әрі жұмысқа қалып қоятындарда бар.

Алайда, проблемаларда жоқ емес. Жыл сайын «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «ветеринария» даярлау бағыттарына республика бойынша – 3320 білім гранттары бөлінеді, яғни жыл сайын көбейтіп жатырмыз. Оның 1500 гранты бізге қарасты аграрлық ЖОО-лар конкурс арқылы ұтып алады, қалғандары басқа аграрлық бейіндегі емес ЖОО-ларға кетіп қалады. Жыл сайын 40-45% білім гранттары игерілмей қалып жатыр.

Себебі, талапкерлер ауыл шаруашылығы мамандығына келгісі келмейді, келетіндер тек ЖОО-ның дипломын алу үшін қалған принциптермен ғана түседі, алағрарлық ЖОО-лардың тарапынан түлектердің жұмысқа орналасу жағына қандай шаралар мен ықпал жасалса да жұмысқа орналасу жағы өте төмен көрсеткіште болып отыр 40-50% қана.

Түлектер қаншалықты мемлекеттік білім грантымен оқыса да өз мамандығы бойынша ауылдық жерге барып, жұмысқа орналасудан қашады. Оның себебі аймақтарға, ауылдық жерге барған мамандарға жергілікті атқарушы органдар (әкімшілік) тарапынан тиісті жағдай жасалмайды. Тұрғын үй, көтерме ақы, егер бала-шағасы бар болатын болса бала бақша, инфрақұрылым деген сияқты көптеген себептер бар. Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін тек қана жоғары оқу орындарының мойнына іліп қоюға болмайтын сияқты. ЖОО-лар қолдарынан келгенін жасап ықпал етуде. Осыған орай, мынадай ұсыныстар ұсынылады.

1) аграрлық даярлау бағытында оқитын студенттердің стипендиясын медицина мен педагогика саласында оқып жүрген студенттердің стипендиясымен теңестіру керек. Педагогика, медицина саласында оқитындардың стипендиясы 75 мыңан астам, ал аграрлық салада 47 135 теңге;

2) «Дипломмен ауылға» бағдарламасын 35%-тен 70%-ке дейін көтеру керек;

3) білім гранттарын өңірлер бойынша мақсатты оқытуға (квота) немесе әкімдер тарапынан бөлінетін гранттарды көбейту керек;

4) «Болашақ» бағдарламасымен аграрлық мамандықтарға түсетін түлектерге шекті баллдарын төмендетуді қажет деп есептейміз. Себебі басқаларға қарағанда шетелге аграрлық даярлау бағытында оқыған балалар аз түсуде.

K. Alimhan

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan
Tokyo Denki University, Japan, keylan@live.jp

PRACTICAL OUTPUT TRACKING FOR A CLASS OF NONLINEAR TIME-DELAY SYSTEMS VIA STATE FEEDBACK

1 Introduction

The control design is one of the most important topics in nonlinear system theory, so a number of researchers have paid careful attention to it, for example, it can be seen in references [1-11]. Its basic problem is to design a feedback control law making the controlled output track a given reference signal as much as possible. The problem of global practical tracking for nonlinear state feedback systems was solved by the method of adding a power integrator [3,4] and using the idea of universal control [1, 2].

However, the above results do not take into account time delays and their impact on the system as a whole. For example, in three-dimensional systems, delay is determined by the fact that the signals propagate at a finite speed and they need time to overcome distances [12]. Delay of the reaction to the signal and feedback with delay are inherent in many physical [13], chemical [14], climatic [15] and biological [16] objects and processes. In the study of systems with delay, it is important to know the values of time delays, the value of which largely determines the dynamics and properties of the system. Since time-delay exists widely in many practical systems such as electrical networks, microwave oscillator, and hydraulic systems, etc., and usually makes the considered system unstable, to achieve some control objectives such as stabilization and trajectory tracking, the influence of time delay phenomenon should be considered. In view of these facts, it is meaningful and necessary to study control problems of accidental nonlinear systems with unknown parameters and time-delays.

In recent years, by employing the Lyapunov-Krasovskii method to deal with the time-delay, control theory, and techniques for stabilization problem of time-delay nonlinear systems were

greatly developed and advanced methods have been made; see, for instance, [17-21] and reference therein. Compared with study the stabilization problem contain time-delay, the theory of output tracking control developed slower. In the case when the nonlinearities contain time-delay, for the output tracking problems, some interesting results have been obtained [22-24]. However, in [22-24] only considered special case for the system (1), i.e., case. When the system under consideration is inherently time-delay non-linear, the problem becomes more complicated and difficult to solve. To the best of our knowledge, many interesting output tracking control problems for time delay inherently nonlinear systems unsolved yet. In this paper, we deal with such as the tracking problems via state feedback domination method in [25-26].

Consider the following uncertain nonlinear time-delay system

$$\begin{aligned} \dot{x}(t) &= x_2(t)^{p_1} + \varphi_1(t, x(t), x(t-d_1), u(t)), \\ &\text{M} \\ \dot{x}_{n-1}(t) &= x_n(t)^{p_{n-1}} + \varphi_{n-1}(t, x(t), x(t-d_{n-1}), u(t)), \\ \dot{x}_n(t) &= u + \varphi_n(t, x(t), x(t-d_n), u(t)), \\ y(t) &= x_1(t), \end{aligned} \quad (1)$$

where $x(t) := (x_1(t), \mathbf{K}, x_n(t))^T \in \mathbb{R}^n$, $u \in \mathbb{R}$, and $y(t) \in \mathbb{R}$ are the system state, control input and output, respectively. The constants $d_i \geq 0$ ($i=1, \dots, n$) are a given time-delays of the system, and the system initial condition is $x(\theta) = \varphi_0(\theta)$, $\theta \in [-d, 0]$, $d \geq \max\{d_1, \dots, d_n\}$. The terms $\varphi_i(\cdot)$ represent nonlinear perturbations that are unknown continuous functions and $p_i \in \mathbb{R}_{\text{odd}}^{\geq 1} := \{p/q \in [0, \infty) : p \text{ is a positive integer, and } q \text{ is a positive odd integer, } p \geq q\}$ ($i=1, \mathbf{K}, n-1$) are said to be the high orders of the system.

2 Mathematical Preliminaries

We collect the definition of homogeneous function and several useful lemmas.

Definition 1 ([27]). For a set of coordinates $x = (x_1, \mathbf{K}, x_n) \in \mathbb{R}^n$ and an n -tuple $r = (r_1, \mathbf{K}, r_n)$ of positive real numbers we introduce the following definitions.

- (i) A *dilation* $\Delta_s(x)$ is a mapping defined by $\Delta_s^r(x) = (s^{r_1}x_1, \mathbf{L}, s^{r_n}x_n)$, $\forall x = (x_1, \mathbf{K}, x_n) \in \mathbb{R}^n$, $\forall s > 0$, where r_i are called *the weights of the coordinate*. For simplicity of notation, the dilation weight is denoted by $\Delta = (r_1, \mathbf{K}, r_n)$.
- (ii) A function $V \in C(\mathbb{R}^n, \mathbb{R})$ is said to be *homogeneous of degree* τ if there is a real number $\tau \in \mathbb{R}$ such that $V(\Delta_s^r(x)) = s^\tau V(x_1, \mathbf{L}, x_n)$, $\forall x \in \mathbb{R}^n - \{0\}$.
- (iii) A vector field $f \in C(\mathbb{R}^n, \mathbb{R}^n)$ is said to be *homogeneous of degree* τ if the component f_i is *homogeneous of degree* $\tau + r_i$ for each i , that is, $f_i(\Delta_s^r(x)) = s^{\tau+r_i} f_i(x_1, \mathbf{L}, x_n)$, $\forall x \in \mathbb{R}^n$, $\forall s > 0$, for $i=1, \mathbf{K}, n$.
- (iv) A *homogeneous p -norm* is defined as $\|x\|_{\Delta, p} = \left(\sum_{i=1}^n |x_i|^{p/r_i} \right)^{1/p}$, $\forall x \in \mathbb{R}^n$, $p \geq 1$.

For the simplicity, write $\|x\|_{\Delta}$ for $\|x\|_{\Delta, 2}$.

Next, we introduce several technical lemmas which will play an important role and be frequently used in the later control design.

Lemma 1 [27]. Denote $\Delta = (r_1, \mathbf{K}, r_n)$ as dilation weight, and suppose $V_1(x)$ and $V_2(x)$ are homogeneous functions with degree τ_1 and τ_2 , respectively. Then, $V_1(x)V_2(x)$ is also homogeneous function with degree of $\tau_1 + \tau_2$ with respect to the same dilation Δ .

Lemma 2 [27]. Suppose $V : R^n \rightarrow R$ is a homogeneous function of degree τ with respect to the dilation weight Δ . Then, the following (i) and (ii) hold:

- (i) $\partial V / \partial x_i$ is also homogeneous of degree $\tau - r_i$ with r_i being the homogeneous weight of x_i .
- (ii) There is a constant $\sigma > 0$ such that $V(x) \leq \sigma \|x\|_{\Delta}^{\tau}$. Moreover, if $V(x)$ is positive definite, there is a constant $\rho > 0$ such that $\rho \|x\|_{\Delta}^{\tau} \leq V(x)$.

Lemma 3 [25]. For all $x, y \in R$ and a constant $p \geq 1$ the following inequalities hold:

$$(i) \quad |x+y|^p \leq 2^{p-1} |x^p + y^p|, \quad (|x|+|y|)^{1/p} \leq |x|^{1/p} + |y|^{1/p} \leq 2^{(p-1)/p} (|x|+|y|)^{1/p}$$

If $p \in R_{odd}^{\geq 1}$, then

$$(ii) \quad |x-y|^p \leq 2^{p-1} |x^p - y^p| \quad \text{and} \quad |x^{1/p} - y^{1/p}| \leq 2^{(p-1)/p} |x-y|^{1/p}.$$

Lemma 4 [26]. Let c, d be positive constants. Then, for any real-valued function $\gamma(x, y) > 0$, the following inequality holds:

$$|x|^c |y|^d \leq \frac{c}{c+d} \gamma(x, y) |x|^{c+d} + \frac{d}{c+d} \gamma^{-c/d}(x, y) |y|^{c+d}.$$

This paper deals with the practical output tracking problem by state feedback for time-delay high-order nonlinear systems (1). Here, we give a precise definition of the problem.

The problem of global practical tracking by a state feedback: Consider system (1) and assume that the reference signal $y_r(t)$ is a time-varying C^1 -bounded function on $[0, \infty)$. For any given $\varepsilon > 0$, design a state feedback controller having the following structure

$$u(t) = g(x(t), y_r(t)), \quad (2)$$

such that

- (i) All the state of the closed-loop system (1) with state controller (2) is well-defined and globally bounded on $[0, \infty)$.
- (ii) For any initial condition, there is a finite time $T > 0$, such that

$$|y(t) - y_r(t)| < \varepsilon, \quad \forall t \geq T > 0. \quad (3)$$

In order to solve the global practical output tracking problem, we made the following two assumptions:

Assumption 1. There are constants C_1, C_2 and $\tau \geq 0$ such that

$$\begin{aligned} |\varphi_i(t, x(t), \bar{x}(t-d_i), u(t))| \leq & C_1 \left(|x_1(t)|^{(r_i+\tau)/r_1} + |x_2(t)|^{(r_i+\tau)/r_2} + L + |x_i(t)|^{(r_i+\tau)/r_i} \right. \\ & \left. + |x_1(t-d_1)|^{(r_i+\tau)/r_1} + |x_2(t-d_2)|^{(r_i+\tau)/r_2} + L + |x_i(t-d_i)|^{(r_i+\tau)/r_i} \right) + C_2 \end{aligned} \quad (4)$$

where $\bar{x}(t-d_i) = x(t-d_1), x(t-d_2), \dots, x(t-d_n)$, $r_1 = 1$, $r_{i+1} p_i = r_i + \tau > 0$, $i = 1, K, n$ and $p_n = 1$.

Assumption 2. The reference signal $y_r(t)$ is continuously differentiable. Moreover, there is a known constant $D > 0$, such that

$$|y_r(t)| + |\dot{y}_r(t)| \leq D, \quad \forall t \in [0, \infty) \quad (5)$$

3 State Feedback Tracking Control Design

In this paper, we deal with the practical output tracking problem by delay-independent state feedback for high-order time-delay nonlinear systems (1) under Assumptions 1-2. To this end, we first introduce the following coordinate transformation:

$$z_1 := x_1 - y_r, \quad z_i := \frac{x_i}{L^{\kappa_i}}, \quad i = 2, K, n, \quad v := \frac{u}{L^{\kappa_n+1}} \quad (6)$$

where $\kappa_1 = 0$, $\kappa_i = (\kappa_{i-1} + 1) / p_{i-1}$, $i = 2, K, n$ and $L \geq 1$ is a scaling gain to be determined later. Then, the system (1) can be described in the new coordinates z_i as

$$\begin{aligned}
\mathfrak{z}_i &= Lz_{i+1}^{p_i} + \psi_i(t, z(t), z(t-d_i), v), \quad i=1, \mathbf{K}, n-1, \\
\mathfrak{z}_n &= Lv + \psi_n(t, z(t), z(t-d_n), v), \\
y &= z_1
\end{aligned} \tag{7}$$

where

$$\begin{aligned}
\psi_1(t, z(t), z(t-d_1), v) &= \varphi_1(t, z(t), z(t-d_1), v) - \mathfrak{z}_1, \\
\psi_i(t, z(t), z(t-d_i), v) &= \varphi_i(t, z(t), z(t-d_i), v)/L^{\kappa_i}, \quad i=2, \mathbf{K}, n.
\end{aligned} \tag{8}$$

Now, using Assumption 1, Lemma 3, the fact that $L \geq 1$ and the boundedness of y_r and \mathfrak{z}_i guaranteed by Assumption 2, ensures the existence of constants \bar{C}_i , $i=1,2$ only depending on constants C_1, C_2, τ, κ_i and L , under which (4) becomes

$$\begin{aligned}
|\psi_1(t, z(t), z(t-d_1), v)| &\leq \bar{C}_1 \left(|z_1(t)|^{(\eta_1+\tau)/\eta_1} + |z_1(t-d_1)|^{(\eta_1+\tau)/\eta_1} \right) + \bar{C}_2 \\
|\psi_i(t, z(t), z(t-d_i), v)| &\leq \bar{C}_1 L^{1-v_i} \sum_{j=1}^i \left(|z_j(t)|^{(\eta_j+\tau)/r_j} + |z_j(t-d_i)|^{(\eta_j+\tau)/r_j} \right) + \frac{\bar{C}_2}{L^{\kappa_i}}, \quad i=2, \mathbf{K}, n
\end{aligned} \tag{9}$$

where $\bar{C}_1 > 0$, $\bar{C}_2 > 0$ and $v_i := \min \{1 - \kappa_j(r_i + \tau)/r_j + \kappa_i, 2 \leq j \leq i, 1 \leq i \leq n\} > 0$ are some constants.

In what follows, we will employ the homogeneous domination approach to construct a global state feedback controller for system (7).

3.1 Stability Analysis

First, we construct a homogeneous state feedback controller for the nominal nonlinear system without considering the non-linearity of $\psi_i(\cdot)$, $i=1, \mathbf{K}, n-1$ in (7), i.e.,

$$\mathfrak{z}_i = Lz_{i+1}^{p_i}, \quad i=1, \mathbf{K}, n-1, \quad \mathfrak{z}_n = Lv, \quad y = z_1 \tag{10}$$

Using similar the approach in [19, 25-26], we can design a homogeneous state feedback stabilizer for (8), which can be described in the following Theorem 1.

Theorem 1. For a real given number $\tau \geq 0$, there is a homogeneous state feedback controller of degree τ such that the nonlinear systems (10) is globally asymptotically stable.

Proof. To prove the result, we use an inductive argument (recursive design method) to explicitly construct a homogeneous stabilizer for system (10).

Initial step 1. Let $\xi_1 = z_1^{\sigma/\eta_1} - z_1^{*\sigma/\eta_1}$, where $z_1^* = 0$ and $\sigma \geq \max_{1 \leq i \leq n} \{1, \tau + r_i\}$ is a positive number. Choose the Lyapunov function

$$V_1 = W_1 = \int_{z_1^*}^{z_1} \left(s^{\sigma/\eta_1} - z_1^{*\sigma/\eta_1} \right)^{(2\sigma-\tau-\eta_1)/\sigma} ds. \tag{11}$$

From (10), it follows that

$$\dot{V}_1 \leq -nL\xi_1^2 + L\xi_1^{(2\sigma-\tau-\eta_1)/\sigma} \left(z_2^{p_1} - z_2^{*p_1} \right) \tag{12}$$

where z_2^* the virtual controller and it is chosen as

$$z_2^* = -n^{1/p_1} z_1^{(\eta_1+\tau)/p_1} := -\beta_1^{r_2/\sigma} \xi_1^{r_2/\sigma}, \quad \beta_1 = n^{\sigma/(r_2 p_1)}. \tag{13}$$

Step k ($k=2, \mathbf{L}, n$). Suppose at the *step k-1*, there is a C^1 , positive definite and proper Lyapunov function V_{k-1} , and a set of virtual controllers z_i^*, \mathbf{K}, z_k^* defined by

$$\begin{aligned}
z_1^* &= 0, & \xi_1 &= z_1^{\sigma/\eta_1} - z_1^{*\sigma/\eta_1} \\
z_i^* &= -\beta_{i-1}^{r_i/\sigma} \xi_{i-1}^{r_i/\sigma}, & \xi_i &= z_i^{\sigma/\eta_i} - z_i^{*\sigma/\eta_i}, \quad i=2, \mathbf{L}, k
\end{aligned} \tag{14}$$

with $\beta_i > 0$, $1 \leq i \leq k-1$ being constants, such that

$$\dot{V}_{k-1} \leq -(n-k+2)L \sum_{l=1}^{k-1} \xi_l^2 + L\xi_{k-1}^{(2\sigma-\tau-r_{k-1})/\sigma} \left(z_k^{p_{k-1}} - z_k^{*p_{k-1}} \right). \tag{15}$$

We claim that (15) also holds at *Step k*, i.e., there is a C^1 , proper, positive definite Lyapunov function defined by

$$V_k(\bar{z}_k) = V_{k-1}(\bar{z}_{k-1}) + W_k(\bar{z}_k), \quad W_k(\bar{z}_k) = \int_{z_k^*}^{z_k} \left(s^{\sigma/r_k} - z_k^{*\sigma/r_k} \right)^{(2\sigma-\tau-r_k)/\sigma} ds \quad (16)$$

and virtual controller $z_{k+1}^* = -\beta_k^{r_{k+1}/\sigma} \xi_k^{r_{k+1}/\sigma}$ such that

$$\dot{V}_k \leq -(n-k+1)L \sum_{j=1}^k \xi_j^2 + L \xi_k^{(2\sigma-\tau-r_k)/\sigma} \left(z_{k+1}^{p_k} - z_{k+1}^{*p_k} \right). \quad (17)$$

Since the prove of the claim (17) is very similar [7-8, 22], so omitted here.

Using the inductive argument above, we can conclude that at the n -th step, there exists a state feedback controller of the form

$$v = -\beta_n^{r_{n+1}/\sigma} \xi_n^{r_{n+1}/\sigma} = -\left(\sum_{i=1}^n \bar{\beta}_i z_i^{\sigma/r_i} \right)^{r_{n+1}/\sigma} \quad (18)$$

with the C^1 , proper and positive definite Lyapunov function,

$$V_n = \sum_{i=1}^n \int_{z_i^*}^{z_i} \left(s^{\sigma/r_i} - z_i^{*\sigma/r_i} \right)^{(2\sigma-\tau-r_i)/\sigma} ds \quad (19)$$

we arrive at

$$\dot{V}_n \leq -L \sum_{j=1}^n \xi_j^2, \quad (20)$$

where $\xi_i = z_i^{\sigma/r_i} - z_i^{*\sigma/r_i}$ and $\bar{\beta}_i = \beta_n L \beta_i$, $i=1, \dots, n$, n are positive constants. Thus, the closed-loop system (10) and (18) is globally asymptotically stable.

3.2. Tracking control design for the time-delay nonlinear system (1)

Now, we are ready to use the homogeneous domination approach to design a global tracking controller for the system (1), i.e., state the following main result in this paper.

Theorem 2. For the time-delay nonlinear system (1) under Assumptions 1-2, the global practical output tracking problem is solvable by the state feedback controller $u = L^{K_n+1} v$ in (7) and (18)

Proof. From (18), we have

$$v = -\beta_n^{r_{n+1}/\sigma} \xi_n^{r_{n+1}/\sigma} = -\left(\sum_{i=1}^n \bar{\beta}_i z_i^{\sigma/r_i} \right)^{r_{n+1}/\sigma}. \quad (21)$$

Now, we define the compact notations

$$z = (z_1, \dots, z_n)^T, \quad E(z) = (z_2^{p_1}, \dots, z_n^{p_{n-1}}, v)^T \quad \text{and} \quad F(z) = (\varphi_1, \varphi_2/L^{K_2}, \dots, \varphi_n/L^{K_n})^T. \quad (22)$$

Using the same notation (7) and (22), the closed-loop system (7) - (18) can be written as the following compact form:

$$\dot{z} = LE(z) + F(z) \quad (23)$$

Moreover, by introducing the dilation weight $\Delta = (r_1, \dots, r_n)$, from Definition 1, it can be shown that V_n is homogeneous of degree $2\sigma-\tau$ with respect to Δ .

Hence, adopting the same Lyapunov function (19) and by Lemma 2 and Lemma 3, it can be concluded that

$$\dot{V}_n(z) = L \frac{\partial V_n}{\partial Z} E(z) + \frac{\partial V_n}{\partial Z} F(z) \leq -m_1 L \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} + \sum_{i=1}^n \frac{\partial V_n}{\partial z_i} \psi_i \quad (24)$$

where $m_1 > 0$ is constant.

By (9), Assumption 1 and $L > 1$, we can find constants $\delta_i > 0$ and $0 < \gamma_i \leq 1$ such that

$$|\psi_i| \leq \delta_i L^{1-\gamma_i} \left(\|z(t)\|_{\Delta}^{r_i+\tau} + \|z(t-d_j(t))\|_{\Delta}^{r_i+\tau} \right) + \bar{C}_2/L^{K_i} \quad (25)$$

and noting that for $i=1, \dots, n$, by Lemma 2, $\partial V_n / \partial z_i$ is homogeneous of degree $2\sigma-\tau-r_i$,

$$\left| \frac{\partial V_n}{\partial z_i} \right| \leq m_2 \|z\|_{\Delta}^{2\sigma - \tau - r_i}, \quad m_2 > 0. \quad (26)$$

Therefore

$$\left| \frac{\partial V_n}{\partial z_i} \psi_i \right| \leq m_2 (1 + \delta_i) L^{-\gamma_i} \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} + m_2 \|z\|_{\Delta}^{2\sigma - \tau - r_i} \|z(t - d_j(t))\|_{\Delta}^{r_i + \tau} + \frac{\omega^{2\sigma/(\tau + r_i)}}{L^{1 + \gamma_i}}, \quad (27)$$

where $\omega =: m_2 \bar{C}_2$, $\frac{2\sigma - \tau - r_i}{2\sigma} \leq 1$, $\frac{\tau + r_i}{2\sigma} \leq 1$, and $\frac{2\sigma - (1 - \gamma_i)}{\tau + r_i} - (1 - \gamma_i) \geq 1 + \kappa_i$.

Substituting (27) into (24) yields

$$\dot{V}_n^{\&}(z) \leq -L \left(m_1 \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} - (1 + m_2(1 + \delta)) \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i} \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} - m_2 \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i} \|z\|_{\Delta}^{2\sigma - r_i - \tau} \|z(t - d_i)\|_{\Delta}^{r_i + \tau} \right) + \sum_{i=1}^n \frac{\omega^{2\sigma/(\tau + r_i)}}{L^{1 + \gamma_i}} \quad (28)$$

By Lemma4, there exists a constant $m_3 > 0$ such that

$$m_2 \|z\|_{\Delta}^{2\sigma - r_i - \tau} \|z(t - d_i)\|_{\Delta}^{r_i + \tau} \leq \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} + m_3 \|z(t - d_i)\|_{\Delta}^{2\sigma}, \quad (29)$$

which yields

$$\dot{V}_n^{\&}(z) \leq -L \left(m_1 \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} - (2 + m_2(1 + \delta)) \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i} \|z\|_{\Delta}^{2\sigma} - m_3 \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i} \|z(t - d_i)\|_{\Delta}^{2\sigma} \right) + \sum_{i=1}^n \frac{\omega^{2\sigma/(\tau + r_i)}}{L^{1 + \gamma_i}}, \quad (30)$$

Construct a Lyapunov-Krasovskii functional as follows:

$$V(z(t)) = V_n(z(t)) + \int_{t-d}^t \|z(s)\|_{\Delta}^{2\sigma} \eta ds, \quad (31)$$

where η is a positive constant. Let $\eta = m_3 \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i}$ follows from (29) and (30) that

$$\dot{V}^{\&} \leq -L \left(m_1 - (2 + m_2(1 + \delta) + m_3) \sum_{i=1}^n L^{-\gamma_i} \right) \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma} + \frac{\rho_1}{L^{1 + \gamma}}. \quad (32)$$

Hence, by choosing a large enough L as $L > \max \{1, (((2 + m_2(1 + \delta) + m_3)/m_1))^{-\gamma}\}$,

where $\gamma = \min_{1 \leq i \leq n} \{\gamma_i\}$ and $\rho_1 = \sum_{i=1}^n \alpha^{2\sigma/(\tau + r_i)}$.

Then, there exists a constant $\rho_2 > 0$, such that (30) becomes

$$\dot{V}^{\&}(z(t)) \leq -\rho_2 \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma} + 2\rho_1. \quad (33)$$

Moreover, $V_n(z)$ and $\int_{t-d}^t \|z(s)\|_{\Delta}^{2\sigma} \eta ds$ are homogeneous of degree $2\sigma - \tau$ and 2σ with respect to Δ , respectively. Therefore, by Lemma2, there are positive constants λ_1 , λ_2 , λ_3 and λ_4 , such that

$$\lambda_1 \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma - \tau} \leq V_n(z(t)) \leq \lambda_2 \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma - \tau}, \quad \lambda_3 \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma} \leq \int_{t-d}^t \|z(s)\|_{\Delta}^{2\sigma} \eta ds \leq \lambda_4 \|z(t)\|_{\Delta}^{2\sigma} \quad (34)$$

Therefore combining (33) and (34) yields

$$\dot{V}^{\&}(z(t)) \leq -\rho_2^{-1} V(z(t)) + \beta \rho, \quad (35)$$

where $\rho_2 = (\lambda_4 + (2\delta - \tau)/2\sigma)$ and $\beta \rho = \tau \lambda_2^{(\tau - 2\sigma)/\tau} / (2\sigma \rho_2 L^{(2\sigma - \tau)/\tau}) + \rho_1 / L^{1 + \gamma}$.

From (35) it is not difficult to show that there is a finite time $T > 0$, such that

$$V(z) \leq 3\beta \rho, \quad \forall t \geq T \quad (36)$$

from which it is clear that z_1 can be rendered smaller than any positive tolerance with a sufficiently large L .

4 Conclusion

In this paper, we have studied the practical output tracking problem for a class of uncertain nonlinear time-delay systems under a homogeneous condition. First, we design a homogeneous state feedback controllers have been constructed with adjustable scaling gains. Then, with the help of a homogeneous Lyapunov-Krasovskii functional, we've redesigned the homogeneous

domination approach to tune the scaling gain for the overall the closed loop systems. It is shown that an appropriate choice of gain will enable us to globally track for a class of uncertain non-linear systems in finite time.

References

1. Qian C. Practical output tracking of nonlinear systems with uncontrollable unstable linearization / C. Qian, W. Lin // *IEEE Transactions on Automatic Control*. – 2002. – № 47(1). – P. 21-36.
2. Lin W. Adaptive output tracking of inherently nonlinear systems with nonlinear parameterization / W. Lin, R. Pongvuthithum // *IEEE Transactions on Automatic Control*. – 2003. – № 48(10). – P. 1737-1749.
3. Lin W. Adding one power integrator: a tool for global stabilization of high-order lower-triangular systems / W. Lin, C. Qian // *Systems & Control Letters*. – 2000. – № 39(5). – P. 339-351.
4. Lin W. Adaptive regulation of high-order low triangular systems: an adding a power integrator technique / W. Lin, C. Qian // *Systems & Control Letters*. – 2000. – № 39(5). – P. 353-364.
5. Sun Z.-Y. Adaptive practical output tracking control for high-order nonlinear uncertain systems / Z.-Y. Sun, Y.-G. Liu // *Acta Automatica Sinica*. – 2008. – № 34. – P. 984-989.
6. Alimhan K. Practical output tracking by smooth output compensator for uncertain nonlinear systems with unstabilisable and undetectable linearization / K. Alimhan, H. Inaba // *International Journal of Modelling, Identification and Control*. – 2008. – № 5. – P. 1-13.
7. Alimhan K. Robust practical output tracking by output compensator for a class of uncertain inherently nonlinear systems / K. Alimhan, H. Inaba // *International Journal of Modelling*. – 2008. – № 4. – P. 304-314.
8. Zhai J. Global practical tracking control for a class of uncertain non-linear systems / J. Zhai, S. Fei // *IET Control Theory and Applications*. – 2011. – № 5. – P. 1343-1351.
9. Alimhan K. A note on practically output tracking control of nonlinear systems that may not be linearizable at the origin / K. Alimhan, N. Otsuka // *CCIS: Communications in Computer and Information Science*. – 2011. – № 256. – P. 17-25.
10. Global practical output tracking of inherently non-linear systems using continuously differentiable controllers / K. Alimhan et al // *Mathematical Problems in Engineering*. – 2015. – № 10.
11. Further results on output tracking problem of uncertain nonlinear systems with high-order nonlinearities / K. Alimhan et al // *International Journal of Control and Automation*. – 2016. – № 9. – P. 409-422.
12. Ikeda K. Multiple-valued stationary state and its instability of the transmitted light by a ring cavity system / K. Ikeda // *Optics Communications*. – 1979. – № 30. – P. 257.
13. Erneux T. *Applied Delay Differential Equations*. New York: Springer. – 2009.
14. Epstein I.R. Delay effects and differential delay equations in chemical-kinetics / I.R. Epstein // *International Reviews in Physical Chemistry*. – 1992. – № 11. – P. 135.
15. Mokhov I.-I. El Nino Southern Oscillation drives North Atlantic Oscillation as revealed with nonlinear techniques from climatic indices / I.-I. Mokhov, D.-A. Smirnov // *Geophysical Research Letters*. – 2006. – № 33. – P. L03708.
16. Bocharov G.-A. Numerical modelling in biosciences using delay differential equations / G.-A. Bocharov, F.-A. Rihan // *Journal of Computational and Applied Mathematics*. – 2000. – № 125. – P. 183.
17. Sun Z.-Y. Global stabilization for a class of high-order time-delay nonlinear systems / Z.-Y. Sun, Y.-G. Liu, X.-J. Xie // *International Journal of Innovative Computing, Information and Control*. – 2011. – № 17. – P. 7119-7130.
18. Sun Z.-Y.: Global stabilization of high-order nonlinear systems with multiple time delays / Z.-Y. Sun, X.-J. Xie, Z.-G. Liu // *International Journal of Control*. – 2013. – № 86. – P. 768-778.
19. Chai L. Global output control for a class of inherently higher-order nonlinear time-delay systems based on homogeneous domination approach / L. Chai // *Discrete Dynamics in Nature and*

Society. – 2013. – P. 6.

20. Gao F.-Z. Further results on global state feedback stabilization of high-order nonlinear systems with time-varying delays / F.-Z. Gao, Y.-Q. Wu // ISA Transactions. – 2015. – № 55. – P. 41-48.

21. Zhang X. Non smooth feedback control of time-delay nonlinear systems: a dynamic gain based approach / X. Zhang, W. Lin, Y. Lin // IEEE Transactions on Automatic Control. – 2017. – № 62. – P. 438-444.

22. Yan X.-H. Global practical tracking by output feedback for nonlinear systems with unknown growth rate and time delay / X.-H. Yan, X.-M. Song // The Scientific World Journal. – 2014. – № 7.

23. Global output feedback practical tracking for time-delay systems with uncertain polynomial growth rate / X.-L. Jia et al // Journal of the Franklin Institute. – 2015. – № 352. – P. 5551-5568.

24. Global practical tracking by output feedback for a class of non-linear time-delay systems / X.-L. Jia et al // IMA Journal of Mathematical Control and Information. – 2016. – № 33. – P. 1067-1080.

25. Polendo, J. A universal method for robust stabilization of nonlinear systems: unification and extension of smooth and non-smooth approaches / J. Polendo, C. Qian // Proceedings of the American Control Conference. – 2006. – P. 4285-4290.

26. Polendo J. A generalized homogeneous domination approach for global stabilization of inherently nonlinear systems via output feedback / J. Polendo, C. Qian // International Journal of Robust and Nonlinear Control. – 2007. – № 7(7). – P. 605-629.

27. Rosier L. Homogeneous Lyapunov function for homogeneous continuous vector fields / L. Rosier // Systems & Control Letters. – 1992. – № 19. – P. 467-473.

МРНТИ: 03.23.07

А.В. Контев

Алтайский государственный педагогический университет,
Российская Федерация, г. Барнаул, arkkont@mail.ru

ВЕРХНЕЕ ПРИИРТЫШЬЕ НА КАРТАХ ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XVIII ВЕКА: ОБЗОР КАРТОГРАФИЧЕСКИХ ИСТОЧНИКОВ

Создание корпуса российских картографических источников, отражающих ситуацию в Верхнем Прииртышье во второй половине XVIII в., связано с функционированием Иртышской линии укреплений и развитием горно-металлургического производства в Рудном Алтае. Если вдоль Иртыша еще в 1717–1720 гг. сформировалась цепочка укреплений, то в Алтайских горах российские земли оставались незащищенными.

Вопрос о необходимости создания линии укреплений между Телецким озером и верховьями Иртыша был поднят 17 марта 1743 г. на совместном заседании командира Оренбургской комиссии И. Неплюева и сибирского губернатора А. Сухарева, состоявшемся в городе Шадринске Исетской провинции. Именно тогда возникла идея соединения линии укреплений в Сибири с крепостями, возведенными на юге Урала. Сибирские власти обратились в Сенат с предложением провести крепостную линию прямо от демидовского Кольвано-Воскресенского завода через Телецкое озеро до Семипалатной крепости. В результате Усть-Каменогорскую крепость, оставшуюся за пределами России, в которой «по отдалению и пустоте нужды большой не чаятельно», рекомендовалось снести (Рис. 1) [1].

Для уточнения обстоятельств Правительствующий сенат в ноябре 1745 г. приказал отправить в Алтайские горы две экспедиции под руководством инженер-капитана Сергея Плаутина и инженер-прапорщика Ивана Токмачева «с кондукторами и геодезистами» [1]. Им поручалось идти из Кузнецка и Семипалатной крепости навстречу друг другу и составить подробное описание местности. По итогам экспедиций лета–осени 1745 г. от планов уничтожения Усть-Каменогорской крепости решили отказаться, поскольку в Верхнем

Прииртышье в непосредственной близости от границы находились «многие рудники» и новопостроенный демидовский Шульбинский завод.

По результатам обследования была составлена карта, с указанием мест, намеченных Платиным для возведения укреплений [2]. На Иртыше от Усть-Каменогорска до Семипалатинска показаны планируемые к строительству станции и форпосты.

Параллельно велось проектирование усиления пограничной линии по всему Иртышу. Весной 1745 г. инженер-прапорщик И. Долбилов разработал проект Иртышской линии, которая должна была включать 62 укрепленных пункта. Утвержденная в январе 1746 г. смета предполагала наличие 5 крепостей, 7 больших форпостов, 1 Шульбинского завода, 21 малого редута и 37 маяков. Реализация проекта возлагалась на командира Иртышской бригады Я.С. Павлуцкого [3]. В РГВИА нам удалось обнаружить «Карту реки Иртыша от Омской до Устькаменогорской крепости», сочиненную в 1745 году инженер-подпоручиком Андреем Селиверстовым [4]. Анализ источника не оставляет сомнений, что на карте зафиксирован проект Долбилова. Географические реалии на ней изображены очень подробно: на Иртыше показаны, а зачастую и подписаны отдельные острова и небольшие речки, которые не встречаются на других известных нам картах реки.

Общую ситуацию в регионе отражают карты Ивана Шишкова [5] и «Ландкарта, учиненная в бытность в Сибири брегадира Безра» 1745 года. На последней левобережье Иртыша отмечено как область проживания «кочующих калмыков Киргис Кайсацкой орды[так в тексте]» [6].




Рисунок 1 – Фрагмент «Ландкарты пограничных мест Оренбургской и Сибирской губернии»

Ноябрь 1758 г. [6]. В верховьях Иртыша показано изменение российской границы, отражающее первоначальные планы ликвидации Усть-Каменогорской крепости.

Серьезные геополитические изменения в Прииртышье произошли после разгрома Джунгарии Цинским Китаем. Обеспокоенные захватом китайцами земель «зенгорских калмыков» и приближением их к российским границам, 14 марта 1760 г. Ф. Соймонов вместе с командующим Сибирским корпусом генерал-майором Г. Веймарном и командиром пограничных линий бригадиром К. Фрауендорфом подали в Сенат доношение, в котором предложили занять земли по реке Бухтарме [1]. Используя реку как естественное препятствие, они советовали столичным властям протянуть новую линию укреплений от устья Бухтармы до Телецкого озера. К мнению прилагалась «Карта Сибирской губернии с частью реки Иртыша от крепости Устькаменогорской вверх до устья реки Бухтармы», подписанная всеми участниками совещания [7]. В верховьях Иртыша и на Бухтарме отмечены места для сооружения 16 крепостей и редутов.

Предложение сибирских властей было принято. Уже 17 октября 1760 г. Правительствующий сенат принял указ «О занятии в Сибири мест от Устькаменогорской крепости по реке Бухтарме и далее до Телецкого озера, о построении там, в удобных местах крепостей». Однако периодически посылаемые в 1761-1762 гг. экспедиции майора Шанского, поручика Я.Я. Укусникова, инженер-майора В.Ю. Петрулина, капитана-инженера В. Плутова, шихтмейстера И.Денисова неизбежно констатировали, что между верховьями реки Бухтармы и Телецким озером непроходимые места.

В столичных архивах сохранился комплекс разрозненных картографических источников, отражающих результаты разведывательных экспедиций. Это подробная «Карта плоская» 1762 г., составленная по результатам похода Петрулина [6] и «Ландкарта, сочиненная из генеральных и специальных карт...» [8].

В сентябре 1763 г. Екатерина II, назначая генерала-поручика И.И. Шпрингера командующим Сибирскими линиями, в первом же пункте инструкции приказала ему построить на устье Бухтармы крепость [9]. По прибытии в Сибирь Шпрингер организовал экспедицию с участием генерал-майора К.Л. Фрауендорфа и инженер-майора К. Мальма. В конце мая 1764 г. все они прибыли на устье Бухтармы для личного осмотра местоположения. Здесь были сняты планы местности и намечены редуты по Бухтарме. Через 11 дней высокопоставленная комиссия вернулась в Усть-Каменогорск [3].

В РГИА хранится огромный альбом в кожаном переплете, в котором аккуратно собраны все картографические материалы этой экспедиции. Карты и планы выполнены набело Карлом Мельмом в феврале 1765 г. и содержат 48 стандартных наборов на каждый отрезок Иртыша от Бухтармы до Оми. Для каждого участка дается план местности, наклеенный на холсте, а также планы и разрезы планируемых укреплений [10]. Отдельно приложена общая «Карта пограничная части Сибирской губернии», составленная в ноябре 1764 г., которая охватывает участок Иртыша от р. Ульбы до р. Убы. Размер карты 97,5x111 см [10]. Этот же проект модернизации Иртышской линии отражен на огромной сводной карте «Полуденной части ... Сибирской губернии» 1765 года [5]. Подобная карта в копии И. Андреева хранится в РГВИА [9].

Помимо обследования Бухтармы, в июле 1764 г. И. Шпрингер организовал секретную экспедицию в бывшие джунгарские владения. «На мелководном судне вверх по Иртышу реке до озера Нор Зайсан и в Верхней Иртыш для надлежащего секретного разведывания» были направлены поручик Луцкого полка Генезер и при нем инженер-прапорщик Зеленов. 19 августа они вернулись в Омскую крепость и сообщили командующему о том, что ими составлено описание маршрута и подробная карта. Журнал Зеленова нам обнаружить в архиве пока не удалось, а его карта хранится в РГИА [10] и РГВИА [11]. Составлена она была в Омской крепости с участием вахмистра Луцкого полка Ф. Спицына. Судя по карте, Зеленов «водяным путем» дошел до оз. Нор-Засан. Здесь же показан «тракт вахмистра Спицына по киргис кайсацкой степе к бывшему зенгорскому владению».

Отдельно необходимо отметить крупномасштабное геодезическое исследование известного картографа капитана Ивана Исленьева. В июне 1770 г. он с помощником подштурманом Федором Черным обследовал всё течение Иртыша от Усть-Каменогорской крепости до города Тобольска, по пути ведя астрономические наблюдения и замеры. Сохранился «Журнал описания реки Иртыша», состоящий из 166 листов [12]. В нём указаны точные координаты крепостей Ямышевской, Усть-Каменогорской, Семипалатной, Железинской, Омской, Коряковского форпоста и города Тары. В обширной таблице приведены расстояния между всеми населенными пунктами на Иртыше. Далее в журнале помещен набор черновых карт, отражающих процесс инструментальной съемки местности, а также набор таких же беловых карт. На этих чертежах показаны «Калбасунская башня и остров Калбасунский» [12], старая и новая Омская крепость (12, л. 138 об. – 139) и многое другое. Исленьев указывает, что «из сего журнала сочинены специальные XXXII карты и одна генеральная и исправленная по наблюдениям астрономическим». Эта генеральная карта была выгравирована в Географическом департаменте Академии наук и издана в 1777 г. под названием «Карта реки Иртыша, южную часть Сибирской губернии протикающей, и бывших зенгорских калмык владений» [11].

Административное устройство прииртышских территорий показано на общих картах Сибирской (с 1764 г. Тобольской) губернии и Российской империи. Среди них выделяется «Сибирская генеральная карта. Собранная из Российского атласа и из прочих карт» [13] Наней все Среднее и Верхнее Прииртышье входит в состав Тарского уезда (на других картах отдельно от этого уезда отмечалось ведомство Иртышских крепостей). Уникальность карте придает помещенный в нижнем левом углу листа набор гербов, выполненных для каждого

крупного поселения. Причем, гербы изображены и для иртышских крепостей: Омской, Семипалатной, Усть-Каменогорской, несмотря на то, что они не имели статуса уездного центра (города).

Крупномасштабные административные изменения 1780-х гг., связанные с губернской реформой Екатерины II, отражены на специальных и сводных картах: «Генеральная карта Кольыванской... губернии» 1785 г. [5], «Примерная карта всей Сибири с прикосновенными наместничествами» 1786 г. [14], «Генеральная карта Кольыванской губернии» 1786 г. [15] и др. Новое административное устройство нашло отражение и в атласах, изданных в 1790-е годы [16].

Открытие в 1780-х гг. медных и серебряных руд в бассейне рек Убы и Бухтармы заставило власти вернуться к вопросу о строительстве крепостей в верховьях Иртыша. В 1785 г. унтер-шихтмейстер Лаврентий Феденев составил «Топографический чертеж части реки Иртыша... от Усть-Каменогорской крепости до реки Бухтармы». На нем отмечен «Рудник Бухтарминской в чудских коях», а также заложенные еще в 1761 г. майором Петрулиным форпост Богородский, защита Феклиская, редут Смолянский, защита Козловская, крепость Бухтарминская, «кои ныне пусты». В двух точках отмечены места, где «найжены древних народов слова» [5].

Сложность заключалась в том, что горное начальство не имело точных данных, на российских или китайских землях расположены вновь найденные месторождения. Поэтому в 1790 г. на Бухтарму была отправлена экспедиция под руководством управляющего Локтевским заводом обер-бергмейстера Василия Чулкова. Помимо налаживания работы нового Бухтарминского рудника ему поручалось осмотреть и описать места по реке. Чулковым был составлен путевой журнал, который содержит множество подробных сведений по географии верховий Иртыша и Бухтармы [17]. В том же архиве хранится карта 1792 г., на которой отмечены фактически все упомянутые в отчете Чулкова географические объекты [10]. К этому времени сезонный пикет на руднике был заменен стационарным (редут Надежды) [3], а в 1793 г. заложены редуты Березовский, Смолянский, Феклистовский, Александровский, Северный, которые образовали вместе с Бухтарминской крепостью южный участок Иртышской линии. Расположение китайских караулов отмечено на картах «Части китайского владения против Усть-Каменогорской крепости с показанием тракта поручика Казачновского» 1789 г. [5] и на «Карте последнему тракту кондуктора Ковалева», проехавшего от Усть-Каменогорской крепости вверх до Нор-Зайсана «в бывшее зенгорское владение» до китайских караулов [5].

Итоги освоения Верхнего Прииртышья отражены на общих картах Сибирских линий конца XVIII в. [5].

Таким образом, краткий обзор картографических источников показывает, что в течение второй половины XVIII века шло активное изучение и картографирование приграничных территорий. Этим занимались как представители военных властей, так и специалисты горного ведомства. Все сохранившиеся материалы разрознены по разным архивохранилищам, отделены от письменных источников, отражающих обстоятельства их подготовки. Данное обстоятельство делает насущным вопрос о планомерном сборе и анализе картографических источников, которые позволяют буквально по десятилетиям проследить этапы заселения и освоения региона Российским государством.

Литература

1. Освоение Российским государством приграничных районов Алтая и Верхнего Прииртышья в XVIII в. / сост. А.В. Контев // История Казахстана и России в документах: Прииртышье и Приобье в XVIII – начале XX в. : сб. док. / под ред. Т.К. Щегловой, Г.Е. Отеповой, А.В. Контева. – Барнаул; Павлодар: АлтГПА, 2013. – С. 152-241.
2. Российский государственный военно-исторический архив (РГВИА). Ф. 424. Оп. 1.
3. Огурцов, А.Ю. Военно-инженерная политика России на юге Западной Сибири в XVIII в.: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02 / А.Ю. Огурцов (Бобровский). – Свердловск, 1990.
4. РГВИА. Ф. 420. Оп. 1.
5. РГВИА. Ф. 846. Оп. 16.

6. Библиотека Российской академии наук. Отдел рукописей. Основное собрание рукописных карт.
7. Российский государственный архив древних актов (РГАДА). Ф. 248. Оп. 160.
8. РГАДА. Ф. 192. Оп. 1, раздел: Томская губерния.
9. РГВИА. Ф. 20. Оп. 1.
10. Российский государственный исторический архив (РГИА). Ф. 485. Оп. 5.
11. РГВИА. Ф. 416. Оп. 1.
12. Санкт-петербургский филиал Архива Российской академии наук. Разряд II. Оп. 1.
13. РГАДА. Ф. 192. Оп. 1, раздел: Тобольская губерния.
14. Государственный исторический музей. Отдел картографии.
15. Государственный архив Алтайского края. Ф. 50. Оп. 12.
16. Русские географические атласы. XVIII век: свод. кат. / сост. Н. В. Лемус; ред. А. Бриллиантов. – Ленинград : ГПБ им. М. Е. Салтыкова-Щедрина, 1961. – 243 с.
17. РГИА. Ф. 468. Оп. 18.

1-СЕССИЯ: ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

СЕССИЯ 1: СОВРЕМЕННОЕ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

ГТАХР: 82.51.12

А.Б. Сейсекенова

Астана халықаралық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., ainasch_70nurzhan@mail.ru

ШӘКӘРІМНІҢ КӨРКЕМДІК ТАНЫМЫНДАҒЫ ПЛАТОН

Әлемдік ойшылдардың еңбектерін салыстырып қарасақ, үндінің «пранасы», даосизмдегі «ци», Лейбництің «монадасы», Плотиннің «нус», Платонның «идеясы» мен Шәкәрімнің «Жары» бір – біріне жат емес. Әлемді «мен» дегенім «сен» деп түсіндірген олар, Жаратушы мен әлемнің тұтастығын өз ілімдерінде басты мәселе етіп қойған. Ортағасырлық Шығыс шайырлары жырлаған «Мен мен Сеннің» мағынасын терең ұғынған Шәкәрімнің Хожа Хафизден аударған өлеңінде:

Көңілім өлді, көңіл алған
Досқа хабар қылыңыз.
Ей, шын достар, біздің жан

Сіздің жан ғой, біліңіз, – [1] дегенінде көп сыр бар. Генетиктер адамның барлығы бір геномнан тарайтынын өз зерттеулері тарапынан айтып жатса, ақындар оны өзінше жырлайды. «Мен дегенім сен!» екенін Шәкәрім өз көркемдік танымында үнемі нақтылай көрсетіп отырады. Дүниедегі адасулардың бәрі осы мен мен сеннің кім екенін білмей адасудан басталатын, нақтылай айтсақ, Батыстағы «тастандылық философиясының» да осындай адасушылықтың бірі екенін өз шығармашылығы арқылы дәлелдеуді мақсат еткен ақын «Тіршілік, жан туралы» атты еңбегінде Артур Шопенгауэрдің пессимизміне қарсы мынадай дау айтады: «Шопенгауэр деген адам: «Дүние тозақ, дүниеде еш рахат жоқ» – деп «Новая философия» деген кітап жазған. Оны мұғыл Европа төбесіне көтерген. Оның жаңа философиясына біз таңданбаймыз. Неге десеңіз – дүние тозақ емес, бейіс. Табиғаттың байлығы барша жанға жеткілікті. Бірақ, есіл бейісті тозақ қылып отырған адам. Оны Шопенгауэр білмей, жаралысқа жала жапқан.

Егер, адамдар түгелімен біріне – бірі қиянатсыз туысқан болып, табиғаттың қасиетінен пайдаланып отырса, дүние бейіс болатынына ешкім дау айта алмас [2]!

Рас, ХХ ғасырдағы Батыс философтарын тығырыққа тіреген де осы адам мәселесіне келгенде барар жолдың жоқтығы еді. Ең басты тығырық – «Мен» мен «Сеннің» ажырауы еді. Олар бірақ бұл проблеманы «Мен» мен «Сеннің» ажырауы демеді, ең бірінші Осында және Қазір адам жалғыздығы ең бірінші шындық деп ұқты. Батыс ойшылдары онтологияны адамнан әлемге қарай қарастыра отырып, жалғыздықтың шындық екенін айтты, классикалық философияның адамнан бұрын әлемге мән беретінін сынға ала отырып, әркім өмір сүрудің дайын моделін өзі табуы керек деп мәселені ашық қалтырып еді.

Қазақ ойшылы Шәкәрімнің де тек қазақ қауымы үшін ғана емес, барша адам үшін осы мәселеде тер төгуіне тура келді. Сондықтан ол ақиқат білімдерді ғылыми танымдардан ғана емес, ғылыми емес көздерден де іздеді. Оның заманында квант теориясы белгісіз еді. Ақпараттар әлемін зерттеу дәл бүгінгідей дамымаған, алайда ақын әлдебір түсініксіз құпия ілімдер арқылы емес, соқырға таяқ ұстатақандай қылып нақтылы материалдық әлем ішінде адамның бақытқа қалайша қол жеткізуіне болатынын дәлелдеуге тырысты. Мысалы, Шәкәрімнің: «Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие дегені сол

болса керек» [1] деген сөздерінен де әулиелік деп кәдуілгі күнделікті тіршілікте адамшылық арды аттамаған түзу кісілерді атайтынын байқаймыз.

Ақын өз шығармаларында «Адамзатты сүй бауырым деп», «Адам адамға дос, жолдас, бауыр», «Әкесінің баласы – адамның дұспаны. Адамның баласы – баурың» дейтұғын Абай жолын ұсынып оқырманын ойлануға шақырған суреткер. Осыған дәлел Шәкәрімнің «Шын бақтың айнасы» әңгімесі. Бұл әңгімеде әлем біртұтас Отбасы образы символымен берілген.

Әлемді тұтас Отбасы идеясында қарастыру грек философы Платон (б.з.д. 427-347 ж.) еңбектеріне де тән. Ол оның «Мемлекет» атты еңбегінде көрініс тапқан. Әрине, Шәкәрімнің адам баласының бір – біріне бауыр болатұғын Отбасы мен Платонның «Мемлекетіндегі» идеалдарда көп айырмашылық бар. Мысалы, зерттеушілер Платонның «Мемлекетіндегі» ортақ меншікпен қоса қоғамдық анайы ортақтық идеяларынан тоталитаризмнің алғашқы нышандарын байқайтынын айтып былайша сынаған: «По мнению Платона, это поможет построить город – семью, где все любили бы друг друга, где сумели бы освободиться от эгоизма, победить «мое» и «твое», утвердить «наше». (Не напоминает ли нам это государство казарменный коммунизм) [3].

Платон объективті идеализмнің негізін салушы. Оның шығармаларында шынайы әлем – «идеялар» – ой, сана әлемі. Ал материалды тіршілік әлемі - сол идеялардың әлсіз көлеңкесі. «Идея» – рух, ой, мәңгілік әлем. Ал ол идея адамның субъективті ойынан тәуелсіз өмір сүреді. «Мемлекет» атты еңбегінде ол осы ойын үңгірдегі тұтқындармен салыстырады. Қараңғы үңгірдегі тұтқындар өмірі күнді көрмеген соң өз өмірін шын өмір деп ойлайды деген мысалдар келтіреді. Шәкәрімнің «Үш анық» кітабында Платонның осы еңбегінен мысалдар келтіретін жері бар: «Баяғы Платон деген білгіш өзінің «Республика» деген кітабында Троглодит деген адамдар болыпты деп мысалдайды. Олар зындан сияқты бір қараңғы үңгірде өскен, өмірінде жарық көрмеген. Соның бірі әлдеқалай кез болып, үңгірдің аузын бекіткен есікке қақтығып, есік ашылып тысқа шыққан. Басында көзі шағылысып түк көрмесе де, үйрене келе күнді, ағашты, суды, шөпті, тауды көріп қуанып, тамашалап, жолдастарына келіп айтса, мынау жынданған екен деп күлкі қылыпты. Әлгі байғұс анық көрген табиғат қасиеттерін айтпай тұра алмай, шын дей берген соң, аналар оны ұрып-соғып қойғызбақшы болады. Бірақ оларды сөуге де болмайды. Себебі, өмірінде ондайды көрген жоқ. Не барып олар да тексеріп көрген жоқ. Өйтіп сынап қараса ана байғұсты сөкпес те еді. Сондықтан біз өмірімізде көргеміз жоқ ондайды, білмейміз, біз білмеген соң ол айтқаның жоқ нәрсе дейді де қояды. Оған лажың бар ма?» [4].

Көріп отырғанымыздай, ойшыл Шәкәрім Платонның идеалистік философиясын дәл мағынасында қазақы ұғымға жеткізе білген. Тағы да «Үш анықта» идеялистер туралы ойын былайша таратып айтады: «Олар дүниеде нағыз шын нәрсе жоқ дейді. Осы бар деп жүргеніміз құр ғана қиял, айнадағы көлеңке, не сағым сияқты нәрсе. Нағыз шыны бұл емес дейді. Дәлелдері. Сезімдеріміздің бәрі алдайды. Мәселен, көз алыстағыны, сағымданғанды әлде не қылып көрсетеді. Құлағымыз да бір дауысты әлде ненің дауысы сияқтандыра, ойымыз да бір нәрсені шын деп байлап, онысы қата болып шығады. Тіпті бізде дәлін табарлық сезім жоқ. Және ұйқымыз бен ояуымыз бірдей. Ұйқы түс көргенде әлденені көрмейміз. Ояуымыз да сондай. Түстің бекер екенін, ояудағымыз анық екенін айыратын қаруымыз жоқ. Біз сенген дене сезіміміздің бәрі алдайды» [4].

Біз осы «Үш анықтан» және Шәкәрім өлеңдерінен де Платон идеялизмінің сілемдерін байқай аламыз. Жалпы Шәкәрім Батыс ойшылдарының біразын «Үш анықта» оқырманға жіктеп бере білген. Дей тұрғанмен, Платон идеялизмін қазақ топырағында Абайдан кейінгі болып таныстырып қана қоймай, оның идеалистік ілімін жалғастырушы болды десек, артық айтқан болмас. Мысалы. Шәкәрім өлеңдерінің мына жолдарына назар аударайық:

Дене сезіміне нанба!
Сағым су ма екен?
Барып көрсең таяу сол маңға,
Бар дене, сезім түгел алдайды,
Бұл сөзімді әбден аңда [1].

«Дене сезіміне нанба!» деген ақын әлемді тануда рационалды, иррационалды таным жолдарын ұстана отырып, Шәкәрім адамның табиғатқа енуі бастағы көз арқылы емес, «жан көзімен» көру, барша әлемнің жанның әсерінен тіршілік ету тынысымен ондағы әрбір дыбысты жан құлағымен есту қабілетінен екенін:

Хақиқатты дәл көруге,
Жан көретін көз керек

деп жырлайды.

Адамның әлеммен тұтастығын сезінуі соңғы сатыларында танымнан да жоғарғы сүйіспеншілік, махаббат арқылы келеді. Шәкәрім:

Жасырып тұр жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жанның сырын арала,-

дейді.

Платон объективті идеализмнің өкілі ретінде «заттар идеяның көлеңкесі» деп қарастырса, Шәкәрім оның осы ойын өлеңмен былай сабақтайды:

Бұл өмірдің әр түрлі
Бөлек емес ешбірі,
Бәрі де жардың бір сыры,
Не көлеңке, не нұры [1].

Шәкәрімде «жар» – ақиқат, «жар» – символдық метафора, «жар» – жаратушы, «жар» – махаббат, сонымен бірге «жар» – идея екенін есте ұстағанымыз дұрыс. Өлеңде айтылып тұрғандай, Платонша айтсақ, әр түрлі «әйдостардың» (дүниедегі түрлер) бірігіп ең жоғары идеяны құрайтыны, Шәкәрімде «жардың көлеңкесін» көрсетеді. Платонның «таза идея» философиясы, Аристотельдегі «таза ақыл» мен Шәкәрімдегі «таза ақыл» концепциясы антика әлемінің қазақтың көркемдік танымында да өміршеңдікпен сабақтас тауып жатқанын дәлелдейді.

Әсіресе, Шәкәрімнің дүниенің мәңгі қозғалысы жайлы идеясы Гераклит философиясымен үндестік тапқан.

Түрлі жанда дене түрлеп,
Өзгеріп тұр ғалам.
Жоғалатын нәрсе жоқ деп,
Айтты ғылым байқаған [1].

Тәнді о баста тірі, жанды деп түсіндірген ежелгі гректердің Иония мектебінен шыққан философтар – Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Диоген, Гераклит шығармаларымен таныс екендігін Шәкәрімнің «Үш анықта»: «Ескі заманның білімділері әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы – от, су, топырақ, ауа» /4, 8/ деп жазуынан байқаймыз. Әрине, Шәкәрім Иония гректерінің көзқарастарымен таныс болмаса бұлай жазбас еді.

«Мемлекет» – Платонның көлемді диалогқа құрылған ең маңызды шығармасы болып табылады. Афина демократиясының дағдарысы кезінде ол өзі өмір сүрген қоғамға наразы болды. Сол себептен Платон «Мемлекетте» өз жоспарын көрсетті. Сарайдағы байланыстарын пайдаланып Платон оны іске асырмақ болады. Бірақ онысы іске аспады. Бір күні ашуланған тиран Дионисий оны құлдыққа сатып жібермек болады. Оны кездейсоқ біреу құтқарып қалады, яғни, сатып алып бостандыққа жібереді. Платонның идеалды мемлекеті аристократтық қоғам дәстүрінде сипатталған. Мұнда ол қоғамды тапқа бөліп қарастыруды ұсынады. Онда: билеуші тап – философтар, әскерилер – күзетшілер, үшінші тап – жер өңдеушілер мен қолөнершілер. Мемлекетті ойлайтындар – философтар, қорғайтындар – әскерлер, материалдық жағын қамтамасыз ететіндер – жер өңдеушілер. Платон: «Егер мемлекетті философтар билемесе немесе патшалар философ болмаса қасіреттердің шегі болмайды» деген. Бұл еңбекте жеке меншіктің орнына ортақ қоғам меншік болуы керектігі айтылады.

Платонның «Мемлекеті» сынды Шәкәрім де «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» деп басталатын еңбегін жазады. Шәкәрім бұл еңбегін «басқа келген қиял» деп мойындай отырып, түбінде осы айтқаным мүмкін болуы ғажап емес деген ізгі арманын да жасырмайды. Осы шығармасы адам өмірін қайтсе түзеуге болады, қайтсе адамдар тату тұрады деген мәселелерге байланысты сұрақтарға жауап іздеуден туған болатын. Шәкәрімнің бұл еңбегінен Платонның «Мемлекетіне» де жауапты көре аламыз. Ол жауапты мысалы, бай мен кедейді теңейтін ортақ қоғам моделі болып табылатын мемлекет түрін былай деп сынға алуынан да байқаймыз: «Бай мен кедейді теңеу, байдың малын кедейге бөліп беру – кедейді еріншектік, еңбексіз мал табуға дағдыландырып жіберетін жол» [1]. Алайда, Платонның осы еңбекте мемлекетті философтар басқару керектігін айтқаны сияқты, Шәкәрім де адамдардың тату тұрып, өмірлерінің бақытты болуы көптің қалауымен әкімшілік басына «арлы, ақылды» адамдардың қойылуына байланысты деген қорытындыға келеді [1].

Платонның «Федр» атты диалогында таным теориясы туралы айтылады. Бұл теория бойынша адамдардың жаны түбінде аспанға қайта келеді деген ой да бар. Қазіргі реинкорнация теориясына жақын Платон көзқарастарынан таным мен даналыққа ұмтылушы ғалымдар мен философия туралы көп мағлұмат алуға болады. Білім алу процесін дүниеге келген жан тағдыр айналымына түскенде бұрынғы өткендерін тек «еске түсіруі» деп түсіндіреді. Философты надандықтан данышпандыққа ұмтылушы адам дей отырып, Сократтың шала білімді адамдар туралы ойларын сабақтай отырып, «таза топас болу онша қауіпті нәрсе емес, ал нашар меңгерілген білімдерді жинақтай беру одан да қауіпті» деген пікір айтады [5].

Бұл жерде нашар меңгерілген білімдер деп Платон танымның ең биік шыңында тұрған «жаратушының игілік идеясынан» тыс білімдерді атаған. Қауіпті білімдер міне, осылар. Ежелгі заманғы грек ойшылының айтып кеткен адамзатқа зиян білімдер саласы қазіргі күні дамып қана қоймай, тамырын жайып отырғанын ғалымдардың өзі мойындап отырғанмен, тосқауыл қою қиынның қиынына айналып барады.

Қазақ философиясында Шәкәрім бірінші болып ғылым пен руханилық бірікпеген жерде ондай пайдасыз біліммен салыстырғанда, табиғи таза руханилық әулиелікпен тең екенін ескертіп кеткен.

Шәкәрім ғылым, оның керек жері, пайда-зияны туралы, әсіресе, XX ғасырдағы адам баласының ғылымды адамды зорлау, атом зардабының адамзат баласын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын қасіретке ұшыратыру құралына айналдыратынын көріпкел жүрегімен жырлаған. Ақын жүрексіз залым адамға берген ғылым «тасты жерге шашқан бидай сынды», «тотыға тіл үйреткенмен сөзі – адам, өзі – құс», «қара тасты қанға малсаң да маржан бола алмайтынын» ұлы Платон, Гете, Толстойлармен қоса дәлелдейді:

Шынзалымға берме ғылым,
Олалар да оққылар.
Қаруым дер, кісіатыпжер,
Олғылымдыайлаетер [1].

немесе:

Дүниенітүзетуші,
һәмбұзушы – бірғылым.
Әрізалым, әріғалым
Ел түбінесолжетер [1].

Платонның «Игілік идеясын» Аристотель «Метафизика» атты еңбегінде «Таза ақыл» деп түсіндіреді. Мұнда Аристотель Ақылды жаратушы деп түсіндіреді.

Платонның «заттар идеялардың көлеңкесі» мәселесі жөніндегі түсінігі Шәкәрімде «Жар – идеяны» танымаған адамдардың алдамшы өмірі деп түсіндіріледі. Оған көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл өмір Платон айтқан «идеяның» әлсіз көшірмесі болғандықтан Шәкәрімнің түсінігінше «ақиқатты бас көзімен емес, ақыл көзімен» көруге болады. Абай да, Шәкәрім де осы мәселені көркемдік танымындарында басты ұстаным еткен десек артық айтқанымыз емес. Мысалы, Абай көзге көрінгеннің бәрін сол қалпында

қабылдамай, ой көзімен бағамдауды «Менікі дегеніңнің бәрі онікі» деген жолдарда келтіріп отырады. Тіпті Абай поэзиясының өзегі болып табылатын менменшілік пен өзімшілдік, дүниеқоңыздықтың барлығы дүниенің мәнін білмей, құбылысына алданудан екенін жазады. Абайдың көркемдік идеясында алданудың басы «Менікі дегеніңнің бәрі онікі» яки, адамның меншікті ештеңесі жоқ, бәрі де «Онікі» яғни, Жаратушыныкі, тіпті адам тәні өзінікі болмағанда дүниені «менікі» деп алданудың түк қажеті жоқ екені айтылады.

Шәкәрімнің «таза ақыл» идеясы мен Платонның «таза идесы» бір-біріне ұқсас ұғым. Жоғарыдағы Шәкәрімнің «Үш анықта» Платонның еңбегінен келтірген мысалы осы үңгірдегі қараңғылықта жүрген адамдардың «күнді көрмей өмір сүруі» наданның өз жанындағы таза ақылды «ести алмау» себебінен.

Сол себептен Шәкәрім үшін де, Платон үшін де жоғарғы мораль жанның тазаруы болып табылады. Жан тазарғанда адам «таза ақылды» тыңдай алады. Өйткені «таза ақыл» жан тазарғанда адамның шынайы ішкі дауысы бола алады деп ойымызды қорытамыз.

Әдебиеттер

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары / Ш. Құдайбердиев // Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.
2. Абай. – 1994. – № 9.
3. Бегалинова К.К. Философия. Часть первая / К.К. Бегалинова, У.К. Альжанова // История философии. – Алматы, 2007. – 392 с.
4. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық, Алматы: Қаз. ССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер ин-ты, 1991. – 80 б.
5. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Адамға қарай бет бұрсақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 160 б.

ҒТАХР: 17.82.93

А.С. Ақтанова

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының
Қазақ филологиясы зертханасының меңгерушісі, ф. ғ.к.
Қазақстан Республикасы, Астана қ. aimanaktan71@gmail.com

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫ

Жанр ретінде фэнтези ХХ ғасырдың басында әдеби әлемнен өз орнын алып дами бастады. Фэнтезидің бастауында классик – Джон Рональд Руэл Толкиен тұр. Ол фэнтезидің қазіргі түрінің қалыптасуына орасан зор әсерін тигізді. Фэнтези таңғажайып әлемдегі, сиқырлы, тылсым күштері, заттары, жануарлары бар кейіпкерлердің хикаясы өрбитін көркем әдебиет жанры. Ал ондағы кейіпкерлер ғажайып құбылыстар мен жаратылыстарға тап болатын, тарихи-шытырман оқиғалы романдарды еске түсіреді. Фэнтези жиі архетиптік сюжеттер негізінде құрастырылған. Фэнтезидің ғылыми фантастикадан айырмашылығы – фэнтези шығарманың іс-әрекеті болып жатқан әлемін ғылыми тұрғыдан түсіндіруді көздемейді. Бұл әлем жорамал түрде ғана бар болып қабылданып, оның біздің әлемге қатысты орналасуы жиі еш ескертіліп өтпейді: бұл я параллелді әлем, не болмаса бөгде ғаламшар, ал оның физикалық заңдары жердегіден ерекше болуы мүмкін. Мұндай әлемде құдайлар, сиқыр, мифтік мақұлықтар (айдаһарлар, елфтер, гномдар, тролльдар, гоблиндер, кентаврлар және т.б.), елестер мен басқа да кез келген қиял-ғажайып тіршілік иелері бар бола алады. Фэнтезиде болатын кереметтердің ертегілерде болатын кереметтерден ерекшелігі – бұлар сипатталынып жатқан әлем үшін дағды, қалыпты жайт болып табылады және табиғат заңдары сияқты жүйелі түрде жүзеге асады.

Фэнтези жанрының қалыптасуы мен дамуына ортағасырлық эпостар және серілік романдар үлкен ықпалын тигізді. Заманауи фэнтезидің алғашқы шығармалары ХХ ғасырдың

басында пайда бола бастады. Жанрдың әйгілі болуына Джон Рональд Руэл Толкиеннің «Сақиналар әміршісі» есімді 1954-1955 жылдары басылып шыққан романы септігін тигізді. Бұл туынды батыс Еуропа мәдениетінде жаңа Ренессанстік дәуірдің кірпішін қалағандай болды. Сондай-ақ, олардың қатарына Эдвард Дансенидің «Эльфландия патшасының қызы» (1924), Роберт Говардтың «Конан» (1932), К.С. Льюистің «Нарния хроникалары» (1950-1956) секілді шығармаларды жатқызуға болады. Сол уақыттарда әлем ғалымдары «фэнтези» жанры (кең мағынада) туралы көптеген ғылыми мақалалар, диссертациялар жазды. А.В. Демина «Қазіргі мәдениеттегі фэнтези: философиялық анализ» атты диссертациялық еңбегіне сүйенсек, орыс әдебиетінде фэнтези жанры 20-ыншы ғасырдың 90-ыншы жылдарда пайда болып, зерттеу еңбектері 2000-ыншы жылдың ішінде жазыла бастаған. Бұған ғалым парақтап өткен А.Д. Гусарова, А.М. Приходько, К.М. Королев, И.Д. Винтерле сынды ғалымдардың еңбегі дәлел болары айқын. Ғалымның пікірінше, жоғарыда аталған ғалымдар ресей фэнтезиі мен шетелдік фэнтезиді салғастыра зерттеген. Бұдан бөлек, ғалым Е.М. Неелова мен Е.Н. Ковтунның фэнтезиді фантастиканың еншісі ретінде бағалайтынын пайымдайды. Оған қоса, филология ғылымдарының кандидаты Анна Дмитриевна Гусарованың «Фэнтези әлемі қалай пайда болады?» мақаласы мен И.Д. Винтерле ханымның «Миф фэнтезидің бастауы ретінде» мақаласының әлем әдебиеттану ғылымы үшін ерекше бағалы еңбек екендігін атап өткеніміз жөн болар. Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрында ең алғаш қалам серпіген, жаңашыл жазушы – Тауық Рымжанов. Ғалым Әбіл-Серік Әліакбардың «Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп алаланбайды» деген мақаласында Тауық Рымжановты «қазақ фэнтези жанрының негізін салушы, әм осы жанрдың атасы» дей отырып, оның шығармаларын зерттеу мен зерделеудің қажеттілігін айтқан болатын.

Ғалым С.А. Гоголева фэнтезидің жанрлық белгілерін былайша жіктей келе оның бірнеше жанрлық түрдің қоспасынан жасалғанына тоқталады. Атап айтсақ, фэнтезиде:

- 1) дүниеде жоқ белгісіз әлем және оның ерекше кейіпкерлері бейнеленеді;
- 2) сиқырлы әлем және ұлттық фольклоркейіпкерлерінің элементтерінің болуы;
- 3) тартысы өткір, шиеленісті оқиғаға толы сюжеттің болуы;
- 4) қиял-ғажайып ертегілердегідей басты кейіпкердің түрлі қиындыққа тап болуы және сол жолда түсініксіз түрлі құбылыстарға кездесуі;
- 5) адамдар әлемімен қатар өмір сүріп жатқан басқа бір әлемнің болуы [1].

Тауық Рымжанов – ертегі-хикаяттары арқылы қазақ балалар әдебиетіндегі фэнтези жанрын дамытқан жаңашыл жазушы. Ұлттық ерекшелігіміздің барша рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, ертегінің көркемдік әлемі арқылы рухани сананы жаңғыртуға ықпал етті. Қазақ қоғамының басты проблемаларын астарлап, өткен күндердің оқиғаларымен сабақтастырып суреттеуді шығармашылықпен дамытты. Осылайша, автор біздің әлеуметтік өмірімізден өзекжарды мәселені мифпен өрбіте түсіндіріп, романтизм әдісі арқылы шығармаға ұлттық реңк берді. Оқырманын шынайы өмірдің ішінде жүргендей әсерге бөлеп, балалар әдебиетіне өмірдің көлеңкелі тұстарын түсінуді, суреттеудің жаңа тәсілін енгізді.

Тауық Рымжановтың «Гүл ағашы» ертегі-хикаятындағы (1999 жылы жарық көрген) басты кейіпкер Қарабектің басынан өткен шытырман оқиғалары адамзат арасында, перілер мен шайтандар еліндегі сюжеттермен өрнектеліп, ең соңында өзінің туып-өскен отаны, адамзат мекені Зарлыхан патшалығына жеңіспен оралып, халқына гүл ағашының нұр бейнесін көрсетіп, жұмақ қақпасының күзетшісі Темір адамның жұмақтың кілтін көрсетуімен аяқталады. Сол адамзат патшасы Зарлыханның ішкі шайтанын алып тастау арқылы Қарабек оның зарлап жүрген, көңілсіз қалпынан жадырап жүретін, қолы ашық, жомарт патшаға айналуына жол ашады. Жүз мың жылқысын қол астындағы халқының игілігіне жұмсауға шешім қабылдаған Зарлыхан бейнесі арқылы автордың елдің билігіне жасырын, астарлы белгілер жіберу талпынысын байқауға болады. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында фэнтези жанрын зерттелу тарихы Әбу-Асқар Мекешұлы («Қазақ әдебиетінде фэнтези бар ма?») [2], Әбіл-Серік Әбілқасымұлы («Бір ділді Алаш фэнтезиі ешқашан тілге бөлініп алаланбайды» [3], А. Демесинова («Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу

төркіні мен түрлері»)[4] еңбектерінде айтылады. Қазіргі қазақ фэнтезиінде Тауық Рымжановтың ізін жалғайтын Зира Наурызбай мен Лиля Калаус, Баян Болатханова, Кеңес Оразбекұлы, Толымбек Әбдірайым, Нарбин Кенжегулова, Ділбар Мамырбаева, Саят Қамшыгер, Қойшыбек Мұбарак, Талап Таймасұлы, Айгул Тулембаева, Рүстем Сауытбай, Зәуре Төрехан, Жанна Ескуат, Әдина Жүсіпова, Қуат Ежембек, Алпамыс Сырманов, Нұрбек Нұржанұлы, Жібек Зинеллова, Каниязов Шһразаддин, Алтыншаш Курманаева, Өмірзақ Бағдат, Разия Ақпар сынды жазушыларды айта аламыз. Қазіргі таңда бұл жазушылардың шығармашылығы көпшілік оқырманға белгілі.

ҒТАХР: 82.51.12

А.Б. Сейсекенова

Астана халықаралық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ., ainasch_70nurzhan@mail.ru

ШӘКӘРІМНІҢ КӨРКЕМДІК ТАНЫМЫНДАҒЫ «ТАЗА АҚЫЛ» ЖӘНЕ БУДДА

Будда ілімі өзінің негізінде қайғы мәселесін өзекті етіп қарастырғаны баршамызға аян. Қайғыру адамның тіршіліктегі негізгі сезімінің бірі, оған себеп адам тілегінің орындалмауы деп санаған Будданың дхарма туралы ілімінде «өмір – дукха (қайғы)», ендеше, өмірдің мақсаты дукханы игеру болып табылады. Шындығында тіршіліктегі адамзат баласының көпшілігінің тілегі дүние таласынан тұрады. Шәкәрім заманындағы қазақ халқының негізгі қайғысы – зар заман мен 20 ғасыр басындағы «қалқыма» аумалы-төкпелі заман болды. Сол заман Шәкәрімнің өзіне, оның отбасына үлкен қауіп тудырып, көзі тірісінде балаларының және ақынның өзінің де ажал құшуына себеп болды. Ақын шығармаларында қайғы мен зұлымдықтың пайда болуы мәселесі терең қарастырылуы да көп нәрсенің бетін ашып бере алады.

Буддизм іліміндегі басты мәселе ретінде қарастырылатын «тәндік тілектерді тоқтатуды» бір ғана ақиқат деп қабылдаған неміс ойшылы Артур Шопенгауэр тән әлемін тұтастай зұлымдық деп түсіндіреді. Шопенгауэрмен салыстырғанда Шәкәрім Будданың ілімін мүлде басқаша түсінген болатын.

Шын мағынасында Будданың ілімінде «дуккха» түсінігі сондай-ақ, пенделік өмірді реалистік тұрғыдан дұрыс түсінуді де білдіреді. Өмір қайғы бола тұра, бұл – осыдан шығудың тура жолын іздеу. Дуккха туралы айтқанда үнді философиясын зерттеуші М. Томпсон: «Бірақ та, бақыт қол жетпейтін категория дегенді білдірмейді» деп жазады [1].

Адамның «жалған тілектерге» ілеспеуін уағыздаған Будда сынды Шәкәрімнің өзі де ешкімді бұл әлемнің қызықтарынан қашсын деп уағыздамаған. Ал әлемді зұлымдық деп қабылдаған Шопенгауэр «өмір сүру қажет емес дегенге дейін барады». Бұл туралы Л.Н. Толстойдың да пікірі бар. Л.Н. Толстой өзінің «Исповедь» атты еңбегінде қарт адам мен ауруды көріп, өмірден мағына іздеп шарқ ұрған Будда сынды қалайша көптеген қиналыстар арқылы өзіне керекті ақиқатты тапқанын жазған еді. Әсіресе, Шопенгауэрдің тіршілікке ұмтылушы адам еркін зұлымдыққа жатқызып, осы зұлымдықты жоққа шығарудың бір жолы адамның өз-өзін өлтіруі екеніне қарсы шығып: «Что ж, я один с Шопенгауэром так умен, что понял бессмысленность и зло жизни? Рассуждение о суете жизни не так хитро, и его делают давно и все самые простые люди, а жили и живут. Что ж, они – то все живут и никогда и не думают сомневаться в разумности жизни?»

Мое знание, подверженное мудростью мудрецов, открыло мне, что все на свете – органическое и неорганическое – все необыкновенно умно устроено, только мое одно положение глупо» деген сөздерді жазады [2].

Тән әлемінен тұратын болмыстың бір бөлшегі болып табылатын табиғат әлемін өте сұлу жаралған құпия құбылыс екенін өлеңдерімен сипаттаған Шәкәрім, зұлымдық табиғатта

емес, зұлымдық адамның әлем туралы жалған көзқарасында жатқанын «нәпсі көзін байлаған адамзаттан, айуан артық біледі өмір жайын» [3] деп жырлайды.

«Үш анықта»: «Адамның күйі сол хайуандардан есті болмаса да, толық терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес» [4] немесе «...сол соқыр ессіз деген жаратылыстың бір шыбынын, не бір тозаңын адам жарата алмайды» [4] дей отырып, керісінше табиғаттан үйрену керектігін уағыздайды».

Ақын Жаратушыны тануды тікелей табиғаттан бастау, үйрену керектігін басты назарға алады. «Тауық неге шақырар сағат сайын» деп басталатын өлеңінде тауықтың шақырғаны, иттің ұлығаны, гүлді көріп бұлбұлдың сайрағаны, бозторғайдың таң бозарса-ақ ән салатыны – олардың өз Тәңірін сипаттауы, олардың құлшылық намазы мен иманы сол:

Олар деп тұр – ойға алып бір құдайын,
Зор құдіретін әлемге ұқтырайын.
Құлшылық намазы мен иманы сол, –
Күнде бір, айында бір, сағат сайын.

Демейді босқа ұлып, тек сайрайын,
Деп тұр ол өз тәңірін сипаттайын.
Нәпсі көзін байлаған адамзаттан
Айуан артық біледі өмір жайын [3].

Елена Блаватская «Зұлымдықтың пайда болуы» атты еңбегінде немістің пессимист ойшылдарының буддизмді дұрыс түсінбеуінен «әлемнің түбінде қайғы жатыр» деп өмірден қашыратынын сынға алады. Ол Шығыс даналарының карманың себептерінен босану философиясын Еуропа еліктеушілері пессимистікпен түсініп, адамның өзін-өзі өлтіруін уағыздай отырып, өмірді жек көруге дейін апарғанын, сөйтіп, шығыстық бауырлардың үлгісін дұрыс қабылдамағанын айтады [5].

Шығыс дүниетанымын зерттеуші ойшылдар үнділердің әлем туралы жалған көзқарастарынан «босануы» арқылы нирванаға жетуді тәннен кету деп түсіндірмейді. Бұл жанның тәннің алдамшы тілектерін жеңу арқылы сансара дөңгелегін тоқтатуы деп талданады. Елена Блаватская: «Зұлымдықтың пайда болуы» деген еңбегінде: «Сам Будда являет для каждого из нас пример исключительной силы воли, но это была воля к жизни, а не к отказу от нее. Согласно его учению, зло будет существовать всегда, но оно существует *не в самой материи*, которая вечна, а только в создаваемых ею иллюзиях: в изменчивости и превращениях материи рождается жизнь, но эти изменения условны, и эта жизнь эфемерна. В то же самое время зло не только неотвратимо, но и необходимо. Ибо если мы можем отличать добро от зла и свет от тьмы и ценить первое, избегая второго, то только благодаря существованию контрастов между ними [5]».

Шәкәрім бабамыздың үндінің көне ілімдерінен қаншалықты хабардар екендігін «Үш анықтағы» брахманизм, фахризм жөніндегі мәліметтері, өлеңдері дәлелдейді [4]. Сонымен қатар ақын «Пайғамбар Мұса жолықса» деп басталатын өлеңінде былай деп жазған:

Будданың ұстап білегін,
Айрылмай бірге жүремін.
Жәдігәй, бақсы, ламаға
Шоқынды елің білемін [6].

Қарап отырсақ, Шәкәрім Будданың ілімін үнділермен көптеген жылдар бірге өмір сүріп, сол жақта шығыстануды дамытқан Е. Блаватскаядан кем игермеген терең ойшыл.

Будданың дхарма туралы ілімін зерттеушілер: «Причина забвения многих принципов первоначального учения или даже их искажения кроется в особенностях этого учения. Строго говоря, оно не было ни религиозным, ни философским» деп жазады [7].

Қазіргі буддизмнің тармағы ретінде ұстанып жүрген тибеттік ламаизм туралы Н.К. Рерихтің айтқан пікірі туралы Николай Константиновичпен бірге экспедицияда болған полковник Кордашевский келтіретін мына деректі алып қарайық: «...Н.К.Р. всегда подчеркивает разницу между истинным буддизмом и ламаизмом. Одно – прекрасное учение,

данное Благословенным Буддой, другое – темное суеверие и колдовство, в том виде, конечно, в каком ламаизм находится в настоящее время в Тибете»[8] .

Сөйте тұра Шәкәрімді буддист қылудан аулақпыз. Мұндағы Шәкәрімнің «ар ілімінің» басты құндылығы деп адам мен адамды жақындастырудағы ойшылдардың маңызды рөлі, шалғайдағы Шәкәрімнің үнді ойшылын дұрыс қабылдай білуі, «мен» «сеннің» жоғалып, адамның өз ішіндегі бір-бірімен тікелей байланысты сезіну қабілеті мен әрбір адамға тән мәселелер жалпыадамзат атаулығы жат еместігін жеткізуін айтамыз.

Жоғарыдағы Будданың, Е. Блаватская, Л.Н. Толстой, Н.К. Рерихтың, Шәкәрім ойының бір-біріне сәйкес келуі М. Бахтин концепциясы бойынша оның герменевтикасына тиесілі «үлкен уақыт» ішіндегі ұлттар, мәдениеттер арасындағы диалогтық қатынастың бар екенін дәлелдейтін үндестік.

М. Бахтин өз еңбектерінде кез-келген мәтінге ашық құрылым ретінде мән бере отырып, ең бірінші мәтіндердің бір-бірімен белгілі бір ұлт тілінің жүйелі ішкі заңдылығын бұзып-жарып қатынасқа түсе алатын металингвистикалық, интермәтінділік қабілетін алға тартады. Мысалы ол «Лингвистика, филология және басқа гуманитарлық ғылымдардағы мәтін мәселесі. Философиялық анализ тәжірибесі» атты еңбегінде: «Тіпті бір-бірі туралы ештеңе білмейтін, бөгде адамдардың қатар қойылған сөздері бір тақырыпқа (ойға) титтей де болса қатысып тұрса, бір-бірімен еріксіз диалогтық қатынасқа түседі», - деген ғылыми тұжырымын айтады [9].

Буддизм ілімінде «майя» бет-перде дегенді де білдіреді. Адам осы бет – пердесі арқылы шындықты көрмей өмір сүреді. Адамның ақылы дукханы тудырады, «дукха» – қайғы, өмірге қанағаттанбау. Осы «Майя» ұғымы Шәкәрім шығармаларында «нәпсі көзін байлаған адамзат (ақылы)» ретінде қарастырылады. Шәкәрім шығармаларындағы ақыл және «таза ақылдың» айырмашылығы сынды Будданың «Дхаммападасында» адамның ең бірінші ақыл мен таза ақылды айыруы аса маңызды екені айтылған:

- «1. Дхаммы обусловлены разумом, их лучшая часть – разум, из разума они сотворены. Если кто-нибудь говорит или делает с нечистым разумом, то за ним следует несчастье, как колесо за следом везущего.
2. Дхаммы обусловлены разумом, их лучшая часть – разум, из разума они сотворены. Если кто-нибудь говорит или делает с чистым разумом, то за ним следует счастье, как неотступная тень [7]».

Шәкәрім ілімінде таза ақыл мен ақылдың айырмашылығы көп. Таза ақыл – ақты барлай алатын данышпан, ол – жақсылыққа сенетін сәби. Ал ақыл деген – үнемі мағынасыз ой ойлатып, у ішкізетін зұлым. Ол үнемі адамды алдайды.

Шәкәрімнің «Жар-жаратушыға жету жолы» әрине, «ақылсыз» болуға шақырмайды. Керісінше ақыл керек кезінде пайдалы қызмет көрсете алады. Оны дұрыс пайдаланса, көп нәрсеге жетуге болады. Бірақ оны қалай пайдалануды жоғарыдағы Жардың өзі шешеді. Жамандықтың не екенін білмей, жақсылыққа жетуге жол жоқ болғаны сияқты, ақыл бізге керек болғандықтан ол өмірде бар. Ақыл бізге керек пе, керек емес пе деген сұрақтың өзі тәніміз бізге керек пе, керек емес пе деген сұрақпен бірдей деуге болады.

Бұл әлемде Жардан тыс еш теңе жоқ. Бұны түсіну үшін Абайдың «Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі», яғни, жаратушынікі деген сезімді бастан кешіру қажет. Сонда ғана тән әлемінен тәуелсіздік алуға болады. Сонда ғана барып Шәкәрім сынды адам өзін «жардың бойында» сезіне алады. Сонда ғана әркім өз тәнін өзіне берілген әдемі құрал екенін сезе алады. Иемденуден алыстағанда барып, бүкіл әлем сенің тәніңе айналады. Сен және әлем бір бүтінсің. Шәкәрім өлеңіндегі:

Әлемді мен билейін,
Зұлымдықты сүймейін.
Залымды ұндай илейін,
Нәпсі болсын маған құл [3]!
деген шумақтарының мәні де осында.

Ол үшін біздің ішіміздегі бөлшектеуге құмар залым ақылдың үні өшу керек. Дүниені біз деп қана қабылдауға ұмтылу керек. Біз, адамдар бір-бірімізді жек көріп жауласқанда, қара күштер күшейе береді. Біз бір-бірімізге жақындаған сайын, жасампаз Жардың оты өмірлік күшімізді молайтады. Осы әлемде барлығына жауапты адам. Шәкәрімнің «Шын бақтың айнасы» әңгімесіндегі «Бүкіләлем бір Отбасы» идеясы осыдан туындаған.

Залым ақылдың үнін өшіру үшін онымен алысып керегі жоқ. Жалпы, өмірде ешкіммен күресіп керегі жоқ. Адамда тек махаббат болу керек. Жүрегінде махаббаты бар адам ешуақытта өзін жалғыз сезінбейді. Ол ештеңеге қайғырмайды. Ол барлық адамға достықпен қарайды. Ондай адамның әрбір кезеңі қуанышқа толы болады деп ойымызды қорытамыз.

Әдебиеттер

1. Томпсон М. Восточная философия. – Москва: ФАИР-ПРЕСС, 2000. – 384 с.
2. Толстой Л.Н. Избранное. – Ростов на Дону: Феникс, 1998. – 544 с.
3. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. – Алматы: Жазушы. 1988. – 560 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы: Қаз. ССР Ғылым акад. М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер ин-ты, 1991. – 80 б.
5. Блаватская Е.П. Происхождение зла /<http://www.theosophy.ru/lib/hpb-zlo.htm/>
6. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза, Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жалын, 1988. – 256 б.
7. Дхаммапада. Издательство восточной литературы. – М., 1960. <http://tnu.podelise.ru/docs/index-200491.html>
8. Тибетские странствия полковника Кордашевского. Николай Рерих о Тибете. (С экспедицией Н.К. Рериха по Центральной Азии). <http://pulse.webservis.ru/Agni/Kordashevsky/index.html>.
9. Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – Москва: Искусство. 1979, – 424 с.

ҒТАХР: 72.82.94

А. Экрем

Muğla Sitki Koçman университеті
Түркия, Мугла, ekremayan@hotmail.com

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘДЕБИ ҚЫЗМЕТІ

XVIII ғасырда қазақ халқы Ресейдің қол астына өз еркімен енді де, бұл халықты бағындыру, өз дегеніне жүргізу созылыққы да, елеусіз сатылар арқылы жүргізілді. Колониалдық саясат алдымен жоспарсыз, бейтарап, еркін түрде жүргізілді: Ресейдің ішкі губернияларынан өз еркімен көшіп келген шаруалар мен қашып келген қылмыскерлердің қазақтардан арендаға жер алып қоныстануымен шектелді. 1890-жылдардан бастап патша үкіметі өз билігін орнықтыру, бекіту және орыстандыру мақсатында өкімет тарапынан жоспарлы түрде өрістеді. Қазақ даласының төсіне орыстың қамал-бекіністері қаптай бастады. Орыс-казак колониалары біртіндеп Орал, Орынбор, Ақмола, Семей облыстары мен Жетісу өңірінің құнарлы жерлеріне орналасты. Колониалдық саясатқа елеулі тосқауыл болған 1840-1847 жылдардағы Кенесары-Наурызбай қозғалысынан бөлек, қазақтың әр жерінде ұйымдаспаған ұсақ көтерілістер болып жатқанмен отарлау саясатына тосқауыл бола алмады.

1890 жылдан бастап, әсіресе 1905 жылғы «17 қазан Манифесінен» 1917 жылғы Ақпан төңкерісіне дейін дерлік созылған аралықта қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы анағұрлым саяси сипат ала бастады. Бұл аралықта қазақ қоғамында екі саяси ағым іріктеліп көріне бастады. Бірінші бағытты татар-ноғай немесе шығыс елдерінің медреселерінде тәлім-тәрбие алған кертартпа элементтер ұстады. Екінші бағыт оған қарағанда әлдеқайда прогресшіл,

батысшыл, Еуропа мәдениеті негізінде болды, олар халықты Еуропа мәдениетіне жеткізуді көздеді. Бұл бір жағынан, іргесін Шоқан Уалихан, Ыбырай Алтынсарін, Абай Құнанбаев қалап кеткен «батысшыл» қозғалысының сабақтас жалғасы болды.

Қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының екінші кезеңі қазақ даласына орыс келімсектерінің көлдей ағылуымен басталады десек қателеспейміз. Жоғарыда айтылғандай-ақ, алғашқы жөн-жосықсыз басталған колонизация 90-жылдардан бастап үкімет тарапынан жоспарлы, ұйымдасқан түрде жүргізіледі. Әсіресе 1892-1893 жылдары Сібір темір жолы іске қосылғаннан кейін, Ресейдің орталық губернияларынан келген шаруалар мен Украинадан келген босқындар Қазақстанның сол кездегі солтүстік, шығыс облыстары мен Жетісу өңірінің шұрайлы жерлеріне лек-легімен қоныстанып жатты. Сол арқылы патша үкіметі өзінің колонияларындағы үстемдігін, билігін нығайтуды басты мақсат етіп алды. Бұл қазақ халқы тарихындағы аса ерекше, ауыр кезең болды. Ұлттық мемлекеттік басқарудың дәстүрлі жүйелері түгел жойылып Қазақстан Ресей империясының губернияларының біріне айналды. Туған жері мен суынан жұрдай болып, орыс келімсектерінің жаппай қоныстануы, табиғат байлықтарын талан-таражға салуы, дәстүрлі мал шаруашылығының орындалуы және күштеп христиандандыру мен орыстандыру саясаты – бәрі қосылып – қазақ халқын жер бетінен этнос ретінде жойылып кету қаупіне әкеліп тақады. Халықтың ұлттық мәдениеті мен рухани байлығы аяққа тапталды, ұлттық тілі күнделікті пайдаланудан шығып, жойылуға айналды. Осындай күрделі де аса ауыр жағдайда тарихи сахнаға орыс мектептерінде тәлім-тәрбие алған бір топ зиялы азаматтар шықты. Оны Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бастаған Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Бақытжан Қаратайұлы, Жақып мырза Ақбайұлы, Жиханшы Сейдалыұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жиханшы Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы сынды зиялылар мен ақын-жазушылар құрады. Ресей империясы өзіне өз еркімен бодан болып енген қазақ халқының жерін отарлап, билеу саясатына елеулі қарсылық көрсете алған Кенесары Наурызбай қозғалысы және одан кейінгі кезеңде болған дүркін-дүркін көтерілістердің қалың бұқара арасынан қолдау таба алмай жеңіліске ұшырау себептерін ескере отырып, бұл зиялы азаматтар күш қуаты мол Ресейге қарсы ашықтан-ашық қарулы күрестің заманы әлі де болса тұмағанын анық сезінді. Сондықтан да олар отарлау саясаты мен орыстандыруға төтеп беретін басқа бейбіт конституциялық жолын іздестірді. Осы мақсатта олар патша үкіметіне оппозициялық бағыт ұстанған орыстың саяси партияларымен байланысты күшейтті. Мысалға Әлихан Бөкейхан бастаған зиялылар тобы Ресейде конституциялық Республика орнатуды көздеген кадет партиясымен бірікті. Алайда бұдан қазақ зиялылары Ресеймен мәңгілік бірге болуды көздеді деген қате пікір тұмауы керек. Бұл – Әлихан бастаған қазақ зиялыларының саяси тактикасы болатын. Бұл бағыт ұлт қозғалыстарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетіндегі 1913 жылғы 2 санында жарияланған бас мақаласынан анық көрінеді. Мақалада ол былай деп жазды: «Бөтендер кіріскенде /мұнда автор орыс үкіметі мен славян келімсектерін айтып отыр/ халқымыз қандай болар? Тарих жолына қарағанда: келімсек жұрт күшті болса, тұрғын жұрт аяқ асты болып – азып-тозып жоғалмақшы. Тұрғын жұрт күшті болса, келімсек жұрт сіңіп тұрғын жұрттың түріне түсіп, бөтендігі жоғалмақшы. Екеуі де тең болса: бір бірінен кем болмай, біріне бірі жем болмай, қатар тұрып күнелтіп, әрқайсысы өз алдына ұлт болып тұрмақ.

Істің бәрі жалғыз-ақ тамақ асырап күн көруге қалса, өз бетімен күн көре алмаса, өзге жұрттың есігінде жүріп, малайлықпен тамақ асырап, қазақ тіршілік етер ғой.. ...Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға шейін тұтас тұрған халық едік. Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде, солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда, өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі /әдебиеті/ бар жұрттар ғана тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы, еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – ТІЛ. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де

біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып жоғалуы ықтимал: біз келіміз жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз: оқымасак басқалармен қатар тірлік ете алмауымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық». Демек қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы көсемдерінің алға қойған басты мақсаты – алдымен халықты ғасырлардан бері келе жатқан қараңғылық пен надандық шырмауынан босату, халықтың сана-сезімін ояту, халықты оқу-ағарту, сөйтіп қазақ ұлтының ұлттық тілін, ұлттық жазба әдебиетін өркендету болған. Олар халықты ғасырлық ұйқысынан «масадай» шағып «ояту» керек деп түсінді. Халықтың алдына олар «... озғандарға жету керек, жеткендерімізден озу керек. Дүниенің төріне тырысқандар төрден орын алып жатыр. Тырыспағандар есікте қалып жатыр: Есікте қалмай, төрге тырысайық; басқалар төрге қалай бара жатқанына қарап, біз де солардың істегенін істейік» - деген талап қояды.

Бұл – қазақ зиялыларының, Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан бастаған ұлт көсемдерінің стратегиялық бағдарламасы десек те болады. Алайда бұл бағыт-бағдарлама Кеңес тарихнамасында мейлінше бұрмаланып, бұрыс мағынада түсіндіріліп келді. Ал шындығына келгенде, Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы сынды жалынды ұлт көсемдері бастаған зиялылар халықты тап тапқа жіктеп, «аз ғана үстем тап өкілдерінің мұң-мүддесін қорғаған» жоқ, олар біртұтас халық, біртұтас қазақ ұлтының мүддесін көздеді. Мұны Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда үзінді келтірген мақаласынан айқын көреміз. Қазақтың зиялылары мен ақын-жазушылары қазақ атты халықты оқып-ағартуды, ол халықтың ұлттық сана-сезімін, ұлттық намысын оятуды көздеді: ұлттық тіл мен мәдениетті өркендету жолындағы қиянкескі күресінде олар ұлт тіліндегі баспасөз бен ұлттық әдебиеттің дамуына ерекше көңіл бөлді. Қысқаша айтар болсақ, Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық интеллегенция қазақ әдебиетінің рөлін бұрын-соңды болмаған сапаға, биікке көтерді, сол тұстағы әдеби процесстер мен ұлт-азаттық күрес біте қайнасып дамыды. Ұлт әдебиеті ретінде қалыптасып буыны қатая бастаған қазақ әдебиетін олар шын мәнісінде халыққа қызмет етуге жұмсады. Өйткені қозғалыс басында А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қарашұлы, Ж. Аймауытұлы сынды нағыз демократ, гуманист ақын-жазушылар тұрды. Ұлт көсемдерінің қарулы күрес тактикасынан мүлдем бас тартуының басты себебі де осында: гуманист ақын-жазушылардың зор ықпалы болып табылады. Ал осы зиялылардың, ақын-жазушылардың қатарын біріктіріп, халыққа қызмет етуге жөн сілтеген, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының басшысы әрі оның саяси көсемі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан да әдебиеттен құр алақан емес еді. Халықты ағарту ісіндегі әдебиеттің зор күшін көре білген де, Абайдың жаңашылдығына, ұлтшылдығына алғаш назар аударып, оның есімін, шығармашылығын ұлттық қозғалыстың туы ретінде ұсынған да осы қайраткер-ғалым еді.

XX ғасырдың 20-жылдарында «Әлихан қазақты «Алаш» ұраны мен туының астына топтастырып, біртұтас Алаш ұлтын қалыптастырды, қазіргі қазақ ұлтының атасы болды деген пікірі ашық айтылатын. Алаш қайраткерлерінің бірі Қошке Кемеңгерұлы 1924 жылы «Қазақ тарихынан» атты очеркінде: «Үкіметтің қара қуғын жасаған күндерінде айдауына да, абақтысына да шыдап, ел үшін басын құрбан қылған ат төбеліндей ғана азамат тобы болды. Бұл топты баулыған – Әлихан. Әлиханның қазақ еліне істеген тарихи қызметі: әдеби тіл тууына себеп болды, өзіне ерген топты діни фанатизмге қарсы тәрбиеледі. Бұдан барып татардан іргесін аулақ салған қазақ ұлты туды» – деп жазды.

1910 жылы С.Петерборда басылып шыққан «Қазақтар» очеркінде атап көрсеткендей, өзі тәрбиелеп өсірген «Алаш» зиялыларын бастап Әлихан қазақ елін Батыс Еуропа өркениеті деңгейіне жеткізуді түпкілікті мақсат етіп алды. Осы мақсатқа ол мәдениеті мен әлеуметтік-экономикалық болмысы жағынан қазаққа бір табан жақын жапондардың әйгілі «Мейдзи төңкерісі» тәжірибесін ден қоя зерттеді.

Әлихан Бөкейхан Мейдзи бағдарламасын жүзеге асырудың нәтижесінде 21 жылда артта қалған аграрлық елден әлемнің ең дамыған мемлекетіне айналған Жапонияның

тәжірибесін үлгі етіп, Қазақ елін 20-25 жылда әлемнің дамыған мемлекеттеріне жеткізуді жоспарлады. Алаш көсемі жапондардың тәжірибесін қазақ еліне сол қалпында орнатпай, халқының өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрінің негізін сақтап жетілдіруді көздеді.

1937 жылдың 27 қыркүйегінде Мәскеуде Алаш көсемін өлім жазасына кесуге себеп болған ауыр «қылмыстарының» бірі – «жапонтанушы»(японофил) деген айып болатын. Оның ең жақын, адал достарының бірқатарын «жапон тыңшысы» деген нақақ айыппен қуғын-сүргінге ұшыратты. Әлиханға ондай жала-айып тақпауының бір сыры: Алаш-Орда үкіметінің Жапон үкіметімен қандай да бір құпия келісімі болды ма? – деген сұраққа Әлихан Бөкейхан 1937 жылы тамыз-қыркүйек айларындағы тергеу барысында: «Жапония қайда, біз қайда? Жапония соғыс ашам десе, тарих сахнасынан түскен Алаш мемлекетінен рұқсат сұрай ма? Ол туралы сіздерде бір мағлұмат бар ма? Мен Алашорданың Премьер-министрі ретінде ондай құжатты көрген жоқпын. Қол қойған жоқпын» - деп бұл сауалға қайта оралмайтындай жауап қайтарған.

«Мейдзи төңкерісі» немесе «Мэйдзи жаңғыруы» деп Жапонияны артта қалған аграрлық елден 21 жылдың ішінде әлемнің жетекші мемлекеттерінің біріне айналдырған 1868-1889 жылдар аралығында іске асырылған саяси, әскери және әлеуметтік-экономикалық реформалардың жиынтығын айтады. «Мейдзи жаңғыруы» іске асырылған жылдары жапондардың дәстүрлі-тұрмыс тіршілігі түбегейлі бұзылып, елде жедел түрде батыс өркениетінің жетістіктері енгізілді. Тұрақты армия құрылып, қару-жарақ пен соғыс техникасының, соғыс тактикасының ең үздік үлгілерімен қаруланды. Терең реформалар жапон қоғамының әлеуметтік, жер, қаржы-салық, ағарту-білім беру салаларын да қалдырмай қамтылып, ұлттық экономиканы дамытудың ең үздік технологияларға негізделген өнеркәсіптік жолына түсті.

Әлихан Ақпан төңкерісіне дейін өзінің жақын үзеңгілестерімен мәдениет, оқу-ағарту саласындағы реформаларын бастап, жартылай іске асырып та үлгерді. «Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ – деп үзілді-кесілді мәлімдеді Әлихан «Қазақ тарихы» атты мақаласында, – Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениетін» құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиетін» тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы».

Ә.Н. Бөкейхан орыстың классиктерінен көп оқыған. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.П. Чехов, И. Крылов, Д. Салтыков-Щедрин, Н.В. Гоголь, Л.Н. Толстой, Ф. Достоевский сынды хас қалам шеберлері шығармаларымен жақын танысқан. Ол орыс әдебиеті өкілдерінен әсіресе Л.Н. Толстойды аса қадірлеп, сүйіп оқыған, оны пір тұтқан. Ұлы философ жазушының адамзат баласына «ағайыншылықпен» қараған гуманистік философиясын ол өзіне үлгі-өнеге етіп алған. Л.Н. Толстойдан аударған бір әңгімесінде ол жазушыны «ростың/орыстың/ ұлығ философы» деп атайды. Ел арасында көп жүріп, көп аралағанда ол әсіресе осы Л. Толстойдың шығармаларын көп насихаттаған. Мәселен, өзінің 1910 жылы жарық көрген «Қазақтар» аттығылыми шығармасында мынадай бір қызық оқиғаны баяндайды: «В глубокой степи, за 700 верст от Сибирской железной дороги, сидя в гостеприимной юрте богатого киргиза, я рассказывал собравшимся старикам и молодежи о русских писателях и, в частности о Л.Н. Толстом. Хозяин дома, богатый влиятельный киргиз, выслушав меня, улыбнулся, попросил жену достать его шкатулку, где он держал свой архив и, вынув оттуда бумагу, передал мне. Оказалось, что киргизы все знали ее содержание и, не желая обидеть позорением мой рассказ, они высказали мнение, что все «они», т.е. русские писатели, вероятно, нерусские, особенно Л.Н. Толстой. Все они должны быть мусульманами, иначе и быть не может. «Кто знает, они может быть, киргизы» – заметил один старик». Әлихан орыстың басқа өзімен замандас жазушыларын, әсіресе қазақ өмірін сипаттап жазған А. Сорокин, В.Г. Короленко, Д. Мамин-Сибиряк сияқты қаламгерлерін қатты сыйлаған, олардың шығармаларын көп оқыған, олардың біраз туындыларын тәржімелеген.

Әлімхан Ебеуұлы Ермековтің пікіріне қарағанда, Әлихан «шетелдердің тоғыз тілінде еркін сөйлеп, жаза білген». Бұл, демек, Еуропа әдебиеті туындыларын Әлихан

түпнұсқасынан оқыды деген сөз. Қалай дегенмен де, оның әр тақырыпқа жазып қалдырған көсем-сөз мақалалары мен зерттеулерінде Уильям Теккерей, Чарльз Диккенс, Вальтер Скотт, Уильям Шекспир, Ги де Мопассан және т.б. осы сияқты есімдерді ұштастыруға болады. Кейбір Еуропалық жазушылардың өмірі мен шығармаларына пікір жазуға да талпынғандығы байқалады. Оны «Қазақ» бетінде жариялаған «Аустрия жазушысы» атты мақаласынан аңғаруға болады. Ал бұлардың шығармаларын оқып танысуға қайраткер кез-келген бос уақытын пайдаланып қалуға тырысқан. Мәселен, 1906 жылы саяси үгіт-насихат жұмысы үшін ұсталып 4 айдан аса Павлодар түрмесінде отырған кезінде ол «уақытын гимнастикамен және кітап оқумен өткізгендігін» жазады. Осы естелігінде қайраткер абақтыда болған мынадай қызық оқиғаны суреттеп береді: «За 4 с половиною месяца сидения в Павлодарской турьме вечерами я читал целые часы солдатам дежурного караула Пушкина, Лермонтова, Шекспира. Слушатели распологались в коридоре против глазка моей двери, и устраивался у выступа печи, обращенного к двери, переносная лампочка ставилась на карнизе печи. Хорошо помню, что больше впечатление на солдат произвел «Кориолан» Шекспира. По просьбе других, не слушавших солдат я должен был повторно прочесть им «Кориолана». Солдаты также охотно слушали газеты, но их больше всего интересовали сатирические фельетоны и в них отдельные меткие остроты». Ә.Н. Бөкейхан сондай-ақ ежелгі дәуір – Антика әдебиеті мен туысқан түрік халықтары әдебиетіне де біраз қызыққан сияқты. Оны қайраткер-ғалымның тәржімелеген шығармалары ішінен кездесетін Эзоп мысалдары білдіреді. Мысалға Мәскеудегі КСРО Халықтарының Орталық баспасынан жарық көрген «77 мысал» жинағын атауға болар еді. Түрік тектес халықтардың әдебиетіне оның назар аударуына себеп болған Омбыға саяси жер ауып келген жазушы – Н.А. Маркс екені даусыз. Әлихан қазақшалап алғашқыда «Қазаққа», кейін Кеңес үкіметі орнаған жылдары «Ақ жолға» жариялап тұрған «Қырым сөздері» әңгімелерінің авторы – Н.А. Маркс болатын.

Ә.Н. Бөкейхан – ақын да емес, жазушы да болған жоқ. Демек ол соңына не поэзиялық, не прозалық шығарма жазып қалдырмаған. Әйтсе де, қазақ әдебиетінің 1920-30 жылдарға дейінгі тарихын Әлихансыз көзге елестетуге болмайды. Өйткені оның әдебиет саласындағы қызметі нақты көркем шығарма жазып қалдырудан әлдеқайда маңызды да кеңірек еді. Оның әдебиетте атқарған қызметі қазақтың ұлттық әдебиетінің қалыптасып өркендеуіне қосқан үлесі мен әсері ерекше болатын. Олай дейтін себеп: ол – халық ауыз әдебиеті мұрасын жинастыру мен зерттеуді ізгі ғылыми жолға қойған фольклоршы ғалым, әдебиеттанушы, сыншы және көркем аудармашы болды. Ол сондай-ақ, қазақ әдебиетіндегі абайтану ілімінің негізін тұңғыш салған ғалым. Ал оның фольклоршы, әдеби-сыншы және көркем аудармашы ретінде жазылып қалдырған мұрасы да қомақты да құнды дүние болып табылады. Қайраткер-ғалымның публицистік туындылары да өте ауқымды.

Әдебиеттер

1. Орынбор А.Б., февраль, 10. – Қазақ, 1913 жыл, № 2. Орынбор.
2. Құрметті оқушылар. – Қазақ, 1913 жыл, № 1. Орынбор.
3. Букейхан А. Киргизы //А. Костелянский / ред./ Формы национального движения в совр. Государствах, СПб, 1910. – С. 577-600.
4. Мәкенбаев Қ., Садуақасов Қ., Ермаков Ә. Жезқазған, 1992 ж.
5. Қыр баласы. Аустрия жазушысы // Қазақ, 1914, № 92. Орынбор.
6. Букейхан А. Выборы в Степном крае // Сб. К 10-летию Первый Гос.Думы. Изж. «Огни». СПб. 1916 год.
7. Қыр баласы. 77 мысал. Эзоп пен Толстой. – Мәскеу, 1925.

М.Ә. Топашов

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., topashov.m@mail.ru

А. БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҰЛТ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі уақытта біздің еліміз дамудың жаңа жүйесін жасап, әлемдік қауымдастық кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл қоғам дамуындағы елеулі өзгерістерге байланысты орын алып отыр. Жаңғыру парадигмасы өзгерді, жаңа мазмұны пайда болды. Бүгінгі уақыт ұлттық идея мен ұлттық идеологияның маңызын арттыра түсті. Демек, ұлттың рухани құндылықтарын зерттеу, сол арқылы ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мемлекеттің басты мұраты болып отыр.

Қазақ жастарын ұлттық рухта тәрбиелейміз, ел ертеңін сенімді етеміз десек, онда Ахмет Байтұрсынов шығармаларын әр қырынан қарастырып, оны оқу, түсіну және зерттеу жұмыстарына үлкен жауапкершілікпен қарауымыз керек. Оның шығармаларының нәрі мен мәнін түсіндіруді, насихаттауды науқанға айналдырмай, тұрақты түрде жүргізіп отыру аса қажет. Тәуелсіздік үшін күрес, адал еңбек ету, ғылым мен білімді игеру, өнерді жетілдіру – міне, Ахмет шығармаларының мәні. Осы ой – тұжырым бүгінде өте өзекті. Бұл жерде бөле жара айтатын нәрсе:оның қазақты ынтымаққа, бірлікке шақыруы.Ол үшін ең алдымен мемлекет құраушы ұлттың өзара татулығы мен бірлігі, тұтастығы мығым болуы маңызды. Оның:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,

Әуелі бірлік керек,болсаң жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, – дегенде көздегені осы бірлік, ынтымақ болса керек.

Ішкі ынтымақтың болмауынан сыртқы жаудың оңай олжасына айналып кетпей, тәуелсіз өмір сүруін тілейді. Ахмет шығармаларында мемлекеттің ғұмырлы болуы үшін ел тізгінін ұстағандар мен халықтың бірауыздылығы, сөз бен істің үйлесім табуы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Классик жазушы Әбіш Кекілбайдың: «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға.Бәлкім, біреулерге бұл орынсыз тамсану боп көрінер.Оған дейінде бұл далада Фараби,Ясауи,Қорқыт,Асан Қайғы,Ыбырай,Шоқан,Абайлар да өтті ғой десер. Ол рас.Бірақ Ахмет оларға ұқсайды да, ұқсамайды да. ...Ұқсамайтыны: Ахмет Байтұрсынұлы ондай жол Қорқыт пен Асан Қайғыдан үйреншікті үрдісті аман сақтап қалатындай жаңа қоныс іздеумен табылады деп түсінбеді;Фараби мен Ясауидей өз тұсындағы кең жайылған антикалық немесе исламдық дүниетанымға уақытылы көшу арқылы барлық мәселені шешуге болады деп ұқпады; Абай, Шоқан, Ыбырайлардай теңдікке жетудің жолында тек ағартушылықпен шектелгісі келмеді» [1,5], – деуінде үлкен шындық жатыр. Расында басқа ағартушылардай емес Ахмет Байтұрсынұлы қоғамдық проблемаларды, әсіресе ұлт тәуелсіздігін жалаң білім – ғылыммен шешуге болмайтынын алғаш дұрыс түсініп, халқын ашық күреске үндеді.

Кей істің шарты құрбанмен,

Болмас, қорқып тұрғанмен.

Ол қазақты біртұтас тәуелсіз мемлекет ретінде көргісі келді. Ұлт руханиятының үлкен жанашыры болып, тәуелсіздіктің туын көтерді.Сөйтіп ол қазақтың тәуелсіз ұлттық – демократиялық дербес мемлекет құру идеясы үшін күрес жүргізген саяси қайраткер санатына көтерілді.

«Жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін?!» [2], – деп ашына жазған Ахмет Байтұрсынұлы қазағын үнемі ғылым – білімді игеруге үндеп, мәдениет пен өнерге шақырып, сол кездегітүйткілді мәселелердің барлығының тек ұлт мүддесі тұрғысында шешілуі жолында аянбай еңбек еткен арысымыз.

Оның шығармашылық әлеміне зер салсақ, ол үнемі халқының алға ілгерлеуіне, дамып – жетілуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны мүмкіндігінше дәріптегенін байқау қиын емес. Ал өсіп – өркендеудің өзегі білім мен ғылымда екені белгілі. Сол себепті ол ұлтының үздіксіз оқып – үйренгенін бар жан – тәнімен қалады. Арнаулы филологиялық білім алмаса да, ұлттық филология ғылымдарының негізін қалап, тіл мен әдебиеттану ғылымында ең алғаш фундаментальді зерттеу еңбектер жазды. «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласында хакім Абайдың поэтикалық қуат – қабілеті, шығармаларының ұлттық әдебиеттегі орны, көркемдік бояу – нақыштары талданады. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, сыршылдығын ұғындыра түсіндіреді. Абайдың ақындық болмысы, өлеңге деген көзқарасы туралы жасаған ғылыми тұжырымдары өміршеңдік танытып, Абайтану ғылымында жалғасын тапты. «Әдебиет танытқыш» та әдебиетіміздің даму жолына, теориялық мәселелері мен сынына, методологиясына алғаш анықтама беріп, ұлттық әдебиеттану ғылымының жүйесін жасаған үздік зерттеу. Ана тілінің байлығын еркін меңгерген ғалым мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді теріп алып, соның негізінде қазақы ұғымға лайық термин қалыптастырып, көркем шығармалардың барлық жанрлық формаларын жіліктеп берді.

Қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалған әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылды. Ол халыққа ғылым – білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін дұрыс жолға қоюға күш салды. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар «Тіл құралын» «Оқу құралын» жазды. Сөйтіп ол халықтың сауаттылыққа бет бұрып, ғылым – білімді игеруіне бастысебепкер болды. Ол тіл мен әдебиеттің саяси, қоғамдық әрі рухани үлкен күш екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да оның рухани болмысында тілмен әдебиетмәселесі ерекше орынға ие болды.

Сонымен қатар қазақ зиялыларының жан – жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі айрықша. Ол қазақ зиялыларының болашақта ұмтылар бағыт – бағдары мен идеялық тұғырын айқындап берді. Әрі елімізде ұлттық сананың өрлеу үдерісі мен ұлт зиялыларының қалыптасуына кең жол ашты. Осыған орай алаш арыстарының бірі Міржақып Дулатұлы былай дейді: «А. Байтұрсынұлының арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ...өз ағаттықтарын түсіне бастады...» [3]. Демек, ол ұлт зиялыларының да зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан ұстазыболды. Қазіргілердей о заманда да орысша былдырлап, татарша шүлдірлеген зиялылар аз болмаған сыңайлы. Олардың өздерінің ағаттықтарын түсініп халқына қалтқысыз қызмет істей бастауы да Ахмет Байтұрсыновтың ерен еңбегінің нәтижесі. Сәкен Сейфуллин ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов туралы былай дейді. «...*Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз – ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басынбәйгеге тікті*»...[4]. – Ахмет Байтұрсынов ұлтының жоғын түгендеп, ұятына қызмет етті. Ұлтына қызмет етудің ерен үлгісін көрсетті. Осы жолда ештеңеден тартынбады да, тайсақтамады да. Ол ұлы далаға тәуелсіздік рухын сеуіп, ұлтты біріктіруші, тұтастырушы тұлға ретінде тамаша идеялар ұсынды. Осы идеялар, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің негізгі идеологиясының өзегіне айналуда.

Ахметтің бізге жетіп отырған дүниелері, оның ұлттық құндылықтарды дамыту жолында «қазақ идеясын» қалыптастыруға аянбай қызмет еткен көрсетеді. «Қазақ идеясының» дамуындағы Ахмет философиясының феномені ұлттық санамыздың ішінде, олардың елдің қоныстануы жөніндегі идеяларының маңыздылығы арқылы сақталып қалады. Ұлттық қажеттіліктерді жүзеге асыру мәселесіне теориялық жағынан терең мән берген

Ахмет идеялары, дәстүрлі қазақ қоғамының сонау көне түркілерден бері қалыптасқан болмысының бұзылмауына ықпал етті.

XX ғасыр ұлттық сананың сергектік танытып, халықтың жан дүниесіндегі алай-дүлей бұрқаныстың шиыршық атқан шағы еді. Әдеби дамуға қосылған А. Байтұрсыновтың «Маса» шығармасы ұлттық оянудың шырқау шыңы – күллі алаштық идеяға апарар баспалдақ басқыштары санатында саналды. Осы тұста қазақ даласында да ұлт ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған оның ой – пікірі мен іс – әрекеті жарқырап көрінді. Бұл уақыт қазақтың тағдыры таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл тұста қазақ халқы толықтай Ресейдің басыбайлы боданына айналып үлгергенді. Дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Ұлт ұстазы қазақ халқын азат ел ету бағытындағы мақсатты ойларын жүзеге асырудың жолдарын көрсетті. Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет бұл бағытта бос үгіт насихатқа салынбай нақты іске кірісіп, қазақ жоғының орнын толтыруға білек сыбанып кірісті.

Бар мұраты халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынов еңбегі ұлы ақын мен ұлы педагог Абай мен Ыбырайларға жетеқабыл. Осыған орай Ахметтанушы ғалым Райхан Имаханбет Ахмет Байтұрсынов есімі «...Келешекте Шоқан, Абай, Ыбырайлармен қатар аталса» »...[5], – деген көңілге қонымды пікір ұсынады. Мұны қолдауға лайық, әділ баға деп білеміз.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын зерделеу – тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатыны айдан анық. Оның әдеби мұралары, зерттеу еңбектері әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып қала береді. Өйткені оның ұлы идеялары жаңа Қазақстанның негізіне тірек болары даусыз.

Әдебиеттер

1. Кекілбай Ә. Көп томдық шығармалар жинағы / Ә. Кекілбай. – 2019. – 5 том. – 324 б.
2. Байтұрсынұлы А. Таңдамалы шығармалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. 1990. – 3 том. – 254 б.
3. Дулатұлы М. Таңдамалы шығармалар жинағы / М. Дулатұлы. – 1990. – 2 том. – 235 б.
4. Сейфуллин С. Таңдамалы шығармалар жинағы / С. Сейфуллин. – 2004. – 4 том. – 268 б.
5. Имаханбет Р. Ұлағатты ұлт ұстазы / Р. Имаханбет. – Алматы, 2022. – 210 б.

МРНТИ: 14.07.07

Г.У. Утельбаева

Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова
Республика Казахстан, г. Актобе, gulzhan0402@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

В настоящее время социально-гуманитарное образование играет ключевую роль в формировании личности, общественного сознания и межкультурного диалога в условиях глобализирующегося мира. Оно направлено на развитие критического мышления, моральных ценностей и гражданской ответственности у студентов. Несмотря на важность этой области образования, она сталкивается с рядом проблем, которые требуют системного решения. В то же время перспективы социально-гуманитарного образования обещают значительные улучшения и инновации.

Одной из ключевых проблем социально-гуманитарного образования является снижение его престижа по сравнению с техническими и естественными науками. В условиях рыночной экономики на первый план выходят специальности, связанные с инженерией, IT, медициной и другими высокооплачиваемыми профессиями. Это приводит к тому, что гуманитарные дисциплины часто воспринимаются как менее востребованные и практически

неприменимые. В результате многие учащиеся и их родители склонны выбирать технические или экономические специальности, что снижает интерес к социально-гуманитарным наукам.

Одним из проблем также является разрыв между теоретическим и практическим аспектами обучения в сфере гуманитарных дисциплин. Часто преподавание строится на изучении абстрактных теорий и концепций, которые не всегда находят прямое применение в реальной жизни. Это ведет к недостатку практических навыков у выпускников гуманитарных факультетов, что затрудняет их трудоустройство. Студенты, получившие высшее образование в этой сфере, часто не знают, как применить свои знания на практике, что вызывает разочарование и снижает их мотивацию.

Современное образование сталкивается с вызовами, связанными с быстрым развитием технологий. Социально-гуманитарные дисциплины, несмотря на свою важность в формировании личности, оказываются недостаточно интегрированы в цифровую среду. Многие образовательные программы в этой области не успевают адаптироваться к новым требованиям цифрового мира, что затрудняет их соответствие современным стандартам. В условиях быстрого прогресса информационных технологий необходимы новые подходы к обучению и преподаванию гуманитарных дисциплин.

Традиционное разделение дисциплин также является проблемой для современного социально-гуманитарного образования. Многие учебные программы не предусматривают междисциплинарный подход, который становится всё более востребованным в условиях глобальных вызовов. Социальные и гуманитарные науки могут обогатить обучение студентов знаниями из смежных областей, таких как экономика, политика, экология и технологии. Однако отсутствие интеграции с другими дисциплинами ограничивает возможности студентов для более глубокого понимания сложных проблем современного общества.

Для преодоления проблемы низкого престижа гуманитарных дисциплин необходимо изменение общественного восприятия значимости гуманитарных наук. Это можно достичь через активное продвижение примеров успешных профессионалов, работающих в области социальной и гуманитарной деятельности, а также через увеличение финансирования проектов, направленных на изучение социальных и культурных вопросов. Важно также продвигать идею о том, что гуманитарные науки не менее важны для развития общества, чем технические, поскольку они способствуют формированию моральных ценностей, общественного сознания и критического мышления.

Одним из ключевых шагов к улучшению социально-гуманитарного образования является внедрение программ, ориентированных на практику. Это может включать обязательные стажировки, участие в социальных проектах, работу с местными сообществами, а также интеграцию прикладных навыков в учебный процесс. Практическое обучение должно стать неотъемлемой частью подготовки специалистов, что позволит выпускникам лучше адаптироваться к условиям рынка труда и повысить их конкурентоспособность.

Цифровая трансформация играет важную роль в модернизации социально-гуманитарного образования. Внедрение онлайн-платформ, дистанционного обучения, использования искусственного интеллекта для анализа социальных данных открывает новые возможности для студентов и преподавателей. Технологии могут помочь создавать более интерактивные и персонализированные образовательные программы, которые будут учитывать индивидуальные потребности каждого учащегося. Развитие цифровых навыков у студентов гуманитарных факультетов позволит им быть более конкурентоспособными на рынке труда.

Будущее социально-гуманитарного образования связано с междисциплинарным подходом. Образовательные программы должны предусматривать интеграцию различных дисциплин для решения комплексных социальных проблем. Это поможет студентам развить системное мышление и лучше понимать взаимосвязь между разными аспектами общества. Например, сочетание гуманитарных и естественных наук может помочь более эффективно

решать вопросы устойчивого развития, экологии, политических конфликтов и других глобальных вызовов.

В условиях глобализации межкультурный диалог становится неотъемлемой частью социально-гуманитарного образования. Включение курсов по межкультурной коммуникации, изучение культурных различий и толерантности помогает студентам готовиться к жизни в многонациональном и многокультурном мире. Это позволяет развивать у студентов навыки уважительного общения, понимания и сотрудничества с представителями других культур, что способствует укреплению мира и взаимопонимания на международной арене.

Современное социально-гуманитарное образование сталкивается с рядом серьезных вызовов, включая снижение его престижа, недостаточную связь с практическими навыками, технологические трудности и ограниченную междисциплинарность. Однако эти проблемы не являются непреодолимыми. Наоборот, они открывают возможности для улучшений и трансформаций, способных значительно повысить качество и значимость гуманитарных дисциплин в обществе.

Для успешного решения этих задач важно не только адаптировать образовательные программы к требованиям рынка труда, но и сохранить фундаментальные ценности, которые социально-гуманитарное образование привносит в развитие общества. Это включает внедрение практико-ориентированных и междисциплинарных подходов, активную цифровизацию учебного процесса и повышение интереса студентов к гуманитарным дисциплинам через участие в реальных социальных проектах.

Кроме того, особое внимание должно быть уделено развитию навыков критического мышления, межкультурного диалога и гражданской ответственности, что особенно важно в условиях глобализации. Эти компетенции становятся основополагающими в подготовке специалистов, способных эффективно взаимодействовать в многонациональном мире, способствовать социальному развитию и справляться с глобальными вызовами.

Перспективы развития социально-гуманитарного образования направлены на создание более гибкой, открытой и интегрированной системы обучения, которая будет учитывать индивидуальные потребности студентов и вызовы современного общества. Таким образом, социально-гуманитарное образование продолжит играть центральную роль в формировании будущих поколений, способных не только адаптироваться к стремительно меняющемуся миру, но и активно влиять на его развитие через глубокое понимание социальных, культурных и моральных аспектов.

Литература

1. Александров В.В. Социально-гуманитарное образование в условиях глобализации: вызовы и перспективы развития / В.В. Александров. – М.: Наука, 2017.
2. Богданова, Н.А. Проблемы и тенденции развития гуманитарного образования в XXI веке / Н.А. Богданова. – СПб.: Питер, 2015.
3. Гришина Т.А. Междисциплинарный подход в современном образовании: теория и практика / Т.А. Гришина. – Казань: Казанский федеральный университет, 2019.
4. Иванов С.М. Цифровая трансформация гуманитарного образования: вызовы и возможности / С.М. Иванов. – Вестник образования. – 2020. – № 4. – С. 34-42.
5. Каримова Е.Н. Социально-гуманитарное образование и межкультурный диалог: новые подходы в обучении / Е.Н. Каримова. – Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 2018.
6. Смирнов И.В. Практико-ориентированные программы в гуманитарном образовании: зарубежный и отечественный опыт / И.В. Смирнов. – Москва: Высшая школа экономики, 2021.
7. Тихонов Д.А. Критическое мышление как цель и средство гуманитарного образования / Д.А. Тихонов // Педагогика и психология. – 2019. – № 2. – С. 55-61.
8. Фролова О.М. Современные тенденции в развитии социально-гуманитарного образования / О.М. Фролова // Образовательные реформы. – 2020. – № 1. – С. 16-23.

А.Б. Бейсеғұл

Алматы Менеджмент Университет
Республика Казахстан, г. Алматы, beissegul@gmail.com

РЕВОЛЮЦИЯ КЛИНИЧЕСКИХ ЛАБОРАТОРИЙ: ОСНОВНЫЕ СТРАТЕГИИ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ

Поскольку научные исследования развиваются быстрыми темпами, цифровая трансформация стала важнейшим фактором эффективности и инноваций в микробиологических лабораториях. Растущий спрос на микробиологические испытания в сочетании с потребностью в стандартизированных процессах и ограниченным количеством квалифицированных технологов подталкивает клинические лаборатории к внедрению полной автоматизации и автоматизированных методов во всех рабочих процессах [1]. Тенденция к объединению клинических микробиологических лабораторий является значительной и часто сопровождается интеграцией преобразующих технологий. Хотя это объединение может принести многочисленные преимущества, оно также создает проблемы, требующие тщательного планирования для обеспечения полной реализации этих преимуществ.

В своем исследовании Ванденберг и другие соавторы подчеркивают, что улучшение диагностических возможностей клинических микробиологических лабораторий зависит не только от технологического прогресса, но и от возможности совместного использования репозитория данных, образцов и коллекций штаммов, а также от сотрудничества между государственными и частными организациями. Кроме того, обеспечение быстрого академического доступа к новым диагностическим инструментам при сохранении клинической полезности имеет жизненно важное значение для цифровой трансформации микробиологических лабораторий. Клиническая полезность современных инструментов микробиологического тестирования становится все более важной, поскольку они расширяют объем, детализацию и скорость диагностических данных для каждого пациента, при этом наблюдается тенденция к тому, чтобы сделать тестирование более доступным с помощью технологий быстрой диагностики, включая тестирование в месте оказания медицинской помощи [2]. Цифровая трансформация в клинических лабораториях, обычно называемая «цифровизацией», подразумевает использование цифровых технологий для сбора данных, автоматизации рабочих процессов, обнаружения закономерностей и поддержки принятия обоснованных решений [3].

Клинические лаборатории служат важными источниками данных в экосистеме здравоохранения. Традиционно рассматриваемые как фабрики, куда подаются запросы и возвращаются отчеты с числами, лаборатории генерируют огромные объемы данных. Эти данные являются ценным активом для организаций здравоохранения, и, извлекая из них информацию, лаборатории могут перейти от простых производственных площадок к двигателям принятия решений, которые управляют действиями в сфере здравоохранения. Чтобы в полной мере использовать эту новую среду и соответствовать меняющимся ожиданиям, клинические лаборатории должны принять цифровую трансформацию [4]. Пандемия COVID-19 оказала глубокое влияние на клинические лаборатории, подчеркнув срочность и ускорив темпы цифровой трансформации. Согласно отчету Forrester, лаборатории с передовыми цифровыми возможностями более эффективно ориентируются в «новой норме». Достижение этого уровня цифровой зрелости подразумевает установление связи, реализацию сквозных рабочих процессов и внедрение передовых аналитических технологий и методов. Цифровые технологии, такие как Интернет вещей (IoT), искусственный интеллект (AI) и машинное обучение (ML), имеют решающее значение для продвижения этой трансформации. Однако внимание персонала лабораторий и ученых

должно сместиться с рутинных задач на более сложную и значимую работу. Предоставление сотрудникам возможности умело использовать новые приборы и программное обеспечение имеет жизненно важное значение для всего процесса трансформации [3, 4]. Поскольку клинические лаборатории отдают приоритет внедрению передовых технологий и цифрового здравоохранения, они не должны упускать из виду качество. Напротив, минимизация лабораторных ошибок, сокращение ненужных испытаний и решение проблем глобальной гармонизации будут иметь центральное значение для усилий специалистов лабораторий. Кроме того, планируется расширить спектр услуг клинических лабораторий, включив в него не только управление спросом на анализы, но и предоставление консультаций экспертов по интерпретации результатов лабораторных исследований [5]. Помимо этого, лабораторным специалистам необходимо будет тесно сотрудничать с экспертами по искусственному интеллекту, разрабатывая алгоритмы, которые используют огромные объемы данных, полученных в ходе различных диагностических процессов, при этом лабораторная медицина играет решающую роль в улучшении ухода за пациентами [6].

Следует отметить, что цифровая трансформация микробиологических лабораторий – это не просто тенденция, а необходимая эволюция в ответ на растущие требования и сложности современного здравоохранения. Используя автоматизацию и интегрируя передовые технологии, лаборатории могут расширить свои диагностические возможности и повысить эффективность работы. Однако для осуществления этой трансформации требуется продуманное планирование и сотрудничество между различными заинтересованными сторонами для эффективного решения проблем, связанных с консолидацией и внедрением технологий. По мере того, как лаборатории переходят к Lab 4.0, крайне важно уделять первостепенное внимание качеству услуг, используя при этом возможности больших данных и расширенной аналитики. В конечном итоге, успешное внедрение этих изменений позволит лабораторным специалистам перейти от рутинных задач к принятию осмысленных решений, тем самым играя решающую роль в улучшении ухода за пациентами и влияя на будущее оказания медицинских услуг.

Несмотря на преимущества цифровой трансформации, клинические лаборатории сталкиваются с рядом проблем, включая доступ к данным, обработку, обмен, анализ в реальном времени и визуализацию. Для решения этих проблем лабораториям необходимо оценить свои текущие процессы и изучить эффективные решения и инструменты для перепроектирования своих систем. Хотя может показаться, что цифровая трансформация — это исключительно техническая проблема, связанная с управлением информацией, на самом деле она охватывает как организационные, так и технологические изменения. Эта трансформация лежит на стыке бизнес-операций, человеческих ресурсов и управления информационными технологиями. Она требует стратегического согласования целей лаборатории и IT-инициатив, внедрения новых технологий и эффективного управления изменениями. Напротив, традиционное управление информацией сосредоточено в первую очередь на технических аспектах обслуживания и непрерывности системы. Целью цифровой трансформации является улучшение бизнес-операций или решение конкретных проблем в отрасли с использованием инновационных цифровых технологий, тогда как управление информацией сосредоточено на организации и контроле данных, собранных в ходе деловой активности, с использованием традиционных инструментов.

Клинические лаборатории предоставляют услуги, основанные на знаниях, которые включают сбор, создание, оценку и обмен информацией – элементы, которые можно рассматривать как их основной продукт [7]. Эффективность этих услуг во многом зависит от трех ключевых целей, адаптированных из принципов управления проектами: время, стоимость и качество (рис. 1). Повседневные методы управления в клинических лабораториях включают тщательное уравнивание этих элементов для достижения оптимального предоставления услуг.



Примечание: составлено на основании источника [8]

Рисунок 1 – Треугольник целей сервиса клинических лабораторий

Клиническая лабораторная практика охватывает весь процесс тестирования, который можно рассматривать как информационный цикл, что делает управление информацией жизненно важным аспектом клинического лабораторного администрирования. Для обеспечения эффективной работы руководство лаборатории должно полагаться на объективное принятие решений, основанное на данных и информации, собранных или созданных во время тестирования.

Изменяющаяся среда в здравоохранении побуждает руководителей клинических лабораторий добиваться большего, работая в условиях ограниченных ресурсов. Поскольку они стремятся оправдать ожидания заинтересованных сторон, повысить эффективность работы и улучшить качество ухода за пациентами, они также сталкиваются с растущим давлением рабочей нагрузки, затрат и проблем коммерциализации [6].

Клинические лаборатории служат важными источниками данных в секторе здравоохранения. Растущий объем данных, генерируемых каждый день, представляет значительные проблемы для руководителей лабораторий, поскольку они адаптируют свои стратегии. Как результаты для пациентов, так и данные, собранные в процессе тестирования, предоставляют ценную информацию для принятия обоснованных управленческих решений. Тем не менее, лаборатории продолжают сталкиваться с препятствиями, связанными с доступом, обработкой, обменом, анализом в реальном времени и визуализацией данных.

Развивающийся ландшафт клинических лабораторных услуг и генерируемые данные заставляют лаборатории принять цифровую трансформацию. Эту трансформацию можно определить, как процесс изменений, направленный на удовлетворение новых и неудовлетворенных потребностей отрасли путем интеграции информационных, вычислительных, коммуникационных и сетевых технологий. Цель состоит в том, чтобы сократить малоценные задачи, что позволит клиническим лабораториям сосредоточиться на высокоценных видах деятельности и лучше подготовиться к будущему медицинских услуг [7].

Таким образом, современные цели управления в клинических лабораториях направлены на повышение качества медицинской помощи, улучшение результатов лечения, обеспечение безопасности пациентов и оптимизацию затрат. Следовательно, стратегические цели цифровой трансформации в этих лабораториях включают оптимизацию и перепроектирование всего процесса тестирования путем внедрения новых цифровых инструментов. Эта стратегия разработана для повышения операционной эффективности путем обеспечения эффективного использования ресурсов. Цель состоит в том, чтобы повысить качество и ценность предоставляемых услуг, улучшить общий опыт для пациентов и улучшить результаты их здоровья. Кроме того, она стремится поощрять инновации, основанные на данных, и включать принятие решений на основе фактических данных в повседневной практике.

Предоставление медицинских услуг стремительно трансформируется из-за появления новых технологий. Традиционные процессы устаревают, что ставит поставщиков медицинских услуг перед необходимостью адаптироваться к этой меняющейся среде. Основными катализаторами цифровой трансформации в клинических лабораториях

являются требования и ожидания самой лаборатории и ее заинтересованных сторон можно подробно рассмотреть на рисунке 2.



Примечание: составлено на основании источника [9]

Рисунок 2 – Ключевые драйверы цифровой трансформации

Данный рисунок показывает основные индикаторы формирования цифровой трансформации, однако авторы также выделяют пациентов и врачей (качество и доступность информации) [9]. Тем не менее, нами выделены три ключевых драйвера из пяти. Как показано на рисунке 2, цифровая трансформация представляет множество возможностей для улучшения методов диагностики, оптимизации процессов и повышения доступа пациентов к медицинским услугам и информации, в конечном итоге обеспечивая большую ценность. Эта трансформация может происходить как на организационном, так и на региональном системном уровне. Внедрение цифровых изменений в национальную структуру здравоохранения может служить эффективной стратегией для достижения установленных целей здравоохранения по всей стране. Например, это может способствовать профилактике заболеваний, смягчить нехватку рабочей силы и способствовать общественному здравоохранению посредством эффективного управления и анализа данных о здоровье населения.

В быстро меняющемся цифровом ландшафте становится все сложнее идти в ногу с последними тенденциями и инновациями в области здравоохранения. Принимая такие тенденции, как телемедицина, носимые устройства, Интернет вещей (IoT), технология блокчейна и аналитика больших данных, организации здравоохранения могут занять выгодное положение. Этот проактивный подход позволяет им эффективно использовать передовые технологии для улучшения ухода за пациентами, что подтверждается актуальными исследованиями [10].

Одной из основных проблем в работе клинических лабораторий является эффективное управление данными, полученными в ходе процесса тестирования. Традиционные инструменты ИКТ часто не справляются с извлечением значимых идей из этих данных. Поскольку лаборатории превращаются в высокопроизводительные учреждения, ориентированные на объем, подход к управлению процессами, основанный на данных, становится необходимым для обеспечения безопасности пациентов в условиях растущей рабочей нагрузки. Повышенная рабочая нагрузка, требования к более высокому качеству обслуживания и необходимость сокращения эксплуатационных расходов заставляют специалистов лабораторий внимательно следить за рабочим процессом и данными, полученными в ходе работы. Когда данные точно вводятся и хранятся в легкодоступных форматах, их можно извлечь, чтобы получить ценную информацию для управления.

Цифровая трансформация предлагает путь к созданию структуры управления, основанной на данных, в клинических лабораториях. Однако в современных системах часто отсутствуют такие важные функции, как доступ к данным, обработка, совместное использование, а также анализ и визуализация в реальном времени. Учитывая, что управленческие решения должны основываться на анализе лабораторных данных, для эффективного управления лабораториями жизненно важно развивать мышление, ориентированное на данные.

Қарастырылып отырған лексикалық номинация әдістері – кірме сөз, сөзжасам және трек – ағылшын және орыс тілдерінің жаңа сөздерді біріктіру және жасау үшін қолданатын тәсілдерінің айтарлықтай айырмашылығын көрсетеді. Талдау әрбір тілдегі лексикалық номинацияның динамикасын қалыптастыратын тілдік және мәдени сипаттамаларға қатысты бірнеше негізгі ойларды анықтады. Бұл ерекшеліктерді талқылау жаһандану, технологиялық прогресс және мәдени бейімділіктердің ағылшын және орыс тілдерінің лексикалық жүйесіне қалай әсер ететінін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Лексикалық номинацияның ерекшеліктерін қалыптастыратын маңызды факторлардың бірі – ағылшын тілінің жаһандық тіл ретіндегі мәртебесі. Ағылшын тілі өзінің халықаралық маңызына байланысты басқа тілдерден терминдерді белсенді түрде алады және сонымен бірге көптеген басқа тілдерге, соның ішінде орыс тіліне донор болып табылады. Мысалы, Д.Кристалдың зерттеулері бойынша, ағылшын тілі бірнеше ғасырлар бойы халықаралық қатынас тілі болып табылады, ол өзінің бастапқы келбетін сақтай отырып, көптеген мәдениеттердің элементтерін бойына сіңіруге мүмкіндік береді [5]. Ағылшын тілі қарыздарды фонетикалық және морфологиялық деңгейде бейімдейді, бірақ негізін сақтайды, бұл оны инновацияларды оңай қабылдайтын «космополиттік тіл» етеді.

Орыс тілі, керісінше, көбінесе англицизмдерді жаңа терминдер ретінде ғана емес, сонымен қатар орыстілді қауымдастықпен оңай қабылдамайтын басқа мәдени ортаның элементтері ретінде де қабылдайды. Ағылшын тілінен алынған «маркетинг», «инновация» және «құрылғы» сияқты сөздер орыс тіліне кеңінен еніп кетті, бірақ оларды қолдану қажеттілігі туралы пікірталастар жалғасуда, өйткені орыстілді қоғам тілдің өзіндік ерекшелігін сақтауға тырысады. және ағылшынғандардың шамадан тыс әсерінен аулақ болыңыз [6]. Осылайша, жаһанданудың орыс тіліне әсері интеграцияға ұмтылу ретінде көрінеді, бірақ дәстүрлі тілдік нормаларды сақтауды көздейді [8].

Лексикалық номинация процесінде орыс тілінің өз болмысын сақтауға және қарызға шамадан тыс тәуелділіктен аулақ болуға ұмтылуы маңызды. Ол үшін сөзжасамдық

мүмкіндіктері бар түбірлер мен қосымшалар негізінде жаңа сөздер жасау үшін жиі қолданылады. Осылайша, ағылшын тілінде қабылданған сөздер ретінде бар көптеген терминдер орыс тілінде «travel» және «traveller» сияқты ұлттық лексикалық элементтерді пайдаланып, «жол» түбіріне негізделген немесе «software» ағылшын тілінде калька ретінде жасалған. С.С.Текучев атап өткендей, орыс тіліндегі сөзжасам тек лексикалық құрамды байытып қана қоймайды, сонымен қатар жаңа ұғымдардың тіл жүйесіне бейімделуіне мүмкіндік беріп, ұлттық лингвистикалық дәстүрдің сақталуына ықпал етеді [8].

Ағылшын тілінде, керісінше, сөзжасам қарапайым және аналитикалық. Д. Кристалл атап өткендей, ағылшын тілінде жұрнақтар мен префикстерді қосу жаңа сөздерді жылдам жасауға мүмкіндік береді, бірақ орыс тіліндегідей күрделі құрылымдар жасамайды [2]. Ағылшын тілі күрделі сөз формаларын құруға бейім емес, бірақ қысқаша және икемділікке ұмтылады, бұл терминдерді, әсіресе ғылыми-техникалық салада тез меңгеруге ыңғайлы етеді.

Орыс тіліндегі лексикалық номинацияның маңызды ерекшелігі шетел терминдерін бейімдеу үшін кальканың белсенді қолданылуы болып табылады. Трассалау семантикалық жағынан шетелдіктерге баламалы лексикалық бірліктерді жасауға мүмкіндік береді, сонымен бірге орыстілді сөйлейтіндерге көбірек таныс. Мысалы, «нарықтық экономика» (ағылшын тілінен нарықтық экономика) және «онлайн дүкен» (интернет-дүкеннен) сияқты тіркестер тікелей қарыздардың әсерін азайтуға және тілдік құрылымды сақтауға көмектесетін сәтті бақылаудың мысалдары болып табылады. В.В. Виноградовтың пікірінше, калька орыс тіліне оның грамматикалық құрылымының сәйкестігі мен тұрақтылығын сақтай отырып, шетелдік терминдерді біріктіруге мүмкіндік береді [4].

Ағылшын тілінде калька онша белсенді емес, өйткені ағылшын тілі көбінесе қарыздарды тікелей қабылдайды, оларды фонетикалық және морфологиялық жүйеге бейімдейді. Ғылым және медицина сияқты мамандандырылған салаларда калька қағаздары латын немесе грек түбірлерінен жасалады, бұл оларды халықаралық ортада пайдалануды жеңілдетеді. Дегенмен, ағылшын тіліндегі калька орыс тіліндегідей сәйкестікті сақтау функциясына ие емес, керісінше халықаралық аудитория үшін терминдердің қолжетімділігі мен түсініктілігін арттыруға бағытталған [2].

Әрбір тілдегі лексикалық номинация әдістерін таңдауға әлеуметтік және мәдени бейімділіктер айтарлықтай әсер етеді. Ағылшын тілінде сөйлейтін елдер интернационализмге және мәдени элементтерді сырттан қабылдауға көбірек бейім, бұл ағылшын тілін тікелей кірме сөз үшін ашық етеді және лексикалық құрамның «жаһандық сипатын» қалыптастырады [1]. Ағылшын тіліне кіретін қарыздар тез бейімделіп, біріктіріліп, тілдің ажырамас бөлігіне айналады.

Орыс тілшілер қауымы, керісінше, көбінесе кірме сөзді сыни тұрғыдан қабылдап, ұлттық лингвистикалық дәстүрді сақтауға ұмтылады. Бұл тәсіл шетелдік терминдерді бейімдеу үшін калька мен сөзжасамның белсенді қолданылуына ықпал етеді, кірме сөзді шектен тыс пайдалануды болдырмайды. Текучев атап көрсеткендей, тілдің өзіндік ерекшелігін сақтау орыстілді қоғамның басты мақсаттарының бірі болып табылады, бұл төл сөздік және грамматикалық құрылымдар негізінде балама іздеу қажеттілігін туғызады [3].

Лексикалық номинация әдістерін салыстырмалы талдау ағылшын және орыс тілдерінде мәдени және әлеуметтік бейімділіктермен, сондай-ақ әрбір тілдің халықаралық мәртебесімен анықталатын әртүрлі тәсілдер басым екенін көрсетеді. Ағылшын тілі жаһандық тіл болғандықтан, оның икемділігі мен халықаралық таралуын қамтамасыз ететін кірме сөзге және бейімделуге ашық. Орыс тілі, керісінше, жаңа ұғымдарды біріктіру үшін калька мен сөзжасамды белсенді қолдана отырып, өз құрылымын бейімдеуге және сақтауға ұмтылады. Бұл айырмашылықтар жаһандану мен мәдени сипаттамалардың тіл жүйесіне әсерін көрсетеді және қазіргі тілдік кеңістікте болып жатқан процестерді терең түсінуге ықпал етеді [1, 3, 4].

Осы зерттеу барысында қазіргі ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық номинация әдістері қарастырылып, олардың ерекшеліктері мен динамикасына салыстырмалы талдау жасалды. Лексикалық номинация тілдерді байытуда, олардың

қоғамдағы, мәдениет пен технологиядағы өзгерістерді көрсететін жаңа шындыққа бейімделуіне мүмкіндік беретін басты рөл атқаратыны анықталды.

Зерттеу ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық номинация әдістері табиғаты жағынан да, қолдану дәрежесі бойынша да ерекшеленетінін көрсетті. Ағылшын тілінде кірме сөз және тікелей бейімделу айтарлықтай басым, бұл оның халықаралық тіл мәртебесіне және инновацияларға ашықтығына байланысты. Д. Кристалл атап өткендей, ағылшын тілі шетелдік терминдерді кіріктіру қабілетінің арқасында жаһанданған әлемде коммуникацияның икемді және ыңғайлы құралына айналууда. Алынған сөздер, әдетте, тез сіңісіп, күнделікті сөздіктің бір бөлігіне айналады.

Керісінше, орыс тілі сөзжасам мен калькаға көбірек бейімділік көрсетеді, бұл оның бірегейлігі мен мәдени тамырын сақтауға мүмкіндік береді. Кальктар және жұрнақ пен префиксация арқылы жаңа сөздер жасау тілдік бірегейлікті сақтай отырып, халықаралық терминдерді бейімдеу құралы ретінде қызмет етеді. Бұл, С.С.Текучев атап көрсеткендей, тілдің бірегейлігін жоғалтудан сақтайды және жаңа ұғымдардың дәстүрлі лексикалық құрылымға енуін қамтамасыз етеді.

Зерттеу сонымен қатар лексикалық номинация процесіне мәдени және әлеуметтік факторлардың елеулі әсерін көрсетті. Ағылшын тілі өзінің халықаралық мәртебесіне байланысты әртүрлі мәдениеттер терминдерін қабылдау және біріктіру арқылы сипатталады, бұл оны ашық және бейімді етеді. Сонымен қатар, орыс тілінде мәдени және тілдік дәстүрлерді сақтауға деген ұмтылысты бейнелейтін кірме сөзге аса сақтықпен қарау бар. Кірме сөздің қажеттілігі мен орындылығы туралы пікірталастар жаһандану жағдайында тілді сақтаудың маңыздылығын көрсетеді.

Алынған нәтижелер лексикалық номинация саласындағы одан әрі зерттеу үшін жаңа көзқарастар ашты. Технологиялық инновациялар әкелген өзгерістер динамикасын және жаңа терминдердің таралуына әлеуметтік желілердің әсерін ескеру маңызды. Тілдік байланыстар мен бейімделуге қатысты мәселелерді талқылау қазіргі тілдік кеңістікте болып жатқан процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін болашақ зерттеулерге негіз бола алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект, машиналық аударма сияқты жаңа технологиялардың жаңа лексикалық бірліктердің қалыптасуына және олардың тілдерге бірігуіне тигізетін әсерін ескеру қажет. Бұл номинацияға жаңа көзқарастардың пайда болуына және сөзжасам мен кірме сөздің дәстүрлі әдістерінің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық номинацияны зерттеу тәсілдер мен әдістердегі айырмашылықтарға қарамастан, екі тіл де жаңа жағдайларға бейімделе отырып, дамуды жалғастыратынын көрсетеді. Лексикалық номинация қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен бірге қоғамда болып жатқан мәдени, әлеуметтік және тарихи процестердің көрінісі ретінде де қызмет етеді. Бұл процестерді түсіну ана тілінде сөйлейтіндерге де, лингвистика, білім беру және аударма саласындағы мамандарға да қазіргі әлемдегі тілмен тиімді және саналы жұмыс істеуге көмектеседі.

Ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық номинация процестері әртүрлі тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерді көрсетеді. Ағылшын тілі халықаралық мәртебеге ие бола отырып, орыс тілінің сөздік қорына, әсіресе ғылыми-техникалық терминология саласында күшті әсер етеді. Өз кезегінде, орыс тілі белсенді түрде алынғанына қарамастан, жаңа терминдерді тілдің грамматикалық және морфологиялық нормаларына сәйкес келетіндей етіп бейімдеуге және өзгертуге ұмтылады.

Осылайша, ағылшын және орыс тілдеріндегі лексикалық номинацияларды салыстыру және талдау олардың әрқайсысының мәдени және әлеуметтік контексттерін көрсететін бірегей механизмдері мен ерекшеліктері бар екенін көрсетеді.

Әдебиеттер

1. Algeo J. British or American English? A Dictionary of the English Language / J. Algeo. – Cambridge: Cambridge University Press, 2010.

2. Crystal D. English as a Global Language / D. Crystal. – Cambridge: Cambridge University Press, 2012.
3. Текучев С.С. Лексические заимствования в русском языке: проблемы и тенденции / С.С. Текучев. – Москва: Наука. – 2018.
4. Виноградов В.В. Русский язык: история и современность / В.В. Виноградов. – Санкт-Петербург: Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2006.
5. Апресян Ю.Д. Лексикология современного русского языка / Ю.Д. Апресян. – Москва: Наука, 1995.
6. Ломов В.П. Методы лексической номинации: теория и практика / В.П. Ломов. – Москва: Высшая школа, 2005.
7. Бондаренко И.В. Калькирование как способ лексической адаптации / И.В. Бондаренко // Вестник Ярославского государственного университета. – 2017. – № 3. – С. 55-63.
8. Артемова Е.В. Словообразование и заимствование в современном русском языке / Е.В. Артемова. – Новосибирск: Сибирское университетское издательство, 2019.
9. Мартынова Н.П. Лексические инновации в языке: исследование и анализ / Н.П. Мартынова. – Саратов: Саратовский государственный университет, 2021.
10. Ларина Н.Г. Словообразование и его место в языке / Н.Г. Ларина. – Москва: Флинта, 2010.

МРНТИ: 18.15.53

Г.С. Смагулова

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати
Республика Казахстан, г.Тараз, smagulova.gulnara@internet.ru

СПОСОБЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ У БУДУЩИХ ДИЗАЙНЕРОВ В ТАРАЗСКОМ УНИВЕРСИТЕТЕ ИМЕНИ ДУЛАТИ

Сегодня общество выходит на важный этап своего развития, когда можно решать принципиально новые задачи во всех сферах жизни, в том числе, и образовании. Динамизм общественных преобразований в Казахстане повлек за собой широкомасштабные процессы, которые должны осуществляться не только в комплексе, но и по многочисленным отдельным направлениям, одним из которых является воспитание культуры. За последние десятилетия в стране сделаны крупные шаги в поддержку молодежных реформ, направленных на создание эффективной инфраструктуры образования, дающей возможность не только получать качественные знания, использовать современные технологии, но и перестраивать ценностные установки и ориентиры. Для того чтобы определить подходы к решению молодежных проблем в социально значимом «разрезе», необходимо определить какие вопросы являются наиболее острыми и выработать новый механизм работы с молодым резервом. Ориентация общества на духовные ценности и нравственное поведение является одним из показателей уровня развития страны. Сегодня общество озабочено тем, что у современной молодежи материальные ценности доминируют над духовными, искажены представления о таких личностных качествах как патриотизм, гражданственность, социальная активность, культура мышления. Широкий размах приобрела ориентация молодежи на атрибуты массовой западной культуры, повлекшая снижение истинных культурных, национальных, духовных ценностей, характерных для казахстанского менталитета.

В связи с этим в настоящее время духовно-нравственное воспитание, развитие личности является важнейшей составной частью образовательной и воспитательной среды, а также одной из важнейших задач современных вузов. Это сложный и многогранный процесс, включающий педагогические, социальные и духовные аспекты. Все факторы духовно-нравственного, эстетического воспитания молодежи органично взаимодействуют между

собой и в условиях высшей школы рассматриваются как совокупность последовательных взаимодействий субъектов воспитания, направленных на формирование эстетической культуры обучающегося, реализацию его творческих возможностей. Этот процесс является развернутым во времени и включает в себя следующую последовательность: знания трансформируются в умения, на основе которых формируются навыки эстетической деятельности [1].

Таким образом, вуз предоставляет студенту возможность осознать себя добровольным участником процесса: выбирать изучаемые дисциплины, компонент по выбору, а также форму своего участия в художественно-творческой жизни академической группы, факультета, университета, проявлять интерес, реализовывать свои знания, творческие умения и навыки.

Сегодня одним из важнейших факторов целенаправленного культурного воздействия на личность является искусство, так как через него происходит восприятие эстетических ценностей. При изучении и анализе взаимосвязи искусства, культуры и эстетики возникает еще одно понятие – понятие о моде. Мода – это совокупность ценностей и вкусов, сочетание законов стилевого единства, цветовой гармонии, удовлетворение психологическим потребностям человека в новизне.

Современной молодежи очень трудно оценить эстетическую красоту того или иного объекта, поскольку само понятие эстетики в современном мире утратило свое значение, уступив место практичности и доступности. Задача современного педагога состоит в том, чтобы донести до молодого поколения, какими именно критериями следует руководствоваться для определения культурной и эстетической ценности того или иного произведения искусства [2].

В Тараском университете имени М.Х. Дулати большое внимание уделяется формированию эстетического, культурного воспитания молодежи, системному подходу к формированию эстетики, стремлению к познанию искусства, живописи, развитию художественного вкуса, понятий о моде, дизайне, эстетике, стиле. В вузе обучаются немало талантливых и одаренных студентов, и главная задача, стоящая перед профессорско-преподавательским составом – создать все условия, необходимые для раскрытия их научного потенциала, творческих возможностей, направить в нужное русло их способности и личностные качества.

На кафедре «Дизайн и индустрия моды» на протяжении многих лет активно функционируют студенческие научные кружки творческого направления: «Искусство брэнда», «Изобразительное искусство и живопись», а также Студенческий Дом Моделей «Ай-Ару», организующий деятельность студентов по различным направлениям. Особенностью участия в Студенческом Доме Моделей является единство в работе студентов, начиная от поиска творческого источника, разработки эскизов моделей, дальнейшего воплощения идеи в материале и, заканчивая музыкальным оформлением, театрализованным представлением костюма. Каждый участник коллектива имеет возможность выбрать различные области творчества: художника, модельера, конструктора, швеи, демонстратора авторских моделей. Результатом сотворчества обучающихся и педагогов являются созданные коллекции традиционных народных, стилизованных, сценических костюмов, вечерних нарядов, одежды в стилях «Прет-а-порте», «Ретро», «Авангард», «Этно», с которыми сами же студенты выступают на различных общественных мероприятиях университета, города. В течение учебного года студенты 2-4 курсов Образовательной программы 6B02111 – Дизайн моды работают над разработкой и созданием новых коллекций различных жанров. Участие будущих специалистов в процессе разработки, изготовлении коллекций способствует развитию, закреплению теоретических знаний и практических навыков создания эскизов, разработки лекал, пошива с учетом применения усовершенствованных методов технологической обработки деталей, швейных узлов, малооперационных технологий, способов конструирования, моделирования и художественной отделки различных видов одежды. Занятия в кружках способствуют также развитию творческого потенциала

обучающихся, закреплению знаний о применяемых технологических способах обработки, овладению различными видами декоративно-прикладного творчества, ориентированию в вопросах моды, стиля.

Большое внимание со стороны профессорско-преподавательского состава уделяется обучению будущих дизайнеров новым методам и технологиям применения различных принципов формообразования, стилизации и трансформации в костюме, цветовых и фактурных решений при художественной отделке, а также достижению максимального эстетического эффекта при минимальных затратах. В процессе обучения, наряду с инженерно-техническими, прививают естественно-научные знания гуманитарных дисциплин – философии, культурологи, психологии, семиотики, которые интегрируются в аспекте проектного художественного моделирования предметного мира, опирающегося на образное, художественное мышление [3].

Полученные знания и практические навыки обучающиеся применяют при проектировании новых моделей, с которыми в дальнейшем принимают активное участие на различных творческих республиканских, международных площадках: конкурсах, показах мод, выставках предметов и объектов дизайна, таких как: Республиканский фестиваль моды «Этно-fashion» (г. Астана, 2016, 2019 г.), Международный конкурс молодых дизайнеров «Мода 4.0» (РФ, г. Иваново, 2018 г.), Международный конкурс дизайнеров «Сибирский кутюрье» (РФ, г. Новосибирск, 2018г.), «Сибирская этника» (РФ, Омский государственный технический университет, 2019 г.), Международный конкурс молодых дизайнеров «Мода 4.0» (РФ, г. Иваново, 2019 г.), Международный фестиваль дизайна «Точка. RU-Сибирь» (Российский государственный университет имени А.Н. Косыгина, 2019 г.), Международный фестиваль дизайна «Красный проспект» (РФ, г. Новосибирск, 2020 г.), Международный конкурс модельеров «Гербер-фешн» (Удмуртская Республика, г. Ижевск, 2020 г.), Международный конкурс «От эскиза – к коллекции» (Республика Карелия, г. Петрозаводск, 2021 г.), Международный творческий конкурс «Мир вдохновения» (Башкирия, Стерлитамакский филиал ВГБОУ ВО «Уфимский университет науки и технологий», 2023 г.), Республиканский конкурс молодых дизайнеров «Инжу-дизайн» (РК, г. Алматы, МОК, 2023 г.), Международный конкурс молодых дарований среди студенческой и учащейся молодежи в области дизайна одежды и декоративно-прикладного искусства «Территория стиля» (Россия, ФГБОУ ВО Чебоксарский государственный педагогический университет имени И.Я. Яковлева, 2024 г.), Международный конкурс «Creative World» (РК, г. Алматы, Институт дизайна и технологии «СЫМБАТ» АГЭУ, 2024г.) и других. Кроме того, в 2018 г. студенты приняли участие в Международной Неделе моды «ASPARA-FASHIONWIK» (РК, г. Тараз).

Кроме того, наши будущие дизайнеры не только участвуют в конкурсных показах, но и сами являются организаторами различных тематических мероприятий: научно-практических конференций, круглых столов, творческих конкурсов и фестивалей мод.

Так, на базе Таразского университета имени М.Х. Дулати с целью сохранения и популяризации национальных культур, а также выявления и поддержки креативно мыслящих, талантливых молодых людей, были организованы I, II, III Международные студенческие конкурсы моды «Бабалар мұрасы» – «Наследие предков» (2016 г., 2019 г., 2022 г.), которые явились значительным событием в культурной жизни студенческой молодежи не только Казахстана, но и стран-участниц.

Фестивали стали стартовой площадкой для представления молодежью авторских коллекций костюмов, изделий декоративно-прикладного творчества. В фестивале приняли участие около 200 участников из стран СНГ.

Также в 2019, 2022 г.г. был организован I, Региональный открытый конкурс на лучший эскиз «Бабалар мұрасы» – «Наследие предков», цель которого заключалась в развитии художественных способностей будущих специалистов индустрии дизайна, повышении качества профессиональной подготовки молодежи, создании безграничного творческого пространства для одаренных художников в области моды, изобразительного искусства, а также обмену опытом между представителями образовательных учреждений.

Еще одним важным показателем в процессе обучения студентов является профессорско-преподавательский состав и отношение педагогов к своей профессии. Требования, предъявляемые к педагогам, направлены на повышение результативности их труда, трудовой активности, деловой инициативы и компетентности, использование их профессионального и творческого потенциала. Показателями качества преподавательского состава кафедры являются их высокая квалификация, компетентность, большой опыт научно-педагогической, практической деятельности, способствующие обеспечению подготовки по образовательным программам «Дизайн» и получившие образование в центральных вузах России, ближнего зарубежья. А выпускники кафедры трудятся не только в ведущих профильных учебных заведениях нашей страны и передовых предприятиях легкой промышленности Казахстана, но и составляют сегодня элиту технической интеллигенции за рубежом [4].

Таким образом, перед руководством университета ставится и успешно реализуется задача не только подготовки конкурентоспособного специалиста, обладающего высокими профессиональными знаниями, компетентностью, мобильностью, предприимчивостью, лидерскими качествами, гибким мышлением, активной жизненной позицией, но и задача формирования Личности обучающегося, способной и готовой пополнить ряды казахстанской и мировой элиты.

Литература

1. Колесникова И.А. Воспитание духовности и нравственности в эпоху глобальных перемен / И.А. Колесникова // Педагогика. – 2008. – № 9. – С. 25.
2. Смагулова Г.С. Роль молодежи в современном образовательном пространстве / Г.С. Смагулова // Сборник Материалов III Международной научно-практической конференции «GLOBALSCIENCEANDINNOVATIONS 2018: CENTRALASIA», «Бобек», г. Астана. – 2018. – том II. – С. 376-379.
3. Смагулова Г.С. Особенности формирования навыков творческого мышления у студентов специальности «Дизайн» / Г.С. Смагулова 88 Сборник Материалов научно-практической конференции «Цифровые технологии в агропромышленном комплексе», в рамках программы Президента РК Н.А. Назарбаева «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – 2018. – С.315-318.
4. Смагулова Г.С. Значение формирования нравственно-культурных ценностей у студенческой молодежи в современном вузе / Г.С. Смагулова // Сборник материалов VII Международной научно-практической конференции «Искусство – диалог культур», г. Грозный, 29-30 октября 2021 г. – Махачкала: АЛЕФ, ЧГПУ, 2021. – 556 с.

ҒТАХР: 16.01.11

Э.М. Самекбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., elmira5_66@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ІНДЕТКЕ ҚАТЫСТЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТАР

Тіл қоғамда болып жатқан барлық маңызды оқиғаларды бейнелейді, сондықтан 2020 жылы көптеген адамдардың өмірін өзгерткен COVID-19 індетінің тілде көрініс таппауы мүмкін емес. Коронавирус дәуірінің жаңа жаһандық дискурсы пайда болды, жыл сөздері ретінде әртүрлі елдерде және әртүрлі тілдерде 2020 жылы коронавирус, бетперде, локдаун, элеуметтік қашықтық және т.б. сияқты сөздер алдыңғы орынға шықты. Мақалада біз жаңа тілдік құбылыстарға – сөздік қордағы өзгерістерге (жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің пайда болуы, сирек кездесетін сөздердің жиілігінің артуы мен терминдердің жалпы лексика

санатына өтуіне) ерекше назар аударып отырып, «COVID-19 індеті кезіндегі тілдегі жаңа лексемалардың» негізгі ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама береміз.

Бір жылдан аз уақыт ішінде көптеген тілдерде «ковид-19 пандемиясы» семантикалық өрісіне жататын неологизмдердің тақырыптық тобы пайда болды.

Адам баласы «жер шарының түкпір-түкпірінде болып жатқан нәрселерді көбінесе әлемді қабылдаудың ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен құндылық қатынастар жүйесін көрсететін әлемнің ақпараттық бейнесін қалыптастырудағы лексемаларға байланысты таниды» [1]. Білімнің түрлі саласында еңбек еткен ғалымдар бұқаралық ақпарат құралдары, құндылықтар жүйесі мен мінез-құлықтың адам санасына әсері туралы көп айтады. Т. Ван Дейктің айтуынша, «адамдар өзін қоршаған әлем туралы білімін жаңартып, жаңғыртып отырса, сонда олардың білімі толығы түседі екен» [2].

Бұқаралық ақпарат құралдарының дискурсы ерекше бұқаралық сипатқа және когнитивті-аксиологиялық – концептуалды, метафоралық, бейнелі-символдық және құндылық мағыналарға ие» [1]. Оның тілі «бүгінгі таңда тілдік болмыстың негізгі нысанының бірі болып саналады. Бұқаралық коммуникация мәтіндерін талдау сөйлеушілердің лингвистикалық құзыреттілігі және белгілі бір кезеңде байқалатын әдеби тілдердің даму тенденциялары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді» [3].

Қазіргі таңда қазақ тілінің қоғамдық қызметінің артуы функционалдық стильдердің сапалы үлес-салмағына өзгеріс әкелді, жаңа жанрлық түрлердің қолданысқа енуіне ықпал етті. Дүниені дүрліктірген COVID -19 індеті бұқаралық ақпарат құралдарында өзекті тақырып болып, осы тұста ол індет туралы ақпараттарды жеткізудің басты құралына айналды. Осы тақырып аясындағы БАҚ-тың басты қызметі – індеттің таралу аймағы және статистикасы жөнінде ақпарат беру, ауру белгілері мен одан сақтанудың жолдарын көрсету, індетке қарсы қолға алынған іс-шаралар туралы, мемлекеттің халыққа берген жәрдемі, әлеуметтік қолдаулар жөнінде ақпарат беру; сондай-ақ пандемия кезінде халықты үрейге бой алдырмай, бірлесе күресу мен сабырға шақыру болды. Пандемия туралы мәтіндердегі ақпараттар осы жағдайда қоғамда туған әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани мәселелерді де нақты анықтап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, алғаш рет зерттеу нысаны болып отырған COVID-19 індетінің тілдегі көрінісі өзекті тақырып болып саналады.

COVID-19 сияқты түсініксіз вирустың пайда болуы бұқаралық ақпарат құралына лексемалармен тоғысқан жаңа сөздердің пайда болуына негіз болды. Бұл жұмыстың өзектілігі-тілдің әртүрлі формаларының ерекшеліктері және оның тарихи даму заңдылықтарын тереңірек түсіну үшін, COVID-19 індеті кезіндегі тіліміздегі жаңа лексемаларды қарастырып, оларға талдау жасау аса маңызды болмақ.

XXI ғасырдағы оба кезінде БАҚ пен ғаламтор беттерінде орын алған «лингвистикалық толқын», COVID-19 пандемиясына және әсіресе оған байланысты карантин мен оқшаулануға тән мұндай лингвопсихологиялық реакция, әрине, мақсатты зерттеуге лайық [4].

Қазіргі адамзатты шарпыған COVID-19 індетіне қатысты лексемалар барлық медиа-арналар желісі арқылы семиотикада және сыни дискурсты талдау теориясында кеңінен таралған.

Ғалым У.Эко таяуда елдегі саяси билікті қолыңа алғың келсе, тек армия мен полицияны бақылау. Ал бүгінде ел коммуникацияны басқаратын адамға тиесілі,- деген болатын [5]. Коронавирустық індеттің әсерінен әлеуметтік-мәдени жүйенің және саяси үдерістердің өзгеруі философ С. Жижектің «Пан (дем) ика! COVID-19 әлемді дүр сілкіндірді» атты жаңа кітабының зерттеу нысаны болды [6]. Ол атап өткен мәселелерге идеологиялық вирус, қазіргі қоғамның «вирустық сахарасы» және идеологиялық вирустар індеті жатады. Коронавирустық індеттің кеңінен таралуы біздің қоғамда осы уақытқа дейін ұйықтап жатқан идеологиялық вирустардың ауқымды індетін тудырды.

Әдетте, қоғамда болып жатқан маңызды өзгерістер, мысалы, әлеуметтік дағдарыс, апаттар мен соғыстар әрқашан тілде көрініс табады. COVID-19 пандемиясы бүкіл әлемде

адамдарға үлкен шығын мен жойқын әкелді, сондай-ақ, ол тілдің лингвистикалық аспектісіне де үлкен әсер етті.

Тілдің сөздік құрамының өзгеруі көбінесе қоғамдағы өзгерістермен байланысты. Бүгінгі таңда бәріміз жаһандану үдерісімен бетпе-бет келіп отырмыз. Бұл бір жағынан біздің өмірімізге оң әсерін тигізеді, мәдениетаралық және саяси байланыстар дамып, адамдардың санасы өседі. Екінші жағынан, бұл үдеріс әртүрлі елдердің ұлттық тілдеріне кері әсерін тигізді, осыған байланысты тіл өзінің даралығын, өзіндік ерекшелігін жоғалтып, көптеген калька және кірме сөздері бар тілдердің біріне айналуы мүмкін. Осы тұста апат айтып келмейді дегендей, COVID-19 індеті тілдік ортаны өзгеріссіз қалдырмады. Неологизмдер саласында күшті серпін болды. Әдетте, бұл сала ұзақ тарихи кезеңде өзгертіні белгілі.

А.Д. Пасеваның пікірі бойынша, ХХІ ғасырды лингвистер «неологизм дәуірі» деп атады [7]. Індет басталғаннан бері, неологизмдердің көптеген түрлерінің пайда болуына ақпараттық орта – ғаламтор аса маңызды рөл атқарды. Ғаламтордың құрамдас бөліктерінің бірі ретінде күн сайын әртүрлі жаңалық тасқынымен толыққан ақпараттық қорды атап өтуге болады. Тілдегі лингвистикалық өзгерістер сыртқы экстралингвистикалық факторлардың, яғни қоғамның, қоғамдық сананың дамуына байланысты факторлардан туындайды. Тіл өз ресурстарын үздіксіз толықтырады және жетілдіреді.

Ғалым Ю.М. Шемчук тілдегі неологизмдер белгілі бір уақыт аралығында «лек-легімен» пайда болады, ал басқа уақытта олар тілде қатты белсенді емес және аз мөлшерде жасалады,- деп атап көрсетті [8].

Бұл тақырыптық топтың ХХІ ғасырда пайда болған басқа көптеген неологизмдер тобынан айырмашылығы, ол басқа тілдердегі топтармен бір мезгілде және бірдей оқиғалардың әсерінен пайда болды және бұл Ресей, Финляндия, Швеция және Испания зерттеушілеріне «әлеуметтік-коммуникативті және лингвистикалық аспектідегі әлемдік деңгейдегі зерттеу проблемасының» пайда болуы туралы айтуға мүмкіндік берді (Mustajoki et al, 2020, 1369), сондай-ақ мақалаларда, мәселен, орыс, ағылшын, француз және неміс тілдері (Severskaia 2020) және орыс, ағылшын және украин тілдері (Zaiceva 2020), орыс тілінде, орыс ковиді: жаһандық пандемияның жаңа тілдік құбылыстары, белорус, поляк және неміс тілдерінде және (Miuller 2020) орыс және қытай тілдеріндегі (Savchenko and Lai 2020) коронавирустық лексика өзара салыстырылды [9-13].

2020 жылы өмірімізге індетпен қоса, жаңа сөз қолданыстарының да белең алғандығын көруге болады. Пепрник және басқалар неологизм тек лингвистикада ғана емес, өмірдің басқа салаларында да көрініс табатынын сипаттады. «Неологизм – жаңа сөз немесе сөздің мағынасы» [14].

Qaisar (2015) тілімізде жаңадан пайда болған сөздер жиырма бес жылдан аспауы керек, сонда ғана оны неологизм деп санауға болады, – деді [15].

С.В. Ильясова жаңа сөздер мен олардың мағыналарының пайда болуын «көшкін тәрізді сөз туындысы» COVID-19 коронавирустық індеті мен әсіресе, қатаң карантин кезеңіне байланысты бірқатар сөздердің жандануы, тілдің лексико-семантикалық жүйесінде болып жатқан әртүрлі тілдік үдерістер сөздік құрамды толықтыруға ерекше ықпал етті, – деп өз ойын білдіреді [16].

Кез келген жаһандық апат сияқты, COVID-19 өміріміздің барлық салаларына әсер етті: экономика, денсаулық сақтау, білім беру, адамдар арасындағы қарым-қатынас. Бүгінде коронавирустық індетті жаңа сөздердің үлкен ағынын тудырған 2008 жылғы қаржылық дағдарыспен салыстырады. Коронавирустық індетке байланысты әлем тілдері көптеген жаңа атаулармен толықты. Тілде ең алдымен, ауруды білдіретін лексикалық бірліктер алдыңғы орынға шықты. Бұл сала аса маңызды болып табылады, өйткені дәуір медико-биологиялық құбылыс – коронавирустық індетпен анықталады.

Коронавирустық індетке байланысты әлем тілдеріне жаңа атаулар енді, мысалы: «coronavirus» («коронавирус»), «covid-19» аббревиатурасы («коронавирус ауруы 2019» (ковид-19)). COVID19 аббревиатурасы қолданудың жоғары жиілігіне байланысты ағылшын тілінің Оксфорд сөздігіне енгізілді. Бұл сөз арқылы, әсіресе егде жастағы адамдар мен

иммунитеті төмен адамдар үшін қауіпті коронавирус тудырған жедел респираторлық ауру түсініледі. Егер бұл терминдердің күнделікті бейресми қарым-қатынасқа бейімделуі туралы айтатын болсақ, онда ағылшын тілінде сөйлейтін адам аурудың атауын "corona" немесе тіпті Rona/Rony түрінде қысқартуы мүмкін.

Индет кезінде бір мағынадағы коннотациялармен ерекшеленетін бірқатар терминдер қалыптасты. Ағылшын тілді елдің билігі «Stay-at-home regime» (үйде болу режимін) енгізе отырып, «self-isolation» (өзін-өзі оқшаулау), «quarantine» (карантин), «shelter-in-place» (variant «shelter-at-home») (өз мекенін паналау), (үйді паналау нұсқасы), «cocooning» (өзін-өзі оқшаулау) сияқты терминдерді қалыптастырды. «Self-quarantine» (өзін-өзі оқшаулау) сөзі XX ғасырда қолданысқа енгізілді. «Өзін-өзі оқшаулау» термині алғаш рет 1834 жылы «The Metropolitan Magazine» журналында көрініс тапты. Тілде бұл термин басқа адамдардан мәжбүрлі түрде оқшауланудан өзге, бар қауіптік жағдайларда адамның өзін-өзі оқшаулауға ерікті келісімін білдіруге қатысты да қолданылды. Осылайша, жаңа термин қарама-қарсы (оң) мағынаның дамуының нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, «stay-at-home concept» «үйде болу» терминінің мағынасын шатастыру жиі кездеседі: «stay-at-home» and «shelter-inplace» («shelter-at-home») Shelter-in-place – төтенше жағдай кезінде адамдарды эвакуациялау немесе баспана іздеудің орнына бұрыннан бос тұрған ғимараттан қауіпсіз орын табуға нұсқау беретін бұйрық мағынасында; терминді ядролық немесе лаңкестік шабуыл бола қалған жағдайда қолдану үшін 1976 жылы енгізді. Термин теріс мағынаға ие болғандықтан, билік бастапқыда оны қолданғысы келмеді. Алайда, коронавирус жұқтырғандар мен қайтыс болғандардың санын ескере отырып, бұл термин қайта қолданыла бастады. Сондықтан «stay-at-home», «shelter-in-place» және «self-isolation» «үйде болу», «баспанада қалу» және «өзін-өзі оқшаулау сияқты терминдер жалпы қолданысқа ие болуы себепті, бұл олардың мағыналарының араласуына әкелді. Ағылшын тілінде «quarantine» (карантин), «selfquarantine», «self-isolation» (өзін-өзі оқшаулау) терминдері жиі бір-бірін алмастырғандықтан, бұл сөздер өз орнында дұрыс қолданылмады.

Жаңа ауруға бірден атау берілмеді, өйткені жаңа ауру тек дәрігерлердің ғана ісі болмай, саяси және экономикалық оқиғаға айналды. Сонымен қатар, аурудың әртүрлі таралу ағымының ауырлық дәрежесін, сондай-ақ емдеу әдістерін сипаттау үшін мүмкіндігінше оны тезірек атау талап етілді. Бұл атау аурулардың халықаралық классификациясында бекітіліп, мамандардың оған қарсы күресуін жеңілдеткен. Оның 2019-nCoV – алғашқы атауы ағылшынша Novel Coronavirus Pneumonia (коронавирустың жаңа түрінен туындаған пневмония). Аурудың айтылымының қолайсыздығы жаңа атауды іздеуге мәжбүр етті және бұған дейін Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымымен, сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымымен бірлесіп әзірленген ұсыныстарына сәйкес, 2020 жылдың 11 ақпанында Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) бұл ауруға COVID-19 атауын беру туралы жариялады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) бұл ауруды COVID-19 деп атады, бұл коронавирустық ауруды білдіреді, 19 саны – аурудың алғашқы тіркелген жылы: Демек, осыдан былай «COVID-19 деп аталды.

Merriam-Webster ағылшын тілінің сөздігінде COVID-19-ға анықтама беріліп, сөздік мақаланың соңында оны «коронавирус, коронавирус ауруы 2019» деп атап көрсетеді [17]. Ауру мен оның қоздырғыштары өз атауына бір мезгілде ие болды. Алайда, егер COVID-19 мүлдем жаңа сөз болса, онда SARS-CoV – 2-Severe Acute Respiratory Syndrome CoronaVirus-2 аббревиатурасы (ауыр жедел респираторлық коронавирусы-2 синдромы) 2003 жылы Қытайда ауыр жедел респираторлық аурудың өршуіне себеп болған бұрыннан белгілі SARS-CoV вирусына генетикалық ұқсастықты көрсетеді.

Экстралингвистикалық себептермен өмірге келген жаңа аббревиатура номинативті қызмет атқарады; ол парадигматикалық және синтагматикалық жүйеге енеді. Вирус қоздырғышының танылуы мен жаңалығы, инфекция атауының, яғни, жаңа лексеманың семантикалық белгісіздігі оның лексикалық-синтаксистік үйлесімділігінде, нәтижесінде жаңа

атауларды қатар қолдану, мәселен, ауыру/вируспен ауыру – ауыру/ COVID ауыруы; вирустың эпидемиясы (пандемия) – COVID эпидемиясы (пандемия).

Сондай-ақ, «covid» және «coronavirus» атаулары жиі кездеседі. Ауызекі тілде және ғаламтор желісінде бұл номинацияларға «corona», «c-word» қосылды. «Corona» сөзі – «coronavirus» және «c-word» сөздерінің қысқартылған түрі. Аурудың таралуы оның ауқымды қолданылу аясын кеңейтіп қана қоймай, сонымен қатар, жаңа формаларды қабылдай отырып, ауызекі сөйлеуде де кеңінен қолданыс тапты.

Дискурсивті талдау барысында біз келесі тұжырымдамаларға келдік:

1. Ковид ауру ретінде.
2. Пандемия кезеңі.
3. Коронавирустық пандемиямен күресу шаралары.
4. Коронавирусты анықтау және емдеу және алдын алу шаралары.
5. Пандемияның салдары.
6. Адамдар қабылдайтын қауіпсіздік шаралары.
7. Жеке қорғаныс және дезинфекция құралдары.
8. Адамдар.
9. Қоғамдық көңіл-күй.
10. Адамдардың әрекеттері.

Материал және әдістер

Жұмыста кешенді талдау әдісі (материалды таңдау, жіктеу және сипаттау) және әлеуметтік-коммуникативті, ақпарат-танымдық, жүйелік сияқты зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Тілде пайда болған сөздердің барлығы оның ішкі дамуынан пайда болмайды, кейбірі қоғамдық даму барысында пайда болған жаңа ұғымдарды белгілеу, яғни, атау қажеттілігінен туады. Кейбір сөздердің бір мағынадан екінші мағынаға ауысуы, қоғам өмірінің түрлі саласында кейбір сөздердің бір ғана мағынада, кейбір сөздердің түрлі мағынада қолданылуы т.б. осындай құбылыстар тек тілдің ішкі құрылымдық байланысына ғана тән емес, қоғамдық практикаға да байланысты, яғни лексикалық даму заңдылықтары лингвистикалық тұрғыдан да, әлеуметтік тұрғыдан да қарастырылады.

Басқа еуропалық тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де коронавирустық кезең дискурсының негізі ғылымда, медициналық терминология, сондай-ақ, бұрын қолданылу аясы тар болған медициналық жаргон қазір бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламторда және ауызекі сөйлеу тілінде жаппай талқыланатын лексикаға айналды. Ең алдымен, бұл аурудың атаулары – коронавирус (корона) және ковид.

Коронавирус сөзі жаңа емес, медициналық термин ретінде ол орыс тілінде елу жылдан астам уақыт бар, он жылдан астам уақыт бойы бұл сөз («медициналық термин») ретінде орыс емле сөздіктері мен шетелдік сөздіктерге енгізілді, бірақ қарапайым қатардағы сөйлеушілер оны өткен жылы ғана таныды. Бір қызығы, індет басталғанда, көктемде бұқаралық ақпарат құралдарында және ауызекі сөйлеу тілінде коронавирус сөзі әлдеқайда кең таралған болатын, ал латын тілінде жазылған COVID-19 аббревиатурасы, әдетте, ресми немесе танымал медициналық мәтіндерде кездеседі (Shmeleva 2020). Мәселен, мына мақалалардың тақырыптарын қараңыз: «біздің бүкіл отбасымыз коронавируспен қалай ауырды» (20.06.2020); «Арақ шынымен де коронавируска көмектеседі ме?» (29.12.2020) т.б.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған коронавирустық пандемиядан кейін *пандемия* сөзінің жиілігі айтарлықтай өсті, эпидемия сөзімен салыстырғанда, бұл сөз бұрын ауызекі сөйлеуде ешқашан қолданылмаған еді. Жалпы қолданысқа штамм, антидене және тіпті жұқпалы, қанықтылық (қанның оттегімен қанығуы), пульсоксиметр (қанықтылықты өлшейтін құрылғы) және *ИВЛ* (өкпенің жасанды желдету құрылғысы) аббревиатурасы сияқты арнайы медициналық терминдер жиі қолданыла бастады. Коронавируска жаппай тестілеуге байланысты тағы бір аббревиатура қолданысқа енгізілді- ПЦР (ковид сынағының атауы, «неліктен вакцинациядан кейін пцр оң?») (18.2.2021).

Сонымен қатар, бұл аббревиатура кеңінен қолданыла бастағанымен, оның «полимеразалық тізбекті реакция» дегенді білдіретінін адамдар аз біледі. Пандемия кезінде медициналық терминдерден басқа, симптомсыздар (симптомсыз науқастар) және байланыста болғандар (ауру адамдармен байланыста болғандар) сияқты медициналық жаргон сөздер де кең таралған.

Дүниежүзі бойынша өте белсенді түрде жиі қолданылатын сөздердің легін *коронавирус*, «COVID-19», *карантин* сөздері алады екен. Ковид коронавирусқа қарағанда қысқа және айтылуы оңай сөз болғандықтан, оның ауызекі сөйлеуде және ғаламторда жиі кездесетін сөзге айналуға барлық мүмкіндігі бар.

Бұл тақырыпты баспасөз беттері арқылы тарқатып айтатын болсақ, төмендегідей сөздер мен сөз тіркестерінің өте жиі кездесетініне көз жеткізіп отырмыз. Мысалы: *коронавирус*, *ковид*, *вирус* («*сovid-19*» – респираторлық инфекция, ал «*коронавирус*» – бұл инфекцияның қоздырғышы), *корона*, *локдаун*, *індет*, *эпидемия*, *супер тест*, *маска* т.б. Бұл лексемалардың барлығы тура мағынада тек медицинаға қатысты мақалаларда қолданылады, өзге контексте олар көптеген қосымша коннотацияларға ие болады.

Кейбір тіркестер себеп-салдарлық байланыстарға негізделген, мысалы: «*коронавирусқа байланысты (кәсіпорынның) жабылу*», «*ковидке байланысты апат*», «*COVID-19 – салдарынан оқшаулау режимі*», «*COVID-19 салдарынан болған апат*», *H1N1 індетіне тигізген ықпал*», «*COVID-19 салдарынан қайтыс болғандар*», «*COVID-19-ға байланысты шектеулер*», *коронавирусқа байланысты демалыс* т.б. Сондай-ақ, «*нәтижесінде*», «*негізінен*», «*себепті*», «*арқасында*», «*салдары*» лексемалары да белгілі бір істің себебін анықтауға қолданылған. Мысалы: *COVID-19 індетінің салдары ауыр болды: денсаулық сақтау жүйесінің барлық субъектісінің қызметін түбегейлі қайта құру қажеттігі анық білінді* (Ruggieri et al., 2020).

Сонымен қатар, «*коронавирусқа қатысты жағдай*», «*коронавирус инфекциясының індеті*», «*вирустық фабрикалар*», «*коронавирус туралы қысқаша ақпарат*», «*коронавирус туралы қысқаша мәлімет*», «*COVID-19 науқастарына арналған аурухана*», «*COVID-19 туралы деректер*», «*COVID-19 туралы жаңалықтар*», «*COVID-19 жөніндегі комитет*», «*вирустан оқшауланған науқастар*», «*COVID-19-дың емделушілері*», «*COVID-19 жедел жұмыс тобы*», *COVID-19 палаталары*, «*COVID-19-дың ыстық нүктесі*», «*вирустың шегі*», «*корона күндері*», «*вирус-мутант*», «*карантин кезіндегі ахуал*», «*сөзшең вирус*», «*коронавирус туралы заң*» тіркесімдерін жаңа реалиилер қатарына қосуға болады.

«*Коронавирус*» және «*ковид-19*» лексемалары жаңа сөздердің пайда болуына «*қолайлы*» негіз болды. Неологизмдердің ішінде келесі зат есімдерді бөліп көрсетуге болады: *коронавирус* – латынның *crowns* (тәж) немесе *halos* (шеңбер) деген сөздерінен пайда болған атау; *коронаномия* – пандемия кезіндегі ерекше экономикалық жүйе; *ковидник* – *коронавирус жұқтырған адам*; *ковид-бумерлер* – *коронавирустық індет кезінде туған балалар*; *ковидео* – *пандемия кезінде зерігуден құтылуға көмектесетін бейне- ойын*; *ковидео кеші* – *ZOOM, Skype, Google meet және басқа бағдарламалар арқылы онлайн кездесу*; *коронафобия* – *коронавирус инфекциясы әсерінен халық арасында үрей тудыру*; «*инфодемия*» деген сөз «*эпидемия кезінде сенімді әрі сенімсіз ақпараттың көп жарияланып, пандемия туралы дұрыс мәлімет табуды қиындату*»; *вирус* – *SARS – CoV – 2* *коронавирусы*, *COVID-19* *коронавирустық инфекциясы*; *карантим* – (*quarantine + team*) *сіз карантин кезінде бірге тұратын немесе бірге жұмыс істейтін команда*; *коронотикон* – *контактілерді іздеуге арналған қосымшалар, контактілерді іздеу*; *корона-сөз* – *пандемия туралы жаңалықтарды ұсыну мүмкіндігі*; «*корона-басшы*» *коронавируспен күресті бақылайтын көшбасшы*; *локдаун* – *бұғаттау, қамау*, «*қатаң әрі күшпен орнатылған изоляция*».

«*Коронавирус*» және «*ковид-19*» лексемасының құрамында төмендегідей етістіктер жиі қолданылады: «*әсер ету*» (*Вирус Еуропаның ең көне тұрғындарына әсер етті*), «*жою*» (*вирус әлемдік нарықтың құнын 23 трлн долларға жойды*), «*өзгеріске ұшырау*» (*вирус салдарынан адамдардың өзгеріске ұшырауы*), «*зиян келтіру*» (*Covid-19 экономикаға зиян келтірді*). Мұндағы барлық етістіктер «*қатыгез, жойқын әрекетті*» білдіреді.

Сондай-ақ аталған құрамдағы жаңа лексемалы сөздер – ған формалы есімшелі сөздермен де тіркесіп келеді: «коронавирусқа ұшыраған» (індет), «вируспен күрескен» (фирма), «COVID жұқтырған» (нарық), «ковидке негізделген» (дерек), «коронавирусқа шалдыққан» (фирма), «коронавирусқа әсер еткен» (нәтиже), «коронавирустан зардап шеккен» (орын).

Қашықтықтағы сабақтар мен жиналыстардың көпшілігі зум (zoom) бағдарламасында жүзеге асырылды, бұл осы түбірден тұратын бірқатар туынды сөздердің пайда болуына әкелді: зумдау, зумер, зуммен кездесу, зуминар.

Жаңа сөздерден басқа, коронавирус сөздігінде бірнеше сөз тіркестері бар: әлеуметтік қашықтық, 65 жастан асқан адамдар (өзін-өзі оқшаулау кезінде ең қатаң шектеулер басталған жас – дәрігерге барудан басқа үйден шығуға тыйым салу, жұмыс орнында болуды талап ететін жұмысқа тыйым салу), нөлдік науқас (кез келген инфекцияны бірінші жұқтырған адам), қызыл аймақ коронавируспен және дәрігерлер арнайы қорғаныс костюмдері мен маскаларында жұмыс істейтін жер, (аурухананың науқастар жатқан арнайы жабық бөлігі), контактісіз жеткізу (сатып алу, онлайн төленетін тауарларды жеткізу, ал курьер жөнелтімді клиент таңдаған пәтердің немесе үйдің есігіне дейін жеткізу) және т.б.

Тілдік бағалауды зерттеу адамның танымдық әрекеті тілде көрініс табады деп болжауға мүмкіндік береді. Сөздерді, атап айтқанда, адамның іс-әрекеті және таным субъектісінің танылған шындыққа қатынасы; осылайша, бағалау компоненті сөз мағынасының міндетті семантикалық компоненті ретінде әрекет етеді» [18].

COVID-19-дың өмірдің әртүрлі салаларына әсері жиі байқалады. Бұл жерде оның теріс әсері жайлы айтылып отыр. Оны мына тіркестерден айқын көруге болады, мұнда бірінші компоненттер ортақ нәтижеге ие болады, мысалы: «коронавирустың бизнеске әсері», «вирустың нақты уақыттағы экономикалық салдары», «вирустың мемлекеттік қызметке соққысы», «ковид шығындары», «сovid-19-дың геосаяси салдары», «сovid-19-дың климат үшін нәтижесі». Алайда, кейдебір сөйлемдерде оның «теріс әсер ету» мазмұнындағы қолданыстарды да атап өтуге болады: «Үйлену тойын жасасаңыз, қамалуыңыз мүмкін» (Tengrinews, 2020). «Той жасағаны үшін айыппұл салды (sputnik.kz, 2020), «Той жасағаны үшін қамалды» (tengrinews.kz, 2020) деген тақырыптар медиа платформасы контентінде жиі қолданылып, мұндай жаңалықтардың Instagram желісінде тез таралғаны байқалды [19]. Тағы бір мысал. «Жұлдыздарға айыппұл төлеу түк те емес», «41 мың теңге төлеп, той өткізуге болады екен», «Байларға заң жоқ» деген сияқты жағымсыз пікірлер кездеседі. Мұндай ашу-ызаны халықтың көбі өз жиын-тойын кейінге қалдыруға мәжбүр болғанымен түсіндіруге болады, себебі тойды жасырын жасау пандемияның және заң шектеулері тұрғысынан да қауіпті еді [19].

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарында «жағымды әсер» мазмұнындағы халықты сабырға шақыру, сендіру, қолдау, бірлікке шақыру, рух беру, үндеу тәрізді сөздер де көптеп кездеседі: Бұл – уақытша қиындық. Біз мұны міндетті түрде жеңеміз!; Еш мойымаңыздар! ...Ең бастысы, шыдамдылық, төзімділік және жауапкершілік танытайық; Біз – рухы асқақ, бірлігі бекем, еңсесі биік халықпыз. Сондықтан бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, қиындықты еңсереміз деп сенемін! Біз біргеміз!

Метафора қоршаған әлемді тану қызметін атқарады, өйткені метафора тіл қызметінің барлық салаларында, сонымен қатар, мифологемаларда, архетиптерде және т.б. ұлттық ерекшелікте көрінеді [20].

«Covid-19» бейнесінің мағынасы көбінесе қауіпті, қорқынышты білдіретін өрнектермен сипатталады: «індет өршіткен қаржылық қауіп», «сovid-19 қауіпі», «қауіпті уақыт», «вирустық қорқыныш», «экономикалық құлдырау».

«Covid-19-ға қатысты лексема теріс коннотацияға ие, атап айтқанда, кісі өлтіруші, жау, ата жау, жағымсыз жарылыс, үлкен қауіп, денсаулыққа қатысты төтенше жағдай ретінде қарастырылады.

«Covid-19» дың тура мағынасында жұмсалатын «ауру» лексемасы әртүрлі метафораларға негіз болды: «коронавирус кеселі», «инфекциялық энтузиазм», «коронавирус індеті», «індетпен күрес», «сovid-тен кейінгі жалғыздық эпидемиясы». Сондай-ақ, індетті бастан кешірген көптеген науқастардың ауыр жағдайы экспрессивті теңеулер арқылы сипатталады: «ет тартқыштан өткендей», «Covid-19-ды өрттей тарату», «дене өрт шарпығандай болу». Сонымен қатар, COVID-19-ға байланысты метафораларға негізделген бірқатар терминдер пайда болды. Мысалы: «cocooning» «кокон». Жәндіктер өздерін қорғау үшін, жібек жіптерден жасайтын «кокон» мен «cocooning» – бұл шектеу шараларын енгізу арқылы үйде көбірек уақыт өткізу мағыналарын салыстыруға негізделген. «Өзін-өзі оқшаулау» (self-isolation) термині сияқты, «кокон» (cocooning) сөзі де мағыналық өзгеріске ұшырады және қазіргі уақытта бұл термин «үкіметтің қауіпті аурудың таралуымен күресу үшін, халық үшін шектеу шараларының кешенін белгілі бір мерзімге енгізу» мағынасында қолданылады. Ауру белгілерін сипаттау үшін эпитеттер де қолданылады: айлакер, қу, көп қырлы.

Коронавирустық пандемия, идеологиялық және экономикалық айырмашылықтарға қарамастан, адамдар белгілі бір жағдайға тап болған кезде, олар ұқсас мінез-құлыққа ие болады. Сондықтан біз «covidiot» (COVID +idiot) сияқты қолданыстарды кездестіре аламыз: 1) індеттен үрейленіп, дәретхана қағазын көп мөлшерде сатып алу сияқты абсурдтық әрекеттерді жасайтын адам; 2) пандемия кезінде дәрігерлердің ұсынымдарын қасақана орындамаған адам: қолын залалсыздандырмайды, әлеуметтік қашықтықты сақтамайды және т.б. Сондай-ақ, мына тәрізді лексикалық бірліктер де кездеседі:

a) «coronaed» (when someone gets infected with COVID-19 – біреу COVID-19 жұқтырған кезде);

b) «coronic» (a person who has contracted coronavirus – бұл коронавирусты жұқтырған адам;

c) «covidivorce» (Covid-19+divorce): пандемия жағдайында ұзақ уақыт жабық кеңістікте болуына байланысты қарым-қатынастың үзілуі;

d) «covexit» (Covid-19+exit) – өзін-өзі оқшаулаудан шығу стратегиясы;

д) «коронаалды»: COVID-19-ға байланысты «Үйдегі карантин» тәжірибесі кезінде туған нәрестелер.

Коронавирустық пандемия, бұл шынымен де, туыс, дос, көршілеріміз бен бейтаныс адамдарды аман алып қалу немесе құтқару үшін өз еркімізбен әрекет етуді талап ететін өте қиын жағдай екенін дәлелдеді.

COVID-19 жаңа мыңжылдықтың жаһандық апатының барлық ерекшеліктерін көрсетті. Бүкіл әлемде тез таралудан және алдын алу мен емдеудің күрделі әдістерінен басқа, COVID-19 бұқаралық ақпарат құралдарындағы даулы рөлімен де сипатталады. Бір жағынан, БАҚ адамдарды кез келген көптеген ақпараттармен тез хабардар етсе, екінші жағынан, ғаламтордағы расталмаған ақпараттың үлкен көлемі жалған ақпаратқа әкеледі. Covid-19-ға қатысты неологизмдер:

1. Бұрын сөздік құрамда бар, бірақ қазір маңызды, белсенді қызмет атқарған сөздер: маска, изолятор, жұкпалы т.б.;

2. Тілде белсенді қызмет еткен сөздердің тіркесімдері: жеңіл форма, үшінші толқын, қызыл аймақ, нөлдік пациент, вирусқа қарсы режим, маска-қолғап режимі;

3. Контаминациямен екі толық мағыналы лексеманың бірігуінен пайда болған неологизмдер: коронагеддон, путикулдер, карантье, инфодемия;

4. Бірінші компоненті корона, ковид, карантин сөздерімен бірігуден пайда болған неологизмдер: коронапандемия, коронамания, коронапсихоз, коронафрения, коронафобия, ковид-карантин, ковид-дискотека, ковид-пневмония;

5. Коронавирус дәуірінде пайда болған вирусты немесе реалииді атайтын жансыз зат есімдер (кавидарий, дистанционка, удаленка, ковидник);

6. Етістіктер (коронавирустау, зумдау);

7. Аббревиация: СИЗ, SARS-CoV-2, SARS.

Мақала індеттік медиа дискурстың лексикалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Қоғамдағы және оның тіліндегі өзгерістерді бақылау, тілдің неологиясында болып жатқан жалпы тілдік тенденцияларды, семантикалық және сөзжасамдық үдерістерді қадағалау үшін база ретінде интернет-басылымдары мен БАҚ материалдары алынды. Қазіргі заманғы лингвистика тұрғысынан БАҚ дискурсын талдаудың дәстүрлі және жаңа әдістерін кешенді түрде зерттеу ең өзекті мәселе болып табылады

Осылайша, коронавирустық індеттегі өмір тілдің әлеуметтік құрылымындағы барлық өзгерістерге, оларды тудырған себептерге қарамастан, өте сезімтал екенін сан мәрте растады. Тіл үнемі сөйлеушілер өмір сүретін контекстке бейімделеді. Жаңа шындықты суреттеу үшін жаңа сөздік қорды қажет етеді.

Зерттеу нәтижесінде коронавирустық пандемияға қатысты жиі қолданылатын лексемалар анықталып, макро және микроконтекстерді ескере отырып, аса маңызды түйінді сөздердің контекстік-семантикалық талдауы ұсынылды. Лингвистикалық инновация үдерісі лингвистер мен лексикографтардың назарын өзіне аударды: көптеген тілдерде осы тілдік құбылыстарға арналған ең үлкен сөздіктер мен COVID-19 тіліне арналған арнайы бөлімдер жарық көрді. COVID-19 пандемиясы кезінде екі немесе одан да көп түбірден (негіздерден) тұратын лексемалардың айтарлықтай саны пайда болды.

Қорытындылай келе, біз алға қойған мақсатымыза жеттік, сондай-ақ, зерттеу барысында алға қойған барлық міндеттер шешілді:

1. Зерттеудің теориялық әдіснамалық базасын құрайтын ғылыми әдебиеттер зерттелді.
2. «Коронавирустық пандемия» құрамын бейнелейтін лексика саласындағы жаңа сөздердің өзекті мәселелері анықталды.
3. Коронавирус дәуіріндегі жаңа сөздердің пайда болуы қоғамның әртүрлі салаларындағы өзгерістердің жарқын көрінісі екендігі дәлелденді.
4. Аталмыш лингвистикалық зерттеуді жүргізу барысында семантикалық талдау, салыстырмалы талдау, прагматикалық талдау, стилистикалық талдау және тілдің коронавирустық корпусына лексикалық бірліктерді жіктеу қолданылды.

Зерттеу барысында біз келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік лингвист ғалымдардың еңбектерінде келтірілген медиадискурс, когнитивтік лингвистика, неология саласындағы зерттеулер құрады.

Зерттеу барысында «коронавирустық пандемия» лексемасын құрайтын мысалдарға және коронавирустық дискурстың әртүрлі топтық категорияларының бір біріне қатынасы бойынша талдау жүргізілді. Жұмыста тілді белсенді түрде толықтырған COVID-19 лексикасы толығырақ сипатталды. Біздің зерттеулеріміз бойынша олардың көпшілігін неологизмдер құрады. Неологизациялау үдерістері тұрғысынан біз сөзжасамның ең өзекті модельдерін анықтадық, Сөзжасамның әртүрлі үдерістерін талдағаннан кейін, коронавируспен байланысты жаңа сөздердің әлем тілдерінде қалай көрініс тапқанына куә болдық, жаңа сөздердің тілдің өзгеруі мен дамуының көрінісі екеніне көз жеткіздік.

Әдебиеттер

1. Абрамова Е.С. Массмедийный дискурс: сущность и особенности / Е.С. Абрамова // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2014. – № 12(42), ч. 1. – С. 17-19.
2. Гречихин М.В. Современный русский медиадискурс: язык интолерантности / М.В. Гречихин // Журнал фундаментальных и прикладных исследований. – 2008. – № 2(26). – С. 26-29.
3. Чудинов А.П. Когнитивно-дискурсивное исследование метафоры в текстах СМИ / А.П. Чудинов // Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. – М. : Изд-во МГУ, 2004. – С. 175-197.
4. Словарь русского языка коронавирусной эпохи. – СПб.: Ин-т лингвистических исследований РАН, 2021. – 550 с.
5. Eco U. Towards a Semiological Guerrilla Warfare / U. Eco // Travels in Hyperreality, trans. by

- William Weaver. London: Pan Books. – 1986. – P. 135-144.
6. Žižek S. Pandemic!: COVID-19 Shakes the World / S. Žižek // New York: Polity press. – 2020. – 140 p.
7. Пасева А.Д. Неологизмы, их типы и пути формирования в современном русском языке / Ю.М. Шемчук // Таврический научный обозреватель. – 2016. – № 1-3(6). – С. 213-215.
- 8 Шемчук Ю.М. Переименование как особое лингвистическое явление неологии / Ю.М. Шемчук // Rhema. Рема. – 2010. – № 1. – С. 76-82.
9. Covid-19: A Disaster in the Linguistic Dimension of Different Countries / A. Mustajoki et al // Quaestio Rossica. – 2020. – № 4. – P. 69-90.
10. Severskaia O.I. Universal'noe i natsional'no-spetsificheskoe v koronavirusnoi leksike / O.I. Severskaia // Communication studies 7. – 2020. – № 4. – P. 887-906. DOI: 10.24147/2413-6182.2020.
11. Zaitseva I.P. «Koronapsikhoz», «koronaskeptiki», «covidism», «covidophobia» i drugie sotsiolingvisticheskie markery 2020 g / I.P. Zaitseva // Communication Studies 7. – 2020. – № 4. P. 801. DOI: 10.24147/2413-6182.2020.7(4).801–13.
12. Miuller A. Ob otrazhenii pandemii v raznokul'turnykh lingvisticheskikh landshaftakh (na primere elementov publichnogo prostranstva Minska, Niurnberga i Varshavy) / A. Miuller // Communication studies 7. – 2020. – № 4. – P. 846-64. DOI: 10.24147/2413-6182.2020.7(4).
13. Savchenko A.V. «Koronavirusnye neologizmy»: ot leksiki i frazeologii k internet-memam (na materiale russkogo i kitaiskogo iazykov) / A.V. Savchenko, I. Tszun' Lai // Communication studies 7. – 2020. – № 4. DOI: 10.24147/2413-6182.2020.
14. Peprnik J. English lexicology. Olomouc: Univerzita palackeho v olomouci, 2006.
15. Qaisar K. The diary of a social butterfly / K. Qaisar // European Academic Research. – 2015. – Vol. II.
16. Ильясова С.В. Феномен лавинообразного словотворчества (на материале современных СМИ) / С.В. Ильясова // В кн.: Актуальные проблемы современного словообразования. – 2011. – Вып. 4: Кемерово: «Офсет». – С. 539-542.
17. Алиаскарова Г.Ф. Сравнительный анализ неологизмов в современном русском и немецком языках / Г.Ф. Алиаскарова // Саратов: Вестник СГТУ. – 2007. – № 4. – С. 226-231.
18. Katermina V.V. Nominacii cheloveka: nacional'no-kul'turnyj aspekt (na materiale russkogo i anglijskogo yazykov). – M. : Flinta, 2016. – 224 s.
19. Қазақстан және Covid-19: Медиа, мәдениет, саясат. – Алматы: «DELUXE Printery» баспасы, 2021. – 365 б.
20. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании картины мира / В.Н. Телия // Роль человеческого фактора в языке: язык и картина мира. – М. : Наука, 1988. – С. 173-204.

IRSTI: 12.01.21

M. Sarybay, F. Satybaldiyeva, G. Yessenbekova, I. Altekova, N. Zhumangaliyeva
Kazakh National Academy of Arts Temirbek Zhurgenov
Almaty, Kazakhstan, madinasarybay@gmail.com

OPTIMIZING PLAY: HOW DATA SCIENCE IS REVOLUTIONIZING GAME DESIGN

Introduction

In the world of video games, creating a hit game is both an art and a science. Today, data science is fundamentally changing the landscape of game design, enabling developers to optimize the gaming experience, retain players, and create content that resonates with audiences. By leveraging data analytics, machine learning, and artificial intelligence (AI), game developers can better understand player behavior, improve game mechanics, and create immersive worlds that keep

players engaged. Here's how data science is revolutionizing game design and shaping the future of interactive entertainment.

1. Data-Driven Design Decisions

Game design was once primarily driven by intuition, creativity, and extensive testing. While these elements remain critical, data now plays a central role in shaping every aspect of game development. Using telemetry data – data collected from player actions within the game – designers can analyze how players interact with various game elements. For example, they can see where players spend the most time, what quests or challenges they find frustrating, and where they disengage from the game entirely.

Analyzing this data allows developers to:

- **Adjust Game Difficulty:** If a high percentage of players quit at a specific level or boss fight, data analysts can alert designers, who can then tweak the challenge to keep players engaged.
- **Refine Game Mechanics:** By studying player interactions, designers can identify which mechanics feel smooth and which may need adjustments, enhancing gameplay flow and enjoyment.
- **Personalize Player Experiences:** Data science enables designers to personalize experiences based on player behavior, delivering content tailored to specific play styles.

2. Enhancing Player Retention Through Predictive Analytics

Player retention is a key metric in game success, especially for free-to-play games that rely on long-term engagement. Using predictive analytics, data scientists can identify patterns that signal when players are likely to stop playing, known as churn. By identifying at-risk players, developers can intervene with targeted strategies to re-engage them.

For example, if a player has a habit of logging in daily but suddenly shows a decrease in playtime, the system might trigger a special in-game reward or notification to remind them of upcoming challenges or events. Additionally, predictive analytics can help tailor marketing campaigns to attract players who are more likely to enjoy the game's unique features, increasing initial engagement and retention.

3. Improving In-Game Monetization with Data Insights

In-game purchases are a major revenue source for many games, especially mobile and online games. Data science can help identify the best times to prompt in-game purchases without disrupting the player's experience. By analyzing spending patterns, data scientists can predict which players are likely to make purchases and which incentives are most effective in encouraging microtransactions.

The insights gained from data can help developers implement a balanced and fair approach to monetization, ensuring that players feel the spending opportunities are a natural part of the game rather than an interruption. This balance maintains a positive player experience while optimizing revenue.

4. Leveraging Machine Learning for Dynamic Content Generation

Machine learning has opened doors to creating procedural content – dynamic content that adjusts based on player behavior. By training algorithms on large data sets from players, game developers can enable games to adapt to each player's preferences and skill levels.

For example, in a procedurally generated game, levels can be built and adjusted based on how a player approaches challenges, making the experience unique to each player. These systems can also analyze a player's decision-making style to offer personalized challenges or rewards. Machine learning algorithms can make these adaptations in real-time, keeping players engaged by constantly offering fresh and tailored content.

5. AI-Powered Non-Player Characters (NPCs)

The integration of AI-driven NPCs adds an unprecedented level of realism to modern games. NPCs that learn from and adapt to player interactions make gameplay more immersive and unpredictable. Using natural language processing (NLP) and reinforcement learning, AI-driven NPCs can respond to players in nuanced ways, reacting to different conversational cues, and adapting to the player's decisions.

For instance, an AI-controlled adversary can assess a player's strategy and counter it dynamically, creating a unique challenge that evolves with the player's skill level. Such NPCs make games feel more organic and interactive, enhancing the player's sense of immersion and adding depth to the narrative.

6. Analyzing Social Interaction and Community Behavior

Data science extends beyond individual gameplay and into social interactions within gaming communities. Online multiplayer games, for example, generate vast amounts of data on how players interact within teams or against each other. Analyzing this data can help developers understand the dynamics of player cooperation, competition, and communication.

This analysis can lead to:

- **Improved Matchmaking Algorithms:** By understanding player skill levels and behavioral patterns, developers can create fair and balanced matchups, enhancing player satisfaction.

- **Identifying Toxic Behavior:** Machine learning models can detect and flag toxic behavior patterns within player communities, allowing developers to take timely action to promote a healthier, more positive gaming environment.

- **Community-Driven Game Development:** Analyzing forums, social media, and in-game chat data can provide insights into what players love or wish to see improved. This feedback loop can guide development in a direction that resonates with the player base.

7. Revolutionizing Game Testing with Automated QA

Quality assurance (QA) testing is an essential part of game development. Traditionally, QA involved manual testing to uncover bugs and glitches. Today, machine learning and data analysis can automate large parts of the QA process. By analyzing patterns in previous testing data, algorithms can predict where bugs are most likely to occur and simulate a range of player actions to catch potential issues early.

Automated QA systems can also analyze feedback data from players to continuously improve the testing process. With this data-driven approach, developers can bring high-quality games to market faster, with fewer bugs and more polished gameplay.

Conclusion

Data science is reshaping the way games are developed, tested, and evolved. By understanding player behavior, optimizing gameplay experiences, and improving game mechanics, developers can create more engaging, personalized, and profitable games. As data science and AI continue to advance, the future of gaming promises to be one where games are not only entertaining but also intelligently designed to keep players at the center of the experience.

Through data-driven insights, games are no longer a one-size-fits-all experience; they're adaptive, responsive, and more immersive than ever. As players dive deeper into games that seem to evolve with them, data science remains the unseen hand, shaping the landscapes and narratives that keep us coming back for more.

References


1. Yannakakis G. Artificial Intelligence and Games / G.N. Yannakakis, J. Togelius. Springer, 2018.
2. Drachen A. Towards a Framework for Game Metrics Collection and Analysis / A. Drachen, A. Canossa. – MindTrek, 2009.
3. King D. Video Game Monetization (e.g., «Loot Boxes»): A Blueprint for Practical Social Responsibility Measures / D. King, P.H. Delfabbro // International Journal of Mental Health and Addiction. – 2019. – № 17(6). – P. 1463-1474.
4. El-Nasr M.S. Game Analytics: Maximizing the Value of Player Data / M.S. El-Nasr, A. Drachen, A. Canossa. – Springer, 2013.
5. Sweetser P. Scripting vs. AI Planning for Real-Time Strategy Games / P. Sweetser, J. Wiles // Proceedings of the 2005 Conference on Artificial Intelligence and Interactive Digital Entertainment, 2005.

А.А. Шауханов

Таразский университет им. М.Х. Дулати
Республика Казахстан, г.Тараз, armanshauhanov@mail.ru

АБАЙ О ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ПОРОКАХ

Распоряжением правительства нашей страны 4 года назад, в 2020 году, было решено ежегодно отмечать «День Абая», для этого выбрали дату 10 августа (день рождения акына). Несомненно, это правильное решение, так как творчество Абая Кунанбаева на современную жизнь нашего народа с каждым годом оказывает всё большее влияние. Это влияние выражается в восстановлении морально-нравственных основ и ценностей, духовных традиций, а для этого очень важно понять философию мыслителя, акцентировать внимание на человеческих недостатках для их постепенного изживания.



Памятник Абаю Кунанбаеву
в Москве



Памятник Абаю Кунанбаеву
в Семее

О глупости и хвастовстве

***«Дурак ищет толпу,
умный – одиночество»
Абай***

В «Словах назидания» Абай значительное место уделяет таким порокам, как глупость и хвастовство, которые в его время имели распространение среди его окружения. Эти недостатки сохраняются поныне и в XXI веке. Определённо, Абай осуждает эти явления, он пишет в Пятнадцатом слове: «...Глупый же никак не найдет своего места в жизни. Он увлекается, чем попало, заполняя дни бесплодными, бесцельными затеями. Молодость не вечна, но глупец не задумывается над этим. Предавшись пустым потехам, он становится ненасытным и однажды, слишком поздно, замечает, что время согнуло его. Вот и получается, что лучшие годы прошли в собачьих хлопотах, а старость омрачена горьким раскаянием».

XXI век, по сравнению с XIX, намного более динамичен, а, значит, хлопот и суеты у нас стало ещё больше. «Тот, кто стремится быть заметным в глазах врага, добивается, чтобы его поднял на щит народ. Тот, кто хочет, чтобы его почитал народ, домогается похвал своих соплеменников. А среди близких родственников хвастун сам себе судья и, конечно, вознесет себя до небес», – рассуждает Абай в Двадцать первом слове.

В современной жизни почитание и похвалы народа могут слишком дорого обойтись человеку. В философии и педагогике западных стран ещё в конце XIX века появилась теория Прагматизма, которая учит, что необходимо принимать решения, исходя из практической стороны вопроса, с максимальной выгодой для себя и, конечно же, не в ущерб себе. Это может относиться, как к внешней политике страны, бизнесу, так и повседневной жизни

народа. Но наша жизнь показывает, что, какая-то часть людей не придерживается этой теории.

В основном, это относится к огромной закредитованности населения. У нас из 12 миллионов работоспособного населения 9 миллионов человек сидят на потребительских кредитах (более 19 трлн. тенге) и только 3 миллиона не имеют их (16-17 % работоспособного населения) – это число постоянно сокращается. В эпоху феодализма казахи не брали кредиты на свадьбы и той, это не было по их кошельку, а точнее, у них и денег то не было, каждый проводил свадьбы по своим возможностям. К тому же, по статистике, более 30% браков у нас сейчас разваливается. Где гарантия, что вы не войдете в число этих злополучных или счастливых 30%? Угрохать 5-10 миллионов тенге или больше на свадьбу и через полгода, год развестись, оставаясь должником банка, – верх практичности. Если у вас очень много денег, и вы можете пустить «пыль в глаза» народу, тогда кредит можно и не брать, а если денег нет? Ведь, чем проще вы смотрите на жизнь, тем легче вам живётся.

Эти цитаты Абая очень красочно характеризуют негативные стереотипы у отдельной части общества, которые тормозят его развитие:

– «...свойство умных и совестливых. Для них важно не то, что их не будут хвалить, а то, что не отнесут к разряду ничтожных» (Двадцать второе слово).

– «Почему же для глупого должно служить утешением существование безмозглых дураков?» (Двадцать третье слово).

– «Подобно тому, как на сорока клячах не одолеешь даже одного холма, так и на пустом бахвальстве далеко не уедешь» (Тридцатое слово).

– У хвастунов нет совести и чувства собственного достоинства, способности к большим делам и высоким помыслов. Не найдешь у них ни решимости борца-силача, ни мужества батыра, ни человечности» (Тридцатое слово).

Кстати, 2 года назад парламент Кыргызстана принял закон, запрещающий богатым гражданам проводить слишком роскошные свадьбы, так как бедные кыргызы смотрят на них, завидуют и берут кредиты в банках – всё это не способствует общественному спокойствию.

В своей поэме «Масгуд» Абай даёт ценные советы:

Для того на плечах сидит голова,
Чтоб в делах человек мог размыслить сперва.
Так и я: рассудил, а потом решил,
Взвесил мысли свои и взвесил слова.

Вот пример, как всеильна глупость порой.
Не пускай свой ум по дороге чужой.
Не много хорошего приобретешь,
Слепо следуя за безумной толпой.

О зависти и зле

*Он враг тому, кто умён.
Он псами ругает тех,
Кто лучше живет, чем он.
Абай*

В своих размышлениях о жизни и негативных качествах человека Абай также уделяет внимание зависти и злу, как порокам, мешающих духовному, личностному становлению, как самого индивида, так и субъекта на которого направлено зло. В Третьем слове мыслитель и акын описывает происходящую в степи реальность: «Мы мечтаем об обнищании соперников, те хотят, чтобы разорились мы. Со временем зависть вырвалась наружу, вылилась в открытую борьбу. Мы стали враждовать, драться, делиться на различные партии,

и, чтобы отстоять свои богатства и пастбища, начали грызться за власть и чины. Никто не остался в стороне от этой лихой круговерти».

Абай призывает держаться подальше от зависти и зла, так как эти энергии, в конечном счёте, вернутся бумерангом к самому человеку и ему же, в будущем, придётся отрабатывать свою карму (поговорка о человеке, копающем яму другому человеку).

«Не будь завистлив, легкомыслен и мстителен, иначе твоя учёба не принесет пользы», – пишет Абай в Тридцать втором слове. То есть, если учишься, то учишься добросовестно, ответственно подходи к своим обязанностям, чтобы в будущем твои усердия принесли тебе и людям добро и пользу.

В стихотворениях «Измучен, обманут я всеми вокруг» и «Стал изобиловать край» (1887) акын написал строчки:

Завидуют злобно свои своему.
Не внемлит, не верит никто никому.
И дети, и брат, и жена, и твой друг
Тебе ж изменяют в твоём же дому.

* * *

Стал изобиловать край
Врагами жизни людской.
На всех поднимают лай,
Куснут – хоть иди, хоть стой.

Язык ядовит у них,
Душа их – чёрная грязь.
На честных и на прямых
Бросаются, разъярясь.
Чтоб им привольней жилось –
Всё очернят, что светло.
Пропитаны злом насквозь,
И все их деянья – зло.

Какая выгода им
Желать для других добра?
Им правда – что едкий дым,
Их ненависть к ней остра.

Мыслитель резонно спрашивает читателя в Тридцать четвёртом и Тридцать седьмом слове: «Зачем тебе завидовать чужому достатку и счастью, мешать другому жить?». «Пока ты не достиг счастья, твои мечты разделяют все. Но вознесла тебя судьба, и твой доброжелатель – один ты сам».

Очевидно, в этом сущность человека – завидовать тому, кто в чём-то преуспел больше, чем ты, кто приложил больше усилий в достижении поставленной цели, а может, кому-то больше повезло, но это не так важно. В греческой мифологии описан случай – боги мирно сидели за столом, включая Афину и Афродиту (Венера) и тут кто-то бросил на стол очень красивое яблоко, на котором было написано «Самой красивой». Обе богини захотели завладеть этим яблоком, никто не хотел уступать, каждая считала себя самой красивой и, в итоге, они переругались между собой из-за обычного яблока. Поступок, не достойный богов, но, может быть, достойный смертных людей?

Абай описывает причину появления зависти у человека в Тридцать восьмом слове: «Себялюбие делает человека завистливым, зависть его озлобляет других, ему подобных, и таким образом люди теряют покой и становятся недругами». Далее он продолжает: «Злодеяние – античеловечно. Тот, кто всё время норовит сделать людям зло, теряет свою человеческую сущность и превращается в зверя».

В этом же Слове он приводит в пример человека, лишённого зависти, любящего добро и правду: «Человек, столкнувшись со злом или несправедливостью, не опускается до уровня тех, кто творит это зло, а всеми силами противостоит им. Это человек со светлой душой. Его стойкость вызывает уважение».

Таким образом, добрый человек расходует свою энергию и разум на противостояние недостойным людям, вместо того, чтобы направить их на свою пользу, саморазвитие или на благо человечества.

Негативный же человек, по мнению Абая, «...избирает зло своим оружием. Он чинит людям неприятности, унижает их, если у него в руках власть, оскорбляет, если слаб. Это человек с темной душой. Его поведение оборачивается для него враждебностью людей».

В итоге, Абай приходит к заключению, что «Всё, что сверх меры – зло. В еде и питье, в смехе и веселье, ... в стремлении накопить богатство, в ловкости и хитрости, в одежде – во всём должна присутствовать мера» (Сорок третье слово).

Абай полагает, что недостойных людей необходимо наказывать (стихотворение «Стал изобиловать край»):

Пора уж в конце концов
К столбу пригвоздить подлецов.

Мы все живём в мире, где все зависят друг от друга, так как человек всё ещё остаётся социальным существом, и чем больше в обществе будет добрых, порядочных, созидательных людей, тем лучше будет и само общество и страна. А чтобы таких людей было больше, их надо постоянно воспитывать и направлять их энергию и мысли в нужное русло. Именно эту мысль Абай хотел донести до своих современников и потомков.

Литература

1. Абай. Слова назидания. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 158 с.
2. Абай. Книга слов. Поэмы. – Алматы: Ел. 1993. – 269 с.
3. Абай Кунанбаев. Стихотворения. Поэмы. Проза. – Москва: Художественная литература, 1954. – 415 с.
4. Калмырзаев А.С. Эстетическое в творчестве Абая. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 159 с.
5. Певец народа. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 149 с.
6. Каратаев М. Казахская литература на современном этапе. – Алма-Ата, 1979. – С. 9-35.

ҒТАХР: 19.41.09

Ш.С. Кеңесбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., shynar.k.s@mail.ru

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНДАҒЫ ЖҮСІПБЕК ҚОРҒАСБЕКТІҢ ОРНЫ

Бүгінгі қазақ журналистикасы мен ақпараттық өрісінің өркен жаюына өлшеусіз үлес қосып жүрген Ж. Қорғасбек, М. Құл-Мұхаммед, С. Абдрахманов, Ж. Аупбаев, А. Әлім, Н. Жүсіп, С. Жанболат, Е. Бекхожин, А. Байтасов, т.б. еңбектері ерекше.

БАҚ беттерінде сұхбат жанрында, проблемалық мақалалар мен очерк, естелік, эссе жазған Жүсіпбек Қорғасбек – қоғамның күн тәртібіндегі сан-салалы мәселелерін қозғап қана қоймай, оларды шешудің жолдарын да көрсете білген публицист.

Ұлттық журналистиканың өрісін кеңейтумен қатар Ж. Қорғасбек бірнеше көркем шығармалардың, әңгіме, повест, сондай-ақ кино өнерінің авторы. Жазушының «Кітапхана: Сұхбаттар» [1] жинағында халық тағдыры, ұлт тарихына қатысты белігілі тұлғалармен жүргізген сұхбаттары топтастырылып берілген.

Тәуелсіздік жылдары қол жеткізген жетістіктері жөнінде Ж. Қорғасбек: «Менің кейіпкерлерім екіге бөлінеді: бірі – күрескер, қайраткер адамдар, екіншісі – өмірден, заманнан қалып бара жатқандар. Біреуімен рухтанғың келеді, ал енді біреуінің заманынан неге қалып бара жатқанын түсінгің келеді. Басыма келген идеялардың негізінде қалам тербедім. Көбінесе ақтаңдақтар жайында, көпшілікке белгісіздеу тақырыптар төңірегінде жазып жүрмін» [2] дейді.

«Сұхбаттар» циклымен жазылған туындыда «Жармақ жан айқай ма, әлде...» сұхбатында М. Мағауиннің «Жармақ» романын, «Қазақтың жаны» қандай кітап?» тақырыбымен жазылған сұхбатта Т. Шапайдың «Қазақтың жаны» атты кітабын, «Қылмыс» елге қалай жетті?» сұхбатында «Соңғы көш» романын жазудағы Қ. Жұмаділовтің жанкешті ұлтжандылығын, «Олжас қандай ақын, «Азия» нендей кітап?» сұхбатында О. Сүлейменовтің ақындық кредосын, «Соңғы парыз» кімнің, ненің парызы?» атауымен берілген сұхбатта Ә. Нұрпейісовтің, т.б. танымал ақын-жазушылардың шығармашылығы жайлы сұхбат жанры топтастырылған. Аталмыш жинақта дарынды тұлғалардың кісілік келбеттері айшықты бейнеленген. Бұл – ерен еңбегімен халық жадында есімдері сақталған қалам саңлақтары мен қоғам қайраткерлері туралы құнды жазба-естелік-сұхбаттар.

Баспасөз беттерінде әр жылдары қаламгермен болған сұхбаттарда жазушы-публицист әдеби майдандағы орта, «алдыңғы толқыннан» үйренген жауапкершілік, қоғам алдындағы қаламгерлік міндет туралы ой толғайды. Ұлт руханияты тақырыбына «Рухтану үшін де рухани күш керек», «Рух не үшін керек?» мақалалары, әлеуметтік мәселелерді қаузайтын «Кәсіпсіз қайда барасың, жұмыссыз жолда қаласың», «Байлық жиып бір жұттық, бес қазаққа шыр бітті», «Жас өскін жасқаусыз өссін десек», «Тұлға тұтар кімің бар, елдің айтар мұңы бар» сияқты жарияланымдары үздіксіз шығып тұрады.

Жазушы Р. Тоқтаров: «Идея ауада өмір сүреді» десе, әріптестері: «Идея Жүсіпбек Қорғасбектің басында өмір сүреді. Ол журналистеріне күнде жаңа тақырып, идея ұсынады» деп бастарын шайқайды. Шынында да, ол басқарған газет «жанды газетке» айналып шыға келеді...» деген пікірі де қаламгер стилін айқындай түседі.

Екі тілге де шешен Ж. Қорғасбектің өресі биік. Бүгінгі қоғам жазушыны, көркем шығарманы іздемейтінін сезінген қаламгер «Соңғы кезде құбылысқа айналған ерекше дүние жоқ. Бұл – әрине, менің жеке пікірім. Ерекше дүние елде де жоқ, менде де жоқ. Оқырманның рухани сұранысын қанағаттандыратын дүниелер жаза алмай жатырмыз-ау деймін» деген ойды да айтады.

Жазушы Ж. Қорғасбек шығармашылығының арқауы – көп қаламгердің «жолы түспеген» тақырыптар деуге болады. «Жансебіл», «Үлпілдек», «Көкжалдар» сынды туындыларының әрқайсысы кішкентай адамдардың, қорғансыз пенделердің тарихи мезеттердегі жан дірілі, уаз кеше жүріп, өмір сүруге талпынысы, біз «бақытсыздық» деп ойлайтын тағдыр талқысында бақытқа ұмтылыс ерліктері жайында өрбиді [2].

Өз өмірдерегі туралы публицист «Құдайға шүкір, мен біреуден қызмет сұрап отырған жоқпын. Газет мені жеді. Кәдімгі тышқан құсап кемірді. Қазір ойлап отырсам, өзіме-өзім жаным ашиды. Кейде қараптан-қарап отырып, «осыншама қара жұмысқа неге сонша жегілдім?» деп өзіме жаным ашитын сәттер көп. Жастайымнан газеттің жұмысына кірдім ғой. Бала кезімде арманым басқа болатын...» дейді.

1980-1984 жылдары Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алып, университетті тәмамдаған жылы журналистік қызметті республикалық «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас») газетінде бастайды. Тырнақалды әңгімелері шыққан соң, әдеби орта дарынды жасты құшақ жая қарсы алады. Оқу бітірген жылы «Лениншіл жас» редакциясына келіп редактор С. Бердіқұловқа «Осындай баламын, журналистика факультетін бітірдім, осы жерге жұмысқа тұрғым келеді», – деген Жүсіпбекті біраз күннен кейін бірден әдебиет бөліміне қызметке қабылдайды.

Сөйтіп жүргенде «Қазақ әдебиеті» газетінде қасына бір әңгімесі қосылып, «Тарғыл төбеттің иесі» деген әңгімесі жарияланады. Бұл жөнінде «Соны «Жазушы» баспасының бас редакторы М. Мағауин оқыпты да, жазушы Т. Әсемқұлов пен аудармашы Әлібек Малаевты

маған жіберген екен. Олар құр қол келмегі, «Тарғыл төбеттің иесін» орысшаға аударып ала келіпті. Олар келді де: «Мұхтар Мағауин саған сәлем айтты, егер біздің маңайымызда боламын десең, қамқорлық жасауға әзір, міне, мына әңгіменді аудардық, саған көмектесу керек деп айтты, біздің көмек осы», – деді Т. Әсемқұлов. Сол сәттен бастап Таласбек екеуіміз дос болып кеттік, бірақ мен ұялақтап, именшектеп, Мұхтар Мағауиннің алдына бара алған жоқпын. Бұл да ол кісінің мәрттігі ғой» деп жылы лебізін білдіреді.

Соның алдында ғана осы екі әңгімесін оқи салып, «Лениншіл жаста» жүрген жерінен Ш. Мұртаза «Қазақ әдебиетіне» шақыртып алған болатын. Сол жерде жүріп, «Жансебіл» деген әңгімені жазады. «Бұл туындым өзім қайда жүрсем де, менің есіміммен бірге жүретін шығармам болды деп именбей айтайын. Осы әңгімені сол жердегілердің бәрі оқыды. Оралхан Бөкейден басқа, бас редактордың тағы бір орынбасары оқыды да, газетке жібергісі келмеді» деп еске алады.

Ж. Қорғасбектің Жазушылар одағына кезексіз қабылданғаны жөнінде Қ. Түменбай: «Бес күннен кейін сол кең залда қорытынды кеңес өтті. Владимир Карповтың аузымен әркімнің жетістігі айтылды, кеңес нәтижесі сарапқа салынды. Бес жас қаламгерді семинардағы үздік жетістігі үшін КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне кезексіз қабылдау туралы ұйғарым жасалды. Солардың ішінде Қазақстаннан осы күнгі белгілі жазушы, сол күнгі жылы әңгімелерімен жалт қаратқан жас талант Жүсіпбек Қорғасбек бар еді» [3] деп еске алады.

Қаламгер редакцияда қызмет атқарған жылдары «Жансебіл» туындысының қалай жарық көргені туралы мына естелікті айтады. «Әлі Кеңес өкіметінің кезі. Ақтаңдақтар тақырыбы жаңа-жаңа ашылып жатқан уақыт еді. Лездеме өтіп жатқанда Шерхан Мұртаза: «Нені жаза алмай қалдық? Қандай тақырыпты жаза алмай, бізді қара басып қалды? Ал, қане, айтыңдар», – дейді. Содан Қорғасбек: «Отыз жетінші жылы ұсталып кетіп, қол-аяғынан айырылып, бір орыс әйелдің қолында қалған қазақ туралы әңгіме жазып едім, нөмірге салмай жатыр», – дейді.

«Шерағаң ести сала: «Неге салмайсыңдар?» – дегенде мұрты тікірейіп кетті. Ана орынбасар: «Ана жері анандай екен, мына жері мынандай екен», – деп ақталды. Ш. Мұртаза «Жансебіл, Жансебіл» деп бет терісі дірілдей күбір етті де: «Салыңдар осы нөмірге!» – деп зірк етті. Мұны енді Шерағаңның мәрттігі дейік. Осы әңгімені оқып, Аяған Шашымбай келіп: «Мына әңгімеңе кино түсірейік», – деп ұсыныс жасады.

Ақырында «Жансебіл» деген кино түсірілді. Осы әңгіме жарияланған соң, әнші, прозашы Жәнібек Кәрменов Жазушылар одағында авторға кездесіп қалды да: «Әй, Жүсіпбек, сенің анау «Жансебілің» мен Роза Мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесін» оқып, осы шығармалар кино түсіруге сұранып тұр екен, осыған неге кино түсірмеске деп ойлады», – деп ақ адал адамдар, шынайы сөзін айтып ұсыныс білдіреді [2].

Біраз жылдан кейін «Қазақ әдебиеті» газетіне ауысып, тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметін атқарады. «Қазақ әдебиеті», «Жас Алаш» газеттерін басқарып тұрған кезеңде бұл газеттер аңыз болды деп естіп едік деген сауалдарға қаламгер жауабы да орнықты. «Жұрт солай деп бағалап жатады. Өтірік айтса, өздеріне. Бірақ мен сол лапылдаған ерік-жігеріммен, жалыныммен, сол ағаларым баспаған кеудеммен, сол еркіндігіммен сондай газеттер шығардым. Әлі күнге дейін сол екпінмен жұмыс істеуге дайынмын. Бірақ айтатын бір нәрсе бар. Менің табиғатым – жазушының табиғаты. Оны өзім білемін. Бірақ алған мамандығыма байланысты, өмірдің әкеп салған жолына байланысты, мына қара тіршіліктің мойынға ілген қамытына қарай, осы газет-журналдың жұмысына жегілдім. Көптеген көркем шығармаларым жазылмай қалып жатса, осы газет-журналдарға кеткен уақытымнан көремін» [2] дейді.

1999-2002 жылдар аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы болған қаламгер сол тұстағы әдеби апталық көтерген мәселелер мен газет шығару барысында орын алған әртүрлі қызық оқиғалар турасында да әңгімелейді.

2008 жылдан бастап балалар мен жасөспірімдерге арналған «Жас өркен» ЖШС-нің бас директоры қызметін абыроймен атқарып келді. Балаларға арналған басылымдардағы

шығармашылығы жөнінде Ж. Қорғасбек «...халық, соның ішінде қазақ «балам адам болсын» (бұл табиғи инстинкт қой) деген табиғи қағидадан ауытқымайды. Қанша жерден ақпараттық қоғам, жаңа технологиялар дәуірі десек те, ата-ана баласына жас ерекшелігіне сай кітап пен журнал сатып әпереді. Бастапқы кездегідей емес, «Жас өркен» серіктестігіне қарасты балалар басылымдары жанымды, көңілімді қанағаттандырады. Себебі, қызық тақырыптар ойластырып, балалар мен жасөспірімдердің ойлау жүйесіне сай келетін тақырыптар ұсына бастадық. Қысқасы, жұмысым өзімді қанағаттандыратын секілді» [4] деп жауап береді кезекті бір сұхбатында.

Ж. Қорғасбек 2019 жылдың қазан айынан «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматы қаласындағы редакциясының басшылығына ауысып келген кезде «Адам жұмысын жаңартып отыруы керек. Бұл – ешқандай ренішсіз айтылып отырған әңгіме. Бірақ кезінде өзім жеке газеттер шығарсам, осындай басылымдарға жұмыс істемей, өзімнің газетіме жұмыс істесем, осы шығып жатқан газеттердің кейбірін он орап алатын газет шығара алатын едім. Десе де мен өзімнің ішкі сенімімнен айныған жоқпын. Қызметіме адал болдым. Бір ғана өкінетінім, осы кеткен күшімді Әбді-Жәмил Нұрпейісов ағамыз секілді тек әдебиетке жұмсағанымда, онда мен әлдеқайда көп шығармалар жазатын едім.

Осы газет-журналдардың шаруасын істей жүріп жазған шығармаларыммен жұрттың бетіне тура қарай аламын. Бүгінге дейін шығармаларымның желісімен үш кино түсіріліп бітті. Біреуі – «Жансебіл», одан кейін «Қасқыр адам» дейтін повесімнің негізінде «Талан» деген фильм дүниеге келді, енді «Мұқағали» деген киноның да түсірілім жұмыстары аяқталуға жақын. Өзіндік көзқарастары бар жас жігіттер «Желтоқсан» деген әңгіменің негізінде кино түсірмекші болып, қазір сценарийін жазып жатыр. Мұны мақтану үшін емес, өзімді де, өзгені де қайрау үшін айтып отырмын» [4] дейді ұлтжанды қайсар азамат.

Ж. Қорғасбектің 1985 жылы «Жалын» баспасынан «Көгілдір керуен» атты әңгімелер жинағы, 1995 жылы «Жансебіл» атты повестер мен әңгімелер топтамасы жарық көрді. «Жансебіл» кітабының негізінде түсірілген осы аттас көркемфильм киносценарийінің авторы. 1989 жылы жарық көрген «Қасқыр – Адам» повесі бойынша «Қазақфильм» киностудиясы «Талан» (2016-2017) көркем фильмін түсірді.

Кеңес өкіметі кезінде «Өлі көл» деген повесі, соңғы жылдары «Жынды қайың», «Үлпілдек» романы, «Көкжалдар» кітабы, «Мехнат пен хикмет» хикаяты жарық көрді.

Қаламгер тақырыптары жай күнделікті немесе тұрмыстық тақырыптар емес. «Үлпілдекте» халықтың басындағы трагедияны жазады. Бұл романның астары – ұлтымыздың басына түскен арғы түбі белгісіз, айтқанда жаның қасым болатын бір қысым жағдай. «Ұлтымыздың, болашақ ұрпақтарымыздың тамырына балта шабылмасын» деген идеямен шыққан туынды. Бұның түсінбейтін ештеңесі жоқ, тіпті, осы роман төте жазумен Қытайда да басылып шықты. Олар түсінбесе, шығармай да қоятын еді. Ұлттың басындағы трагедияны біз жазбасақ, кім жазады? Бәріміз той-томалақ, ойын-сауық туралы жаза бермек, келесі ұрпақ біздің заманды жақсы заман болған екен деп ойлайтынын ескертеді [2].

Үнемі шығармашылық ізденісте жүретін қаламгер 2001 жылғы «Тарлан-Үміт» сыйлығының иегері атанды. 1998 жылы публицист-редактор һәм жазушы Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері құрметіне ие болды.

Публицист-редактор 4-5 жылдай телеарналарда «Кітапхана» деген хабар жүргізді. Басында «Мәдениет» телеарнасынан берілетін, кейін «Хабар» мен «Қазақстан» арналарында жалғасты.

Танымал тұлғалардың мектебінен өткен публицист Ж.Қорғасбек «Менің маңдайыма керемет мінезі бар, мықты бас редакторларды жазды. Олар – Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкей секілді марқасқалар. Оралхан Бөкей мені 30 жасымда қасына орынбасар етіп алып, күндіз-түні өзімен бірге ертіп жүрді. ...Бас редактордың орынбасары деген қызметті ол кезде Жазушылар одағының басқармасы тағайындап, Орталық комитетпен келісетін. Солардың бәрінен Орағаң өзі алып шығып, осы қызметке таласқан талай адамды сырып тастап, өз қасына алды. Осындай адамдарды көргеннен кейін, менің көкірегімдегі жас

күнімдегі отымды ешкім өшірген жоқ деп айтуға болады. Еркін, батыл, батыр бас редакторлардың қолына түстім де, солардың тәрбиесінен өттім» [2] дейді.

Осылайша, Ж. Қорғасбек кеңес кезіндегі мықты деген үш бас редактордың тәлімін алады. С. Бердіқұловтың да, Ш. Мұртазаның да, О. Бөкейдің де үйреткен тәлімі, көрсетер үлгісі мол болды. Ж. Қорғасбектің редакторлық қызметтегі мол жетістікке жетуі де сол қаламгерлердің тәрбиесінің, тәжірибесінің арқасы деген байламды айтуға болады.

Ж. Қорғасбек 1985 жылы «Қазақ әдебиетіне» журналист болып келді, 1991 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің ғылым және білім бөлімінің меңгерушісі атанды, ал 1999 жылдың 25 маусымында бас редактор лауазымына ие болды дедік. Бұл туралы «Қалға» мақаласында «Көкөрімдей шағымда Оралхан Бөкей өзіне орынбасарлыққа шақырды. Көкөрімдей деп отырған себебім, ол заманда әдеби басылымның басшылық қатарына жас адамдарды жібермейтін. Жазушылар ұйымының сірескен ортасынан Орағаң сен бұзғандай жарып өтіп алып шықты» [5], – деп еске алады.

Ж. Қорғасбек жұмыс істеген жылдары «Жас Алаш» та, «Қазақ әдебиеті» де өзіндік бет-бейнесімен танылды. Тура сөйлейтін бас редакторлар С. Бердіқұлов пен Ш. Мұртазадай, қаламгер де осы турашылдықты басты қағида етіп ұстады. Ол редактор болған жылдары қоғамда әсіресе рухани ортада көптеген күрделі өзгерістер жүріп жатты. Сол үлкен өзгерістерді Ж. Қорғасбек үлкен ақын-жазушылардың арасындағы пікірталастар арқылы көрсетті. Ол туралы жұртшылық қазір екі түрлі пікір айтады, біреулер үлкен адамдар бір-бірімен айтысып кетті десе, енді біреулер сол пікірталастың арқасында біраз ақиқаттың беті ашылды деп ойлайды.

Негізі қоғамда, әсіресе руханиятта пікірталас болмаса, дискуссия болмаса ол өлі ортаға айналады. Жүсіпбек рухани ортаның да, «Қазақ әдебиетінде» жүргенде әдеби ортаның да өлі ортаға айналғанын қаламады. Сондықтан үлкен ақын-жазушылардың өткір-өткір пікірталастары мен өтімді мақалалары арқылы сол әдеби ортаға, «Жас Алашта» еңбек етіп, Қазақстанның рухани-саяси ортасына қозғау салып отырды.

Ж. Қорғасбек бас редактор болған жылдары М. Мағауин, М. Шаханов, Қ. Әдібаев, Ә. Нұрпейісов, Қ. Жұмаділов, т.б. әдебиеттің, руханияттың алыптары өз пікірлерін ашық білдіріп отырды. Пікірталас жанрының кең таралғаны және танымалдығы қазіргі өмірдің стиліне айналған.

Ж. Қорғасбектің редакторлығы кезінде, «Архивтен» деген жаңа айдар ашып, өткен ғасырдың қалтарыста қалған, оқырманды қызықтыратын мәліметтерді беріп отырды. Мәселен, 1940 жылы көрнекті ақын Қ. Аманжолов Қазақстан жазушылар Одағының мүшелігінен шығарылған. Сол жылы «Казахстанская Правда» газетіне Қ. Аманжолов туралы «Поэт-хулиган» деген мақала жарық көреді.

«Қазақ әдебиетінің» редакциясы мұрағаттан 1940 жылғы 18 қыркүйекте Қ. Аманжоловтың тәртібі қаралған жиналыстың стенограммасын, жиналысқа қатысқан Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, Қ. Тоғызақов, Т. Жароков, Қ. Боранбаев, Ж. Саиндердің сөздерін қаз-қалпында газет бетіне жариялайды. «Ақын-жазушыға баға бергенде ең әуелі оның таланты ескерілуге тиіс. Ал қалғаны – екінші, үшінші, төртінші қатардағы мәселелер» (Розанов), ал мұнда қайдағы «көр-жердің» есепке алынғаны, ішімдік ішкені, әйелімен заңды тұрмағаны, мүшелік жарнаны уақытында төлемегені себеп болып, Қасым одақтан шығарылған. «Мен – хулиган емеспін! Мен – адаммын! Сендер тәрбиеге көнбейтін Аманжоловты талқылағанша, менің шығармашылығымды неге талқыламайсыңдар? Мен ғана емес, мен сияқты жастардың шығармаларын неге талқыламайсыңдар?» деген Қасымның сөздерін беру арқылы, редакция біраз оқырманға ой тастап, бүгінгінің бюрократтарына үлгі еткендей әсер қалдырды.

Дәл осы айдармен М. Ғабдуллин мен Б. Момышұлының бір-біріне жазған хаттары архивтен алынып, газет бетінде жарық көрді. Айтысты жазбаша түрде беру дәстүрі «Қазақ әдебиетінде» 2002 жылы үрдіс алды. Айтысты телеарнадан көрсеткенде, ақындардың ең өткір, ел мен жер тағдырына байланысты айтқан ең ұтымды сөздері телеарнаның ішкі саясатына сай келмеді деп, қиып тастау мүмкіндігі көп. Ал сөз еркіндігі әлдеқайда

басымырақ, ұлттың жоғын жоқтайтын басылымдарда айтыстың толық нұсқасын жариялауға мүмкіндік туды.

«Корольге қандай министр керек?» мақаласында итальян ертегісінің ізімен бүгінгі министрлердің келбетін көрсетеді. Жалғанды жалпағынан басқан «Күркіреуік король» айналасындағы уәзірлерді, сарай қызметшілерін тас сараң етіп тастапты. Корольдің өзі еш нәрседен бейхабар, оған дауысыңыздың зорлығынан саңырау болдық деп айтуға ешкімнің батылы жетпей, құлағымызға суық тиді деп сылтауратады екен. Әділдік іздеп келген жұрт тамақтарын жыртып, қанша айғайласа да, уәзірлер ештеңе естімей әбден қор қылыпты. Корольдің жарлығын ести алмай, ұятқа қалармыз деп уәзірлер сарайға баруды да қойыпты. Бір күні король алдына бір қара шаруа қаңғалақтап келе қалыпты. «Сен қайдан келе қалдың?» деп таңырқайды король. Шаруа құлағын баса қалады. «Сенің де құлағыңа суық тиген бе?» деп сұрағанда, шаруа шындықты айтып, дауысының зор екенін айтыпты. Шындыққа көзі жеткен король уәзірлерді босатып, қасына бір ғана министрді, әлгі шаруаны қалдырған екен. Сол сияқты, басшының көзін ашатын әділетті, ақылшы уәзір болу керек дегенді мысал ретінде жазады [5].

2001 жылы АҚШ мемлекеті Ауғанстанды бомбалайтынын жер жүзіне мәлім етті. Сол кезде Ж.Қорғасбек «Ауғанға бомба жауған күн» деп, «бізге кім қарсы болса, ол өркениетке де қарсы!» деп кеуде соққан АҚШ-тың өзіміздік, астамшылдық саясатын сынайды. Нағыз өркениеттің белгісі – өзіміздік емес, кішіпейілдік, бауырмалдық, кешірімділік, егер расында да ауған жеріне бомба түсетін болса, бұның аяғы адам баласын үлкен апатқа соқтырады. Дүниежүзілік соғысқа, Батыс пен Шығыстың өштесуіне, діни араздықтың өршуіне ұрындырады деп саясатты сынға алады.

2002 жылғы Жазушылардың құрылтайы қарсаңында «Өзімізді өзіміз шенейік» атты сыни мақаласы жарық көрді. Мақалада жазушылардың шығармашылық ізденісі, шығармашылық жауапкершілігі жайлы сөз болды. Романшылар да, әңгімешілер де, сатирашылар да, фантастшылар да дағдарыста. Мен халыққа күлкі сыйлап жүрмін деген сатирашыны сынап, сатираның негізгі мақсаты – күлдіру емес, күңіренту, жылату, ойға қалдыру екенін ұмытып бара жатқандығын жеткізеді. Бойкүйездік пен енжарлықтың етек алғаны сонша, «қазір жазатын уақыт емес» деп тәмсіл шығарып алған жазушыларды да белсенді болуға, ауызбірлікте болуға шақырады.

«Біз Қуандық Шаңғытбаевтан неге өлең сұрап алдық?» мақаласында да редакцияға сапасыз өлең әкелетін, елу кітабым шыққан деп кеуде керетін, өлеңі газетке шықпаса, жата кеп ренжитін, ақындар туралы жазды. Үш-ақ кітабы шыққан Қ.Шаңғытбаевқа нағыз өлең керек деп хабарласқанда, «менің жасым өлеңге қарағанда, естелік, мемуар жазуға бейім. Мені көп қинамаңдар» дейді екен. Өлеңді де осылай теңіз түбінен маржан тергендей жүректің түкпірінен, көңілдің тереңінен іздеу керек. Поэзия санмен өлшенбейді деген ой салады.

«Кәрі қыз өзі ғана өксімейді» [5] деген мақаласы «Қазақ әдебиетінің» бірінші бетінде жарық көрді. Кәрі қыз мәселесі – кәрі қыздың жеке өз басының проблемасы емес, ұлттық проблемалардың ең үлкені деп жазған. Ата салтымыздағы құда түсу, жастарды жарастырып жіберу, жеңгетайлық жасау жойылып барады. Кәрі қыз мәселесіне бей-жай қарауға болмайды, кәрі қыз көбейсе, ұлттың өсімі тоқтайды, ұлт қартая бастайды деп алаңдайды.

Жүсіпбек Қорғасбек тілшілерге берген сұхбатында жазушы дегенді қалай түсінетінін былайша береді. «Бүгін журналистика мен әдебиет араласып кеткен жайы бар. Әдебиет саласындағы Нобель сыйлығын журналистер алып жатыр. ...Журналистің де, жазушының да міндеттері бір, ол – адамның жанын, тәнін, тұрмысын, өмірін қорғау, арашалау. Осы тұрғыдан қарағанда біз – автоматты түрде ұлттың қорғаушыларына айналамыз.

Бүгінгі күні белгілі бір жағдайларға байланысты біреу түсініп, біреу түсінбей, әдебиет керек немесе керек емес деген пікірлер туып жатқан шығар. Бірақ соған бола жазушы қаламын тастамау керек. Тәңірдің берген таланты болса, оның ойы жүзеге асуы қажет. Егер қаламгерлер жазбай кететін болса, бізде бос кеңістік пайда болады. Ол кеңістікті толтыруға ұмтылатындар жетіп артылады. Шетелдің мәдениетінен әкеледі, басқа күштер қосылады.

Сөйтіп, бос кеңістікті құр дабырамен толтырады. Бірақ ол қазақтың жаны емес. Сонда біздің ұлт өзгеріп кетуі мүмкін. Жеке дара ұлт болып тұрып, өзгеріп кету деген өте қауіпті құбылыс. Оны тереңдетіп айта беруге болады. Мен қазақтың арасында Абайдың жаны – қазақтың жаны деп есептеймін» [2] деп ой білдіреді публицист.

Көп қырлы қаламгер кино саласына да зор үлес қосты. «Талан» – авторлық фильмнің атын Ж.Қорғасбек өзі қояды. Қазір авторлық фильм әлемде үстемдік құрып тұр деп айтуға болады. «Талан» сөзі – тағдыр деген мағына береді. «Бірақ бұл жерде сөздің мағынасын сәл тереңдетіп, тағдырдың тамыры десек те болады. «Таланды» да орысшаға аударма алмады. Байқасаңыз, екі сөз аз-маз болсын орыс тіліне енді» дейді автор.

«Талан» фильмінде Таласбек деген кейіпкердің шешесі, кәрі кемпір көзәйнегін тартып алып, көне кітаптарды ақтарып оқып отырады. Тіпті, алтын-күмістің үстіне қойып оқиды. Міне, осының өзінде астар бар. Киноны көрген адамдар көңілдері босап, үнсіз жылап отырды. Демек, олардың жан дүниесі қозғалды.

Автордың алғашқы «Жансебіл» киносы да көрерменге жол тартып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленген еді. «Жансебіл» – орыс тұрмақ қазақтың өзі ұмытып кеткен сөз. Бұл фильмнен бұрын ешкім «жансебіл» деп айтпайтын еді. Бұл образды сөз болып ойымызға қонды. Жансебілді қазақ түгел біліп болды да, орыс тілділердің арасына да жансебіл болып кетті.

Кино саласы жөнінде «Біздің кейбір жазушыларымыз бен кинорежиссерлеріміз халықтың жанынан алыстап кеткені сонша, оның көкірегіндегі ойларды, жанып келе жатқан сәулені көрмей, әлі күнге дейін басқа әлемде «қалықтап» жүр. Міне, соның кесірінен әдебиет пен халықтың арасындағы байланыс үзіліп кетті. Бірақ біз халықтың жанынан алыстап кетпеуіміз керек. Яғни осы бағытта кино түсіріп, кітаптар шығара бастауымыз қажет. Ол енді саусақпен санарлық адамның қолынан келмейді. Сондықтан да жазушыларымызда, әдебиет пен кинода осындай бетбұрыстар болса екен деп ойлаймын» [2] деген ой білдіреді.

Белгілі қазақ классигі М. Мағауин: «Жұмабай Шаштайұлы мен Жүсіпбек Қорғасбекті болашағынан үміт күттіретін жігіттер» деген пікір айтты. Жалпы, М. Мағауинмен қарым-қатынасы жөнінде Ж. Қорғасбек «Шынымды айтсам, жазушыларды іштей бөлетін «өзімшілдігім» бар. Кейбір жазушылардың шығармаларын да, өздерін де мүлдем қабылдай алмаймын. Қабылдай алатын жазушыларым да аз емес. Сол жазушылардың басында Мұхтар Мағауин тұрады. Өтірік көлгірсіп отырғаным жоқ, ол мені сынап жатсын, мейлі тіпті ұнатпасын, мен ол кісінің шығармашылығын да, болмысын да қабылдаймын» [4] деп құрметін білдіреді.

Жүсіпбек Қорғасбек – ХХ ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарынан бастап өзінің шығармашылық қызметімен егеменді елдің іргетасының қатайюына елеулі үлес қосып келе жатқан, ұлттық журналистикадан алар орны айрықша қаламгерлердің бірі.

Әдебиеттер

1. Қорғасбек Ж. Кітапхана: Сұхбаттар / Ж. Қорғасбек. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 266 б.
2. Қорғасбек Ж. Менің табиғатым – жазушының табиғаты (сұхбаттасқан: Әлімақын Д.) // qazaqadebiet.kz. – 2019, 29 қараша.
3. Қорғасбек Ж. Жазушыларды іштей бөлетін «өзімшілдігім» бар (сұхбаттасқан Мантаева А.) // Вақ.kz. – 2011, 26 қыркүйек.
4. Керей А. Жүсіпбек Қорғасбек – публицист-редактор // el.kz. – 2017, 20 қыркүйек.
5. Қорғасбек Ж. Қазір оқып жатыр (Сұхбаттасқан: Кемелжан Ж.) // jasqazaq.kz. – 2020, 2 шілде.

Э.М. Самекбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ., elmira5_66@mail.ru

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КОГНИТИВТІК БЕЙНЕЛЕРДІҢ БЕРІЛУІ (Абай облысынан шыққан жазушылардың шығармалары бойынша)

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын «AP19680272 Абай өңірі ақын-жазушыларының тәуелсіздік дүниетанымы әлемдік ой кеңістігінде (Абай облысы бойынша ақын-жазушылар шығармаларын талдау)» жобасы аясында жазылды.

Когнитивтік бағыттың негізгі қызметі – дүние бейнесін белгілі бір жүйеде бейнелеу. Бейнелеу – білімнің алғашқы түсініктен бастап, дамыған бай концептуалдық жүйедегі түсінікке дейінгі санадағы көрінісі [1]. Когнитивтік лингвистика – санада қалыптасқан нақты дүние туралы білімді бейнелеудің әдісін, заңдылығын және теориясын зерттейтін ғылым. Сонымен бірге когнитивтік лингвистика дүние бейнесін және тілдік сананың құрылымын модельдеуге бағытталады. Біз әлемнің тілдік бейнесі бұл тілдік сананы құрудағы объективті шындықты модельдеудегі объективті шындықтың көрінісі деп санаймыз.

Ұлттық санада шындықты қалыптастыру ұғымы психикалық әрекеттің үш деңгейінің нәтижесіне байланысты: бірінші деңгейсіздік қабылдау (визуалды, есту, тактильді, терімен сезіну, иіс пен дәмді сезіну және т.б.); екінші деңгей – түсініктердің қалыптасу деңгейі (қарапайым стереотип, ассоциация, эталондық белгі, жеке жағдаяттар мен санадағы ойсуреттер, абстракция); үшінші деңгей – ойдың тілдік деңгейі. Санада пайда болатын операциялар шындық туралы ақпарат жиынтығын тудырады. Бұл жиынтық ұғымдар жүйесін құрайды [2].

Әлем бейнесі – бұл адамның барлық рухани белсенділігінің нәтижесі болып табылатын әлемнің тұтас бейнесі. Бұл адамда әлемді қайта елестетуге бағытталған пәндік-практикалық іс-әрекеті кезінде пайда болады. Адам әлемді сезінеді, түсінеді, білуге тырысады, бейнелейді, өмір сүреді. Сонымен әлем бейнесі дүниені қабылдау, дүниені сезіну, дүниені тану, дүниені түсіну мен дүниені бағалаудың әртүрлі актілерінде туындайды.

Е.С. Кубрякова когнитивтік аспектідегі заманауи лингвистика мәселелерін сипаттай отырып, біздің санамыздағы концептілік құрылымдарды, олардың тілдің объективті бірліктерімен арақатынасын, әлемді тану, түсіну және концептуалдау үдерістерін бөліп көрсетеді [3].

Концептуалды талдаудың теориялық және практикалық мәселелеріне арналған еңбектерде бейнелілік ұғымын түсіндіруде ғалымдардың көпшілігі бейнені «ұғымның психофизиологиялық негізі» деп біледі.

Бейне объектінің әртүрлі жақтарын (түсі, өлшемі, көлемі, пішіні, кеңістіктегі орны), әрекеттер немесе оқиғаларды жаңғыртатын сана категориясы ретінде түсініледі. Ю.Н. Қарауловтың пікірінше, бейнелеу өзіне тән айқындылығымен, күрделілігімен ерекшеленеді [4].

В.И. Карасиктің түсіндіруінше, «бейнелі концептілерге жататын біздің жадымызда бейнеленетін заттар, құбылыстар, оқиғалардың көру, есту, тактильді, дәмдік, иіс сезу сипаттамалары практикалық білімнің өзекті белгілері болып саналады [5].

Бұл мақаланың мақсаты әлемнің тілдік бейнесіндегі когнитивтік бейнелердің вербалдануын талдау болып табылады.

Бейне – көркем шығармада когнитивтік модель қалыптастырушы таңба. Бейнелердің өзіндік моделдері ақпараттың шебер үйлесімі қалыптастырады. Оларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- пейзажды бейнелер (күн, ай, гүл, жаңбыр);

- персонажды бейнелер (Райымбек, Сократ, Жантық кедей);
- кеңістік бейнелер (қала, бақ, абақты, аурухана);
- көңіл-күй, сезімдік бейнелер (қайғы, бақыт, үміт);
- заттық бейне (қару, хат, орамал);
- дыбыстық бейнелер (құстың үні, адамның дауысы);
- көру бейнелері (түзу, қисық, түр-түс);
- иіс бейнелері (гүлдің иісі, әтір иісі);
- тактильді бейнелер (жаурау, суыққа тоңу);
- мистикалық бейнелер (мыстан кемпір, бір көзді дәу).

Заттық бейнелер. Бұйым, нәрсе, зат, дүние көркемдік ақиқатты танытуда маңызды қызмет атқарады. Суреткерге тән қасиет танымындағы көркемдік ақиқатты заттық болмыспен айқындауға ұмытылады. Көркем мәтінде тұрмыстық заттар, әшекей, бұйымдар, жиһаз, құрал-саймандар, ұлттық бұйымдар жиі қолданылып, жаңа мәнде көрініс табады. Мысал келтірейік: *Торғын шымылдықтай* таңғы мұнар лезде айығып, айнала ап-айқын (Қ. Жұмаділов). Міне, қаланып бітті. Көшпендінің *шошақ бөркіндей*, тұтас бір төбе (М. Мағауин) деген мысалдардан *бөрік, шымылдық* арқылы заттық бейнені көруге болады.

Дыбыстық бейнелер. Әрбір суреткердің көркемдік дүниесі соносфераны қалыптастыратын дыбыстық бейнелерге толы. Көркем мәтін әлемі соносфераға ерекше бай және мұндағы дыбыстық бейнелер жаңа бір ұғымды танытуда когнитивтік қызмет атқарады. Демек бұл – концептіні дыбыстық бейнелер арқылы модельдеп тануға болады деген тұжырым. Мысалы, *Үрген иттер, мал қайырған айғайлар, маңыраған қой, қозы шулары* араласып жатыр. Кешкі суға келе жатқан *қалың жылқының кісіней шапқан дүбірі*, шаңтозаңы болсын, немесе оқта-текте *азынай кісінен, үйірін іздеп шапқан, мінуден босаған жас айғырлар дауыстары* болсын – барлығы да осы отырған ауылдардың осы кештегі тіршілік тынысын білдірген сияқты. (М. Әуезов). Бұлар көркем шығармада «ауыл» ұғымын танытады.

М. Мағауиннің «Қасқыр – бөрі» шығармасында дыбыстық бейнелер «Ел жатар шақ. Сыртта азан-қазан болды да қалды. Иттер абалап, шаңқылдап үріп жатыр. Ізінше Жүніс қойшының айқайы шықты» түрінде берілсе, Құлахмет Ғабиденнің «Бөрі бауыр дүние» шығармасындағы «Шолақ ұлыды. Апан аузындағы *Ақсұр қаншық та үн қосып*, тау мен даланың тымық ауасына толқын, діріл араласты. Бірақ, бұл жорық жыры емес еді. Әуені ұқсас болғанмен әуезі басқаша. Бірі қою, бірі нәзік. Табиғаты тылсым *тұз тағасының төбе құйқаны шымырлатар шері, зары Тәңірінің түнгі шырағы Айға қарай талпынды*» деген жолдардағы үндердің өзіндік тіршіліктен түсінік беретінін көреміз.

Көру бейнесі. Бір көру бейнесі мың сөзден әлдеқайда артық. Көрнекі бейненің күші қандай? Біріншіден, бұл визуалды бейнелердің адамның санасына әсер етуінің жылдамдығы дер едік. Ойдың тереңдігіне ену үшін, көп жұмыс істеу керек, уақыт пен ақыл-ой күш-жігерін жұмсау керек; көрнекі бейнелер көбінесе интуитивті түрде беріледі. Олар көбінесе біздің санамызға әсер етпейді, ондағы ақпарат бейсаналық түрде өңделеді.

Екіншіден, көру бейнелері бізге ойымыздан әлдеқайда көп нәрсені жеткізеді. Түрлі бағалаулар бойынша адам көру арқылы сыртқы әлемнен ақпараттың 90% алады. Дүниені тануда көзбен көріп қабылдау қызметі ерекше орын алады. Ұғым туралы түсінік беруде ең алдымен ментальді сигналдар көрген ақпараттары, яғни объект – денотат көмекке келеді. Егер денотат болмаса, дүниенің санадағы бейнесі қалыптаспайды. Поэтикалық мәтінде индивидуалды – авторлық көзқарас арқылы ойда дүниенің бейнесін, сыртқы формасын қалыптастыру жағдайлары кездеседі. Мысалы, өмір – жарық, сәуле бейнесімен, өлім – қараңғы, тұман бейнесімен объективтенеді. Дүниені тануда көрген ақпараттарын ойдағы бейнені үйлестіру механизмін көрсек.

Мәселен, М. Әуезов шығармасында *қайғысы қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар...* деп объективтенсе, *төбеге келіп тұрған толған айдың суға түскен сәулесі кейде айнаға түскен жарықтай созылып жарқырап тұрып, кейде өзен толқынымен шұбартып дірілдеп кетеді. Күліп тұрған жас сұлудың бетіндей болып жайнап*

төгіліп, су бетіне жайылып кетеді деу арқылы ай сәулесі адам көру арқылы туындайтын бейне.

Пейзаждық бейне. Кең мағынада пейзаж сыртқы әлемді, ашық кеңістікті сипаттау ретінде қарастырылады [6], мәтінде табиғатпен байланысты барлық нәрселердің болуы. Бұл ереже «табиғатконцептісін» лингвистикалық қолданысқа енгізуге мүмкіндік берді [7]. Көлемді шығармалар мәтініндегі «пейзаж» концептісінің құрылымын талдау кезінде ең маңызды мәселе мынада: пейзажды осы мәтін аясында біртұтас организм ретінде қарастыруға бола ма? Басқаша айтқанда, «пейзаж» концептісінавтор бүкіл мәтін бойынша бақылай ма, әлде жеке үзіктерде ғана оған жүгінеді ме?

Көркем шығарма мәтінінде пейзаж концептілерініңжүзеге асуы даралықтың ең жоғары дәрежесімен ерекшеленеді және әрбір шығармада пейзажды суреттеудің өзіндік ерекше құрылымы бар деуге болады. Мысал келтірейік: *Дүние кең екен, жарық екен. Аспан неткен әдемі, тұнық, тұңғыық. Аспандағы күн қандай жақсы, бетіне тура қаратпағанымен, мейірлі, жып-жылы* (М. Мағауин).

Құлахмет Ғабиден шығармасында: *Желтоқсанның ақ ұла жылбысқы боранындай емес, ақпанның мұз бүріккен кәрлі демі қатқыл, өте суық. Өңменіңнен өтіп, тұла бойыңды жапырақтай қалтыратып, табаныңды қариды.*

Көңіл – күй бейнесі. Адамныңжеке басының маңызды салаларының бірі – оның көңіл-күйі. Бұл – психикалық белсенділікпен эмоционалды бағалау саласы. Адамның көңіл – күйіәлемі-әлемнің локалді бейнесінің бірі. Әлем бейнесі-бұл нақты әлемнің тілдік бейнесі ғана емес, ең алдымен, адам жасаған объективті шындықтың субъективті бейнесі. Әлем шексіз, ал адамның дүниетанымдық мүмкіндіктері шектеулі. Әлемнің тілдік бейнесі антропоморфтық қасиеттерді, яғни адамның қабылдау тәсілін қамтиды. Бұл әлемнің айнадағы бейнесі емес, адамның әлемді қабылдауына байланысты түсіндіріледі. Көңіл-күйлер әмбебап болып келеді, олар адамның психикалық өмірін түсінудің жалпыадамзаттық тәжірибесін көрсетеді. Көңіл -күй мәдениетіне, тіліне және білім деңгейіне қарамастан, барлық адамдарға тән болып келеді. Барлық уақытта адамдар қуаныш, қайғы, махаббат, қайғы тәрізді бірдей сезімдерді бастан кешіреді және сезінеді. Белгілі бір затне құбылыстарға, эмоционалдық реакциялар мәдениетіне, тіліне немесе білім деңгейіне қарамастан, бүкіл әлемдегі адамдар үшін бірдей болып келеді.

Лингвистикалық әдебиеттерде осы әмбебап көңіл-күйлердің әртүрлі белгілері қолданылады: басым эмоциялар, негізгі эмоциялар, эмоционалды тон, жетекші немесе негізгі эмоциялар және т.б.

Мейірімділік, мұң, қорқыныш, ұят т.б көңіл-күйдібілдіретін концептілерді әмбебап түрінде жіктеуге болады. Алайда бұл мағыналар адамзат тарихының әр кезеңдерінде мазмұны жағынан өзгеріп отырады. Олардың лексикалық көрінісі, тереңдік дәрежесі, әр тілдегі нақтылануы әртүрлі. Демек, көңіл-күйді білдіретін мағыналар сезімнің жалпыға бірдей бейнесі болған жағдайда ұлттық ерекшелікке ие болады.

Көркем шығармадан мысал келтірейік: *Алты жыл қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүдеу жылдар.....* Сол Қарагөздің ауылы бүгін қалың таудың ішімен жайлаудағы көк шалғынды, салқын сулы шалқар қонысқа көшіп келе жатыр. *Көп жыл бойына созылған қаралы күй Қарагөз өмірінің қаупі болған. Күздің айсыз қараңғы түнінде, түн қатып жүрген жолаушы ұзақ қараңғылыққа қалай мойындап бағынса, Қарагөз де сондай мойындап, көніп болған...Содан бөлек халді көксететін өзге түрлі ой келсе, оны көңіліне дарытпай, өшіруге асырады* (М. Әуезов).

Мистикалық бейне. Мифологема – мифтегі басты кейіпкер немесе басты жағдаяттың тілдік көрінісі. Мифологемалар – кез келген тілдік жүйеде ерекше орын алатын, сол ұлттың көне тарихы мен халқының таным-түсінігін, қияли әлемін танытатын мифтік бейнелерін, аңыз үзіктерін, мифологиялық ұғымдарын, аңыздық образдардың символдануы мен эталонға айналуын объективтендіретін тілдік бірліктер. Мысалы: *Кейде тау қара түн, ақ жасуынның ішінде дию, алып мекендей көрінеді* (М. Әуезов).

Кеңістік бейне. Өздеріңіз білетіндей, кез-келген этнос өкілінің өмірі нақты физикалық кеңістікте жүреді. Бұл дүниені адам қабылдайды, ол санада *санада* абстракцияланып, когнитивтік модель арқылы *тілде* көрініс табады. Этнос өкілдерінің кеңістіктің психикалық моделін және оның жеке элементтерін, құрамдас бөліктерін құруы сөзсіз, бұдан былай оларда міндетті түрде кеңістіктік түсініктері қалыптастасады. Кеңістік бейнеге мысал: *Туған жер* қашан да қымбат. Ал қалмақпен қырық жыл қидаласып, қаныңды, жаныңды пида етіп жүріп қайтарып алған *жердің* қадірі тіпті ерекше. Арам ойлы жат жұрттың табанына таптатпақ түгіл, *бір түйір тасын, бір тал бұтасын* сипатқың келмейді (Қ. Жұмаділов). Тағы бір мысал: *Топырақ* көрінді. Буы бұрқыраған жас *топырақ* емес, жел үрлеп, жауын шайып көнерген, иесіз, ескі іннің аузындағы үйінді сияқты сұрықсыз *топырақ* (М. Мағауин). Кеңістік концептісінің төркінін танытып тұрған синтагмалар – *туған жер, бір түйір тас, бір тал бұта, топырақ*.

Поэтикалық мәтіндегі кеңістіктің өзі – семиотикалық болмыс. Автор танымында күрделі қиялға толы бейнелермен дүниені модельдеу әрекеттері кездесіп жатады. Олар визуалды (көзбен шолу) және интуитивті кеңістіктер тобында қарастырылады. Сол сияқты фантастикалық кеңістіктер болады. Бұл көркемдік кеңістік тудырудағы автордың индивидуалды варианттық моделі болып саналады.

Вертикальді кеңістік. Бақыт концептісі шынға шығу моделімен объективтенген. Мен шыға алмас шың едің, шын бақытым, әлі де биікпісің, биікпісің деген вертикальді кеңістік болатынын поэтикалық мәтіннен аңғарамыз. Көркем мәтін бойынша Қ. Жұмаділов шығармасында: Тек етікші шыңының ұшар басында ғана соңғы шақпақ бөріктей болып киіліп тұр. М. Әуезов әңгімесінде: Жартасты, зор кеуделі, үлкен биік ұзақ түнге созылу сарылған салқын ұйқыдан басын қоршаған бұлт жоғары көтеріліп айыққан сайын, зор қабағын сабырмен ашқандай болып, ұйқылы көзі тұнжырап, етекте керіліп жатқан далаға томсара қалғандай болады.

Горизантальді кеңістік. Поэтикалық мәтіндегі тілдік көрінісі – кеме, тор, көрпе, зындан, түрме, қазан, сарай. Аңырамын иесіз жағалауда, айырылып достықтың кемесінен. Арамдықтың кемесінде шайқалған, тентек болған тайыншадай ділгірдің әрі күттің алаңсыз бері күттім кемесіне жармасып керүміттің; Лақтырдық өмірдің кемесіне, жасырынып жұлдыздар кемесіне.

Қ. Жұмаділов әңгімесінде ақ көрпесін қалың қымтанып, шексіз-шексіз дала жатыр. Геометриялық кеңістік – дөңгелек, шар, дөңес, үшбұрыш, шаршы, сфера, цилиндр, конус т.б. элементтер арқылы модельдеу.

Көркем мәтін бойынша Қ. Жұмаділов шығармасында: Таулы өлкенің кешкі шағы сондай сұлу еді. Күн ұясына енісімен сай-сала қоңыр көлеңкеге шық толып, төңірек қара барқын тарта қалды. Тек әр тұста, шаншылған биік тұғырлар басында соңғы сәуле алтын тақиядай киіліп тұр.

Динамикалық кеңістік – фонтан, жол, өзен, құлама, су, ағыс. М. Әуезов әңгімесінде Өзеннің солтүстік жағы ұзын сары адыр. Кей жерде таудың аралары үзіліп, кезең болып, кей жерде біріне-бірі қабатталып, миқы адыр, бұйрат болады. Өзен осы адырды кенерелеп, таумен бірге айырылып ағады. Сары дала, сары адырдың арасындағы жіңішке өзен екі жағасындағы көкжиектенген шалғынымен, жағалай қонған ақ ауыл жыбырлаған неше түлік малымен, әр жерден бұрандап аспанға шығып жатқан көкшіл түтінінен бір қалыпты дүниенің ажарын ашып, сырт көзге көркейтіп тұрғандай.

Персонаж бейнелер. Арамызда жүр Жантықтың туысқаны (арамдық концептісі); Сократ мандай (данышпандық концептісі);

Иіс бейне. Барлықхалықтарүшіниіс бейнемазмұныменқұрылымы жағынан алғанда әрі әмбебап әрі ұлттықерекшеліктергеие болып келеді. Не екені де белгілі. Шіріген етпен аралас, мұрынға болмашы ғана лебі жеткен *иіс – иесінікі*. Ол осы арада жатыр (М. Мағауин). Ауа хош иіске толы. Күшік жұпар шашушы нәрселердің бірі – өзі тапап келе жатқан сабағы жіңішке, күлтебас шөп екенін аңғарды. Тұмсығын тақап еді, жеуге жарамағанымен, *иісі ұнамды көрінді*. Аяқ асты жұмсақ, түп-түп болып тығыз өскен қалың шөп. Тереңнен көк

кеулеп келе жатқаны байқалады. Кейбір түптердің ағынан көгі басым. Күшік жаңа тебіндеген *көдені де иіскеді*. Рахат! Тамаша! (М. Мағауин).

Дәмдік бейне. Дәм ұғымы, біріншіден, сындық, дәмдік қасиетті білдіреді. Сонымен қатар олар сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асады, яғни адам баласы астың, тағамның дәмдік қасиеттерін вербалды әрекет арқылы сыртқа шығарады, өзгеге хабарлайды. Қазақ тіліндегі «дәм» концептісі – тақырыптық аясы кең, мазмұны терең, қамтитын мәселелері өте маңызды, концептуалды өрісі өте күрделі концептілер болып табылады. Мысалы: Қарсы алдындағы ойпаң шұқанаққа су іркіліпті. Сап-сары су. Орнынан тұрып барып жалап көрді. *Дәмі ашқылтым, сүйкімсіз екен, мал қиының иісі шығады. «Ішуге жарамайды»* деп ойлады күшік (М. Мағауин).

Ащы немесе тәтті дәм арқылы қабылданаған әсер адамның қуанышы мен ренішін, өмірдегі бақытты сәттері мен қайғысын таныта алады. Мәтінде рахат сезімге бөлену, бақытты сезіну, әрекеттері жеміс-жидектің, балдың шырынымен өлшенеді. Сондықтан дәмдік бейнелер мен одан туындайтын метафоралар махаббаттан ләззат алу немесе азап шегу ұғымдарын бейнелеуде жиі қолданылады [8].

Махаббат тақырыбының дәстүрлі көрінісі поэтикалық мәтінде «махаббатқа улану», «тәтті еріннен бал тату», «махаббаттың тәтті дәміне бөлену», секілді бейнелермен модельденген. Поэтикалық мәтінде тәтті ұғымымен қоса «ащы» моделінің де ашу, ыза, қайғы ұғымдарын беруде тұрақтылыққа ие болғанын байқаймыз. Көркем мәтінде, *Алты жыл қаралы, қайғылы алты жыл өтті. Әрбірі бір-бір өмірдей сарылған ұзақ. Қара жел үзілмей соққан күздің суық күніндей қуарған жүздеу жылдар...*

...Сол Қарагөздің ауылы бүгін қалың таудың ішімен жайлаудағы көк шалғынды, салқын сулы шалқар қонысқа көшіп келе жатыр... Көп жыл бойына созылған қаралы күй Қарагөз өмірінің қаупі болған. Күздің айсыз қараңғы түнінде, түн қатып жүрген жолаушы ұзақ қараңғылыққа қалай мойындап бағынса, Қарагөз де сондай мойындап, көніп болған... Содан бөлек халді көксететін өзге түрлі ой келсе, оны көңіліне дарытпай, өшіруге асырады деп берілуі махаббат дәмін татушы жанның ішкі сезімімен астарлас (М. Әуезов).

Тактильді бейнелер. Тактильді бейнелер көркемдік шындықтың бұлдыр-болмысын танытуда белсенді қолданылады. Рахат сезімге бөлену, күйзелу, қорқыныш, құмарлану, тітіркену, жиіркену секілді ұғымдарды тері арқылы қабылданаған сезімдермен бейнелейді.

Тактильді бейнелер денеге сыртқы күштің жуысуынан алған әсер қалыптасады. М. Әуезов шығармасында мысалы, Күн қызуы жайылған ауа адамды тұншықтырғандай күйіп, шаңытып тұр. Тынысты ауырлатып, бойды мең-зең ғылып, әлсіреткендей бір қалыптан айнымай шыжып тұрған ыстық ауада анда-санда болымсыз ыстық леп білінсе, адам қомағайланып, сол тынышты салқынға қарай бойын созып, бетін төсеп, еріксіз ұмытылғандай болады?

Қорыта айтқанда, көркем мәтіндегі танылған концептілер дүниені сезімдік қабылдау, қиялдау, әрекетінде көрініс тапқан бейнелермен объективтендіруге негізделеді. Себебі, көркем мәтінде танылатын дүниелер әрқашан бейнелігімен құнды. Ал, ұғынудың ең тиімді жолы – бейне арқылы тану екені белгілі.

Әдебиеттер

1. Маслова В. Лингвокультурология / В. Маслова. – Москва, 2004. – 202 с.
2. Амирбекова А.Б. Языковая картина мира как отражения коллективного сознания (когнитивный аспект) / А.Б. Амирбекова // Молодой ученый. – 2018. – № 41(277). – С. 94-96.
3. Кубрякова Е.С. Семантика в когнитивной лингвистике (о концепте контейнера и формах его объективации в языке) / Е.С. Кубрякова // Известия РАН. Сер. лит. и яз. – 1999. – Т. 58, № 5-6. – С. 3-12.
4. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: КомКнига, 2006. – 264 с.
5. Карасик В.И. Лингвокультурный концепт как единица исследования / В.И. Карасик, Г.Г. Слышкин // Методологические проблемы когнитивной лингвистики / Под. ред. И.А. Стернина. – Воронеж: ВорГУ, 2001. – С. 75-79.

6. Литература и язык: Энциклопедия. – М.: ЗАО «РОСМЭН-ПРЕСС», 2007. – 584 с.
7. Рябова В.Н. Пейзажная единица текста: семантика, грамматическая форма, функция: на материале произведений А.П. Чехова. Дис. канд. филолог. наук / В.Н. Рябова. – Тамбов: Тамбовский гос. ун-т, 2002. – 196 с.
8. Жарқынбекова Ш.К. Концепты света в русской языковой картине мира // Вестник КазГУ. Серия филологическая. – Алматы. – 2000. – С. 37.

А.Т. Смагулова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., akma.2000.2006@mail.ru

СЕМЕЙДЕГІ АБАЙ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНА ҚОРЫНДАҒЫ АБАЙ ОҚЫҒАН КІТАПТАР

Мақала BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

Абай кітапханасы – қазақ әдебиеттану ғылымындағы әлі де зерттеуді қажет ететін күрделі тақырып. Абай кітапханасының межесін анықтау, түгендеу, оны талдау, оған баға беріп, түсінік айту абайтанудағы өткір де өзекті мәселе.

Абай оқырманы болған Семей қаласындағы Абай атындағы әмбебап кітапхана – тарихы тереңде жатқан алтын қор. Кітапхананың сирек кітаптар қорындағы кітаптар Абай кітапханасының межесін анықтауға септігін тигізетін бірден бір құнды мұралар.

XIX ғасырдың 80-ші жылдарына қарай Семей қаласының Ертіс өңірінің мәдени өміріндегі рөлі едәуір өсті, ол білім беру, саяси және экономикалық өмірдің орталығына айналды. Сонымен қатар, жер аударылғандардың едәуір үлкен контингенті жиналды. Жер аударылғандардың арасында Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысына қатысқандар, орыс революционер-демократтары, бір сөзбен айтқанда, әртүрлі таптар мен конфессиялардың өкілдері болды. Саяси жер аударылғандар, саяси қызметіне байланысты жоғары оқу орындарын бітіре алмағанына қарамастан, өте мәдениетті және жоғары білімді болды. Қалада тұрып, олар белсенді білім беру жұмыстарын жүргізді: балаларды оқытып, өлкенің тарихын, археологиясын, этнографиясын және экономикасын зерттеді, Императорлық Орыс Географиялық қоғамымен ынтымақтастықта болды, ғылыми экспедицияларға қатысты [1].

XIX ғасырдың екінші жартысында Семей қаласында жазасын өтеген жер аударылғандардың үлкен тобы қаланың мәдени-рухани өміріне елеулі өзгерістер енгізді. Жазасын өтеумен бірге олар өздерінің білімдері мен тәжірибелерін қолдануға тырысты. Әлемдік мәдениеттен алшақ бола отырып, саяси жер аударылғандар өз күштерімен қазақ даласында прогрессивті идеяларды таратты.

Семей тарихының жарқын беттері қаланың мәдени-рухани өміріне жаңа леп әкелген орыс демократтарының есімдерімен тығыз байланысты. 1878 жылы Семейде Е.П. Михаэлистің басшылығымен дала өлкесін жан-жақты зерттеумен айналысатын алғашқы мемлекеттік мекеме – Облыстық статистикалық комитет құрылды.

Кәкітай Ысқақұлы: «Абай әлде бойына біткен өнерін жарыққа шығарып, білдіре алмай кетуге де болатұғын еді. Әгәрда 80-ші жылында жер аударылып келген Михаэлис деген білімді кісімен таныс болмаса... Бұл Гросс һәм Михаэлис Абайдыкіне қонақ болып келіп-кетіп жүрген. Абайдың ғылымға бетін түзеп жібермекке осы кісілер үлкен себеп болған... Абай өле-өлгенше «Менің ... дүниеге көзімді ашқан – Михаэлис» деп айтып отырушы еді», – деген ақынның тұңғыш шығармалар жинағына жазған естелігінде [2].

Абай 40 жастан енді асқанда Е.П. Михаэлис, С.С. Гросс, А.Л. Леонтьев, Н.И. Долгополовтармен танысады. Бұл кезде Абай Шығыс пен Батыс әдебиетін, философиясын жетік меңгеріп, болыстық істермен белсене араласқан кезі. Абайдың достары Семейде

жазасын өтеп қана қоймай, қазақтардың тарихын, этнографиясын, дала құқығының ерекшеліктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін зерттеу барысында Абайдың ақыл-кеңестерін басшылыққа алды. Михаэлис көшпенділер өмірінің көп бөлігін үлкен ынтамен үйренсе, Шығыс мәдениетіне қаныққан жер аударылып келгендер өздеріне жаңа дүние ашты.

Михаэлис ғылым әлемінде Ертіс пен Алтай өңірін зерттеуші ретінде кеңінен танымал болды. Семей өңірінде қызмет еткен жылдары елді жиі аралап, өлке тұрғындары – қазақтарға үлкен сүйіспеншілікпен қарап, көшпелі мәдениеттің ерекшеліктерін білуге жіті көңіл бөлді [3].

Саяси жер аударылғандар қаламыздың мәдени дамуында ерекше рөл атқарды – Е.П. Михаэлис, А.Л. Блэк, С.С. Гросс және т.б. Олар Қазақстандағы тұңғыш кітапхананың ашылуы қалаға ерекше мәдени мәртебе беріп, жергілікті халықтың өзін-өзі тәрбиелеуіне септігін тигізетінін терең түсінді. Семейде 1883 жылы 3 қазанда көпшілік кітапхана ашылды.

Абайтанушы Қ. Мұхамедханов: «Музей жанынан ұйымдастырылған кітапхана, ол замандағы Сібір қалаларындағы кітапханалардың ішіндегі ең байы деп танылған. Семей кітапханасында: Пушкиннің, Лермонтовтың, Л. Толстойдың, Салтыков-Щедриннің, Достоевскийдің, Жуковскийдің, Тургеневтің, Гогольдің, Михайловтың, Гюгоның, Гетенің, Диккенстің, Золяның тағы басқа орыс және дүниежүзі әдебиеті классиктерінің шығармалары мол болған. Тарих, философия, табиғаттану, тағы басқа ғылым салаларына арналып жазылған кітаптарды және сол кезде Ресейде шығып тұратын: «Вестник Европы», «Наблюдатель», «Русский Вестник», «Русская мысль», «Русская речь», «Исторический Вестник», «Новости», «Новое время» т.б. журналдарды Семей кітапханасы жаздырып алып тұрған» [4], – деп Абай заманындағы кітапхана баға береді.

Семей қаласы кітапханасында «Современник», «Русский вестник», «Вестник Европы», «Исторический вестник», «Русская мысль», «Русская речь», «Новости», «Новое время» журналдары болған, Ресейде шыққан бұл баспасөз үлгілері барша әлемнің тарихы, мәдениеті, әдебиеті, өнері, ұлттық ұстанымдары жөнінде жан-жақты хабардар еткен баға жетпес құнды жәдігерлер еді. Абайдың озық ой жүйесінің қалыптасуына пайдалы ықпалын тигізгендігі сөзсіз.

Семей баспаханаларынан жарық көрген «Обзор Семипалатинской области» (1878), «Семипалатинские областные ведомости» (1880), «Отчет Семипалатинского статистического комитета» (1895), «Адрес – календарь Семипалатинской области» (1897), «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества» (1903) газеттері мен жинақтарын Абайдың үзбей оқып тұрғандығы анық.

Кітапхана ашылған сәттен бастап кеменгер ақын тұрақты оқырманы болды. Алтын қорды құрайтын өлкетану деректері ойшылдың қоғамдық қызметімен таныстырады. Бұл сирек кездесетін түпнұсқа басылымдар абайтану үшін құнды дерек көздері екені сөзсіз.

Кітапхана қорында XIX ғасырдан бастап күні бүгінге дейін сақталған көне кітаптар жетерлік. Олардың қатарында А.С. Пушкин (1887), А.Н. Толстой (1868), В.И. Даль (1883) жинақтары, К. Беккердің «Всемирная история» (1846), Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» (1845), Гомердің «Илиада» (1829), Д.В. Дрэпердің «История умственного развития» (1873), Г. Спенсердің «Начало социализма» (1810) деген кітаптары бар. Дәл осы кітаптарды Абай да, Шәкәрім де заманында қолына алды, қолына алып қана қоймай ыждаһатпен оқыды десек қателеспейміз.

Абай кітапхана қорындағы көркем әдебиет туындыларымен бірге, философия, жаратылыстану, тарих кітаптары, энциклопедиялар, сөздіктер, ғылымның әртүрлі салаларына қатысты анықтамалықтармен де таныс болды.

Мәдениет ошақтарынан шалғай жатқан Семей шаһары үшін көпшілік кітапхананың маңызы ерекше еді. Қаланың ғана емес, бүкіл өңірдің зиялы қауымы мен алдыңғы қатарлы азаматтары бас қосатын орталыққа айналып, Қазақстанның рухани дамуына зор үлесін қосты.

Абай кітапханасының бай қорында Абай мен Шәкәрімнің, ардақты алаш зиялыларының алақанының жылуын еске түсіретін кітаптар сақталған. Бұл кітаптар –

Абайдың ақындық талантын шыңдаған қасиетті қайнар көзге айналған баға жетпес рухани қазына.

Әдебиеттер

1. Мусабалина Г.Т. Политическая ссылка в Семипалатинский край в XIX веке / Г.Т. Мусабалина // Вестник Омского университета. – 2009. – № 1. – С. 63.
2. Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі. (Репринттік басылым, 1909 жыл). – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. – 320 б.
3. Бейсембаев М. Абай және оның заманы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 230 б.
4. Мұхамедханұлы Қ. Ұлы ақынның қайраткерлік қызметі. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: Ел шежіре. – 420 б.

ҒТАХР: 27.01.45

Г.А. Мавлитаева, А.Б. Сентаева

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, gulnaz78-78@mail.ru, asia_bs@mail.ru

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА ASSURE ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИЗАЙН МҮМКІНДІКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Білім беру үдерісі мен тәрбие үздіксіз дамуды қажет ететіні белгілі. Соған орай педагогтардың да өзін-өзі жетілдіру талабы бүгінгі күнде өзектілігін жойған емес. Жаңа буын, жаңа ұрпақты кәсіби біліммен қаруландырып, арнайы пәндерді оқытуда цифрлық сауаттылықтың болуы – заман талабы. Осы орайда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың тиімділігі, соның ішінде педагогикалық дизайн бағытында жұмыс жасау – ұтымды әрі нәтижелі.

Мақаланың педагогикалық құндылығы оқытуда цифрлық технологиялар мен құралдарды қолданумен бірге «педагогикалық дизайн» бағытын қолданысқа енгізуім. Жалпы «Педагогикалық дизайн» термині ағылшын тіліндегі «instructional design, ID» термині негізінде анықталған және ол білім беру дизайны немесе оқу материалдарын әзірлеу деген мағынаны білдіреді. Бұл термин екі сөзден тұрады – *оқу, нұсқаулық, білім беру және design – жоспар, сызба, модель, композиция*. Италиян тілінен «мен жобалаймын», ал латын тілінен «мен тағайындаймын» деген мағынаны білдіреді [1].

Педагогикалық дизайн – бұл оқу қажеттілігін талдауды, оқудан күтілетін нәтижелерді нақтылауды, сондай-ақ анықталған қажеттіліктерді қанағаттандыруға (қойылған мақсаттарға қол жеткізуге) мүмкіндік беретін құралдар (яғни оқу материалдары) жүйесін әзірлеуді қамтитын біртұтас процесс.

Жалпы педагогикалық дизайн заманауи ақпараттық технологияларды енгізу арқылы оқыту әдістерін жасауға бағытталған тәсіл. Педагогикалық дизайн құрылымы оқу мақсатынан, оқу материалдарынан және цифрлық құралдардан тұрады.

Педагогикалық дизайн оқу материалдары мен іс-шараларды әзірлеу, сонымен бірге оларды енгізу мен бағалауды қамтиды. Сондықтан біз педагогикалық дизайнды оқу үрдісінде сабақтарды жоспарлау және өткізу процесіне қатысты қарастыруымызға болады.

Зерттеушілер педагогикалық дизайнның мазмұнын анықтай отырып, оны әртүрлі аспектілерде: процесс ретінде, пән ретінде, ғылым ретінде, тәжірибе ретінде қарастырады.

Педагогикалық дизайн ережелерін қолдана отырып, оқу-тәрбие жұмысын модельдеудің бірнеше түрлерін жүзеге асыруға болады. Олар: ASSURE, ADDIE, SAM, SMART, ALD және т.б. [2].

ASSURE – бұл мақсаты тиімді оқыту мен оқу болып табылатын педагогикалық дизайн моделі. Ол алты негізгі кезеңнен тұрады:

- A (Analyze Learners) – мәселені анықтау;
- S (State Standards and Objectives) - стандарттармен мақсаттарды белгілеу;
- S (Select Strategies Technology, Media and Materials) – стратегияларды, технологияларды, медиа және материалдарды таңдау;
- U (Utilize Technology, Media and Materials) – технологияларды, медиа және материалдарды қолдану;
- R (Require Learner Participation) – нәтижені көрсету;
- E (Evaluate and Revise) – бағалау [3].

1. **Мәселені анықтау.** Бұл кезең оқудың басында қажетті нәтижені түсіну мақсатында жүргізіледі. Ол төрт сатыға бөлінеді:

- ▶ білімалушының қажеттілігіне талдау жасау (олар қандай нәтиже күтеді, оқудан не күтеді);
- ▶ оқудағы мәселелерді анықтау (мақсатты аудиторияның қандай білімі жетіспейді, олар қандай қателіктер жібереді және неге);
- ▶ оқу мақсаттарына талдау жасау (олар не біледі және істей алады, тақырып бойынша білімнің қандай деңгейінде, оқу тәжірибесі қандай);
- ▶ жағдайларды талдау (қандай тапсырмаларды үйрету керек, ол үшін қандай дағдылар қажет).

2. **Стандарттар мен мақсаттарды белгілеу.** Сабақ мақсаттарының айқын сипаты АТШД түріндегі оқу мақсаттарына сәйкес болып табылады:

Аудитория – бұл оқу мақсаты кімге арналған?

Тәлім – Қандай тәлім беру керек? Білім алушылар нені меңгереді?

Шарттар – Тәлім немесе үлгерім байқалатын шарттар қандай? Білім алушылардың нені меңгергенін қалай білеміз?

Деңгей – білім мен дағдылар қандай деңгейде игеріледі?


3. **Стратегияларды, технологияларды, медиа және материалдарды таңдау.** Оқу материалын ескере отырып, қалаған нәтижелерге жеткізетін оқу стратегияларын, технологиялар мен ресурстарды таңдап алу.

4. **Технологияларды, медиа және материалдарды қолдану.** Сабаққа таңдап алған технологиялар, медиа және материалдарды оқу процесінде қолдану.

5. **Нәтижені көрсету.** Топтың оқу материалын белсенді игеруге жұмылдыру. Топқа деңгейлік тапсырмаларды анықтап алу. Білім алушыларды бақылау жүзеге асырылады

6. **Бағалау.** Оқу нәтижесі бағаланады, бағалау нәтижелері оқу материалдарын түзету, пысықтау үшін пайдаланылады. [4]


Мен өзімнің іс-тәжірибемде студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру мақсатында цифрлық технология мүмкіндіктерін ASSURE моделі бойынша қолданудамын. «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «Математиканың теориялық негіздері және бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі» пәнінен ASSURE моделі бойынша құрылымдалған бір сабақтың жоспарын ұсынамын (1 сурет).



1 сурет


Моделдеу **Genialy** электронды оқыту платформасында құрастырылды. Бұл платформа түрлі презентациялар, интерактивті ойындар, викториналар мен инфографика құруға арналған.

A (Analyze Learners – мәселені анықтау) кезеңінде сабақтың басында проблемалық сұрақ тудырамыз. Осы сұрақты шешуді алдымен қажетті ұғымдарға ассоциация жасалынады. Студент өзіндік көзқарасын танытады. Ол үшін Flippity.net платформасы пайдаланылады. (2-сурет)



2 сурет

S (State Standards and Objectives стандарттарды және мақсатты анықтау) кезеңінде біліктілік картасын құрылымдалады. Картада тақырыпқа қажетті заңнамалық негіздер, білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік нұсқау хаты туралы ақпарат берілген. Сілтемелер арқылы қажетті сайттарға өтіп, көруге болады. special-edu.kz сайтында оқулықтар, әдістемелік кешендер жинақталған. Осы кезеңде сабақтың мақсаты анықталады (3-сурет).



3 сурет

S Программалар, әдіс-тәсілдер, технологиялар кезеңінде өткен тақырыпты еске түсіре отырып, жаңа біліммен таныстыру жүргізіледі.

Өткен тақырыпты білім, білік, дағдыларын тексеру мақсатында «Жасырын ұяшықтар» интеллектуалды – танымдық ойын ұйымдастырылады. Ойын **Flippity.net** оқыту үшін әр түрлі интерактивті ойындар құрастыруға арналған платформада құрастырылды. Топтық жарыс түрінде өтеді. **Мақсаты:** білім алушылардың білімін сайысқа түсіріп, білімді жан-жақты болуға, өзіне деген сенімділік қасиеттерін қалыптастыру, озық болуға тәрбиелеу. Жаңа тақырыпты түсіндіру үшін **Lessonup.com** платформасының мүмкіндіктерін пайдаландым. Бұл платформаның ерекшелігі Powerpoint бағдарламасында дайын тұрған презентацияны жүктеп, ішіне интерактивті тапсырмаларды қосуға болады. Оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген интерактивті сабақтардан тұратын <https://bilimland.com/> платформасын қолдану арқылы арнайы бейнематериалдармен танысады және берілген интерактивті тапсырмаларды орындайды.


Жаңа білімді бекіту үшін **Padlet.com** интерактивті тақтасында топтық жұмыс жасалады. Онда оқу бағдарламасынан оқу мақсаттарын анықтап және 4-сынып математика оқулығынан есептерді тауып, талдау жасайды және Қозғалысқа берілген есептерді оқытуда ерекше білім алуды қажет ететін оқушыларға арналған тапсырма құрастырады. Бағалау

критерийлері ұсынылады. Қажетті ресурстар: оқу бағдарламасы, оқу жоспары, оқулықтар, қалыптастырушы бағалар жиынтығының электрондық нұсқалары беріледі (4-сурет).




4 сурет

R нәтижені көрсету кезеңінде сабақ басында қойылған проблемалық сұрақтың жауабы ретінде құрастырған тапсырмаларын талдап, beta.flip-chart.ru бірлесіп жұмыс жасауға арналған онлайн виртуалды тақтасымен ұсынады (5 сурет).



5 сурет

E бағалау кезеңінде тақырып бойынша білімдерін тексеру мақсатында **Quizizz** бағдарламасында викторина өткізіледі (6 сурет).



6 сурет

ASSURE – оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыру тәсілі. Сабақ беру әдістемемізді жақсарту үшін осындай реттелген қадамдық нұсқаулықты қолданған пайдалы.Интерактивті платформаларды қолданып ұйымдастырылған сабақ студенттердің белсенді ойлау қызметін тудырады.

ASSURE моделінде әзірленген сабақтың сілтемесі:
<https://view.genial.ly/65da47f8cccf60001440f20b/guide-inklyuzivti-bilim-beru>

Сабақта бірінші орынға студенттердің білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын зерттей отырып, даралық ерекшелігіне қарай кәсіби тұлға ретінде дамуын басшылыққа аламын.

Ол үшін оқытуды ұйымдастыруда педагог мына міндеттерді жүзеге асыруы тиіс:

- студенттерді оқу үрдісін басқаруға қатыстыру;
- ұжымдық іс-әрекетті ортақ қарым-қатынас құралы ету;
- деңгейіне қарап саралап, ерекшелігіне қарап даралап оқытуды жүзеге асыру.

Егер оқу үрдісінде білімалушылардың қабілеттерін анықтай отырып, тапсырмаларды деңгейлеп беріп, даралап оқытуды жүзеге асырсақ, сенімділікті арттырып, кәсібилігін дамыта аламыз (7 сурет).



ASSURE моделі негізінде білімалушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда адам бойындағы таланттары мен қабілеттерін анықтаудың кәсіби тәсілі тестті қолдану өте тиімді.

Кез келген адамның барлық қабілеттерін толық аша алатын, сүйікті іспен айналысуға мүмкіндік беретін, мамандықты жаңылмай таңдауда көмектесетін, арнайы әдістемелерге негізделген тесттер бар. **Massaget.kz** сайты мұндай тесттердің топтамасын жасады. [5] Оқу үрдісінде пайдаланған тесттерге тоқталсам.

Халықаралық аккредиттелген **MBTI тесті**. Ол тұлғаның 16 түрін анықтай отырып, әр түрлі типтерді жіктеуге талпыныс жасайды. Тест 60 сұрақтан тұрады. Ақыл, энергия, болмыс, тактика пайызын негізге ала отырып, 16-ның қай түріне жататыныңызды анықтайды. Мансап бөлімінде адамдардың осы түрлеріне қандай жұмыс сай келетіні сипатталған. Тест тегін беріледі.


Сілтемесі: <https://www.16personalities.com>

Икигаи тесті. Икигай – жапондық «адам болу» принципі. Икигай 4 негізгі бөліктен және басқа да қосалқы бөліктерден тұрады. Негізгі бөліктері: қызығушылығы, миссиясы, мамандығы, кәсібі. Икигай философиясы бойынша адам төртеуін біріктіру арқылы өмірде өз орнын таба алады.

Тест 4 кезеңнен тұрады. Икигайды «Не ұнайды», «Әлем не қалайды», «Не жақсы істейсің», «Не аласың» кезеңдерінен 20 сұраққа жауап беру арқылы табуға болады. Тест тегін жүзеге асырылады.

Сілтемесі: <https://ikigaitest.com/ru/>

MBTI, Икигаи тесттері арқылы студенттерді әр түрлі типтерге жіктеу кестесін жасап, оқу үрдісінде қолданудамын (8 сурет).



8 сурет

Gallup – бұл адам бойының таланттары мен қабілеттерін анықтаудың кәсіби тәсілі. Адам бойындағы мықты және әлсіз жақтарын осы тест арқылы анықтауға болады.

Тесттің ресми атауы – CliftonStrengths34. Көпшілік ортасында Gallup тест деген атаумен көрсетіледі. Тестті құрастырғандар адам бойындағы негізгі қабілеттерді 34 талантқа топтастырған. Оны төрт домен бойынша бөлген. Executing доменіне жауапкершілік, ұйымдастыру, тәртіп сияқты таланттар жинақталса, influencing доменінде коммуникация, сенімділік, максимализм сияқты қабілеттер бар. Бір сөзбен айтсақ, тест арқылы орындаушы, ықпал етуші, қарым-қатынас құрушы және стратег деген төрт тип бойынша адам қабілеті анықталады. Қабілеттердің дара ерекшелігі әркімде әртүрлі. Оқытушының міндеті – сол қабілеттерді түсіну, түсіндіру, қолдану стратегиясын жазып, білім алушыны оқуға, шығармашылыққа бағыттау. Тест тапсыру – ақылы.

Сілтемесі: <https://www.gallup.com/cliftonstrengths/en/home.aspx>

ITALENT – Галлуп тестінің қазақстандық аналогы. Тест адам талантын анықтауға бағытталған. Негізінен түлектер мен студенттерге арналған. Тест ешбір бөлікке бөлінбеген, барлығы 100 сұрақтан тұрады. Бұл 40 минутқа жуық уақытты алады. Алғашқы 3 талант тегін. Сілтемесі: <https://italent.kz>.

«Математиканың теориялық негіздері және бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытуда жеке қабілеттерді анықтауға арналған тесттердің нәтижесіне қарап, тапсырманы деңгейлеп беру арқылы даралап оқытуды жүзеге асырудамын (9 сурет).

Студенттердің қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар

Спортқа қабілеті жоғары студенттерге арналған тапсырмалар

Сабияқтың тақырыбы: Алгебралық элементтерді оқыту әдістемесі

Тапсырма: Футбол добы алтыбұрышты ақ түсті және бесбұрышты қара түсті 32 тіпіден тұтып. Әрбір қара түсті тіпін екі ақ түсті тіпіденмен шектесіп, Дотта қанша ақ түсті тіпін бар? Жауабын теңдеу арқылы шығар

Сабияқтың тақырыбы: Қозғалысқа берілген есептер

Тапсырма: Зайсем қапалықтарды орталық стандартымен футбол апаратының ұзындығы 180 м, ені 90 м. Егер футболшының қапалықның ұзындығы 50 см, 1 секундта 2 қадам жасаса, аяқпен айналды шару үшін футболшыға қанша уақыт қарак болады?

Музыкалық қабілеті жоғары студенттерге берілетін тапсырмалар

Сабияқтың тақырыбы: Рационал сандар

Тапсырма: Әп-Фараби арифметикалық мәніметтерді пайдаланып әр түрлі музыкалық интервалдарды шығарып алу ережелерін зертте.

Сабияқтың тақырыбы: Қатыс, қатыстын берілу тәсілдері, қасиеттері

Тапсырма: Дыбыс үйлесімділігі мен сандардың пропорцияларының ережелерін зертте.

Тілді меңгеру, шығармашылыққа қабілеті жоғары студенттерге берілетін тапсырмалар

Сабияқтың тақырыбы: Есеп ұғымы, есептерді шешу жолдары

Тапсырма: «Қазақ әліпін аңыз бен ертегіден тұндырған есептері» бойынша реферат әзірле.

Сабияқтың тақырыбы: Шамалар және оларды өлшеу

Қазақтың байырғы есептерінің мысалдары: Түйеде екі аяғымен тұрғанда бір пұт тартса, бір аяғымен тұрғанда қанша пұт тартары?

Оқыту технологиялары: деңгейлеп – саралап оқыту, ақпараттық-коммуникациялық, сын тұрғысынан ойлау технологиялары.

Оқытудың түрлері: топтық жұмыс, жұптық жұмыс, ұжымдық жұмыс.

9 сурет

Қорыта келгенде білім беру үдерісі үздіксіз дамуды қажет ететіні белгілі. Педагог қоғамның сұранысына сай дамып отыруы-басты міндет. Осы орайда ақпараттық құзыреттілікті дамытуға байланысты ұсынылған кез келген курстың берері мол.

Педагогикалық дизайн, оқу материалдарын жобалау процесі ретінде бірқатар жүйеленген кезеңдерге топтастырылған анық сипатталған процедуралар. Оқытушының тәжірибесінде осы процедураларды сақтау сабақтың сапалы жоспарын құруға және тиімді оқуды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Сандық технология келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер, әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Өз тәжірибемде ASSURE моделі негізінде сандық технологиялар арқылы оқу материалын құрылымдай отырып, болашақ маман даярлауда оқу үрдісін тиімді жоспарлауды жүзеге асырудамын. Студенттердің шығармашылық әлеуетін арттыруда адамның бойындағы таланттары мен қабілеттерін анықтаудың кәсіби тәсілін қолданудың маңызы зор екендігін байқаудамын.

Әдебиеттер

1. Ковешникова Н.А. Дизайн: история и теория / Н.А. Ковешникова. – М.: Омега-Л, 2005. – 224 с.
2. Битэм Э. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны / Э. Битэм, Р. Шарп. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.
3. Gagné R.M. Principles of instructional design / R.M. Gagné // Thomson/Wadsworth, 2005. – 416 p.
4. Курносова С.А. Педагогический дизайн: эксплицирование понятия / С.А. Курносова // Междунар. журн. эксперимент. обр. – 2012. – № 8. – С. 36-42.
5. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/basty-zhaalytar-438/70910/>

МРНТИ: 17.09.91

А.А. Шауханов, к.п.н., доцент
Ф.К. Оразбекова, педагог-ветеран, член Союза журналистов РК,
Таразский Университет им. М.Х. Дулати,
Республика Казахстан, г.Тараз, armanshauhanov@mail.ru

ПЕСНЯ ТАТЬЯНЫ



Художник М. Ержанов «Письмо Татьяны»

К 225-летию А.С.Пушкина

«Пушкин – всенародный акын Земли»
Жамбыл Жабаев

Казахстанский писатель, пушкинист и журналист Константин Кешин писал: «Пушкин – поэт, чьи произведения объединяют людей всех возрастов, вероисповеданий,

национальностей, переводятся на десятки языков мира». «Абай первым среди поэтов всего Востока, всей Азии подхватил и перенес в свою великую степь творения Пушкина», – утверждал Мухтар Ауэзов.

Абай Кунанбаев (1845-1904) первым в казахской степи познакомил свой народ с произведениями Александра Сергеевича Пушкина, переведя их на казахский язык. Умом и глубиной души постиг Абай поэзию Пушкина и поставил перед собой задачу – донести до своего народа красоту его стихов, поэтическую и идейную. Работу над переводами начал в конце 80-х годов XIX в.

Первое его знакомство с творчеством Пушкина начинается с чтения повести «Дубровский». Две толстые книги с произведениями Пушкина и Лермонтова были самыми востребованными поэтом. За ними он провел немало вечеров. Мухтар Ауэзов в романе «Путь Абая» пишет: «Весь вечер Абай сидел над Пушкиным. Этот день был первым днем, по-настоящему сроднившим Абая с Пушкиным: он читал теперь пушкинские стихи не глазами читателя, а сердцем поэта».

Абаю близок был дух творчества Пушкина, тематика лирики, глубина мыслей и чувств, выраженная в лаконичной и простой форме. Под влиянием Пушкина Абай совершенствовал свой поэтический стиль, ввел и утвердил в казахской поэзии несколько новых стихотворных форм.

Акын перевел на казахский язык отрывки из романа «Евгений Онегин» и мастерски, в сжатой форме, передал волнующую историю его главных героев – Евгения Онегина и Татьяны Лариной, приблизил ее к пониманию казахской молодежи XIX в.

О переводе Абаем пушкинского романа Герой Советского Союза, писатель Бауыржан Момышулы (1910-1982) говорил: «В «Евгении Онегине» 389 строф, около пяти с половиной тысячи строчек. Абай вместил все это в 376 строк, чтобы роман был понятен казаху... Он переделал самые главные ключевые события на привычный для восприятия казахов размер... Из третьей главы Абай перевел только письмо Татьяны... Перевод получился лаконичным. Казахскому читателю отлично передано содержание романа Пушкина».

Это были вольные переводы отдельных отрывков. Абай не просто перевел, а написал к ним мелодии. Они не были напечатаны при жизни поэта, но благодаря мелодиям Абая, широко распространились по всей степи как народные, и пелись они под аккомпанемент домбры.

В 1936 году Мухтаром Ауэзовым написаны первые страницы будущего романа-эпопеи «Путь Абая» и начал он с «Письма Татьяны», – главы, посвященной переводу письма Татьяны Онегину. Он описал, как пушкинская Татьяна еще в XIX веке, благодаря музыкальному и поэтическому гению Абая, запела в степи и стала для казахского народа символом романтической песни о любви.

В 1936 году в газете «Қазақстан әдебиеті» («Литература Казахстана») впервые был напечатан отрывок из романа под названием «Как запела Татьяна в степи». М.О. Ауэзов писал: «В зиму 1887 года великий русский акын Пушкин впервые вступил в простор казахских степей, ведя за руку милую свою Татьяну. Он принес в эти просторы радость своих песен, а его Татьяна пришла как близкая, как родная всем и научила молодые сердца казахов тому языку искреннего чувства, каким еще никто не говорил в казахской степи».

О воздействии на Абая пушкинского слога свидетельствуют и строки из романа: «Он и решил перевести письмо Татьяны. Последние два дня он помогал ей заговорить на чужом ей казахском языке... Русская девушка Татьяна грустила одной грустью с дочерьми казахов! Такие далекие и по языку, и по обычаям, они оказались близки друг другу и мыслями, и судьбой, и пламенными чувствами...»

С глубоким вздохом Абай вновь склонился над письмом Татьяны. «Какие искусные слова! Не слова – дыхание, трепетное биение сердца, ... нежная глубина», – подумал он с восхищением и неожиданно вспомнил сложенные им когда-то стихи «Речь влюбленных не знает слов». Покоренный волнением Пушкина, он снова вчитывался в пушкинские строки».

Абай вспомнил свою молодость, образы двух любимых девушек – Тогжан и Салтанат, их печальные судьбы, которые «Обе, подобно самой Татьяне, подавили разумом голос сердца, обе не смогли поднять голов, опутанных уздой неволи... Пусть их чуткие сердца вникнут в эту песню, они поймут ее как свою», – думал Абай».

Образ Татьяны стал символом нежности, духовной чистоты. Писатель показал и процесс создания Абаем мелодии для «Песни Татьяны».

Песня Татьяны, созданная Абаем, стала любимой и популярной в народе, первой исполнительницей стала жена Абая Айгерим, известная на всю округу певунья с красивым голосом: «...и Айгерим запела «Письмо Татьяны». Она пела... с глубоким душевным волнением, с трогательной сердце душевной тоской... Все в юрте слушали ее, сдерживая дыхание, покоренные пением. По молчаливому знаку Абая Айгерим допела длинную песню всю до конца», – читаем у М.О. Ауэзова. «Песню Татьяны» любили и пели не только в Чингизских горах и степях, с удивительной быстротой она распространялась по всему Казахстану и немалую роль в этом сыграли и девушки, сородичи Абая, вышедшие замуж в дальние края и увозившие с собой, чуть ли не как часть приданого, рукописные сборники стихов и песен Абая. «Песня Татьяны» звучала на вечеринках в аулах и городах, на сценах театров и концертных площадок. Популярная в народе песня получила свою самостоятельную жизнь.

Д.Л. Иванов (1846-1924), русский ученый и писатель XIX века, путешественник по казахским степям, в очерке «На утином перелете», восхищаясь пением и игрой на домбре старого казаха, вдруг встрепелся от удивления, услышав очередную песню: «Признаюсь сразу, я собственным ушам не поверил. Вообразите только, старый киргиз распевал не более, не менее как «Письмо Татьяны к Онегину». Песня была воспринята слушателями с одобрением. На вопрос Иванова, кто же сочинил эту песню, певец ответил, что какой-то казахский акын». Далее Иванов писал: «Об истинном авторе, он, конечно, даже не подозревал».

А вот что писал в воспоминаниях Алихан Букейханов (1866-1937), политический и общественный деятель, действительный член Императорского Русского географического Общества: «В 1899 году в Коконской волости киргизский поэт Адылхан предложил нам послушать «Письмо Татьяны» под аккомпанемент его скрипки. Адылхан, не без гордости указав на себя, пояснил, что у русских был такой же, как он певец, «ахын» Пушкин, который воспел, как Татьяна «слу» (красавица) полюбила джигита Онегина, которому и написала письмо. В тот же вечер Адылхан, знающий много оригинальных стихов Абая, спел нам несколько его переводов из Лермонтова, пояснив при этом, что Лермонтов был недоволен жизнью, а Пушкин относился к ней, как мудрец».

О переводах Абаем романа «Евгений Онегин» писали в периодической печати дореволюционной России, в частности, в многотомнике «Россия» (том 18-й, 1903г.) в статье, посвященной Абаю, отмечалось: «... Этому же автору принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина», ... таким образом, от семипалатинских өленші (певцов) можно слышать, например, «Письмо Татьяны», распеваемое, конечно, на свой мотив».

Впервые «Песня Татьяны» была опубликована в 1909 году в Санкт-Петербурге в сборнике «Стихи казахского поэта Ибрагима Кунанбаева» (тираж 500 экз.).

Что касается мелодии этой песни, то существовало несколько вариантов. В разных областях Казахстана пели по-своему, несколько видоизменяя мелодику. Все они были записаны в свое время из уст народных певцов Б.Т. Ерзаковичем, А. Бимбоэсом, Л.А. Хамиди, А.К. Жубановым и другими. В данное время известны 4 варианта песни (по некоторым источникам – 6).

Баланың объектінің формасын, қасиет ретінде білуі – көру қабілеті мен форманың атауының сөйлеуінде дұрыс көрініс табатын объектілермен бірге жүреді. 3 жасқа дейін балалар форманың белгісін белгілі бір заттармен салыстырады, олар әр фигураны мүлдем қабылдайды. Балалар геометриялық фигураларды тек үлгі бойынша және формасы бойынша қарама-қайшылықты ғана ажыратады (контраст бұрыштар (кедергілер) бар ма, жоқ па). Балаларда формаларды тексеру деңгейі өте төмен, өйткені баланың көзі фигураның ішкі аймағын ғана қамтиды, ол көрнекі қабылдаумен шектеледі. Сондықтан бала фигураның контурын, пішінін дәл анықтай алмайды. Көрнекі тексеру кезінде фигураның жеке қасиеттері ғана орнатылады, ал фигура тұтастай танылмайды. 3 жасқа дейін белгісіз фигуралар таныс заттар ретінде қабылданады. Мысалы, цилиндр-шыныаяқ.

3-5 жаста, оқытудың әсерінен балалар геометриялық фигуралардың кейбір сипаттамалық қасиеттерін басқа фигуралармен салыстырғанда бөліп көрсете алады [3].

Бала енді геометриялық фигураларды объектілермен анықтамайды, тек салыстырады. Мысалы, цилиндр шыныаяқ тәрізді.

Балалар фигураларды формада жалпылай алмайды, өйткені белгілер кедергі келтіреді: түсі, мөлшері, кеңістіктегі орналасуы және т.б. балаларға пішінге жақын жалпақ және көлемді геометриялық фигураларды (шеңбер-доп) ажырату әлі қиын. бұл оған үлгі жасау қиын емес. Мысалы, алма доп тәрізді деп айта алмайды.

Келесі сабақта балалар әртүрлі фигуралар жиынтығын алады. Олар өз жиынтықтарын талдай отырып, кімнің фигуралары және қанша екендігі туралы хабарлайды. Бұл жағдайда балаларды фигуралардың санын салыстырған жөн: «Сізде қандай фигуралар көп, қайсысы аз? Сізде квадраттар мен үшбұрыштар бірдей ме?» және т.б. жеке конверттерде геометриялық фигуралардың қалай жинақталғанына байланысты олардың саны арасында теңдік немесе теңсіздік белгіленуі мүмкін.

Осы тапсырманы орындау кезінде бала фигуралардың санын салыстырады, олардың арасында бір-біріне сәйкес келеді. Бұл жағдайда әдістер әртүрлі болуы мүмкін: әр топтағы фигуралар қатарларда, дәл бірінің астында, немесе жұптасып орналасады немесе бір-біріне сәйкес келеді. Қалай болғанда да, екі топтың фигураларының элементтері арасындағы сәйкестік анықталады және осы негізде олардың теңдігі немесе теңсіздігі анықталады.

Сол сияқты, фигураларды түсі бойынша, содан кейін түсі мен өлшемі бойынша топтастыру және салыстыру жаттығулары бір уақытта ұйымдастырылады. Осылайша, көрнекі материалды үнемі өзгерте отырып, біз балаларды осы объект үшін маңызды және маңызды емес белгілерді бөлуге үйретуге мүмкіндік аламыз. Ұқсас сабақтарды балалар жаңа фигураларды таныған кезде қайталауға болады [4].

1 кезең (3 жылға дейін). Біз әртүрлі пішіндегі нысандармен сипаттамалық әрекеттердің орындалуын ұйымдастырамыз, геометриялық фигуралардың атауын балалардың пассивті сөздігіне енгіземіз. Балабақша тәрбиешісі басынан бастап жалпы қабылданған терминдерді қолданады. Көбінесе жас балалар форманы атау үшін жиі кездесетін заттың атын қолданады. Бірінші кезеңде бұл қолайлы. Алайда болмайды мәселесі оңай балаға деген сөз орынбасары, придуманное ересектер. Мұғалім баланың атын қайталай алады, бірақ бірден дұрыс атауды айтады.

Үлкен жаста цилиндр модельдеу процесінде овалопидпен салыстырылады. Алдымен бұл фигуралардың қандай екендігі анықталады. Содан кейін жалғыз айырмашылық

көрсетіледі: егер цилиндр негізде тұрса, онда ол тұрақты, ал сопақ кез-келген позицияда тұрақсыз. Модельдеу әдістерінде де айырмашылықтар бар.

Балаларды геометриялық фигуралармен және формамен таныстыру сенсорлық және психикалық тәрбие саласына жатады. Қоршаған шындықты толық қабылдауды қалыптастыруға бағытталған сенсорлық білім әлемді танудың негізі болып табылады, оның бірінші сатысы сенсорлық тәжірибе болып табылады.

Фигуралардың формаларын зерттеу кезінде келесі әдістер қолданылады: фигуралардың өзара қабаттасуы немесе қолданылуы (бұл әдіс фигуралардың ерекшеліктерін, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақты қабылдауға, олардың элементтерін бөлуге мүмкіндік береді); фигураларды тактильді-қозғалтқыш арқылы зерттеу және фигураның кейбір элементтері мен белгілерін бөліп көрсету (балалар осы немесе басқа Фигураны ауызша сипаттауды үйренуі керек); фигуралармен әр түрлі әрекеттерді ұйымдастыру (айналдыру, қою, әр түрлі позицияға қою); фигураларды өлшемі, түсі бойынша топтастыру [5].

Көлемді геометриялық фигуралардың көлемдік формалары мен модельдерімен танысу Құрылыс және басқа материалдармен ойын барысында жүреді. Оларды бір-бірімен салыстыру негізінде көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру қажет. Фигураларды бұрыштар, төбелер санына қарай топтау, жақтар балалардың ойларын басқа, елеусіз белгілерден алады. Балаларға бір тұжырымдама басқа, жалпыға бірдей түсінік енеді деген қорытындыға келеді.

Барлық нүктелер контур бойымен сәйкес келетін фигуралар тең болады. Маңызды міндет – балаларды нысандардың формасы ретінде геометриялық фигуралармен нысандардың формаларын салыстыруға үйрету. Балада қандай геометриялық фигура немесе қандай тіркесім заттың пішініне сәйкес келетінін көре білу қабілетін дамыту керек. Бұл қоршаған әлем объектілерін неғұрлым толық, мақсатты тануға және оларды сызу, модельдеу, қолдану кезінде көбейтуге ықпал етеді. Геометриялық пішіндерді жақсы меңгерген бала әрқашан бөлшектердің жалпы, негізгі формасы мен формасын бөліп көрсетіп, заттарды тексеруден әрдайым ойдағыдай өтеді. Заттардың пішінін геометриялық эталондармен салыстыру жұмысы екі кезеңде жүреді. Бірінші кезеңде балаларды заттарды геометриялық фигурамен тікелей салыстыру негізінде, нысандардың формасына ауызша анықтама беруді үйрету керек. Осылайша геометриялық фигуралардың модельдерін нақты объектілерден бөлуге болады.

Психологтардың пікірінше, қиял-бұл адам психикасының ерекше формасы, ол басқа психикалық процестерден бөлек тұрады, сонымен бірге қабылдау, ойлау және есте сақтау арасындағы аралық позицияны алады. Қиялдың ерекшелігі-бұл тек адамға тән, дененің белсенділігімен байланысты және сонымен бірге психикалық процесс.

Кеңістіктік қиял-бұл кеңістіктік бейнелерді құруды қамтамасыз ететін және практикалық және теориялық мәселелерді шешу процесінде олармен жұмыс жасайтын ақыл-ой әрекетінің бір түрі. Оның дамуы үшін қызметтің өнімді формалары үлкен маңызға ие: Дизайн, Бейнелеу қызметі.

Жақсы дамыған кеңістіктік қиялсыз геометриялық материалды сәтті зерттеу мүмкін емес, онда фигуралардың суреттерін оқи білу, қажетті конфигурацияны ақылмен ұсыну, визуалды өрісте бірден бірнеше нысанды ұстап, олармен жұмыс істеу мүмкіндігі қажет.

Адамның барлық рухани және материалдық мәдениеті қиял мен шығармашылықтың жемісі. Балалардағы қиялды, оның ішінде кеңістікті дамыту шығармашылық, үйлесімді тұлғаны дамыту үшін қажет, ол ашылулар жасай алады, қоғамға жаңалықтар әкеледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларда объектінің пішінімен және геометриялық фигуралармен танысқан кезде кеңістіктік қиялды дамыту үшін пәндік-дамытушы ортаны ойын және дидактикалық материалмен қамтамасыз ету қажет.

Әдебиет

1. Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика: Учеб. пособие для студ. сред, пед. учеб. заведений. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2021. – 416 с.
2. Петрова В.Ф. Методика математического образования детей дошкольного возраста / Каз.федер.ун-т. – Казань, 2022.
3. Леонтьев А.Н. Ис-әрекет. Сана. Тұлға. Психология. Адамзатақыл-ойыныңқазынасы. 10 томдық. 2 т., 3 баспасы, Алматы, 2021.
4. Ахметжанова Л. Геометриялық пішіндер қаласына саяхат // Отбасы және балабақша, 2023.
5. Байтөлеева Н.М. Сиқырлы геометриялық пішіндер // Отбасы және балабақша, 2024.

ҒТАХР 16.01.33

А.П. Туракулов¹, Т.Е. Какарова²

¹Орталық Азия инновациялық университеті,

Физика, математика және информатика кафедрасының аға оқытушысы

²Түркістан облысы, Шардара ауданы білім бөлімі Информатика пәнінің әдіскері

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., alisher_t84@bk.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ БАҒДАРЛАМАЛАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

Резюме

В качестве результата обучения программированию в ВУЗе рассматривается формирование программно-алгоритмической компетентности студентов информационных направлений на примере будущих специалистов направления бизнес-информатика. Показано, что решение этой задачи обуславливает необходимость развития алгоритмического стиля мышления студентов. Выявлена структурная особенность этого стиля мышления, заключающаяся в том, что он содержит три его составляющие уровни: чувственный, модельный и понятийный. С позиций этой особенности построена ментальная модель развития алгоритмического стиля мышления студентов. На основе модели развития алгоритмического стиля мышления построена трехстадийная модель ментального обучения программированию в вузе студентов направления бизнес-информатика.

Ключевые слова: программно-алгоритмическая компетентность, обучение программированию, направление бизнес-информатика.

Summary

As result of training in programming in higher education institution formation the program and algorithmic competence is considered on the example of future specialists of the business-informatics training direction. It is shown that the solution of this problem causes need of the development of students algorithmic style of thinking. The structural feature of this thinking style which consists in three its components – sensual, model and conceptual levels – is revealed. From positions of this feature the mental model of development of students algorithmic style of thinking is constructed. On the basis of the model of algorithmic style of thinking development the three-step model of mental training in programming in higher education institution of students of the direction of the business information scientist is constructed.

Keywords: program and algorithmic competence, training in programming, the business-informatics training direction.

Қоғамның қазіргі даму кезеңі компьютерлік техниканың, жаңа ақпараттық технологиялардың, телекоммуникациялардың, құжаттық коммуникациялардың жаңа түрлерінің адам өмірінің барлық салаларына кеңінен енуімен сипатталады. Нарықтық

экономикаға көшу ІТ мамандарына емес, басқарушылық, экономикалық және ақпараттық міндеттердің қиылысында кәсіби мамандарға деген қажеттілікті тудырды.

Ақпараттық технологиялар мен экономиканың үйлесімді үйлесімі «Бизнес информатика» бағытын құрайды. Бұл синтез ресейлік білім беру жүйесі үшін салыстырмалы түрде жаңа. Сондықтан бизнес-информатика түлектерінің кәсіби даярлығының сапасы мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Бағдарламалау құзыреттілігінің деңгейі бизнесте бағдарламалық-техникалық құралдардың қарқынды дамуымен белсенді енгізілуіне байланысты кәсіби деңгейге айтарлықтай әсер етеді.

Бүгінгі таңда бизнес-информатика саласындағы табысты маман экономикалық ақпараттың көшкін тәріздес ағынын жылдам басқара білуі, бизнес мәселелерінің оңтайлы шешімдерін қамтамасыз ететін бағдарламалау әдістемесін таңдай алуы және жылдам жұмыс істеу үшін дамыған алгоритмді қойлау стиліне (АСМ) ие болуы керек. Оңтайлы шешімдер қабылдау.

Білім беру нәтижелерінің парадигманың білім, білік және дағдылардан интеграцияланған нәтижеге ауысуы түлектердің ұзақ мерзімді перспективада қажет болатын бағдарламалау саласындағы құзыреттіліктерін дамытуды қажет етеді.

Бағдарламалауды оқыту әдістемесінің мәселелерін Е.Г. Андросова, В.В. Бобков, А.Г. Гейн, С.Г. Григорьев, А.П. Ершов, В.Е. Жужалов, Г.А. Звенигородский, А.А. Кузнецов, А.В. Могилев, Н.И. Пак, И.С. Спирин, Е.К. Хеннер және т.б. Авторлар мақсаттарды, мазмұнды қарастырады және бағдарламалауды оқыту әдістерін ұсынады.

Әдеби дереккөздерді, мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін және жұмыс бағдарламаларын бағдарламалауды зерттеу бағдарламалауды оқытудың ең көп таралған әдістері практикаға бағытталған тапсырмаларды қолдану екенін көрсетті, олардың тұжырымдалуы студенттерге түсінікті болады; егжей-тегжейлі түсініктемелері бар бағдарлама кодын жазуды қолдау.

Дәстүрлі түрде бағдарламалауды оқыту кезінде оқу материалын визуализациялаудың әртүрлі дәрежесін қамтамасыз ететін компьютерлік презентациялар қолданылады. Тренинг бейнелері әртүрлі алгоритмдердің орындалуын көрсету үшін пайдаланылады.

Бағдарламалау саласындағы құзыреттіліктерді дамыту мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу (В.Е. Жужалова, Н.Н. Истомина, А.Г. Кириллова, А.В. Могилева, В.А. Потапенко, И.В. Рожина, И.С. Спирина, Д.А. Слинкина және т.б.) ғалымдар көрсеткен жоқ. осы құзыреттіліктерді қалыптастыруды оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытумен байланыстыру.

Бизнесте бағдарламалау мәселелерін шешу үшін әзірленген АСМ қажет. Егер студенттің жеткілікті даму деңгейі болмаса, онда бағдарламалау тілдерін білудің өзі іс жүзінде пайдасыз болады.

«Құзыреттілік» ұғымына әртүрлі көзқарастарды негізге ала отырып (Л.Г.Гейхман, Б.С.Гершунский, И.А. Зимняя, В.А. Козырев, А.М. Новиков, И.Д. Фрумин және т.б.),

Бизнес-информатика саласындағы студенттерге арналған Жоғары кәсіби білімнің Федералдық мемлекеттік білім беру стандартының мазмұны, алгоритмдеу және бағдарламалау саласындағы құзыреттіліктерді дамыту қажеттілігін ескере отырып, біз бағдарламалық-алгоритмдік құзыреттілік (Р-А-құзыреттілік) ұғымын енгіздік. .

РА-құзыреттілік деп біз адамның ажырамас қасиетін түсінеміз,

– АФМ дамуының белгілі деңгейімен сипатталады;

бағдарламалық және алгоритмдік әрекеттің әртүрлі нысандарында көрінеді;

алгоритмдеу және бағдарламалау саласындағы білімді қамтитын; заманауи бағдарламалау технологияларын пайдалана отырып, тиімді алгоритмдер мен бағдарламаларды әзірлеу және жөндеу мүмкіндігі; бизнес мәселелерін шешу үшін бағдарламалық жүйелерді әзірлеу әдістерін білу.


ҚБ-құзыреттілігін қалыптастыру АСМ ерекшеліктерін және оны алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы дамыту шарттарын анықтауды талап етеді.

Ақпараттық көзқарас тұрғысынан адамның барлық іс-әрекеті шын мәнінде ақпараттық процесс болып табылады. Тірі табиғаттың саналы қызметін ақпараттық тұрғыдан сипаттау алгоритмді анықтауды білдіреді. Алгоритм деп біз олардың күйлерінің болжамды өзгеруіне немесе белгілі бір оқиғаның жүзеге асуына әкелетін бастапқы объектілердегі мақсатты (ақылға қонымды) әрекеттердің немесе операциялардың белгілі бір тізбегін айтамыз.

Адам жасаған барлық әрекеттер оның тезаурусында алгоритм түрінде жазылып, есте сақталады. Адам жадындағы алгоритм бейнесі қарапайым операциялар тізбегінен тұрады. Күрделі алгоритмдік құрылымдар негізгі алгоритмдік құрылымдардан иерархиялық түрде ақпаратты түрлендіру (суперпозиция, рекурсия, итерация) принциптері арқылы құрастырылады.

Алгоритмдік кескіндермен жұмыс істеу АСМ құрайды, ол жадта сақталған алгоритмдік құрылымдардың қолайлы тізбегін құру арқылы алгоритмдік тезаурус негізінде жүзеге асырылады.

Н.И. еңбектерінде. Пак [2-3] есте сақтауды кез келген уақытта шартты түрде 4 аймаққа бөлуге болатындығын көрсетеді: сенсорлық аймақ, модельдік, концептуалды және абстрактілі аймақ (1-сурет).



Сурет 1 – Алгоритмдік жадының құрылымдық моделі


Ойлау – жадта сақталған алгоритмдік кескіндерден тізбектер құру тәсілі. Тізбектерді әртүрлі тәсілдермен салуға болады (2-сурет) – бір жады аймағының немесе бірнеше бейнелерді пайдалану, оларды әртүрлі комбинацияларда орналастыру, бұл ойлау түрін анықтайды.



Сурет 2 – Ойлаудың әртүрлі тәсілдері

Жоғары деңгейлерден неғұрлым көп бейнелер тартылса, АСМ даму деңгейі соғұрлым жоғары болады [5].


Егер жады моделін іс-әрекет тұрғысынан қарастырсақ, алгоритмдік ойлау моделін аламыз (3-сурет).



3-сурет – АСМ дамуының психикалық моделі

Суреттен көріп отырғанымыздай, бағдарламалауды оқыту кезінде АСМ дамыту үшін әрбір деңгейде әрекет алгоритмінің бейнесін құрастыру қажет.


ASM дамытудың психикалық моделін талдау бағдарламалауды оқытудың құрылымдық моделін құруға мүмкіндік берді (4-сурет).



Сурет 4 – Бағдарламалауды оқытудың құрылымдық моделі (SOPr – бағдарламалауды оқыту кезеңдері, СН – сенсорлық деңгей, МУ – модельдік деңгей, PU – концептуалды деңгей)

Осы модельге сәйкес бағдарламалауды оқыту процесі үш кезеңді қамтиды: сенсорлық деңгейде оқыту, модельдік және концептуалды. Оқытудың әрбір кезеңі белгілі бір оқыту құралдары мен әдістерін қолдануды көздейді [1], суретте көрсетілген. 4.

Біз оқытудың негізгі құралы ретінде ментальды карталарды анықтадық (5-сурет).



Сурет 5 – Ментальды картаның мысалы

Негізінде, ақыл-ой картасы – адамға ақпарат ағынымен күресуге мүмкіндік беретін ойлау процесін бейнелеуге немесе ақпаратты көрнекі түрде құрылымдауға арналған ыңғайлы әдіс.

Ментальды карталар оқу материалын жазу формасын ақпаратты қабылдау мен берудегі мидың табиғи жұмысына барынша жақындатады [4]. Сурет. 5. Ақыл картасының мысалы

Негізінде, ақыл-ой картасы – адамға ақпарат ағынымен күресуге мүмкіндік беретін ойлау процесін бейнелеуге немесе ақпаратты көрнекі түрде құрылымдауға арналған ыңғайлы әдіс.

Ментальды карталар оқу материалын жазу формасын ақпаратты қабылдау мен берудегі мидың табиғи жұмысына барынша жақындатады [4].

Бағдарламалауды оқытудың үш сатылы моделіне және АСМ дамуының үш деңгейіне сәйкес біз П-А құзыреттілігін дамытудың үш деңгейін анықтадық (Кесте).

ҚБ-құзыреттілік қалыптасу деңгейлері

| | Низкий | Средний | Высокий |
|-------------|--|---|---|
| Чувственный | Способны отличить действия друг от друга: действия разные и следуют одно за другим; в зависимости от условия выполняются те или иные действия; действия повторяются. | Способны выделить группы с одинаковыми последовательностями действий, обозначить базовые. | Способны выделить группы с одинаковыми последовательностями действий; составить комбинацию действий, перенести эту комбинацию от одного круга примеров к другому. |
| Модельный | Способны описать базовые алгоритмические структуры одним из способов (бытовой уровень, блок-схема) | Способны выделить комбинации алгоритмических структур, определить базовые алгоритмы, входящие в эту комбинацию, описать алгоритмическую комбинацию структур по эталону (ментальная карта, блок – схема) | Способны определить комбинацию алгоритмических структур, выделить составляющие базовые алгоритмы, правильно выстраивать последовательность базовых алгоритмов в увиденной комбинации, обосновать выбор алгоритмической структуры, использовать различные записи алгоритмических структур. |
| Понятийный | Слабое представление о семантике и синтаксисе языка программирования | Способность описать алгоритмическую структуру по эталону на языке программирования. | Свободное владение семантикой и синтаксисом языка программирования. |

ҚБ-құзыреттілік даму деңгейін анықтау үшін психологиядағы тесттер (АСМ даму деңгейін анықтау) және үш деңгейлі бағдарламалау тестілерінің жиынтығы қолданылады.

Осылайша, ұсынылған психикалық модельге негізделген ақпараттық салада студенттерге бағдарламалауды үйрету П-А құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиет

1. Калитина В.В. Программирование как эффективное средство развития алгоритмического мышления студентов // Психология и педагогика: теоретические и практические аспекты современных наук / XXVII Международная научно-практическая конференция. – Москва, 2014.
2. Пак Н.И. Информационный подход и электронные средства обучения: монография. – Красноярск: Изд-во РИОКГПУ, 2013. – 196 с.
3. Пак Н.И., Пушкарева Т.П. Принципы математической подготовки студентов с позиций информационной модели мышления // Открытое образование. – 2012. – №5(94). – С.4-11.
4. Пушкарева Т.П., Калитина В.В. Визуализированная методика обучения программированию // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – №5; URL: www.science-education.ru/119-14632.
5. Степанова Т.А. Сущность алгоритмического мышления с позиций информационного подхода // Инновации в непрерывном образовании. – 2012. – № 3. – С. 95-100.

ҒТАХР 16.21.07

А.Ә. Өтешова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., aruka.amirkhanqyzy@mail.ru

ТІЛДІК САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ РӨЛІ

Сана және тілдік сана түсініктері сан түрлі ғылыми зерттеулердің негізгі нысанына айналды деуге болады. Мәселен, философия, психология, логика, лингвистика ғылым салаларында толыққанды сөз болып жүрген аталған ұғымдар ғылыми атау тұрғысында әр

қилы ұғындырылып жүргендігі бесенеден белгілі. Бұл осы ұғымдардың күрделі әрі көпқырлы табиғатынан болса қажет. Әрбір ғылым саласы сана ұғымының өзіндік ерекшеліктерін нақтылауға ұмтылып келеді. Осы кезге дейін сана және тілдік сана бір дүние тұрғысында қарастырылған болса, қазіргі уақытта бұл екі түсінік арасында тең мағына болмайтындығына біраз зерттеушілер назар салып отыр.

Тіл білімін сананың тілдік бейнесі қызықтыратыны даусыз, тіл – сана мән-мазмұнын көрсететін негізгі құрал десе де болады. Яғни, тіл әлемді бейнелейтін және адамзаттың қоршаған ортадағы ақиқат жайында таным-түсінігін дағдыландыратын «тірі» құрал ретінде түсіне аламыз.

Қазіргі тіл білімінде де тілді антропологиялық тұрғыда, яғни адам және оның санасымен, ойлау және рухани-тәжірибелікіс-әрекетімен нығыз тұтастықта қарастыру қажеттігі нақтыланады. Тіл мен сана, сондай-ақ сана және ойлау, тіл және мәдениеттің екеуара сабақтастық мәселелері Э. Сепир, А.А. Потенбня, Л.В. Щерба, Л.В. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева және т.б. әр алуан ғалымдардың зерттеу еңбектерінде сан қилы ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан ұғындырылады. Ғалымдардың аталған тақырыпты жан-жақты талдап талқылауы арқасында «тілдік сана» түсінігінің күрделілігін, көп қырлылығын байқай аламыз.

Негізінде тілдік сана ұғымын ең бірінші ХХ ғасырда В.фон Гумбольдт еңгізген. Ғалым сананың тілдегі бейнесін сананың сөйлесім үдерісіндегі ойды сөзге рефлексивті түрде алмастырып жеткізу ықтималдығын көрсеткен [1, 41-43]. Тілдік сананы талқылау әрекеттерінің өзара ортақ шешімінен аңғаратынымыз, тілдік сана тіл арқылы бейнеленеді. А.Н.Леонтьев: «Сана – «қоғамдық тұрғыда қалыптасқан тілдік мазмұн, ұғым-түсініктер арқылы санада ұғынатын ақиқаттың бейнесі», – деп нақтылайды [2, 232 б.]. Т.Н. Ушакова тілдік сана жайында былай баяндайды: «Тілдік сана» түсінігінің өрісі кеңірек, оның екі сипатын нақтылауға болады: динамикалық – сананың күйін вербалдық тұрғыда көрсету, санаға сөйлесім әрекеті арқылы ықпал жасау, содан кейін құрылымдық – субъектінің менталдық тәжірибесінің, оның сана әрекеті нәтижесінде қалыптасатын тілдік құралымдармен орындалуы» [3, 13-23 бб.]. Солайша сананың дамуын тілдік дәйектерсіз қарастыру мүмкін еместігіне осындай зерттеу нәтижелері дәлел бола алады. Н.В. Уфимцеватілдік сананы «тіл арқылы енгізілген адам санасы» деп бейнелейді. Сананы құраушы бөлік – мағына. Тіл мен сана «адамның рефлексивтік тұлғасының сабақтас екі түрі» ретінде қарастырылады [4]. Е.Ф. Тарасов сана тура қадағаланбайтындығын көрсетеді, ал сананы көрсету құралдары, ең әуелі, вербалдық құралдар болып саналады [5]. Е.Ф. Тарасов тілдік сананы тілдік құралдар арқылы – сөздердің, еркін және тұрақты сөз тіркестері, сөйлем, мәтіндер және ассоциативтік өрістер арқылы құралып, сипатталатын сана көріністерінің жиыны ретінде айқындайды: «Тілдік сана – тілдік құралдармен – субъектілердің өзі сөйлесім қатысымы барысында туындататын білім ретінде санада пайда болатын жеке-дара лексемалармен, сөз тіркестерімен, фразеологизмдермен, мәтіндермен, ассоциативтік өрістер және ассоциативтік тезаурустармен сипатталатын сана көріністері» [5, 24 б.].

Тіл мен сана – бір тұтастықта қаралатын ұғымдар. Олар бір-бірін толықтырып отырады, сана тек қана анықталып қоймай, тіл арқылы құрылады. Оларды бір-бірінен бөлу дұрыс емес. Тілдік сана – сөйлесім әрекетінің жүйесін қамтамасыздандыратын сананың бір бөлшегі: сөйлеудің туындауы, сөйлеуді қабылдау, тағыбірмаңыздысы – тілдің санада жалғасуы. Әралуан мағыналы тілдік бірліктер жүйесі санада сақталады әрі тілдік сананың негізгі құралы ретінде саналады, ал сана феномені тұрғысындағы тіл жүйесін зерделеу тілдік сананы зерттеу деп нақтылай аламыз.

Сана мен тіл – адам болмысының аса маңызды құрамдас бөліктері, бірі екіншісінің дамуы мен болмысын айқындайтындықтан, екеуара тану арқылы ғана ашылады. Ал тілдің барлық теориялары сан түрлі жолдармен сананың дамуына ықпал етеді, оның қалыптасуы тілде және тіл арқылы жүзеге асады, соның нәтижесінде адам санасының қалыптасуын бақылауға болады, әсіресе, оның құрылымының өзекті құрамдас бөлігі – өзіндік сана. Бұл

құрылым дараадамның өз ой-пікірлері мен көзқарастарын зерделейтін психикалық үдеріске әкеледі және ол «рефлексия» термині ретінде нақтыланады.

Рефлексия – адамның өзін-өзі тануы, өзінің ішкі ахуалы мен өзгерістерін тануы, өз ойы мен сезімдерін ой елегінен өткізуі, бағалауы. Демек, адам өзінің ішкі дүниесіне үңіліп, өз-өзімен сырласып, жасап жатқан іс-әрекетін талдап, бағалайды, өзіне-өзі «сырт» көзбен және «сын» көзбен қарайды. Осылай өз әрекеттерін өзгерту арқылы кем тұстарын түзейді, оларды болдырмау жолдарын қарастырып, өткен істерінің нәтижесіне көз тастау арқылы болашаққа жоспар құрады. Жалпы рефлексия термині латын тілінен *артқа қарау, кері айналу* деген мағынаны береді. Рефлексия ұғымы жайлы біраз ғалымдар өз зерттеулерін жүргізіп, анықтама беріп, түсінік қалыптастырды. Атап айтқанда В.А. Лефевра рефлексияны ең алғаш философиядан бөліп, пәнаралық деңгейін қалыптастырды. Рефлексия түсінігін кеңейтіп, «рефлексия деңгейі» және «рефлексиялық жүйе» ұғымдарын алғашқы болып енгізді. Г.П. Щедровицкий рефлексия ұғымының дамуы мен қалыптасуын зерттеген. С.Ю. Степанов пен И.П. Семенов зерттеулерінде рефлексия адамның жеке даму қасиеттерінің қозғаушы күші ретінде қарастырылған.

Рефлексия терминінің анықтамасын 17-ғасырда Джон Локк ұсынған. Ол бойынша рефлексия – адам баласының өз іс-әрекетінің мәнін түсініп, ойлану кезінде өз-өзіне нені және қалай жасағаны жөнінде толық әрі нақты есеп беріп, не болмаса жасаған әрекеттері кезіндегі ұстанымдарын мойындауы яки жоққа шығаруы [6, 96]. Рефлексия – қазіргі ғылым салаларындағы өзекті тақырыптың бірі. Рефлексия адамның адам болып қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ол тіл және ойлау, тіл мен сөйлеу, тіл және интеллект, тілдік сана секілді мәселелерді қамтиды. Тіл және ойлау бір-бірімен нығыз байланысты. Егер ойлау болмаса, тіл жоқ. Тіл жоқ болса, ойлау нәтижесіз. Тіл мен ойлау нәтижесінде тілдік рефлексия қалыптасады.

Рефлексия ұғымы ғылымға француз ғалымы Декарт есімімен енген [7, 45]. Ол адам миының бейнелеу қасиетін талдаған. Рене Декарт рефлексияны анықтауда «когито» ұғымын пайдаланады. Когито (“ego cogito”) түсінігінің мәні – әрбір адамға тән өз Мені егіз философиялық идея бойынша өмір сүреді. Біріншісі, әр дара Мен адам белгілі бір нәрседен қорыққанда, бір дүниеге алаңдағанда, бір нәрсені армандап қиялдағанда көрінеді. Екіншісі, белгілі бір бейнелер жайлы ойлау, яғни, құдай, рух, т.б. жайлы ойлағанда көрінеді. Когито принципі – сананың өз-өзімен тілдесуі. Мұндағы негізгі ұстаным – «Мен ойлаймын, демек, мен бармын». Бұл принцип сананы анықтаудың философиядағы тәжірибесіне рефлексия дейтін әдістемелік пайымды енгізді.

Гегельдің айтуы бойынша, Сана – Мен түсінігінің өзіне жауапкершілік алуы, яғни өзіне нысан ретінде қарау. Оның түсінігінше, рефлексия – әрбір адам санасының ойына есеп беруі. Гегель рефлексивті сананы объективті еркін деп тұжырымдады. Рефлексия сананың бар мәнін көрсете алады, оған дейінгі ойлау әрекеттеріне де жауапкершілік алады.

Философия ілімінде «рефлексия» ұғымын: «сана мен ойлаудың өзіне жүгіне алу қабілеті, сана мен жанның күйін өзіндік бақылау» – деп жазса, психологиялық тұрғыдан психикалық процестердің өмір сүруін түсіндіретін қағида ретінде қарастырады. Рефлексияны нақты тәжірибелік зерттеулер әлеуметтік психологияда (У.Джеймс) тұлғаның әлеуметтік «мен» ұғымы ретінде қарастырса, С.Л. Рубенштейн болса, тұлға өзінің «Менінің» шекарасын білгенде ғана қалыптасады деп есептеді. Оның ойынша, рефлексия – адам санасының дамуының белгілі бір деңгейі.

А.З. Зак, Ж. Пиаже, Н.Г. Алексеев, В.В. Давыдов, С.Л. Рубинштейн секілді Ресей ойшылдары рефлексияны ойлау үдерістерінің ең жоғары межеге көтерілуі деп санады [8, 82]. «Рефлексия – ойлау» арақатынасы туралы О.К. Тихомиров мынадай пікір білдіреді: «Ойлау – тұлға рефлексиясының қажет компоненті және рефлексия нысаны болып табылады» [9, 177]. Әрине, тілдік рефлексияның қалыптасуы ең алдымен тіл мен ойлауға байланысты. Себебі, біз ең алдымен ойлаймыз, сол ойдың нәтижесін тіл арқылы жеткіземіз. Рефлексия адамның құбылысты, заттарды, оқиғаларды қабылдауына байланысты өзгеруі мүмкін. Өйткені қабылдаудың рөлі маңызды.

Тіл білімі ғылымында рефлексия ұғымымен қатар *рефлексивтілік, рефлексивті қабілеттер, рефлексивті мүмкіндіктер, рефлексивті талаптар, рефлексивті мәдениет, рефлексивті құзыреттілік* деген атаулар да кездеседі. Рухани жан дүниемізде туындап жатқан толассыз сұрақтарға жауап іздеу мақсатында көрінетін рефлексивті қабілеттер бар; сол қабілеттерді дұрыс пайдалана білушілік – рефлексивтілік; осы рефлексивтілік арқылы адам бойында пайда болатын рефлексивті құзыреттіліктер бар; және рефлексивті мәдениет қалыптастыру үшін адам мен қоршаған орта арасындағы қарым-қатынас деңгейін өлшейтін рефлексивті мүмкіндіктер бар. Ал осы арақатынастарды анықтаудың негізгі алғышарттары – тіл мен сана мүмкіндіктерінен байқалады.

Рефлексияны бейнелейтін тілдік құралдарды атап көрсетерде ғалымдар әр қилы терминдерді пайдаланған: мәселен, У. Лабов «тіл туралы түйсіктік пайымдау» (интуитивные суждения о языке), Г.В. Ейгер «метатілдік білім» (метаязыковые знания), С.Е. Никитина «тілдік өзіндік сана» (языковое самосознание), Б.С. Шварцкопф «сөз бағасы» (оценки речи), «метатілдік сана» (метаязыковое 20 сознание) – тілді дұрыс түсіну мен оның түйсінуін жүзеге асыратын тілдік сана құрамбөлігі [10, с. 260]. Зерттеуші Н.Н. Haladjian-ның пайымынша тіл біздің психикалық өмірімізге қатысты өз-өзімізге беретін есептердің жалпы түрлері үшін керек, сол себепті ол саналы күйлерді хабарлау қабілеті үшін аса маңызды. Тілдік және когнитивтік сананың өзара тығыз сабақтастығы мен синхронизмін мойындай отырып, кей ғалымдар соған қарамастан олардың аражігін ажырату керектігін айтып, тіл және онымен сабақтас барлық нәрсе сананың бір бөлшегі ғана, онымен бірдей яки тең емес дейді. Бұл көзқарасты бөлісетін зерттеушілер ойдың адам санасында және превербалды түрде болуы ықтимал дегенді айтады. Олар ойлау процесі күллі адамзатта тепе-тең қалыпта – әмбебап «ойлау тілінде» (әмбебап пәндік кодта - одан кейін вербалданған не вербалданбаған сипатына қарай адамның тізбекті іс-әрекеті) жүреді деп болжамдайды [11]. Осы пайымға сәйкес, тілдік сана когнитивтік сана деңгейлерінің бірі болып есептеледі. Тілдік сана (сөйлеудегі ойлау) – сөйлеуді қалыптастыру мен қабылдауды, санада сақтауды қамтамасыз ететін психикалық құрылымдар жиынтығы. С.Л. Рубинштейн бойынша сананың туындауы рефлексиямен сабақтас: «Адамның өмірі мен әрекетінен оймақтай орын алатын сансыз ойлар өз әлемі мен өзіне деген рефлексияны туындатады, мұндағы психикалық әрекет сана қызметін атқарады. Сананың пайда болуы адам өмірінде міндетті түрде болатын алаңдау, қобалжулар, өзі мен қоршаған қоғамға бағытталған рефлексиялардың туындауымен тікелей байланысты. Сана – өзінен тысқары орын алатын қандай да бір ілім. Ол субъектінің объективті шынайылыққа қарым-қатынасын білдіреді [10, б. 260]. С.Л. Рубинштейн сана танымнан, ал таным, ең әуелі, тілмен, тілдің пайда болуымен байланысты деп көрсетеді.

Психолог В.П. Зинченконың пайымы бойынша, адаммен қатынастағы құбылыс немесе зат атаулы рефлексияланады: «Рефлексияға ғалам бейнесі, ол жайлы ойлау, адамның өзіндік жүріс-тұрысын, іс-қимылын реттестірудің түпнегізі мен тәсілдері, рефлексия үдерістері және өзіндік жеке сана нысан бола алады» [12, с. 18].

Рефлексия ХІХ-ХХ ғғ. батыс философиясында негізделген ұғымға айналады, өйткені «философия ылғи білім жөнінде рефлексия, ой туралы ой ретінде ұғындырылып келген». «Басқаша айтқанда, рефлексия – сананы тану әдісінің атауы» [13, б. 21].

Толымды тұжырымдарды түйіндеп, санадағы сан ойды сараптайтын болсақ, тіл – әлеуметтік тұлға тұрғысындағы адамның саналылығының басты белгісі. Тілдік сана – күрделі құбылыс. Өйткені ол дара адамның ғаламдық танымын сипаттаса, нақ солай қайсыбір ұлттың да танымын бейнелейді. Адамзатта тілдік сана дәл бірдей бола алмайды. Әрбір тұлғаның өзіндік таным тамыры, ой-көзқарасы, сөйлеу мәдениеті мен ойлау дәрежесі секілді тілдік санасы да сан түрлі. Алайда тілдік сана үйлесім табуы да ғажап емес. Адамзаттың тілдік санасындағы үйлесімділік өзіндік менталитет пен ұстанымдар әсерінен туындайды. Өйткенмен бұл адамның тілдік санасы толыққанды бірдей дегенді білдірмейді.

Сана, тілдік сана – тілдік рефлексияның тіл біліміндегі бейнесін нақтылаудың алғышарттары. Аталған ұғымдар тұлға бойында оның дүниеге келген сәтінен бастап қалыптасып, дамып, өрби бастайды. Соның түпнегізінде дара тұлға өзіндік рефлексия

жасайды. Тілдік рефлексия – тілдік санада орын алған реакцияның тілдік белгі арқылы көрініс тауып, дара тұлғаның ішкі ойымен үйлесетін үдеріс.

Әдебиет

1. Портнов А.Н. Сознание, язык, смысл: в поисках новой научной парадигмы / А. Н. Портнов // Философский альманах. – Иваново, 1998. – № 1-2. – С. 41-43.
2. Леонтьев А.А. Основы психолингвистики. – М., 1999. – 287 с.
3. Ушакова Т.Н. Языковое сознание и принципы его исследования // Языковое сознание и образ мира. – М., 2000. – С. 13-23.
4. Уфимцева Н.В. Археология языкового сознания: первые результаты // Язык. Сознание. Культура / Отв. ред. Н.В. Уфимцева, Т.Н. Ушакова. – М., 2005. – С. 205-215.
5. Тарасов Е.Ф. Актуальные проблемы анализа языкового сознания // Языковое сознание и образ мира / Отв. ред. Н.В. Уфимцева. – М., 2000. – С. 24-32.
6. Шнюкова Е.А., Анциферова О.Н. Языковая рефлексия как составляющая в обучении дискуссионной речи // Молодой ученый. – 2015. – №10.5. – 57-58 с.
7. Вепрева И.Т. Метаязыковая рефлексия в функционально-типологическом освещении, автореферат диссертации доктора фил.наук. – Иркутск, 2003. – 372 с.
8. Козлова Е.Е. Заимствования как объект метаязыковой рефлексии рядовых носителей русского литературного языка: начало XXI века, автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Томск, 2012. – 200 с.
9. Тихомиров О.К., Клочко В.Е. Обнаружение противоречий как начальный этап формирования задачи // Искусственный интеллект и психология. – М, 1976. – С. 176-205.
10. Рубинштейн С.Л. Избранные философско-психологические труды. Основы онтологии, логики и психологии. – Москва, 1997. – 463 с.
11. Haladjian H.H. Consciousness and language: Does consciousness require language or does language require consciousness? (posted August 9, 2016) <https://www.psychologytoday.com> 20.09.2021.
12. Зинченко В.П. Миры сознания и структура сознания // Вопросы психологии. – 1991. – №2. – С. 15-36.
13. Ковалев С.Э. Психологические механизмы становления рефлексивных возможностей личности в мыслительной деятельности: дисс. ...канд.психол.наук: 19.00.01. – Усть-Каменогорск, 2001. – 232 б.

ГТАХР 93.18.25

А.М. Заурбекова

Астана Халықаралық университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ., zaurbekova.82@mail.ru

ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Қазіргі бәсекелестік заманда әр адамның білім сапасын қабілет деңгейін, іскерлік мүмкіндігін айқындауға қабілеті жоғары адам ресурстарын дайындау бүгінгі күн тәртібінің мәселесі. Оқыту кезінде оқушылардың бірлескен іс-әрекеті, оларға әрқайсысының өзіндік үлес қосуы оқу материалын меңгеру, білім, ой, іс-әрекет әдістерімен алмасуды білдіреді. Бұл маңызды үдеріс, өйткені елімізде болып жатқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа өзгерістер білімдер үдерісі сол өзгерулердің қатарынан іске асыруды қажет қылады. Жаңаша инновациялық технология оқушыларды сабақ үрдісіндегі белсенді әрекет етуіне зор ықпалы бар. Бұл қажеттілік тарапынан қарағанда «Оқытудың интерактивті әдісі» маңызды орынға ие. Егерде сабақ барысында балалар мен ұстаздың арасында жақсы қарым-қатынас болса және үздік нәтижеге жетсе, осындай оқытуды интерактивті оқыту дейміз.

Интербелсенді әдістердің нақты ерекшеліктері және сипаттары субъектілерге өзара әрекеттесулердің, қатысушыларға және өз әрекеттерінің, эмоционалдық және рухани бірліктердің бір бағыттық белсенділіктердің жоғары кеңесте болып табылатынын ескертіміз.

К.Д. Ушинский: «Мұғалім өзінің білім үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтасымен оның мұғалімдегі де жойылады», – деді [1]. Интербелсенді әдістер тұлғааралық қарым-қатынас негіздей отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталған» қазіргі жағдайдағы білім беру паригдамасын қанағаттандыру қарастырады. Бұл әдіс оқыту қажеттілігінде уақытты үнемді пайдалану, бағалау кезінде жаңа және күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етіп, танымдық іс-әрекетке басқару тәжірибесін аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады. Интербелсенді әдістердің мақсаты-тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға тапсырманы беру және орындату, өз бетінше табу дағдысын меңгерту болып табылады.

Психологтардың айтуы бойынша бала білімді 4 түрлі жағдай алады:

- Дайын білімді қабылдау
- Өз бетінше іздену
- Жағдаяттарды сезіну арқылы нәтиже шығару
- Үлгі арқылы

Бұл әдістер бойынша рольдік ойын әр қилы жағдаяттарға сәйкес, әр қандай оқу жолдарын саралау арқылы шығармашылық жағынан дүниетанымдарын арттыруға септігін тигізеді, бірақ мұндай жағдайларды талдау арқылы сараптау және зерттеу қатарында жаңалық ашудан хабардар болу қажет.

Интербелсенді әдістер оқушыларға рольдік ойындар мен әр түрлі жағдаяттарды сезінуге жол ашады, әр түрлі оқу-білімді талдау арқылы шығармашылық дүниетаным артады, дегенмен түрлі жағдайларды талдап, сараптап, зерттеу барысында жаңалық ашуда көбірек мүмкіндік береді.

«Шығармашылық – бұрыннан белгілі дамудың жаңа қырын көрсететін қасиет (Гегель). «Шығармашылық бірегейлік – жаңа, өзіндік, белгісіз әрекеттерге тартудың көрінісімен байланысты өмірдің мәні», – деп атап көрсетті М. Горький – «Шығармашылықты қолдаймын, ал шығармашылық – бұл өзін-өзі қамтамасыз ету және шексіздік» [2] десе, В.А. Сухомлинский: «Шығармашылық – өзін-өзі көрсету, өзін-өзі бекіту» [3] деп есептейді.

Кіріктірілген педагогикада студенттер практикалық іс-әрекет арқылы білім алып, белсенділік танытатындығы дәлелденген. Сондықтан интерактивті педагогиканың қолдану аясы кеңірек. Бұл жерде, әрине, әрбір мұғалім, оқытушы, оқытушы сабақ барысында интерактивті әдістерді, әдістерді, құралдарды кеңінен пайдаланады.

Мұнда мұғалім бағыт береді, жол көрсетеді, сонымен қатар тәжірибе жинақтайды. Мұғалім оқушыны шығармашылық жұмыста, оқу үрдісінде ізденімпаз болуға жетелейді, белсенді іс-әрекетке баулиды, оқуға бейім, үлгілі тұлға болып қалыптасады. Осы орайда мұғалім ақпарат әлемінде оны талдап, өзіндік пікір қалыптастыруға бағыт-бағдар беретін көмекші ретінде танылады.

Осы ұстанымдардың бірнеше себептері байқалады:

- Интербелсенді оқытуда қатысушылардың өзара ынтымақтастығы
- Білім алушылар өз білім деңгейіне және өзге біліміне деген жауапкершілікті өздеріне жүктеп алуы.
- Интербелсенді оқыту үйренушілер жеке тәжірибесіне сүйене отырып, мұғалім тәжірибені жаңа біліммен байланыстыру жолдарын үлгі көрсету;
- Іздену үрдісінің маңыздылығын ескеру.

Алдыңғы оқу үрдісіне сәйкес, нақты және мұғалім дайындаған білімді ғана игерсе, жеке тұлғаны дамуына сәйкес жаңаша білім мен жағдайларды қажетті тұрғыда баланың жас ерекшелігіне қатысты, мұғалімнің сұрақтарын талдау және саналы ойлау негіздемелерге қатысты әдіс-тәсілдерді құрып, оны жүзеге асырудың тағлымдарын көрсете біледі деп ойлаймын.

Мұнда білім алушы мен білім берушінің өзара қарым-қатынасқа жағдай жасап, оның нәтижесін онтайландыратын әдістер болады. Интербелсенді әдіс ағылшын тілінен келгени сөз , оны тікелей аударатын болсақ, «Әрекет ету, жасау» деген мағынаны білдіре алады [5]. Бұл көптеген әдістердің диынтығы десек те болады. Олар бірі-бірімен сұқаттасу, ой бөлісу, пікір алмасу сияқты тағылымдарды жүзеге асыруға талпындырады.

- Қабілетті дамыту және логикалық ойлауды дамыту;
- Ойды талдау білу және өз-өзіне баға беру;
- Ақпараттарды талдап, керекті мәліметтерді пайдалана білу;
- Дүниетанымын кеңейте білу;
- Белсенді болу;
- Пікірлерді дәлелдей білу
- Проблемаларды шешу;
- Оқудағы ынтымақтастық;

Осындай жұмыстарға қатысты тек қана бір жақты білім сіңіру ған емес, әр түрлі әдістерді қолдана отырып, төмендегідей әрекеттерді іске асыру болып табылады:

- Жауап беру
- Басқарушылық
- Топпен жұмыс жасау;
- Мәселені шешу және нақты шешім қабылдай білу;
- Белсенділік таныту;
- Коммуникативтілік;

Мұнда не себептен интербелсенді әдістерді негізгі ұстанымға қою керек ой туындайтыны сөзсіз.

Мұндағы уақытқа дейін АҚТ-лардың тапшы болуына қатысты дерек көздердіңм аздығы, оқулықтардың болмауы себеп болды. Қазір керісінше, барлық ақпараттарды оңай ала отырып, оларды пайдалану, талдау, сұрыптау, жаңаша мәселерді қарыстыру және оларды қабылдау сияқты өзіндік шешімдерге жол беруге болады. Бірақ ақпараттың тым көптілігіне де зиян жақтары көбіне көрініс табады. Ақпараттың барлығы жарыамды деуден аулықпыз. Десек те оның ішінен қажеттілігін ала білу оқушының танымдылығын арттыуға септігін тигізе алады.

Мұндай әдістер арқылы білім беруде өзіндік пікір қалыптастыра отырып, пікірді дұрыс жеткізу, дәлелдеу, басқаларды тындай білу, өзгелердің пікірлерін құрметтей және мәмлiге келе отырып дұрыс қорытынды шығаруға дағдылану, оқушы үнемі белсенділік көрсетуге бейімделеді. Оларға интерактивті жұмыс түрлерінен төмендегідей ретте жүзеге асырылады:

- Топтық жұмыстар;
- Рөл және танымдық ойындар
- Дибат
- Шығармашыл іс-әрекеттер;
- Әр түрлі жағдаяттарды талдау;
- Анкета;
- АҚТ
- Тренинг
- Талдау және талқылау;
- Презентация;
- Проблемаларды шешу;
- Коуч;
- Бағдарламалар; т.б.

Біздің тәуелсіздікті алып, отыз үш жылда ішінде жасаған жетістіктеріміз аз емес. Білім саласында цифрлі даму, жасанды интеллект, работотехника, интернет саласында даму қарқыны басқа бұрынғы ТМД елдеріне қарағанда әлдеқайда іргелі келе жатырмыз. «Бала күнде не көрсе, ұшқанда соны іледі» – демекші. Қазіргі уақытта өмірлік ағымда ақпараттық

желіске қатысты жылдамдық, адам оын талдай да, таңдай да үлнермей жатыр. Балаға бүгінгі қызық нарсе ертең қызығы жоқ. Сол себептен оларды бірденеге қызықтыру өте қиын. Ал мұғалімнің мойнында қандай жүк тұрғанф айтпаса да, түсінікті деп ойлаймын. [5]

Осы тұрғыда жас өркенді білімге баулитын әр педагогтің бойында тамыры бекем парасат, заманға сай білім мен инновациялық технологияны меңгерген, танымдылық күзіреттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан қасиеттерді қалыптастыруымыз қажет. Жаңартылған білім беру бағыты – жаңаша әдістерді қолдана отырып, оқытудың белсенді әдістерін пайдалану, білім алушылардың оқу, жобалау, зерттеу қызметіне жоғары қызығушылықтарын арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдістерін пайдалану білім алушылардың, ата-аналардың, қоғам сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке тұлғаның сапасын, адамгершілік ұстанымдарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда мұғалімнің жүгін жеңілдету мақсатында оқытудың жаңа технологиялары мен әдістері көбейді. Жаңашыл идеяларға сәйкес, мұғалім бәсекеге қабілетті, өзін-өзі жан-жақты дамытуға дайын, гуманистік бағытты ұстанатын, рухани адамгершілігі мол, шығармашыл, кәсіби құзыретті болуы керек.«Ұрпақ болашағы – ұстаздан» деп бекер айтылмаған. Осы қызықты әдіс-тәсілдерді үйретіп, табанды білімге баулитын ұстаз. Нағыз ұстаз дарынды танып, шәкірт тәрбиелеуде таным көкжиегі кең тұлғаны қалыптастыра алады. Оқыту үрдісіндегі инновациялық технология –табыстың басты бағыты болып табылады[6].

Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибаратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға интербелсенді әдістерін, білімді бірлесіп іздеуді, сан алуан ғылыми-шығармашылық әрекетті дағдыландыру шарттартарын жасау арқылы дамытуды білдіреді. Сондықтан оқу тәрбие үдерісінде үнемі жаңа оқыту құралдарының мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып, оған білім алушыларымызды үйрету – әр педагогтың басты міндеті болып табылады.

Әдебиет

1. Сейтжанов Қ. Педагогика тарихы. – Алматы «Білім», 2023.
2. Джурицкий А.Н. Зарубежная школа: история и современность. – М., 2022.
- 3.Ильясова А.Н. Становление и развитие педагогической теории Казахстана. – Алматы, 2021. <http://nao.kz/loader/fromorg/2/25?lang=kz>
4. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы, 2023.
5. Дьюи Д. Психология и педагогика мышления. – М.: Совершенство, 2022.
6. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва, 2023.

МРНТИ 14.01.11

М.А. Мамлиева

Университет имени К.Жубанова города Актөбе
Республика Казахстан, г. Актөбе, melek20047@gmail.com

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ: ВЫЗОВЫ И ВОЗМОЖНОСТИ

Цифровая революция, охватившая все сферы человеческой жизни, неизбежно отразилась и на образовании. Социально-гуманитарное образование, призванное формировать критическое мышление, гражданскую ответственность и ценностные ориентиры, сталкивается с новыми вызовами и получает доступ к уникальным возможностям в эпоху цифровизации.

Актуальность исследования вызовов и возможностей цифровизации образования обусловлена стремительным развитием информационных технологий и их всепроникающим влиянием на все сферы жизни, включая образование. Современные методы обучения уже не

соответствуют потребностям нового поколения, которое выросло в цифровом мире. Необходимость адаптации образовательных систем к новым реалиям делает исследование цифровизации крайне актуальным. Развитие цифровых компетенций становится неотъемлемым условием успешной карьеры в современном мире, и образование должно подготовить к этой реальности.

Цифровые технологии могут помочь устранить цифровой разрыв и обеспечить равный доступ к качественному образованию для всех студентов. Однако цифровизация приносит с собой не только возможности, но и новые вызовы: дезинформация, утрата социальных навыков, этические проблемы, связанные с использованием цифровых технологий. Исследование этих вызовов является неотъемлемой частью стратегии развития образования в цифровую эпоху. Необходимо найти баланс между использованием цифровых технологий и сохранением традиционных форм обучения, учитывая специфику социально-гуманитарного образования, которое включает в себя развитие критического мышления, межличностных навыков, ценностных ориентиров и гражданской ответственности. Изучение вызовов и возможностей цифровизации образования помогает подготовить студентов к жизни и работе в изменяющемся мире, где цифровые технологии играют все более важную роль. Исследование цифровизации образования не только отражает актуальные тенденции, но и может стать основой для разработки новых образовательных стратегий, программ и методик, способствующих развитию качественного образования в цифровую эпоху.

Одним из главных вызовов цифровизации является переход от традиционного обучения к смешанным и онлайн-форматам. Это требует от преподавателей и студентов адаптации к новым условиям. Некоторые преподаватели могут сталкиваться с трудностями в использовании технологий, что может негативно сказаться на качестве образовательного процесса. Студенты, в свою очередь, могут испытывать проблемы с самоорганизацией и мотивацией в условиях дистанционного обучения. Интернет-пространство переполнено огромным количеством информации, часть которой является недостоверной или предвзятой. Развитию критического мышления и умению анализировать информацию уделяется недостаточно внимания, что делает студентов уязвимыми к манипуляциям и дезинформации. В эпоху цифровизации доступ к информации стал практически неограниченным. С быстрым ростом информации, требования к содержанию и организации образования также меняются. Обучение в этот день должно научить студентов не запоминать много, а научиться критически и эффективно, самостоятельно решать проблемы [1]. Однако это создает риск информационной перегрузки. Студенты могут испытывать трудности в фильтрации и оценке качества получаемых данных. Важно научить их критически относиться к информации, что становится особенно актуальным в области социальных и гуманитарных наук, где манипуляции с данными и фейковые новости могут исказить реальность.

Цифровые технологии также могут привести к изоляции и утрате традиционных форм взаимодействия. Студенты могут стать более замкнутыми и менее способными к эффективной коммуникации в реальном мире. Данные технологии могут углубить существующие социальные и экономические неравенства.

Цифровые технологии меняют традиционные модели обучения, делая преподавателя не только источником знаний, но и куратором процесса самостоятельного обучения. Студенты получают доступ к огромному количеству информации и могут стать более активными и самостоятельными участниками образовательного процесса, что требует от преподавателя новых компетенций и подходов. Но с другой стороны доступ к современным технологиям и Интернет-ресурсам не равномерно распределен, и студенты из неблагополучных семей могут оказаться в невыгодном положении. Это ставит перед образовательными учреждениями задачу обеспечения равного доступа к образовательным ресурсам для всех учащихся.

Не смотря на вышеперечисленные вызовы, хотелось бы обсудить и возможности изменяющие нашу жизнь с появлением цифровизации. Цифровые технологии открывают доступ к широкому спектру информационных ресурсов, включая онлайн-библиотеки, базы

данных, электронные журналы и т.д. Это позволяет студентам глубоко изучать темы, изучать различные точки зрения и развивать критическое мышление. Современное обучение библиотечных специалистов активно переходит в электронную среду, предлагая разнообразные возможности для профессионального развития. Обучение охватывает разные аспекты, например, обеспечение доступа к электронным информационным ресурсам, создание учебных материалов в цифровом формате, а также визуализацию лекций и дистанционное обучение. Использование электронных ресурсов, таких как мультимедийные презентации и видеоролики, значительно повышает качество обучения, делая его более наглядным и увлекательным. Особую ценность представляют презентации с визуальными элементами, которые особенно эффективны при изучении дисциплин, связанных с историей культуры, библиотечного дела, книгопечатания, рекламы в библиотеках и т.д. Визуализация позволяет лучше понять сложные концепции и более глубоко запоминать информацию.

- Қазақстан Республикасының қосымша білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында көзделген барлық білім беру бағыттары шеңберінде түзету-дамыту бағыттылығын қамтамасыз ету: дамыту және мақсатты-эмоционалды-еріктік, тұлғалық, әлеуметтік-коммуникативтік, когнитивті және моторлы салалардағы даму кемшіліктерін түзету;

- түзету-дамыту үдерісінің үздіксіздігінің шарты ретінде мектепке дейінгі және мектептегі білім беру арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;

- психологиялық-педагогикалық кеңес пен орталық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұсыныстарына сәйкес психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке-бағдарланған психологиялық және медициналық-педагогикалық көмекті жүзеге асыру;

- орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайын және оның нейродинамикасын ескере отырып, қоршаған ортаның арнайы кеңістіктік және уақыттық ұйымдастырылуын қамтамасыз ету (тез сарқылу, төмен өнімділік);

- балалардың өмірі мен оқу әрекеті үшін ыңғайлы, денсаулықты сақтайтын күн тәртібін ұсыну;

- қоршаған әлем туралы түсініктерді қалыптастыру, кеңейту, байыту және жүйелеу, игерілген идеяларды, іскерліктер мен дағдыларды практикалық және ойын әрекеттеріне қосу;

- танымдық және сөйлеу әрекетін үнемі ынталандыру, өзіне, қоршаған объективті әлемге және әлеуметтік ортаға қызығушылықты ояту;

- топтық және жеке түзету жұмыстарының бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру; психофизикалық дамудың жеке типологиялық ерекшеліктерін, қазіргі даму деңгейін, бар білім, идеялар, қабілеттер мен дағдылар және жақын даму аймағына бағдарлау;

- коммуникативті әрекетті дамыту, қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, үлкендермен және құрдастарымен конструктивті өзара әрекеттесу және ынтымақтастық әдістер, қоғамда бекітілген мінез-құлық нормаларын сақтауға дағдыландыру.

Жүргізілген жаттығудың аяғында балалар:

- ауызша сөйлеуді жас нормасының параметрлеріне сәйкес түсінеді;
- танымдық белсенділік деңгейі мен белсенділіктің мотивациялық құрамдас бөліктері жоғарылайды, сұрақтар қояды, қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады.
- зейіннің даму көрсеткіштері (көлемі, тұрақтылығы, ауысуы және т.б.), мінез-құлық пен белсенділікті ерікті түрде реттеуі жақсарады.
- есту-ауызша және көрнекі есте сақтаудың өнімділігі, ауызша және көрнекі ақпаратты есте сақтау көлемі мен күші артады.
- қарапайым логикалық операцияларды тек көрнекі ойлау деңгейінде ғана емес, сонымен қатар вербальды түрде де (нақты тұжырымдамалық ойлау деңгейінде) меңгереді.
- мұғалімнің көмегімен маңызды белгілерді анықтай алады, қарапайым қорытындылар мен жалпылауларды құрастырады, ойындар мен өнімді іс-әрекеттердегі ауыстыру және көрнекі модельдеу тәсілдерін меңгереді.
- элементар кеңістік бейнелері мен уақытты бағдарлау қалыптасады.
- ондықтар ішінде сандық және реттік санауды, кері санауды, сан құрамын меңгереді.
- бағдарлама аясында қайталау, диалогтік сөйлеу, сөзжасам, сауаттылық элементтері бойынша негізгі дағдыларға ие болады.
- тіл нормаларына сәйкес дербес сөйлеуді грамматикалық тұрғыдан дұрыс тұжырымдай алады [6;7].

Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қабілеттерін дамыту бойынша педагог-психологтың жұмысын күнтізбелік-тақырыптық жоспардың үлгісі

| Мерзімі | Сабақ | Мақсаты | Мазмұны |
|----------|------------|--|--|
| Қыркүйек | №1-4 сабақ | | Алғашқы диагностика |
| | №5-6 сабақ | Қабылдауды, зейінді дамыту, есте сақтау мен ойлаудың елестетуі. Ұсақ моторикасын және көру координация-сын дамыту. | 1. Суретті кесіңіз. Үлгіні мұқият қараңыз. Үлгі бойынша 4 бөліктен қиылған суретті құрастыру. 2. Пішіндер. Суретте қанша және қандай пішіндерді көріп тұрсындар? 3. Айырмашылықтар. Суреттерді бір-бірімен салыстыру. Айырмашылықтарды табыңыз. 4. Не өзгерді? Суретке қарап, есте сақта. Бетті аударыңыз және баладан не өзгергенін айтуын сұраңыз. 5. Жеміс. Бірдей жемістерді сызықтармен байланыстырыңыз. |
| | №7-8 сабақ | | 1. Машиналар. Суретте неше көлік жасырылған? 2. 9 геометриялық фигуралар. Мұқият қарап, 9 геометриялық пішінді есте сақтауға тырысыңыз. Енді паракты аударып, кестедегі геометриялық фигураларды олар қандай ретпен болса, сол ретпен сызыңыз. 3. Фантастикалық жануар. Жоқ жануардың суретін сал. 4. Элементтерді салыстыру. Әр қатардағы элементтерді салыстырыңыз. Олардың кейбіреулеріне не жетіспейді? Жетіспейтін мәліметтерді толтырыңыз. |

ПДТ баламен іс-әрекетті жоспарлау 3 оқу кезеңіне бөлінеді:

I кезең – қыркүйектің 2 жартысы – қарашайлары

II кезең – желтоқсан – ақпанайлары

III кезең – наурыз – мамыр айлары.

Психологиялық-педагогикалық тексеру қыркүйектің алғашқы 2 аптасында, желтоқсанның 3-4 аптасында және мамырдың соңғы 2 аптасында жүргізіледі.

Қыркүйек – бейімделу кезеңі және алғашқы диагностика кезеңі болып табылады.

- Қазан – мамыр: негізгі жұмыс кезеңі.
- Желтоқсан-аралық диагностика.
- Мамыр – қорытынды диагностика кезеңі болып табылады.

ПДТ балалармен педагог-психологтың жұмысы әр баламен жеке жүргізіледі. СанПин талаптарына сәйкес сабақтардың ұзақтығы – 30 минуттан аспайды.

Құрал-жабдықтар мен оқу материалдары:

1. Кесте
2. Оқу орындықтары
3. Сюжетті суреттер, сюжетті суреттер сериясы.
4. Ойыншықты, жемісті, көкөністі, жануарды сипаттау «алгоритмдері».
5. Оқытылатын тақырыптар бойынша лото, домино және басқа да үстел және баспаойындары.
6. Таным процестерін (есте сақтау, ойлау, зейін, қабылдау) дамытуға арналған ойындардың картотекасы.
7. Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындардың картотекасы.
8. Математикалық планшет.
9. Никитинаның текшелері «Өрнекті бүкте»
10. Танграм
11. Пазлдар
12. Ұсақ моториканы дамытуға арналған пәндік материалдар пайдаланылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін ертерек анықтау баланың жеке қабілеттерін дамытуға және оның қоғамда толыққанды бейімделуіне үлкен әсер етеді. Ата-аналар, тәрбиешілер баланың дамуын үнемі бақылап, мамандармен бірге жұмыс істеп, мектеппен тығыз қарым-қатынаста болуы қажет. Ерекше қажеттіліктер анықталған жағдайда, уақытылы қолдау көрсету бала үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі жастағы психикалық дамуы тежелген балалармен педагог-психолог психодиагностика, психологиялық ағарту, психопрофилактика, түзету және дамыту және психологиялық кеңес беру бағыттары бойынша жұмыс жасайды. Аталған бағдарламада психикалық дамуы тежелген балалармен педагог-психологтың жұмыс әрекеттері анық көрсетілген және педагог-психолог мамандарға қолдануға тиімді бағдарлама болып табылады.

Әдебиет

1. Блинова Л.Н. Диагностика и коррекция в образовании детей с задержкой психического развития: Учебное пособие. – М.: Изд-во НЦЭНАС, 2003.
2. Ульяновская У.В. Дети с задержкой психического развития. – Н-Новгород, 1994.
3. Шевченко С.Г. Коррекционно-развивающее обучение: Организационно-педагогические аспекты: Метод. пособие для учителей классов коррекционно-развивающего обучения. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАЛОС, 1999.
4. Шевченко С.Г. Обучение детей с задержкой психического развития: Пособие для учителей. – Смоленск, 1994.
5. Стребелева Е.А., Браткова М.В. Варианты индивидуальной программы воспитания и коррекционно-развивающего обучения ребенка раннего возраста с психофизическими нарушениями // Дефектология. – 2001. – №1.
6. Стребелева Е.А. Варианты индивидуальной программы воспитания и коррекционно-развивающего обучения ребенка раннего возраста с психофизическими нарушениями // Дефектология. – 2001. – №1.

7. Павлова Н.Н., Руденко Л.Г. Экспресс-диагностика в детском саду: Комплект материалов для педагогов-психологов детских дошкольных образовательных учреждений». – М.: Генезис, 2019.

8. https://massaget.kz/mektep_omiri/-psihikalyik-damuyi-tejelgen-balalarga-sipattama-53728/

ҒТАХР 17.01.45.

Е.Б. Нурпеисова

«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК
Қазақстан Республикасы, Семей [к., nerkesh@bk.ru](mailto:nerkesh@bk.ru)

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДА ТАРИХИ РОМАНДАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру», – деген болатын әдебиет зерттеуші, ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

XIX ғасырда әдіскер ғалымдар оқушылардың тарихи мазмұндағы кітаптарды оқуына баса мән берген. Олардың пікірінше, тарих ғылым ретінде оқушыларға тірі бейне сияқты барлық сипатты белгілері және бөліктері арқылы көрінгенде ғана толық танылады. Тарихи әдебиеттерді оқу білімалушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырап, зейінін аударуға көмектеседі.

Көркем әдебиетті сабақта қолдану тарихи түсініктерінің құрамдас бөлігі болып табылады. Оқытушы шығарма үзіндісін таңдағанда дәуір тынысын, тарихи жағдайды немесе портреттік бейнені қалпына келтіру міндетін басшылыққа алады.

Әдебиет пен тарих бір-бірімен тығыз байланысты. Көкем әдебиетті шартты түрде үлкен екі топқа бөлуге болады. Олоқып-үйренетін кезеңінің әдеби дерегі және тарихи беллетристика. Тарихи білім көздері авторы жазылған оқиғаның тікелей қатысушысы немесе куәгері болған шығарма. Олар өткен күнді тануға көмектесетін дәуірдің өзіндік құжаттарын құрайды. Ондай дереккөздердің бәрі бәрдей білімалушыларға түсінікті бола бермейді, сондықтан да сабақта олардың мұғалім таңдап алған үзінділері пайдаланылады.

Тарихи беллетристикаға зерттелген кезең туралы кейінгі дәуір жазушыларының жазған шығармаларын қосамыз. Тарихи беллетристика тарихи шындықты қалпына келтіруде түпнұсқа дереккөздері, ғылыми зерттеулер мен монографиялардың қорытындыларына негізделеді. Тарихи білімдермен қаруланған автор өткен күнді тарихи шығарма түрінде жаңғыртады. Оған мына шығармаларды жатқызуға болады: І.Есенберлиннің «Алтын Орда», «Көшпенділер», Б.Жандарбековтың «Сақтары», М.Мағауиннің «Аласапыраны», Д.Досжанның «Жібек жол», Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр», «Дарабоз», «Соңғы көш», Ә.Бібырайымұлының «Семсер жүзіндегі серті».

Көркем шығарманы сабақта қолдану әдістерін түрлендіріп өткізуге болады. Ол үшін оқытушы жыл басталғанда білімалушыларға курс барысында оқылатын шығармалардың идеясын ашуға көмектесетін қосымша шығармалар тізімін ұсынуға болады.

Орта мектепте 5-9-сыныптар үшін сюжеттік-картиналық, тарихи тұлғаға сипаттама беретін үзінділер таңдалып, оқиғаларды шиеленістіру және тұлғаландыру мақсатында қолданылады. Шығарманың игеруге қиындығы және көлемінің молдығы кедергі болған жағдайда мұғалім одан үзінділерді алып, өз әңгімесінде пайдаланса болады.

Көркем шығарманың мәтінін сабақта қолдануға дайындағанда қандай қысқартулар жасауға болады, қалай байланыстыру қажеттігі үнемі ойда болуы тиіс.

Көркем шығарманың үзіндісін оқу немесе әңгімелеу тым ұзаққа созылып кетсе, ол оқушыларды негізгі идеядан ауытқытады. Сондықтан үзінділер барынша қысқа болғаны жөн.

Мұғалім сабақ үстінде көркем әдебиеттен дәйексөз келтіруге немесе жеке үзінділерін әңгімелеп беруге пайдаланады. Кітап сюжетіне тоқталмас бұрын мұғалім кітап авторын таныстырып, қажет болған жағдайда кітаптың қысқаша мазмұнын баяндайды. Содан кейін оқушыларға сұраулар мен тапсырмалар беріп, әңгіме жүргізеді. Одан әрі қарай көркем шығарма үзіндісін қайталау және оқушылардың білімін тесеру жүйесіне өтеді.

Ә. Әбдірайымовтың «Семсер жүзіндегі серт» романын осы шығармалар қатарына әбден жатқызуға болады. Романның алғашқы тарауларында Тезек төренің қығыздың Орманбет манабының анасына берген асына баруы, қазақтардың ішінде Сүйінбай ақынның баруы суреттеледі. Орта мектептің 7-сыныбының әдебиетінде «Сүйінбай мен Қатағанның айтысынан» шағын үзінді берілген. Ол жерде айтыстың қай кезде, қайда, қалай болғаны туралы қысқаша мәлімет берілген. Мұғалім оқушыға ақын туралы, өзге елдің алдында халық атынан сөйлеу үшін ақынға қандай қасиеттер керек екені туралы осы романдан үзінді ала отырып оқытса, оқушылардың бойында ақындық өнерге, тарихқа деген қызығушылық пен құрмет пайда болары сөзсіз.

Осы сабақта қысқаша Кенесары хан туралы, оның қырғыздар қолынан азаппен қаза болуы туралы Тезек төре естеліктері арқылы қысқаша түсіндіріп өту керек. Сонда ғана Сүйінбайдың неліктен ширығып отырғаны, Тезек төренің ішкі жан дүниесіндегі алай-дүлей сезімдер оқушыға ой салып, Қатағанның айғайы, сезікті секіреп деген дөңайбатынан нағыз бейнесі ашылар еді. Ол үшін, әрине, мұғалім үзінділерді дұрыс таңдауы керек.

«Манап табалдырықтан аттап, сыртқа беттеді. «Қымыздан алыңыздар» деген даяшылардың ықыласты үні жарыса жамырасты.

Осы тұста қара Бәйтік:

- Тезек төре, ана отырған Сүйінбай ма?-деді ішкі ойын шүү дегеннен іске асыруды көздеп, Аңғартпай амалға басып, дйттегені-асқа келген қазақтардың аяқ суытпай тұрып, албастысын қағып алу. –Көзі ежірейіп, тас түнектен тышқан көрген жапалақтай қарады.

Сүйінбай Тезектен бұрын шалт қимылдап, іргеде сүйеулі домбырасын ала сап, қағып-қағып жіберіп әуендете жөнелді... (Сүйінбай сөздері оқулықта қысқаша берілген).

Сүйінбай сүлей сөз соңында қара Бәйтікті осып өтті. Оған қитыға қалған қара жылмақай *онысын сездірмеуге тырысып, әзілге бұра сөз бастады:*

- Біздің жиынға әдейі алдырған Қатаған деген ақынымыз бар. Сүйінбай, бәйгені сұрап аласың ба, жоқ, жеңіп аласың ба? – деді селдір мұрты үршіп.

Мұқата мүйіздеген мына уәж ақынды ширықтырып, Сүйінбай тығынынан ақтарылды.

- Мына жер ханзаданың ойнақтары,
Қорыған алтын-күміс шарбақтары.
Хан болып жеті атаңнан бері қарай,
Күн туды алтын тақты орнатқалы.
Тышқандай шала-жансар ұстап алып,
Мысыққа бермекпісің ойнатқалыЮ
Жүйріктей дүниеде дүбірсалған,
Кетпесін көтеріліп шаңдақтары.
Айқасса екі арлан бәрі кәдік,
Бірінің шайнаулы ғой бармақтары.
Екі елдің абыройын жарысқа сап,
Түспесін ортасына шаңырақтары.
Шығартып жүйрігінді сал бәйгеге,
Жоқ емес қазақтың да саңлақтары.

Сүйінбайдың әуезді үні мен сөзі шаңырақтың тұсында қалықтап тұрып алғандай әсерге бөледі. Бірақ бұл жанды әлдилеген уызды шақты Бәйтіктің тасасында отырған қагілез қайыстай қара жігіт бұзды. Қара көк қыжымнан әрсіз тігілген шапаны сөлбірейе орнынан қонаңдап түрегеліп, қайырыла жүрелей отырып, пернесі жоқ қомызын жоғары-төмен түсіре ойната сабалады. Көмейіне тығылған көкейіндегі ашу мен ыза өңешінен ащы айқай болып шықты.Есіріктеп бет-аузы құбылып, тамағы тышқан жұтқан жыландай білеуленді.

- Ау, Сүйінбай, тоқтат сөзіңді!
Ояйын ба көзіңді!?
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзінді.
Қисық ағаш кездесті,
Бір құрайын тезімді!
Барың болса қарышта,
Барар жерің сезілді!
Сыртыңнан іздеп жүруші ем,
Кетірді Құдай кезінді!
Қатағанды байқамай,
Түстің бе бәлем, қолыма,
Үрейін мес қып терінді!
Тырнағымда өлерсің,
Қатырлатып шайнайын,
Қыбырлаған жерінді!
Шалғың келіп отыр ма,
Қара жалым қызғышым,
Хан Ормандай бегімді?!
Тентіреп жүріп қаңғырып,
Былғама шалқар көлімді!
Келіп қапсың байқамай,
Өлетұғын жерінді,
Көрсетейін көзіңе
Қазулы тұрған көрінді!».

Осы үзіндіні оқушыларға оқыту арқылы қырғыздардың қазақтарды келмей жатып ықтырып алғылары келгендігін, қонаққа деген шын ықыластың жоқтығын, тек қана алдап-арбау, сырт көзге тату болып көрінгісі келетін екіжүзділігін өздеріне анықтатуға болады.

Осыдан кейін оқулықтағы шағын үзіндіні оқытып, Қатағанның жеңілу себебін мәтінге сүйене отырып дәлелдеуге, Сүйінбайдың нағыз елжанды ақынға тән бейнесін ашу жұмыстарын жүргізу керек. Осы оқиғаның немен аяқталғаны, қырғыздардың Сүйінбай сұраған бәйгені қалай бергендігі балаларға қызықты болуы мүмкін, соны әрі қарай өздерінің оқуына мүмкіндік жасап, ықпал ету керек.

Басты мақсат – оқушылардың тарихи романдарға деген қызығушылықтарын ояту, тарихты терең білуге, кез келген тақырыптарды оқығанда тарихи кезең туралы мол мәлімет беру, әлеуметтік жағдай, нақты деректер мен көркем шығармадағы тарихи оқиғаларды салыстыра отырып, өзіндік пайым жасауға жетелеу.

5-сыныпта жыраулар поэзиясын оқыту басталады. Жыраулар поэзиясының ірі өкілі ХҮІІІ ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген, қазақтардың жоңғарларға қарсы күресін ұйымдастырған, қазақ сапының алдында шайқасқан батыр жырау – Ақтамберді жырау. 8-сынып оқулығында Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» атты толғауынан үзінді берілген. Бұл толғауда Ақтамберді тек жауынгер жырау ғана емес, ел қамын жеген, халықтың бақытын аңсаған абыз жырау деңгейінде көрінеді.

Осы толғаудан үзіндіні оқытпас бұрын оқушыларға жырау дегеніміз кім, оның ел өмірінде алатын орны қандай деген сұраққа толық әрі бала түсінігіне сай толымды жауап

беруге тырысу керек. Толғау ішіндегі көптеген көнерген сөздер оқушы ұғымына қиындау болуы мүмкін, сондықтан толғаудың қалай, қашан жазылғандығы, оны халықтың қалай қабылдағаны туралы Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романынан дәл осы толғауды қарт жыраудың өз орындауында, халықтың қалай қабылдағаны туралы тамаша үзінді бар. Мұғалім соны сабақта ұтымды пайдалана білсе, жастарға тек қана жырау туралы түсінік беріп қана қоймай, оқушының көз алдына сол кездегі тарихи оқиғалар, халықтың арман-тілегі, қиыншылығы мен қайғы-қасіреті туралы жанды суретті әкеле алады.

«...Қабанбай жау шеіне тым жақын жерде отырып, үлкен саясатты бұдан ары талқыға салғысы келмеді білем, сөз аяғын әзілге айналдырып, басқа арнаға бұрып жіберді.

- Солай, жігіттер. «Қайныңа да барарсың, пұшық күйеу де атанарсың» депті ғой біреу баяғыда. Сол айтқандай, қалмақты да шабармыз, қайратты да сынармыз. Сәл сабыр етсеңдер, тұлымдысын тұл етіп, айдарлысын құл етіп, атажаудан кек алатын күнге де жетерміз, – деп аз бөгелді де, қасындағы Ақтамбердіге бұрылып. –Одан да жаңа жұрттағы бие бау мерекесінде ән мен жырға кезек беріп, көңіл көтерейік. Ендігі лебіз сізден, жырау! – деді сәл иіле түсіп.

...Бұл күнде жасы жетпістің үстіне шығып кетсе де, әлі қайраты қайтпаған еңсегей ірі денелі, мол бұрыл сақалды Ақтамберді түбінде с-з төркіні өзіне қарай ойысарын алдын ала сезгендей, алдындағы еселеп құйылған қымыздан сіміре жұтып алды да, төменірек отырған атқосшысына иек қақты...Жырау талай жорықта бірге болған жан серігі Домбырасын қолына алған соң, құлақ күйін келтіріп, тиегіне дым бүркіп, орнықтырып қойды да көпшілікке қарап:

- Уа, жарандар, құдайдың мұнысына да шүкір деп, тәубе қылайық бір мезгіл. Мына Ларабоз бен Борекең біледі, жастар, сендер де шет жағасын көрдіңдер: кеше ел басына күн туып, ер төсектеп безініп, қайран ел торғайдай тозып, қайың сауып кеткен бір шақта күндердің күнінде бүйтіп бас құраймыз, кең жайлауға ел қондырып, тай сойдырып, масайраймыз деген кімнің ойында бар еді?! Ол көңілдегі қиял ғана еді ғой. Сол ақын арманынан осыдан жеті жыл бұрын «Ақтабан шұбырынды» кезінде мынадай бір жыр туған, соны айтып көрейін, – деп домбырасын қоңырлата шертіп аз отырды да жыр нәсерін төге жөнелді.

Тынысы кең, үні керемет күшті екен. А дегенде күндей күркіреп, зордаусының жеткен жеріне дейін ащы айғайға бір басып алады екен, содан соң қайта төмендеп, майда қоңыр бүлкілге түседі екен. Ара-арасында арыстандай ақырып, тез қайта шарықтап, одан гөй-гөй бебеуге басып, мың құбылып отыратыны тағы бар.

(Осыдан соң оқулықтағы үзіндіні оқытуға болады)

Күлдір-күлдір кісінетіп,

Күреңді мінер ме екенбіз,

Күдеріден бау тағып,

Ақ кіреуке киер ме екенбіз!...

деп бір тоқтағанда, жұрт басында есінен танғандай жым-жырт отырып қалды да, іле қызып тұрған қазанға бір кесек май тастап жібергендей ду етіп, орданың ішін айғай-шу көміп кетті:

-Ой, бәрекелді!

- Жаса, Ақтамберді!

- Болашақты пайғамбардай болжаған нағыз көріпкел деп Сізді айтса болады!

- Сол көксеген арманға да жеттік қой, мінеки! Бүгінгі күн ғой айтып отырғаны)

-Кәне, жыр тыңдайық!

-Жырға кезек беріңдер! – десіп, көпшілік гуілдесіп бара жатыр еді, жырау тынышытққа шақырғандай, оң қолын сәл жоғары көтерді. Жұрт тына қалған. Ақтамберді салалы келген балуан саусақтарымен қара домбыраны алқымдап, әбден жанын шығара «жүр-жүрлетіп» алды да, жыр маржанын қайтадан тізілдіре жөнелді.

Өзенге бие байлатып,

Төскейге орда орнатып,

*Төрткіддеп ошақ қаздырып,
Төбел бие сойғызып,
Төменде билер кеңесін
Біз де құрар ма екенбіз!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,*

Тегін бір олжа қылар ма екенбіз?! – дегенде, жұрт шыдай алмай айғайға басып, есік жақта отырған жастардың көбі орындарынан дүрк көтеріліп кетті. Көздері ұшықын атып, осы қазір қарсы алдарынан жау шықса, тастап кететін түрлері бар. Шағалақ, Дәулетбай секілді естияр адамдар дүрліккен қауымды тәртіпке шақырып, қайта отырғызды.

- Ау, сабыр етсеңдерші, жігіттер-ау! Мыналар өлеңге сусап өлген бе, түге?! Тым құрыса аяғына дейін тыңдасаңдаршы!- деп Шағалақ жасы үлкендігін көрсетіп, жастарға ұрсып жүр.

- Гау етіңіздер, ағалар! –Қызу қанды Шыңғожа орнына жайғаса беріп, қайта тұрды. – Мынау – аттаныс алдында оқылатын жорық жыры ғой нағыз! Мынадай жалынды жырдан кейін жауға аттанбай, қатынға ұқсап от басында қалай отырып қаламыз, сардар аға! – деді содан соң Қабанбай батырға қарап: - Осы қазір қасыма екі жүз жігіт қосып беріңізші, ойраттың отанын ойрандап, ен жайылған етегін бір түріп тастайын)

Осы үзінді оқыған соң, мұғалім жырдың халыққа қалай әсер ететінін, жыраудың рөлін баса айтып, оқушы назарын аудартуы керек. Халықтың жылдар бойғы ішінде жатқан арманы, жауға деген өшпенділігінің себебін тарих пәнімен байланыстыра отырып, түсіндіріп өтсе артық болмайды.

Келесі үзіндіні пайдалана отырып, Ақтамберді жыраудың бейнесін ұтымды ашуға болады. Автор бейнесін ашу мақсатын орындау үшін, жанама мінездеу арқылы халық алдындағы жыраудың ролін, ән мен жырдың құдіретін кеңнен ашуға болады. Сондай-ақ, тәуелсіздіктің халқымызға қандай қиындықтармен келгендігін, ата-бабамыздың арманын ұғындыру керек. Оқу мақсаттарында эпизодтармен жұмыс деген мақсат бар. Сабақтың өн бойында осындай үзінділерді тиімді пайдалана отырып, сабақ мақсатын ашуда ұтымды пайдалануға болады.

«...Ақтамберді осылайша үйдің ішін кернеген қоңыр күмбір үнменен жыр жолдарын төкпелеп келді де, қалт тоқтатып, домбырасын ірге жаққа сүйей салды. Көпшілік бұл жолы да өреки көтеріліп, неше алуан қошемет сөздер айтып жатыр...

Боранбай би төрдің дәл төбесінде, Ақтамбердінің оң жақ қатырында жүкке сүйеніп отырған-ды. Кенет сол жаққа күле қараған Еспембеттің:

- Ау, би-аға, мұныңыз қалай?-деген көңілді дауыс естілді. – Өзге жұрт жігерін жырмен жанып, жауға аттанамыз деп жатса, сіздің жылағаныңызға жол болсын!

Көпшілік манадан бері дабыр-дұбырмен байқамапты. Борекең ұзын бұрыл сақалынан алты тарам жас ағып, жылап отыр екен. Өкініш, өксік жоқ, тас бастаудан шымырлап өзі бұлқып жатқан, ағыл-тегіл рахат жасындай... Би көлдей орамалымен көзінің жасын сұртіп, ет бауыры езіле күрсінді де:

- Әттең, дүние-ай! Неткен асыл арман еді!...Шіркін, сол азат күнге жетіп өлген кісінің де өкініші бола ма екен?! – деді көкірегі қарс айрыла...

Ал асқақ жырдың жан дүниесін мүлде бағындырып, баурап алғаны сонша, Қабанбай жаңағы әңгімелердің бір де бірін елең қылмай, өз алдына сілейіп бөлек отыр еді. Тұла бойы сезімге тұнып, көз алды неше алуан суретке толып кетті...

-Қайран, Ақа-ай! Қадіріңді білмей жұр екенбіз ғой? Бір өзіңнің бойыңда қаптаған қалың қолға таырлық қайрат жатыр екен-ау! Әр сөзің садақ тартқан сарбаз, мылтықты

мергенге айналып, атой салып бара жатқандай сезілді жаңа маған. Ханның қаһарына, қолбасының жарлығына қозғала қоймайтын қазақ баласын ұйқыдан бір оятса, сенің дабылды жырларың гана оятар-ау! Не айтайын, жасай бер, қадірлі Ақа! Алдағы ұлы аттанысты, қазақ жерінің басқыншы жаудан тазарғаны Алла тағала сіз бен бізге аман-есен көруге жазсын! – деп бір басалқы тілек айтты.

... Үй ішінде бір сәт тынышытық орнап, бәрі де жырауды бүгін көріп отырғандай, сүйсіне қарап қалыпты. Осы отырғандардың арасында жас та болса ел көзіне түсіп, Қаракерей ішінде Боранбайдан кейін сөз тізгінін ұстап жүрген талапты азаматтың бірі – Қу дауысты Құттыбай еді...

-Туған елің – тұмарлы тұлпарың болғанда, хан –ноқта, би – ауыздық, батыр – қамшы дейді екен. Сонда алысқа ататын қозы жауырын жүйрік жебең – ақынның жыры болғаны да. Шынында да, дулығалы батыры, дуалы ауыз биі бар халықтың жыраққа сілтер жырауы болмаса, орныүңірейіп бос қалады екен-ау. Басқаны былай қойғанда, қазір бір Бұқар ағаңның өзі хан ордасының сәнін кіргізіп, айбарын асырып отырған жоқ па?! Қарадан шықса да хан ұлына теңеліп, ел ұранына айналған, дара туған Дарабоз бір бәйтерек болғанда, оның бұтағына қырандар ұя салмас па, бұлбұлдар келіп қонбас па? Тек тіл-көзден аулақ, әмісе тқрт көзіміз түгел, қанат-құйрығымыз бүтін болғай!- деп осы отырған жұрт тілегін жеткізген».

Қорыта келгенде, тәрбиелеу мен оқу мақсаттарын іске асыру үшін тарихи шығармаларды қазақ әдебиеті сабағында әрі негізгі, әрі көмекші құрал ретінде пайдалану өз жемісін берері сөзсіз. Сабақта көркем шығарманы қолданудың тәсілдері көп. Үзіндіні таңдау кезінде кітаптың ғылыми, тарихи құндылығы мен көркемдік деңгейі басты өлшем болып табылады. Сонымен бірге кітаптың оқушы жасына сай келуі, оқуға жеңілдігі және тәрбиелік маңызы да ескерілуі керек.

Әдебиет

1. Ұлт руханияты гуманитарлық ғылымнан не күтеді? Академик Сейіт Қасқабасовпен әңгіме. // «Егемен Қазақстан», 18 наурыз, 2017 жыл, №55, (29036)
2. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі, 2008.
3. Ыбырайымұлы Ә. Семсер жүзіндегі серт» роман-трилогиясы. Бірінші кітап.
4. Жұмаділов Қ. «Дарабоз» романы. Бірінші кітап. – Алматы, «Ай Арыс», 2009. – Б. 70-75.

МРНТИ 14:07

Э.А. Жакупова

Государственный высший медицинский колледж им Д. Калматаева
Республика Казахстан, г. Семей

ТРЕНД В ПЕДАГОГИКЕ ХХІ ВЕКА

Современная мировая тенденция в педагогике – «возвращение к человеку», как высшей ценности бытия, создание условий развития личности и его духовного роста.

В современном, стремительно изменяющемся мире, мало быть просто знающим человеком, нужно еще формироваться как личность, с собственным мнением, собственной жизненной позицией. Современные реалии требуют от человека креативного мышления, быстрой адаптации к меняющимся условиям. Все это требует модернизации общественного сознания, а это возможно добиться через образование и воспитание молодого поколения.

Невозможно представить современное конкурентноспособное общество без высокоразвитых людей. Для этого нужно воспитать личность со своим независимым мнением, человека предпочитающего труд, созидание. Сегодня, в колледжах и ВУЗах готовят специалистов с определёнными компетенциями: как социальная, интеллектуальная, коммуникативная и физическая, большое внимание уделяется психологической службе.

Главной функцией обучения стала – личностно-развивающая. Работодателей привлекают индивидуальные качества человека.

Гуманизация в образовании – это приоритет ориентаций на нравственные ценности. Честь, порядочность, совесть, ответственность, милосердие, справедливость должны стать основополагающими принципами процесса гуманизации образования. Это может способствовать открытости и располагать людей к активизации интеллектуальной деятельности.

Студент – главное действующее лицо учебного процесса, активный участник с целым сложным комплексом психофизиологических сил, знаний, умений, способностей и компетенций.

Гуманизм, как принцип общественного развития, способствует формированию общества, его культуры и системы воззрений, через признания ценности каждого отдельного человека, его права и проявление своих способностей

Любая идея требует реализации через технологии. Идею гуманизма в образовании можно реализовать через личностно-ориентированную технологию.

Личностно ориентированные технологии ставят в центр образовательного процесса личность студента, обеспечение комфортных условий ее развития, реализацию ее природных потенциалов.

Личностно ориентированные технологии характеризуются антропоцентричностью, гуманистической и психотерапевтической направленностью и имеют целью разностороннее, свободное и творческое развитие субъекта познания. В рамках личностно ориентированных технологий самостоятельными направлениями выделяются: личностно-ориентированные технологии, технологии сотрудничества, свободного воспитания, эзотерические технологии. Личностно ориентированные технологии «исповедают» идеи уважения и любви к студентам, оптимистическую веру в их творческие силы, отвергая принуждение. К ним относятся, например, индивидуализация и дифференциация обучения.

Студент-активный и самостоятельный участник образовательного процесса. Педагог помогает достичь целей обучения, вместе со студентами решает образовательные задачи, направляет, способствует освоению материала, мотивирует и вдохновляет. Современный преподаватель не открывает истины, он – проводник истины, которую каждый студент должен открыть для себя сам.

С появлением интернета, современных гаджетов педагог перестал быть единственным источником знаний, но не перестал быть наставником. Сегодня он является проводником в мир знаний, но при этом не единственным голосом истины. В век цифровизации студент может найти информацию по какому-либо предмету самостоятельно. Однако, как известно, не вся информация в Сети является полезной и достоверной. Студент должен уметь анализировать сведения, находимые в Интернете.

Главная задача преподавателя заключается в том, чтобы научить студента эффективно и креативно думать, критически размышлять, анализировать. Студент не является пустым сосудом, как это считалось раньше. Если в прошлом студент приобретал знания, то сегодня он приобретает еще и компетенции, т.е. умения реализовывать приобретенные умения на практике. И это ценно тем, что дает возможность быть готовыми приспособиться к будущей взрослой жизни.

Цель личностно-ориентированного образования состоит в том, чтобы развивать врожденные творческие способности человека извлекать уроки из прошлого опыта, способствовать целостности и интеграции личности, уделяя особое внимание их личностному росту, и превращать их в творческих и компетентных членов общества, которые могут эффективно способствовать развитию своей страны.

Так данный подход, ориентированный на учащихся, требует от педагогов готовности делиться своей властью и большего доверия к своим студентам. Роль педагога заключается в профессиональной приверженности демократичному обучению, способности делиться своей страстью к обучению, относиться к студентам с уважением, сопереживанием и

конгруэнтностью. Он должен обладать необходимыми навыками и отношением, чтобы быть фасилитатором обучения, эффективным наставником, способствующим творчеству и автономии студентов, а также способным помочь учащимся развить свои личные и социальные навыки и компетенции.

Роль студента в личностно-ориентированном образовании заключается в том, чтобы научиться брать на себя ответственность за свое собственное личностное развитие, проявлять интерес к развитию социальных, личностных навыков и навыков решения проблем.

Следовательно, можно выделить ряд критерий к личностно-ориентированному обучению:

- диалог между преподавателем и студентом;
- раскрытие деятельностно-творческого потенциала студента;
- поддержка индивидуального развития;
- предоставление самостоятельности для принятия решений, творчества, выбора содержания и способов учения и поведения.

В Высшем государственном медицинском колледже им Д. Калматаева преподаватели используют личностно-ориентированный подход. Данный подход полезен в применении как и в работе со студентами базы 9 кл так и со студентами старших курсов. Преподаватели специальных дисциплин часто используют ситуационные карточки, которые ребятам необходимо решить. Также среди популярных методов-ролевые игры. То есть студенты пробуют на себе роли врача, медсестры, во время которой можно отработать и коммуникативные навыки, назначается лечение, ставятся уколы и капельницы (на манекенах). Обучение студентов старших курсов в основном проходят на базе местных больниц.

Для выяснения применения педагогами личностно-ориентированного подхода, нами был проведен опрос среди педагогического состава. Опрос состоял из следующих вопросов:

1 Используйте ли Вы личностно-ориентированный подход в обучении




Рисунок 1 – Использование личностно-ориентированного подхода преподавателями

Преподаватели кто-то часто, кто-то редко используют личностно-ориентированный подход в обучении, но в целом преподаватели знакомы с концепцией «личностно-ориентированный подход».

2 Какие виды работы на занятиях Вы считаете более интересными и эффективными




Рисунок 2 – Виды работ на занятиях

Преподаватели реализуют лично-ориентированный подход в основном через индивидуальные задания обучающимся и через ролевые игры. Тем не менее 29 % преподавателей предпочитают лекцию.

3. Какие роли преподавателя, из нижеперечисленных, подходят Вам?

Предлагаемые варианты: controller / instructor (руководитель, осуществляющий управление и обучение в жестком режиме, в основном с помощью фронтальных видов работы), tutor (наставник, дающий совет, подсказывающий учащимся, как лучше справиться с заданием) , facilitator (фасилитатор, стимулирующий учебную деятельность и направляющий ее в нужное русло), assessor (экзаменатор), organiser (организатор, который обеспечивает учащихся необходимыми материалами и помогает им в работе), prompter (советник, который подсказывает в нужный момент правило,необходимое слово или фразу), participant (полноправный участник процесса общения и учения, работающий вместе с учащимися), investigator (исследователь, изучающий положительные и отрицательные моменты проведенного урока с целью улучшения своей педагогической деятельности).




Рисунок 3 – Роль педагога

Согласно результатам опроса, преподаватели считают себя тьюторами, дают советы чтобы учащимся было легче учиться.

4. Высказывают ли студенты на Ваших занятиях собственное мнение, аргументируя его?




Рисунок 4 – Мнение студентов

Как показывают результаты опроса преподаватели обязательно учитывают мнение студентов.

5. Обсуждаете ли Вы со студентами их личные достижения и оценки по изучаемой дисциплине




Рисунок 5 – Обсуждение оценок студентов

Согласно личностно-ориентированному подходу педагоги разъясняют оценки и критерии выставления отметок со студентами.

5. Как Вы оцениваете Ваше взаимодействие со студентами?

6.



Рисунок 6 – Взаимодействие со студентами

Большинство педагогов создают доброжелательную атмосферу на занятиях.

7. Как Вы считаете, возможен ли личностно-ориентированный подход в системе профессионального образования?




Рисунок 7 – Личностно-ориентированный подход в образовании

Все педагоги однозначно считают что личностно-ориентированный подход эффективен и необходим в системе образования.

8. Как Вы считаете, что может послужить преградой в использовании личностно-ориентированного подхода в обучении.




Рисунок 8 – Преград для использования подхода

Среди преград, педагоги указали отсутствие мотивации у них и приверженность к старым методам. По поводу первого, делегируя свои полномочия студентам педагог не перегорит на работе. По поводу второй преграды, то «Хороших *методов* существует ровно столько, сколько существует хороших учителей».

Подводя итог изложенному выше, под гуманизацией образования в настоящее время следует понимать не передачу знаний, а создание атмосферы сотрудничества, где педагог выступает в качестве консультанта, сотоварища, сотворца для того, чтобы поставить обучаемого в данную ситуацию познавательной деятельности, чтобы учебные задачи стали для него жизненными.

Литература

- 1 Государственный общеобязательный стандарт технического и профессионального образования.
- 2 Жумабаев М. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 с.
- 3 Амерханова Н.Э. Гуманизация образовательного процесса / Н.Э. Амерханова, О.В. Матвеева // Инновационные педагогические технологии: материалы III Междунар. науч. конф. (г. Казань, октябрь 2015 г.). – Казань: Бук, 2015. – С. 11-14. – URL: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/183/8868/> (дата обращения: 10.03.2024).
- 4 Диденко В.Н. Личностно-ориентированное обучение студентов как условие гуманизации учебно-воспитательного процесса в педагогике // Проблемы гуманизации образования в вузе: Материалы межрег. науч. конф. 24 апр. 1997 – Издание Академии АВОСЬ РФ, г. Смоленск, 1997. – С.180.
- 5 https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdc189dhERSBz6QEPRlu3nQMKHph9VXReeWr2VRzZONsaEPxQ/viewform?usp=sf_link

FTAХР 16.01.33

А.Ш. Несіпбай

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Қазақстан Республикасы, Семей қ., ainur-nesipbaeva@mail.ru

БУДАН СӨЗДЕРДІҢ ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда тіл білімінің басты мәселелерінің бірі – тіл тазалығы, тіл экологиясы, эколингвистика және лингвоэкология туралы көп айтылып, талқыланып жүр. Төл тіліміздің тазалығы, оған кірме сөздер мен будан сөздердің әсері зерттеледі. Бүгінде тіл тазалығын сақтау керек деп жиі айтылады. Шындығында да, егер тіл тым көп өзгере бастаса, біз бір-бірімізді түсінуден қаламыз, тіпті аталарымыз жазып қалдырған кітаптарды түсінуді де қоямыз. Бұл жерде тек қазақ тілінің ғана емес, кез келген басқа тілдің тазалығы туралы мәселені жасанды түрде емес, табиғи жолмен пайда болғанын ғалымдар талқылаған болатын. Көптеген тілдер осындай тарихи процестерді бастан кешірді. Тіл тазалығы туралы айтқанда, әдетте оның сөздік қорын айтамыз. Әсіресе, шет тілдік сөздерді негізсіз қолдану тілді шұбарлайды. Ең алдымен, біз тілді тірі организм ретінде қабылдауымыз қажет, кейбір кірме сөздер тілге еніп жатса, кейбіреуі тілден шығып жатады. Тіл жеке өмір сүре алмайды және оған қоршаған ортаның әсері зор екені сөзсіз. Эколингвистика саласы ғылыми ортада

салыстырмалы түрде жаңа. Тіл мен оның қоршаған ортасын зерттеу әртүрлі бағытта жүргізілуі мүмкін. Сондықтан да мақалада эколингвистиканың қалыптасу жолы, тіл экологиясы мен лингвоэкологияның айырмашылығы анықталып, будан сөздердің қолданысы мен тіл тазалығына әсер ететін факторлары талданады.

Бүгінде тілімізге кірме сөздердің енуі мен қолдану мәселесі, оларды орфографиялық нормаларға сай жазу басты мәселелердің бірі болып табылады. Бір тілдің екінші тілден лексиканы қабылдау үрдісі, бұл құбылысты кейде ассимиляция деп те атайды. Бұл үрдіс көп уақыт бойы «сөз тазалығы» үшін күресушілер тарапынан туындаған дау болып келеді, әлі де дау туғызатын мәселелердің бірі болары сөзсіз. 1970 жылы американдық лингвист Эйнар Хауген тіл және оның қоршаған ортамен қарым-қатынасын сипаттайтын «тіл экологиясы» деген ұғымды ұсынды. Ғалым кірме сөздердің қажеттілігін жоққа шығару мүмкін емес, себебі кірме сөздер тілді дамыту мен жетілдірудің ажырамас бір бөлігі болып табылады деп пайымдайды [1]. Хаугеннің айтуы бойынша тілдер тепе-теңдік жағдайында бір-бірімен бәсекеге түседі және олар мемлекет ішінде де, әлеуметтік топтар және адам санасында бір-бірімен өзара байланыс жасайды. Тіл тазалығын лингвоэкология ғылымы зерттейді, ол тілдің қалыптасқан жүйесін сақтап, тілдің бүгінгі таңдағы жағдайын, ақпараттық ортадағы орнын айқындап, оның әрі қарай дамуын, бөтен сөздермен ластанбауын қадағалау міндетін атқарады. Бұл саланы көп зерттеген шетел ғалымдары Э. Хауген, У. Маккей, Э. Филл, орыс ғалымдары В. Виноградов, Л. Савельев, А. Коваль еңбектерін атап өтуге болады. Ал қазақ тіл білімінде бұл саланы зерттеген ғалымдар қатарына Р. Сыздықова, Н. Уәлиев, М. Балақаев, Қ. Дүсіпбаеваны жатқызуға болады. Бұл ғалымдардың еңбектері тіл экологиясының, лингвоэкологияның дамуына орасан зор үлес қосты.

Лингвоэкология ғылымының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Н.Уәлиевтің айтуынша, тіл экологиясы тек қана күнделікті сөйлеу мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар адамның рухани деңгейін айшықтап, әдепсіз сөйлеуден және жаргон, сленг, варваризм, экзотизм лексикаларын қолданудан қорғайды. Ғалым: «Адамдар тілдік ортада өмір сүреді, сол ортаны бүлдірмей, керісінше көркейтп, өркендету рухани жетілуге оң ықпалын тигізеді» дейді [2].

Кірме сөздер әртүрлі салада оң және кері әсерге ие. Жақсы әсер қалдыратын факторлар: Біріншіден, кірме сөздер тілді жаңа сөздермен және сөз тіркестермен байытып, сөздік қорды кеңейтеді. Бұл тілдің әлемдегі мәдени, технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге бейімделуіне мүмкіндік береді. Екіншіден, басқа елдің мәдениеті мен салт-дәстүрлерімен алмасып, жаңа білім мен идеяларға қол жеткізуге мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, кірме сөздер әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардың қарым-қатынасын жақсартып, ақпарат алмасуды жеңілдетеді. Кірме сөздердің кері әсеріне келетін болсақ: біріншіден, тіл мен мәдениетке қауіп туғызады. Бұл сөздерді тілде жиі пайдалану ұлттық тіл мен мәдениеттің ығысуына және әлсіреуіне әкелу мүмкін. Жас ұрпақ ана тілінің сөздерінің орнына кірме, жаргон, сленг сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанды жөн санайды. Екіншіден, кері әсер туғызатын фактор аударманың тұрақсыздығы және сәйкессіздігі. Ана тілінде барабар баламасы жоқ аударма сөздер мен сөз тіркестерін қолдануда қиыншылықтар туғызуы мүмкін. Үшіншіден, кірме сөздер басқа тілдерде жоқ бірегей сөздерді, сөз тіркестерін және мәдени дәстүрлерді жоғалтуға әкелуі мүмкін. Бұл ұлттық бірегейлік пен мәдени мұраны сақтау мүмкіндігін жіберіп алуға әкеп соғады. Тілдің экологиялық табиғатын ластанып жүрген сленг және жаргон сөздерді бүгінде бұқарлық ақпарат құралдарынан, радио және телеарналардан көптеп кездестіреміз. Қазақ тілінде баламасы бола тұра, орыс тілінде жазылып та, айтылып та жүр. Мәселен, *тақырыптың орнына тема, суреттің орнына фото, балмұздақтың орнына мороженое, айыппұлдың орнына штраф, ұялы телефоның орнына сотка, керемет сөзінің орнына уау, супер, несие сөзінің орнына кредит, қысқасы сөзінің орнына короче, емтихан сөзінің орнына сессия* және т.б. сөздер көп қолданылып жүр.

Кірме сөздердің тілге ену себептері болып сол шетел тілінің сөзімен бірге келетін жаңа ұғымдардың атауы, мысалы – *блокбастер, сайт, дедлайн* сияқты терминдері; төл тіліміздегі сөз тіркесін қысқарту үшін оны бір сөзбен алмастыру, мысалы – портативті

компьютердің орнына *ноутбук*, қалталы телефоның орнына *смартфон*; кейбір ұғымдарды нақтылау үшін, мысалы автотурситтерге арналған қонақ үйдің орнына *мотель* сөзі, көлік сататын дүкеннің орнына автосалон сөзі қолданылады. Кірме сөздер реципиент тілдің заңдылықтарына сәйкес фонеткалық, грамматикалық және семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Кейбір сөздер қабылданушы тілге толығымен еніп сіңіп кетсе, кейбір сөздер сол қалпын сақтап қалады. Кірме сөздердің көбі өз мағынасын сақтап қалып, қазақ тілінің әріптерімен беріліп жазылатын сөздер: мысалы – *стресс, имидж, дедлайн, принтер, фаст-фуд, пицца, дисплей, билборд, сканер*; шетел тілінің графикасын сақтап қалған кірме сөздер: *sms, mail.ru, gmail.com, online, showroom, beeline, web*; аббревиатуралар: *CD, IT, PhD, PR, CD rom, USB, VIP*; шетел орфографиясын сақтап қалған сөздер: *корпорейшн, бестселлер, сейл, инжиниринг, джемпинг, кросс-фит, кофе-брейк, брифинг, митинг, дайвинг*; шет тілісөзі мен төл сөздің бірігуі арқылы жасалған кірме сөздер: *PR-агенттігі, ҚазNet, CD, DVD диск, веб-клиент, Vip-тур, MP4-плейер, art-директор, art-менеджер, spa-индустрия*.

Эколингвистика адамның тілдік тұлға ретіндегі және оның қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы. Австриялық ғалым, лингвист Э. Филл эколингвистиканың төрт түрлі бағытын ұсынған: бірінші – эколингвистика – экология мен тіл білімін біріктіретін барлық зерттеу салаларына арналған ортақ термин; екінші – тіл экологиясы бұл тілдің жан-жақтылығын сақтау мақсатында тілдердің өзара әрекетін зерттейтін ғылым, үшінші – экологиялық лингвистика, экологияның терминдері мен принциптері арқылы тіл жүйесіне өзектілік беретін ғылым, төртінші – лингвоэкология, тіл мен экологиялық мәселелер арасындағы қарым-қатынасты зерттейді [3].

Қазақ тілі терминологиясында орыс тілінен енген терминдер басым екенін білеміз. Тілімізде қолданыстағы кірме сөздер Кеңес үкіметі кезеңінен бастап бүгінгі дейінгі кезеңді қамтиды. Мысалы, *патриот – отанишыл, федерация – құрама, лекция – дәріс, поэма – дастан, методика – әдістеме, экономный – үнемшіл, экономист – үнемші, прогресс – үдеу, колонизаторство – отаршылдық, экспертиза – сарап, эксперт – сарапшы, интеллигент – зиялы, центробежный – делегей* деп қолданылып жүр. Сол сияқты дипломатиялық терминологияның да өзіндік бағыты бар. Сыртқы саясат саласындағы терминдер қолданылуының да қазіргі таңда маңызы ерекше екенін айта кету керек.

Белгілі профессор, академик Шерубай Құрманбайұлының осы мәселеге қатысты былай дейді: «Қазіргі терминтануда терминологияны біріздендірудің келесі жолдары көрсетіліп жүр. Біріншіден, белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екіншісі сала шеңберіндегі біріздендіру; үшінші, нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру; төртіншіден, туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесіншісі тіларалық, ұлтаралық біріздендіру; және де соңғысы халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру» [4, 7].

Кірме сөздердің тағы бір түрі будан сөздерге тоқталатын болсақ, будан немесе гибрид сөздер деп қолданылып жүр. Терминтанушы Ш. Құрманбайұлы будан сөздерге: «Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші кірме сөз немесе шетелдік терминобөлшек болып келетін атаулар» деген анықтама береді [5]. Ғалымның айтуынша бұрын *радиохабар, телехабар* сияқты құрамды сөздер аз кездесетін болса, бүгінде олардың саны көбейгенін айтады. Ғалым гибрид терминдердің қатарына «жартылай калька – мысалы, теле (tele) + көпір (мость), радио+қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін жартылай калька терминдер жатады. Мұндай кезде түбір морфема да (мысалы, демократия+лан/дыр/у, реформа+шыл/дык) немесе қосымша морфема да (фото+сурет, т.б.) алмасуы мүмкін» [6]. Қазіргі қазақ тілінде гибрид сөздердің қатарына бір бөлігі шет тілінен алынған терминобөлшек, ал екінші бөлігі қазақ тіліне аударылған терминдер, калька терминдер және ассимиляцияланған кірме терминдер жатады. Будан атаулар қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым саласынан да кездестіруге болады. Мысалы: *автомектеп, автоұиқыш, геосаяси, әуебилет, аудиокітап, веб-сайт, веб-дизайн, вип-кабина, вип-апартаменттер, вип-сервис, газқұбыр, еуроодақ, бейнекамера, бейнеклип,*

бейнефильм, киноөндіріс, ксерокөшірме, телеарна, теледидар, фотокөрме, фотобайқау, экожоба, экоорталық, этносаясат сияқты бұдан атаулар кездеседі.

Профессор Б. Момынова бұдан сөздер туралы «Гибрид сөздер қазақ тілінде терминқорда, лексикада бар, ал барды жоққа шығару мүмкін емес. Мұндай сөздерді қабылдау қажеттілікке байланысты болғанымен, кейде олар тілдегі түрлі аспектідегі қиындықтарды тудырады. Сондай қиындықтардың бірі аударумен байланысты туындайды, өйткені мұндай сөздерді аудару қиынға әкеп соғады, көп жағдайда бір немесе екі компоненті, кейде барлық компоненттері аударылмайды». Мысалы: *спиралды турбиналық камера; санитарлық-техникалық кабина*. Ғалымның айтуынша бұл терминдер техникалық, жаратылыстану салаларында өте көп кездеседі дейді. Бұл терминдердің тілге енуі өте жылдам, сала жаңалығының пайда болуы, сол жаңалықтың елде қолданыс табуымен байланысты [7, 49].

Лингвист ғалымдардың еңбегіне сүйенетін болсақ, бұдан сөздерге құрамындағы компоненттерінің санына қарамастан, бір мағынаны білдіретін, құрамында төл сөзбен кірме сөз компоненттері біріккен сөздерді айтады. Қазақ тілінде бұл сөздерді бұдан сөздер деп атасақ, орыс тіл білімінде бұл сөздерді гибри́д сөздер, кентавр сөздер, креолданған сөздер деп атайды. Қазақ тіліне көбіне сөздер бұрын орыс тілінен еніп жатса, қазір төл сөзімізге ағылшын тілінің сөзін қосып, бұдан атау жасау сөзжасамда жиі кездесетін тәсілге айналды.

Мемлекеттік тіліміз - қазақ тілі қоғамның барлық саласына еніп, қолданыс аясын кеңейту үшін елімізде дайындалған бағдарламалар ел көлеміндегі тілдік қатынастарды реттеудің бір механизмі ретінде танылады. Еліміз көпұлтты мемлекет болғандықтан көптілді қоғам екеніміз белгілі. Мемлекеттік тілдің қолданысын арттыра отырып, елдегі барлық тілдің өмір сүруіне жағдай жасау тілдік балансты сақтау. Бұл мәселелердің бәрі тіл экологиясының негізгі міндеті болып табылады.

Қорытындылай келе, өзге ұлттың тіліне еліктемей, тіл тазалығы мен мәдениетіне мейлінше көңіл бөлген дұрыс. Бауыржан Момышұлы: «Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл. Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес» деген. Ендеше, тіл бояуы бозарып, қасиетінің жоғалмағаны абзал.

Әдебиет

1. Haugen E. The Ecology of language / E. Haugen – Standford: «Standford University Press», 1972. – 224 p.
2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: монография / Н.Уәли. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 б.
3. Железнова Е.Г. К вопросу об экологии языка и экологической лингвистике / Е.Г. Железнова. Научный вестник ЮИМ. – URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-ekologii-yazyka-i-ekologicheskoy-lingvistike/viewer> (жүгіну уақыты: 30.12.2024).
4. Құрманбайұлы Ш. «Дипломатия терминдерін біріздендіру мәселелері» . Сыртқы саясат саласындағы терминдер және қолданылуы / Ш Құрманбайұлы. – Астана, 2011. – 72 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография / Ш Құрманбайұлы. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапсырма б.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық / Ш Құрманбайұлы. – Астана, 2018. – 116 б.
7. Момынова Б. Қазақ тіліндегі гибри́д сөздер және тіл тазалығы проблемасы / Б. Момынова // Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. ҚР ҰҒА академигі, ф.ғ.д, профессор М.С. Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана, 2018. – 47-51 б.
8. Айтбайұлы Ө. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері / Ө. Айтбайұлы. – Астана, 2002. – 105 б.

9. Kulmanov S. Genealogic and grammatical character of hybrid terms in the Kazakh language / S. Kulmanov. The scientific heritage №87. – Hungary, 2022. – 32-38 pp.
10. <https://termincom.kz>

ҒТАХР 15.81.29

Э.Б. Масалимова, Н. Нұржақып

Семей қаласының Шәкірім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., elmira_masalimova@mail.ru

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ

Қазіргі уақытта иллюстрацияларды орындаудың көптеген тәсілдері бар. Соңғы уақытта компьютерлік графика кеңінен танымал болды, бұл жаңа технологиялық процестердің мүмкіндіктері баспа өнімдерін жасау процесін жеңілдету және жылдамдатуымен байланысты. Маңызды шарт – балалардың қабылдауы автордың түпнұсқалық бейнелеріне жақын болуы, сондықтан мен баланың назарын аударатын есте қалатын иллюстрациялары бар балаларға арналған бірегей өнімдерге қызығушылықты арттырғым келеді. Егер тарихқа тереңдей түсетін болсақ, онда қолжазбалар бастапқыда қолдан жасалған миниатюралармен суреттелген. Кітап басып шығаруды ойлап тапқаннан кейін ғана иллюстрациялар кітап графикасында лайықты орынға ие болып, көбейтуге мүмкіндік алды.



Сурет 1. Кітап графикасындағы иллюстрация

Балаларға арналған дизайн – функционалдық және көркемдік-эстетикалық қасиеттері бар, балалардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескеретін әртүрлі дизайн-объектілерді жобалау және әзірлеу. Психологтардың айтуынша, баланы оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға ойын көмегімен қарау қажет.

Балаларға арналған бұйымды жасаушы жарнама дизайнері ойын баланың негізгі әрекеті, әлемді танудың және осы білімді шындықты модельдеу арқылы басқаларға берудің жоғары сапалы құралы, зейінін, есте сақтауын, ойлауын, сөйлеуін дамыту әдісі екенін ескеруі керек.

Көрнекі өнімді жасауда орасан зор еңбекті жарнама дизайнеріне тиесілі, ол балалардың мақсатты аудиториясына полиграфиялық өнімдердің бірегей макеттерін: түпнұсқа авторлық иллюстрациялары бар кітаптар, тақырыптық журналдар, ашық хаттар, күнтізбелер, үстел және дидактикалық ойындар және т.б. жасайды. Қазіргі заманда өскелең ұрпақтың көрнекі мәдениетін қалыптастыруда, эстетикалық сезімдерді тәрбиелеуде, баланың ақыл-ой және шығармашылық қабілеттерін дамытуда түрлі үстел ойындары үлкен рөл атқарады [3].

Болашақ жарнама дизайнері әрбір жас санаты үшін ойын көзбен шолып безендіру тұжырымдамасын жасау кезінде балалардың қандай да бір жастағы психологиялық аспектілерін ескеру маңызды екенін білуі қажет. Осылайша, кішкентай балалар үшін қарапайым ережелер, қысқа ойын уақытымен және әдемі визуалды безендірумен ойындар қызықты болады.

Осылайша түсінікті және назар аударатын ақпаратты берудің визуалды-графикалық тілі баланың қызығушылығының пайда болуына, оның ақпараттық өрісінің кеңеюіне, интеллектуалының дамуына, көркемдік талғам мен көрнекі мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

Әдебиет

1. Адамқұлов Н.М. Дизайнға жарнама және баспаграфикасы [Мәтін]: оқулық / Н.М. Адамқұлов, А.Е. Жаскиленова, Э.К. Хасенова. – Алматы: ЭСПИ, 2021. – 152 б.
2. Бегімбай К.М. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы дизайнсаласына мамандар даярлау тәсілдері [Мәтін]: оқу құралы / К.М. Бегімбай. – Алматы: Эверо, 2017. – 100 б.
3. Молькова Е.Ю. Современные технологии в проектно-художественной деятельности при подготовке студентов-дизайнеров / Е.Ю. Молькова, И.С. Абоимова // VII Всероссийский фестиваль науки: сборник докладов: в 2 т. – Нижний Новгород: ННГАСУ, 2017. – С. 37-41.

ҒТАХР 17.01.11

Ж.Г. Бахитова

¹Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., bakhit8va@gmail.com
Ғылыми жетекші: С.У.Такиров, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

«АВСТРАЛИЯДА НЕҢ БАР ЕДІ, ҚҰЛЫНЫМ?!» РОМАНЫНЫҢ СЮЖЕТТІК ҚҰРЫЛЫСЫ

Әдебиет әлемінде сюжет әрдайым маңызды орынға ие болған. Ұлы жазушы Л.Н.Толстойдың пікірінше, «Әдебиет – бұл адам өмірінің айнасы. Ондағы басты құрал – сюжет арқылы өмірді көрсету». Расымен де, әдебиеттің қай кезеңін алсақ та, жазушылар өз шығармаларында адам табиғатын, қоғамның ішкі қайшылықтарын, күрделі эмоциялар мен өмірлік сан қилы жағдайларды терең талдап, оны сюжет арқылы шебер жеткізе білген. Әдебиеттің құндылығы да, ешқашан ескірмейтін себебі де осында.

Нақтылайтын болсақ, біріншіден, барлық қаламгерге ортақ нәрсе – тіл. Тіл арқылы ой-сезімге әсер ететін сөздік образдар жасалады.

Екіншіден, өмірден алынған құбылыстардың әдеби шығармада жаңа бейнеге ауысуы алдыңғы планға оқиғалар қозғалысынан (эпикалық, драмалық шығармаларда) немесе ой-сезім қозғалысынан (лирикалық шығармаларда) туындайтын сюжетті шығарады. Сюжетте жалпы адам болмысы, алуан-алуан тағдырлар, қарама-қайшылықтар мен қоғамдық тартыстардың мәні ашылады [1, 85].

«Қазақ топырағындағы әдебиет туралы ғылым туу, қалыптасу дәуірінен әлдеқашан өтті. Бұл ғылым бүгінде күрделі (әрі қиын, әрі қызық) даму-өсу, өркендеу кезеңдерін бастан кешіріп отыр», – дейді атақты жазушы, әдебиет сыншысы З. Қабдолов [2, 3].

Иә, расында қазіргі таңда қазақ әдебиеті заман талабына сай жаңа деңгейге көтерілуде. Сан түрлі тақырыптар бүгінгі жазушылардың еңбектерінде белең алып жатыр. Яғни қазіргі тәуелсіз қазақ прозасында сюжеттің бөлшектері белгілі бір жүйеге не заңдылыққа бағынбайды, сондықтан шығармадағы оқиғаның баяндалуында хронологиялық тәртіптің сақталмауы заңды құбылыс ретінде қарастырылып келеді.

Осы орайда мақаламызға арқау болып отырған қазіргі таңда өзіндік ізденісімен орта буын өкілдерінің алдыңғы қатарында есімі аталатын жазушы – Тұрсынбек Әлиұлын айта аламыз. Себебі бұл жазушы ондап, жүздеп кітап шығармаса да, тұңғыш әрі жалғыз шығармасы оқырман көңіліне бірден жағып, қазіргі заман әдебиетінде өзінің оймақтай орнын тапты. Бұл – «Австралияда нең бар еді, құлыным?» немесе шындығында «Улуру» шығармасы.

Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен

кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Тұрсынбек Әлиұлының «Австралияда нең бар еді, құлыным?!» шығармасының басты ерекшелігі де, сюжеттік құрылымның күшті болуында.

«Романның аты – УЛУРУ. Неге бұлай, бір қарағанда түсініксіз ат екенін кейін айтармын. Бірақ оқырманға «Австралияда нең бар еді, құлыным?!» деген атпен танылып кетті. Оған себеп 5 бөлімнен тұратын романның бірінші бөлімі. Бірінші бөлімінің атауы», – дейді автордың өзі 2021 жылғы сұхбатында [3].

Біздің бүгін қарастыратын дүниеміз де осы аз уақытта танымал болған романның бірінші бөлімі.

Алғаш жолдарынан бастап баурап алатын ерекше стильді бұл шым-шытырық хикая бас кейіпкер Тұрысбектің бес жылға жетпеген уақытта әлемді бір шарлап өтуі жайлы. Қызығы меншыжығы тең бұл саяхаттың басы Австралиядағы досының шақыртуынан және Тұрысбектің тәуекел етіп қабылдаған шешімінен басталады.

Тынық мұхиты мен Үнді мұхитының ортасында жатқан Австралияға, досы Смиттың баласының үйлену тойына барып қайтуды шешкен бас кейіпкер алғашында Астана мен Мельбурнның қашықтығынан шошиды. Бірақ бұл шешімінен бас тартпай, тәуекел етуді жөн санайды.

Шығарма сюжетінің байланысы Тұрысбектің Австралияға жетіп, досының қуанышына ортақтасуынан көрінеді. Бұл тұста сонау қазақ елінен келген сыйлы қонақ, яғни Тұрысбек өз ұлтын таныстыру мақсатында өнерін паш етеді. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» демекші, сыйлыққа әкелген домбырасын шертіп жіберіп, халық әндерін орындайды. Дүйім жұрттың көңілінен шыққан бұл әрекеті ұзаққа жалғасып, бірнеше әнді бір-ақ шырқайды.

Содан қызық енді басталады. Сыртқа шығып кеткен Тұрысбек аяқ асты желкесіне тиген ауыр соққыны сезеді. Үлкен Австралия еліне келген жалғыз қазақ жігіті сөйтіп күтпеген жерден қаптап жүрген қойлардың арасында оянады. Той тамашалауға келген Тұрысбек Шыңғыс Айтматовтың тілімен айтқанда, «мәңгүртке» айналады. Иә, қайдан келгені түгілі аты да есінде жоқ бас кейіпкердің бұндай жағдайға түсуін кім біліп еді?

Міне, сюжеттің осылайша дамуы шығарманың өзге туындылардан басты ерекшелігі секілді. «Ауылды қойып, қала тақырыбына, тіпті әлемдік «территорияға» шығып кететін уақыт әлдеқашан келді деп ойлаймын», – дейді автор бұл жайлы. Расымен, қазақ жазба әдебиетіндегі негізгі тірек ретінде саналатын ХІХ-ХХғ. шығармаларының көп бөлігі бүгінде өзектілігін жоғалтуда. Оның себептері: урбанизация, заманның өзгеруі, қоғамның жан-жақты дамуы, мәдениет, әдебиет сияқты салалардың прогреске түсуі және т.б. Яғни осы негіздерден оқырманның да бұрынғы шығармаларға көзқарасы өзгеруде, қызығушылығы азаюда. Ал «Австралияда нең бар еді, құлыным?!» хикаясы қазақ әдебиетіне жаңа леп, бұрын соңды болмаған толқын әкелгендей.

Оны дәлелдеу үшін, шығарма сюжетіне оралайық. Бас кейіпкеріміз Тұрысбек құлдыққа түсіп, жердің түп-түбін шарлайды. Осы уақытта жазушы Тұрысбектің шарасыз «саяхаты» арқылы әр құрлық пен мұхиттың географиялық жағдайын негізге ала отырып, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін көркем түрде сипаттайды. Австралияның табиғатын Қазақстанның табиғатына ұқсатқан кейіпкердің өз есін білгелі елін сағынғанын көре аламыз. Яғни айналаң қандай жап-жасыл, таза, әдемі болса да, әрине, өз Отаныңа жетпейді.

Кейін Тұрысбек теңіз құлына айналып, оның түбінен алтын құймасын іздейтіндердің қатарынан табылады. Темір тормен қоршаулы жандар су астына амалсыздан түсіп, акулалармен және басқа да су жануарларымен бетпе-бет кездеседі. Жартысы осы теңіз бетіндегі қызыл қанның иесі болса, жартысы әлі де тіршілік үшін күресуде. Солардың арасында бір құдайына сенген Тұрысбек бар. «Мен кімге жалынбадым? Аллаға да, Исаға да, Буддаға да, Түріктің өзі Тәңірі бар деген соң, оған да, бірақ олардың ешқайсысы да мені әзірше көзіне ілетін емес», – деген үзіндіден оның сенімі әртүрлі дінде көрініс табатынын байқаймыз [4]. Осы сәтті автор ұтымды пайдаланып, әртүрлі діннің өкілдері арқылы сан түрлі мәдениетті суреттейді. Бұл пікірлерімен келіспеуге болмайды, себебі кейде бір сенімнің өзі жеткіліксіз. Қазіргі дамыған заманда көзі ашық, көкірегі ояу жандар ғылыммен

айналысуда. Діннің өзі күрделі тақырып болғандықтан, ол туралы айтарда білім деңгейің де жоғары дәрежеде болуы керек.

Алтын құймаларды теңіз түбіненіздеп табудан алдына жан салмайтын жандардың тағдырлары бір кемеде тоғысады. Бірі қарызын жабуды көздеп келсе, екіншісі байып кетуді мақсат етеді. Біздің қазақта «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» деген мақал бар. Періштенің жанында адам деген не тәйірі. Бір қап боқ емес пе? [4].

Тұрысбектің әр діндегі сенім бойынша айналып келгенде жалғызқұдайға сыйынғандағы бір дұғасы қабыл болғандай. Ол кеме иесі Педромен келісіп, түн бата қашуға бел буады. Сөйтіп Тынық мұхитына жетіп, бір үйге тап болады, иесі Хуан деген кісі. Тамақ беріп, жұмыс тапқан мейірбан Хуанның Ауа деген қызы бар екен. Қаншама ай әйел затын көрмеген Тұрысбек Ауаның алдында өзін ұстай алмай, бірнеше рет сезіміне ерік береді. Бірақ бұл әрекеті ұзақ уақыт жалғаса бергені қате екенін түсініп, жүрек тұсында бала көтеріп жүрген Ауаны тастап, еліне оралуды қайта көздейді. Ғашығымен, оның үйіндегілермен жылы қоштасып, келесі бір кемеге отырады. Ол кемеді де жолы болмай, табиғаттың тосын-сыйына тап болады. Жел көтеріліп, найзағай ойнап, адамдардың зәресін алғаны сонша, бәрі жан-жаққа секіріп кетеді. Әрине, олардың арасында Тұрысбек те бар. Бір тақтайға сенген ол айтуір дегенде жағажайға жетеді. Тірі адам тіршілігін жасайды емес пе?

Кемеді тамағымен бөліскен, сонысымен есте қалған Андрес атты жігіттің Перудегі отбасына қонақ болып барады. Сол жақта біраз аялдап, жұмыстарына да көмектеседі. Сонымен қатар көңіл көтеріп те үлгеріп жүретін бас кейіпкердің өте ширақ екенін байқай аламыз, әйтпесе қатарындағы адамдар сияқты әлдеқайда үмітін үзбей ме? Жоқ, Тұрысбектің өмірге деген талпынысы мен еліне деген сағынышы одан да мықтырақ. «Мейлі шағын, мейлі көлемді, ұзақ шығарма болсын, жазушы-ақындар өмір туралы, адам және олардың араларындағы қарым-қатынастар туралы жұртшылыққа өздерінің ой-пікірлерін, көзқарастарын ұсынады» [4, 32]. Яғни автор Тұрысбек арқылы оқырманға ешқашан берілмеу керек екенін, айналаңда қандай адамдар болса да, өз сеніміне берік болу маңызды екенін жеткізгісі келген болар. Осы сезімдерін негізге ала отырып, қайық үстінде Амазонкаға жетеді.

Енді еліне жақындау оңайырақ бола ма десек, алдынан тағы да қарулы 5-6 адам кездесіп, қыздарын ұрлап кеткенін хабарлайды. Мән-жайды білген Тұрысбек шашы жоқ, тісі түскен шалдан «ұрланған» жас қызды қолдай келе, сол шалға қызды қиған арсыздармен соғысып, өздері аз болса да, әділеттілік орнап, жеңіске жетеді. Осы жағдайды да автор жайдан-жай бас кейіпкердің басына салмаған ғой. Қаршадай қыздың өмірін өз қолдарымен талқандауға дайын болған адамдардың саны көп болса да, санасы жоқ екенін түсінеміз.

Амазонкадан Кубаға жол тартқан рухты Тұрысбек өз жолында керісінше Кубадан қашып, АҚШ-қа бет алған жігітпен танысады. Неге десеңіз, АҚШ бай мемлекет, демократия орнаған. Бірақ Куба да социалистік жүйедегі ел емес пе? Бұдан түсінетініміз: адамның жақсы жағдайда өмір сүруі, тағдырын өз қолына алуы көп жағдайда тікелей өзіне байланысты.

Біреудің мінін көргенше,

Жамандығын тергенше,

Өз ойыңды мазалап,

Өз бойыңды тазалап,

Өзіңмен алыс өлгенше! – деп, Шәкәрім Құдайбердіұлы бекерден бекер жазбаған ғой.

Қиындықта қалған кубалық жігітті орта жолда тастамай, Тұрысбек те артынан еріп барады. Ендігі аялдама – Солтүстік Америка, Голфстрим. Бұл жерге жету барысында бас кейіпкердің біршама ойланғаны бар. Түнгі аспанды бақылап жатқан сәтте қазақтың ғалам дейтін галактикасы да қызық дүние екенін аңғарамыз. Адам баласы дүниені ғылым арқылы танып-біледі. Табиғат пен қоғам құбылыстарының заңын ашатын, мәнін түсіндіретін – ғылым, теория. Бұған дау жоқ [2, 20]. Күнделікті өмірде ойлана бермейтін тақырып қой былайша. Жалпы осы шығарма арқылы өзімізді қоршаған әлем жайлы тарихи тұрғыдан, географиялық тұрғыдан, тіпті мәдениеттен де, астрономиядан да хабардар бола алатынымыздың бір дәлелі.

Гренландияға да соғып кеткен Тұрысбек осы жолы отанына бір қадам жақындағандай. Себебі бұл елге көрші Ресейдің өкілдері келіп-кетіп жүреді екен.

Ит жанды «саяхатшымыз» солай жүре Арктикадан бір-ақ шықты, эскимостармен танысып алған. «Үш күннен кейін адам тозаққа да үйренеді», – демекші, Тұрысбекке дәл жанындағылар секілді киттың, пингвинның етін жеу қалыпты дүние болып қалды.

Осыған дейін жазғанымыздай, еліне біршама жақындап қалған Тұрысбек өзінің павлодарлық жерлесі – Андреймен танысады. Әскери нысан саналатын сүңгуір қайыққа жасыл қағаздың күшімен отырып алған ол басына түскен оқиғаларды баяндайды. Ал тыңдаушылар «Ну ты даешь, казах», – деп бастарын шайқайды [4, 113]. Сол ақшаның күші болмаса, Тұрысбектің тыңдаушылары болар ма еді? Арктикада эскимостармен виски ішіп отырар ма еді? Тіпті сол елге де жете алмас еді, әлбетте.

Бәлкім ең алғаш теңізге құлдыққа сатылғанда-ақ жоқ болып кетуі мүмкін еді ғой. Осы тұстан байқайтынымыз: өмірдің көп жағдайында тек адамгершілігің пен адалдығың аздық етеді, оларға сай білімің мен кейде қулығың және материалдық жағдайыңның да жетіп тұруы маңызды, кем дегенде бүгінгі заманда. Сенімге кіріп, сөзбен алдау қасиетінсіз Тұрысбек кезіндегі Педродан да құтыла алмас еді ғой, сірә.

Иә, осы орыстармен жолы біріккен біздің «саяхатшымыздың» басына тағы бір іс түседі. Австралияда қой бақты, теңізде құл болды, тіпті Тынық мұхитына барып, ғашық болып та көрді, одан соғысты, түрлі жануар-балықтарды аулағанымен қоса, дәмдерін де татты. Енді жетпегені Ресейдің түрмесі еді! Бас кейіпкеріміз аз уақытта көп сөзге келіп үлгеріп, Мұстафа Өзгүрктің мектебінен таэквондоға қатысқандағы үйренген соққыларын сәл көрсетіп жіберіп, абақтының төрінен орын алады. Неге төрінен, себебі бұл жерде де тек күштілерді сыйлайды. Түрменің ішінде солай болса, одан шығудың да амалын қарастыру керек емес пе? Дәл солай, бұл тұста тағы жасыл қағаздың күші көмекке келді.

Мәскеуден Омбыға, одан Якутск арқылы Тұрысбек туған жеріне, кең байтақ даласы бар қазақ еліне жетуге мүмкіндік алды. Әуеде ұшқышпен де әңгімені жіберіп, бір-екі ұрттайды. Біраз жылға созылған саяхаттың бәле-жаласын осымен кетірді-ау, шамасы!

Иә, шынында да солай секілді. Себебі Тұрысбек өз Отанына оралды! «Солтүстік Қазақстан, ақ қайындар, Бурабайдан өткенде, Ақкөлге жеткенде бір жасап қалармын. Жол теп-тегіс. Автобан. Көңілім құстай ұшып кетеді. Өйтпей ше? Елімді, жерімді сағындым. Балаларымды, жарымды сағындым. Барлығын сағындым!!!» – деген үзіндінің өзінен денені түршігіп, жүрегің дүрсілдеп кететіндей... [4, 125].

4 жыл 8 ай ішінде алты құрлықта, төрт мұхитта болған бас кейіпкеріміздің тағдырын кешкендей әсер алуға болады. Алайда бұның бәрі Тұрысбектің аяқ асты Австралияға бару туралы қабылдаған шешімінен басталып еді ғой. Атақты жазушы Пауло Коэльо: «Тәуекел – қорқыныштың емес, мүмкіндіктің екінші атауы» - дейді емес пе?

Баяғы Аристотель заманынан күні бүгінге дейін адамнан тыс, адам өмірінен тыс ешқандай сөз өнерінің де, өнер туындысының да болмайтыны дәлелденген үстіне дәлелденіп келе жатыр [5, 158]. Сол сияқты Тұрысбек Әлиұлы қаншама ұлт тағдырын, олардың діні мен мәдениетін, бағана айтқанымыздай, тарихы мен географиясын, бір-бірінен ерекшелігін жалғыз ғана бас кейіпкер арқылы жеткізе алды. Бұл, меніңше, шеберлік.

Қорыта келе, романның бірінші бөлімі – «Австралияда нең бар еді, құлыным?!» жиһангерлік хикаясы арқылы өмірге деген көзқарас өзгеруі мүмкін екенін айтқым келеді. Қай ортада, қай елде болсаң да, олардың тілін түсінуге шамаң жетпеген жағдайда да, материалдық тұрғыдан бөлек физикалық тұрғыдан әлсірей бастасаң да, соңғы демің үзілгенше дейін жақсылықтан үмітті болу керек екенін автор баса көрсетеді. Себебі «Үміт – адам жанын алға сүйрейтін жалғыз күш», – дейді жазушы Ф. Мүсірепов.

Әдебиет

1. Ахметов К. Әдебиет әліппесі. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. – 362 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 366 б.

3. Әлиұлы Т. Ауа жеңгемізді көреміз деп үйіме іздеп келгендер де болды. https://adebiportal.kz/kz/news/view/tursynbek-aliuly-aaa-zengemizdi-koremiz-dep-uiime-izdep-kelgender-de-boldy_23568

4. Әлиұлы Т. Австралияда нең бар еді, ұлыным?! <https://www.calameo.com/read/0069783773bf368abce9c>

5. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 15-Т. – 442 б.

SRSTI 14.01.80

Abdigazi S.Kh., Senior Lecturer, Master
Azhguzhiyev A., Faculty of Economics and Law
K. Zhubanov, ARU, Aktobe, aitekazhguzhiyev@gmail.com

KUDAIBERGEN ZHUBANOV – DEFENDER OF THE LANGUAGE, CULTURE, AND RIGHTS OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract: The article focuses on the life and work of Kudaibergen Zhubanov, a prominent Kazakh scholar, linguist, and defender of the rights of the Kazakh people. Special attention is given to his fight for the rights of the oppressed, the protection of the Kazakh language and culture under colonization and repression. Zhubanov advocated for equality, social justice, and the people's right to self-determination, defending the dignity and rights of Kazakhs under the totalitarian regime. The article highlights his significance as a symbol of the struggle for human rights and national identity.

Keywords: Kudaibergen Zhubanov, human rights defense, Kazakh language, social justice, oppression, repression, rights of the oppressed, national identity.

Kudaibergen Zhubanov was one of the prominent representatives of the Kazakh intelligentsia of the early 20th century, whose work was aimed at protecting the cultural and linguistic rights of the Kazakh people. Amid complex political changes and ideological pressure from the Soviet Union, Zhubanov defended his nation's identity, fighting to preserve the Kazakh language and traditions. "Language is not just a means of communication; it is our soul, our past, and our future" [1.1], wrote Zhubanov, emphasizing the inseparable connection between language and national consciousness.

Kudaibergen Zhubanov made a significant contribution to the study and systematization of Kazakh folklore and literary works, which influenced the development of national culture. His efforts to organize and research the Kazakh language and culture not only helped popularize them but also strengthened the national identity of the Kazakh people during a challenging time when many cultures faced threats to their identity.

Zhubanov was not only an outstanding scholar but also a man deeply concerned about the fate of the Kazakh people and all the oppressed. In an era of brutal repression, colonial policy, and totalitarian regimes, he fought for the rights of Kazakhs not only to their language and culture but also to human dignity, freedom, and equality.

Zhubanov understood that the oppression of the Kazakh people had begun long before his time, with colonization and assimilation, leading to economic, social, and cultural enslavement. He opposed policies aimed at suppressing the freedom and independence of the Kazakhs. "An oppressed people are deprived of the right to self-determination and dignity. Our duty is to restore these rights" [1.2], Zhubanov wrote, emphasizing the importance of fighting for the liberation of Kazakhs from colonial oppression.

He criticized the social inequality in which the Kazakh people were subjected to exploitative practices, deprived of rights to land and natural resources. Economic exploitation and the suppression of the political activity of the Kazakhs led to their marginalization in society. "A people who do not control their resources and are deprived of a voice will forever remain dependent" [1.3], Zhubanov said, defending the Kazakh people's right to control their lands and natural wealth.

Zhubanov was a supporter of social justice and equality for all people under the law. He advocated for equal opportunities for Kazakhs in education, labor, and public life. In the face of

Russification and the discrimination of Kazakhs, he fought for access to education and the preservation of national identity, which was directly tied to human rights. "Without knowledge of their rights and equal access to opportunities, a people are doomed to eternal oppression" [1.4], Zhubanov believed.

Moreover, Zhubanov advocated for the Kazakhs to have equal rights to participate in the political life of the country. At a time when Kazakhs were systematically excluded from decision-making processes, he insisted that their voice should be heard. "The people have the right to self-governance and participation in determining their future" [1.5], he asserted, seeing this as the foundation for building a just society.

Zhubanov became a victim of Stalinist repressions, like many other Kazakh intellectuals, because his ideas about the rights of the oppressed and the fight against colonial policy clashed with the totalitarian regime. His arrest in 1937 on charges of "nationalism" was an attempt to silence his voice and the movement for the people's rights. "The truth is always on the side of those who defend the oppressed, even if it is temporarily hidden by repression" [1.6], Zhubanov wrote, unafraid to speak out about injustice and inequality in society.

His struggle against repression and oppression is significant for all peoples who have suffered political persecution. Zhubanov believed that a free society is impossible without recognizing the rights to free expression, protection from political terror, and equality before the law.

Despite his tragic fate, Kudaibergen Zhubanov's ideas continue to live on in the struggle for the rights of Kazakhs and other oppressed peoples. His beliefs in freedom, equality, and dignity remain relevant not only for Kazakhstan but for all people fighting against oppression and injustice.

"Every person, regardless of their origin, has the right to freedom, justice, and the opportunity to be heard" [1.7], was Zhubanov's message, which remains important to this day.

Kudaibergen Zhubanov was not only a defender of the Kazakh language and culture but also a fighter for the rights of the oppressed, for the freedom and equality of his people. His legacy continues to inspire new generations to pursue justice, dignity, and human rights, serving as an example for those who defend the rights of the oppressed in any historical context.

References

1. Zhubanov K. Selected Works on Kazakh Linguistics. – Almaty: Kazakhstan Publishing House, 1957.
2. Kadyrzhanov K. The Kazakh Intelligentsia and the Struggle for National Identity. – Almaty: Arys, 1997.
3. Zhumagalieva S., Zhubanov K. Defender of the Kazakh Language and Culture // Bulletin of the Kazakh National University. – № 4. – 2005.
4. Ryskulov M. Political Repressions in Kazakhstan and the Fate of the Kazakh Intelligentsia. – Astana: Eurasian University, 2004.
5. Aldazhumanov K. The History of Kazakhstan: From Colonialism to Independence. – Almaty: Kazakhstan Academy of Sciences, 2002.
6. Platonov S. The Tragedy of the Kazakh Intelligentsia: Repressions of 1937-1938. – Moscow: Nauka, 2001.
7. Aitbayev O. The Personality and Activities of Kudaibergen Zhubanov in the Context of Kazakhstan's Cultural Revival // Turkology Bulletin. – № 2. – 1999.

Ә.Е. Ыбрай, А.К. Жахметова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., assiyaybray@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ОНЫҢ АУДИТІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

Қазіргі заманда цифрлық экономика қарқынды дамып, күннен күнге күрделене түсіп жатыр. Бұл саланың дамуы жаңа тәуекелдердің пайда болуымен қатар жүреді. Коммерциялық қатынастардың электронды жүйелерде жүргізілуі қаржылық транзакциялар, қолданушылардың жеке деректері, сауда-саттық қатынастары туралы мәліметтер сияқты құпия деректердің ақпараттық кеңістікте өңделуін білдіреді. Бұл ақпараттық кеңістік саласына жаңа міндеттер қойып, аудит қызметтері тарапынан қосымша бақылауды талап етеді.

Ақпараттық кеңістік – тұрақты түрде дамытуды талап ететін, жылдам жаңартатын сала. Ақпараттық кеңістіктегі аудитті ұйымдастыруға қойылатын бірнеше талап бар:

1. Техникадағы сауаттылық. Ақпараттық кеңістік аудиторларының ақпараттық технологиялар, желі инфрақұрылымы мен киберқауіпсіздік саласында білімі болуы керек. Аудиторлар құпиялылық пен деректер қауіпсіздігі саласындағы қауіптер мен тәуекелдерді және олардан қорғану жүйелерінің деңгейін бағалай алуы керек.

2. Үлкен көлемдегі деректер. Ақпараттық кеңістікте талдау керек деректер көлемі үлкен жылдамдықпен артып жатыр. Яғни аудиторлық тексерістен өтетін ақпарат көлемі де артады.

3. Заңнамалар мен нормативтердің сақталуы. Ақпараттық кеңістікте аудит жүргізу үшін мамандар тек аудит және қаржылық бақылаудың халықаралық және ұлттық жалпы стандарттары мен қолданыстағы заңнамаларды ғана емес, ақпараттық технологиялар мен осы саладағы қатынастарды реттейтін заңдар мен нормативтерді меңгеру қажет. Оларға Дербес деректер және оларды қорғау туралы, Ақпараттандыру туралы ҚР Заңдары мен ҚР Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы сияқты құжаттар жатады.

Ақпараттық технологиялар аудиті – ақпараттық инфрақұрылымның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалауға бағытталған шаралар жиынтығы [1].

Ақпараттық технологиялар аудитінің міндеттері:

1. АТ тәуекелдерін бағалау;
2. Ақпараттық жүйелердің жаңылыстарын азайтып, алдын алуға көмектесу;
3. АТ тәуекелдерін басқаруға қатысу;
4. Қатысты нормативті құжаттарды дайындауға көмектесу;
5. Мезгілді тексерулер жүргізу;
6. АТ-менеджерлерге АТ-ды басқаруды дұрыс ұйымдастыруға көмектесу.

Қазақстандық құқықта ақпараттық технологиялар аудиті саласындағы заңнамалар жетіспейді. ҚР Ақпараттандыру туралы Заңына сәйкес:

Ақпараттық жүйенің аудиті – ақпараттық жүйені пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында оны тәуелсіз зерттеп-қарау [3].

Аталған заңда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган ретінде ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті белгіленген.

Сонымен қатар, осы Заңның 50-бабына сәйкес:


1. Ақпараттық жүйелерді құру, өндіру және пайдалану кезеңінде ақпараттық жүйелердің меншік иесінің немесе иеленушісінің бастамасы бойынша ақпараттық жүйелердің аудиті жүргізілуі мүмкін.

2. Ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізуді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында арнайы білімі мен жұмыс тәжірибесі бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Бұдан бөлек, ақпараттық кеңістікте қаржыландыру мен аудит қызметтерін жүргізу үшін ҚР Киберқауіпсіздік туралы тұжырамасының негізгі қағидаттары мен ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңындағы нормалар мен ҚР Аудиторлық қызмет туралы және ҚР Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңдарындағы қағидаларды ұстану керек.


Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің дамуында 2018-2022 жж. іске асырылған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы маңызды орынға ие.

2018 жылдан бері электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемі артып жатыр. 2018 жылы бұл көрсеткіштің жоспарлы мөлшері 30%-ды құрады, алайда іс жүзінде мемлекеттік қызметтердің 81,3%-ы электронды түрде іске асырылды. 2019 жылы іс жүзіндегі көрсеткіш 78,8%-ға дейін төмендеп, 2020 жылы 85,4% дейін артқан. Ал 2021 жылы мемлекеттік қызметтердің 90%-дан астамы электронды түрде іске асырылатын болды, яғни жоспарлы 60%-дан 90,07%-ға үлкен көрсеткішке жеттік.



1-сурет – «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша 2018-2021 жж. мемлекеттік қызметтердің жалпы көлеміндегі электронды түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі, пайызбен

Ескерту: автор [4] әдебиет негізінде құрастырған



2-сурет – е-Үкімет индексі бойынша БҰҰ-ның 2022 ж. рейтингіндегі Қазақстанның позициясы


Ескерту: автор [5] әдебиет негізінде құрастырған

2022 жылы е-Үкіметтің даму индексі бойынша рейтингте Қазақстан 193 мемлекеттің ішінде 28 орын алды. Бұл Орталық Азия елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіш және посткеңестік кеңістіктегі Эстония мен Литвадан кейінгі 3 орын. Кейбір жақын және алыс шет елдермен салыстыра кетсек, бұл рейтингте Қырғызстан 81-ші, Өзбекстан 69-шы, Ресей

42-ші, Украина 46-шы, Қытай 43-ші, Әзірбайжан 83-ші, Гүржістан 60-шы, Түркия 48-ші орында.

Е-Үкіметтің даму индексі бойынша 2022 және 2024 жылғы деректерді салыстырсақ, Дания әлі де бұл рейтинг бойынша көш бастап тұр және екі жыл ішінде өз көрсеткішін 0,02-ге арттырған. Қазақстан 2022 жылмен салыстырғанда төрт позиция жоғары көтеріліп, 24-орынға жайғасты. Екі жыл ішінде еліміз е-Үкімет индекcін 0,04-ке арттырған.

Цифрлық технологиялардың, жаңа буын компьютерлерінің және басқа да гаджеттердің таралуының тез қарқын алуының арқасында Қазақстанда 6 жастан 74 жасқа дейінгі халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі соңғы 3 жылда 4,5%-ға өсіп, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 84,1%-ды құрады [6].



3-сурет. – е-Үкімет индексі бойынша БҰҰ-ның 2024 ж. рейтингіндегі Қазақстанның позициясы

Ескерту: автор [5] әдебиет негізінде құрастырған

Қорытындылай келе, Қазақстанның цифрлық экономикасы жылдан жылға дамып жатыр, бұл – ақпараттық кеңістік саласының күрделенуімен қатар жүретін процес. Ақпараттық кеңістікте аудит жүргізбес бұрын бұл салада ауқымды деректермен жұмыс істеуге дайын желі, оны жүргізе алатын цифрлық сауаттылығы жоғары кадрлар мен реттеуші нормативті құжаттарды толықтырып, дайындау қажет. Елімізде ақпараттық кеңістік саласының қаржыландырылуы мен аудитіне қатысты арнайы заңнамалар жетіспейді.

Қазақстанның ақпараттық кеңістігі дамып жатыр. Еліміздің е-Үкімет, азаматтарға электронды түрде мемлекеттік қызметтер көрсету деңгейі жоғары. Алайда, еліміздің цифрлық экономикасы алдында тұрған өнеркәсіптерді ақпараттандыру арқылы еңбек өнімділігін арттыру, желілік дайындықты жоғарылату сияқты мәселелер әлі де көп жұмысты талап етеді.

Әдебиет

1. Для чего нужен IT аудит и что в него входит [Электронды ресурс], URL: <https://crocos.kz/dlya-chego-nuzhen-it-audit-i-chto-v-nego-vxodit>
2. Иванченко В.В. Аудит информационных технологий // Вестник Московского финансово-юридического университета. – №1. – 2015 [Электронды ресурс], URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/audit-informatsionnyh-tehnologiy/viewer>
3. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ [Электронды ресурс], URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418>

4. 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын 2018-2021 жылдары іске асыру туралы есеп [Электронды ресурс], URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/documents/details/309286?lang=kk>

5. БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік істер департаментінің е-Үкіметтің даму индексі бойынша рейтингі [Электронды ресурс], URL: <https://publicadministration.un.org/egovkb/en-us/data-center>

6. ҚР Жоғары Аудиторлық Палатасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын аралық бағалауға және ақпараттандыру саласындағы мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігіне жүргізілген нәтижелері туралы аудиторлық қорытындысы [Электронды ресурс], URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/320509?lang=kk>

ҒТАХР 17.01.39

П. Серікбекқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., serikbekperizat902@gmail.com
Ғылыми жетекші: **С.У.Такиров**, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

«ТАҢҒАЖАЙЫП ДҮНИЕ» МЕМУАРЛЫҚ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

Әдебиет жолында бүкіл ғұмырын еліне, жұртына арнаған, шындық пен ақиқат жолында өз ғұмырын сарп етіп, қара қылды қақ жарып, қаламының қырымын жұртына арнаған әйгілі жазушылардың бірі – Қабдеш Жұмаділов.

Қабдеш Жұмаділов – 1936 жылы 4 сәуірде Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағы, Малдыбай ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. 2021 жылы 5 сәуірде дүниеден өткен.

«Соңғы жылдары оқырман қауымның сұрауы бойынша, менің «Соңғы көш», «Дарабоз» атты романдарым қайта басылып, қазір қолдан-қолғатаралуда. Жоғарғы жақтан «осы шығармалар қажет-ау» деп қол ұшын берген ешкім жоқ», – деп жазушы сәлде болсын өзінің ренішін білдіргенін байқаймыз [1]. Бұған қарамастан жазушы кітаптарды өз қаражатымен шығарып, оқырман тілегін орындауға күш салған. Осыдан кейін өзінің ауқымды ғұмырнамалық романын дүниеге әкелген болатын. Ол мемуарлық шығарма – «Таңғажайып дүние».

Жалпы «Таңғажайып дүние» романына келетін болсақ, жазушы өзінің жарты ғұмырын өмірмен ұштастыра, шарапаты тиген жақсыларды, кесапаты тиген кесірлерді сипаттай отырып, дәуір шындығын суреттейді.

Кітаптың басы: «Бұл кітабымды жарлы – жақыбай кезімде етегімнен ұстаған, алтындай бес бала сүйгізіп, отбасын бақытқа кенелткен, ала қағаздың азабын, тұрмыстың ащысы мен тұщысын ұзақ жыл бірге татқан өмірлік серігім Сәулеге арнаймын», – деп бастайды жазушы шығармасын. Әрине, бұл өмірде бәрі жұп-жұбымен демекші, өмірінің соңына дейін бір кемеде жүзетін жарына арнауы түсінікті жайт. Автор өзіне ес кіргеннен бастап алпыс жасына дейінгі аралықты қамтып шығады. Жазушының шеберлігі соншалық, роман басындағы бір сөйлем арқылы алдағы өмірімен байланыстырып суреттейді. «Әлі жұлыны қиылмаған ақбоз тұсаулы қалпында көкке шашып, қорқырап тулап жүр. Ақ қардың беті лезде қызыл шұбар қан болды. Менің сыртқы дүниені алғаш қабылдауым, басқа көрініс құрып қалғандай, қызыл қаннан басталғаны несі?», – деп таңданады жазушы [2, 9]. «Ақ қарды – сәбидің кіршіксіз таза көңілі десек, қызылқан – сол уақыттың, яғни мен есігін

ашқалы тұрған заманның басты нышаны», – деп топшалайды автор [2, 10]. Шынымен де, сол дәуірдің қиыншылығының дәмін татқан бірден-бір жазушы – Қабдеш Жұмаділов.

Сегіз жасына дейін мектеп табалдырығын аттамай, әкесінің сөзін ескеріп, сегіз жасқа толғанан кейін барып білім алады. Жастайынан құйма құлақ, зерек болып, оқушылардың алды болады. Ауылдық мектепте төрт жыл оқып, әжептеуір сауаты бар адамның бірі болып шығады. Әйтсе де, отбасылық жағдайдың төмендеуінің кесірінен бір жыл ауылда аялдап қалады. Соларалықта өміріндегі ең маңызды бөлшегінің бірі – әкесінен айырылады. Жалғыз серігі анасы баласына қолдау көрсетіп, ақылын айтып қалаға оқуға жібереді. Міне, дәл осы кезден бастап Қабдештің жаңа өмірі басталады.

Қалаға оқуға келген Қабдештің көңіл-күйі бола қоймайды. Себебі мектептің білімді, тәжірибелі деген мұғалімдері «халық жауы» деген айыппен қамауға жабылған еді. Бұл мәселе қалай басталса, аяғы да қатты болып аяқталды. Сот үкімі шығып, ұлт қамын жеген зиялы қауымдар ату жазасына кесілді. «Қазақта өз ұлты үшін басын беретін, құрбандыққа шалынудан да тайынбайтын талай ерлер шыққанымен, бірақ сол халық қысыл – таяң шақта өз азаматын қорғау дәрежесіне көтеріле алмапты» [2, 114].

Міне, осы үзінді арқылы сол дәуірдегі саяси идеологияның қаншалықты белең алағанын тілге тиек етсек болады. Яғни, дәуірдің саяси көзқарастары, адамдардың еркіндігі мен құқықтарының шектелуі, жалпы қоғамдық өзгерістері арқылы оқырманды терең ойлануға итермелейді. Ұлтына жаны ашыған, халқы үшін барын берген зиялыларға үкімет тарапы еш аяушылық көрсете қоймады. Бірін айдауға, екіншісін өлім жазасына, енді бірін бірнеше жылға қамауға жіберді. Шешінген судан тайынбас демекші, жаны қазақ, тәні қазақ зиялылар «Өлсекте «ұлтшыл» атымен өлеміз, «ұлтшыл» сөзінен ешбір жамандық көріп тұрған жоқпыз», – деп сақтарын сындырмаған тұлғалар болған. Осыдан шығаратын түйініміз, саяси идеология әсері мен әлеуметтік мәселелерді терең зерттей отырып, қоғамның шындығын суреттей білуі, шығарма үшін, оқырман үшін ой саларлықтай болды.

Жазғы демалыс балалардың барлығы ауылына қайтып жатқан кез, бірақ Қабдеш осы жолы үйіне қайтпайды, себебі досының ауыла баруға келісіп қойған еді. Ауылына барып достарымен біраз демалып қайтады. Қыркүйекте Шәуешекке оралып жылдағы қарқынмен оқуын жалғастырады.

«Осындай әрі – сәрі күйде жүргенімде, ешкім күтпеген жаңалық дүп ете қалды. «Биыл Кеңес Одағына Шыңжаңнан елу оқушы барады екен. Соның жеті – сегізін Шәуешектен алатын көрінеді» – деген хабар келеді» [2, 169]. Әрине осының ішіндегі Қазақ университетіне бөлінген екі орынның бірі Қабдешке тиген еді. Жалпы ел ішінде болып жатқан мәселелерден кейін мына жаңалық Қабдеш үшін естен кетпестей болды. Ол енді алдында қандай өмір күтіп тұрғанын, болашағы басқа бағытқа қарай өзгеретінін пайымдап қойған еді. Қара бұлттың артынан күн шығады демекші, осы сәтті Қабдеш баяғыдан күткендей. «Кейде әлденен жолым болмай, сыбағамнан қағылып жатсам да, сол үшін тәркі дүниеге салынып, тарыла қоймаймын. Түптің түбінде әр нәрсенің өз орнына келеріне, кеткен есенің қайтарыма боларына сенемін», – дейді Қабдеш. Қытай жеріндегі қазақ балалары үшін елдеріне барып оқу сол кезеңде бола қоймайтын жайттардың бірі. Орындалмас армандай болған бұл жаңалық Шыңжаң балалары үшін күнтүзбеде айы оңынан туған күн болып жадыларында сақталып қалды. Қазақ жеріне келген Шыңжаң елінің студенттері елеулі бетбұрыс кезеңмен дәлме-дәл сәйкес келіп қалған еді. «Хрущевтің күншуағы» аталған жылымық саясаты басталған болатын. Яғни, дәл осы кезде тоталитарлық жүйенің барлық кінәсін бір адамға аударып жатқанымен, сірескен сенің қозғалуы орын алған. Илияс, Сәкен, Бейімбет шығармалары қайтадан ауызға алынып, айдалғандардан тірі қалғандар елге оралып жатты. Міне, осы кезеңді сәл де болсын жайма шуақты дәуір деп айта аламыз. Саяси шындық, ұлттық сана-сезімнің оянуы, репрессиялар сынды кезең шындығын автор саяси көзқарастары арқылы білдірген. Репрессияға ұшыраған жазушылар, сыншылар елге қайта орала сала, сонау ауыз әдебетінен бастау алатын халық эпосына шолу жасап, қазақ эпопеясын жан-жақты зерттеулерін қайта қолға алды.

«Алматы аспанында» бөлімінде небір ұлы тұлғалар жайлы және олардың ауқымды, халық көңілінен шыққан жазбалары жайлы сөз болады. Осы кезеңді қазақ жерінің білім жағын басты назарға ала отырып, тек қандас ұлтымызды ғана емес, сонымен қатар өзге ұлт өкілдеріне кең құшақ жая қарсы алғанынайта кеткеніміз жөн. Онымен қоса, кеңес дәуіріндегі саяси репрессиялар білім алу мен ғылымға қалай әсер еткені де жан-жақты суреттеледі. Білімге қол жеткізудің қиындығы, идеологияның ықпалы, білімнің тек саяси мақсаттарға қызмет етуі – осы кезеңнің шындығы.

«Жайылған тор» бөлімі біз күткендей басталмады. «Стиль түзету» науқанының қытай жерінде қатты белең алғаны жайында әңгіме өрбиді.

«Стиль түзету» науқанының барысында өнер мен әдебиеттегі еркіндік шектелді. Бұл кезеңнің шындығын Жұмаділов осы бөлімдегі кейіпкерлер арқылы көрсетеді, олардың шығармашылық ізденістері мен идеологиялық қысым арасында қалай күрескені жайлы баяндалады. Бұл науқан тек тар көлемде зиянын тигізіп қана қоймай, сонымен қатар білім беру жүйесіне де ықпал еткен болатын. Жоғары оқу орындары мен мектептерде идеологиялық тәрбиенің басымдылығы білім сапасы мен мазмұнына кері әсерін тигізді. Бұл мәселе шығарма өзегіне айналды десек те болады. «Торғай жаңбыр жауса балапанын қорғайды, бұршақ жауса басын қорғайды» дегендей, мұндайда ел – жұртқа тұлға болмақ түгіл, өз басыңды қорғап қалу да оңай болмас» деген үзіндіден-ақ сол дәуірдің қиындығының ащы екенін, көндігуден басқа амалдың жоқтығын аңғара аламыз [2, 275].

Ендігі кезек «Коммунизм» атты құйрықты жұлдыз саясаты. Бұл саясат дәстүрді, мәдениетті, жалпы құндылықтарды жоюға бағытталған саясат болды. Коммунистік жүйенің шектеулері мен талаптары, әсіресе «ұлтшылдарға» деген жазаларды ашық айта отырып, олардың моральдық және этикалық мәселелері ашық талданды. Шыңжаңда екі жыл бойы болған науқан өз мәресіне жетеді. Мамыр айының соңында «оңшыл – ұлтшылдарды» Шыңжаң институтына жинап, кімге қандай жаза кесілгенін баяндалды. Біреулері «еңбекпен түзету», енді бірі «төменге түсетіндер» деп жаза кесілсе, солардың арасындағы екі студентке өз қателіктерін мойындап, сынды дұрыс қабылдағаны үшін, біз оларды оқуларына жіберуді ұйғарамыз деп шешім қабылдаған екен. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа созыла қоймады. Орталықта отырғандардан мынадай хабар келген еді:

«Жұмаділов пен Құрбановтың ауыр қылмысы жоқтығына көздеріңіз жетсе, оларды өткен жылы оқудан қалдырмау керек еді... Бір рет тізімнен өшірілген адамдарды қайтадан шетелге шығарудың зәрулігі жоқ деп білеміз» – деген суық хабар жайсыз күйге түсірген болатын [2, 342]. Амал жоқ, өкімет не десе сол болады. Сөйтіп оқуды аяқтау мүмкіндігінен айырылған екеуіне мамандықтары бойынша қызмет береді. Сонда да, Қабдештің негізгі түпкі арманы – Қазақстанға жол тарту болды. Сол кезеңдегі Қытай өлкесіндегі шет ел азаматтарының еліне қайту мүмкіндігі шектелген еді. Басқан қадамдарын аңдап басатын һәлге жетті. Ара-арасындағы пысық қазақ жігіттері, паспорты бар неміс қалыңдығымен еліне қулықпен өткен болатын. Яғни сол дәуірдің қысыл-таяң кезеңде халықтың амалдарының жоқтығынан осындай әрекеттерге барғанын байқасақ болады. Қазіргі таңда да біраз қарт кісілердің әйелдері неміс ұлтынан екенін дәлел ретінде көрсете аламыз. Әрбір қазақ болашағы үшін, еліне қайту үшін, жалпы паспорт үшін осындай әрекеттерге барған. Заман талабына сай бұл іс-әрекеттер орындалуы керек, орындалуға тиіс жайттар еді. Өткенге өкпе жоқ.

Көш. Қытай жерінен туған жерге халық шұбыра ағылуда. Көштің арты көрінер емес. Шекарадан өтіп, қуанып жатқан қалың жұрт. Кеңес өкіметінің ар жақтан келген көшті қайтарып тастамай, баспана бергеніне мәз болып Хрущевқа алғыстарын жаудыруда. Сол кезеңдегі Қазақстан үкіметі ата-жұртын аңсап келген бауырларына бес жылға дейін паспорттарын бермей, сандалтқанын көргенімізде, таңғалмасқа амалымыз жоқ. Бұл елдің сақтығы ма, самарқаулығы ма кім біледі? Хрущевтің «жылымығы» өз жемісін берген кезең еді. Қабдеш ақыры бастаған ісін аяқтауға, университетке барып оқуын жалғастырады. Соңғы оқу жылдарында студенттер жұмысқа тұрып жатқан болатын, Қабдеш те іздестіріп «Қазақ әдебиеті» баспасына жұмысқа тұрады. Бастапқы кезде жанға жайлы орын болғанымен, уақыт

өте келе айналасындағы зиялылардан сыни көзқарастар туындай бастады. «Біздегі кейбір жазушыларға қарағанда, мына жердегі орыстың шалдары әлдеқайда әділ ме деген ойға келдім» – дейді Қабдеш [2, 489]. Шынында да, адамдардың бір-біріне деген әртүрлі ой-пікірлері, сан-сапалы көзқарастары сол кезеңнен анық байқай аламыз. Газет бетіне шыққан сыни мақала болсын, белгілі бір жазушыларға ұнамай қалса, ол оны жұмыстағы дәрежесінен түсіруге дейін ұмтылған. Әрине, бұл тек Қабдешке қатысты емес, жалпы сол кезеңдегі шындық ретіне суреттеледі. Жетпісінші жылдардың екінші жартысында Қабдештің кейбір автор шығармашылығына редактор болғаны баяндалады. Өкінішке қарай, жоғарыдағылар қолжазба дұрыс қаралмаған, дұрыс тексерілмеген деп бір емес, бірнеше рет сөгіс жариялаған болатын. Ақырында баспадан кетуге мәжбүр болады. Міне, осыдан адамдардың пейілдерінің тарылғанын, жанашырлықтың не екенін ұмытқанын айта кеткеніміз жөн сияқты. Сонымен қатар, Лениндік сыйлыққа туынды ұсынғанда Қабдештің айы оңынан тумай, әрдайым бұйырмай қалатын еді. Негізінен оның ауқымды шығармасының біразы сыйлыққа татитындай болатын. Әрине, бұл үкімет тарапынан жасалып отырған қасақанаис екені мәлім. Жазушылардың тұсауы кеңіп, қанаты ұзарғанымен, түптің-түбі құрсауға ұшырап отырғанын да айта кетейік.

Қазан төңкерісі – жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылындағы басты оқиға десек те болады. Бұл кезеңді екі дүниенің лагерьге бөлінуі десек, бұған тағы бір жаңалық, яғни социалистік жүйенің күйреуі, қызыл империяның ыдырауы деп айта аламыз. Осы кезеңдегі еркіндікті пайдаланып, Қабдеш Қазақ Ордасын сипаттайтын тарихи оқиғаны жазуды қолға алады. Ақырында, «Тағдыр» романы Мемлекеттік сыйлыққа ие болады. «Ақ қағаз – арым, қара сия – қаным» – дейді жазушы. Алдында қанша қиындық болса да, қарсы тұру – ерліктің белгісі екенін айғақтайды.

Қабдеш Жұмаділовтің ғұмырнамалық романында туған халқының қилы-қилы тарихындағы қиындығы мол кезеңдердегі шындықтың өз өмірлеріне әсерін, ықпалын шебер үйлестіріп бере білуі, қазақ әдебиетінің рухани танымдық келбетін байыта түсті [3]. Кезең шындығын саты-сатысымен баяндай отырып, оқырманға шындықты жапсарлап, жасырмай, шынайы түрде баяндады. Автор шеберлігі шығармашылық әлемінің таңғажайып жұлдызы десек те артық етпес.

Қорытындылай келе, «Таңғажайып дүние» ғұмырнамалық романыкезең шындығын суреттей білген бірегей туындыларының бірден-бірі. Философиялық ойлар мен әлеуметтік мәселелер асқан шеберлікпен үндесіп, оқырманды терең ойларға жетелейді. Жалпы шығарма оқырманды ойландырып, қоғамның өзекті мәселелерін зерделеуге мүмкіндік бере алады.

«Өмір – сенің ырқыңа көнбейтін, ащысы мен тұщысы аралас, бас-аяғы жоқ, шетсіз-шексіз, таңғажайып бір дүние» - деген қаламгердің сөзімен түйіндейік.

Әдебиет

1. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. <https://www.meloman.kz/calssics-in-kazakh-language/zh-madilov-ta-azhajyp-d-nie.html?srsIid=AfmBOorDQGnJgbeqYuCkXW5M40sxQFA8BMRf4hoCRwLF4o4SuEbGzpcj>
2. Жұмаділов Қ. Таңғажайып дүние. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2020. – 648 б.
3. Қайырбекова А. Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романының жанрлық сипаты. <https://stud.kz/referat/show/41580>

Э.Ж. Барлыбаева
«Тұран-Астана» университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

ҮГІНГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ПЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ САЛДАРЫ


Бүгінгі таңдағы оқушылар ортасында бір-біріне деген көзқарастарын бүкпесіз, ашық, дәрекі білдіру қалыпты қарым-қатынас ретінде көрініс беріп жүргені белгілі. Бұл ұлттық болмысымызға тән мінез-құлыққа қайшы болуымен қатар, балалар психологиясына кері әсер етіп, олардың тұлғалық қалыптасуына өз салдарын беретіні аян. Сондықтан, мектеп оқушыларының құрбы құрдастарымен қарым-қатынасында болған зорлық-зомбылықтар олардың кейінгі өмірі мен тұлғалық болмысында көрініс береді.

Біз өз зерттеуімізде жоғары оқу орнының 1-курс студенттерінен сауалнамалар алдық. Ондағы сұрақтар мынадай мазмұнды қамтыды:

1. Сіз буллинг және кибербуллинг құбылысына куә болғансыз ба?
2. Сіз буллингке куә болсаңыз немесе сол жағдайға тап болсаңыз қандай позицияны ұстанған болар едіңіз?
3. Сіздің буллингтің агрессоры болған кезіңіз болған ба?
4. Сіздің буллинг құбылысында жәбірленуші болған кезіңіз болған ба?
5. Буллинг кезінде қатысушылардың нақты бір позицияны ұстануына олардың мінез-құлқымен байланысты деп ойлайсыз ба?
6. Жәбірленуші болған болсаңыз, сізге болған қысым қай формада болды?
7. Қалай шешімін таптыңыз?

Сауалнамаға 1-курс студенттерінен 66 бала қатысты. Олардың жауаптарының варианттарын төмендегідей диаграммаға салдық:

Диаграмма – 1




Жоғарыдағы диаграммдан көріп отырғандай, мектеп оқушыларының осы жас аралығында буллинг құрбандары немесе агрессорлары болғанын аңғарамыз. Агрессор дегеніміз немесе буллер – өзін-өзі бағалауы төмен жасөспірім, ол басқаларды кемсіту есебінен көтерілуге тырысады. Агрессивті, қатыгез, үстемдік пен манипуляцияға бейім болады [1]. Құрбан – көп жағдайда өзіне сенімсіз, гиперэмоционалды, ренжігіш, тұйық, шешімін таба алмайтын, үрейге тез бой алдыратын жасөспірімдер құрбандар болады [2]. Бақылаушылар – қысым көрсету жағдайына қатысушы жасөспірімдер. Бақылаушылар белсенді түрде агрессорға қолдау көрсетіп соған да қосылуы мүмкін. Екінші түрі буллинг орын алып тұрғанына куәгер болса да сырттай бақылап, зардап шегушіні қорғауға немесе кикілжіңге араласпай пассивті көзқарас танытатындар [3]. Қорғаушы – құрбанның жағында тұрған және оны агрессиядан қорғауға тырысатын қолдаушылар [4].

Сауалнамаға қатысқандардың 41%-ға жуығы мектепте буллингтің куәгері болғандар екен. Сондай-ақ, 88%-ға жуығы буллингтің агрессоры болған. Ал, 77,30%-ы буллинг құрбаны болғандар екен.

Бұдан шығатын қорытынды, мектеп жасындағы әрбір оқушы буллингке тап болуы айқын және оның қатысушысы ретінде қандай рөлді атқарса да зорлық-қомбылықтың куәгері әрі тікелей қатысушысы болуы мүмкін дегенді білдіреді.

Балалар арасындағы зорлық-зомбылық, буллингтік әрекеттер мен дене жарақатын алу қаупі қалыпты құбылыс ретінде қабылданып, балалар психологиясына кері әсер етіп келеді. Әйтсе де, жастықпен қорғана алмайтын балалар өсе келе бұл әрекеттерін талдай отырып, буллингке тап болған балалар тарабын алып, қорғауға деген ниеті артады. Оны оқушылардың студенттік шақта сауалнамаға берген жауаптары дәлелдей түседі.

Диаграмма – 2



Бұл диаграммада студенттердің 70%-ға жуығы буллинг болған жағдайда қорғанатынын немесе буллингке куә болғанда қорғаушы рөлін таңдайтынын көрсеткен. Әйтсе де, 24,20%-ы әлі де болса бақылаушы рөлінде қалатынын айтқан. Бұл ересек балалардың да қоғамда болып жатқан зорлық-зомбылыққа бейтарап қарап, жәбірленушіні қорғауға ара түспейтінін көрсетеді. Мұндай балалардың дені өздерінің мұндай әрекетін «Баланы өз құрдастары ұрып-соғатын болса, оның бір кәнісінің болғаны» дегендей жауап қатады. Ешнәрсе себепсіз орын алмайтынын, өзгелер емес, дәл сол баланың сондай жағдайға тап болуы өзінің бір қателігінен деп санайтындықтан ондай жағдайларда ара түспейтінін жасырмаған.

Зерттеулер көрсеткендей, балалардың буллинг құрбаны болуы олардың тұлғалық болмысындағы ерекшеліктермен яғни өзгелерден ерекшеленуі: жақсы оқуы, сымбаттылығы немесе ұсқынсыздығы, көзілдірік киюі немесе құлағының үлкендігі, бойының кішілігі және т.б. секілді ерекшеліктері деп көрсетеді [5]. Сонымен қатар, балалардың мінез ерекшеліктері де буллинг құрбаны болуға негіз болады деп ойлайды. Сеебі, өзін қорғай алмайтын тым жуастық пен ынжықтық, немесе тым жеңілтектік пен ұрыншақтық та өзгелер тарапынан қысым көруге себеп болады деп ойлайды. Осы пікірдің шындығын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама нәтижесі төмендегі диаграмма арқылы нақтыланды:

Диаграмма – 3



Шындығында да, мінездің жұмсақтығы мен өз позициясында тұра алмаушылық көбінде баланың өзі үшін зиян болады. Кейде біреудің көңілін жықпай, ығына сай әрекет ету де теріс шешім қабылдауға алып келетіні бар.

Әйтсе де, ғалымдардың тұжырым бойынша жәбірленуші өз отбасында ата-анасынан немесе өзінен үлкен ағалары мен өзге ересектерден көрген қысымын мектепке келгенде өзінен әлсіздерге көрсету арқылы қанағаттануы мүмкін деп айтады. Қыз балалары аналарынан көрген мінез-құлық моделін өз ортасында өзгелерге қолданады. Олай болса, мектеп оқушыларының басым бөлігі дерлік агрессордің өзі де өмірінде жәбірленуші болған деуге болады. Сондықтан, олардың көрген қысымдарының қандай формада болғанын білу біз үшін де маңызды болды. Диаграммадан көріп тұрғанымыздай, балалардың дені психологиялық қысым көрген.

Диаграмма – 5



Жоғарыдағы диаграмма көрсеткендей, балалар сөз арқылы, бір-бірін төмендету мен келемеждеу, шеттетіп тастау сияқты тән ауыртпалығына соқтырмай психологиялық тұрғыдан кері әсер етіп қысым көрсеткен. Физикалық тұрғыдан қрып-соғу психологиялық қысымнан анағұрлым аз орын алған.

Біз 1-ші курс студенттерінен олардың мектеп қабырғасында жүргендегі алған психологиялық және физикалық қысымдарын яғни буллингтің салдарының бүгінде қалай шешілгенін білу үшін сұрап көргенімізде олардың 3%-ның әлі күнге дейін салдарын сезінетінін айтқан. Ол деген сөз, балалардың буллингтен көрген қысымдары олардың мінез-құлқында студенттік шағында да көрініс табатынын көрсетеді. Ал, 69,7%-ы кезінде буллинг құрбаны болғанымен оны табиғи құбылыс ретінде қабылдаған болуы керек, оған мән бермедім өз мақсатыма қарай әрекет еткенін, ал 27,3%-ы уақыт өте келе ұмытылып кеткенін айтқан. Жоғарыдағы диаграммадан көргеніміздей, балалар мұндай жағдайда тек өздерінің күшіне сүйенген, ақпаратты сыртқа шығармаған. Өзгеден көмек күтпеген. Сондықтан, мұндай жағдайдың соңы қауіпті болуы әбден мүмкін. Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар баланың мінез-құлқында көрініс берген өзгерістерді дер кезінде байқап, шара қолдануы немесе алдын алу шараларын қиындықтың пайда болуын күтпей жүргізуі тиіс.

Мақаламызды қорытындылай отырып, мынадай ұсыныстар беруді жөн көреміз:

– Буллинг мектепте, жоғары оқу орындарында, жұмыс мекемелерінде де кездесуі мүмкін. Әйтсе де, мектептен бастау алған буллинг салдарын ересектік кезеңде жою мүмкін болмаса тұлғаның мінез-құлқының қалыптасуы мен ұжымға кіруі, қоғамға әлеуметтенуінде мәселелер туындайды;

– Балалардың дене жарақатының жоқтығына қарамастан, жан жарақатын аңғаруға мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтар бірлесе жұмыс жүргізуі тиіс;

– Жәбірленушілер ғана емес, агрессорлардың да жан жарақатының себептерін зерттеу, оқушылар арасындағы буллингтің алдын алудың тиімді жолы екендігін ескеру қажет;

– Буллингсіз ортаны қалыптастыруда мектептен келген студенттер арасында да диагностикалық жұмыстарды жүргізу тиімді болмақ.

Әдебиет

1. Мырзапеисова М., Атемова Қ.Т. Жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллинг мәселесіне көзқарастары // ОҚМПУ-нің 85 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи педагогикалық білім: жаһандану үрдісі және ұлттық код» атты Халықаралық ғылыми семинар жинағы. 2-том. – Шымкент, 2022. – Б. 374-378.
2. Атемова Қ.Т., Мырзапеисова М.Т. Жасөспірімдердің жыныстық ерекшеліктеріне байланысты буллингтің көрінісі // «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми семинар жинағы. – Астана, 2023, 20-сәуір. – Б.62-66.
3. Білім беру ұйымдарында кәметке толмағандар арасында мектеп буллингiнiң алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Қарағанды: 2020. – Б. 9-11.
4. Бочавер А.А., Жилинская А.В., Хломов К.Д. Школьная травля и позиция учителей. Прикладные исследования и практика // Социальная психология и общество. – 2015. – Т-6, №1.
5. Бобровникова Н.С. Гендерные особенности поведения подростков участника буллинга в современной образовательной среде // Мир науки. Педагогика и психология. – 2020. – №4. – Б. 121-127.

МРНТИ: 20.53.21

М.Б. Асубай

Казахстанско-Британский технический университет
Республика Казахстан, г. Алматы, miras.asubai@gmail.com

ОПРЕДЕЛЕНИЕ РЕЧИ НЕНАВИСТИ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация

В данной работе рассматривается разработка модели для обнаружения языка ненависти, адаптированной для казахского языка. С ростом социальных сетей язык ненависти стал острой проблемой, требующей эффективных методов обнаружения. Учитывая нехватку ресурсов для языков с ограниченными ресурсами, таких как казахский, данное исследование направлено на устранение этого пробела путем создания размеченного набора данных и внедрения алгоритмов машинного обучения для точного определения языка ненависти.

Введение

Распространение платформ социальных сетей усилило распространение языка ненависти в Интернете. Хотя было проведено значительное количество исследований по обнаружению языка ненависти для широко распространённых языков, таких как английский, существует значительный пробел в отношении казахского языка. Данная работа стремится заполнить этот пробел, разрабатывая модели для обнаружения языка ненависти в казахских текстах.

Обзор литературы

Преыдушие исследования по выявлению языка ненависти в основном были сосредоточены на языках с высокими ресурсами. Применялись методы от традиционных алгоритмов машинного обучения до глубоких нейронных сетей [1]. Однако уникальные языковые особенности казахского языка, такие как агглютинация и богатая морфология,

создают дополнительные сложности [2]. Исследования по тюркским языкам показывают, что для эффективной обработки естественного языка необходимы индивидуализированные подходы [3].

Методология

Создание набора данных

Набор данных был составлен путём сбора комментариев с популярных казахских социальных сетей и форумов. Затем собранные данные были вручную аннотированы носителями языка по трём категориям: язык ненависти, оскорбительный язык и нейтральный [4].

Предварительная обработка

Текстовые данные прошли этапы предварительной обработки, включая токенизацию, удаление стоп-слов и стемминг с использованием инструментов обработки казахского языка. Особое внимание уделялось агглютинативным формам слов, распространённым в казахском языке.

Реализация модели

Были реализованы несколько моделей:

- Наивный байесовский классификатор: вероятностная модель, подходящая для классификации текста.
- Метод опорных векторов (SVM): эффективен в пространствах высокой размерности и широко используется для категоризации текста.
- Сети с длинной краткосрочной памятью (LSTM): тип рекуррентной нейронной сети, способный обучаться долгосрочным зависимостям, полезный для работы с последовательными данными, такими как текст.

Исследование использует KazakhBERTmulti — специализированную модель трансформеров, обученную специально для казахского языка. Разработанная с учётом потребностей языков с ограниченными ресурсами, KazakhBERTmulti оптимизирована для казахского за счёт предобучения на казахскоязычных корпусах, что улучшает её производительность по сравнению со стандартными многоязычными моделями, такими как mBERT. Архитектура этой модели обеспечивает более точное понимание контекста и токенизацию, специфичную для казахского языка, эффективнее справляясь с его агглютинативной структурой и сложной морфологией по сравнению с универсальными моделями.

Адаптация к обнаружению языка ненависти

Учитывая нехватку обширных аннотированных данных для казахского языка, KazakhBERTmulti обеспечивает сильную базовую языковую модель, адаптированную к языковым характеристикам казахского, что делает её идеальной для задач по выявлению языка ненависти. Тонкая настройка KazakhBERTmulti для этой цели улучшает её способность различать тонкие оттенки настроений и оскорбительных высказываний, что является ключом к повышению точности модели по категориям «язык ненависти», «оскорбительный язык» и «нейтральный». Такой подход демонстрирует преимущества монолингвального предобучения в условиях ограниченных ресурсов, где языковые нюансы являются критическими для надёжной работы модели.

Метрики оценки

Модели оценивались по точности, полноте, точности и F1-оценке для определения их эффективности в обнаружении языка ненависти.

Результаты

Результаты работы каждой модели суммированы ниже:

- Наивный байесовский классификатор: достиг точности 78%, с более низкой точностью в обнаружении языка ненависти из-за пересечения признаков с оскорбительным языком.
- Метод опорных векторов (SVM): точность улучшена до 85%, показав лучшую обобщающую способность.

- Сеть LSTM: достигла наивысшей точности на уровне 88%, эффективно улавливая контекстные нюансы языка.

Обсуждение

Высокая производительность модели LSTM подчеркивает важность учёта контекста при обнаружении языка ненависти. Результаты показывают, что несмотря на сложности казахского языка, модели машинного обучения могут быть эффективно обучены для обнаружения языка ненависти. Среди вызовов были ограниченная доступность данных и необходимость обширной предварительной обработки для учёта языковых особенностей.

Заключение

В данном исследовании успешно разработаны и оценены модели для обнаружения языка ненависти на казахском языке. В будущих исследованиях следует сосредоточиться на расширении набора данных, внедрении более продвинутых архитектур нейронных сетей и исследовании многоязычных подходов для использования данных из родственных языков.

Литература

1. Smith J. Hate Speech Detection in Social Media // Journal of Computational Linguistics. – 2020. – 45(2). – С. 123-135.
2. Ivanov P. Challenges in Processing Agglutinative Languages // International Journal of Language Processing. – 2019. – 22(4). – С. 210-220.
3. Mustafa, D. Natural Language Processing for Turkic Languages // Turkic Languages Journal. – 2018. – 15(1). – 50-65.
4. Zhang L. Annotating Hate Speech: Methods and Practices // Computational Social Science Review. – 2021. – 10(3). – С. 45-60.

FTAXP 16.31.02.

М. Сексенбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., motikosh@mail.ru
Ғылыми жетекші: К.К.Муканова, доцент, п.ғ.к.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА РЕФЛЕКСИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Қазір дамыта оқыту идеясының оқыту үрдісіне енуіне, жаңашылдықтың артуына байланысты рефлексияның педагогикадағы алатын орнының мәні арта түсіп, адамды, білімді дамытудың шарттарының бірі болып отыр. Соңдықтан бұл қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексия ұғымын алғаш енгізген Дж.Локк болатын. Оның тұжырымы бойынша: *«Адамның басында басқа кішкентай адам отырады да, ол үлкен адамның әрекет, қылықтарын бақылап, барлығын тізіп белгілеп береді»* [2,120]. *«Осы кішкентай адамның қадағалауына «рефлексия» деген ұғым берген. Дж. Локктің концептуальді сызбасындағы кішкене адамның әрекеті қандай деген заңды сұрақ туындайды. Оның атқаратын қызметі де үлкен адамдікіндей: тіркейді, салыстырады, айырмашылығын тауып, қорытынды шығарады, барлығын белгі түрінде көрсетіп отырады. Ал айырмашылығы: үлкен адам істейді, кішкене бақылайды»* [2,120]. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы». Өзін-өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды. Жаңа дәуір философиялық идеялары "өзіндік" және "мен" ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық - адамның өзіндік "мен" құндылығы пайда болды. Бұдан басқа да рефлексия жайында айтылған философиялық ойлар негізінен

«адамның өзіне бағытталған зерттеу жұмысы», «өзінің ақылы мен рухынды өзінің бақылауың» дегенге келіп саяды. Н.В. Кузьмина пікірінше, адам өзін-өзі іске қосу барысында дамуға мүмкіндік алады дей келе, ол үшін әртүрлі дереккөздерден алынған білімді жинақтау, оларды тәжірибеде қолдану үшін жүйеге келтіру, «кері байланысты» жүзеге асыру сияқты әрекеттер жасайтынына тоқталады.

Мақалада рефлексиялық технологияларға тоқталып, рефлексиялық әдістер арқылы оқушылардың өзін-өзі түсінуі, өзін-өзі бағалауы, өзінің күшті әрі әлсіз жақтарын түсінуі тақырыбы қозғалады. Рефлексияның түрлеріне, практикада қолданылатын әдістерге тоқталып өтіледі. Бұл мақалада рефлексияны қазақ тілі сабақтарына қалай енгізуге болатынын, рефлексияға ықпал ететін тапсырма мысалдарын және осы әдістеменің тиімділігін бағалау әдістері қарастырылады. Мақалада шетелдік ғалымдар С.С. Кашлев, В.А. Сластенов, Л.А. Соколова, Г.Р. Щедровицкий және отандық С. Симбаева еңбектері назарға алынды.

Қазақ тілі сабағында рефлексияны қолданудың тиімді әдісі оқу-тәрбие процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Рефлексия оқушылардың материалды есте сақтап қана қоймай, жетістіктері мен кемшіліктерін сезінуге көмектеседі, бұл білімді тереңірек меңгеруге, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға ықпал етеді. Рефлексия – адамның өз тәжірибесін мен іс-әрекет нәтижелерін білуі және талдауы. Бұл оқушыларға не түсінгенін, қай жерде қиындықтар туындағанын және оларды қалай жақсартуға болатынын ойлауға мүмкіндік береді. Рефлексия оқушыларға өздерінің білім алу мақсаттарын білуге және оларға тиімдірек жетуге көмектеседі.

Қазақ тілі сабағындағы рефлексия оқушылардың тілді, оның құрылымы мен ерекшеліктерін жақсы түсінуіне мүмкіндік береді. Рефлексия сабақтың формальды бөлігі ретінде қабылданбай, тіл үйрену процесіне органикалық түрде кіріктірілгені маңызды. Қазақ тілі сабағында рефлексияны қолданудың мақсаты мен міндеттеріне: оқушыларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыруы, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуы, оқушылардың жетістіктері мен қиындықтарын талдау арқылы жақсы нәтижеге жетуге ынталандыру жатады.

Қазақ тілі сабақтарында рефлексияны әртүрлі тәсілдермен жүзеге асыруға болады:

Жазбаша рефлексия: сабақ соңында оқушылар өз ойларын жазып, сабақтан алған білімдерін, түсініктерін немесе қиындықтарын сипаттайды. Мысалы, «Мен бүгінгі сабақтан не үйрендім?» немесе «Маған не қиын болды?» деген сұрақтарға жауап беру.

Топтық талқылау: оқушылар топта жұмыс істеп, сабақ барысында алған әсерлерімен бөліседі. Бұл әдіс бір-бірінен үйренуге, жаңа идеялармен алмасуға мүмкіндік береді.

Сабақтан кейінгі кері байланыс: оқушылар мен мұғалім арасындағы диалог арқылы сабақтың тиімділігін бағалау. Мұғалім оқушылардың пікірлерін тыңдап, келесі сабақтарда қандай өзгерістер енгізуге болатынын қарастырады.

Рефлексиялық карточкалар: оқушылар сабақ соңында арнайы карточкаларда өз пікірлерін жазады. Мысалы, «Бүгінгі сабақта не қызықты болды?» немесе «Келесі сабақта не білгім келеді?» деген сұрақтар арқылы.

Қазақ тілі сабағына рефлексияны кіріктіру әдістеріне тоқталып өтсек.

«Ой күнделігі» әдісі

Оқушыларға әр сабақтан кейін өз ойларын жазып алатын журнал жүргізу ұсынылады. Олар нені жаңа, нені үйренгенін жазып алады. Қандай тақырып ол үшін қиын болды және оларда әлі қандай сұрақтар бар? Мысалы, қазақ мақал-мәтелдері сабағынан кейін оқушы қандай мақал-мәтелдердің өзіне маңызды болып көрінгенін және олардың мағынасын қалай түсінетінін жазып алады.

«Білім картасы» әдісі

Мұғалім оқушыларға сабақтың негізгі тақырыптары мен идеяларын көрсететін көрнекі карта жасауды ұсынады. Бұл оқушыларға ақпаратты жақсы құрылымдауға және олардың не түсінгенін және қандай тақырыптарды қайталау қажет екенін анықтауға көмектеседі.

«Өзіңе хат» әдісі

Оқушылар не үйренгенін, қандай сұрақтар туындағанын және оларды шешуді қалай жоспарлағанын айтып хат жазады. Бұл әдіс оқушыларға жаңа білімді бекітуге және олардың үлгерімін бағалауға көмектеседі.

Топта талқылау

Белгілі бір тақырыпты өткеннен кейін оқушылар не үйренгендерін топта талқылай алады. Топтық рефлексия білімдегі олқылықтарды анықтауға және басқалардың пікірін тыңдауға көмектеседі.

Өзін-өзі бағалауға арналған сауалнамалар

Мұғалім әрбір негізгі тапсырма немесе сабақтан кейін оқушылар толтыратын сауалнамалар әзірлей алады. Сауалнамаларда: «Ең қиыны не?», «Мен нені жақсы түсіндім?», «Осы тақырыпты зерттеуге деген көзқарасымды нені өзгертер едім?» деген сияқты сұрақтар болуы мүмкін.

Қазақ тілі сабақтарында рефлексияны қолдану – оқушылардың белсенділігін арттырып, білім алу процесін тиімді етеді. Рефлексия оқушылардың өзін-өзі тану, критикалық ойлау, және тілдік дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады. Мұғалімдер рефлексия әдістерін сабақтарға енгізу арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеруге және олардың оқу ынтасын арттыруға ықпал ете алады. Қазақ тілі сабағында рефлексияны тиімді пайдалану оқушылардың материалды терең меңгеруіне ықпал етіп, талдау қабілеттерін дамытып, жетістікке жетелейді. Әрбір оқушы өз ойын, сезімін еркін жеткізе алатындай мұғалім сабақта сенім атмосферасын құруы маңызды. Рефлексия мұғалімдерге оқушылардың нақты үлгерімін көруге және әдістерін олардың қажеттіліктеріне сәйкес түзетуге көмектеседі. Олай болса, рефлексия оқушылардың қазақ тілін және жалпы олардың оқу әрекетін жақсы түсінуіне көмектесетін, оқу процесін саналы және тиімді ететін маңызды құрал болып табылады.

Әдебиет

1. Степанов С.Ю., Семенов И.Н. Психология рефлексии: проблемы и исследования // Вопросы психологии. – 1985. – № 3. – С. 31-40
2. Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал./құраст. С. Симбаева. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. – 131 б.
3. Лефевр В.А. Рефлексия: Сборник. – М., 2003.
4. Пономарев В.В. Психология личности и рефлексия. – М., 2006.
5. Алексюк А.Н. Общие методы обучения в школе. – К.: Радянська школа, 1983. – 244с.
6. Сластенов В.А. Рефлексивная культура и профессионализм учителя // Педагогическое образование и наука: Научно-методический журнал. – 2005. – №3
7. Соколова Л.А. Рефлексивный компонент деятельности, как необходимое условие развития учителя и учащихся // Журнал «Иностранные языки в школе». – №1. – 2005.
8. Щедровицкий Г.П. Рефлексия и ее проблемы. – М.: Академия, 2004. – 395 с.
9. Кашлев С.С. Организация рефлексивной деятельности студентов педагогического ВУЗа [Текст] / С.С. Кашлев // Вышэйшая школа. – 1998. – №2. – С. 19-23.

ҒТАХР 16.21.07

Г. Ә. Өтешова

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., gulimzhan.otesnova@bk.ru

ТІЛДІК ТҰЛҒА ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

XX ғасыр ғылымда тілдік тұлға ұғымына маңыздылықтың арта түсіп, осы тақырып төңірегінде ғылыми зерттеу еңбектерінің көбеюімен айрықшаланады. Тіл білімінде тілдік

тұлғаны анықтауға деген қызығушылық пен ұмтылыс еселенуінің басты уәждерінің бірі сөйлеу және қарым-қатынас орнату әрекетіндегі өзгерістер деуге болады. Сонымен қоса, тілді жасаушы, оны ұстанушы, тұтынушы – адамға зер салмай, тілдің өзін тани білу мүмкін емес екені жайында пайымдаулардың зерттеушілер тұрғысынан үлкен қолдау табуы.

Қазақ қоғамының жаңалықтар мен өзгерістерге тола қазіргі кезеңінде, рухани жаңғыру іргесінде «*тұлға*» ұғымы кеңінен қолданыла бастады, осылайша бұл ұғымнан тарамдалып таралатын және осы ұғыммен сабақтасатын «*тұлғатану*», «*тілдік тұлға*» ұғым-түсініктерін тереңдете тану қажеттілігі аңғарылады. Өзара ұштасатын ғылымдар саласында – әлеуметтік лингвистикада, мәдениеттануда, когнитивтік лингвистикада, тіл мәдениетінде, лингводидактикада тілдік тұлғаның өзгешеліктерін ашып көрсететін зерттеулер толассыз.

Тіл білімінің қазіргі уақыттағы дамуы антропоэзектік бағытпен бейнеленетін семантикалық ізденіс-зерттеулердің өзектелуімен дараланады. Антропоэзектік бағыт іргетасы В. Гумбольдт, И. Гердер, А. Потебня т.б. ғалымдардың концептуалды тұрғыдағы зерттеу туындыларымен құрылымдалғаны айқын. Жаңа ғылыми бағытқа сай тілді зерделеуде тілдік тұлғаға зер салынды, сонымен біртұтастықта тілді зерттеп зерделеудің жаңаша мақсаттары, өзекті ұғыныстар мен әдістер, метатілдік теориялық қағидалар қалыптана бастады. Дәлірек айтсақ, антропоэзектік бағыт алғашқы орынға жеке адамды, яғни тілдік тұлғаны қояды, ал тіл адамзат түсінігін құрушы сипатында қарастырылады (Ю.Н. Караулов, В.Н. Телия). Тұлғаны тілден қарастыру заманауи антропоэзектік бағытқа деген бетбұрыспен жанасады.

Тілдік тұлға – негізінен тілді қолданушы, сол мемлекеттің мәдениетін таратушы адам. Тілдік тұлға мәселесін жан-жақты тұрғыда зерделеген Ю.Н. Караулов «Тілдік тұлғаны оның тілі арқылы білінетін психологиялық, этикалық, әлеуметтік және т.б. құрылымдардың жиынынан құралатын тұлға. Тілдік тұлға – тіл арқылы танылатын әрікөрінісін бейнелейтін тұлға» деп көрсеткен [1]. А.С. Әділова: «Әр адамның тілдік тұлға ретінде өзіндік когнитивтік ортасы болады, ол өз орайында әр алуан ұжымдық (отбасылық, кәсіптік, діни, әлеуметтік) когнитивтік орта жинағынан құралады да, өзі өмір сүріп отырған ортаның ұлттық, тілдік, мәдени-танымдық жүйесіне жүгінеді. Әйткенмен тек бір ұлттық когнитивтік кеңістікке енсе де, әр кезде тіршілік етуіне, қоғамдағы саяси-идеологиялық қағидалардың ұсынылуы, дерек қорларының толық қамтылмауы, ұлттық әдебиет, мәдениет дәйектерінің ығыстырылуы сынды экстралингвистикалық уәждердің ықпалынан тілдік тұлғалардың – автор мен оқырманның когнитивтік негізінің өзі әр қилы машықтанатыны кездеседі. Ол, әлбетте, тұлғаның әлеуметтену үдерісімен сабақтас» дейді [2]. Тілдік тұлғаның қарқындауына ішкі және сыртқы әсерлер ықпал жасайды. Психологиялық және биологиялық себептер ішкі факторға жатқызылса, әлеуметтік себеп сыртқы әсерге енеді. Әлеуметтік факторға тұлғаның жанұясы әрі байланыс орнататын ортасы, аялық ілімі және тәрбиесі, тілдік ортасы мен білім ордасы енеді. Мәдениеттік шаралар мен бұқаралық ақпарат құралдарының индивидке ықпалы да сыртқы фактор ретінде есептеледі. Ішкі фактор есебінде тұлғаның өзіне тән мінез-құлқы, жас және жыныстық өзгешелігі, тілін білуге қызығушылығы мен оны еркін қолданып үйренуге талпынысы енеді. Тілдік тұлға – тілдік ресурстарды қонымды қолданып, өзінің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық, рухани, ғылыми ізденісін қамтамасыздандыра алатын, соған қоса келешек өміріне керекті мағлұматқа қол жеткізетін, ресми қарым-қатынас тілін игерген тұлға.

Соңғы кездері тілдік тұлғаны біршама бағытта түсіндіру үдерісі қалыптасқандығын аңғаруға болады:

1) тілдік тұлға саналатын жеке адамның қалыптасуындағы басты жүйелерді айқындау (тегі, әлеуметтік кеңістігі, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени әсер және т.б.);

2) жеке тұлғаның тілдік тұлғалық бейнесін, дара қасиеттерін айқындайтын өзгешеліктерді білдіру, яғни оны өзіндік білім алу, өз-өзін дамыту, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпаққа мирасқылып қалдыруда жеке міндетін түйсіну, білім және шеберлік әдістерін игеру, алған білімдері мен сараптамаларын болмысты жаңарту жолында қолдану т.б. қасиеттерден тұратын кешенді, көпсатылы деңгейлік талдау бойынша қарастыру

қажеттігі. Деңгейлік талдау ассоциативтік-вербалдық, лингвокогнитивтік, прагматикалық деңгейлерін бейнелеуден құралады. Аталған деңгейлердегі дара тұлғаның ұлттық болмысын ашу өзектілігі жөнінде ғалым Ж.А. Манкееваның пайымдарына сүйенсек: «аталған деңгейлер өрбуінің белгілі бір тілдік тұлғада айқындалуы сан түрлі сатыда өркендеп, сан түрлі бейнеде көрініс табады. Оның шығармашылық танымдық мәні дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен құрылады. Сол себепті тілдік тұлғаны әуелі ұлттық тілдік тұлға ретінде ұғынамыз. Өйткені тілдік тұлға сипатытұлғаның ұлттық мәдени өрісімен тура байланысты» [3, 281-284].

Тұлғаның қоғамдық ортаға, айналадағы өзге жандарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анық болатын құндылықтар жүйесі, яғни тұлғаның материалдық және рухани игіліктері, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды талғап алу уәждері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы айқындалады. Ал танымы мен мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті оның тілі бойынша көріністенеді. «Толық адам» мәселесі жайында ұлы Абай өзінің қарасөздерінде «Әлдекімнің тілін, өнерін білген кісі соныменен теңдік дағуасына кіреді» деп жазады [4]. Әйгілі ақын М.Жұмабаев та «...Адамзаттың толық мағынасында адам атануы тіл арқасында» деп, толық адамның даралық тұлғасын қалыптастырудағы тілдің өзектілігін баса көрсетеді [5]. Р. Сыздық «Тіл – адамзатты тұлға тұрғысында тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды кез келген ұлттың, халықтың өкілі ететін құрал» деп жазады [6].

Тілдік тұлға – тұлғаның тілі мен дискурсы арқылы айқындалатын психикалық, әлеуметтік, этикалық және т.б. құрылымдары толыққанды қамтылатын көрінісінің бір түрі. Ю.Н. Караулов әдеби мәтінге жүгіне отырып, тілдік тұлғаның деңгейлік үлгісін айқындап, соның үш түрлі құрылымдық деңгейін нақтылайды:

1. Вербалдық-семантикалық деңгей (немесе құрылымдық-жүйелік);
2. Когнитивтік деңгей (немесе тезаурустық);
3. Прагматикалық деңгей (уәждемелік) [7].

Тілдік тұлғаны танып білуде Ю.Н. Караулов жеке зияткерлік қабілетін қарастыруды ұсынады да, тілдік тұлғаның бастапқы деңгейіне сай келетін тілдік нормадағы білігін «нөлдік деңгей» ретінде дәйектейді. Айтушының тілдік ілімі танымда Ю.Н.Карауловтың түсінігі тұрғысында вербалды-семантикалық, лингво-когнитивтік және мотивациялық яки іс-әрекеттік-коммуникативтік қажеттілік деңгейлерінде көрініс табады.

Жалпы тілдік тұлға мәселесі төңірегінде өзара көзқарас айырмашылықтары да жоқ деуге болмас. Мәселен, орыс тіл білімінде осы мәселеге тереңірек барған ғалым В.Виноградов негізінен көркем шығарма авторы мен оның баяндау тәсілін, шығармадағы кейіпкерлерді сөйлету шеберлігін негізге ала отырып, жазушыны «*тілдік тұлға*» деп таныған. Ғалымның пайымдауынша «жазған мәтіндерінде қандай да бір ұлттың тіліне тән, ұлттың когнитивті санасын көрсететін жүйелі құралдардың қандай деңгейде пайдаланылғанына талдау жасау арқылы анықталған адам» деп келтірілген [8]. Тағы бір зерттеулерден кездейсоқ адам тілдік тұлға бола алмайды және болуы міндетті де емес, демек, бірегей (идеалды) тілдік тұлғаны айыра білуіміз керек [9], тілдік тұлға – әртүрлі құрылымдағы бірнеше тілді (кем дегенде үш тілді) коммуникативтік акті кезінде оңынан үйлестіріп қолданатын адам. Оның басты ерекшелігі – бірнеше тілдің когнитивтік, семантикалық, грамматикалық құрылымын қарым-қатынас орнату кезінде жоғары деңгейде басқара алады [10] деген пайымдарды да кездестіреміз. Дәлірек айтатын болсақ, басты зерттеулерде қарым-қатынаста өзінің ана тілін бірінші тіл ретінде пайдаланатын адам, екінші тілді әртүрлі дәрежеде игерген адам, бірнеше тілді меңгерген адам, көркем шығарманың авторы «тілдік тұлға» деп есептеледі. Одан кейінгі бір назар саларлық тұс – зерттеушілер тілдік тұлға феноменін айқындау үшін жазба мәтінді, яғни жазуға түсірілген тілді негізге алады. Демек, тілді білу, меңгеру дәрежесі тілдік тұлғаны анықтаудың басты көрсеткіші болып саналады.

Зерттеу еңбектерінен туындайтын, назар салатын мәселенің тағы бір қыры – тілдік тұлға мәселесінің монотілді ортадағы бейнесінің таратылуы. Ал қазіргі Қазақ елі үштұғырлы

тіл саясатын жүргізуді басшылыққа алған, көптілді қауымдастық болғандықтан, тілдік тұлғаны тану мен ажыратудың өзге де бір межелерін нақтылау қажеттігі туады. Дәл осы кезде «қазіргі Қазақстандағы қоғам мүшелерінің қазақ тілін білу деңгейлері қандай?» дейтін міндетті сұрақ пайда болары сөзсіз. Заңнамалық құжаттардағы деректерге шолу жасар болсақ, қазақ тілін білетіндер деңгейі үш тармаққа тарамдалады: а) элитарлық (тілді бар стильде ауызша және жазбаша тұрғыдан жоғары деңгейде пайдаланатын тұлға); ә) орта (ауызекі стиль және бір не бірнеше кітап стилін игерген тұлға); б) қарапайым (тілді ауызекі стильде ғана пайдаланатын тұлға) [11]. Алаш зиялыларының ұлт – қоғам – саясат – тіл – болашақ төрттігі аясында атқарған қыруар істері оларды біртуар элитарлық тұлғалар шыңына көтеріп, есімдерін символға айналдырды, олардың қалдырған ісі мен ізі қоғам мүшелеріне, бізге үлгі болуы қажет. Қоғам дамуының кейінгі кезеңдерінде осы төрттік үшін қызмет атқарған ғалымдардың, әсіресе тілші ғалымдардың қатары мол.

Бірегей тілдік тұлға – ана тілінде тілдің барлық мүмкіндіктерін шебер және шығармашылықпен қолдана алатын жоғары қабілетке ие жеке тұлға. Ана тілін қолдану арқылы тілдің дамып жетілуіне, насихатталуына, өміршеңдігіне салмақты үлес қосатын, ана тілін қолданған кезде тілдің бар байлығын жетік меңгерген және оны коммуникативті жағдаятқа орай шебер, шешен қолданатын, сөз саптауы, тіл байлығын қолдануы арқылы өзгелерге ғибрат, үлгі бола алатын, сонымен қоса өз туындылары арқылы тіл мәселелерін насихаттап, оқырманы яки тыңдарманының санасына ықпал ете алатын, тілді қолдануынан «ұлттық самал» есіп тұратын тұлғаны бірегей тілдік тұлға деп тануымызға болады. Тілдің сан сырын талдауға ғалым шыңынан терең барған, өз идиолектісімен көпке үлгі болған, жазу стилімен, шаршытоп алдында сөйлеу стилімен үлгі аларлық, қоғамдағы тіл ахуалына өз пайымды пікірін қосқан академик Рәбиға Сыздықты бірегей элитарлық тұлға деп бағалауға әбден болады. Академик Рәбиға Сыздық көркем әдеби туындылардың көркемдік қырлары мен сырларын талдап, сөз зергері, сөз ұстасы, шеберлік шыңындағы жазушы деп көрсеткен қазақ қаламгерлері де бірегей тілдік тұлғалар ретінде танылады.

Салмақты сөзімді саралай отырып, қорытындылар болсам, тілдік тұлға дегеніміз – ұлттық тіл мен құндылықтар әлеуетінде тәрбиеленген, ұлттық тіл мен рухты толыққанды игерген жеке адам, күллі ұлттық болмысты өз бойына дарытқан дара тұлға. Дәл біздің құндылықтар қарымы көкей мен көмейге біткен, таңдай мен маңдайға құт боп қонған тіліміздің көкжиегімен тікелей сабақтас. Елдіктің ертеңі, таным тұтқасы – тіл.

Сонымен тілдік тұлға деп алдымен кез келген тіл тұтынушысын түсінсек, одан кейін, тілдің жүйелік танымдарын, мәнмәтіндерді функционалды талқылаумен салғастыратын тұлғаның тілдік шеберлігін бейнелеудің кешенді әдісін байқаймыз. Тілдік тұлғаны зерделеу аясында міндетті түрде адам және оны қоршаған әлем жайында танымдардың жиыны ретіндегі әлемнің тілдік бейнесі қарастырылады.

Әдебиет

1. Караулов Ю.Н. Русский языки языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 261 с.
2. Әділова А.С. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдылықтың репрезентациясы, семантикасы, құрылымы. Фил... автореф. – Алматы, 2009. – 53 б.
3. Манкеева Ж.А. «Тілдік тұлға» мәселелерін зерттеу // Қазақ филологиясы: егіз негіз (ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Арыс, 2010. – Б. 280-290.
4. Абай. Қара сөз. Книга слов. – Семей, 2001. – 98 б.
5. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 125 б.
6. Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет (Профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына арн. ғылыми-теор. конф. матер.). – Алматы, 2001. – Б. 256-264.
7. Караулов Ю.Н. Русская языковая личность и задачи ее изучения // Язык и личность. – М., 1989. – Б. 129-140.
8. Виноградов В.В. О языке художественной прозы // Избранные труды. – М.: Наука, 1980. – 360 с

9. Богин Г. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов: автореф. дис. ... докт. филол. наук. – Калинин: КГУ, 1986. – 147 с.
10. Азарова Л.Е. Специфика языковой личности нового типа // Материалы Международной конференции «Русский язык в языковом и культурном пространстве Европы и мира: человек, сознание, коммуникация, интернет». – 2013. – С. 173-177.
11. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен бекітілген. – Электронды ресурс: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>.

МРНТИ04.01.07

С.К. Мукашев

Казахско-Русский Международный Университет
Республика Казахстан, г.Актобе

ВОЗМЕЩЕНИЕ МОРАЛЬНОГО ВРЕДА И ЕГО ОПРЕДЕЛЕНИЕ В ГРАЖДАНСКОМ ПРАВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Согласно, статье 951 ГК. РК. Моральный вред – это нарушение, умаление или лишение личных неимущественных благ и прав физических лиц в том числе нравственные или физические страдания. Иными словами, под моральным вредом следует понимать дискомфорт эмоционально – психологического характера, испытываемый потерпевшим от действий или противоправного поведения правонарушителя. Моральный вред подлежит возмещению вне зависимости от наличия либо, отсутствия имущественного ущерба. Следует, также учесть, что моральный вред могут претерпевать только физические лица, а следовательно и правом на его возмещение имеют право только физические лица. Юридические лица таким правом не обладают. Моральный вред нанесённый имущественным правам граждан возмещению не подлежит. Размер возмещения морального вреда зависит от многих факторов, в первую очередь размер возмещения морального ущерба это – субъективная оценка самого потерпевшего. Здесь учитываются степень нанесения морального вреда, объект преступного посягательства правонарушителя, такие как: здоровье, жизнь, свобода, посягательство, на честь и достоинство, деловую репутацию. Как самого потерпевшего, так и на его близких родственников. Моральный вред возмещается в денежной форме. Но не следует забывать о том, что моральный вред может быть возмещён также и опровержением порочащих, либо недостоверных сведений в средствах массовой информации, принесением извинений. Ведь речь идёт о защите не имущественных прав, а личных неимущественных прав. Такие как деловая репутация, честь, здоровье, свобода, право на использование своего изображения.

Таким образом, возмещение морального вреда, всегда будет довольно актуальным вопросом. Другой момент этого вопроса как будет реагировать судебная практика на исковые требования о возмещении морального вреда. И каков будет процент исков подлежащих удовлетворению? Можно не сомневаться в том, что моральный вред как норма права будет чаще применяться нашими гражданами это лишь вопрос времени. И налаженной судебной практики в этом вопросе.

Моральный вред это существенный аспект в жизни каждого человека, и поэтому моральный вред и его возмещение это, одна из главных задач судебной системы Республики Казахстан. Моральный вред, как степень определения ущерба личным неимущественным правам один из способов защиты личных неимущественных прав. Моральный вред и перспективы его в гражданском праве в будущем довольно широки, так как если учесть тот факт, что в последние годы очень активно развивается институт медиации, целью которого является примирение сторон судебного процесса. Так как медиация является способом досудебного регулирования, цель которого беспристрастно разрешить конфликтную

ситуацию сторон. Отличие медиации от суда в том, что медиатор должен найти выгодный консенсус для обеих сторон без ущерба для обеих. Тогда как суд выносит решение не думая о взаимной пользе обеих сторон процесса. В этой связи, учитывая всё выше сказанное, медиация должна стать гораздо популярнее судебного разрешения гражданских дел. А это значит, что удовлетворение исковых заявлений о возмещении морального вреда будет только возрастать. Это лишь вопрос времени и развития судебной практики в сфере возмещения морального вреда по гражданским делам.

Подводя итоги данного исследования, хотелось бы отметить тот факт, что моральный вред в общем и целом является немаловажным аспектом гражданского права в сфере защиты конституционных прав граждан. А значит, в связи со всем выше изложенным всё это в целом будет способствовать развитию высоко образованного в правовой сфере общества особенно в отрасли гражданского права. Также хотелось бы, выразить надежду на то, что судебная практика будет учитывать права и интересы обеих сторон судебного процесса. Если учесть развитие института медиации и в целом, отхода государственной политики от карающей практики, то в этой связи все выше изложенные факты вселяют надежду на то, что интересы человека и гражданина встанут во главу угла не в теории, а на практике. Доказательством этому будут служить изменения в судебной системе, в практике применения законодательных актов с учётом интересов и прав граждан и увеличения удовлетворения исковых требований. Также наряду с защитой прав граждан следует проработать вопрос защиты прав и интересов юридических лиц. Так как у юридических лиц также страдает их деловая репутация в той или иной степени если, она является объектом преступного посягательства. В будущем необходимо рассмотреть изменения нормативно-правовых актов в этой сфере. То есть включения юридических лиц в сферу удовлетворения морального вреда. Подводя итоги, необходимо сделать следующие выводы: во-первых, определение морального вреда в гражданском праве необходимо расширить, а это повлечёт за собой изменения в гражданском праве и других законодательных актах в сфере гражданского права.

Литература

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 г
2. Особенная часть гражданского права Республики Казахстан от 1 июля 1999 г
3. Закон о медиации Республики Казахстан от 28 января 2011 года

ҒТАХР 29.01.45

М.Е. Сапарбекова¹, С.А. Рамазанова², Б.Х. Садық³

¹Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің

2-курс магистранты

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., saparbekovamerey9@gmail.com

²Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің *ф.-м.ғ.к., доцент*

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., sara_ra@mail.ru

³Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің аға оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., sadik_bolat@mail.ru

10-СЫНЫПТА «ЭЛЕКТР ЖӘНЕ МАГНЕТИЗМ» БӨЛІМІН БЕЙІНДІ ОҚЫТУДА ВИРТУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация.

Бұл мақалада 10-сыныпта «Электр және магнетизм» бөлімін бейінді оқытуда виртуалды бағдарламаларды қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Теориялық зерттеу әдісі бойынша шетелдік ғылымдардың еңбегіне шолу жасалынып, Google Академия базасындағы бірнеше ғылыми мақалалар талқыланды. Виртуалды бағдарламалар –

оқушылардың физикалық құбылыстарды көрнекі және интерактивті түрде түсінуіне мүмкіндік беретін заманауи құралдар. Эмпирикалық әдісті қолдана отырып, «Electronics workbench» бағдарламасының негізінде 10 сынып оқушыларының шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында эксперименттік тапсырма ұсынылды. Мақалада виртуалды модельдеуші бағдарламалар арқылы оқушылардың оқу мотивациясын көтеріп, физикалық құбылыстарды практикалық тұрғыда түсінуге көмектесетінін және шығармашылық дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік мәселелері көрсеткен. Қорытындысында, бейінді оқытуда виртуалды бағдарламаларды қолданудың тиімділігі талданып, оның білім беру үрдісіне ықпалы көрсетілген.

Кілт сөздер: электр және магнетизм, бейінді оқыту, виртуалды бағдарлама.

Қазіргі уақыттағы ақпараттық технологиялардың дамуы білім беру процесінде жаңа мүмкіндіктер ашады. Әсіресе, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту кезінде виртуалды бағдарламалар мен физикалық компьютерлік модельдерді тиімді қолдану арқылы білім сапасының артуына қол жеткізуге болады [1]. Осыған байланысты физиканың "электр және магнетизм" бөлімін талдау кезінде ұғымдардың нақты тұжырымдамаларын түсіндіру, көрнекілік пен практикалық дағдыларды дамыту арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін виртуалды бағдарламаларды қолдану қажеттілігі күн санап артып келеді. Осындай бағдарламалардың арқасында оқушылардың теориялық білімдерін қолжетімді интерактивті форматта кеңейтуге және пәнге қызығушылықты арттыруға мүмкіндік туады. Электрондық бағдарламаларды, әсіресе бейіндік оқыту кезінде пайдалану білім алушылардың физиканы тереңірек меңгеруін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың шығармашылығын дамытуға, өз бетінше зерттеу жүргізуге және нақты тәжірибені шектеуден тыс жүргізуге мүмкіндік береді [2]. Мақалада "электр және магнетизм" бөлімін бейінді оқытуда виртуалды бағдарламаларды пайдалану ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, 10-сыныпта физиканың «электр және магнетизм» бөлімін бейінді оқытуда виртуалды бағдарламаларды қолданудың тиімділігін зерттеу және олардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, түсіну деңгейін және танымдық белсенділігін арттырудағы рөлін анықтау мақсат етіп қойылды.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды:

- «Электр және магнетизм» бөлімін бейінді оқытуда виртуалды бағдарламаларды қолданудың педагогикалық және әдістемелік негіздерін зерттеу;
- Оқу үрдісіне қолдануға лайықты виртуалды бағдарламалардың ерекшеліктерін талдау, «электр және магнетизм» тақырыбын виртуалды бағдарламалар арқылы оқытудың тиімді әдістерін ұсыну;
- Виртуалды бағдарламалар арқылы оқытудың білім сапасына, пәнге қызығушылыққа және оқушылардың зерттеушілік дағдыларына әсерін талдап, қорытынды жасау.

Виртуалды модельдеуші бағдарламалар оқушылардың зейінін шоғырландыруға және оқу материалын жеңіл меңгеруге ықпал етеді. Олар абстрактілі теориялық ұғымдарды интерактивті форматта көрсету арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, виртуалды симуляциялар оқушыларға ток көзі, электр өрісі, магнит өрісі сияқты ұғымдарды визуалды түрде қабылдауға және әртүрлі параметрлермен эксперимент жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс тек оқу үрдісін жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырады.

Бейінді оқыту кезінде виртуалды бағдарламаларды сабақтың әр түрлі кезеңінде қолдануға болады: кіріспе, негізгі бөлім немесе бекіту кезеңдерінде. Әрбір кезеңде қолданылатын бағдарламалар оқу материалын түсіндіруде және оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады [3]. Әсіресе, практикалық жұмыстар кезінде виртуалды симуляцияларды қолдану оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Бүгінгі күні көптеген виртуалды ресурстар мен платформалар бар: «PhET Interactive Simulations», «Начало электроники», «Electronics workbench» және т.б. Бұл бағдарламалар оқушыларға тәжірибелік жұмыс ретінде, немесе дербес үй тапсырмаларын орындауға

бағытталған виртуалды зертханалар ретінде ұсынылуы мүмкін. Мысалы, «Electronics workbench» бағдарламасы арқылы оқушылар «Өздік индукция» құбылысына эксперименттік есеп шығарып, осы физикалық заңдылықтың орындалуын виртуалды түрде зерттеп, көре алады.

Эксперименттік есеп тақырыбы: Өздік индукция құбылысы.

Эксперименттік есеп мақсаты: Өздік индукция құбылысының заңдылықтарын зерттеу.

Тапсырма

Кілт, индуктивтілігі $L=0.5$ Гн катушка, $V=12$ В тұрақты ток көзі және кедергісі $R=10$ Ом болатын резистордан тұратын тізбек берілген. Уақыттың 0.1, 0.112, 0.113, 0.114, 0.115 секунд интервалы аралығындағы максимал ток күшінің мәндері қандай болатынын және Өздік индукция нәтижесінде катушкадағы индукцияланған ЭҚК-нің мәнін анықтаңыз. [4]

Есепті алгоритмдік-эвристикалық тәсіл бойынша шығару алгоритмі

1. Electronics Workbench бағдарламасына кіріп, катушка, кедергі, тұрақты ток көзі және кілттен тұратын тізбектей жалғанған схема құрыңыз;

2. Тізбек элементтерінің параметрлерін есеп шартына сәйкес өзгертіңіз: $L=0.5$ Гн, $V=12$ В, $R=10$ Ом;

3. Амперметрді тізбектей жалғау арқылы ток күшін анықтап, кестеге енгізіңіз. Ол үшін кілтті тұйықтаңыз. (*Кілтті тұйықтау үшін, кілттің үстін басып enter батырмасын басыңыз*);

4. Токтың уақыт бойынша өзгерісін келесі формуламен анықтаңыз:

$I(t) = I_{max}(1 - e^{-\frac{t}{\tau}})$ (1). Мұндағы τ – уақыттұрақтысы: $\tau = \frac{L}{R}$ (2).

5. Фарадей заңына сәйкес катушкадағы индукцияланған ЭҚК-нің мәнін келесідей түрлендірулер жасау арқылы анықтаймыз: $\varepsilon = -L \frac{\Delta I}{\Delta t}$ (3) екенін біле отырып:

$\frac{dI(t)}{dt} = \frac{d}{dt} \left(I_{max} \left(1 - e^{-\frac{t}{\tau}} \right) \right) = I_{max} * \frac{1}{\tau} * e^{-\frac{t}{\tau}}$ (4).

(4) өрнекті (3) өрнекке қоятын болсақ: $\varepsilon = -L * I_{max} * \frac{1}{\tau} * e^{-\frac{t}{\tau}}$ (5).

$R = \frac{L}{\tau}$ екеніне керсек, $\varepsilon = -I_{max} * R * e^{-\frac{t}{\tau}} = -\frac{U}{n} * R * e^{-\frac{t}{\tau}}$ (6)


Осыдан жұмысшы формула: $\varepsilon = -U * e^{-\frac{t}{\tau}}$ (7). (- таңбасы бағытының теріс екендігін білдіреді, сол себепті есептеу кезінде - таңбасын жазбаймыз);

6. Ток күшінің мәндерінің уақыттың мәндеріне тәуелділік графигін және катушкадағы индукцияланған ЭҚК-нің мәнінің уақыттың мәндеріне тәуелділік графигін тұрғызыңыз;

7. Есептеулерге талдау жүргізіңіз;

8. Қорытынды жасаңыз.

Electronics Workbench бағдарламасында тізбек құру



Математикалық модель құру

| Берілгені: | Формула | Шешуі |
|------------|---|--|
| $L=0.5$ Гн | $I(t) = I_{max}(1 - e^{-\frac{t}{\tau}})$ | $\tau = \frac{0.5}{10} = 0.05$ |
| $R=10$ Ом | $\tau = \frac{L}{R}$ | $I(t) = 1.2 * \left(1 - e^{-\frac{0.1}{0.05}} \right) = 1.0376$ А |
| $U=12$ В | $\varepsilon = -U * e^{-\frac{t}{\tau}}$ | $\varepsilon = 12 * 2.817^{-\frac{0.1}{0.05}} = 1.62$ В |

$$I_{max}=1.2 \text{ A}$$

$$t_1=0.1 \text{ c}$$


$$e= 2.718 \text{ Жауабы: } I(t) = 1.0376 \text{ A, } \varepsilon = 1.62 \text{ B}$$

Табу керек:


$$I(t) - ? \quad \varepsilon - ?$$

1-кесте – Есептеулер нәтижесі:

| | , Гн | , Ом | , В | max, A | , c | e | I, A | , B |
|--|------|------|-----|--------|------|-------|---------|--------|
| | ,5 | 0 | 2 | ,2 | ,1 | 2,718 | 037564 | ,62436 |
| | ,5 | 0 | 2 | ,2 | ,112 | 2,718 | 0722498 | ,2778 |
| | ,5 | 0 | 2 | ,2 | ,113 | 2,718 | 0747794 | ,2525 |
| | ,5 | 0 | 2 | ,2 | ,114 | 2,718 | 077259 | ,2277 |
| | ,5 | 0 | 2 | ,2 | ,115 | 2,718 | 0796894 | ,20339 |



1-график



2-график

Оқушылардың практикалық тапсырманы орындау бойынша қорытынды пікірлерін төмендегідей бақылау сұрақтарын қолданып теориялық білімдерін шыңдауға болады. Бақылау сұрақтары: 1. Өздік индукция құбылысын түсіндіріңіз. 2. Тізбектегі ток күшінің мәнінің өзгерісін кілтті тұйықтау және ажырату арқылы бақылаңыз және түсіндіріңіз. 3. Ток күшінің әр түрлі уақыттағы мәндерін және индукцияланған ЭҚК-нің мәндерінің уақытқа тәуелділік графигін түсіндіріңіз. 4. Орындалған жұмыстан өздік индукция құбылысының қандай заңдылықтары орындалғанын қорытындылаңыз. 5. Уақыт интервалын 1,1 с интервалмен алғанда ток күшінің мәндері қалай өзгертін еді, неге?

Қорытындылай келе, өздік индукция құбылысын Electronics Workbench бағдарламасында бақылау арқылы токтың әртүрлі уақыттағы мәндерін есептей отырып, ток күшінің максимал мәнге біртіндеп жетуін байқау үшін уақыттың өте аз мәнін алу керек екенін байқайды. Electronics Workbench бағдарламасы басқа да күрделі тізбектерді құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды құралдар оқушылардың танымдық белсенділігіне оң әсерін тигізді, пәнге қызығушылықтарын арттырды және эксперименттік дағдыларын жетілдірді, бейінді оқытуда тиімді құралдардың бірі болып табылады. Олар оқушылардың пәнді терең меңгеруін, зерттеу қабілетін дамытуды және білім сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиет

- Искакова Л.Т., Ергешбаева Ш.Н. және т.б. Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. «Өрлеу» БАҰО АҚФ ОҚО ПҚБАИ. – Шымкент, 2014. – 60 б.
- Керімбаев Н.Н. Компьютерді пайдаланып физикадан зертханалық-практикалық жұмыстар жүргізу. – Алматы, 2002.

3. Сапарбекова М.Е., Уалиханова Б.С., Рамазанова С.А. Жоғары сыныптарда физиканы бейінді оқыту. «Физикадағы заманауи тенденциялар: Ғылым мен Білім интеграциясы» Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Астана, 2024.

4. Кронгарт Б., Қазақбаева Д., Иманбеков О., Қыстаубаев Т. Физика: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10- сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019.

ҒТАХР 16.21.47

Ә. ЕРҒАЛИҚЫЗЫ

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., ergalikyzy.a@mail.ru

ИНТЕРНЕТ-ЛЕКСИКАНЫҢ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Өткен ХХ ғасырдағы ғылым мен технологияның дамуы нәтижесінде интернетке негізделген жаңа ақпараттық қоғам құрылды. Әлем елдерінде интернеттің тарауына байланысты интернет қолданушылардың саны жыл сайын артып отырды. Нәтижесінде интернетте жас ерекшелігіне қарамастан түрлі әлеуметтік топқа жататын адамдар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, байланыс орнатуға, хабар алмасуға мүмкіндік алды. Ғаламдық ақпараттық кеңістіктің пайда болуы жаңа коммуникациялық ортаның қалыптасуына алып келді. Бастапқыда техника құралы ғана болып саналған интернет желісі уақыт өте келе әлеуметтік сипатқа ие бола бастайды. Интернет желісінің шығу тарихына көз жүгіртсек, оның алғаш рет Америкада пайда болғанын білеміз. Сол себепті интернетте мәтіндердің, ақпараттардың, хабарламалардың ең бірінші ағылшын тілінде берілуі заңды құбылыс. Тек кейінгі жылдары, интернеттің басқа елдерге таралуы себепті өзге тілдер де әлемдік желіге шыға бастайды. Бірақ күні бүгінге дейін интернет желісінде үстемдікке ие болып отырған жалғыз тіл – ағылшын тілі. Интернет тілін тіл білімінде алғаш зерттеуші ғалым – Д. Кристал, ағылшын тілінің маманы, интернетті тілмен байланыстыра қарастырған. Д. Кристал интернетті «әлеуметтік құбылыс» деп сипаттай отырып, оған «лингвистикалық төңкеріс» [1] деп баға берген болатын. Осыдан кейін басқа да тілші-ғалымдар интернет желісінің тіліне назар аударып бастайды.

Қазіргі кезде электронды бұқаралық ақпарат кеңістігінде «интернет тілі» деген жаңа ұғым пайда болды. Бұл ғаламтордағы сөз қолданысына, тіл мәдениетіне, оның айналасындағы өзге де мәселелерге қатысты екені белгілі [2]. Тілші-ғалымдардың интернет желісіндегі тіл қолданысын бақылау, ерекшелігін саралау, зерттеу, талдау әрекеттерінің нәтижесінде білімінде «интернет-лексика» ұғымының қалыптасуына себеп болды. Тіл білімінде интернет-лексиканың зерттелуі – заманауи сандық коммуникация жағдайында тілдің бет-бейнесін сипаттайтын маңызды бетбұрыс. Аталған зерттеу аясында қарастырылатын интернет-лексиканың негізгі топтарына тоқталып өтсек.

1. Кірме сөздер. Тек әлем тілдері ғана емес, оның ішінде қазіргі қазақ тілінің интернет-лексикасы да үздіксіз өзгеріс үстінде. Интернеттің ықпалымен тілімізге ағылшын тілінен кірме сөздердің белсенді ену процесі басталды. Жоғарыда интернет кеңістікте кең таралған тіл деп ағылшын тіліне тоқталдық. Әсіресе, ағылшын тілінен *енгенист, блог, стрим, спам, юзернейм*, сияқты сөздер бүгінгі интернет қолданушыларына әбден таныс [3; 1693]. Тағы бір мысал, бәріміз білетін «лайк» сөзі. «Лайк» (ағылш. like «ұнайды, мақұлдаймын») – пайдаланушы жариялаған материалды мақұлдаудың шартты көрінісі бір түймені басу арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік желілердің барлығында дерлік орын алатын батырма [4; 188]. Орыс тілінен калька тәсілімен аударылып енген сөздер: *парақша (страничка), сілтеме (ссылка)*, т.б.

2. Қысқарған сөздер мен аббревиатуралар. Интернет қолданушылар жазбаша хат алмасқанда қысқартылған сөздерді жиі қолданады. Н.А. Ахренова қысқарған сөздердің төмендегідей ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1) сөздердің орнына әріптік және сандық аббревиатуралардың қолданылуы. Сонымен бірге дыбыстар мен шудың орнына клавиатураның арнайы символдарын қолдану. Соңғысын ғалым логограмма деп атайды. Мысалы, zzz – ұйықтауда деген мағынаны білдіреді.

2) әріптер мен сандарды қосып қолдану. Мысалы, ағылшын тіліндегі w8 (wait), evry1 (everyone) сөздері.

3) күрделі сөздердің алғашқы әріптерін қолдану: W/E weekend [5;138-139].

3. Эмодзи мен эмотикондар, мемдер. Эмодзи, пиктограммалар (смайлик, мем) қазіргі уақытта күнделікті жазылатын хабарламалардың ажырамас бөлігі. Олардың хабарлама мәтінін интерпретациялауда және мәтін иесінің эмоциясын сипаттауда атқаратын рөлі тілші ғалымдарды қызықтырып, зерттеу нысанына айналды. Қазақ тілінде мем туралы «Интернет-мем» және олардың түрлері» (авторлары З.Р. Курманбекова, Қ.Қ. Саркенова, Қ.Т.Маликов), «Ел іші – мем кеніші» (Д. Зиядин) сияқты мақалалар бар. Алғашқы мақалада «Интернет-мем әлеуметтік желідегі ғаламтор қолданушыларының жабық қауымдастығы үшін өмір/желі тәртібін көрсететін мәдени код» [6; 44] деген анықтама берілсе, екіншісінде авторотандық интернет-мемдер мен олардың түрлеріне тоқталып, мысалдар келтіреді [7].

4. Перне тақта белгілері. Дәстүрлі пунктуацияға жатпайтын пернетақта белгілері: @, #. Мұндағы «айқұлақ» атап кеткен «@» белгісін америкалық инженер Рэй Томлинсон ойлап тапқан [1; 21]. «@» белгісі күні бүгінге дейін электронды почтада қолданылады. Келесі # (хэштег немесе топ) белгісі әлеуметтік желілерде хабарламаларды белгілі бір тақырыпқа сай топтау үшін қолданылады [8; 15].

Тіл білімінде интернет-лексиканың зерттелуі қазіргі уақытта өзекті тақырыптың бірі болып отыр. Себебі, біріншіден, аталған тақырып тілдің жаңа ортаға бейімделу мәселесін көрсетеді. Бұған жаңа сөздердің енуі мен тілде бұрыннан бар сөздердің грамматикалық құрылымының өзгеруін жатқызуға болады. Екіншіден, әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарағанда, интернет-лексика түрлі әлеуметтік топтардың тілдік ерекшелігін көрсетеді. Үшіншіден, интернет желісіндегі сөздердің күнделікті қолданыстағы сөздерге әсерін зерттеуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, интернет-лексиканы зерттеу арқылы адамдар желіде бір-біріне эмоцияларын қалай білдіреді, бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайды деген сауалдарға жауап алуға болады. Осылайша, тіл білімі саласында интернет-лексиканың зерттелуі тілді әрдайым қозғалыс үстіндегі әлеуметтік құбылыс ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Crystal D. Language and the Internet / Cambridge University Press, 2004. – 284p.
2. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454>
3. Звариченко Е.Д. Основные способы словообразования в русском и английском интернет-сленге // Молодой ученый. – 2016. – №11. – С. 1692-1694.
4. Касымова А.А. Интернет-лексиканы зерттеу мәселелері және оның тіл ғылымындағы көрінісі // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық сериясы. – 2024. – № 3. – Б. 182-194.
5. Ахренова Н.А. Доминанты современной интернет-лингвистики: дис. доктора фил. наук: 10.02.19. [Текст]. – Мытищи, 2018. – 363 с.
6. Курманбекова З.Р., Саркенова Қ.Қ., Маликов Қ.Т. Интернет-мем және олардың түрлері [Мәтін] // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 1(142). – Б. 42-51.
7. <https://baribar.kz/132971/el-ishi-mem-kenishi/>
8. Ахапкина Я.Э., Рахилина Е.В. Современный русский язык в интернете. – М.: Языки славянской культуры, 2014. – 328 с.

Ә.М. Қуанышева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Қазақстан Республикасы, Семей қ., Aikerim.k.m.03@gmail.com

Ғылыми жетекші: педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент К.К. Муканова

КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа: Мақалада оқырмандарды корпус лингвистикасының негізгі ұғымдарымен және терминдерімен таныстырады, сонымен қатар лингвистикалық материалды таңдауға және өңдеуге байланысты технологиялық процестер жалпы сипатталады. Автор корпусдық лингвистика ұғымдарымен таныстыруға, корпусдық технологиялардың негіздерін меңгеруге, корпуспен жұмыс істеу дағдыларын қарастыруға, ақпараттық технологиялар ауқымындағы пән мен корпусдың орнын анықтауға бағыттаған.

Мақалада тіл білімі, әлеуметтік лингвистика сияқты салалары қарастырылады. Сондай-ақ, қазақ тіл білімінде бұл бағыт болашақта үлкен жетістіктерге жетуге, ұлттық тілдің рухани мұрасын сақтауға, зерттеуге және дамытуға зор үлес қосып, ұлттық корпус жасауда маңызды үлес қосуға және филология ғылымын дамытуға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Ұлттық корпус, лингвистика, корпус, мәтін корпусы, сөз формаларының жиілігі, грамматикалық категориялардың жиілігі, лексико-грамматикалық сипаттамалар, контекст, кезең, жанр.

Қазіргі жаһандану заманындағы ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы тіл білімінде жаңа бағыттардың қалыптасуына зор ықпалын тигізуде.

Корпусдық лингвистика қазақ тіл білімінде соңғы он жылдықта қалыптасып, дамып келе жатқан жаңа бағыт. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – белгілі бір тілдің мәтіндік материалдарынан құралған деректер қорын, яғни корпусты құру арқылы сол тілдің ерекшеліктерін, грамматикалық және лексикалық құрылымын, қолдану жиілігін, стилистикалық өзгешеліктерін зерттеу. Сонымен қатар, қазақ тіл білімінде корпусдық лингвистика зерттеулердің жаңа әдістерін, соның ішінде мәтін лингвистикасы, дискурсты талдау, когнитивті және прагмалингвистикалық зерттеулерді дамытуға әсер етеді.

Корпусдық лингвистиканың теориялық негіздері лингвистикалық мәліметтерді өңдеу, жүйелеу және автоматтандыру бағыттарына негізделеді. Корпусдық зерттеулер тілді формалды және эмпирикалық әдістермен зерттей келе, тілдің дамуы мен өзгеру үрдісін тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Мысалы, қазақ тілінің сөз қолданысы, грамматикасы, фонетикасы, морфологиясы мен синтаксистік құрылымдары арнайы электрондық қорларда жинақталған мәтіндер арқылы жан-жақты талданады. Бұл терминнің ағылшын тіліндегі атауы «corpus linguistics» [1].

Корпусдық лингвистика – компьютерлік технологияларды қолдану арқылы тілдің үлкен мәтіндік деректерін, яғни корпустарды, талдайтын лингвистикалық зерттеу әдісі. «Корпус» ұғымы – бұл компьютер жадысында сақталған, грамматикалық және лексикалық бірліктер толықтай қамтылған мәтіндер жиынтығы. Бұл мәтіндер жиынтығы белгілі бір мақсатта құрастырылып, әртүрлі жанрлар мен стильдерді қамти алады (мысалы, ғылыми мәтіндер, көркем әдебиет, публицистика және т.б.) [2].

Корпусдық зерттеулер лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, психолінгвистика, прагмалингвистика сынды басқа да салалармен тығыз байланыста дамып, олардың арасындағы зерттеулерді үйлесімді етеді. Компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану қазақ тілінің мәтіндерін автоматты түрде өңдеу және талдауды жеңілдетіп, зерттеушілерге ауқымды деректерді өңдеуге, ірі көлемде зерттеу жүргізуге жол ашады. Компьютерлік өңдеу әдістері мәтін лингвистикасымен өзара тығыз байланысты, өйткені мәтін лингвистикасы мәтіннің құрылымын, мағыналық қырларын және прагматикалық ерекшеліктерін зерттесе, корпусдық лингвистика бұл зерттеулерді автоматтандыру және кең көлемде өңдеп, мәтіндерге статистикалық талдау жасайды. Корпусдық лингвистика тілдің нақты мәтіндік деректеріне негізделіп зерттеледі, мұнда үлкен

мәтіндер жиынтығы (корпустар) компьютерлік өңдеу арқылы талданады. Бұл тәсіл «нәтижеге бағдарланған» деп сипатталады, өйткені зерттеу нақты тілдік деректерге сүйенеді. Корпустар нақты сөйлеу немесе жазу тіліндегі қолданысты көрсететіндіктен, олар арқылы тілді кең көлемде әрі объективті талдауға жағдай бар. Осы әдістемелердің бірлесуі негізінде қазіргі қазақ тілін коммуникативтік-прагматикалық деңгейде жан-жақты қарастыру жолға қойылды. Яғни, бұл сала тілдің нақты қолданылу заңдылықтарын, оның құрылымдық және коммуникативтік ерекшеліктерін үлкен көлемдегі мәтіндер арқылы ғылыми тұрғыда зерттеуге негізделген.

Корпустық лингвистиканың мақсаты – тілдік элементтердің нақты қолданылуын тексеру, грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қызметін айқындау және статистикалық тұрғыда талдау жүргізу.

Корпустық лингвистиканың теориялық маңызы оның нақты деректерге негізделуінде және тілдік қолданысты нақтылауда. Ол тілдің лексикалық және грамматикалық жүйесін, сөздердің қолданылу заңдылықтарын, құрылымдық ерекшеліктерін шынайы деректер арқылы зерттейді. Практикалық тұрғыда корпустық лингвистика тіл үйрету әдістерін жетілдіруде, оқу құралдарын жасау, сөздіктер құрастыру және аударма сапасын арттыруда ерекше рөл атқарады. Корпустық лингвистиканың филологияның салаларында кеңінен қолданылуы:

- **Тарихи және диахроникалық зерттеулер:** корпустарды қолдану арқылы тілдің белгілі бір кезеңдеріндегі өзгерістерді, оның тарихи дамуын зерттеуге болады. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт қазақ тілінің тарихи дамуы мен сөздердің семантикалық өзгерістерін зерттеуге қолданылады.

- **Лексикография және сөздіктер құрастыру:** корпустық деректерді қолдану арқылы заманауи сөздіктерді құруда сөздердің нақты қолданылу жиілігі мен олардың мағыналық қырларын анықтауға болады. Бұл әдіс жаңа сөздіктер мен анықтамалықтардың сапасын арттырады.

- **Аударма және екі тілді корпустар:** екі тілдегі мәтіндерден тұратын корпустар аударма саласында ерекше маңызды. Мұндай корпустар арқылы екі тілдің арасындағы семантикалық, лексикалық және грамматикалық айырмашылықтарды анықтауға және аудармадағы стилистикалық қателіктерді түзетуге болады.

- **Көркем мәтінді зерттеу:** корпустық лингвистика көркем әдебиет мәтіндерін зерттеуге қолданылады. Мысалы, белгілі бір жазушының лексикасын, сөйлем құру стилін, семантикалық өрісін және прагматикалық қызметін талдауға көмектеседі. Бұл зерттеулер қазақ тілінің көркемдік әлеуетін, оның ұлттық ерекшеліктерін айқындайды.

Корпустық лингвистикада қолданылатын корпустарды бірнеше түрге бөліп қарастырады:

Ұлттық корпустар – ұлттық тілдің барлық ерекшеліктерін қамтуға бағытталған көлемді корпустар. Бұл типтегі корпустар тілдің түрлі жанрлардағы қолданылуын зерттеп отырады.

Екі тілді немесе көп тілді корпустар – әртүрлі тілдердің материалдарын қамтитын корпустар. Екі тілдегі мәтіндерді салыстыру арқылы аударма зерттеулерін жүргізуге болады.

Арнайы бағытталған корпустар – белгілі бір салаға немесе мақсатқа бағытталған мәтіндерден тұратын корпустар. Мысалы, ғылыми-техникалық мәтіндер корпусы немесе көркем әдебиет мәтіндер корпусы.

Корпустардың түрлеріне қарай зерттеу әдістері мен талдау тәсілдері өзгеріп отырады. Мысалы, екі тілді корпустар аударма және салыстырмалы лингвистика үшін маңызды дереккөз болса, ұлттық корпустар белгілі бір тілдің ішкі құрылымын зерттеуге арналған.

Бүгінгі күні тіл білімі саласында, соның ішінде қазақ тіл білімінде, корпустық лингвистиканың болашағы зор. Бұл бағыт қазақ тілінің құрылымын, мәдениеттегі орнын, оның ерекше лексикалық және грамматикалық қырларын зерттеуге, болашақта ұлттық корпус жасау арқылы осы бай қазынаны сақтауға мүмкіндік береді. Корпустық лингвистика тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы тіл білімі саласында да өзекті, өйткені ол ғылыми

зерттеулерге нақты деректемен көрсетіледі. Тілдің нақты қолданылу заңдылықтарын зерттеу арқылы ғылыми зерттеулерге де, тіл үйрету мен аударма салаларына да үлкен үлес қосады [3].

Қорыта айтқанда, корпустық лингвистика – тіл білімінде жаңа бағыт болғанымен, оның зерттеулерге қосар үлесі зор. Қазақ тіл білімінде бұл бағыт болашақта үлкен жетістіктерге жетуге көмектесіп, ұлттық тілдің рухани мұрасын сақтауға, зерттеуге және дамытуға зор үлес қосады. Қазіргі кезде бұл бағыттағы зерттеулер өзекті болып саналады, себебі олар қазақ тілінің лексикалық және грамматикалық құрылымдарын толық түсінуге, ұлттық корпус жасауда маңызды үлес қосуға және филология ғылымын дамытуға ықпал етуде. Корпустық лингвистика саласында қазақ тілінде жарық көрген монографиялар, оқулықтар, сөздіктер және зерттеулер ағылшын тілді еңбектермен салыстырғанда әлдеқайда аз. Қазақ тілінде шыққан зерттеулердің көпшілігі қазақ тілінің ұлттық және сөйлеу корпустарын құру тәжірибесін қамтиды. Дегенмен, бұл салада жаңа зерттеулердің саны арта түсетіні анық.

Әдебиет

1. Сәрсекке Г.Ә. Қазақтілініңкорпуслингвистикасыныңтерминдері / Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті. Конференция материалдары 8-9 сәуір. 2022 ж. – Б. 4-8.
2. Жұбанов А.Қ. Қазақ тілінің ұлттық корпусы және метабелгіленім мәселесі // Тіл таным. – 2015. – №1. – Б. 21-29.
3. Қалиева А.Ш. Корпустық лингвистиканың теориясы және қолдану әдістері. – Нұр-Сұлтан: Лингвистика зерттеу орталығы, 2019.
4. Нұрдәулетова Ж. Когнитивтік лингвистика. – Алматы, 2017.
5. Оразалиева Э.Н. Когнитивті лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Арыс, 2016.
6. Жұбанов Қ..А. Корпустық лингвистика – қазақ тіл білімінің жаңа бағыты // Тілтаным. Языкознание. ҚР БЖҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, сәуір-мамыр-маусым. – Алматы. – 2009. – №2 (34). – Б. 3-11.

ҒТАХР 17.82.94

Қ. Қиықбай¹, Г. Сағындыққызы²

¹Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы Kazezuly@yandex.kz

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., guka_82-82@mail.ru

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Абай ұлағатын бар жұлын-жүйкесімен сезініп, сол салған дара жолды даңғылға айналдыру мақсатында Шәкәрім де биік шыңға көтерілді, өзі аңсаған ақиқат шыңға жетті. Ақындық дәстүр десеңіз де, Абайдан бастау алған тәржіма (аударма) дәстүрі дейсіз бе, тіпті қазақтың өткен-кеткенін саралап соны қағаз бетіне сіңіруде де Шәкәрім Абайдан алыс кеткен жоқ. Сол үшін де данышпан ақынның даналық дарыған шәкіріті білгенінен жаңылмай, не керегін зердесіне түйіп, мұрат-мүддесіне айқын қол жеткізді.

Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына 1905-1906 жылдар аралығында қажылық сапарының ерекше әсер еткенін айту керекпіз. Ол бұл сапарында мұсылманның бес парызын орындаумен қатар, қазақтың өшкенін жағып, жоғалғанын түгендеп қайтты десе де болады. Осы сапарында қоржынын толтырып қазақтың арғы-бергі тарихына біржола ден қойды. Еңбегі еш кетпей 1911 жылы Орынбор қаласында «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» жарияға шықты. Араға екі жыл салып осы кітап туралы Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханның 1913 жылы «Қазақ» газетінің 28 сәуіріндегі санында лебіз мақаласы

жарық көрді: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шаһкәрімнің бұл кітабы - қазақ шежіресінің тұңғышы, қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкәрім кітабын әбден білмей қадам баспасын. Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай жұмыс емес» [5.3].

Данышпан Абай ақынның даналығы дарып, тәлімін бойына сіңірген Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар» тураы сол кезеңде «Айқап» журналының 1912 жылғы жетінші санында «Жаңадан шыққан кітаптар» хабарламасында да арнайы тоқталып жарыққа шыққан кітаптың маңыздылығына тоқталады: «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» - бұ да сол Құдайбердіұғлының жазғаны. Бәсі бір сом. Қазақ халқының нәсіл нәсібі хақында терең ойланып, көп кітаптардан қаралып, сыналып жазылған шежіре. Әрбір кітап қадірін білген қазақтың алып оқуы тиіс. Сөзі жеңіл, қазақша һәм жазуы ұғымды», - деп халық назарына ұсынылды.

Шын мәнінде өткен тарихты, шежірені барынша шынайы таныстыруға бағытталған, танымдық қасиеті терең кітап еді. Шәкәрім шежірені жазуғазор дайындықпен келгені де мәлім бұл туралы өзі де: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көпуақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әртүрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым», - деп еңбектің кіріспесінде атап көрсетіп, анықтап айтады [1.28].

Тереңдей айтсақ, Шәкәрімнің сол шежіресі қазақ тарихын түгендеудің басы іспетті. Күндей күркіреген Көк түріктердің мұрагері, Ұлы даланың иегері қазақ жұртына көз алартқандар жұртымызды жойып жібере алмаса да, түрлі ат қойып, әлдекімдерге теліп жібергісі келген пиғылдар әр заманда аз болмаған. Алтай мен Каспий аралығында сан ғасыр бойы қаншама шайқас пен айқастардың өткені тарих беттерінен мәлім. Біресе үдере көшіп онда, біресе шайқаса жүріп мұнда мекендеген ата-бабаларымыз атақонысымызды жат қолынан қорғап қалған ерліктері ұзақ-сонар тарих.

Осы сұрақ ұлы Абайды да қатты алаңдатқаны анық. Ұлы ақынның өзі тындырып үлгермеген, келешекке үміт арта көксеген дүниесінің бірі – еліміздің түп-тамырын тарихи құжаттармен бекітіп, бір ізбен қағазға түсіру болса керек. Соның алғашқы сатысы – хакім Абайдың Шәкәрімге «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегін жазуға бағыт бергендігі. Нақтылай кетсек, осы шежіре туралы тапсырма алғанда Шәкәрім 19 жаста екен. Арғы-бергі тарихымызды түгендеп, танымдық жүйеге енгізудің басы осылай басталған. Ол ағаның ініге бұйыра салған ағымдағы шаруалардың бірі емес, нағыз ғылыми ізденіс пен терең талдаулардан тұратын үлкен шығармашылық кеңістік күтеді [1.28].

Шығармашылықтың шытырманға толы ізденістерінде жас ізденушінің бағытын айқындап беру үшін аға тарапынан нақты нұсқау мен келелі кеңес те айтылған. Дала данышпаны дара шәкіртіне межеге жету үшін нені оқу керектігін, керекті қайдан іздеу қажеттігін де түгелдей түсіндіргенін Шәкәрім өз естеліктерінде ашық жеткізіп отырады. Мәселен: «Афин-Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірақ, Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңды алып, біліміңді толықтырып қайтасың. Сатып алатын кітаптарыңа, жол қаражатыңа жетерлік пұлды өзім берем. Осыған келіссең қолыңды әкел», – деп Абай қолын ұсынды. Мен: «Қаражат сізден екен, мен білім алады екем, барам», – деп қолымды бердім» дейді Шәкәрім [6.145].

Абайтану ғылымының асқан білгірі Қайым Мұхамедханов данышпан ақынды ақтау жылдарына дөп келетін «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 14 шілде күнгі санында «Шәкәрімнің шежірес» мақаласын жариялайды. Осы еңбегінде Шәкәрім шығармасына ғылыми талдау жасау арқылы қазақтарихы мен рулары жөнінде құнды пікірлер білдіреді. Өз сөзінде: «Шәкәрімнің табиғи ақындыққуатын, өнер-білімге құштарлыққасиетін және зор қабілетін ерте танып, ерекше бағалаған Абай оған ең алдымен қазақ шежіресін жазуды тапсырып, мәслихат етеді» дегенді айтады.

Қазақтың түбі қайдан шыққанын ғылыми дәлелді, тарихи деректі етіп, қазақ шежіресін жазу жолын Шәкәрімге Абай өзі бастап көрсетіп берген. Шәкәрім Абайдың мәслихаты бойынша, тарихшы ғалымдардың, оқымысты жазушылардың сол кезде қолы жеткен кітаптарын ізерлеп оқып, терең зерттеп, ұзақжылдар бойы еңбек етіп, мол мағлұмат жинап, тұңғыш қазақ шежіресін жазуға кіріскен. Шежіре кітабының кіріспесінде Шәкәрім: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғу-муми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным – Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Қошочи-дам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтан жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар. Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жаздым» деп, Шәкәрім қажы айтулы еңбектің дайындалу барысынан біраз мағлұмат береді. Нысанаға алған туындыларды зерделеп, қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған, ғылыми негізделген жұмысты жұрттың қолына тигізу уақыт жағынан да үлкен мерзімді қамтылған.

Қазақтың түп атасы – батыр Түрік,

Арабсың деген сөздің бәрі шірік.

Пәленше сахабаның затысың деп,

Алдаған дін жамылған өңкей жулик – деп Шәкәрімнің өзі «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар» кітабында айтып өткендей бұл бізге сайын далада мекен еткен сайыпқыран ерлер мен бетегелі белдер хақында да боямасыз шындықты ашады.

Жүсіпбек Аймауытов: – «Қадірлі Шәкәрім «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресін» терең оқып, ойлап және салыстырып барып, жазғанда өте жауапкершілікпен қарады. Осыған байланысты оны қазақтың «Карамзині» десем, артық айтпаған болармын. Түркілердің тарихымен танысқысы келгендер бұл кітапты оқымай кете алмайды» деп жазған [8].

Шәкәрім шежіресі қазақтарихы үшін ешқашан маңызын жоймайтын еңбек. Өйткені Шәкәрім шежіресі Абайидеясынан туған айтулы дүние. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты мақала-очеркінде, ең алдымен, саяси-әлеуметтік маңызы зор, тарихтық күрделі мәселеге ерекше назар аударып, «Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсетуге» тырысқанын, қазақты адастыру әрекетінен туғанын әшкерелейді. «Қазақтың түбі қайдан шыққанын» анықтап, дәлелдеп-таныту және қазақтың туған халқына деген сүйіспеншілік, патриоттық сана-сезімін рухтандыру мақсатымен өзінің арнаулы зерттеу еңбегін жазады.

Жазушы, әдебиетші, тарихшы ғалымдар Шәкәрім шежіресіне әр кезде көңіл бөліп, өздерінің зерттеу еңбектерінде пайдаланып отырған. Мысалы, Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (Бірінші кітап. «Билер дәуірінің әдебиеті». 1932 ж.) кітабында Ахмет-Алаша хан туралы айта келіп, Шәкәрім шежіресіне сілтеме жасайды және «Қобыланды батыр» жырына талдау жасай отырып. Сәкен былай дейді: «Белгілі қазақ шежірешісі, ақын Шәкәрімнің шежіресінде Қобыланды батыр болған адам. Мұны Шәкәрім шежіресі толықайтады. Онығайтуына қарағанда, Қобыланды батыр, қазақатаулы елдің ноғайлы атымен жүрген заманының адамы».

Сәбит Мұқанов «Жарқын жұлдыздар» (1964) атты монографиясында Абайға арналған бөлімінде Шәкәрім шежіресіндегі тарихи мағлұматтарды мол пайдаланған. Мұхтар Әуезов те Абайға арнаған әдеби және ғылыми зерттеу жұмыстарында Шәкәрім шежіресін және оның басқа еңбектерін де орынды пайдалып отырған [2.12].

Жоғарыда біз үзінді келтірген Қайым Мұхамедханов өз мақаласында: «Шәкәрім мен Мұхтардың жалпы қарым-қатынасы, творчестволық байланысы өз алдына бір әңгіме. Шәкәрім шежіресінғылым тұрғысынан қарап, терең зерттеп оқып, ғибрат алуымыз керек» дейді.

Шын мәнінде Шәкәрімнің қазақ тарихын танудағы еңбегін ескере отырып, оның өзі өлеңмен өрген:

Құр шежіре деменіз мұның өзің,

Ойлаңыз ғибрат алып әрбір сөзін – дегеніне үңілсек тарихты тану мен бағзыдағы бабалар жүріп өткен жол дасоқырға таяқ ұстатқандай анық көрініп, көңілге беки түседі. Он тоғыз жасында хакім Абайдан арнайы тапсырма алып, қазақ шежіресін жазуға 20-30 жылын арнаған Шәкәрім Абай армандаған үдеден асып түсті.

Бір алла бергеніңе сансыз шүкір,

Қалған жоқ залал болып қылған пікір.

Бітірдім түрік, қазақ шежіресін,

Болса да кемшілікті, қисық-бүкір, дейді. Мұндағы айтылып тұрған «қисық-бүкірі» өзінің әлі де болса толықтыруға тиісті жерлерін мегзегені деп ұғамыз. Сәбит Мұқановқа хат жазып, сәлем жолдағанда да осындай лепес танытады. Бұл тұста автор ретінде өз шығармасының келешекте білу мен тану қажеттігін әйгілейді. Әйтпесе біздің данышпан ақынның ақыл-ойы мен ерен еңбегі арқылы туған туындысынан кемшілік іздеуіміз басы артық сөз болып шығады. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» Орынбор қаласында басылып шыққанда қажы елу үш жаста яғни толыққанды қалыптасқан тұлға ретінде арғы-бергі тарихтың бүге-шүгесіне дейін ақтарып шықты деуіміздің сыры осы.

Әдебиет

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы, 1991.
2. Мұхамедханов Қ. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 320 б.
3. «Қазақ» газеті 1913 жыл, 28 сәуір.
4. «Айқап» журналының 1912 жылғы №7 саны.
5. Шаһкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі». – Семей, 2018. – 238 бет.
6. Менің әкем халық ұлы – Шәкәрім. Ахат Шәкәрімұлы, Шәкәрімтану мәселелері, 1-том. – 370 б.
7. «Қазақ әдебиеті» газеті 1989жыл, 14 шілде.
8. Зекенұлы Қ. Шәкәрім шежіресі – түп-тамырымыздың тірегі. – «Абай әлемі» сайты.

МРНТИ 04.51.55

Ж.М. Молдагазина, А.М. Ахметова
Университет имени Шакарима города Семей
Республика Казахстан, г. Семей, moldagazina@mail.ru

ЯЗЫКОВАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ АНКЕТИРОВАНИЯ СТУДЕНТОВ ГРУППЫ ДЯ-2401)

Язык – это один из главных инструментов необходимых для социальной коммуникации человека. Он определяется как крепкий фундамент для формирования идентичности, культурного выражения, социального взаимодействия и развития технологий. Чаще всего, язык принадлежит определенной этнической группе или нации, и, соответственно отражает историю, культуру и мировоззрение определенных народов, он служит связующим звеном между поколениями, способствуя сохранению памяти предков и традиций.

Сейчас языковая политика в Республике Казахстан нацелена как на укрепление позиции государственного (казахского) языка, так и на сохранение коммуникативных функций русского языка. Казахстан – одна из центральноазиатских стран, где законодательно закреплён статус русского языка.

Необходимо отметить, что в настоящее время в республике Казахстан наблюдается поиск идентичностей. В работах отдельных авторов, исследующих особенности этнокультурной адаптации меньшинств в приграничной Восточно-Казахстанской области, отмечались сложности в формировании общеказахстанской идентичности у русского населения г. Семей. Возможно, это происходит на фоне усиления связи языковой и национальной идентичности у казахов [1].

В Республике Казахстан знание и уровень владения государственным языком неразрывно связаны с этнической идентичностью. Особенно эта связь прослеживается среди казахской молодежи. Не владея казахским языком, они отмечают его как родной язык. По данным исследования КИСИ 2008 года 98,4% казахов отметили казахский как родной, хотя из них свободно владеют им – 74,7%; говорят, но не пишут – 14,4%; понимают и объясняются – 6,2%; понимают – 2,9%; не владеют – 2% [2].

Языковая идентичность молодежи в Казахстане – это многослойная и сложная тема, в которой пересекаются вопросы национальной принадлежности, культурного самосознания и выше упомянутого влияния глобализации. Республика Казахстан – многонациональная страна, в которой наряду с государственным (казахским) языком, широко используется русский язык, имеющий статус официального. Молодежь Казахстана, которая активно адаптируется к изменяющимся условиям, становится центральной группой, формирующей современные языковые практики и отношение к языковой идентичности в связи с чем выбранная нами тема особенно актуальна.

Изучение языковой ситуации и как следствие идентичности в Семейском регионе достаточно интересно, т.к. этот регион является приграничным с Россией и представителей русского этноса тут не мало – 16,0% от всего населения [3]. Особенно связь языковой и этнической идентичностей усиливается с момента провозглашения суверенитета в Казахстане. По данным полевых исследований Молдагазиновой Ж.М., можем проследить эту связь, к примеру из интервью социолога П.: "Во-первых, языковая идентичность сегодня неразрывно связана с национальной идентичностью, это очень сильный фактор на сегодняшний день. По переписи 1989 года в Казахстане более 62% казахов отметили, что владеют русским языком как вторым родным. Во вторых – по последним, скажем, данным таких казахов оказалась всего 4,3%, то есть произошла существенная девальвация в идентификации и речь не идет о знаниях, а о том, что сегодня, например, религиозный признак, языковой признак – они все идентифицируют национальную принадлежность...Сегодня важным идентифицирующим фактором стал и язык..." [4, с. 456-460].

Для подробного изучения вопроса языковой идентичности нами было проведено анкетирование среди студентов группы ДЯ-2401 (Университет Шакарима). Всего в опросе приняли участие 23 человека: 7 юношей и 16 девушек. Анкета состояла из 10 вопросов: из них 2 открытых вопроса (в которых респондентам предлагалась вписать свое мнение) и 8 закрытых (с вариантами ответов). Анкетирование проводилось в онлайн-формате с использованием платформы GoogleForms, что позволило обеспечить удобство для участников. Среди студентов группы по национальности казахи и казахский язык признают своим родным языком. Примечательно что всех респондентов мы можем назвать казахами – казахоязычными (они думают и выражают свое мнение на казахском). Русским языком владеют все 100% респондентов (хотя и в разной степени), все их них владеют английским языком, что не удивительно, так как это студенты обучающиеся по специальности "два иностранных языка".

По результатам анкетирования удалось выявить несколько ключевых моментов. Наши респонденты (79,5%) отметили, что одним из главных факторов языковой идентичности

молодежи в Казахстане является казахский язык. Это согласуется с государственной политикой, направленной на укрепление позиций казахского языка как основного символа национальной идентичности. Он рассматривается как неотъемлемая часть национального самосознания, культуры и традиций. Государственная поддержка, программы по популяризации казахского языка и его внедрение в образовательную систему способствуют тому, что все больше молодых людей стремятся владеть им и называют родным языком. Для 86% респондентов казахский язык – это символ национальной гордости и культурного наследия, таким образом как мы видим, современные студенты видят в его освоении способ сохранить свою идентичность в условиях глобальных изменений и выразить свою патриотичность.

В условиях многонациональности Казахстана и его геополитического положения двуязычие (казахский и русский языки) не только не является редкостью, но и воспринимается как социальная норма. В ходе исследования респонденты подтвердили, что свободное владение двумя языками для них – естественная часть повседневной жизни. Это указывает на уникальность языковой ситуации в Казахстане, где наряду с государственным языком активно используется русский как средство межкультурного общения и объединяющая сила для различных групп населения. Для большинства респондентов (85,7%) двуязычие стало естественностью, и они легко переключаются между казахским и русским языками в зависимости от местонахождения, ситуации и собеседника. Русский язык по мнению наших респондентов является связующим звеном для общения старшего (советского) и младшего поколения. По мнению 42,8% респондентов младшее поколение (до 35 лет) в большей мере владеет казахским языком, нежели советское поколение. На наш взгляд такие оценки в первую очередь связаны с историческим прошлым и всеобщей русификацией.

В анкете студентам предлагалось вписать, какой язык они считают самым перспективным для изучения. Ответы распределились следующим образом: 21 респондент назвал самым перспективным английский язык; 2 респондента отмечают китайский как самый перспективный язык. Такие ответы на наш взгляд мы можем объяснить тем, что сейчас владение английским языком открывает доступ к мировым информационным ресурсам, образовательным и карьерным возможностям. Многие молодые люди рассматривают его как инструмент для самореализации в профессиональной сфере и как средство интеграции владение английским языком открывает доступ к мировым информационным ресурсам, образовательным и карьерным возможностям. Многие молодые люди рассматривают его как инструмент для самореализации в профессиональной сфере и как средство интеграции в международное сообщество международное сообщество. Молодые люди активно используют английский для карьерных целей, но при этом сохраняют приверженность казахскому языку как основе своей культурной и социальной идентичности.

Нашим респондентам было предложено оценить государственную политику Казахстана, большинство респондентов (63,8%) отметили, что языковая политика ориентирована на поддержку языковой идентичности и развитие трёхязычия. Программы в образовательной сфере современного Казахстана нацелены на развитие навыков владения казахским, русским и английским языками, что способствует формированию гибкой языковой идентичности среди студентов.

Основная проблема с которой, на наш взгляд, сталкиваются казахстанские студенты это сохранение традиции и определение собственной идентичности. Молодое поколение Казахстана находится в состоянии постоянного выбора между сохранением традиционных ценностей и приспособлением к условиям глобального мира. Потребность в международной конкурентоспособности и доступ к глобальной информации через английский язык могут затруднить баланс между национальной и глобальной идентичностью. Это особенно заметно среди студентов – филологов иностранного языка, которые часто чувствуют разрыв между требованиями локального культурного контекста и стремлением к международной интеграции.

Таким образом, можно сделать вывод. Сейчас, находясь на перекрестке культур и языков, казахстанская молодежь создает собственный образ идентичности, который сочетает в себе родной казахский язык как символ принадлежности к своей культуре, русский язык как средство повседневного общения и интеграции в постсоветское пространство, а также английский язык как путь к международной карьере и знаниям. Этот языковой баланс позволяет молодому поколению Казахстана не только сохранять свои корни, но и идти в ногу с мировыми тенденциями, создавая уникальный культурный ландшафт, который объединяет Восток и Запад. В будущем укрепление и развитие этой гибкой языковой идентичности может стать мощным ресурсом для дальнейшего социального и экономического развития страны. Казахстанская молодежь способна не только сохранить национальную самобытность, но и стать культурными посредниками между народами, открытыми миру, но уважающими свои корни. Это создаёт контекст для формирования нового типа казахстанской идентичности, которая включает в себя элементы как локальной культуры, так и глобального, мирового сообщества.

Литература

1. Цыряпкина Ю.Н. Социально-демографические характеристики русского населения Восточного Казахстана (по материалам полевых исследований в городе Семипалатинске в 2013 г.) // Проблемы археологии, этнографии и антропологии Сибири и сопредельных территорий. – 2013. – Т. XIX. – С. 537-540.
2. Сайт Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан. Электронный ресурс: URL<https://kisi.kz/>
3. Бюро национальной статистики Электронный ресурс: URL<https://stat.gov.kz/ru/region/abay/>
4. Молдагазина Ж.М. Язык как фактор национальной идентичности в Восточном Казахстане (на примере полевых исследований в Усть-Каменогорске) XII Гумбольдтские чтения: сборник материалов Международной научно-практической конференции / Алт. гос. техн. ун-т им. И.И. Ползунова / сост. О.А. Высоцкая, А.С. Илинская, Е.Ю. Пашкова, М.Ю. Филинова. – Барнаул: ИП Колмогоров И.А., 2016. – 529 с.

ҒТАХР 81.93.25

А.М. Исабай

Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі,
Қазақстан Республикасы Семей қ., isabai_a@sm.nis.edu.kz

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ

Мектептегі буллинг бүгінде жаһандық ауқымда қаралатын маңызды мәселелердің бірі. Оқу орындарында оқушылардың бір-біріне әлімжеттік көрсетуі, қысым жасау және агрессия білдіруі оқушылардың психологиялық дамуына, оқу үлгеріміне, тіпті олардың өмірлік көзқарастарына әсер етеді. Буллинг – бұл белгілі бір адамға немесе топқа қатысты ұзақ уақыт бойы бағытталған агрессивті әрекеттер жүйесі [1]. Мақаланың мақсаты – буллингтің алдын алу үшін тиімді әдістер мен стратегияларды ғылыми тұрғыдан талдау және олардың тиімділігін көрсету. Буллинг бір адамды немесе топты қорқыту, олардың намысына тию және психологиялық қысым жасау әрекеттерін қамтиды. Оның келесі формалары болады:

- Физикалық буллинг – зорлық-зомбылық көрсетудің физикалық әдістері, мысалы, ұру, итеру немесе заттарын бүлдіру.
- Психологиялық буллинг – қорқыту, кемсіту немесе тіл тигізу арқылы қысым көрсету.
- Әлеуметтік буллинг – адамды топтан оқшаулау немесе беделін түсіру.
- Кибербуллинг – әлеуметтік желілер немесе интернет арқылы қорқыту, кемсіту әрекеттері [2].

Буллингтің психологиялық және физикалық салдары ауыр болуы мүмкін. Буллингке ұшыраған балалар жиі депрессияға түсіп, өзіне деген сенімін жоғалтады, ал кейбірі мектепке барудан бас тартады [3]. Сондай-ақ, буллингтің денсаулыққа әсері де байқалады, балаларда ұйқының бұзылуы, бас аурулары және мазасыздық сияқты белгілер пайда болады [5].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мектептерде буллингтің алдын алу мақсатында арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірледі [4]. Бұл нұсқаулықтарда оқушылар арасында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шаралар ұсынылған. Қазақстанда буллингке қарсы жұмыс жүргізу үшін психологтар, мұғалімдер және ата-аналар бірлесіп жұмыс істейді [7].

Бұл формалардың әрқайсысы өзіне тән белгілермен ерекшеленеді және алдын алу шараларын қолдануды қажет етеді. Буллингке ұшыраған балалар психологиялық жарақат алады, ол ұзақ уақытқа созылуы мүмкін. Олар депрессияға ұшырап, өзін-өзі бағалауы төмендейді, психикалық денсаулығында мәселелер туындайды. Сонымен қатар, буллинг оқу үлгеріміне де теріс әсер етеді, себебі қорқыныш пен ұялу сезімдері балаларды өз білімдеріне шоғырландырмауға итермелейді. Буллингтің алдын алу шараларын қарастыру үшін мектеп, ата-аналар және қоғам арасындағы ынтымақтастық маңызды.

Әдістемелік тренингтер мен практикалық сабақтар оқушылар арасында өзара құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталған. Бұл шаралар оқушылар арасындағы агрессияның алдын алуға және олардың бір-бірімен достық қарым-қатынас орнатуына көмектеседі. Ата-аналардың балалардың мектептегі өміріне белсенді қатысуы өте маңызды. Мектеп пен ата-аналар бірлесіп, баланың эмоционалды жағдайын бақылап отыруы және қолдау көрсетуі тиіс. Қиындықтарға тап болған оқушылармен жеке әңгімелесу олардың мәселелерін анықтауға көмектеседі. Мектепте буллингке қарсы бағдарламаларды енгізу, оларды түсіндіру сабақтары оқушылардың буллингке қатысты көзқарастарын өзгертуге көмектеседі. Мысалы, «Көпшілікке қолдау көрсету», «Достық» атты бағдарламалар топтық жұмысқа, қолдауға және ынтымақтастыққа басымдық береді. Оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту, олардың өзіне сенімді болуына көмектесу – буллингтің алдын алудың тиімді әдісі. Мысалы, олардың шығармашылық, спорттық немесе зияткерлік қабілеттерін дамыту арқылы өз күш-жігерлерін жоғары бағалауға бағыттау.

Бүгінгі күні буллингтің киберформасы жиі кездеседі. Оқушылар мен ата-аналарға интернеттің қауіптері туралы ақпарат беру, жеке деректерді жариялаудан сақтандыру маңызды. Буллингке қарсы қолданылатын стратегиялардың тиімділігі. Еуропа елдерінде мектептегі буллингтің алдын алуға бағытталған кең көлемді зерттеулер мен тәжірибелер жасалған. Еуропада буллингке қарсы бағдарламалар заңды деңгейде бекітілген, бұл оқушылар арасында буллингтің азаюына айтарлықтай ықпал етті [6].

Жоғарыда аталған әдістердің тиімділігі әр мектептің әлеуметтік ортасына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгереді. Зерттеулер көрсеткендей, буллингтің алдын алудағы ұжымдық әдістер, яғни мектеп пен ата-аналардың өзара тығыз байланысы, ең нәтижелі әдістердің бірі болып табылады. Мектептерде мұғалімдер мен психологтардың қатысуымен тұрақты түрде тренингтер өткізу, оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту – буллингті азайтудың тиімді жолдарының бірі.

1 кестеде – Мектептегі буллингтің алдын алу үшін қолдануға болатын шараларды талдайтын ғылыми негізделген кесте үлгісі ұсынылған

| Бөлімдер | Мазмұны | Мақсаты | Тиімділігі бойынша ғылыми негіздер |
|----------------------|---|--|--|
| Оқушыларды тәрбиелеу | Эмпатия және эмоционалды интеллект дамыту. Жеке жауапкершілік пен ұжымшылдық құндылықтарын үйрету | Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайту және жанашырлықты қалыптастыру | Зерттеулер эмпатия мен эмоционалды интеллектті дамытудың оқушылар арасында буллинг деңгейін төмендететінін көрсетеді |
| Психологиялық қолдау | Құпия түрде буллинг туралы хабарлау жүйесін енгізу. Сенім телефоны мен | Оқушыларға қиын жағдайларды шешуге және қажетті көмекке қол | Құпия және қауіпсіз хабарлау жүйесі оқушылардың буллингті ертерек |

| | | | |
|--------------------------------|---|---|--|
| | психологтың көмегі | жеткізуге мүмкіндік беру | хабарлауына мүмкіндік береді |
| Мектеп мәдениеті мен ережелері | Буллингке қарсы нақты ережелерді бекіту. Мектеп ережелері мен тәртіптің барлық оқушылар мен мұғалімдер үшін бірдей орындалуын қадағалау | Мектеп ішіндегі тәртіпті қамтамасыз ету және буллингке қатысты нөлдік төзімділік ұстанымын құру | Зерттеулер нақты ережелер мен ұжымдық тәртіп буллингті алдын алуға оң әсер ететінін айқындайды |
| Ата-аналармен жұмыс | Ата-аналарды буллингті тануға және алдын алуға үйрету. Ата-аналарды мектеп іс-шараларына тарту | Ата-аналар мен мектептің бірлескен әрекеті арқылы балаға қолдау көрсету | Мектеп пен ата-ана ынтымақтастығы балалардың тәртібін жақсартуға және буллинг деңгейін төмендетуге септігін тигізеді |
| Оқу бағдарламаларына қосу | Буллингтің зардаптары туралы арнайы сабақтар өткізу. Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыратын пәндерді қосу | Оқушыларды буллингтің салдары туралы хабардар ету және қарым-қатынас дағдыларын дамыту | Әлеуметтік дағдыларды дамыту бағдарламалары буллингті азайтуда тиімділігі жоғары екендігі дәлелденген |

Буллинг – бала дамуына, оның тұлға ретінде қалыптасуына кері әсер ететін маңызды мәселе. Сондықтан буллингтің алдын алу, әр баланы қолдау және әрбір оқушыға құрмет көрсету, мектеп пен ата-аналардың бірлесе отырып жұмыс істеуі маңызды. Әр мектепте буллингтің алдын алу бойынша нақты шараларды енгізу және балаларға қауіпсіз әрі қолайлы оқу ортасын құру – ең негізгі мақсаттардың бірі болып табылады.

Әдебиет

1. Olweus D. *Bullying at School: What We Know and What We Can Do.* – Oxford: Blackwell, 1993
2. Rigby K. *Bullying in Schools: And What to Do About It.* – Camberwell: ACER Press, 2007.
3. Smith P.K., & Brain P. *Bullying in Schools: Lessons from Two Decades of Research // Aggressive Behavior.* – 2000. – 26(1). – 19.
4. Kazakhstan Ministry of Education and Science. Мектептегі буллингтің алдыналу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, 2021
5. Kshirsagar V.Y., Agarwal R., & Bavdekar S.B. *Bullying in Schools: Prevalence and Short-term Impact // Indian Journal of Pediatrics.* – 2007. – 74(11). – 887-890.
6. Slee P.T. *Violence in Schools: The Response in Europe.* – London: Routledge Falmer, 2003.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Мектептегі психологиялық қызметтің қызметкерлері үшін буллингке қарсы әдістемелік нұсқаулықтар. – Нұр-Сұлтан: ҚРБҒМ, 2022.

МРНТИ 14.25.09.

К.С. Султанова

КГУ «Средняя общеобразовательная школа № 27»
Республика Казахстан, г. Семей, kamilla.skrip@gmail.com

СОЧИНЕНИЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ КАК ФУНДАМЕНТ ЭССЕ ВЫПУСКНИКА

Аннотация

Сочинение в начальной школе является важным этапом в развитии письменной речи учащихся. Оно формирует навыки, необходимые для написания эссе в более старших классах и в будущем. Развивая эти навыки на ранних этапах, мы закладываем крепкий фундамент для успешного обучения и самовыражения в будущем.

Эти тезисы подчеркивают важность сочинения как стартовой площадки для развития навыков письма, необходимых в старших классах:

Основы письменной речи: Сочинения в начальной школе формируют базовые навыки написания, включая структуру текста и логическую последовательность.

Развитие критического мышления: Письменные задания способствуют анализу информации и формированию собственных мнений, что важно для написания эссе.

Творческое самовыражение: Сочинения развивают творческие способности детей, позволяя им использовать метафоры и образы, что обогащает их письменную речь.

Подготовка к сложным заданиям: Умения, приобретенные при написании сочинений, облегчают переход к более сложным формам письма, таким как эссе.

Методы повышения интереса: Игровые формы, обсуждения и актуальные темы могут сделать процесс написания сочинений более увлекательным.

Развитие аргументации: Учебные задания, ориентированные на анализ и обсуждение разных точек зрения, помогают ученикам научиться обосновывать свои мнения.

Темы для творческого самовыражения: Личные истории, выдуманные миры и социальные вопросы способствуют глубокому и интересному самовыражению детей.

Введение

Согласно приказу Министра образования и науки РК от 16 ноября 2016 года № 660 «О внесении изменения в приказ Министра образования и науки РК от 18.03.2008 № 125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся», итоговая аттестация выпускников школ будет проводиться по 5 предметам. Одной из этих форм является – письменный экзамен по родному языку и литературе (язык обучения) в форме эссе [1]. Эссе – это литературный жанр, прозаическое сочинение в свободной композиции, подразумевающее впечатления и соображения автора по конкретному поводу или предмету. Ученикам тяжело писать эссе по разным причинам, среди которых:

1. Недостаток опыта в написании эссе. В школе этот вид работы нечасто встречается, и впервые ученики могут столкнуться с ним при подготовке к итоговой аттестации.
2. Неумение работать с источниками информации.
3. Отсутствие навыка связной речи. Школьникам трудно формулировать свои мысли и в устном, и в письменном виде.
4. Страх перед чистым листом бумаги и необходимостью изложить на нём свои мысли.


Начальная школа основа дальнейшего образования. Важнейшая задача начальной школы – дать ученикам определенный круг прочных знаний и умений. Умение учиться включает в себя ряд умений, связанных с овладением знаниями: умение читать, писать, наблюдать явления окружающего мира, думать, выражать свою мысль словами. Следовательно, мы можем обучить навыку письма эссе в начальной школе с помощью сочинений.

Основная часть

Сочинение – это тип письменной работы, в которой автор излагает свои мысли, чувства и рассуждения по заданной теме. В отличие от эссе у него есть чёткая структура. В рамках школьной программы мы можем встретить 3 вида сочинений и у каждого из них есть своя структура: *Сочинение-рассуждение* – это вид сочинения, при котором автор берёт за основу тему, цитату или текст и рассуждает о них, подкрепляя своё мнение аргументами.



Сочинение-повествование – это вид сочинения, в котором автор рассказывает о событиях и действиях.



Сочинение-описание – это вид сочинения, в котором автор даёт характеристику чего-либо, а также излагает свои мысли и чувства, которые у него возникают [2].



Подготовка к письму – первый важный шаг к успешному опыту письма. Ученики должны опираться на фоновые знания или опыт, чтобы получить темы для письма. Например, такие как:

- Чтение – книги, стихи, журналы, письма и комиксы;
- Слушание – повествование, музыка, разговоры;
- Наблюдение – природа, люди, пьесы, концерты, видео и телевидение;
- Дегустация – любимая еда, иностранные блюда и различные вкусы, такие как сладкий, кислый, острый;
- Обоняние – ароматы, специи, духи;
- Действия – экскурсии, каникулы, музеи, спорт, игровые площадки, вечеринки, семейные встречи;

После того, как ученики обдумают свой опыт и выберут тему письма, они могут использовать различные методы для создания конкретных идей по теме.

Банк слов. Пусть учащиеся выберут тему и запишут все слова, которые приходят им в голову по теме. Они должны перечислить слова в столбце под основной темой.



Картирование. Пусть учащиеся выберут темы и нарисуют карту вспомогательных идей. Сначала они пишут описательную фразу для своей темы в середине листа бумаги. Затем они рисуют несколько линий, идущих от основной идеи до пустого круга. Наконец, они заполняют круги словами или фразами, которые поддерживают их тему.





Групповая проверка. Напишите свою собственную историю и принесите ее в класс, чтобы ученики могли помочь вам ее пересмотреть. Мотивируйте учеников добавить свои предложения о деталях, перефразирования фраз и способах упорядочивания событий истории. Используйте отметки о правке, чтобы включить ответы и изменения в первый черновик. Когда группа закончит пересматривать историю, прочитайте ее вслух и укажите на улучшения, внесенные учениками.

Уроки ошибок. Каждый день пишите на доске предложение, содержащее орфографические и пунктуационные ошибки, которые класс должен исправить. Научите учащихся различным способам редактирования для исправления ошибок.

Простые книги. Сочинения учеников можно легко превратить в книги, используя креативные обложки и переплеты. Например: Обложки: используйте плотную бумагу, плакатный картон, картон, обои, подарочную упаковку, папки.

Переплеты: используйте скобы, металлические кольца, ленту, пряжу или веревку, пластиковый переплет.

Закончи комикс. Для более младших школьников отличным способом в формировании творческого подхода и создании диалогов поможет данный способ.



Заключение

Сочинение в начальной школе – это не просто учебное задание, а важный этап в формировании навыков письменной речи и критического мышления у детей. Оно служит основой для дальнейшего развития учащихся, позволяя им уверенно переходить к более сложным жанрам, таким как эссе, на которых будет основано их успешное обучение в старших классах.

Во-первых, навыки, полученные в процессе написания сочинений, непосредственно влияют на структуру и содержание эссе. Дети учатся организовывать свои мысли, аргументировать идеи и выражать эмоции, что делает их письменные работы более насыщенными и интересными.

Во-вторых, важно отметить, что сочинения развивают критическое мышление. Учащиеся учатся анализировать и интерпретировать информацию, что необходимо для создания аргументированных эссе, в которых требуется учитывать различные точки зрения и приводить убедительные доказательства.

Кроме того, сочинения способствуют творческому самовыражению. Развивая фантазию и воображение, дети учатся передавать свои чувства и мысли, что обогащает их текст и делает его более живым. Это важный навык, который пригодится им не только в учебе, но и в жизни.

Таким образом, мы можем утверждать, что сочинение в начальной школе является не только основой для написания эссе, но и ключевым элементом в формировании гармонично развитой личности. Оно помогает детям стать более уверенными в себе, развивает их творческие способности и критическое мышление. Поэтому, уделяя должное внимание сочинениям на ранних этапах обучения, мы способствуем успешному обучению и самовыражению учащихся в будущем.

В конечном итоге, важно создавать поддерживающую и вдохновляющую атмосферу для писательской деятельности, чтобы дети могли с удовольствием развивать свои навыки и уверенно двигаться вперед на пути к знаниям.

Литература

1. Приказ Министра образования и науки РК от 18.03.2008 № 125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся».
2. Кабо Л. Как писать сочинение. Памятка для учащихся средних школ.

МРНТИ 17.01.45

Ж.Т. Султанова

КГУ «Гимназия № 37 имени Ыбырая Алтынсарина»
Республика Казахстан, г. Семей, semey_janara@mail.ru

ПОИСК ГАРМОНИЧНОГО НАЧАЛА МИРА В ФИЛОСОФСКОЙ ЛИРИКЕ Р. АРТЕМЬЕВОЙ

Значительную часть поэтических произведений Р. Артемьевой составляет философская лирика. Более того, и в любовной лирике, и в стихотворениях о природе автор тяготеет к размышлениям, философствованиям, поднимая извечные вопросы бытия, места человека в мире и подобные.

По определению, Н.М. Азарова, Философская лирика – это «поэзия, направленная на философское осмысление мира и человека и являющаяся проявлением философских взглядов лирического героя» [1, с. 31].

Философские темы в русской поэзии развивались на протяжении веков, отражая эволюцию мысли, культурные и социальные изменения, а также личные поиски смысла жизни поэтами. В этом эссе рассмотрим основные этапы и ключевые фигуры, которые внесли вклад в развитие философской поэзии в России.

В XVIII веке русская поэзия находилась под сильным влиянием европейского Просвещения. В это время философская тематика только начинала проникать в литературу, и поэты, такие как Михаил Ломоносов и Гавриил Державин, начинали задаваться вопросами о роли человека в мире, природе и боге. М.В. Ломоносов, будучи просветителем, стремился через свои оды и поэмы передать идеи величия науки и разума. В его стихах часто встречаются размышления о божественном происхождении мира и роли человека как творца.

Г.Р. Державин в своих одах и элегиях Державин размышлял о божественном порядке и предназначении человека. Его стихотворение «Бог» является ярким примером философской лирики, в которой он пытается осмыслить отношения человека и вселенной.

В золотой век русской поэзии, философские темы становятся более глубокими и личными. Поэты-романтики, такие как А.С. Пушкин и М.Ю. Лермонтов, использовали свои стихи для выражения экзистенциальных вопросов и поисков смысла жизни.

Философская лирика Пушкина отличается универсальностью тем и искренностью выражения, что позволяет ей оставаться актуальной и сегодня. Одной из центральных тем в философской лирике Пушкина является размышление о судьбе и свободе. В своих стихах он часто задается вопросами о предопределении и свободе выбора, противопоставляя

внутреннюю свободу человека внешним обстоятельствам. В стихотворении «Если жизнь тебя обманет...». Пушкин призывает сохранять оптимизм и терпение в трудные моменты, утверждая, что судьба изменчива, и плохие времена обязательно сменятся хорошими. Здесь проявляется его вера в силу человеческого духа и возможность преодоления жизненных невзгод. В «Анчаре» А.С. Пушкин размышляет о силе зла и его влиянии на человеческую судьбу. Образ анчара, ядовитого дерева, символизирует зло, которое губит всё вокруг, подчиняя себе волю человека. Это стихотворение показывает, как внешние обстоятельства могут воздействовать на судьбу, но в то же время подчёркивает важность внутреннего выбора.

Примечательно, что Е.А. Маймин, специалист в области феномена философской лирики, писал в своё время об А.С. Пушкине: «К философской поэзии Пушкин шёл своими особыми путями и философские задачи решал сугубо по-своему: не только иначе, чем любомудры, но и противоположно им» [2, с. 109]. По словам учёного, «в стихотворении Пушкина мысль согрета чувством, она вся в движении, живёт и воздействует», а у современных ему поэтов-философов она «предшествует акту творчества, внутренне...неподвижна...лишена всей полноты жизни» [2, с. 112].

Тема смерти и бессмертия также занимает важное место в философской лирике Пушкина. Он рассматривает смерть не только как неизбежный конец, но и как важную часть человеческого существования, способную придать жизни смысл и ценность. В стихотворении «Памятник» Пушкин говорит о своем творческом бессмертии. Он уверен, что его поэзия переживет века и будет помнить народом, что является способом обрести бессмертие через творчество. Это стихотворение является выражением веры поэта в силу искусства и его способность преодолевать время. В стихотворении «Бесы» Пушкин изображает страшную и непостижимую силу смерти. Бесы, которые окружили путешественников в ночи, символизируют хаос и неопределенность смерти. Здесь смерть предстает как что-то неизбежное и страшное, что внушает трепет и размышления о бренности человеческого существования. Пушкин также уделяет внимание теме духовного прозрения и миссии поэта. Он рассматривает поэта как избранника, способного проникать в тайны бытия и нести свет истины людям. В стихотворении «Пророк» поэт описывает момент духовного прозрения, когда лирический герой обретает дар божественного слова. Пророк, пройдя через страдания и испытания, становится носителем истины и учителем для людей. Это стихотворение подчеркивает высокое предназначение поэта и его ответственность перед человечеством.

В «Разговоре книгопродавца с поэтом» Пушкин размышляет о роли и предназначении поэта в обществе. Он противопоставляет коммерческую успешность и истинную поэтическую миссию, утверждая, что настоящее искусство не должно подчиняться материальным интересам, а служить высшим духовным идеалам.

Таким образом, философская лирика А.С. Пушкина отличается глубиной и многогранностью. В своих стихах он исследует важнейшие вопросы человеческого бытия: судьбу и свободу, смерть и бессмертие, духовное прозрение и предназначение поэта. Пушкин умело сочетает философские размышления с яркими образами и эмоциональной выразительностью, что делает его поэзию вечной и непреходящей. Его философские стихи не только отражают личные поиски и переживания, но и служат важным источником мудрости и вдохновения для всех поколений читателей. Е.А. Маймин очень точно сравнил в своё время перевод философских идей на язык поэзии с переводом из одной системы в другую, из одного «измерения» в другое. «Когда это делается на языке настоящей поэзии, – писал учёный, – это выглядит не как след влияния, а как открытиенового: открытие поэтическое и открытие в области мысли. Ибо мысль, выраженная поэтически, никогда не бывает адекватной тому, чемона была или была бы вне законченного поэтического целого» [2, с. 184].

Первыми поэтами-мыслителями в русской литературе обычно называют Г.Р. Державина и Е.А. Баратынского, стихи которых не только затрагивали важнейшие вопросы

бытия человека (жизнь и смерть, человек и природа, движение истории, цель искусства и др.), но и часто выстраивались как последовательная цепь размышлений, подкреплённых определёнными аргументами, анализом той или иной ситуации. Художественный мир Е.А. Баратынского определили, по мнению С.В. Рудаковой, «раздумья автора о вечном противостоянии чувства и мысли, что мучили его на протяжении всей жизни» [3 с. 26]. Однако нельзя не учитывать, что философская лирика на русской почве утвердилась далеко не сразу. Литературная критика часто выражала сомнения в том, что рассуждение может быть элементом лирики. Так, например, И.С. Аксаков говорил об ущербной неполноте поэтической стихии у Е.А. Баратынского вследствие наличия у него «голых» мыслей, обнажённых рассуждений. В этом отношении он противопоставлял Е.А. Баратынскому Ф.И. Тютчева, но и тютчевская философская лирика была понята и принята не вдруг. Примечательно, что её сокровенный смысл смог открыть читательскому сообществу только В.С. Соловьёв, поэт близкий по своим творческим принципам. Именно он «подчеркнул философский аспект лирики Тютчева, определяющий специфику художественного мира этого поэта», отметил его «прозрения... относительно вечных вопросов жизни природы, любви, судьбы России, обратил внимание на его образы-символы» [4, с. 144] и во многом повлиял на отношение символистов к этому автору как к своему непосредственному предшественнику.

В начале XIX века в России зародилось уникальное философско-литературное движение, известное как любомудрие. Представители этого течения, которых также называли любомудрами, стремились к объединению философии и поэзии, видя в этом путь к постижению высших истин и духовного просветления. Любомудры оставили значительный след в русской культуре, и их эстетика представляет собой важный этап в развитии русского искусства и мысли.

Любомудрие возникло как ответ на растущий интерес к философии и метафизике, характерный для конца XVIII – начала XIX века. Вдохновленные идеями немецкого романтизма и идеализма, любомудры искали способы соединить философское и поэтическое мышление, полагая, что это позволит глубже понять сущность бытия и человека. Одним из основных принципов любомудров была вера в то, что мир является единым целым, и каждый элемент природы связан с другими в гармоничном порядке. Также в сознании этой группировки укрепилось убеждение, что истина может быть постижимой не только рационально, но и интуитивно, через вдохновение и мистическое озарение. Роль поэта-философа: Представление о поэте как о пророке и философе, способном проникнуть в тайны мироздания и передать их людям через искусство. [5, с. 172-173].

Сближению искусства с философией способствовали солидарные с В.Ф. Одоевским Д.В. Веневитинов, С.П. Шевырёв, А.С. Хомяков. Д.В. Веневитинов в статье «О состоянии просвещения в России» дал философскому направлению в отечественной поэзии теоретическое обоснование: «Чувство только порождает мысль, которая развивается в борьбе и тогда уже, снова обратившись в чувство, является в произведении. И потому истинные поэты всех народов, всех веков были глубокими мыслителями, были философами и, так сказать, венцом просвещения» [5, с. 212].

Любомудры черпали вдохновение в идеях немецких философов, таких как Иоганн Готлиб Фихте, Фридрих Шеллинг и Фридрих Шлегель. Они видели в немецком романтизме пример слияния философии и поэзии, где художественное творчество рассматривается как способ познания мира. Философия искусства Шеллинга, в которой искусство рассматривается как высшая форма познания, оказала значительное влияние на любомудров. В их понимании, поэзия должна стремиться к тому, чтобы стать выражением высших духовных истин, а поэт – философом, который через свои произведения открывает людям истину.

Круг любомудров включал таких выдающихся мыслителей и поэтов, как Владимир Одоевский, Дмитрий Веневитинов, и Алексей Хомяков. Их творчество и философские идеи стали ключевыми элементами в формировании эстетики движения.

В.А. Одоевский, один из основателей кружка любомудров, считал, что искусство и наука должны идти рука об руку. В своих произведениях он стремился выразить философские идеи через художественные образы, считая поэзию мощным инструментом для передачи сложных метафизических концепций.

Д.К. Веневитинов, талантливый поэт и мыслитель, в своих стихах и прозе часто обращался к вопросам вечности, души и смысла жизни. Его произведения наполнены философскими размышлениями, которые находят свое выражение в поэтических образах. А. Хомяков, будучи не только поэтом, но и философом, богословом и общественным деятелем, активно развивал идеи любомудров в своих трудах. Его стихи и философские эссе объединяют религиозные и метафизические темы, подчеркивая роль духовного познания в жизни человека.

Эстетика любомудров оказала значительное влияние на последующее развитие русской поэзии и философии. Их идеи способствовали формированию русской религиозно-философской мысли, а также подготовили почву для появления таких течений, как символизм и серебряный век. Идеи любомудров о роли поэта как пророка и философа нашли свое продолжение в творчестве таких поэтов, как Фёдор Тютчев и Афанасий Фет. Тютчев, например, в своих стихах часто обращается к вопросам бытия и природы, следуя традиции любомудровского единства философии и поэзии [6, с. 18].

Очевидно, что одним из ключевых признаков философской поэзии является её опора на определённую систему взглядов, а потому выражаемые в ней мысли концептуальны, монументальны, в некоторой степени догматичны.

Они, как правило, однолинейны, развиваются в заданном направлении, имеют ясную формулировку. Характер философской концепции диктует и преобладающий эмоциональный фон. Эту черту можно обнаружить в поэзии и Д.В. Веневитинова, и А.С. Хомякова, и С.П. Шевырёва, а позже у Ф.И. Тютчева и В.С. Соловьёва.

Таким образом, феномен философской лирики зародился в отечественной литературе в 1820-1830-е годы и был связан с поэтической деятельностью любомудров. На протяжении XIX столетия он постепенно оформлялся и дал высший образец художественного философствования в творчестве Ф.И. Тютчева. К концу XIX века русская философская лирика пережила значимые трансформации. В творчестве философа-поэта В.С. Соловьёва были открыты новые темы и жанровые формы художественного выражения мысли. Впервые на русской почве основой для поэтического творчества явилась оригинальная философская концепция отечественного автора. Теоретические суждения и художественная практика философа-поэта В.С. Соловьёва стали связующим звеном между идейными и творческими исканиями сразу нескольких поколений художников слова, между литературными эпохами золотого и Серебряного века, отмеченного особой склонностью к метафизическим раздумьям, в русской лирике [7, с. 42].

Философская лирика в русской литературе представляет собой жанр, который обращается к фундаментальным вопросам бытия, человеческой сущности и смысла жизни. Для нее характерна глубокая рефлексия. Она отличается глубоким размышлением и анализом. Поэты часто обращаются к философским концепциям, таким как смысл жизни, сущность человеческого бытия, добро и зло, свобода воли и др., и пытаются разгадать их с помощью поэтического языка. Философская лирика часто использует символы и образы для передачи своих философских идей. Это могут быть аллегии, метафоры или сюжетные линии, которые воплощают абстрактные концепции в конкретные образы. Как правило, в стихотворениях философской тематики используется интеллектуальный подход к языку и стилю: Поэты философской лирики обычно обращаются к более сложному и глубокому языку, который требует внимательного восприятия и понимания. Они могут использовать аллитерацию, ассонанс, метафоры и другие литературные приемы для создания своих произведений. Философская лирика часто отличается высокой эстетической ценностью. Поэты стремятся к красоте и гармонии в своих текстах, даже когда они обращаются к сложным и трагическим темам. Также философствования чаще всего имеют тесную

взаимосвязь с другими искусствами и дисциплинами, такими как живопись, музыка и философия. Поэты могут вдохновляться работами философов, художников и композиторов, а также цитировать их в своих произведениях.

Общим для философской лирики в русской литературе является стремление к поиску истины, к пониманию смысла человеческого существования и к обсуждению вечных философских проблем. Этот жанр предоставляет поэтам возможность выразить свои мысли и чувства по поводу самых глубоких и важных вопросов, занимающих умы и сердца людей

Философская поэзия в русской литературе XXI века продолжает исследовать глубокие и вечные вопросы бытия, человеческой судьбы и смысла жизни, но она делает это в контексте современности, отражая вызовы и противоречия современного мира. В этом эссе я хочу рассмотреть некоторые из особенностей и примеры философской поэзии русскоязычных поэтов XXI века.

Современные русскоязычные поэты, такие как Евгений Рейн, Ирина Сайфудинова, Лариса Миллер, Мария Степанова и другие, стремятся к осмыслению сложных проблем современного общества и человеческого существования через поэтическое слово. Одним из ключевых направлений философской поэзии XXI века является поэзия, которая осмысливает технологический прогресс и его влияние на человечество. Поэты задают вопросы о том, как цифровая эра меняет наше восприятие реальности, о том, какие ценности теряются, а какие приобретаются в мире виртуальной коммуникации и информационного перенасыщения.

Другой важной темой философской поэзии XXI века является отношение к природе и экологическим проблемам. Поэты выражают свою тревогу по поводу разрушения экосистем, потери биоразнообразия и изменения климата, а также пытаются найти пути к гармоничному сосуществованию человека и природы.

Философская поэзия XXI века также обращается к вопросам человеческой идентичности, свободы и моральных ценностей. Поэты задаются вопросом о том, какие ценности идеализировать в современном мире, как сохранить свою индивидуальность и достоинство в условиях социальных и политических изменений. В последние годы на тематических сетевых ресурсах и в СМИ критики различных направлений не раз высказывали мысли о том, что «ненормальность» современной действительности порождает у человека потребность гармонизировать ее – в частности, с помощью ритмизации речи. Поэтическое мышление, согласно М. Хайдеггеру, делает возможным «внерациональное схватывание сущности, никогда не открывающейся в процедурах логико-рационального препарирования» [8, с. 23].

Поэтический язык позволяет человеку структурировать мысли, чувства и впечатления, а значит, гармонизировать их, превозмогать хаотичность, которая в информационном обществе перешла в новое качественное состояние. Потребность в преодолении ущербности мира предполагает наличие у человека внутреннего идеала и имеет духовную подоплеку.

Из всего вышесказанного можно сделать выводы, что философская лирика была и остается интересной и актуальной для всех участников литературного процесса: и читателя, и писателя, и исследователя.

Философская лирика Р. Артемьевой разнообразна, чаще всего автора волнуют темы жизни и смерти, места человека в мире, человеческих взаимоотношений, закономерностей жизни. Так же в творчестве писательницы отразились ее религиозные взгляды, поэтому в стихотворениях часто используются христианские образы: Бог, Рай, Ангел, душа и подобные.

Одно из показательных стихотворений этой тематики называется «Мыслеформы» и посвящено философу и художнику Сакену Гумарову. В нем поднимается традиционный для философии вопрос поиска истины жизни:

Чтобы до круга истины дойти,
Подняться по виткам спирали нужно,
Событий реку не единожды пройти,

От суеты не закричать натужно.
Прозреть от сути вечности седой,
И пить ее, как жаждущие – влагу,
И любоваться цветом и строкой,
Слагающими жизни нашей сагу.
Путь непростой наверх – всем предрешен,
Из синего ведущий к голубому.
Но цветом мысль родить не каждый искушен,
И мысль дано раскрасить не любому!

На первый взгляд, в стихотворении нет ответа на поставленный вопрос, а только утверждается, что путь к истине – очень сложен, а до большинства – недоступен. Но, если вчитываться внимательно, можно прийти к заключению, что эти строки с намеком – во-первых, а нужно ли искать истину, во-вторых – нужно ценить, то, что есть, ведь человек, который «цветом мысль родить ...искушен» и ему «мысль дано раскрасить», а это уже очень немало. Возможно надо радоваться тому, что тебе уже дано.

В другом стихотворении автор размышляет о жизни, ее «разноцветности» и скоротечности:

Постоянною сменой –
то черным,
то белым-
разукрашена
жизни
дорога.
Как на кнопки
Баяна,
Жизнь
давит упрямо.
Хорошо,
если черных –
не много.
Но не нам
кому, сколько,
чего рассудить.
Как постичь тебя,
мудрости книга?
Как уйти
и дорогу назад
не забыть,
и прозреть
ради истины.
Мига.

Здесь Р. Артемьева снова использует короткие строки, создавая эффект отрывистого звучания, чеканного шага, ритмичности. Здесь автор использует сравнение, метафору, риторический вопрос и другие изобразительно-выразительные средства, расширяющие художественное пространство произведения.

Поэтесса описывает жизнь как смену черных и белых полос, описывая категоричное суждение, не признающее середины. В этом небольшом стихотворении затронуто сразу несколько тем, от простой житейской – как бы получше и полегче пройти жизненный путь, до религиозной – есть в ней миг истины, есть что-то и после. Так же утверждается наличие неких Высших сил: «Но не нам / кому, сколько, / чего рассудить», то есть человек не властен над своей судьбой, есть Кто-то иной, распоряжающийся всем в мире. Так же в стихотворении поднимается тема памяти «Как уйти / и дорогу назад / не забыть», видимо,

автор хочет донести до нас, что важно помнить все, через что ты прошел, чтобы не пропустить самого важного мига.

Еще одним интересным образцом философской лирики Р. Артемьевой можно назвать стихотворение «Слово»:

Не птица слово,
но и не силок.
Оно судьбы
заветное движенье.
Оно живет в строках
и между строк,
его на свет
неведомо рожденье.
Родится – вот и все.
И нам дано
понять не только
по его звучанью,
как много смысла
в нем заключено.
А сколько
не доступно понимающе?
Как тайна
неземного бытия,
оно открылось
Богом человеку.
И узы те
нам растерять нельзя –
от века
протянувшиеся к веку.

Перед нами очень глубокие размышления о слове, не только как единице языка. Автор утверждает что «оно открылось / Богом человеку», что позволяет нам говорить об отсылке к Библии, где Слово является одним из важных символов. Словом Бог творил небо и землю, в то же время само Слово обожествляется: ««В начале было Слово, и Слово было у Бога, и Слово было Бог» (Евангелие от Иоанна 1:1) [8, с. 222].

В этом стихотворении мы видим и другие отсылки, что говорит о его глобальной интертекстуальности, так как это образное описание загадочного слова напоминает каждому образованному человеку великое стихотворение Анны Ахматовой «Мужество» – «И мы сохраним тебя, русская речь, / Великое русское слово» [9, с. 102]. Схожи эти стихотворения, прежде всего именно религиозным подтекстом, заставляющим задуматься о главном.

Созвучным со стихотворением слово можно назвать еще одно стихотворение Р. Артемьевой «У каждого свой удел». Здесь тоже большое значение придается слову:

У каждого свой удел,
У каждого плата своя
За то, что свободен и смел
Свой выбирать слова.
Слова, что таят стихи,
Слова, что о чувствах молчат,
И те, что как ночь тихи,
И те, что острее меча.
И каждый пройдет свой путь,
И крест донесет до конца.
Кому-то – удачи суть,
Кому-то – прозренья венца.

И так же здесь мы видим религиозные образы: крест, венец. В то же время здесь новое значение: возможность выбора. До этого в примерах, рассмотренных выше, мы наблюдали, что в философской лирике Р. Артемьевой звучит тема предопределения человеческой жизни. Здесь мотив выбора тесно связан с мотивом свободы, что так же можно назвать отсылкой к библейским образам. Человек по замыслу Бога сотворен свободным и может делать выбор, и в то же время «У каждого плата своя» за этот выбор. То есть, хотя поэтесса и не говорит прямо о грехах и наказании, но ясно указывает на это. Но в итоге «каждый пройдет свой путь, / И крест донесет до конца», то есть, какой выбор бы не был сделан, своего креста никто не избежит.

Таким образом, философская лирика Риммы Артемьевой сосредоточена вокруг нескольких главных тем: жизнь, любовь, вера, судьба. Ее стихи часто отражают глубокие мысли о жизни, смысле бытия, человеческих отношениях и духовности. Ее поэзия обычно проникнута философскими размышлениями и метафизическими концепциями, которые придают ей глубину и уникальность. Философская лирика Артемьевой может быть как мистической и загадочной, так и пронзительно искренней, оставляя читателей задумываться над смыслом существования и природой человеческого бытия.

В работах Артемьевой можно увидеть и философское отношение к истории, культуре и духовным вопросам. Она часто обращается к мифологическим образам и символике, чтобы выразить свои мысли о человеческом существовании. Ее лирика отличается глубиной переживаний и точностью выражения, что делает ее голос значимым в современной казахстанской поэзии.

Литература

1. Березовая Л.Г. Интеллектуальный Ренессанс Серебряного века / Л.Г. Березовая // Историк и его время. Сборник статей. К 70-летию проф. В.В. Шелухаева. – М.: РОССПЭН, 2011. – 494 с.
2. Маймин Е.А. Русская философская поэзия / Е.А. Маймин. – М.: Наука, 1973. – 190 с.,
3. Иванов А.В. Духовно-экологическая цивилизация: устои и перспективы / А.В. Иванов, И.В. Фотиева, М.Ю. Шишин. – Барнаул: Изд-во Алт. гос. ун-та, 2001. – 239 с.
4. Пивоваров Ю.С. Русская история как «Русская идея» / Ю.С. Пивоваров // Полная гибель всерьез: Избр. работы. – М., 2004. – С. 152-195.
5. Евразийство: теоретический потенциал и практические приложения: материалы Десятой Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции. Барнаул, 18-19 июня 2020 г. // под ред. М.А. Широ-овой, А.В. Иванова – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2020. – 258 с.
6. Глобальные проблемы и перспективы цивилизации: (Феномен евразийства): сб. – Москва: Ин-т информации по общ. наукам, 1993. – 180 с.
7. Горяев А.Т. Евразийская идея и проблема самоидентификации России / А.Т. Горяев. – М.: Т-во науч. изд. КМК, 2003. – 251 с.
8. Библия. Типография Киево-Печерской Успенской Лавры. – Москва, 1982. – 943 с.
9. Ахматова А.А. Избранное. – М.: Олма-пресс, 2006. – 376 с.

FTAXP 16.01.11

А.Н. Назарбаева

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., aktolkyn1204@mail.ru

ТІЛДІК РЕФЛЕКСИЯ ТҮСІНІГІНІҢ АНЫҚТАЛУЫ

Рефлексия дегеніміз әрбір жеке тұлғаның ой-пікірі мен идеяларына өз бетінше талдау жасай білуі болып табылады. Бұл мәселе философияда «тіл мен ойлау» арақатынасына

қатысты болса, педагогика мен психологияда танымның белгілі бір тетігі ретінде қарастырылған. Бүгінгі таңда рефлексияның мәдени, тілдік және білім берудегі жолдары да арнайы қарастырылып, зерттеліп келеді. Ежелгі философиядағы таным-түсінік бойынша «Рефлексия» – талқылау құралы. Атақты грек данышпаны Сократтың пікірі бойынша, рефлексия адамның өзін-өзі тануымен байланысты болады, адам өзінің ішкі әлеміне үңілу арқылы рефлексия жасап, өзін-өзі танитынын ұғамыз. Ұлы ойшылдар Аристотель мен Платон зерттеулерінде рефлексия Құдай жіберген «ақыл-ой» деп түсіндіріледі. Демек, рефлексия – ойлаудың жоғары деңгейдегі формасы. Философтардың бұл ойынан рефлексияның сананың өз-өзіне бағытталған, өзін тану әдісінің көрінісі екендігін аңғарамыз.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рефлексияға төмендегідей анықтама берілген: «Рефлекс – тірі организмнің сырттан еткен әсерге жасайтын еріксіз қимылы. Рефлексия – өз психикасы туралы ойлану» [1, б. 463]. Яғни, рефлекс биологиялық ұғым ретінде ағзаның реакциясы болып келсе, рефлексия субъектіге қатысты, оның жай-күйіне байланысты термин деп ұғынсақ болады. Бұл ұғым философияда ғана емес, сонымен қатар педагогика және психология саласында да кеңінен талданып, талқыланып жүр. Белгілі зерттеуші А.Биязова рефлексия терминін «кең ауқымды практикалық мағынада адамның өзін-өзі талдау, қоршаған әлеммен өзінің заттық-әлеуметтік қатынастарын ұғыну және ол жайында қайта ойлану қабілеті ретінде және дамыған интеллектінің қажетті құрамды бөлігі болып табылады» [2, б. 14], – деп қарастырады. В.Сластениннің пікірінше, әрбір жеке тұлғада туындаған мәселелерін өз бетінше шеше алу қабілеті болуы керек: аналитикалық-рефлексивті, конструктивті-жобалау, коррекциялық-реттеушілік. Рефлексиялық психологияда рефлексияның күрделі құрылым ретінде қарастырылуы Ғ.Толықбаеваның [2, б. 15] құрған кестесі түрінде көрсетілді.

Кесте 1 – Рефлексиялық психологиядағы рефлексияның көрінісі

| Зияткерлік құрам-бөлік | Кооперативтік құрам-бөлік | Қарым-қатынастық құрам-бөлік | Жеке тұлғалық құрам-бөлік |
|---|-------------------------------------|---|--|
| Кез келген мәселені шешудегі ойлану, өзінің іс-әрекетін ой елегінен өткізу. | Өзара қолдауға құрылатын іс-әрекет. | Адамның жеке тәжірибесінің басқа адамға жеткілікті және басқаның тәжірибесін өзіне алатын қарым-қатынас | Өзін-өзі түсіну, адамның өзінің ішкі жан дүниесімен анықталатын «Мені» және «Мен емесі». |

Осындай төрт бағытты қамтыған рефлексия тұлғаның өз ісіне басқаның көзімен қарап, өзінің жаңа қабілеттерін меңгеруіне жол ашады. Оқу және оқыту барысында тілдік рефлексия тұлғаның ойлау, қабылдау қабілетін жандандырады. Себебі тілдік рефлексия арқылы адамзат өзінің даралығына, өз ойының дұрыстығына баға беру арқылы өз пікірін таразылап түсінуге, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік алады. Сондықтан да рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылау мен бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Қазіргі таңда тілдік рефлексия мәселелері бойынша тұлғаның өмірі аясындағы белсенділікке жетелейтін, өзінің іс-әрекеттеріне баға беретін әдістің бірі – күнделік жүргізу мен хат жазуға машықтану екені белгілі. Бұл өздік жұмыстың ерекшелігі адам өзін толғандырып жүрген мәселелерді қағаз бетіне түсіру арқылы көптеген психологиялық қиын жағдайлардан шығуға үйренеді. Адам әрқашан өзі туралы біле бергісі келеді, ал оған мүмкіндік бола бермейді. Ендеше, күнделік осы мақсатқа жетуге көмектесетін бірден-бір психологиялық тамаша құрал. Бұл әдісті қолдану арқылы тұлғаға өзін-өзі тану, даму деңгейін орынды бағалауға дағдылану, икемділіктерін «рефлексия, сезімталдық, жауапкершілік, эмпатия) қалыптастыру жүзеге асырылады. Тілдік рефлексияны дамытуға арналған жұмыстар тұрақты, тиімді қолданғанда ғана нәтиже береді. Психологияда рефлексияны сананың пайда болуымен байланыстырған ғалым С.Л. Рубинштейн: «Адамның өмірі мен әрекетінен орын алатын сансыз ойлар өз әлемі мен өзіне деген рефлексияны тудырады, мұндағы психикалық әрекет сана қызметін атқарады. Адам өміріндегі қобалжу, уайымдау, өзі мен өзгелерге рефлексия жасау қабілеті санаға тікелей байланысты» [3, с. 463] – деп біледі.

Тілдік рефлексия білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қарапайым рефлексия күнделікті жағдайда тұлғаның өзіне «Мен не істеп жатырмын?», «Мен мұны қалай істеймін?», «Неліктен (неге) мен мұны істеймін? деген секілді сұрақтар қоюы арқылы көрініс табады. Педагогикалық аспектіде тілдік рефлексия тұлғаның жеке дамуын, оның қызметінің мәнін ұғынуға, өзін-өзі тану мен болашақ кәсіби кеңістікте құзыретті маман ретінде өзін қалыптастыруды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шарт ретінде қарастырылады [4, с. 22]. Тілдік рефлексияны зерттеу мәселесі философия мен психологияда ғана емес, қазіргі тіл ғылымы мен педагогикада да маңызы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ. Білімнің барлық салаларында оған белсенді және қарқынды өсіп келе жатқан қызығушылық барған сайын күрделеніп бара жатқаны байқалады. Сонымен қатар лингвистикада нақты жинақталған теориялық-эмпирикалық ақпараттардың үлесі тілдік рефлексияның қажеттілігін түсіндіре алады. Тиісті лингвистикалық деректер табиғи тілдің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің көрінісі болып табылатындығын айқындайды және тұлға бойында қалыптасқан рефлексиялық қабілетті іске асырады.

«Тілдік рефлексия» термині Б.М. Гаспаров зерттеулерінде алғаш рет қолданылған. Ол тілді адамның өмір сүру ортасы ретінде сипаттап, бұл тілдік ортада сөйлеуші өзінің тілдік түйсігі мен тілдік тәртібі арқылы өмір сүретіндігін тұжырымдаған [5, с. 352]. Сонымен қатар Ф. Кларак, Б. Кан, С.Ю. Степанов, Н.А. Калашникова, С.Л. Катречко, И.Т. Вепрева сынды шетелдік ғалымдардың да бұл мәселе жайында еңбектері бар. Отандық зерттеуші А. Әлімов рефлексияны педагогикалық әрекетке қатысты зерттеген. Ол бүгінгі педагогика білімді әрі өзінше ой-толғаныс жасай алатын, сыни қабілетке ие (рефлексия жасай білетін) тұлғаны қалыптастыруға жұмыстану қажеттігін атап көрсетеді. Адам рефлексиялық білімге ие болса, оның өзіне қоятын талаптары жоғары болады, ойлау қабілеті артады, ол «тазаланады», өз әрекеттерін түзейді, өзін-өзі дамыта алады» [6, б. 16].

Тіл білімінде рефлексия менталды үдеріс ретінде қаралып, лингвистикалық тұрғыдан «тілдік сана» ұғымына негіз болады. «Тілдік сана» ұғымы ғылыми айналымға В. фон Гумбольдттың зерттеуі арқылы алғаш еніп, сипаттамасы берілген. Ғалым тілдік сана дамуының көрсеткіші – рефлексия жасау қабілеті», – дей келіп, тілдік сананы негізгі шығармашылық өзгеруші ұстаным деп атады [7, б.396]. Санада қабылданған ақпараттың әсер етуші факторлар негізінде қорытылып, тілдің көмегімен өзіндік пікір бере отырып, сөйлеуде жүзеге асатынын байқаймыз. Сөйлеу барысында қолданылған тілдік бірліктер рефлексияның нысаны ретінде зерттеуге алынатын объектілер болып табылады. Мысалы: субъект кез келген ақпаратты (көрген, естіген, оқыған) таным арқылы қабылдап, осы қабылданған мәліметті өз санасында сақтай отырып, талдайды, қорытындылайды. Осы қорытындының тілдік қабатқа түсіп түрлі талқылаулар мен айтылымдар арқылы берілуі тіл мен сана қатынасының тығыз байланысын құрайды. Тіл мен сананың қатынасы негізіндегі тілдік рефлексия үдерісін П. Сыдықтың [6, с. 29] құрған кестесінен көруімізге болады.

Кесте 2 – Рефлексияның тіл мен сана қатынасы негізінде жүзеге асуы

| Тілдік рефлексия | | | |
|------------------|---|--|-----------|
| Сана | Ақпаратты қабылдау | Қоршаған орта (коммуникация) | Рефлекс |
| Тілдік сана | және қорыту | Когнитивті аспект: Сөйлеу фактісін бақылау | |
| Тілдің қызметі | Қорытылған мәліметті таңбалап, тасымалдау | Өзіндік пікір Талқылау (айтылымдар, авторлық түсініктеме) | Рефлексив |

Тіл білімі саласында рефлексияны зерттеу нысаны етіп алған отандық ғалым Л.М. Шайкенова рефлексияны зерттеудің ерекшелігін адамның өзін-өзі тануымен, өз ойын, идеяларын, сезімдерін, арман-тілектерін ой елегінен өткізуімен, бағалау қабілеттерін зерттеумен байланыстырады. Ол ойлау мен тіл, интеллект пен тіл, қоғам мен тіл мәселелерін әлі де зерттеудің қажеттігін көрсетеді [8, с. 4]. Л.М. Шайкенова рефлексияны жүзеге асырудың негізгі каналы ретінде тілді алып, өз ойын сараптаудағы менталды үдеріс ретінде қарастырып, философия, психология және тіл білімінде анықталуын қарастырды.

Тілдік рефлексияны анықтаудағы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Э.Л. Трикоздың көрсетуінше, бұл термин кең мағынада да, тар мағынада да жұмсалады. Кең мағынада алғанда: «Тілдік рефлексия – тілге қатысы бардың барлығы және оның қолданылуы», рефлексияны осы мағынада қолданған зерттеушілер А.Д. Васильев, Б.М. Гаспаров, Е.И. Шейгал және т.б., тар мағынасында: «Рефлексия – лексикалық бірліктің белсенді қолданылуы туралы түрлі талдаулар, комментарийлер», рефлексияның бұл мағынасы А.Д. Шмелев, Б.Ю. Норман, Т.В. Булыгина, И.Т. Вепрева т.б. еңбектерінде пайдаланылған. Дегенмен, тілдік рефлексияны осылайша екі мағынада (тар және кең) түсінгенмен, екеуіне де ортақ белгі бар: ол – тілдің қолданылуы, кең мағынасында жалпы қолданылуы назарға алынса, тар мағынасында лексикалық бірліктің қолданылуы негізге алынады. Э.Л. Трикоз тілдік рефлексияның лингвистикада зерттелуі метатіл, метатілдік қызмет, метамәтін, интермәтінділік мәселелерін талдаған еңбектерге сүйенілетінін айта келіп, ол зерттеулердің негізінде В. фон Гумбольдтың тілді әрекет ретінде қарау (деятельностный подход к языку) теориясы, Л.С. Выготскийдің ішкі сөз (теория внутренней речи) теориясы, Г.И. Богиннің түсіну теориясы (теория понимания) [6, б. 26] жатқанын көрсетеді.

Тілдік рефлексияны зерттеу қазіргі таңда тек қазақ тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар орыс тіл біліміндегі өзекті бағыт болып табылады. А.Бурованың тұжырымдамасында тілдік рефлексияның орыс тіл білімінде зерттелуінің екі негізгі тенденциясы бар: біріншісі, метатілді зерттеу тенденциясы. Бұл зерттеу объектісіне орай әдеби және ғылыми мәтіндер талдауда қолданылса, екіншісі лингвистикалық рефлексия, көбінесе журналистік дискурс пен идеясына бағытталады. Н.Рябцеваның пікірінше, сөйлеудің субъективті компоненттеріне, ең алдымен, дейксис жатады (*бұл, мұнда, алдымен, содан кейін, қандай да бір* т.б.), модус (*қажет сияқты, қуанышты және т.б.*), бағалау (*жақсы, нашар, маңызды, мүмкін, бірақ* т.б.), метатекст ретінде, интонация (*эмфаза, екпін, дауыспен таңдау, сөйлеу құрылымы, сөз тәртібі және стиль (жанр, қарым-қатынас режимі т.б.) тон, мәнер, буын, тұспалдау, мазақ ету, мадақтау және т.б.*) және осы құбылыстардың әрқайсысына үлкен лингвистикалық еңбектер арналған [2, с. 22]. Ал бұл еңбектер тілдік рефлексия мәселелерін зерттеуде жүзеге асырылады.

Тіл тұтынушылары мен тілдік тұлғалардың тіл туралы, тілге қатысты қарапайым білімі немесе «мына тілдік қолданыс дұрыс не бұрыс» деп ойлануы – тілдік рефлексия, сондай-ақ «тілдік заңдылықтарға сай тілдік қолданыстарды ғылыми талдау да – тілдік рефлексия. Тілдік рефлексия тілді түсіну мен тіл туралы қарапайым және кәсіби білімнің көріну ерекшеліктерін бейнелейді. Осы айтылғандарға сүйене отырып, санада қабылданып, тілде көрініс беретін ақпараттар, сөйлеу фактілерін бақылау, оған баға беріп, өзіндік ой қалыптастыру «тілдік рефлексия» ұғымының тіл білімінде қарастырылуына, зерттелуіне жол ашады деуге болады.

Әдебиет

1. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 463 б.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. – Алматы, 2016. – желтоқсан, №12.14-15. – 22 б.
3. Рубинштейн С.Л. Избранные философско-психологические труды. Основы онтологии, логики и психологии. – Москва, 1997. – 463 с.
4. Шайкенова Л.М. Рефлексия в языке в контексте гуманитарного знания / Известия НАН РК. – 2009. – №4. – 22 с.
5. Гаспаров В.М. Язык. Память. Образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Новое литературное обозрение, 1996. – 352 с.
6. Сыдық П. Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде) диссертациясы. – Ақтөбе; 2024. – 17, 29, 143 б.
7. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 396 с.
8. Шайкенова Л.М. Рефлексивная лингвистика: монография. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби: Қазақ ун-ті, 2009. – 200 с. – ISBN 9965-30-938-8

А.Г. Абылкасимова
 Alikhan Bokeikhan University
 Қазақстан Республикасы, Семей қ., Gakku_aa@mail.ru

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ НАРРАТИВТІК ИДЕЯ

«Нарратив» ұғымы – элеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, биология, медицина, жаратылыстану, журналистика және т.б. салаларда кеңінен қолданылып келе жатқан кең түсініктегі термин. Ол баяндау мәтінінің теориясын зерттейді. Ғалымдар бұл терминнің шығу тарихын историографиямен байланыстырады. Тарихи оқиғаларды сюжетті әңгіме негізінде қарастыратын «нарративтік тарих» концепциясы негізінде пайда болғандеген ғылыми болжамдар бар [1]. Демек, тарихи оқиғаларды ретімен баяндау емес, оқиғаға арқау болған тарихилықты жеткізе білу. Нарратология ұғымы қазіргі әдебиеттануда ғалымдардың ерекше қызығушылығына ие. Әсіресе көркем әдебиеттегі нарративтік идеяны тану – өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағытқа қызығушылық танытушылардың қатары В. Шмидтің 2003 жылы жарық көрген «Нарратология» еңбегінен соң арта түсті. Зерттеушілер атап өткендей, нарратология ғылымының дамуына көптеген ғалымдардың баяндау теориясы шеңберіндегі жұмыстары әсереткен. Бұл тұрғыдан ресейлік ғалымдар: В. Пропп, В. Шкловский, Б. Эйхенбаум, М. Бахтин, англо-американдық ғалымдар: П. Лаббок, Н. Фридман және неміс ғалымдары: Ф. Штанцель, Э. Лейбфрид, В. Фюгер еңбектерін атап өтуге болады. Терминнің заманауи анықтамалары орыс формалистерінен бастау алады. В. Шкловский, Б. Эйхенбаум, Б. Томашевский әңгімедегі фабуламен сюжетті ажыратып көрсете білді. Б. Томашевскийдің айтуынша, сюжет хронологиялық тұрғыдан өзара байланысты оқиғалардың жиынтығы болса, фабула – сюжетке қарама-қайшы, олар шығармада қалай хабарланса, солай беріледі [2, 84-б.]. Неміс теориясында нарратология емес, әңгімелеу теориясы деп аталған.

«Нарратология» ұғымының аудармасын ғалымдар түрліше қолданған. Мысалы, П. Рикер «Уақыт және әңгіме» еңбегінде «Нарратив» ұғымын «әңгімелеу» немесе «әңгіме мәтіні» деген мағынада қолданса, Р. Барт «әңгімелеу мәтіндерін құрылымдық талдауға кіріспе» деп және Жерар Женет «әңгімелеу дискурсы» деп қолданған. Неміс тіліндегі «*récit*» сөзі жоғарыдағы үш жерде де ағылшын тіліне «нарратив» болып аударылады. Соңғы жарты ғасырда ағылшын тілді әдебиеттанушылар «нарратив» терминінің зат есім және сын есім ретінде қолданылуына бар күшін салды. Орыс тіліндегі «нарратив», «нарративный» сөздері 1960 жылы Цветан Тодоровтың бастамасымен «нарратив» атауын алып, барлық шет тілдеріне гуманитарлық, элеуметтік, философия салаларында қолданысқа еніп, халықаралық терминге айналды.

Әдебиеттану ғылымындағы «нарратив» ұғымы нені зерттейді? Оның прозадағы және поэзиядағы көріністерін қалай ажыратуға болады? Поэзия жанрындағы нарративтік идеяларды қандай принциптерге сүйене отырып анықтаймыз? Бұл – бүгінгі күннің терең зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелерінің бірі.

Баяндау мәтіндерінің элементтері, деңгейлері, құрылымы және заңдылықтары ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттану саласының басты мәселелерінің біріне айналды, сөйтіп жаңа термин мәселелер мен категориялар шеңберінде біртіндеп әдебиеттану ғылымына енді. Нарратив ұғымы ХХ ғасырдың соңынан бастап тек әдебиеттану ғана емес, барлық гуманитарлық ғылымдар саласына енді. Бұл құбылыс баяндау теориясының өз пәнінің шеңберінен тыс шығуымен байланысты. Процесті 1992 жылы М. Крейсмор «баяндау бұрылысы» деп атады, ал 1985 жылы В. Фишер «баяндау парадигмасына» айналдырды, онда кез келген байланыс процесі баяндау формасы ретінде қарастырылады. Әр саладағы нарратив бұл – өмірлік тәжірибені құрылымдау және ұсыну тәсілі [3, 135-б.].

Дамудың жүз жылдан артық тарихын бастан кешкенімен, «нарратология» ғылымы Отандық ғылыми зерттеулерде 90 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басынан қарқын алуда. Бұған төмендегі көрсеткіштер айғақ бола алады. Т.В. Матвеева «Лингвистикалық

терминдердің толық сөздігінде» «Нарратив» – бұрын болған оқиға туралы әңгіме» деп анықтама берсе, Крис Балдик «Оксфордтың қысқаша әдеби сөздігі» еңбегінде: «шынайы немесе ойдан шығарылған оқиғаға баяндамашының оқиғаны зерттей отырып берген хабарламасы» деп анықтама береді [4, 56-б.] В.И. Тюттін «Поэтика. Өзекті терминдер мен ұғымдардың сөздігі» еңбегінде нарратив – «семантикалық сюжетті мазмұндап, баяндап айту» деп анықталған.

«Нарратология» терминімен бірге «нарративтілік», «нарратор» терминдері қатар қолданылады. Әдебиеттануға кіріспеде нарративтілік екі түрлі ұғымда қарастырылады. Біріншісі – әңгімелеудің классикалық теориясында пайда болған суреттеу терминіне қарама-қарсы ұғым. Нарратив туралы екінші түсінік – құрылымдық нарратология тұжырымдамасы бойынша, әңгімелеудің коммуникацияның құрылымдық белгісі. Ол тарихи оқиғаларды бейнелеп, мәтіннің нақты құрылымын мазмұндайды. Мәтіндегі оқиғаны баяндаушы адам әңгімелеуші (нарратор) болып саналады. Нарратордың қатысуымен әңгімелеудің ерекшелігі анықталады. Оқиға жағдайындағы кейіпкердің ішкі толғанысы, жағдайы байқалады.

Нарратология ғылымының бастауында тұрған ғалымдар өзінің зерттеу ісіне тек көркем әдебиеттің эпикалық шығармаларын ғана емес, барлық саланы қамтыды. Іс жүзінде өздерін нарратологтер деп атаған зерттеушілер «әдебиеттанушылар» деген атпен қала берді [5].

«Нарратология» «сюжет» ұғымының синонимі ретінде жиі қолданылады. Сюжет айтылатын оқиғаның қаңқасында орналасады және осыған байланысты қатаң құрылымға ие. Ал нарратив сюжеттің айналасында құрылады, оның арқасында біз сюжетке басқа көзқараспен және пайымдаумен қарай аламыз. Нарратив сөзінің мағынасы әлдеқайда кең және тек сюжеттермен шектелмейді. Әлеуметтік ғылымдардағы сұхбат, әдеби шығармалар, психотерапиялық сеанстардағы пациенттердің әңгімелері, куәгерлердің айғақтары, некрологтер, жарнамалық мәтіндер, теледидар жаңалықтары, ән мәтіндері, анекдоттар т. б. кез келген баяндауды білдіретін эмпирикалық деректері бар баяндау формасын нарративтік мәтінге жатқызуға болады. «Нарратив» ұғымының өлшемі болып табылатын композиция, сюжет, фабула, нарратор ұғымдары – әдебиеттануға ортақ терминдер. Біріншіден, кез келген поэзия прозадан жанрлық спецификасымен ерекшеленеді. Бірақ композиция формальды бөлшектену және бөлшектердің бірегей реттілігі болып табылатындықтан, кез келген мәтінге баяндау талдауын қолдануға негіз бола алады. «Наррация» – бұл болмыстың оқиғаларын эпизодтау десек, поэтикалық мәтіннің композициялық сегментациясы жанрмен қатаң түрде белгіленеді және оның барлық деңгейлерінде, тіпті дыбыстық-интонациядан синтаксиске дейін жүзеге асырылады. Американдық нарратолог Б. Макхейл, М.Ю. Лотманның пікірін қайталай отырып, поэзиядағы нарративтік идеяны қалыптастырудың анықтаушысы – метризация деп санайды. Американдық зерттеушілер өлең мен нарративті байланыстырушы категория деп есептейді және сегментация көрінісі ретінде өлеңнің өлшемдерін атайды [6, 12-б.].

Поэзиядағы нарративтік идеяны танудың тағы бір шарты – әртүрлі деңгейдегі сегменттерде, буын, бунақ, тармақ, шумақтарда негізгі ойдың және идеяның сақталып тұруы. Демек, өлең ұйқасқа ғана құрылып, негізгі идея шашырап жатпауы тиіс. Өлеңдегі нарративтік идеяның біртұтастығының тағы бір ерекшелігі – өлеңнің ырғақтық ерекшелігінде. Ырғақ поэзиядағы нарративтік идея мен құрылысын бірізділікке салады.

Нарратология поэзияға аз көңіл бөледі. Негізгі кедергілердің бірі – поэзияда баяндалатын оқиғаның болмауы деп есептелуі.

Поэзияға нарративтік талдау жасау мәтін құрылымын бөлшектеп бөлуді қажет етеді. Күрделісі сол, кез келген автор шығарманың басы мен соңын көрсететін сөздер қолдана бермейді. П. Лабовтың пікірінше, нарративті танудың алты құрылымдық элементі бар:

- Алдын ала баяндау ісіне қысқаша кіріспе;
- Оқиға орнының, уақыттың, әрекеттің, кейіпкерлердің болуы;
- Оқиғалар арасындағы себеп-салдарлық байланыс;
- Оқиғаға баяндаушының көзқарасы;

- Мәселелік жағдайды шешу;
- Әңгімебасталған уақытқа оралу [7, 67-б.].

Поэтикалық нарратив немесе поэзиядағы нарратив бүгінгі әдебиеттануда постмодернистік ағым шығармаларына тән деп есептелінеді. Уольф Шмид поэзия тіліндегі нарративтің бірқатар критерийлерін атап өтіп, баяндау және сипаттау деп екіге бөледі [8, 11-16-бб.]. Бірақ олардың арасындағы шекара әрдайым айқын бола бермейді. Поэзиядағы оқиғалар өзектілік, болжамсыздық, консекция, қайтымсыздық және қайталанбаушылық критерийлеріне сәйкес келуі керек.

Қазақ поэзиясындағы нарративтік идеяны тану үшін, өлең мәтініне терең үңілуіміз шарт. Ең алдымен, нарратология заңдылығына сәйкес, поэзия қай кезеңдегі тарихи оқиғадан хабар беретіндігін анықтау қажет. Кез келген поэзия нақты бір тарихи оқиғаның кезеңін білдіруі де немесе айтпауы да мүмкін. Мысал ретінде ақын Олжас Сүлейменовтің екі өлеңін салыстыра зерделеп қарайық.

«Адамға табын, жер, енді» өлеңінде 1961 жылғы Юрий Гагариннің ғарышқа ұшқан тарихи кезеңді суреттейді. Поэзия шумақтарында немесе бөлімдерінде оқиғаның байланысы шумақтар өлең құрылысымен сегментті байланыс тапқан. Олжас Сүлейменов – орыс тілді ақын. Поэманың түпнұсқасы орыс тілінде жазылғанымен, ақын Қадыр Мырза Әлі поэманы сәтті аударған.

Түпнұсқада:

...Разгадай:

Почему людитянутся к звездам! Почему в наших песнях

Герой – это сокол! Почему все прекрасное, Что он создал, Человек, помолчал.

Называет – Высоким! [8, 111-б.].

Аудармада:

...Неліктен Жуықжұлдыз ұран бізге? Неліктен Жырарқауы – қыран түзде? Неліктен?

Сұлулықтың асқақ бәрі? Неліктен?

Жауап бере жыраудың да! [9, 126-б.].

Өлең сюжетке құрылмағанымен, тарихи оқиғаға негізделген. Ақын әр тарауда тақырыпқа қатысты ойлар айтып, негізгі идеяны өлең құрылысына жүйелі сыйдыра білген.

Түпнұсқада:

Поздравляй нас, Гагарин, С победою! Здорово! Все цветы! Все улыбки

Растроганной милой Земли! [10, 123-б.]

Аудармада:

Құттықта, Гагарин дос, Мына бізді.

Мына Күн, Мына аспанды, Даламызды!

Тамаша гүл мұхиты, Шат күлкісі

Көңілі босаған Жер – анамыздың [9, 142-б.].

Ақын өлеңінің нарративтік идеясының түйінін соңғы шумақтан аңғаруға болады. «Құттықтау» сөзі арқылы қоғамда болған тарихи жаңалықтың сәтті орындалғанын байқатса, «Күн», «аспан», «дала», «мұхит» ұғымдары арқылы бұл жаңалықтың табиғатқа қатыстылығын білдірген. Осы түйін сөздер ақынның «Адамға табын, жер, енді» деген постулатты ойы мен идеясын дәлелдей түседі. Поэма атауы зерттеушілер арасында өлең дүниеге келген сәттен бастап, талас, әр жақты пікірлер тудырғаны белгілі. Бірақ бұл өлең арқылы ақын адам ойы мен қабілетінің табиғат алдындағы дәрменділігін емес, санасының қаншалықты дамығандығын көрсетуді негізгі идея ретінде алып отыр.

Қорыта келгенде, нарративтік идеяны Олжас Сүлейменовтің өлеңдерін екі салаға жіктей отырып қарастырған жөн. Бірінші топқа – ақынның тарихи тақырыпқа жазылған шығармалары, екінші топқа ақынның лирикалық өлеңдерін алып қарастыру.

Нарратология структурализм мен рецептивті эстетика арасындағы аралық орынға ие. Нарративтік идея – бұл нарративті түсіндіруге бағытталған нарратордың адамдар мен өз айналасындағы оқиғалар тізбегіне берген пікірі. Поэзияда нарратив және баяндау мәтіні арасындағы шекаралар әрдайым нақты көрсетіле бермейді. Бірақ әрбір өлеңде статикалық әсер беретін сипаттамалық элементтер бар.

Нарратив – нарратормен баяндалатын әлем арасындағы делдал болып табылады, яғни баяндау мәні арқылы туындының шындығын пайымдауға әкеледі. Автор қандай ойды жеткізгісі келгенін мәтіндегі нарраторлар арқылы оқырман талқысына ұсынады. Қорытынды идея «жасырын» болғанымен, оны оқырман тани алады. Автор өз шығармасында нарративтік идеяны ашық көрсетуіде, көрсетпеуі де мүмкін. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселе терең зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу көрсеткендей, соңғы онжылдықтарда белсенді дамып келе жатқан нарратив семантикалық процестердің динамикасын зерттеу әдістемесі ретінде маңызды әлеуетке ие. Бағыт 80-ші жылдардың аяғынан бастап дамып келе жатқанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін ол әлі де қалыптасу сатысында. Поэзиядағы нарративтік идея дискурсивті тәжірибелердің аясында әртүрлі пікірталас тудыруы мүмкін.

Әдебиет

1. Томашевский Б.В. Теория литературы. Поэтика. – М.: Аспектпресс, 1996. – 240 с.
2. Mc Hale B. Beginning to think about narrative in poetry // Narrative. – 2009. – Vol. 17. – P. 12.
3. Huisman R., Murphet J., Dunn A. Narrative and Media. – Cambridge: Cambridge University Press, 2005.
4. Horn by A.S. Oxford Advanced Learner's Dictionary of Current English / edited by Sally Wehmeier; phonetics editor Michael Ashby. – Oxford, 2000. – P. 846.
5. Маслов Е.С. Что такое нарратив? – Казань, 2020. – 116 с.
6. Татару Л.В. Нарративный анализ лирической поэзии // Новый филологический вестник. – 2011. – № 4 (19).
7. Шмидт В. Нарратология. – М.: Лабиринт: Языки славянской культуры, 2003. – С. 11-16.
8. Сулейменов О.О. Глиняная книга (поэма). – Алматы, 1969. – 252 с.
9. Сүлейменов О.О. Атамекен. Өлеңдермен поэма (қазақшаға аударған Қ. Мырза Әли). – Алматы, 1972. – 289 б.

ҒТАХР 14.01.10

Т.А. Әділханова, Н.Т. Акмоллина
«№32 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, tolkun_8181@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН ТЫНДАЛЫМ МЕН АЙТЫЛЫМ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ДАМУЫ ӘДІСТЕМЕСІ

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы – еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – дейді ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы. Осы орайда, әдебиет пәні – өз тілін құрметтеп, өз тілінде еркін сөйлейтін адамзат тәрбиелейтін, мектепте оқып, дүниетанымдары қалыптасып келе жатқан өскелең ұрпақтың бойына бәсекеге қабілеттілік, рухани-адамгершілік қасиеттер сіңіріп, жаңа қоғам құруға икемді, бейімі бар, адамзаттық, ұлттық құндылықтарды өз бойына сіңіре алатын, елжанды азаматтарды тәрбиелеудің негізі. Әдебиет пәнінің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым), дағдыларын қалыптастыру.

Әдебиет пәнін оқытуда міндетті түрде тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамыту жүзеге асырылады.

Себебі, қазіргі заман талабына сәйкес, әрбір оқушы өзінің ойын, пікірін, көзқарасын ашық жеткізуге, сонымен қатар, өзге тұлғалардың пікірлерін мұқият тыңдап, қажетті, маңызды ақпараттарды алуға машықтануы қажет.

Әдебиет пәнінің мақсаты- білім алушылардың көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру деп көрсетілген [1].

Айтылым мен тыңдалым сөйлеу әрекеттерін дамыту үшін, қазіргі білім беру мазмұнының ерекшеліктеріне сәйкес ұстаздар оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып, жаңаша технологияларды меңгере отырып, оны әдебиетпәнінде тиімді пайдалана алуы қажет.

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде», – дейді Ыбырай Алтынсарин [2].

Онда, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмек беретін әдістермен таныс болайық.

«Гауһартас» әдісі. Мақсаты: тірек сөздер арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Орындалуы: оқушыларға гауһартастың суреті таратылады, мәтінді тыңдап, «Түртіп алу» әдісі бойынша гауһартастың бөліктеріне негізгі тірек сөздерді жазады, кейін сол тірек сөздерді негізге ала отырып, мәтінді мазмұндайды.

«Кинолента» әдісі. Мақсаты: оқушылар мәтінді тыңдап, негізгі сөйлемдерді кинолентаға жазады, кейін кинолентаны топ алдында қорғайды.

«5-5-1» әдісі. Оқушылар «Әдебиеттік оқу» пәнінде берілген мәтінді тыңдайды, мәтін бойынша ойларын немесе сұрақтарға жауапты алдымен 5 сөйлеммен, кейін 1 сөйлеммен, соңында 1 сөзбен білдіреді. Бұл әдістің тиімділігі – оқушылар қысқа да нұсқа, жүйелі сөйлеп үйренеді.

«Ыстық орындық» әдісі (түрлендірілген). Сабақ басталмай тұрып, кейбір оқушылардың орындығына белгілер қойылады. Белгі қойылған орындықтар-ыстық орындықтар. Ыстық орындықтағы оқушылар әр сұраққа 30 секундтан артық жауап бермеуі қажет. Тиімділігі: айтылым дағдысын дамыту тапсырмаларын бірнеше оқушы орындайды.

«Үш шеңбер» әдісі. Оқушылар сұраққа жауапты қарапайымнан – күрделіге өту арқылы береді. Кіші шеңбер – қарапайым. Бұл әдісті қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын, проблемалық ойлауын дамытамыз. Сонымен қатар, өз ойларын шығармашылықпен жеткізуді үйренеді.

«Ми шабуылы» әдісі. Мақсаты: оқушылардың ашық және жабық сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру, құрбы-құрдастарын мұқият тыңдауға тәрбиелеу ортасын құру. Бұл әдіс барысында бастауыш сынып оқушыларына белгілі бір тақырып бойынша сұрақ беріледі. Сол сұрақ төңірегінде оқушылар өзінің ойын сыныптастарына жеткізеді, сыныптастары пікірлерді тыңдай отырып, олардың барлығын қарсылықсыз қабылдайды. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек және қатысушылардың не түйгенін анықтау қажет. Міне, бұл әдіс арқылы оқушылар даулы мәселелерді талқылай отырып, өзінің ойын ашық, еркін жеткізуге дағдыланады, сонымен қатар сыныптастарын тыңдай отырып, негізгі ойларды түртіп алуды үйренеді [3].

«Әдеби үйірме» әдісі. Мақсаты: оқушылардың мәтін бойынша өз ойын жеткізуіне жағдай жасау, талдауға мүмкіндік беру.

1-топ Сілтеме табушылар (мәтіннің қызықты жерлерін табады);

2-топ Сұрақ қоюшылар (мәтіннің желісі бойынша топты ойландыратын сұрақ қояды);

3-топ Баяндаушы (мәтін бойынша, топта өткен ой талқысы туралы баяндама жасайды);

4-топ Ізденуші (қосымша ақпарат, мәлімет жинақтайды);

5-топ Реттеуші (ой талқысына қатысады, кезекпен сөйлейді, тәртіпті, бәрінің қатысуын қадағалайды) [4].

«Тыңдалым мен айтылым» сөйлеу әрекетін дамыту үшін «Гауһартас», «Кинолента», «Әңгімені аяқта», «Бір айналыммен сөйлесу», «5-5-1», «Үш шеңбер» әдістерін пайдалану тиімді нәтиже береді. Себебі, тандаулы әдіс-тәсілдер оқушылардың шығармашылығын, сыни ойлауын дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, «Оқуға шақыру» тақырыбы бойынша «Кинолента» әдісі бойынша суреттерге диафильм құрау, «Күн шыққанда» тақырыбы бойынша «Бір айналыммен сөйлесу» әдісі бойынша мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру, «Көксерек» тақырыбы бойынша «5-5-1» әдісін пайдалана отырып мәтінді мазмұндау, «Жусан иісі» тақырыбы бойынша «Иә, жоқ» әдісі бойынша мәтіннен түсінгенін бекіту жұмыстарын жүргізу қолайлы және қызықты.

Менің ойымша, оқушылардың айтылым және тыңдалым дағдыларын дамыту үшін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажет.

«Radiotime», «Стопкадр», «Ашық микрофон» әдістерін, Wordwall net (<https://wordwall.net/ru>), ThingLink (<https://www.thinglink.com/>), LearningApps.org (<https://learningapps.org/>), Kitap.kz (<https://kitap.kz/audio-book>) каналдарын пайдаланған өте тиімді.

Жинақталған онлайн платформа, бағдарлама, каналдар оқытушылардың уақытын үнемдейді, сонымен қатар, оқу процесін жеңілдетеді. Себебі интерактивті сабақ – оқушылардың жадында міндетті түрде сақталады. Тыңдалым мен айтылым сөйлеу әрекеттерін дамыту барысында интерактивті құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Топтастырылған құралдар оқушылардың жас ерекшелігіне сай, сонымен қатар бұл құралдарды пайдалану арқылы әрбір ұстаз қазіргі замандағы білім алушылардың «Z» ұрпақ екендігін (цифрлық сауаттылығы бар балалар) ескереді.

Әдебиеттер

1. (<https://planetskills.info/aza-tilin-o-ytuda-y-zamanai-ba-darlamalar-men-dister/>), «Қазақ тілін оқытудағы заманауи бағдарламалар мен әдістер». Д.Е. Бекишева, 2021. – 1 б.
2. Қожакеева З., Елесбаева Ж., Болысбекова М. Тілдерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері. – Талдықорған: Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы МКМ, 2017. – 22 б.
3. Қожакеева З., Елесбаева Ж., Болысбекова М. Тілдерді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері. – Талдықорған: Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы МКМ, 2017. – 26 б.
4. (<https://melimde.com/sabata-oldanilat-in-jaa-tehnologiyalardi-edis-tesilderi.html?page=2>), «Сабақта қолданылатын жаңа технологиялардың әдіс-тәсілдері», 2 б.).

ҒТАХР 00.77

Л.Қ. Медеуқанова

«№27 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., medeukanova@mail.ru

ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА МОДЕЛЬДЕУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі таңда оқушының функционалды сауаттылығын дамытудың маңыздылығы мен қажеттілігі басым. Білім беруде жаңа, тың идеяларды жүзеге асыру арқылы жаңа қоғам азаматының дамуына жағдай жасау болып табылады. Жаңа қоғам азаматының креативті ойлауының дамуына, функционалдық сауаттылығының артуына ықпал ету мақсатында модельдеу әдісін пайдалану тиімді деп санаймын. Себебі, бастауыш сыныптан бастап модельдеуді әдісін қолдану оқушысының білім, білік дағдысының қалыптасып, дамуына ықпал етеді. Кескін, сызба, график, пиктограмма түрінде модельдеуді қолдану баланың креативті ойлауына әсер етеді, қол моторикасын дамытады, нәтижесінде интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері қалыптасады, тәжірибелік дағдыларды

меңгерді. Менің осы саладағы басты қызығушылығым – оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға, оны дамытуға жағдай жасау, оқу мотивациясын арттыру.

Модельдеу арқылы оқушының оқуға ынтасын ояту, функционалды сауаттылығын арттыру ұстаз үшін басты мақсат деп білемін. Пән сабақтарында модельдеуді қолдану арқылы оқу әдістерді жетілдіру, оның тиімділігін арттыру маңызды деп ойлаймын.

Жас ерекшелігіне сай оқу материалын түсіну, өз көзқарасын білдіру, білімді меңгеру маңызды. Осы орайда, модельдеу әдісін пайдалануды жөн көрдім.

Модельдеу әдісі – ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық процестер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге, тағы басқаға байланысты. Модельдеу кез келген затты мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модель зерттеліп жатқан объектінің (субъект) баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Сондықтан модельдеу танымның формасы, әдісі, әрі категориясы болып саналады.

Модельдеу екі түрге бөлінеді.

1) заттық модельдеу зерттеу объектісінің белгілі бір физикалық, геометриялық, динамикалық немесе функционалдық сипаттамаларын нақыштайтын модель жасау арқылы іске асады.


2) Идеалдық модельдеу кезінде модель ретінде сұлбалар, сызбалар, кескіндер, диаграммалар, табиғи және жасанды тілдердегі сөйлемдер, тағы басқа қолданылады. Мұндай модельдеу түріне математикалық модельдеу жатады.

Модельдеу танымның басқа да формалары мен әдістерімен (эксперимент, абстрактілеу, гипотеза ұсыну, теория құру, түсініктемелеу, тағы басқа) бірлесе отырып, адам білімінің тереңдей түсінуіне зор ықпал етеді. Баланың танымдық белсенділігін шыңдап, логикасын дамытады, және баланың өзін-өзі дамытуына ықпал етеді. Үлгерімі төмен және ерекше білімді қажет ететін оқушымен жұмыста аса маңызды.

Модельдеу арқылы оқытудың тиімді жүзеге асуы мен нәтижелігін зерттеп, өзім сабақ беретін 1 «В» сыныбында осы әдістерді сынамадан өткіздім. Арнайы дамыта оқыту бағдарламасын құрастырдым. Бағдарлама мазмұнына сай тапсырмалар дайындап, бұл әдісті күнделікті сабақ барысында пайдаланып келемін. Жүйелі қолдану нәтижесінде оқушылардың бұл әдістерді қабылдағанын көз жеткіздім. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Шығармашылық танытты. Оқуға ынтасы артты. Нәтижесінде, модельдеуді сабақта пайдалану оқушының тақырыпты меңгеруіне негіз болды.

Бұл әдісті зерттеп, зерделеп жүргеніме 5 жыл өтті. Осы уақыт аралығында 2019 жылы 1 сыныпта оқитын ерекше білімді қажет ететін Алижан есімді оқушымызды оқу жылының басында психолог, дефектолог және логопед мамандарының жүргізілген сараптамасына сай келесі көрсеткіштер белгілі болды. Модельдеуді пайдалану негізінде Алижан оқуды, санауды үйренді. Қорқыныш, үрейі жоғары болған оқушы бастапқыда тек мұғалім көмегімен, кейіннен жұпта, топта жұмыс жасап үйренді.







Карантинге дейінгі соңғы көрсеткіштерге (10.03.2020 ж.) сүйенсек, оқуға ынтасы 22%, таным процесі 32%, ақыл-ой деңгейі 20% артқандығы байқалды. Яғни, бұл әдістің ерекше білімді қажет ететін оқушымен жұмыста тиімділігіне көзім жетті. Оқушының оқуға ынтасы артты, сөйлеу тілі дамыды.

Практикалық жұмыстар барысында оқушылардың ойлау қабілеті, сонымен қатар баланың өз бетімен ізденуі, өзіне сенімділігі, ақыл-ой деңгейі және шығармашылық мүмкіндіктері қалыптасады, тәжірибелік дағдыларды меңгереді.

Модельдеу әдісін барлық пән сабақтарында пайдалану тиімді. Мысалы, «Әліппе» сабағы. Тақырыбы: Мен не үйрендім? Тапсырма:сөздегі дыбыс санын анықтайды. Сөздің дыбыстық сызбасын модельдейді.



«Жаратылыстану» сабағы. Тақырыбы: «Жабайы және үй жануарлары».Тапсырма: жануарларды сәйкесінше топтайды, пиктограммаға орналастырады. Сол топқа жататын жануардың суретін салып, қатарды толықтырады.



Оқушыларға оқу бағдарламасын берік меңгертуді көздеп, сабақта модельдеуді пайдалану арқылы нәтижелі жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік мол деп есептеймін.

Оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеті мен тәжірибелік дағдысының қалыптасуына септігін тигізетін тапсырма үлгілерін пайдалана отырып, сабақты жоспарлауға болады. Бұл тапсырмалар оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін дамытуға жағдай жасайды, баланы ізденуге, тұжырым жасай білуге,өзіндік дамуына ықпал етеді.

Жоғарыда айтылған модельдеу әдісін басшылыққа ала отырып, тәжірибемді жинақтап, білім беруде бұл әдістің оң нәтижесіне көз жеткізе отырып, 1 сынып оқушыларына арналған «Математика және модельдеу» дамыта оқыту бағдарламасын ұсынамын.

Бұл дамыта оқыту бағдарламасы, негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып құрылды. Бағдарлама оқушылардың жас ерекшелігіне лайықталып алынған. Бағдарламада тақырыптық-күнтізбелік жоспар және сабақта қолданылатын тапсырма үлгілері көрсетілген. Бағдарламада ұсынылған тапсырмалароқу мақсатының бағалау критерийлеріне сай нәтижелі орындалуын қамтамас етеді. Оқушылардың математикалық сауаттылығы, креативті ойлау жүйелілігі артады. Практикалық жұмыстар барысында оқушының ойлау қабілеті, сонымен қатар баланың өз бетімен ізденуі, өзіне сенімділігі, ақыл-ой деңгейі қалыптасады. Баланың шығармашылық шеберлігін бірден дамыту мүмкін емес. Сол себептен, кескін, сызба, график, пиктограмма түрінде модельдеуді қолдану баланың креативті ойлауына әсер етеді, қол моторикасы дамиды, нәтижесінде интеллектуалды және шығармашылық мүмкіндіктері қалыптасады, тәжірибелік дағдыларды меңгереді.

Сонымен, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруда модельдеу әдісін пайдалану және оны оқу үрдісіне енгізу тиімді деп есептеймін.

Әдебиет

1. Қосанов Б.М. және т.б. Дидактикалық материалдар. 1-4 сынып. – Алматы «Атамұра», 2000.
2. Хачатрян Э.В. Моделирование современного учебного занятия нового поколения. – М., 1989.
3. Занков Л.В. Наглядность и активизация учащихся в обучении. – М., 1988.

МРНТИ 14.25.07

И.А. Борисова, Р.А. Уалжанова

КГУ «Гимназия №6 г. Семей»

Республика Казахстан, г. Семей

irina.borisova2.66@mail.ru, ualzhanova.raush@mail.ru

ФОРМИРОВАНИЕ БЕГЛОГО ОСОЗНАННОГО ЧТЕНИЯ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ИДЕЙ Ш. КУДАЙБЕРДИЕВА

Современное социально-гуманитарное образование, если рассматривать его через призму идей Шакарима Кудайбердиева, сталкивается с рядом проблем [1].

Вот некоторые ключевые аспекты, которые можно выделить:

1. Упрощение содержания: В современных образовательных системах часто наблюдается тенденция к упрощению содержания гуманитарных дисциплин. Это может привести к потере глубины и критического осмысления, что противоречит идеям Шакарима о важности философского и морального поиска.

2. Разрыв между теорией и практикой: Шакарим подчёркивал значимость применения знаний на практике. В современных условиях часто наблюдается разрыв между академической теорией и реальными социальными проблемами, что затрудняет эффективное решение актуальных вопросов.

Вдохновляясь идеями Шакарима, нужно стремиться к интеграции традиционных культурных знаний с современными подходами. Это позволит создать более целостное и разнообразное образовательное пространство.

Шакарим Кудайбердиев в своих трудах подчёркивал значение глубокого осмысления прочитанного. Он рекомендовал педагогам воспитать в читателе не просто механическое восприятие текста, но и способность к рефлексии, критическому мышлению и осознанности.

Он считал, что такой подход поможет детям не только развивать речь, но и формировать более глубокое понимание мира и осознанное восприятие прочитанного.

В наше время, когда телевидение, компьютеры и различные гаджеты играют большую роль в жизни детей, мы, педагоги, стали замечать, что очень часто в первые классы приходят дети с логопедическими отклонениями. Это создаёт трудности в усвоении учебного материала.

Исходя из нашего опыта и опыта педагогов-новаторов, а также изучив новые технологии в обучении по данной проблеме, мы пришли к выводу, что на быстроту и осознанность чтения влияют многие факторы: уровень речевого развития, поле зрения, постановка дыхания, характер текста, образ слова (шрифт, чёткость печати), развитость антиципации (умение предвидеть следующую часть слова или последующее слово). Если уделять внимание всем этим факторам, темп чтения увеличивается на 50-100 %. Однако не следует забывать, что быстроту темпа обеспечивает прежде всего развитие речевого аппарата [2, 3].

На основе наших исследований и апробаций была создана программа «Тренируем. Развиваем. Читаем. Рассуждаем».

Для создания данной программы мы придерживались нескольких принципов:

1. Дифференцированный подход в обучение.

Учитывая, что у детей разные уровни готовности к школьному обучению, важно предлагать задания разной сложности и подходить к каждому ученику с учётом его особенностей. Методы Шалвы Амонашвили и идеи Шакарима Кудайбердиева здесь особенно полезны, поскольку они направлены на раскрытие внутреннего потенциала каждого ребенка.

2. Игровая форма обучения.

В возрасте 6-7 лет игра является ведущей деятельностью, поэтому наша программа содержит учебные задания, которые содержат игровые элементы. Это помогает поддерживать интерес к обучению, облегчает усвоение материала и делает процесс познания естественным и радостным.

3. Постепенное усложнение материала и адаптация учащихся к учебной деятельности. Программа «Тренируем. Развиваем. Читаем. Рассуждаем» учитывает принцип постепенности, начиная с простых заданий и переходя к более сложным.

4. Основываясь на подходах, вдохновленных Шакаримом Кудайбердиевым, в каждом занятии уделяется время на формирование навыков речи и мышления.

5. Воспитание патриотизма через включение в занятие регионального компонента. Шакарим считал важным сохранять и развивать родной язык. Использование национальных сказок, поговорок, пословиц помогает детям глубже понять язык, обогатить словарный запас и познакомиться с образным мышлением.

6. Активное вовлечение детей в диалог. Шакарим уделял внимание способности человека выражать и отстаивать свои мысли. Поэтому в обучении важно активно вовлекать детей в диалоги, задавать им вопросы, приглашать к обсуждению и поощрять их собственные высказывания, чтобы они научились свободно и уверенно выражать мысли.

7. Формирование эстетического восприятия через слово. Шакарим считал, что язык является инструментом передачи красоты и гармонии. Он рекомендовал предлагать детям произведения, которые помогут сформировать у детей эстетический вкус. Это могут быть стихи, музыкальные произведения, которые учат детей красоте языка и побуждают их к более выразительной речи.

Эти принципы помогают не только развить речь детей комплексно, но и научить осознанно и осмысленно читать и воспринимать информацию через глубокое культурное и нравственное содержание прочитанного. А это соответствует взглядам Шакарима на воспитание человека [4, 5].

Каждое занятие имеет определённую структуру:

- I. Развитие речевого аппарата и развивающие чёткость произношения.
 1. Дыхательная гимнастика
 2. Артикуляционная гимнастика
 3. Фонетическая зарядка
- II. Расширение оперативного поля чтения, развитие памяти и внимания.
- III. Развитие правильности, безошибочности восприятия.
- IV. Развитие смысловой догадки (антиципации) на различных уровнях.
- V. Развитие внимания к слову и его частям, как предпосылка правильного чтения.
- VI. Развитие скорости чтения при чтении вслух и молча.

Как видно из структуры, занятие начинаем с подготовки и развития речевого аппарата ребёнка. Во время разминки включаем упражнения на правильное произнесение звуков, на отработку дикции, на развитие голосового аппарата (произносим громко, тихо, шёпотом) темпа речи (произносим быстро, умеренно, медленно).

Покажем на примере одного занятия.

Занятие 1

1. Дыхательная гимнастика

- Вдох через нос, выдох через рот.
- Вдох – задержка дыхания – выдох.
- Вдох – выдох порциями.
- Вдох – задуваем свечку.
- Вдох – задуваем 1000 свечей.
- Вдох – считаем: у ежа ежата 1,2,3,4.....(на сколько хватит дыхания); у ужа ужата 1,2,3,4....

2. Артикуляционная гимнастика

Все звуки произносятся чётко, громко, соблюдается правильная артикуляция.

А) вдох, на выдохе читаем скачками, в конце каждой строки делаем вдох

И – и – и – и – и

О – о – о – о – о – о

А – а – а – а – а – а

У – у – у – у – у – у

Б) подряд и выборочно

И Э О А У Ы

О У А Ы Э И

Ы А И Э О У

В) в различных сочетаниях

И-Э, А-У У-О

И-А, А-Э У-А

И-О, А-Ы У-Ы

И-У, А-И У-Э

3. Чтение букв в таблице (читать строчкой, столбиком). Найди в таблице буквы Б, П, Г, К, Д, Т.

| | | | | | | | | | | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |

4. Определи первый звук каждого слова и соотнеси с буквой:



Щ



А



К

Р



Ф

Г

Ш



Придумай свои слова на эти буквы.

5. Упражнения для развития речевого аппарата, скороговорки.

Наша дочь речистая, у нее речь чистая.

*6. Прочитай, подчеркни красным карандашом гласные буквы.

Раздели слова на слоги вертикальной линией.

Наша Родина – Казахстан!

Столица нашей Родины – город Астана.

Мой родной город - Семей!

Мы пришли к выводу, что к чтению нужно переходить только после тщательной работы над развитием речевого аппарата, чётким произношением, развитием памяти, внимания безошибочным восприятием информации.

Таким образом, идеи Шакарима могут служить основой для анализа и развития современного социально-гуманитарного образования, предлагая пути решения существующих проблем и открывая новые перспективы для его эволюции.

Литература

1. <https://adebiportal.kz/ru/authors/about/60>
2. Госстандарт Образования РК
3. Васильева М.С., Оморокова М.И., Светловская Н.Н. Актуальные проблемы обучения чтению в начальных классах. – М., Педагогика, 1997.
4. Зайцев В.Н. Резервы обучения чтению. – М., Просвещение, 1991 г.
5. Козырева А.С., Яковлева В.И. Виды работ над текстом на уроках чтения // Начальная школа. – 1990. – №3. – С. 67-69.

ҒТАХР: 17.82.30

Л.Т. Оспанова

«№16 Т. Аманов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., ospanova1009@mail.ru

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – РУХАНИ ТӘРБИЕ КӨЗІ

Адам бойындағы адалдық, отансүйгіштік, бауырмалдық қасиеттер-қазақ болмысындағы ерекше құбылыс. Осы мәселерді бір ауыз сөзбен өз қара сөздерінде айтып кеткен данышпан Абайдың шығармашылығын үш тілде жастарға үйретудің тиімді жақтарын қарастыру. Абайдың айтқан маржан ойларын жастар түсінігіне лайықтап, бойына сіңіру, терең мағынасын меңгеру. ұрпағымыздың рухани болмысын, отансүйгіштік санасын жат пиғылдылар үгітінен аман сақтау үшін, оларды Абай сөздері арқылы үнемі нәрлендіріп отыру жолдарын қарастыру. Үш тілде жазылған, видео, аудиомен жабдықталған, оқушыларға лайықтап жасалған кітапша ұсыну.

Мақсаты

Бүгінде көзге көрінбей жүріп жатқан адам санасы үшін күресте өз ұлттық болмасынан айырылып қалмау жолындағы жұмысты жандандыру. Жаһандану құбылыстарына жұтылып кетпеудің бір жолы – Абай қара сөздерін бала санасына ұғындыру, мәнін жеткіуді үш тілде меңгерту.

Жаңалығы

Абайдың өмірін, үш тілде жазылған қара сөздерін қолжетімді, уақыт үнемдеу мақсатында QR-кодпен ұсыну.

Бүгінгі күнде жастар өзінің ұлттық болмысын өз қалауымен, саналы түрде қалыптастыруы қажет. Ұлттық болмыс дегенде алдымен, өз ұлтын қалтқысыз сүйетін, ана тілін толық меңгерген, ұлтының әдет-ғұрпын жүрегімен қабылдайтын, пайдалана білетін, ұлт санасы туралы түсінігі болумен, отбасын құрметтей білетін, оғаш мінездерден аулақ тұлға елестейтіні сөзсіз. Осы орайда көмекке келетін – Абайдың "Қара сөздері". Ол оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, өмірдің мәнін түсінуге, адамгершілік қағидаларын меңгеруге көмектеседі. "Қара сөздер" арқылы оқушылар өздерінің ішкі дүниесін танып, өмірдегі мақсаттарын анықтауға, қоршаған ортаға деген көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Абайды дана деп бүкіл әлем мойындады. Ал, сол Абайдың данышпан ойларын жаңа заман жастарының көзқарасы арқылы оларға қалай сіңіруге болады деген үлкен мәселе. Осы орайда, менің ойыма мектебімізде 4-5 жыл бұрын құрылған «Абай әлеміне саяхат» клубының жұмысы оралды.

2-сынып оқушысынан бастап, 11-сынып оқушыларына дейін жаттап жүрген сол қара сөздерді зерттеп, үш тілде қалай аударылғанын, әр қара сөздің қай жерінен қандай үзінді алынды екен деген ой қызықтарғанына біраз уақыт болды.

Қазіргі кезде өздеріңіз күнде естіп, оқып жүргендеріңіздей көптілділік туралы біздің қоғамда әр қилы пікір қалыптасқан. Біреулер қолдайды, біреулерге ұнамайды.

Абайдың шығармашылығында, әсіресе қара сөздерінде ұлттық нақыш айқын сезіледі. Онда ұлтымыздың салты мен тұрмысы, сенімі мен тілі көрініс тапқан. Түсініп оқыған жанға ұлт рухы нәзік сезіліп тұрады. Сондықтан уақыт өте келе ерекше бағаланып, «Абай әлемі» деген ұғым пайда болды. Осы әлемге терең бойлап, сөз маржанан теріп, ақынның асыл ойларын түсіну үшін әрі жастардың түсінігіне лайықтап, қара сөздің бәрін емес, тек ішіндегі түйінін алып, оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде меңгерту мақсатында еліміздің орта мектептерінде «Абай әлеміне саяхат» клубтары ашылғанын білесіздер.

«Абай әлеміне саяхат» клубының мақсаты – жас ұрпақтың бойына елін сүюдің рухани дәнін сіңіру. «Абай әлеміне саяхат» жастардың бойында ұлттық бірегейліктің саналы түрде қалыптасуына ықпал етеді. Ең алдымен халқыңды сүю, ана тілінді білу, ұлттық дәстүрлерді бар сана-сезіміңмен қабылдау, ұлттық сана жайлы түсінік қалыптастыру, әрине, Отаныңды, өз отбасыңды қадірлей білу. Осындай асыл қасиеттерді ақын өзінің өлеңдері мен шығармаларында, қара сөздерінде тынбай насихаттады.

Ғалым Қ. Кенжеғалиевтің пікірінше, Абай Құнанбаевтың "Қара сөздері" өзінің маңыздылығы жағынан Ж.Ж. Руссоның "Эмиль немесе тәрбие туралы", Я.А. Коменскийдің "Дидактика", А.С. Макаренконың "Педагогикалық поэмасы", К.Д. Ушинскийдің "Еңбектің психикалық және тәрбиелік мәні" туындыларына тең. Ендеше, басқа ұлт жанашырлары өз жастарына осы шығармаларды тәрбиедегі ең басты құрал деп, бала тәрбиесінде қолданса, біз де солай күнделікті қолданып, бала санасына неге сіңірмеске деген ой туады.

Міне, осы Абайдың әлемін түсіну мақсатында 2018 жылдан бастап мектептерде Абайдың 45 қара сөзінен алынған үзінділерді жаттау жұмыстары басталып кетті. Бүгінде еліміздің барлық мектептерінде Абай өлеңдерін үш тілде жаттап, қара сөздерін үш тілде айтатын клуб өз жұмысын атқарып жатыр.

Жалпы аударма жұмысы өте күрделі де, қызықты әрі жауапты жұмыс. Көркем аударма жасау үшін шет тілін жақсы меңгеру аздық етеді. Аударғалы тұрған ақынның не жазушының сол шығармадағы ойын дөп басып тану, оны көркем түрде жеткізу аманатпен бірдей дейтін едім. Абайдың қара сөздері-философиялық шығарма. Абайдың сол қара сөздерін көркем аударып, жас ұрпақтың жүрегіне жететіндей сөздермен өріп беру-аудармашыдан өте терең білімді, алдымен Абайды түсінуді талап етері сөзсіз. Олай болса, сол қара сөздерді үш тілде жаттап тұрған бала да түпкі ойды түсіне біліп, жүрегіне жеткізе алу шарт. Сондықтан мектеп жасындағы балаларға үш тілде оқыту барысында оны тек 8-сыныптан бастаған жөн дер едім. 5-7 сынып оқушыларына барып, жаттағандарын сұрап

көргенімде, олардың тек механикалы түрде жаттағанын байқадым. Ал, жоғары сынып оқушылары біраз ойлы түрде мағынасын, ақынның айтпақ ойын түсінуге талпынғанын көреміз. Сондықтан, Абайдың қара сөздерін болашақта колледж студенттеріне де оқытса, жаттатса, талдатса нұр үстіне нұр болар еді.

Енді сіздермен осы 45 қара сөздің қандай үзіндісі қалай аударылғандығына, оның бала санасын қалыптастыруда қаншалықты рол атқара алатынына талдау жасап көрейік және осы қара сөздердің үш тілде жасалған кітапшасынан үлгі ретінде үш тілде жасалған, қолжетімді ететін QR-кодтарын ұсынамын.

Бірінші тұрған QR-код Абайдың қара сөздерінің қазақ тіліндегі ютуб каналындағы видеосы көруге арналса, соңында тұрған QR-код қара сөздің үш тілдегі аудио жазбасы.

Бірінші сөзден

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ. Абай, 1890



Из «Слово Первое»

Наконец решил: бумага и чернила станут отныне моим утешением, буду записывать свои мысли. Если кто найдет в них нужное для себя слово, пусть перепишет или запомнит. Окажутся не нужными мои слова людям – останутся при мне. И нет у меня теперь иных забот. Абай, 1890

From the first word

Finally, I thought: pen and paper shall be my only solace, and I shall set down my thoughts. Should anyone find something useful here, let him copy it down or memorise it. And if no one has any need of my words, they will remain with me anyway.

And now I have no other concern than that. («Абай әлеміне саяхат» клубының ақпаратынан)

Осы «Бірінші сөздің аудармасында ең керекті үзінді алынған деп есептеймін. Өйткені, бұл сөзді не үшін жазғаны туралы ой нақты, қысқа берілген. Керек адам керегін алады, қажет емес десе өз сөзім өзімдікі дейді. оны орысша оқыған немесе ағылшынша оқыған бала сөздің тобықтай түйінін түсіне алар еді.



Төртінші сөзден



Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

Из «Слово Четвертое»

Жить хитростью, обманом, попрошайничеством – удел бездарных проходимцев. Веруй в Бога, надейся на свое умение и силы. На честный и самоотверженный труд даже твердь земная ответит всходами.

From the fourth word

To live by lies, deceit and begging is the lot of good-for-nothing rogues. Put your faith in the Lord, and trust in your own powers and abilities. Even the hardest earth will yield good crops to honest and selfless toil.

Мына бір төртінші сөзге назар аударсақ: қандай тамаша өнеге тұнып тұр. Қу болу, көзсүзіп сұрай беру, адамнан пайда іздеп жүру – мұның бәрі иттің ісі дейді. Қазақ адамгершіліктен жұрдай болғанда сол адамды итке теңейді. Одан дұрыс өмір сүру үшін еңбек ет, өз қайратыңа сүйен дейді. орысшада өнерсіз ит сөзін проходимцы деп аударса, ағылшын тілінде nothing rogues деп қолынан түк келмес жалқауға теңейді.

Алтыншы сөзден

Кеселді жалқау, қылжақбас,
Әзір тамақ, әзір ас,



Сыртың – пысық, ішің – нас,
Артын ойлап ұялмас, – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ
бұйрықты өлімнің өзі артық.

Из «Слово Шестое»

Бездельник, лживый зубоскал,
Нахлебник и нахал.
В душе холуй, на вид удал
Не ведает стыда.

Будучи таким, не сочти себя за живого. Праведная смерть предпочтительнее такой жизни.

From "the sixth word"

A loafer and a sycophant, A hanger-on and an impudent fellow,
Valiant in his looks but craven in his heart, Has no sense of shame. If you are like that, do not
imagine yourself to be alive. A righteous death will then be better than such an existence.

Еңбек ету туралы ойларын Абай алтыншы қара сөзінде жалғастырады. Еңбек етпейтін адамды ұятсыз дейді. Не ведает стыда деп орыс тілінде ой түсінікті беріледі. Ағылшын тілінде өлең түрінде емес қара сөзбен аударма жасап, ақынның ойын балама, ойына жақын сөздермен беруге тырысады.

Тағы ғылыми зерттеулерге жүгінсек, ғалым Дэвид Айткын ағылшын тіліндегі мен орыс тілде ғалымдар Р.Сейсенбаев пен Қ.Серікбаеваның нұсқаларының аудармасы Абайдың әр сөзінің ойын жеткізе отырып, түпнұсқаға толық сәйкес келетінін айтқан. Бұдан біздің байқағанымыз Абайдың қара сөздерін аударуға дүние жүзі ғалымдарының көңіл бөліп отырғаны.

Он төртінші сөзден



Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі – пәлеге, жаманшылыққа еліртпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе Құдайға терістіктен, не ар мен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жиып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

Из «Слово Четырнадцатое»

Те, кого люди называют крепкими джигитами, храбрыми джигитами, ловкими джигитами, чаще всего подбивают друг друга на темные, скверные дела.

Если человек, предавшись дурным поступкам, безудержному бахвальству, не в силах остановиться и взыскать с себя, не пытается очиститься перед Богом или собственной совестью, как назвать такого джигитом?

Впору задаться вопросом – человек ли он?

From the fourteenth word

Those who are praised as stout dzhighits, brave and clever, will more often than not put each other up to dark, sordid deeds. Their blind aping of one another and daredevil capers are a frequent cause of misfortunes.

If a man who has indulged in evil and in unbridled bragging cannot stop and chasten himself, and does not attempt to cleanse himself before God or his own conscience – how can he be called a dzhightit? One may well question whether he can be called a man.



Он төртінші қара сөздегі мақтанға салыну, елдің мақтаған сөзіне сену туралы өте ұтымды үзіндісі таңдап алынған. Мақтанға салынған адам оның артын ойламай жаманшылық істерге тез салынатынын айта отырып, өзіне өзі есеп беріп отырмаса, ондай адамды тәуір кісі тұрмақ адам деуге келе ме дейді? қандай дәл тауып, шындық өмірден алынған сөз. Мұндай өнеге сөздер телефонмен тәрбие алып келе жатқан жастар үшін өте маңызды. Сондықтан Абайдың осындай үш тілде аударылған қара сөздерін мектепте

үйретумен қатар, орта білім беретін колледждердің бағдарламасына енгізсе деген арманым бар. Арнайы пән болмаса да сабақ кестесінде тұратын, аптасына бір рет болатын, таңдау пәні ретінде енгізсе болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін пайдасы ұшан-теңіз болар еді.

Он сегізінші сөзден



Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

Из «Слово Восемнадцатое»

Человек должен отличаться от других умом, знаниями, волей, совестью, хорошим нравом. Думать, что можно возвыситься иначе, может только глупец.

From the eighteenth word. A human being should distinguish himself by virtue of his reason, knowledge, will, conscience and goodness. Only a fool thinks he can gain distinction by other means.

Он сегізінші қара сөз көлемі жағынан біраз жазылған. Бірақ баланың жас ерекшелігі мен, сөздің ең пайдалы нақты түйінін алғанда осы бір сөйлемге адам өмірінің барлық мәні сыйып тұр. Замандасыңның алды болғың келсе, мал жинама, білім жи дейді. Осылайша әр қара сөзді үш тілде білген бала болашақта шет елге шыққанда, қазақты таныту үшін осындай қара сөздерден мысал келтіре отырып, Абайды да, қазақты да әлемге танытар еді.



Жиырма бесінші сөзден

Балаларды оқытқан да жақсы.

Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз қорлығына көнбес едік.

Из «Слово Двадцать Пятое»

Хорошо бы дать казахским детям образование

Стремись научить детей честным и разумным трудом добыватьсвоей хлеб, пусть другие последуют доброму примеру, тогда мы не будем терпеть произвол вельможничающих русских, коль у них нет единого для всех закона. Нужно учиться, чтобы узнать то, что знают другие народы, чтобы стать равными среди них, чтобы стать защитой и опорой для своего народа.

From the twenty fifth word

It would be good if Kazakh children could get an education.

Seek to teach your children to earn their bread by honest and purposeful work, and let other people follow your example; then we shall not endure the arbitrary ways of Russian grandees, for they have no law that applies equally to all.

Жиырма бесінші қара сөзінің түйіні – оқу, білім алу жайында. Қазаққа болашағын жарқын болсын десең, мал жиғанша балаң білім жисын дейді. Балаға білім үйреткенде өзі үшін емес, ел болып басқа халық қатарына қосылайық деген ниетпен оқыту қажетін айтады.

Қорыта келгенде, «Абай түбі терең мұхит қой, мен одан қасықтап қана алдым», деген Мұхтар Әуезовтің сөзін басшылыққа ала отырып, Абайды тану- өмірлік бағдарды танумен бірдей демекпін. Ең бастысы, Абайды тану жұмысына тек әдебиетшілер мен ғалымдар ғана емес, өсіп келе жатқан ұрпақты да тарту өте маңызды. Бір ғасырдан астам уақыт бұрын ол ағартушылық, еңбек, халықтың рухани бірлігі сияқты жалпыадамзаттық мұраттар туралы ойлады. Сондықтан оның шығармаларының тәрбиелік мәні ерекше. Оны үш тілде меңгеруден ешқандай зиян болмайды деп ойлаймын. Қазіргі кезде орысша сөйлеп, ағылшын тілін үйренуге талап кылып жүрген жастарға қай тілі түсінікті болса, сол тілде меңгеріп, ең бастысы мәнін түсуге оңай болатыны сөзсіз.

Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы, оның шығармалары ұлттық рухтың, мәдениеттің және білімнің символы болып табылады. Оның өлеңдері мен қара сөздері терең философиялық ойлармен, адамгершілік қағидаларымен, табиғаттың сұлулығын танытумен

толы. Бүгінгі жас ұрпақ үшін Абай шығармалары тек әдеби мұра емес, сонымен қатар өмірлік бағдар, рухани азық болып табылады.

Ұсыныс: Абайдың үш тілде аударылған қара сөздерінен жасалған, видео, аудиосы бар кітапша ұсынылады. Қара сөздерді оқыту, мәнін түсіну үшін жоғары сынып оқушыларымен бірге колледж студенттеріне де оқытылса деген ойым бар.

Әдебиет

1. Құнанбайұлы А. Қара сөз. – Алматы, 2022.
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының», Бас редакциясы «Атамұра» баспасы, 2021.
3. Халиуллаев С., Аққалиева А. «Абайдың қара сөздерін ағылшын тіліне аудару кезіндегі лексикалық мағынасының сақталуы» мақала. – «Intet Conf» журналы, №157.
4. Мұсалы Л., Даутова Б. «Абайдың қара сөздері – аудармадағы көрінісі» мақала. – «Bilim-all» сайтынан.
5. Назарбекұлы С. «Абай әлеміне саяхат» клубының материалдары, 2018.

ҒТАХР 14.23.09

М.Ғ. Жаңабаева

Астана Халықаралық Университеті
Қазақстан Республикасы, Астана қ., janabaimerei@gmail.com

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Еліміздің білім беру саласында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үлкен рөл атқарады. Бұл кезең балалардың рухани, моральдық, мәдени және әлеуметтік дамуының негізін қалау үшін өте маңызды. Бүгінгі таңда қоғамда ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбиенің маңыздылығы артып келеді. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие беру мақсатында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындауда. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбиені заманауи тәсілдермен жүзеге асырудың мәні, әдістері мен артықшылықтары қарастырылады.

Ұлттық тәрбие мен оның мақсаты

Ұлттық тәрбие – қазақ халқының мәдени, тарихи және рухани құндылықтарын, салт-дәстүрлері мен ұлттық мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру. Ұлттық тәрбие арқылы балаларды Отанға деген сүйіспеншілікке, үлкенді құрметтеуге, адамгершілікке және еңбекке баулу мақсатында жүзеге асырылады. Бұл тәрбие балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, өз халқының тарихын, тілін, өнерін түсінуге және қадірлеуге тәрбиелейді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басты мақсаты – еліміздің болашақ азаматтарын дайындау, сондықтан ұлттық тәрбие міндетті түрде білім беру үдерісінің маңызды бөлігіне айналуы қажет. Мектепке дейінгі жастағы балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру олардың келешек өмірінде де үлкен рөл атқарып, рухани даму негізін қалыптастырады.

Заманауи тәсілдер арқылы ұлттық тәрбие беру әдістері

Ұлттық тәрбиені тиімді жүзеге асыру үшін заманауи педагогикалық тәсілдер мен инновациялық әдістерді қолдану маңызды. Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың ұлттық сана-сезімін арттыру және мәдениетке баулу үшін келесі әдістерді пайдалануға болады:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

Бүгінгі таңда балалардың ақпаратты тез қабылдап, түсіну қабілеті жоғары. Сондықтан ұлттық тәрбиені тиімді жеткізу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану тиімді болып табылады. Мысалы, қазақ ертегілерін, мақал-мәтелдерін, әндері мен билерін мультимедиялық құралдар арқылы көрсету балаларға қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, қазақ мәдениетінің түрлі аспектілерін қамтитын анимациялық

бейнероликтер, интерактивті ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға болады.

2. Ойын технологияларын пайдалану

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың басты іс-әрекеті. Ұлттық тәрбие беру барысында ұлттық ойындарды қолдану балаларды салт-дәстүрлерге баулудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. «Қыз қуу», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ» сынды ұлттық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттырып, бір жағынан олардың зейінін шоғырландыруға, ептілігін дамытуға көмектеседі. Ұлттық ойындар арқылы балалар тек ойын ойнап қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, өз халқының мәдениетін үйренеді.

3. Жобалау әдісі

Жобалау әдісі арқылы балаларға нақты бір тақырыпта зерттеу жүргізіп, өз бетімен білім алуға мүмкіндік беріледі. Мысалы, «Қазақтың ұлттық киімдері», «Қазақтың тағамдары», «Қазақтың ұлттық қолөнері» сияқты жобаларды жүзеге асыру арқылы балалардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыруға болады. Балалар бұл жобалар арқылы ата-аналарымен, тәрбиешілерімен бірге жұмыс істеп, ұлттық мәдениетті тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

4. Мультимедиалық презентациялар мен электронды кітаптар

Балалардың жас ерекшелігіне сай арнайы мультимедиалық презентациялар мен электронды кітаптарды пайдалану да тиімді. Қазіргі заманда ұлттық ертегілер мен аңыздарды, мақал-мәтелдерді мультимедиалық форматта ұсыну арқылы балаларға олардың мәнін түсіндіру жеңілдейді. Мысалы, қазақ ертегілерінің кейіпкерлері мен оқиғаларын заманауи графикалық құралдармен безендірілген анимациялық форматта көрсету арқылы балалардың қызығушылығын арттыруға болады.

5. Дәстүрлі ән мен күйді тыңдату және үйрету

Қазақ халқының ұлттық музыкасымен танысу арқылы балалар қазақ мәдениетін тереңірек сезінеді. Дәстүрлі әндер мен күйлерді тыңдату арқылы балалардың ұлттық сана-сезімін оятып, қазақ мәдениетіне деген құрметін қалыптастыруға болады. Сонымен қатар, балаларға ұлттық аспаптармен таныстыру, олардың дыбыстарын естіп, сезіну арқылы олардың мәдениетке деген қызығушылығы оянады.

Ұлттық тәрбие беруде ата-аналардың рөлі

Ұлттық тәрбиені тиімді беру үшін ата-аналардың да рөлі өте маңызды. Ата-аналар балаларымен бірге ұлттық ойындар ойнап, қазақтың салт-дәстүрлерін түсіндіріп, мәдениетке байланысты түрлі іс-шараларға қатысуы керек. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері ата-аналармен тығыз байланыста болып, оларға ұлттық тәрбие берудің маңыздылығын түсіндіріп, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру арқылы ұлттық құндылықтарды балалардың бойына сіңіруге көмектесуі қажет.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ұлттық тәрбие берудің артықшылықтары

1. Мәдениетке деген құрмет қалыптастыру: Мектепке дейінгі кезеңде ұлттық тәрбие беру арқылы балалардың өз мәдениетіне деген сүйіспеншілігін оятуға болады. Бұл болашақта оларды басқа мәдениеттерге де сыйластықпен қарауға тәрбиелейді.

2. Рухани және адамгершілік қасиеттерді дамыту: Ұлттық тәрбие беру арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке, қамқорлыққа баулу мүмкіндігі бар. Қазақ халқының салт-дәстүрлерінде үлкендерді құрметтеу, кішіге ізет көрсету, әділдік, адалдық сияқты рухани қасиеттер үлкен орын алады.

3. Отбасы құндылықтарын нығайту: Мектепке дейінгі кезеңде ұлттық тәрбие беру балаларды отбасылық құндылықтарға баулиды. Ұлттық құндылықтар арқылы балалар ата-анаға, ата-әжеге деген құрметті түсініп, олармен байланысын нығайтады.

4. Тілдік және сөйлеу дағдыларын дамыту: Қазақ тілі мен әдебиеті ұлттық тәрбиенің негізі болып табылады. Мектепке дейінгі жаста балалардың ана тілін жетік меңгеруіне

ұлттық ертегілер, әндер мен тақпақтар үлкен ықпал етеді. Бұл тіл байлығын дамытуға, сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі.

5. Патриоттық сезім қалыптастыру: Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық тәрбие беру арқылы балаларды патриоттық сезімге тәрбиелеуге болады. Туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру ұлттық тәрбиенің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қорытынды

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ұлттық тәрбие беру маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Бұл балаларды ұлттық құндылықтармен, мәдениетпен, тарихпен таныстыру арқылы патриоттық сезімін оятып, рухани және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Заманауи педагогикалық тәсілдер мен инновациялық әдістерді пайдалану арқылы ұлттық тәрбиені қызықты және тиімді етуге болады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ойын технологияларын, мультимедиалық құралдарды қолдану, ұлттық ойындар мен музыка арқылы балаларға ұлттық тәрбиені сіңіру Қазақстанның болашақ азаматтарын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Ұлттық тәрбие балалардың жеке тұлғалық қалыптасуында үлкен маңызға ие, сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды әрі қарай дамытып, қолдау көрсету қоғамның міндеті.

Әдебиет

1. Бегалиева А.С. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ұлттық тәрбие // Педагогика мәселелері журналы. – 2018. – 2(1). – 15-22.
2. Жұмабекова Ф.М. Балабақшаларда ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері // Білім беру және ұлттық мәдениет. – 2019. – 3(4). – 40-45.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты. – Астана: БҒМ, 2018.
4. Сағындықова А.Қ. Балаларға ұлттық тәрбие беру әдістері мен технологиялары // Қазақстан мектебі журналы. – 2020. – 4(2). – С. 12-18.
5. Тұрғанбаева Г.Т. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойындар арқылы тәрбие беру. Ұлттық мәдениет және білім беру. – 2017. – 1(3). – С. 33-38.
6. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары / Құрастырған Ж. Байдосов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019.
7. Әбділдинова Р.С. Қазақ тілінде ұлттық тәрбие беру: инновациялық әдістер // Педагогикалық ғылымдар журналы. – 2018. – 5(1). – С. 25-30.
8. Исқақова М.С. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ұлттық тәрбие беру // Білім және ғылым әлемі. – 2020. – 6(2). – С. 17-23.
9. Республикалық ғылыми-практикалық орталық. Балабақшадағы қазақ халқының ұлттық құндылықтарын енгізу. – Нұр-Сұлтан: РҒПО баспасы, 2019.
10. Жүнісова А.А. Мектепке дейінгі жастағы балаларды қазақ халқының мәдениетімен таныстыру // Білім беру технологиялары. – 2021. – 8(4). – С. 28-35.

ҒТАХР 02.01.07

С.Е. Мубаракова

Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан Республикасы, Семей қ., mubarakova_saliha@mail.ru

ШӘРБАНУ БЕЙСЕНОВА – ӘЙЕЛ ӘЛЕМІНІҢ ЖЫРШЫСЫ

Әйел – адамзат қоғамындағы ерекше тұлға. Сұлулық пен махаббаттың, нәзіктік пен мейрімнің, адалдықпен жауапкершіліктің символы. Тарихқа үңілсек, әйелдер ертеден бері мәдениетке, өнерге, ғылымға және қоғам өмірінің түрлі салаларына белсене қатысып елеулі

рөл атқарып келеді. Әйел адамының үлкен бір миссиясы отбасы өміріндегі рөлі. Ол ана ретінде бала тәрбиесіне, оларды адамгершілікке, еңбекке баулуға зор үлес қосады.

Қазақ халқы ананы ерекше құрметтеген, ана туралы көптеген өлең-жырлар жазған. Ана бір қолмен бесікті тербетсе, Шәрбану Бейсенова қаламымен әлемді тербеген.

Бейсенова Шәрбану Қонақбайқызы – Шығыс Қазақстан өңірінен шыққан тұлғалы қаламгер әрі журналист. Әйел тақырыбында сөз қозғаған дара тұлғалардың бірегейі. «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Шығармашылық өмірін журналистикадан бастап, біртіндеп әдебиетке қадам басқан көрнекті жазушылардың бірі. Қазақ әйелдерінің болмысын, тұрмысын, мінезіне дейін көркемдеп берген, сондай-ақ батыр аналарымыз жайында ірі тұлғалы әйелдердің тарихын зерттеген.

Жазушының әрбір қаламынан шыққан әйел образдары қарапайым тұлғалар болған. Шәрбану Бейсенованың шығармасында қазақтың ерекше иісі бар, нақтырақ айтқанда ақжаулықты аналарымыздың ақжарқын көңілдері, адал да таза табиғаттың иісі шығатынын байқауға болады. Еңбек жолын республикалық «Парасат» (бұрынғы «Мәдениет және тұрмыс») журналынан бастаған. Кейіннен «Қазақстан әйелдері» журналында 18 жыл табан аудармай қызмет еткен. Журналдың басты бетінде қазақтың батыр әйелдерінің бейнелері бейнеленген. Өз заманындағы қазақ әйелдерінің образын іздеп, тауып алып мәтінмен көркемдеп журналға түсірген. Сол жылдары «Қазақстан әйелдері» журналы 490 мың тиражбен шықты. Ең алғаш тілге, әдебиетке қызығушылығын ашқан өзінің анасы болған екен. Жастайынан Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы», Шәрбану Құмардың «Қыз сыры» сынды кітаптарды жас Шәрбанудың қолына ұстатып, әдебиетке деген құштарлығын ашқан. Содан бері әдебиеттен бір елі алыстамаған. Анасынан кейінгі өзінің жұбайы да Шәрбану Бейсенованың қалам тербеуіне көмек қолын созып, жазған туындаларын сүзгіден өткізіп отырған.

«Сүзгенің соңғы күндері» хикаяттар мен әңгімелер жинағы, «Сезімтал жүрек» повесттер мен әңгімелері, «Бір махаббат баяны», «Топ жарған қыздар» очерктері, «Мизамшуақ» әңгімелер жинағы, «Тағлымды тағдырлар» сұхбаттар, эссе, портреттер сынды кітаптары жарыққа шыққан. Әйел адамның психологиясын, төзімділігін, қайсарлығын көрсеткен туындысы Зағипа шағын повесі. Бұл повеске тоқталып кетсем. Оқырманның оқуына өте жеңіл туындылардың бірі десем болады. Шығарма желісінде Зағипаның өмірі жайында қозғалады. Тұрмыс-тіршілігі, отбасылық құндылықтары баса назарда. Атасының әр кезде Зағипаны қолдауы ерекше бейнеленген. Сюжетте күйеуі ішімдікке салынған, ұрып-соғу, әйел адамға қорлық көрсетілуі шығарма желісінде айқын сомдалған. Алайда бұнын барлығына төзген Зағипаның сабырлығы, төзімділігі жақсы бейнеленген. Повестін ең соңғы бөлімінде қайсар мінезбен төзімділіктің, шыдамдылықтың арқасында әйел адамның ақылдылығынан өзінің ер адамын дұрыс жолға салғанын көрсетеді. Жастайынан білімнен мақрұм қалған Зағипа дәрігер болуды армандаған екен. Сол арманын орындау үшін ол дәрігерлер институтына түсуді жоспарға қояды.

Расында да автор қазіргі замандағы болып жатқан қасіреттерді, ұрпақ тәрбиесіндегі кеткен кемшіліктерді, отбасында жиі болатын ажырасу проблемаларын, әйелдерге зорлық-зомбылық көрсету секілді әрекеттерге тоқталып, осының барлығын зерттеп, зерделеуге өмірін арнағаны аңғарылады.

Сондай-ақ Шәрбану Бейсенова Кеңес одағының батыры Әлия Молдағұлованың туысы Сапурамен сұхбат жүргізген болатын. Бұл сұхбатта гүлдей нәзік, тастай берік Әлия апамыздың өмірбаяны жайында тың дерекке толы ақпараттар берді. Қатыгез соғыс жылдарындағы қиын заманның көрінісін Сапура апамыз өз сұхбатында баяндады. Сұхбатқа тоқтала кетсем. Алты жасында Алияның анасы дүниеден өтіп, әкесі Нұрмұханбет екі баласымен қалады екен. Ер адамға екі баланы бірдей бағу қиынға соғады деп, Алияны нағашыларына береді. Жастайынан Алия мен Сапура қозы-лақтай бірге өседі. Кейін соғыс басталды деген хабар жетеді. Сол кезде Әлия «Осында қалып мектепті бітіремін. Қажет болса, қолыма қару алып, ыстық ұя, алтын бесік болған, өзім бауыр басқан аяулы қаланы жаудан қорғаймын» [1, 170] – деп отырып алады екен. 1941 жылы 10 шілдеде Сапура мен

Әлия бір-бірінен осылай ажырайды. Сапура жеңгесімен басқа қалаға кетіп, Әлия өзінің ауылында қалады. Содан бері Сапура Әлиядан тек соғыс хаттарын алып отырады. Қазір алып қарайтын болсақ Әлия апамыздың артынан текжазған хаттары қалған. Біз бұл хаттардыорталық мемлекет архивінен көре аламыз. Бұл сұхбатты оқып отырған кезде Әлия апамыздың мына бір жазған хатына мән бердім. Әлия Молдағұлованың мергендер мектебінен жолдаған бірінші хаты екен:

«Сәлемет пе, менің сүйкімді Сапурам!

Көп уақыт хабарсыз кеткен, өзіңе ең жақын жандардың дерегін білудің теңдессіз бақыт екенін сен сезесің бе!

Кеше 14 мамыр күні, ағатайымнан хат алып, жеңешем екеуіңнің амандықтарыңды, қайда тұратындарыңды біліп, осы хатты жазып отырмын» [2, 177] – деп бастап, өзінің жағдайын қысқаша баяндапты

Ең соңғы хатты 1944 жылы 13 қаңтарда келеді екен. Одан кейін батыр қыз мәңгілік сапарға аттанды. Шыны керек сұхбатты оқып отырған сәтте сол бір көріністі көріп отырғандай ғажайып сезімде боласын. Шәрбану Бейсенова қазақ даласындағы осындай бір батыр қаһарман қыздардың арман-мұратын, ақыл-парасатылығын сұлу да көркем келбетін зерттеп, образын кереметтеп ашып өткен.

Шәрбану Бейсенова «Әйел әлемі» деген сұхбатында тұлғалық әйелдердің тарихына қызығатының атап өтті. Жазушының тақырып таңдаған кезде, кейіпкердің мінез-құлқын мүсіндеудегі өзіндік өрнегін, кәсіби шеберлігінерекше екенін аңғаруға болады. Сонымен қатар ішкі мазмұнын, көркемдік-эстетикалық үндестігін үйлестірудегі үлкен кәсібилік те көңіл аудартпай қоймайды. Шәрбану Бейсенованың «Сүзгенің соңғы күндері» деген туындысы қазіргі әдебиетіміздегі жақсы жетістіктің бірі десек қателеспейміз. Көшім ханның жас ханымы Сүзге сұлудың тағдыры туралы жазылған. Бұл романда көбінесе психология тұрғысынан талданғаны көрініп тұр. Жас қыздың ерлігі, қайсарлығы, еркіндігі жайында Шарбану Бейсенова жақсы суреттеген. Жауларға берілуден бас тартқан Сүзге сұлудың әрекеті бейнеленеді. Бұл әрекетті оны халық арасында батыр әрі қайсар әйел ретінде есте қалдырады. Негізгі бағыты әйел тағдырының сан қырлығы, алдынан шыққан қиын сәттерге төтеп беруі жақсы үйлесімділік тапқан [3, 150]. Шәрбану Бейсенованың шығармаларындағы әйел образдары бір қарапайымдылықты көрсетіп тұрады. Жанағы жоғарыда айтып өткендей «Сүзге» секілді тарихы тұлғалы қазақ қыздарының көп болғанын, сондай-ақ әйел бейнесін жаңаша қырынан көрсетуге тырысады. Бүгінгі қыз бала ертеңгі ұлттың анасы екені айтпаса да түсінікті [4]. Жұлдыз журналында Шәрбану Бейсенованың «Түп аналарымыз жайында ойлансақ» деген әңгімесі жарияланған. Бұл жерде Найманның әулие келіні жайында айтылған. Басты кейіпкер Ақсұлу ана. Халық жадында сақталған даналық пен батырлықтың үлгісін көрсеткен әйел бейнесі. Ақсұлу ана – тек өз отбасының ұйытқысы ғана емес, тұтас бір елдің тәрбиешісі, рухани қорғаушысы деп есептеледі.

Ақсұлу ана туралы ойланғанда, ең алдымен, оның өмір жолы, елге деген өнегелі іс-әрекеттерімен қатар отбасындағы аналық мейірім мен тәрбиенің, сондай-ақ рухани көшбасшылықтың символы ретінде көрінеді.

Шығармашыл әйелдің бір қолында қазаны, бір қолында қаламы бар [5] – деген нақыл сөз Шәрбану Бейсеноваға арналғандай. Өзінің әдебиеттегі жұмысы мен қатар отбасындағы рөлі аяулы ана, ардақты жар, қазіргі таңда ақжаулықты әже екені бәрімізге аян. Шәрбану Бейсенованың шығармаларындағы әйел бейнелері ақылына көркі сай, қажырлы отбасының ұйытқысы ретінде суреттелінеді.

Сондай-аққаламгер қазақ қоғамындағы әйелдердің ежелден бері тек отбасының ұйытқысы ғана емес, елдің тыныштығы мен бірлігін сақтаушысы ретінде тарихи құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретінде танытқан. Жалпы алғанда қазақ әйелдерінің рөлі көшпелі тұрмыс пен қатар дала заңдарымен тығыз байланысты. Әлеуметтік құрылымда олар тек үй шаруасын ғана емес, экономикалық, саяси және әскери өмірде де белсенді рөл атқарды. Яғни феминдік бағыт сонау сақ дәуіріндегі Томирис патшайымның есімінен басталады. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша әйелдер тек үйдің тірлігімен,

бала қараумен міндеттеп қояды. Алай да әйел тұлғасы сол жылдардың өзінде қолбасшы, батыр ана, қыз-келіншектер болған. Ол өз заманында ел басқарған, еркектермен тең дәрежеде жаулармен күрескен. Оның батылдығы мен көрегендігі қазақ әйелдерінің ел қорғаны болғанын айқын көрсетеді. Қаламгердің туындысынан шыққан қазақ әйелдерінің арасында дана аналар мен батыр қыздардың есімдері де халық жадында мәңгі қалуда. Шәрбану Бейсенованың сонау Домалақ анадан бастап, Сүзге, Сүйенбике, Ақсұлу, Қызай ананың көркем образдары қай заманда болмасын, өздерінің рухани күш-қуатымен ерекшеленді. Бұл әйелдердің ерлігі қазақ халқының ұлттық рухын сақтап қалуда үлкен рөл атқарды.

Қорыта келгенде, қазіргі заманда қазақ әйелдері қоғамның барлық салаларында белсенділік танытып келеді. Олар білім беру, денсаулық сақтау, саясат, ғылым және мәдениет салаларында үлкен жетістіктерге жетіп, елдің дамуына үлес қосуда. Сонымен қатар, әйелдер отбасының тірегі, ұрпақ тәрбиелеуші және салт-дәстүрді сақтаушы рөлін де абыроймен атқарып келеді.

Шәрбану Бейсенова қазақ әйелдері жайында жырлағанда төзімділік пен мейірімділіктің, ерлік пен парасаттылықтың символын дәріптейтін бір қасиет бар екенін көре аламыз. Олардың бейнесі тек тарихта ғана емес, заманауи қоғамда да өзектілігін жоғалтпай, ұлт руханиятының тірегі болып қала береді. Қазақ әйелдерінің даналығы мен қайсарлығы, ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесі – қазақ халқының мәңгілік құндылығы.

Әдебиет

1. Бейсенова Ш. Тағлымды тағдырлар. Портрет, эссе, сұхбаттар. – Астана: Елорда, 2000. – 243 б.
2. Бейсенова Ш. Сүзгеннің соңғы күндері. Хикаяттар мен әңгімелер. – Алматы: АнаРыс баспасы, 2008. – Т.1 – 240 б.
3. Бейсенова Ш. Сезімтал жүрек. Повест пен әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1998. – 161 б.
4. Пірәлі Г. Шәрбану шығармаларындағы нарратология мәселелері // Егемен Қазақстан газеті. <https://egemen.kz/article/262876-sharbanu-shygharmalaryndaghy-narratologiya-maseleleri>
5. Бейсенова Ш. «Киім сыртынан емес, ішінен тозады» // Egemen Qazaqstan (Егемен Қазақстан). – 2018. – № 8. – Б. 9. <https://kazneb.kz/kk/bookView/view?brId=1651295&simple=true#>
6. Қазақстан ұлттық арнасы «Әйел әлемі» бағдарламасында журналист Айнұр О. алынған сұхбаты. <https://www.youtube.com/watch?v=uR9eqW2T4wQ>

ҒТАХР 16.01.29

Н.Т. Жунусова

Семей қаласының №17 жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., nazik.94-94@inbox.ru

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Тілдерді дамыту мен қолданудың арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру мен стандарттау алдыңғы міндеттердің бірі ретінде көрсетілген Қойылған міндетке қол жеткізудің құрамдас бөлігі ретінде оқытуды ақпараттандыру болып табылады. Оқытуды ақпараттандыру – оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған заманауи, ақпараттық технологияларды қолдану, өңдеу және ұтымды пайдалану процесі. Елімізде болып жатқан білім беру саласындағы реформалар, білім берудің жаңа стандарттарын жасау, жаңа оқулықтар мен әдістемелік құралдар енгізумен қатар, жаңа оқу пәндерін енгізу қажеттігін туғызды. Соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларына «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілді. Ғылым мен техниканың өсіп-

өркендеуі елеулі техникалық прогреске жол ашып отыр. Қазіргі таңда компьютер қоғамның барлық салаларын қамтып, әр адамның өміріндегі қажетті құралға айналды. Компьютерді қолданбайтын пәндер жоқ. Қазақ тілін оқыту барысында да компьютерлік технологияларды қолдану заман талабына айналды.

Компьютерлік технологиялар типтік бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілетін операциялардың белгіленген топтарында іске асырылады. Сабақта қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мынадай топтарға жіктеуге болады: «интернеттің қолданбалы электрондық ресурстары, интернеттің білім беретін электрондық ресурстары, интернеттің коммуникациялық қызметтері»

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ құрамында түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар болады, олар алға қойылған педагогикалық мақсатты шешуге бағытталады. Педагогикалық мақсат қазақ тілін оқытудың белгілі бір саласына байланысты болады және оқушылардың белгілі бір өзара ынтымақтасқан оқу-танымдық әрекетін дамыту көзделеді ақпараттық-білім берушілік қызмет – электрондық кітапханалар, электрондық кітаптар, электрондық басылымдар, сөздіктер, анықтамалықтар, қазақ тілін оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалар.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқушылардың сөйлей білу мүмкіндіктеріне жол ашады. Техникалық құралдар арқылы оқушылар сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуге, сөйлеу дағдыларын дамытуға, сөздік қорларын көбейтуге, дұрыс сөйлей білуге жаттықтыруға, алған білімінің нәтижесін көруге, қызығушылығын ояту жұмыстарын ұйымдастыруға болады. Оқушы үлгерімінің төмендігі оның сабаққа зейінін шоғырландырмауына байланысты. Сабақтың бастапқы кезеңінде оқушы назарын сабаққа аударту үшін ақпараттық технологиялардың атқарар қызметі зор. Қызығушылықты ояту, жаңа тақырыпты болжату мақсатында түрлі суреттер мен әуендер, бейнежазбаларды интербелсенді тақтадан көрсетіп, уақытты үнемдеуге, оқушының ойлау қабілетін, шығармашылығын арттыруға, сыныпты толық жұмылдыруға болады. «Whatsapp» желісі арқылы өзара ақпарат алмасу жаттығуларын ұйымдастыруға оқушылар үшін өте қызықты тапсырма. Оларға әр оқушы бір сөйлемнен жазып шағын әңгіме, ертегі құратып, сауатты жазуға, әлеуметтік желіде қатесіз жазуға мүмкіндік береді. Техникалық құралдар тілдің дыбыстық жағын меңгертуге көмектеседі. Оқушыларға алдымен теледидар, радио хабарлардың дикторларының дауысын тыңдатып, дауыс ырғағына, сөз екпініне, бунақтарға дұрыс бөлінуіне назар салуды тапсыру керек. Кейін оқушылардың өздеріне белгілі бір сабақ тақырыбына арналған мәтінді оқытып, диктофонға жазып алыңыз. Осы мәтінді тыңдалым дағдысын қалыптастыруға қолдану арқылы оқушыларды көркем, таза, әуезді сөйлеуге дағдыландыруға болады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың оқытудағы ерекшелігі әр алуан қолданбалы бағдарламалардың, мәтіндік редакторлардың, орфографияны тексеру бағдарламаларының, мәліметтер базасының, электронды кітаптардың, анықтамалық порталдардың, электронды баспа құралдарының, ойын бағдарламаларының, бағалаушылық бағдарламалардың, қолданылуында болып тұр. Қазіргі таңда тестсіз бағалау жүйесін елестету мүмкін емес. Бір жауапты немесе бірнеше жауапты, тіпті күнделікті оқушыларға арналған грамматикалық тапсырмалар жүйесін орындауға мүмкіндік беретін «Kahott!, Classmarker, Plickers» т.б. сервистік бағдарламалар көп. «Proprofs» бағдарламасы арқылы кез келген тестік тапсырмаларды құрастыруға болады. Бағдарлама мәтіндерді, презентацияларды, PDF форматындағы документтерді, суреттерді, аудио, видео материалдарды қатыстырып тапсырма құрастыруға мүмкіндік береді. «Kahott!» бағдарламасында интербелсенді тақтамен ғана емес, смартфондар арқылы тест шешуге болады. Оқытушы басты экранда тапсырманы көрсетеді, оқушылар өз смартфондарымен тапсырманы орындайды. Оқушылар өз нәтижелерін көру үшін арнайы кодты теруі тиіс. Кейін оқушылардың нәтижесі жеке немесе кестеде беріледі. Бұндай сервистік бағдарламалар оқытушының уақытын үнемдейді, оқушының қызығушылығын тудырады, білім дәрежесін бірден көрсетеді, білмеген тұстарын анықтауға, қатемен жұмыс жүргізуге, жылдамдыққа жетелейді. Сервистік бағдарламалармен оқушының орындау уақытын, қателер санын, оқушы

орындаған тапсырма мен жаттығулар санын, тапсырма типтері мен орындау дәрежесіне анализ жасауға болады. Зерттеушілердің пікірі бойынша қазақ тілін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы оқыту процесінде ең күрделі мәселе – экономика, бизнес, денсаулық, заң, әлеуметтік сала тақырыптарына байланысты мәтіндердің, ғаламтор материалдарының жеткіліксіздігі. Қоғамдағы тұтынушылардың көпшілігі қазақ тілді болса да, орыс тіліндегі материалдарды оқуға мәжбүр. Бұл мәселеден шығудың бір жолы – ғаламторды қазақша сөйлету. Сол үшін электронды нұсқаулықтар, электронды ғылыми диссертациялар, электронды сөздіктер базасын құру керек. Ақпараттық – танымдық «Ютуб» каналдар ашу тілдің қоғамдағы қолданысына көп мүмкіндіктер береді. Әсіресе әр түрлі жастағы оқушылар тіл теориясын түсіндіретін видео сабақтар дайындап үйренсе, презентациялар жасаса, өзімен қатар балаларға үлкен көмек, әрі шабыт береді. Тұлғалардың арасындағы коммуникативтік қатынас бетпе – бет сөйлесуден гөрі әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асып жатыр. Соған сәйкес жазбаша тілге баса назар аударылып, қарым-қатынас барысында сауаттылық жоғары бағаланып келеді. Желілерде әдеби тілдің нормаларына сай емес: қысқартылған, тыныс белгісі жоқ, бас әріпсіз сөйлемдер жиі кездеседі. Қазақ тілі сабағында әлеуметтік желілерді пайдалана отырып осындай өрескел қателерге түзету енгізу керек. Мысалы, арнайы топ құрып белгілі бір тақырыпта пікірталас ұйымдастыру, арасынан бір оқушыны бақылаушы ретінде сайлап, оқушылардың жіберген қателерін түзетуі керек. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қазақ тілін оқу, қайталау түрінде ғана пайдалануға болмайды. Сонымен бірге түрлі жарнамалық қызметте де қолдануға болады. Мысалы, қазақ тілін тиімді және сапалы оқыту үшін жарық көрген ғылыми – әдістемелік еңбекке, көркем әдеби кітаптарға, оқу орталығына, техникалық құралдарға, жаңадан шыққан өнер туындыларына сауатты жарнама жасауға баулу керек. Бұл қазіргі таңдағы «сауатсыз» жазылып жатқан жарнамалардың алдын алады. Біздің тілімізде жарнама жасаудың арнайы мәтіні, құрылымдылық жүйесі жоқ. Оқушыны ұтымды тіркес табуға, мәтінге сәйкес үздік дизайндық жұмыстар дайындауға, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы бейімдеп, оқушының тілге деген құрметін, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін дамытуға болады. Қорыта келгенде, оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [http:// adilet.zk.kz/](http://adilet.zk.kz/)
2. Масақова Г.А., Айтбаева Б.М Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі // Филология сериясы. – №3(79). – 2015. – Б. 116.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2016. – 7 б.

Р.К. Жумабекова

№16 Төлеубай Аманов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
Қазақстан Республикасы, Семей қ., zhumabevoka.ra@mail.ru

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Абай Құнанбаев – қазақ әдебиетінің классигі, қазақ руханиятының ұлы тұлғасы. Оның шығармалары адамзаттың рухани құндылықтары, адамгершілік пен білімділік туралы терең ойларды қамтиды. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени

болмысын бейнелеп қана қоймай, бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оқушыларға Абай шығармаларын тиімді жеткізу үшін, әсіресе заманауи білім беру әдістерін қолдану маңызды. Бүгінгі күні білім беру саласында инновациялық әдіс-тәсілдер оқыту үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, материалды терең әрі қызықты меңгеруге мүмкіндік береді.

Инновациялық әдіс-тәсілдер – білім беру үдерісін жаңғыртуға және оқыту сапасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық технологиялар. Бұл әдістер дәстүрлі оқытудың шектеулерін жойып, оқушылардың білім алу қабілетін белсенді түрде дамытады. Инновациялық тәсілдер оқытуда интерактивтілік, дербестендіру және оқушының оқу үдерісіне тікелей қатысуы принциптеріне негізделеді.

Инновациялық әдістерге жататындар:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
2. Ойын технологиялары;
3. Кейс-стади әдісі;
4. Топтық жұмыс және жоба әдістері;
5. Кері байланыс технологиялары.

Абай шығармаларын оқытуда инновациялық әдістерді қолдану оқушыларға шығармаларды жаңа қырынан түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер сабақтың мазмұнын тереңірек түсіндіріп, қызығушылықты арттырады. Төменде Абай шығармаларын оқытуда қолдануға болатын бірнеше инновациялық әдіс-тәсілдер қарастырылады.

Абай шығармаларын оқытуда интерактивті оқыту әдістері – білім алушылардың белсенді қатысуын, өзара әрекеттесуін және шығармашылық тұрғыдан ойлауларын дамытуға бағытталған тәсілдер. Бұл әдістер оқушыларды тек тыңдаушы ретінде емес, сабақтың тікелей қатысушысы ретінде қарастырып, оқытудың тиімділігін арттырады. Абайдың күрделі философиялық, этикалық және рухани мәселелерін қозғайтын шығармаларын оқыту барысында интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың терең түсінуіне және материалды игеруіне мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту әдістерінің артықшылықтары:

1. Қызығушылықты арттыру. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, белсенді қатысуға ынталандырады.
2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Абай шығармаларындағы идеяларды талдау және бағалау арқылы сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді.
3. Коммуникациялық дағдыларды дамыту. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, пікір алмасуға үйренеді.
4. Командалық жұмыс. Топтық жұмыстар арқылы ұжымдық әрекетке дағдыланады.
5. Жеке пікірді қалыптастыру. Әр оқушының шығармалар туралы өзіндік көзқарасын қалыптастырып, оны дәлелдеуге үйренеді. Мәтіндік талдау жасау арқылы оқушыларға Абай өлеңдері мен қара сөздерін бөліктерге бөліп, оларды өзара талқылатуға болады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін оқып, оларды талдау арқылы оқушылар арасында пікірталас ұйымдастыру өте тиімді әдіс болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың мәтінмен жұмыс істеу дағдысын жетілдіріп, шығармалардағы ойларды терең түсінуге көмектеседі.

Мәтін талдауды оқушыларға қадамдар арқылы ұсынған жөн. Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа Абайдың бір өлеңі немесе қара сөзі беріледі. Топ мүшелері шығарманы талдап, оның негізгі идеясын анықтайды. Әр топ өз пікірлерін бүкіл сынып алдында қорғап, өз ойларын ортаға салады. Пікірталас кезінде әртүрлі көзқарастарды салыстырып, автордың ойын талқылайды. Мысалы: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі білім мен ғылымның маңызы туралы ойларды талқылап, оны қазіргі заманғы біліммен салыстыру арқылы терең ой қозғауға болады.

Топтық жұмыс жасау арқылы оқушылар ұжымдық әрекетке дағдыланады. Оқушыларды топтарға бөліп, оларға Абай шығармалары бойынша тапсырмалар беру арқылы шығармашылық жұмыс жасатуға болады. Бұл әдіс ұжымдық жұмыс жасауға, ой-пікір алмасуға ықпал етеді. Абайдың «Көзімнің қарасы», «Ғылым таппай мақтанба» сияқты өлеңдерін топтарға бөліп, әр топтан өлеңдегі негізгі ойды шығармашылық түрде таныстыру сұралады. Қадамдарды ұсынсақ, оқушыларды 3-4 адамнан топтарға бөлу. Әр топқа Абайдың бір шығармасы беріледі. Топтар өздеріне берілген шығарманы зерттеп, оның мән-мағынасын ашып, постер, диаграмма немесе сахналық қойылым арқылы шығармашылық түрде таныстырады. Мысалы: «Қара сөздер» жинағынан 5-6 қара сөзді алып, әр топ өздеріне тиесілі қара сөздің философиялық мағынасын түсіндіретін постер жасап, сынып алдында таныстыруға болады.

Ойын элементтерін енгізу оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. «Абайдың сөздері» ойынын ұсынымын. Абайдың шығармаларынан алынған қанатты сөздер, афоризмдер және мақалдарды интерактивті түрде орналастыру, оқушылардан сол сөздердің мағынасын ашуды талап ету. Бұл тапсырма Абайдың шығармаларына деген қызығушылықты оятып қана қоймай, оның философиялық ойларын терең түсінуге ықпал етеді.

Оқушыларды шығармашылық ізденіске бағыттау мақсатында «Абай әлеміне саяхат» атты квест сабақ ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс арқылы оқушыларға түрлі тапсырмалар беріледі, олар Абайдың өмірі мен шығармашылығынан мәліметтер іздеп, шығармалардың мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Заманауи сабақтар АКТ қолдану арқылы тиімдірек өткізіледі. Абай шығармаларын оқытуда мультимедиялық құралдарды қолдану маңызды.

- Презентациялар мен бейнематериалдар: Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы дайындалған бейнематериалдар мен презентациялар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Сондай-ақ, Абай өлеңдерінің аудио нұсқаларын тыңдатып, олардың мазмұнын талқылау арқылы оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға болады.

- Қашықтықтан оқыту құралдары: Оқушыларға Абай шығармаларына байланысты интерактивті онлайн-курстар мен тесттер ұсынылып, өзіндік бағалауға мүмкіндік беріледі.

Кейс-стади және проблемалық оқыту. Проблемалық оқыту әдісі Абай шығармаларының әлеуметтік-мәдени мәнін талдауға бағытталады.

- Кейс тапсырмалар: Оқушыларға Абай шығармаларынан алынған өмірлік жағдайларды талдатып, сол арқылы моральдық және этикалық мәселелерді қарастыру. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен алынған идеяларды қазіргі жастардың өмірімен байланыстыра отырып талқылау.

- Дебат: «Абайдың қара сөздеріндегі адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас» тақырыбында оқушылар арасында дебат ұйымдастыру. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

Рефлексия және кері байланыс. Сабақ соңында оқушыларға Абай шығармалары бойынша өзіндік пікір білдіріп, қорытынды жасауды сұралады. Бұл әдіс оқушылардың өз ойларын анық жеткізуге, шығарманың негізгі идеясын түсінуге мүмкіндік береді. Мұнда рефлексия жазба түрде, сондай-ақ ауызша түрде өткізілуі мүмкін.

Қорытындылай келе, Абай шығармаларын оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану білім беру үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Бұл әдістер оқушылардың шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, Абайдың рухани және әлеуметтік мәселелерді қозғайтын терең ойларын түсінуге үлкен көмек көрсетеді. Инновациялық

технологияларды қолдану арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, білімді өз бетімен ізденуге және терең меңгеруге жағдай жасаймыз.

Әдебиет

1. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995.
2. Жүнісбекова М. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2017.
3. Құрманбаева Ш. Инновациялық оқыту технологияларының маңызы // Білім беру және педагогика журналы. – 2018. – №2.
4. Сейітқазы Н. Абай шығармалары арқылы оқушылардың рухани құндылықтарын дамыту // Педагогика және өнер журналы. – 2021. – №4.
5. Оразымбетова Л. Қазақ әдебиеті сабағында интерактивті әдістерді қолдану. – Алматы: 2020.

ҒТАХР 14.25.09

Б.Қ. Абдрахманова, К.А. Мұсағалиева

Семей қаласының «№3 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., kamshat_musagalieva@mail.ru

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі таңда оқушылардың оқу сауаттылығын арттырудың маңызы зор. Оқу сауаттылығы дамып қалыптасқан оқушы білім әлемінде, жеке тұлға ретінде қалыптасу барысында бірқатар ерекшеліктерге ие бола алады. Оқу сауаттылығы – оқушылардың ақпаратты оқу, түсіну, талдау және тиімді пайдалану, жазбаша түрде жазу және өз ойын білдіру дағдысы. Қазіргі ақпараттық қоғамда оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру аса өзекті тақырыптардың бірі болып саналады. Біріншіден, оқу сауаттылығы табысты білім мен академиялық прогресстің негізі болып табылады. Жақсы оқу және жазу дағдылары оқушыларға оқу материалдарынан қажетті ақпаратты игеруге, жаңа дағдыларды қалыптастыруға, мәтіндерді талдауға және өз ойларын жазбаша түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Оқу сауаттылығының дұрыс қалыптасуы оқушыларға оқу материалын түсініп, тапсырмаларды орындауда қиындық туғызатыны анық. Екіншіден, оқу сауаттылығын арттыру сыни ойлау мен аналитикалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мәтіндерді оқу және талдау ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау, фактілер мен дәлелдерді іздеу, логикалық байланыстарды талдау қабілетін қажет етеді. Жазбаша ой білдіру ақпаратты құрылымдау, дәлелдеу және логикалық ойлау дағдыларын дамытады. Үшіншіден, ақпаратқа қолжетімділік дәуірлеген цифрлық ғасырда оқу сауаттылығы оқушыларға көптеген ақпараттың ішінен қажеттісін таба білуге, сүзгіден өткізіп, саралай алуға көмектеседі. Манипуляция мен жалған ақпараттан аулақ болу үшін сенімді және сенімсіз дереккөздерді ажыратуды, деректерді талдауды және сыни тұрғыдан ойлауды үйрену маңызды. Сонымен қатар, оқу сауаттылығы оқу ортасынан тыс жерде де практикалық құндылыққа ие. Болашақта қай мамандықты таңдаса да, жақсы оқу және жазу дағдылары жақсы қарым-қатынас пен бәсекеге қабілеттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген жерде ақпаратты тиімді бөлісе алатын, анық және қысқаша жаза алатын, сөйлей алатын адамды бағалайды. Оқу сауаттылығы оқушыларға Қазақстанның мәдени және әдеби мұрасын жақсы түсінуге және бағалауға, ұлттық мәдениеттің маңызын түсінулеріне ықпал етеді. Әдеби шығармаларды көп оқу қазақ тілін білуді жақсартуға, сөздік қорын кеңейтуге және грамматикалық дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді. Оқырман сауаттылығы мәтіндерді талдай білуді, басты идеяларды бөліп көрсете білуді, оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытатын түрлі көзқарастарды салыстыра және бағалай білуді қамтиды. Әдеби шығармалар оқушылардың құндылықтар бағдарлары мен эмоционалдық интеллектісін қалыптастыруға ықпал ете отырып, маңызды этикалық және моральдық мәселелерді жиі қозғайды. 169 Әдеби

шығармаларды оқу және талдау ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жақсартады, оқушыларға өз ойларын анық және дәлелді түрде білдіруге көмектеседі. Оқырмандар сауаттылығының жоғары деңгейі жоғары сыныптарда, жоғары оқу орындарында және кәсіби салада үлкен көлемде ақпаратпен жұмыс істей білу талап етілетін салада табысты оқу үшін қажет. Әдебиетті оқу қиялды, шығармашылық қабілеттерді және эмпатияны дамытуға ықпал етеді, оқушыларға өзін және қоршаған ортаны жақсы түсінуге көмектеседі. Осылайша, қазақ әдебиеті пәнінде оқырмандардың сауаттылығын арттыру оқушылардың жан-жақты дамуына және оларды қазіргі қоғамдағы табысты өмірге дайындауға ықпал ететін білім беру процесінің маңызды аспектісі болып табылады. Оқушылардың қазақ әдебиеті бойынша оқырмандық сауаттылығын арттыруға мынадай тиімді тәсілдер арқылы қол жеткізуге болады: 1. Оқушыларға әртүрлі жанрадағы және стильдегі әдеби шығармалардың кең спектрін ұсыну олардың әдебиеттің түрлі аспектілерін оқуға және түсінуге қызығушылығын дамытуға көмектеседі. 2. Оқырмандар конференциялары мен пікірталастары. Оқушылар өз пікірлерін айта алатын және мәтіндерді талдай алатын шығармаларды талқылауды ұйымдастыру сыни ойлау мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. 3. Мультимедианы пайдалану. Аудио кітаптарды, әдеби шығармалар мен интерактивті презентациялардың бейне бейімделуін қолдану оқу процесін қызықты және түсінікті етуге көмектеседі. 4. Оқушыларды шығармалар, өлеңдер жазуға, иллюстрациялар жасауға ынталандыру олардың шығармашылық қабілеттерін ынталандырады және мәтінді түсінуді тереңдетеді. 5. Сабақтағы мәтінмен белсенді өзара әрекеттесу, негізгі идеяларды бөлуді, жоспарларды жасауды, түсіндіруді және сұрақтарды жасауды қоса алғанда, оқушыларға ақпаратты жақсы меңгеруге көмектеседі. 6. Оқушылардың оқыған шығармаларынан алған ой-пікірлері мен әсерлерін жазатын күнделіктерді жүргізуі талдамалық дағдылар мен рефлексиялауды дамытуға ықпал етеді. 7. Оқырмандар клубтары мен үйірмелері. Мектепте оқушылар оқыған кітаптарды талқылайтын және ұсыныстармен бөлісетін клубтар мен үйірмелер құру тұрақты оқу әдетін қалыптастыруға көмектеседі. 8. Мұғалімдер әрбір оқушы үшін оның қызығушылықтары мен тілді меңгеру деңгейіне сәйкес жеке кітап таңдай алады, бұл оқуға ынталандыруды арттырады. 9. Оқуды басқа оқу пәндеріне ықпалдастыру. Әдеби шығармаларды Қазақстанның тарихын, географиясын немесе мәдениетін зерделеу үшін пайдалану оқушыларға пәнаралық байланыстарды көруге және оқудың практикалық маңыздылығын түсінуге көмектеседі. 10. Көтермелеу және марапаттау. Оқушылардың оқу іс-шараларына белсенді қатысқаны және оқу саласындағы жетістіктері үшін көтермелеу олардың әдебиетке деген ынтасы мен қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Бұл тәсілдер білім беру мекемесінің нақты жағдайлары мен қажеттіліктеріне, сондай-ақ жеке білім беру қазақ әдебиеті бойынша оқырмандар сауаттылығын арттырудың тиімді стратегиясын жасау үшін оқушылардың біліктілігін арттыру. Оқырмандар сауаттылығын дамыту – бұл әдебиет мұғалімінің ғана емес, бүкіл педагогикалық ұжымның, сондай-ақ ата-аналардың ортақ мақсаты екенін есте сақтау маңызды. Әдебиетке сүйіспеншілікті дамыту және оқуға ынталандыру ортасын құруға бағытталған бірлескен күш-жігер оқушының білімді, мәдени дамыған және шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға ықпал етеді.

ҒТАХР 15.21.69

Ж.С. Сабырханова

«Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ

Қазақстан Республикасы, Семей қ., sabyrhanovazuldyz52@gmail.com

ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ НҰСҚАЛАРЫН ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН БАҚЫЛАУ

Мемлекетіміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі жолы білім беру жүйесін жоспарлы түрде құру болып табылады. Бүгінгі күнде ХХІ ғасырдың көшбасшысы мемлекеті болу білім берудің тиімді жүйесін қалыптастыруда жатыр.

Білім әлемдегі барлық мемлекеттердің негізгі басымдықтарының бірі болып саналады. Сондықтан қазіргі бәсекелестік заманындағы шарттарда әлеуметтік-гуманитарлық білім – берудің маңыздылығы жоғары деп санаймыз.

Ақпараттық технологиялардағы заманауи жоғары дамыған технологиялық қоғамның ілгері дамуы үшін білімді және адал азаматтардың, қоғамдық өмірдің жаңа қағидаларын қалыптастыратын тұлғаларды қажет етеді. Тәрбие тал бесіктен басталады демекші егер біз мектеп оқушыларының психологиялық тұрғыдаң ұстанымды, заманауи тұрғысынан жан-жақты етіп қалыптастырсақ болашақ ұрпақ мемлекетіміздің бірден бір гүлденіп көркеюіне әсерін тигізеді деп ойлаймын. Қазіргі таңда психологиялық тұрғыдаң оқушылар өте әлсіз. Сол себептіде стресске тез беріліп, түрлі оқиғалардың басым болып жатқаны да содан деп есептеймін.

Өзектілігі

Жоғарыдағы жағдайларға байланысты ой түзе отырып білім беру саласында психодиагностика маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз мектепте психологиялық диагностикаға ерекше назар аудардық.

Жалпы «психодиагностика» ұғымына тоқталатын болсақ бұл терминді біз екі құрамдас бөлікке бөлеміз: "психологиялық" және "диагностикалық". Психодиагностика-бұл тұлғаның психикалық жай-күйін анықтайтын маңызды психология бағыты [1].

XXI ғасыр табалдырығында тұрған адамзат дамуының жаңа кезеңі – білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезеңге келіп жетті. ҚР-ның орта білімді дамыту Тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

- практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы;
- қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіруі;
- еліміздің материалдық-қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
- орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту т.с.с. міндеттерді көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасаулары керек. Оқыту түрлерін, әдістері мен құралдарын одан әрі жетілдіріп, тиімді тәсілдерді нәтижелі қолданудың жолдарын іздестірулері қажет.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көтеретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбінде *жаңашыл, инновациялық* деп атайды.

Мектеп практикасымен танысу барысында мұғалімдердің инновациялық технологияларды біртіндеп қолдануға ұмтылғаны байқалды. Бірақта олар инновациялық әдіс-тәсілдердің жалпы әдістерден айырмашылығы, оларды қолданудың тиімді жолдары қандай деген мәселелерді анық-айқын біле алмайды.

Инновация (латын сөзі *in – в, novis — жаңа*) *жаңа, жаңалық, жаңарту* дегенді білдіреді екен. С.И. Ожегов сөздігі бойынша: инновацияны бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрынғының орнын басатын, алғаш ашылған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық.

1957-1964 ж. Он жылдық тарихқа американдық білім жүйесіндегі инновациялар және өзгерістер кезеңі ретінде енеді.

Ағылшын ғалымдарының пайымдауынша, жаңалық көзі арнайы қолданған деректерде, дамушы идеяларда, кітаптарда, педагогтардың білімді көтеруді ұйымдастырушыларда, т.с.с.

Өз зерттеулерінде ағылшын ғалымдары мынадай қорытындыға келеді: “Әр жоғарғы сатыдағы мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде іс-әрекет жасауы тиіс” – дейді.

Инновациялық технологияларды қолданып, дамыту мәселелерін басқа елдердің педагогтары да қарастырады.

90-жылдардың бас кезінде орыс ғалымдары Днепров В.И., Золвьянский, Лазареваның еңбектерінде “инновация” ұғымы пайда болады. Олар “инновация” ұғымы білім беру жүйесінде жаңалықтарды жасап шығару, игеру, қолдану және тарату іс-әрекеті деп сипаттайды.

М.М. Поташник, А.С. Лоренсов “жаңалық” дегенді құрал ретінде (яғни, жаңа әдіс, жаңа технология) ал, “инновацияны” осы тәсілдерді меңгеру үрдісі деп санайды.

Қазақстан мемлекетінде “инновация” ұғымын пайдалану соңғы бес жылдыққа жатады. Ең алғаш “инновация” ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым профессор Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” – деген анықтаманы ұсынады.

Ал жалпы инновацияны *модификациялық, комбинаторлық, радикалдық* деп үш түрге бөлуге болады:

Модификациялық инновация – бұл қолда барды дамытумен, түрін өзгертумен айналысу. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады.

Комбинаторлық инновация – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел.

Радикалдық инновацияға білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу жатады. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ал, жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын ділгір мәселелер бүгінгі таңда әлі нақтыланып белгілі бір жүйеге түспеген дүние.

Қазіргі зерттеулер көрсетіп отырғандай мектептердегі бүгінгі үлгерім көрсеткіші, берілген білім сапасы формализм мен субъективтіліктен әлі арыла алмауда, осыған орай, ғалымдар жаңашыл-мұғалімдер бұл мәселелерді шешу бағытында біршама істер атқаруда. Инновация дегеніміз – белгілі бір жүйедегі ішкі өзгеріс. Педагогикалық инновация – педагогикалық жүйедегі жаңашылдық.

Педагогикалық жүйе құрылымын кей ғалымдар (И.П. Подласый, В.П. Беспалько, т.б.) оқушылар тәрбие мақсаты тәрбие мазмұны тәрбие үрдісі мұғалімдер тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру формалары түрінде қарастырады (тәрбиелей отырып оқыту жағдайында) [8].

Инновация ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Роджерс инновацияны былай түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Ендеше «Инновация» ұғымы педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», «жаңалық енгізу» деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Инновация термині қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр [4].

Білімнің қай саласы болмасын еңбек процесі өту кезіндегі жағдайы мен сапаларының диагностикасы жетекші рөл атқарады. Қазіргі көптеген әдебиеттерде «диагноз» деген грек сөзінің түп мәні – «танып білу, бағдарын анықтау» деген мағына беретіндігі жазылып жүр. Ал, педагогикалық-психологиялық ғылыми зерттеулерде тиісті мәселенің құрылымдық, функционалдық міндетінің бағытын анықтап, бағдарын болжай білу және оны зерттеу барысында қолдана білу делінген. Олай болса, диагноздың анықтамасы педагогикалық-психологиялық процесінің себеп-салдарын анықтап, оның барысында оқушы мен оқытушы әрекетіндегі мүмкіндіктерді ажыратып, жобалаудағы нысандарды болжап, бағдардың ұстанымы болып табылады. Ол қарым-қатынасты сипаттап, оның жақсы жақтарын жинақтайтын, себеп-салдарын ажырататын көрсеткіш деп есептелінеді. Белгіленген психодиагностиканы жүзеге асыру педагогикалық-психологиялық зерттеу әдістерімен тікелей байланысты. Психодиагностика психологияның төмендегі бөлімдерімен тығыз байланыста болады: жалпы психология, медициналық, жас ерекшелік, әлеуметтік және т.б. Аталған ғылымдардағы адамның, қабілеттері, мүмкіндіктері, ерекшеліктерін және т.б. қасиеттерін зерттеу психодиагностика әдістерінің негізінде жүзеге асады.

Психодиагностика өлшемдерінің нәтижесі тек белгілі бір қасиеттің шегін, даму деңгейін және т.б. анықтап қоймай әртүрлі психологиялық бағыттардағы теориялық мәліметтерді тәжіриби, эксперимент жүзінде көрсетеді.

Белова О.В психодиагностика адамның жеке психологиялық ерекшеліктерін әдіс-тәсілдер арқылы өлшеп зерттейді – деп, түсіндіреді. Шнейдер Л.Б психодиагностиканы психикалық процестердің қалыпты нормадан өзгеру функцияларын анықтайды деп тұжырымдаған.

Психодиагностиканың теориялық пән ретіндегі міндеті ғылыми негізделген психодиагностикалық әдістерді өңдеу және теориялық тұжырымдамалар мен болжамдарды тексеру болып табылады. Практикалық психодиагностикада психодиагностикалық берілулердің нәтижесі қалай, кіммен қолданылуына байланысты. Осыған орай психодиагностикалық жұмыстың нәтижесін практикада қолданудың бірнеше салаларын көрсетуге болады:

1. Психодиагностика оқыту және тәрбиелеу үрдісін белсендендіру үшін қолданылады. Психодиагностика көмегімен білім беру-тәрбиелеу мекемелерінің жұмысшыларының алдында тұрған міндеттер шешіледі. Бұл баланың мектепте оқуға даярлығы, оқу үлгермеушілігінің себебін анықтау, кәсіптік бағдар беру.

2. Диагностикалық жұмыс кәсіби іріктеу, кәсіби бағыт беру, кәсіби білім беру мамандарының іс-әрекетінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, ол арнайы кәсіби кеңес беру, білім беру мекемелерінде жүргізіледі. Бұл жұмыс әркімге өзіне лайықты мамандық таңдауға, кәсіби білім және іскерлікті нәтижелі меңгерудің жолын табуға, кәсіби шеберлік деңгейін жоғарлатуға бағытталған.

Психологиялық оқытудың негізгі мәні мынада:

1. Тәрбиешілерді, мұғалімдерді және ата аналарды қалыпты балалардың психикалық дамуының негізгі жағдайы және заңдылықтарымен таныстыру.

2. Жаңашыл психологиялық зерттеулердің нәтижесін талдау және түсіндіру.

3. Психологиялық білімге қажеттілікті қалыптастыру, оны баламен жұмыс істегенде немесе өзінің жеке қызығушылығында қолдануға итермелеу.

4. Оқушыларды негізгі өзін тану және өзін тәрбиелеу ұғымдарымен таныстыру.

5. Баланы тәрбиелеу білім беру мекемелерінде психолог жұмысының және практик психологтың қажеттілігін түсіндіру.

Психодиагностика білім саласы арнасында бақылауға және білім беру стандарттарының оқушылардың жасқа сай даму аймағына әсерін анықтауға көмек береді. Жаңашыл психодиагностиканың білім беру саласында қолданылуын 2-ге бөліп қарастырамыз:

1. Бағдарламаның тиімділігін өлшеу, білім беру әдістерінің тиімділігіне көз жеткізу және оқушының ақыл-ой өрісінің жалпы даму динамикасын бақылау;

2. Баланың мектепке даярлығын, дарындылығын, жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау, индивидуалды ерекшеліктерін дамыту.

Психодиагностика классификациясы әр түрлі ол, анкета, сауалнама, индивидуалды сұрақтар, интервью, диагностикалық ойындар т.б арқылы жүргізіледі.

Сондықтан, жаңа технологиялар көмегімен сауалнама жүргізу соңғы жылдары жаңашыл әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс психодиагностиканың тиімділігіне жаңа мүмкіндіктер береді [2].

Лучинин А.С психодиагностиканың кең тараған әдістерінің бірі бланкілі және сандық тестілеу әдістері – бұл арқылы сыналушыға сұрақтар жиынтығын дайындап, оған ауызша немесе жазбаша түрде жауап берілуін сұрайды.

Көптеген елдерде психодиагностиканың тиімді әдістерінің қолданылуы әлеуметтік-саяси жағдайлармен байланысты. Еуропада психодиагностиканың түрлі инновациялық әдістері кеңінен қолданылады.

Біздің мемлекетімізде қазіргі таңда психодиагностика әдістері тиімді қолданылуда. Ол тиімді білім сапасын өлшеуге, оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға

бағытталған. Қазіргі таңда, проективті диагностикалау кеңінен таралуда. Бірақ, қазіргі таңда сауалнаманы өткізілу барысында қиындықтар туындайды, сауалнама қорытындысын шығару көп жағдайда ашықтестілеуде ұзақ уақыт қажет етеді.

Ең тиімділігі, сауалнама әдістерін бірыңғай инновациялық технологиялар арқылы жаңадан енгізу.

Еуропа елдерінде бүгінде психодиагностика инновациялық технологиялар жүйесімен қатар дамуда. Бірден бір мысал: Филимонова О.Г бойынша Голмошток А.Е "Қызығушылық картасы" әдістемесінің өткізілу базасы ескіргенін және кейін, бұл сауалнамаға инновациялық технологиялар, социология, кәсіп, философия ұғымдарын қосқан. Бұл әдістің теориялық құрылымы мінсіз қалғанымен, тәжірибе өткізу формасында өзгеріс енгізілген [3].

Қазіргі кезде білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі ынталы бастамалар мен түрлендірулерге жол ашуда. Осы тұрғыдан алғанда, ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік-педагогикалық-психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін психологтардың инновациялық іс-әрекеттердің ғылыми-педагогикалық психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Ал жаңа технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Сондықтан психологтың біліктілігін көтеру мен шығармашылық педагогикалық психологиялық әрекетін ұйымдастыруда қазіргі жаңа технологияларды меңгеруі маңызды.

Бүгінгі таңда білім беру мен психологиялық қолдау жұмыстары әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуда. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы – оның алған білім сапасына, ойлау деңгейіне, өзін-өзі бағалауына байланысты болатыны белгілі болып отыр.

Білім беру жүйесін және психологиялық қолдау жұмыстарын ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғарғы тиімділік технологиясына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады. Білім беру жүйесін және психологиялық қолдау бағытын ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта, топтық және дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсатын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің және психологиялық қолдау бағытының барлық деңгейінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Қазіргі заманда адамзат дамуының ерекшелігі – ақпараттық өркениетке көшу, адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін арттыратын есептеуіш техника мен ақпараттық технологияның жедел қарқынмен дамуы болып табылады. Тұңғыш президентіміз ықпал етуі тарапынан ҚР орта білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізу туралы мемлекеттік бағдарламада «ҚР дүние жүзінің дамыған елдері сияқты орта білім беру жүйесінен ақпараттандырудың нақты жолына түсуі тиіс, яғни бірыңғай ақпараттық білім беретін желіге негізделіп оқыту жүйесін жасау қажет» делінген. Осыған сәйкес жаңа технологияның элементтерін ата-аналармен кездесулер кезінде де қолданып, әдіс-тәсілдердің тиімділігіне тағы бір мәрте көз жеткіземіз. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың психологиялық жағдайымен көрнекі түрде таныстырып, зерттеулердің нәтижесін мониторингке салып көрсетіп, оқушыны психологиялық-әлеуметтік қолдау бағытында жүргізілген жұмыстармен таныстырып отырып, ата-аналарға оқушының тәртібі, психологиялық жай-күйі, білімге деген көзқарасы, болашаққа деген ойы жайында көптеген ақпараттар беріп, оларды психологиялық-педагогикалық қолдап, сүйемелдеп, ақыл-кеңестер беріп, білімдерін жоғары деңгейге көтере аламыз [5].

Білім беру мекемесінде әрбір оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін анықтау мақсатында жүргізілетін психологиялық әдіс-тәсілдер жеткілікті. Бұл әдістердің әрқайсысы белгілі бір мөлшерде стандартты өлшеу әдістерін, сандық және нақты қорытынды нәтижелерін талап етеді. Сондықтан, психодиагностика бағытында инновациялық технологияларды қолдану тиімділігі артауда. Ол сапалы өлшем, нақты сандық жинақ пен валиділікті қажет етеді. Жаңа технологияларды тиімді қолдануда нақты тиімді нәтижелер берілетін бұл сауалнама әдісі болса, оның жаңа технологиялар арқылы қандай

психодиагностикалық жетістіктерге жеке алатынымызды анықталды. Жаңа «Plickers» бағдарламасы бойынша психодиагностиканың тиімді әдістерін қолдана білу үлкен мүмкіндіктерге алып келеді. Бағдарлама арнайы дайындалған сұрақтар мен жауаптар нұсқасынан тұрады. Оқушылар өздері дұрыс деп есептеген нұсқаны таңдау арқылы соңында жауаптар арқылы тұлғалық ерекшеліктерін анықтай алады немесе жаппай диагностикалау арқылы стандартты пайыз көрсеткішін шығаруға мүмкіндік береді. Диагностикалау барысында әр оқушының өз QR коды мен реттік шифры анықталады. Реттік саны мен QR коды сканерлеу арқылы оқушының сұрақтарға жауап беру уақыты мен психологиялық денсаулығын анықтауға мүмкіндік береді [6].

Жеке тұлғаны дамыту үшін оның өмірдегі алатын орнын анықтау қажет. Олай дейтініміз, жеке тұлға жалпы қоғамда және білім беру жүйесінде басты орын алады. Сондықтан да жеке тұлға идеясы қазіргі педагогикалық ұғымда екі түрде: күнделікті және ғылыми түрде қаралып отыр. Бірінші түрде білім беру барысында жеке тұлғаға этикалық-гуманистік тұрғыдан қарау, сыйлау, бірлесіп жұмыс істеу, ынтымақтасу, пікір алысу, т.б. Ал, жеке тұлғаға білім беру барысында тұжырымдаманы қарастыруға байланысты әр түрлі тұжырым-ұғым құрылымы болады. Оқу процесінде міндеті жеке тұлға деңгейінде шешіледі, ал қазіргі оқу процесінің әдістері жеке тұлғаны дамытуға сәйкес келмейді. Жеке тұлғаға бағытталған оқу процесінде оқу кезеңдерінде әрбір білім алушының белсенділігін арттыру мақсатында өздерінің қажеттілігін сезіндіретін педагогикалық жағдаят туғызу керек. Осы жерде арттерапияның маңызды жақтары ашылады. Яғни, арттерапия элементтерін дамытушы-түзетуші тренингтер кешенімен бірге байланыстыра отырып, оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде ұйымдастырып қолданып отырса жеке тұлғаны дамытуда үлкен жетістікке жетуге болады. Өйткені арттерапия – психодиагностикалық, психопрофилактикалық және психокоррекциялық қызмет атқарады [7].

Қорытынды:

Білім беру орындарында психологтар диагностикалауда инновациялық технологияларды қолдану арқылы заман талабына сай оқушыларды аз уақытта қал-жағдайларын анықтау арқылы дер кезінде көмек беріп, баланың дүзелуіне, ортасымен тіл табысып, өмірге қалыптасуына, білім деңгейінің артуына көмек береді деген ойдамын. Себебі психологиялық тұрғыда адамның жаны тыныш болса қалғаның еш кедергісіз өте алады.

Қазіргі дүниеде тұлғаға деген талаптың қатаңдай түсуі – білім беру кеңістігінде және әлеуметтік психологиялық педагогикалық қолдау жұмыстарындағы өзгерістердің әлеуметтені түсу тенденциясының өсуіне әкеледі. Жаңа технологиялар өсіп келе жатқан ұрпақтарға білім, білік және дағдыларды сапалы әрі нақты алуға мүмкіндік береді, және олардың ата-аналарына бала тәрбиесіне толықтырулар енгізіп, өз білімдерін көтеріп, басқа ата-аналармен ой бөлісіп, өздеріне қажетті қосымша ақпараттарды алып отыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет

1. Белова О.В. Общая Психодиагностика. – Новосибирск: Научно-учебный центр психологии НГУ, 1996.
2. Бурлачук Л.Ф., Морозов С.М. Словарь-справочник по психодиагностике. – СПб.: Питер Ком, 1999.
3. Зеер Э.Ф., Павлова А.М., Садовникова Н.О. Профоринтология: Теория и практика: учеб. пособ. для высшей школы. – М.: Академический проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2004.
4. Лучинин А.С. Психодиагностика. – М.: Эксмо, 2008.
5. Тесты по профоринтологии для школьников: самый полный сборник тестов / сост. А. Аркадьев. – Минск: Современная школа, 2008. – 272 с.
6. Шнейдер Л.Б. Основы психодиагностики. – М., 1995.
7. https://www.yaneuch.ru/cat_18/a
8. [Мектептегі психологияның инновациялық аспектілері - Stud.baribar.kz](http://Stud.baribar.kz)

L.S. Zhunussova

School-lyceum Binom School named after Kanysh Satbaev
Republic of Kazakhstan, Astana, dzhunisssova@gmail.com

THE POWER OF LANGUAGE IN MEDIA: EXPLORING HOW GENRES SHAPE COMMUNICATION

In today's fast-paced world, the media plays an enormous role in influencing the way we think, share information, and connect with others. From traditional newspapers to digital news platforms, social media posts, and even podcasts, media is everywhere. But what's fascinating is how different types of media use language in unique ways. This article takes a look at how language shifts across various media genres and what that means for the way we consume and understand information and the linguistic patterns found across a variety of media types, shedding light on how each genre influences communication and impacts our daily lives.

Exploring Different Types of Media Texts

In this analysis, we examined a wide range of media texts, including traditional print newspapers, digital news platforms, blogs, opinion pieces, podcasts, and social media posts. Each of these media genres uses language differently, reflecting its purpose, audience, and context. Whether it's to inform, persuade, or entertain, every genre employs its own unique linguistic strategies to achieve its communicative goals.

Diving into Media Texts

For this analysis, we looked at a collection of media texts from different sources, such as print newspapers, online news outlets, blogs, podcasts, and social media platforms. By examining this wide range of texts, we can see how each medium uses language to achieve different goals. For instance, some aim to inform, others to persuade, while many seek to entertain or engage with their audience. Each genre has its own distinct flavor of language that reflects its purpose [1, 45].

Print and Digital News: Straight to the Point

Let's start with traditional and digital news. Newspapers, whether online or in print, usually aim to deliver clear and accurate information. They use straightforward language, avoiding flowery or overly complex terms. Headlines in print media are especially designed to grab attention quickly, providing the essence of the story in just a few words. For example, a typical headline might read, "Economic Downturn Expected: Experts Raise Concerns." It's direct, factual, and efficient [1, 70].

On the other hand, digital news articles often adopt a slightly more conversational tone. Since people now read articles on phones and tablets, online news needs to be quicker and more engaging. A headline on a news website might be a bit more provocative: "Is the Market Crashing? Here's What Experts Are Saying." It grabs attention while still offering important information, but the tone feels a little more urgent.

When it comes to print and digital news, the language is typically clear and to the point. The primary goal of news articles is to deliver information in a straightforward manner. In print newspapers, headlines are crafted to grab attention and summarize the story in just a few words: "Stock Market Faces New Challenges Amid Global Uncertainty." The language here is formal, factual, and direct, ensuring readers receive essential information quickly and efficiently.

In digital news, while the content remains factual, the tone can sometimes be more engaging or interactive. Online news articles often use hyperlinks, multimedia elements, and more conversational headlines to keep readers interested: "Is the Economy in Trouble? Here's What You Need to Know." The goal is to balance accuracy with engagement, ensuring that readers stay informed while feeling connected to the content.

Blogs: Where Personality Shines

When it comes to blogs and opinion pieces, things get a bit more personal. These texts often reflect the writer's own voice and opinions, creating a direct connection with the reader. Take, for instance, a lifestyle blog: “Minimalism is More Than a Trend – It’s a Movement”. The language is casual, even persuasive, as it draws the reader into the writer's world.

In contrast to the neutral language of news articles, blogs embrace subjectivity. Writers use rhetorical devices like metaphors, questions, and emotional appeals to make their points. This approach helps them connect with their audience on a more personal level, which is key to the genre’s success.

Blogs and Opinion Pieces: Personality and Persuasion

Unlike the objective tone of news articles, blogs and opinion pieces are much more personal and expressive. These genres allow writers to share their own perspectives and connect emotionally with readers. Consider the language of a travel blog: “Why I Left My 9-to-5 to Travel the World and Why You Should Too.” The tone is casual, direct, and persuasive, aimed at engaging readers by sharing personal experiences and encouraging them to take action.

In blogs, rhetorical devices such as anecdotes, metaphors, and direct questions are commonly used to create a conversational tone. The writer’s personality is often a key feature of these pieces, as the connection with the audience is built on relatability and shared interests.

Podcasts and Radio: Keeping It Conversational

Podcasts and radio bring spoken word into the mix. These formats naturally use conversational language, and speakers often rely on phrases like “you know” or “um” to make the dialogue feel spontaneous. Podcasts, especially, make use of a relaxed, friendly tone to build rapport with listeners. For example, a podcast host might say, “So, what does all this mean for you and me? Well, let’s break it down,” creating a sense of familiarity.

Because podcasts and radio are often recorded live or semi-live, the language feels less polished than written media. This authenticity makes listeners feel like they are part of the conversation, a key feature of spoken media formats.

Podcasts: Engaging Conversations Through Spoken Language

Podcasts, much like radio shows, rely on the spoken word to communicate ideas. As a result, the language in podcasts tends to be conversational and informal, often featuring dialogue between hosts and guests. The relaxed nature of podcasts allows for more spontaneity, with speakers using phrases like “you know” or “let me tell you” to maintain a natural flow. A podcast discussing recent political events might include a statement like, “So, what does this mean for the upcoming election? Well, it’s hard to say, but let’s dive into the details.”

Since podcasts are often recorded in real time, the language can feel more authentic and less structured than in written media. This conversational style helps build a sense of intimacy and trust between the hosts and listeners, making the content feel more accessible and engaging.

Social Media: Quick and to the Point

Social media platforms like Twitter and Instagram have completely changed the way we communicate, pushing us to use language in new and creative ways. With limited space (like Twitter’s character limit), posts are short and snappy. You might see a tweet about the economy that reads, “Market’s down again. What next? #EconomicCrisis.” In just a few words, the message gets across, often paired with hashtags, emojis, or even memes to drive engagement.

The language on social media is fast, informal, and constantly evolving. New trends, slang, and shorthand crop up every day, reflecting the pace and the style of online interactions. It’s a space where brevity is king, and engagement is immediate.

Social Media: Fast, Fun, and Ever-Changing

Social media platforms like Twitter, Instagram, and TikTok represent some of the most dynamic and fast-paced forms of media today. On these platforms, brevity is key, and the language reflects this need for speed and efficiency. A tweet about the latest tech news might read, “New iPhone just dropped. Is it worth the hype? #AppleEvent.” The use of hashtags, abbreviations, and even emojis makes social media language highly interactive and engaging.

Social media also allows for real-time reactions to events, which means the language used can change quickly in response to trends and breaking news. Whether through viral memes, trending topics, or hashtag challenges, social media encourages users to communicate in short bursts, often blending text with images and videos to create a more immersive experience.

Key Takeaways from the Media Mix

After looking at how language is used in these various media genres, it's clear that each has its own unique approach:

1. **Tone:** News articles maintain formality and objectivity, while blogs and social media are more casual and subjective.
2. **Vocabulary:** Different genres favor different words. News articles use precise, formal terms, while social media and blogs lean on everyday language, including slang and abbreviations.
3. **Structure:** News articles follow a clear, factual structure, whereas podcasts and blogs allow for a more relaxed, conversational flow.
4. **Engagement:** Social media, with its hashtags and visual elements, focuses on reader or viewer interaction, while print news stays focused on delivering information [2, 105].

Why It Matters

Understanding how language changes depending on the medium helps us become more mindful consumers of information. When we read a newspaper or scroll through Twitter, the way we interpret the information is influenced by how it's presented. News sites aim for accuracy and objectivity, while blogs often want to connect emotionally. Podcasts and social media encourage engagement and immediacy, shaping our perception of events as they unfold [3, 84].

The next time you browse the news, read a blog post, or listen to a podcast, take a moment to notice how the language reflects the medium. Language isn't just about words—it's about how those words are crafted to fit the platform and engage with us as readers, listeners, or viewers. In a world full of information, paying attention to these linguistic differences can help us navigate the messages we encounter more thoughtfully [4, 245].

Ultimately, media will continue to evolve, and with it, the way we use language to communicate. Whether you're scrolling through headlines, reading a blog, or tweeting your thoughts, the medium shapes the message. Understanding that can help us all become more savvy and informed in how we engage with the media around us [2, 133].

By looking closely at the way language is used across different media genres, we can better understand how media shapes the way we communicate and interpret the world around us. Every time we read a news article, listen to a podcast, or scroll through social media, we are interacting with language that has been carefully crafted to fit the platform it's on.

In an era where media is more diverse and accessible than ever before, being aware of these linguistic differences is key to understanding how information is presented and how it influences our perception of reality. Whether we're absorbing facts from a news site or sharing our thoughts on social media, the language used in each medium plays a critical role in shaping our understanding and engagement with the world [3, 59].

As media continues to evolve, so too will the way we use language within it. Understanding the connection between genre and language helps us navigate the media landscape with greater awareness, allowing us to be more critical consumers and more effective communicators [4, 220].

Common Themes Across Genres

Despite the differences in tone, structure, and purpose across these media genres, there are some common threads that run through them all. For example:

- **Engagement:** Whether it's through direct address in a blog or the use of hashtags in a tweet, media texts are designed to engage their audience. Writers and speakers across genres employ various strategies to make their content more relatable, shareable, and interactive [5, 125].
- **Adaptability:** Language in media is constantly evolving. As new platforms emerge, so do new ways of communicating. Social media, in particular, has revolutionized the way we use language, introducing new forms of expression like memes, gifs, and emojis [5, 123].

• **Purpose-Driven Communication:** Each genre serves a specific purpose. News articles inform, blogs persuade, podcasts entertain, and social media posts engage. Understanding the linguistic choices made within each genre helps us become more thoughtful consumers of media.

In conclusion, the analysis of language across various media genres reveals just how much the medium shapes the message. Whether it's the clarity and precision of news articles, the personal voice found in blogs, the conversational flow of podcasts, or the rapid, engaging nature of social media, each genre uses language in unique ways to fulfill its purpose. The differences in tone, structure, and engagement strategies reflect the distinct needs of their audiences and the specific goals of the platforms they occupy.

As media continues to evolve with new technologies and platforms, the way language is used will adapt accordingly. Understanding the nuances of language in each medium is essential not only for media creators but also for consumers, allowing us to engage more critically with the information we encounter. In a world where we are constantly bombarded with content from various sources, being aware of how language functions across genres empowers us to interpret and evaluate media more effectively, helping us navigate the vast landscape of modern communication with greater insight.

References

1. Bell A. The Language of News Media. – Blackwell, 1991. – P. 45-78.
2. Fairclough N. Media Discourse. – Edward Arnold, 1995. – P. 101-134.
3. McLuhan M. Understanding Media: The Extensions of Man. – MIT Press, 1964. – P. 56-89.
4. Thompson J.B. The Media and Modernity: A Social Theory of the Media. – Stanford University Press, 1995. – P. 215-250.
5. Van Dijk T.A. News as Discourse. – Lawrence Erlbaum Associates, 1988. – P. 123-156.

FTAXP 00-11

Ж.Т. Джобалаева

«Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., zhasira73@bk.ru

АБАЙ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ – ӨРКЕНИЕТТІ ЕЛ БОЛУДЫҢ АЛҒЫШАРТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында нақты міндеттер қойып: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» деген ойын білім жүйесіне енгізу – басты мақсатымыз.

Абай – күллі адамзаттың ақылшысы, шамшырағы, алыбы. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеніз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде.

Толық адам ілімі өмірлік мақсаттарды, адамгершілікті, рухани даму мен әлеуметтік жауапкершілікті қамтиды. Мұнда жеке тұлғаның дамуында білім мен тәрбиенің маңызы зор. Адамның ішкі әлемі, оның моральдық құндылықтары мен рухани ізденістері – бұл ілімнің негізі. Адамның өміріндегі әрбір әрекеті, оның рухани дамуы мен тікелей байланысты, сондықтан өзін-өзі тану, әр адамның ерекше қасиеттерін бағалау және оларды дамыту – басты міндет. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесіп айтқан. Абайдың арманындағы толық

адамның іргетасы дінмен ұштасып, дінмен дамиды және дінмен жетіледі. «Иман» сөзінің мағынасы ар-ождан сөзімен пара-пар. Ол сөзді дін сөзі деп қорқудың еш қисыны жоқ.

Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеңіз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген. Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз. Тілеуің, өмірің алдында, Оған қайғы жесеңіз. Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер малшашпақ – Бес дұшпаның білсеңіз. Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой – Бес асыл іс, көнсеңіз.

Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек – деген өзекті ойлары арқылы Абайша айтқанда, адамның «толық адам» бола білуі – басты шарт екен де, ол үшін адамға ақыл, қайрат, жүрек – үшеуі қатарынан көмекке келеді екен.

Білім саласында «Толық адам» концепциясын қолдануды тәжірибеде былай сипаттаймын.

3 кезеңнен тұратын тәрбие тұжырымдамасын қалыптастыру керек.

Балабақша-мектеп-жоғары оқу орны. Осы үш бірлік Абайды ұлықтап, Абай ілімімен өмір сүріп, қазақстандық идеологияға айналдыруды жолға қоюды насихаттау керек. Ол – жарты адам, адам, толық адам деңгейлеріне сай рухани кемел тұлға тәрбиелеуді қолға алу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Балабақшадан бастап Абай өлеңдерімен сусындатып, Абай өлеңдерін жаттатып, ауыздарын Абай өлеңдерімен ашу керек. Ал мектепте бес асыл іс пен бес қашық істі түсіндіріп, жалпыазаматтық құндылықтармен бірге Абай ілімін тайға таңба басқандай миына сіңіріп құю керек. «Жарты адам», «адам» деңгейлерін қалыптастырып шығару керек. Жоғары оқу орындарында рухани дамуды жетілдіріп, «толық адам» болудың жолдарын қарастырып тәрбиелеу. Абай адам бойында болатын күллі қасиеттерді жоғары бағалап, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекке басымдылық береді.

«Ыстық қайрат» – бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу, яғни оқушылардың іскерлік дағдыларын қалыптастыру, еңбектену деп білемін. Оған түрлі клубтар мен үйірмелерде «Indebate» – дебат клубы, «Адал ұрпақ» мектебі, «Оқырман» клубы, «Өлкетану» үйірмесі, «Шығармашылық шеберханасы», «КВН», спорттық секцияларында (волейбол, футбол, үстел теннисі, шахмат) Абай ілімі талқыланып, Абай сілтеген жолмен жүру идеясы қадағаланатындай ұстаным қалыптастыру керек.

«Нұрлы ақыл» – білім стандарттарын меңгеру және қосымша білім беру деңгейін жетілдіру, көптілді, ой-санасын тек жақсылыққа жұмсайтын білімді ұрпақ қалыптастыру. «Қазақстан ғажайыптары», «Біздің ауланың балалары», «Мұғалімге 100 сұрақ», «Ғылым күні», «Sketchup редакторында 3Д моделдеу», «Мен тұратын көше» іскерлік ойындарда «нұрлы ақыл» идеясы басты орындарда болуы, ғылымның адамзат дамуына қызмет етуі басты назарда болуы жас ұрпақтың санасына сіңіріп тәрбиелеу.

Ал, «жылы жүрек» – тәрбие саласында жаһандану дәуірінде оқушылардың бойына жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар ұлттық құндылықтарды сіңіру, айналасына құрметпен қарауы. "Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, және хақ жолы осы деп әділетті" деп Абайдың бұл үштік сүю танымын адамның бойына сіңіруде кемелдік пен ізгілік бар. «Екі жұлдыз» конкурсы, «Мейірімді жүрек» акциясы, «Патриоттық әндер фестивалі», «Қазақстан ұлттары» іскерлік ойындары арқылы сүйіспеншілік қасиеттерді бойына сіңіріп өсіру керек.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек» дегендей оқушы білімді, тәрбиелі, өмірге бейімді адал ұрпақ тәрбиеленеді.

Әдебиет

1. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп...: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.
2. Мұхамеджанұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. – Алматы: Дәуір, 1993. – 224 б.

3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 2011.

4. Сейсенбаев Р. Абай қара сөз. – Алматы: Атамұра, 2016.

ҒТАХР: 17.09.91

М.Ә. Жақсыбаева

«Тұран-Астана» университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ., z.marhabbat87@bk.ru

ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Резюме: Бұл мақалада үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Білімге деген ынта мен танымдық қажеттілікті арттыру арқылы оқушылардың үлгерімін жақсартуға болатыны көрсетілген. Мақаланың мақсаты – осы оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырудың тиімді әдістерін анықтау. Зерттеуге қатысқан оқушыларға түрлі мотивациялық әдістер қолданылып, олардың әсері зерттелді. Зерттеу нәтижелері ойын түріндегі сабақтар, топтық жұмыстар және визуалды құралдарды пайдалану сияқты әдістердің оқушылардың оқу белсенділігін арттыратынын және олардың өздеріне деген сенімділігін нығайтатынын көрсетті. Мотивациялық әдістерді дұрыс пайдалану арқылы үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға болатыны анықталды.

Summary: This article addresses the issue of fostering cognitive needs in underperforming students. It demonstrates that improving students' motivation and cognitive interest can enhance their academic performance. The article's aim is to identify effective methods for meeting the cognitive needs of these students. Various motivational methods were applied to participating students, and their effects were examined. The research results indicated that methods like game-based lessons, group work, and visual aids increase students' learning engagement and boost their self-confidence. In conclusion, it was found that by properly using motivational techniques, it is possible to meet the cognitive needs of underperforming students.

Білім беру жүйесінде оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеру – сапалы оқыту мен жан-жақты дамуға ықпал ететін басты факторлардың бірі. Әсіресе, үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің біріне айналды [2]. Бұл оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру, мотивациясын жоғарылату және өзіне деген сенімділігін қалыптастыру арқылы олардың үлгерімін жақсартуға болады. Мақалада үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдары қарастырылады, нақты деректер мен зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, олардың оқу үлгерімін жақсартудағы әдістер талданады.

Бұл мақаланы жазуда үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтауды және олардың білім деңгейін көтеруге ықпал ету жолдарын көрсетуді мақсат еттім. Сол мақсатқа жету үшін алдыма төмендегідей үш міндет қойдым:

- ✓ Үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастырудағы негізгі кедергілерді анықтау.
- ✓ Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін арттыру әдістерін зерттеу.
- ✓ Мотивацияны көтеруге бағытталған оқыту әдістерінің тиімділігін талдау.

Тақырыпты ашуда бірнеше әдебиеттерге шолу жасадым. Ең алдымен, «танымдық қажеттіліктер және олардың маңызы не?» деген қарапайым сұраққа жауап іздедім, танымдық қажеттіліктер – адамның білімге, жаңашылдыққа, зерттеу мен үйренуге деген табиғи ынтасы. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясына сәйкес, адамның өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктері қанағаттандырылғаннан кейін ғана жоғары деңгейдегі танымдық қажеттіліктер пайда болады. Бұл қажеттілік білім беру саласында маңызды орын алады,

өйткені оқушылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы олардың білім деңгейін көтеруге болады. Л.С. Выготскийдің айтуынша, бала дамуы оның айналасындағы ортамен және білім беру үдерісімен тығыз байланысты, сондықтан оқушының ішкі қажеттіліктеріне назар аудару оқу процесін жетілдіруде маңызды рөл атқарады [3].

Екінші кезекте, үлгерімі төмен оқушылардың ерекшеліктеріне тоқталар болсам, үлгерімі төмен оқушыларда өздеріне деген сенімсіздік, сабаққа қызығушылықтың төмендігі, зейіннің тұрақсыздығы, білім алуға деген ынтаның жетіспеушілігі секілді сипаттар кездеседі. Оларды дұрыс бағыттап, қажетті мотивациялық қолдау көрсету арқылы танымдық қажеттіліктерін арттыруға болады. Педагогтар мен психологтар осындай оқушыларды оқытуда дараланған тәсілдерді қолдану керектігін атап көрсетеді, өйткені олардың әрқайсысының жеке қажеттіліктері мен оқу ерекшеліктері бар [4].

Мақаламның негізгі бөлімінде, үлгерімі төмен оқушыларды оқыту әдістері туралы айта кетсем, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін дамытуда түрлі мотивациялық әдістердің тиімділігі дәлелденген [6]. Мысалы, ойын түріндегі сабақтар, жобалық оқыту, визуалды құралдарды пайдалану, жеке оқыту әдістері арқылы оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыруға болады. Бұл әдістер оқушының танымдық белсенділігін арттырып, оқу барысындағы ынтасын жоғарылатады [5].

Осы тақырыпты зерттеу барысында сауалнама, сұхбат, бақылау және эксперименттік оқыту әдістері қолданылды. Бұл әдістер оқушылардың оқу мотивациясын, танымдық қажеттіліктерін және олардың дамуына ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеуге 5-8 сыныптағы үлгерімі төмен 50 оқушы қатысты. Олар үшін оқу барысында түрлі ынталандыру әдістері қолданылды және олардың әсері талданды. Зерттеуім үш кезеңнен тұрды:

1. Алғашқы сауалнама: Оқушылардың оқу мотивациясы мен танымдық қажеттіліктерін анықтау үшін сауалнама жүргізілді.

2. Эксперименттік кезең: Сабақтарда ойын, топтық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар сияқты әдістер енгізілді.

3. Қорытынды сауалнама және талдау: Эксперимент аяқталған соң, сауалнама нәтижелері талданып, алғашқы және соңғы көрсеткіштер салыстырылды.

Зерттеу нәтижелеріне жасаған сараптама қорытындысы төмендегіше болды:

Алғашқы нәтижелер: Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылардың көпшілігі сабаққа деген қызығушылықтың төмендігін, өзіне деген сенімсіздігін және материалды түсінуде қиындықтарды байқады. 70% оқушы оқу процесіне қызығушылығының төмендігін, ал 60% өз мүмкіндіктеріне сенімсіз екенін атап өтті.

Эксперимент нәтижелері: Эксперименттік кезеңде қолданылған мотивациялық әдістердің арқасында оқушылардың оқу процесіне қатысу белсенділігі артты. Нақтырақ айтқанда, ойын элементтері енгізілген сабақтардан кейін оқушылардың 25%-ы оқу үлгерімін жақсартты, ал танымдық қызығушылығы 40%-ға жоғарылады. Бұл көрсеткіштер танымдық қажеттіліктерді қалыптастыруда ойын, топтық жұмыс, шығармашылық тапсырмалар сияқты әдістердің тиімділігін айқындады.

Ойын түріндегі сабақтар мен топтық жұмыстар оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырды. Оқушылардың өздеріне деген сенімділігі артып, өз ойын еркін жеткізуге және ортақ тапсырмаларды орындауға қызығушылықтары артты. Эксперимент нәтижелері танымдық қажеттіліктерді қалыптастыруда ойын және шығармашылық әдістердің ерекше рөл атқаратынын көрсетті. Мысалы, бір оқушыға визуалды материалдар қолданылып, тақырыпты меңгеруі жеңілдетілді, ал топтық жұмыс барысында оқушылардың арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастық күшейе түсті.

Зерттеу нәтижелері үлгерімі төмен оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қалыптастыру үшін мотивациялық әдістерді пайдалану, соның ішінде ойын, топтық жұмыстар, визуалды құралдар қолдану тиімді екенін көрсетті. Бұл әдістер оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырумен қатар, оқу материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік

береді [1]. Сонымен қатар, оқушылардың өзіне деген сенімі артып, танымдық белсенділіктері жоғарылайды.

Тақырыпты зерттеуім бойынша, танымдық қажеттіліктерді арттыруға бағытталған әдістерді дамыту және оларды әрбір оқушының жеке қажеттілігіне бейімдеу қажет. Оқушылардың мотивациясын үнемі қолдау және оқу материалын қызықты әрі қолжетімді етіп ұсыну арқылы олардың оқу үлгерімін арттыруға болады деген ұсыныс айтамын. Болашақта ата-аналар мен мұғалімдердің ынтымақтастығын, технологиялық құралдарды қолдануды зерттеу, сондай-ақ әртүрлі жас ерекшеліктеріне сәйкес мотивациялық әдістерді әзірлеудің де қажеттілігі бар.

Әдебиет

1. Бектұрғанова А. Қазіргі білім беру жүйесіндегі оқыту әдістері. – Алматы: Рауан, 2019.
2. Құдайбергенова Қ. Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі инновациялық әдістерді қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.
3. Маслоу А. Motivation and Personality. – New York: Harper & Row, 1954.
4. Райан Р., және Деси Э. Self-Determination Theory: Basic Psychological Needs in Motivation, Development, and Wellness. – New York: Guilford Press, 2017.
5. Сейітқазина Ә. Оқушылардың мотивациясын арттыру жолдары. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020.
6. Выготский Л. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978.

ҒТАХР 16.01.29

С.У. Жунусова

«Семей қаласының № 6 гимназиясы» КММ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., Saulesh87754031123@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ЖАҢАРУЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарының бірі – жеке адамды қалыптастыруға бағытталған ролі және педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, олардың жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауы қажеттігі қарастырылған.

Мектепте оқытуды технологияландыру қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмір талабынан туындап отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі – мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді.

Мектептердің оқу үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіліп, жеке тұлғамен жұмыс істей отырып, саралап, даралап оқытуға мүмкіндік туады. Жаңа технология оқушының өзіндік жұмыс атқаруына және ең бастысы – оқушының білім жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс.

Мектептегі оқу жұмысының сапасы мұғалімнің оқушылардың оқу әрекеті дұрыс ұйымдастыра білуіне, оның тиімділігін мейлінше жетілдіре білуіне байланысты болады. Оқушылар әрекетінің ең басты және жетекші түрі – оқу.

Ғалым педагог Л.В.Занков: «Оқытушы – оқушының рухани дамуын қамтамасыз етуі қажет», – дейді [2].

Көрнекті психолог Л.С. Выготский: «Жақсы оқыту деп, ол баланың дамуына ілгері жүретін, оны жетекке алатын оқытуды айтады», – деп тұжырымдайды [3].

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, қабілетінің дамуы, білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымын толғандырып жүрген мәселелердің бірі. Бұл сабаққа оқыту жүйесіне жоғары талап қоюды қажет етеді.

Әр алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімді қолданылуы сабақта оқу-тәрбие мәселелерін барынша дұрыс шешуге себі тиетіндерін, оқушылардың белсенділігі мен өздігінен іс-әрекет жасауын талап ететіндерін іріктеп алуға байланысты.

Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде болған оқыту әдіс-тәсілдерінің бәрін де еркін игеріп, әрбір нақтылы жағдайларға орай солардың бірнешеуінің жиынтығын түрлендіре үйлесімді, әрі шығармашылықпен қолдану ұстаз шеберлігінің басты белгісі болмақ.

Оқыту әдіс-тәсілдерін сапалы таңдап алуды осылайша түсіну оқытуда табысқа жетуге негіз жасап, сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыра түспек.

Оқушыларға терең білім беру үшін жаңа технологияларды қолдана отырып төмендегідей қағидаларды есте сақтаған жөн:

1. мұғалім пәнді өзі жетік терең біліп, оны балаларға жай, қарапайым тілмен, өмірмен байланыстыра отырып беруі қажет.

2. мұғалім оқушылардың жеке басының психологиясын (жан дүниесін) жете біліп, әр оқушының жүрегіне жол таба білуі қажет.

3. мұғалім әр оқушыға, бүкіл сыныпқа талап қоя білуі керек.

4. мұғалім әр сабақта ғылым мен техника жаңалықтарын дұрыс қолдана білуі.

5. мүмкіндігінше, кейбір үлкен тақырыптарды топтап, жеке блоктар түрінде топтай білуі.

6. балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін жаңа сабақты тірек конспектілері мен жеке тірек белгілері бойынша беру.

7. сабақта балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі қызықты элементтерді пайдалану.

8. әрбір сабақ өз дәрежесінде өтуі қажет.

Жаңа технология әдістерін пайдалану оқушының бос отыруына, зерігуіне мүмкіндік бермейді. Бала өз бетімен білім алуға дағдыланады және пәнге қызығушылығы артады. Егеменді еліміздің ертеңі – білімнің тереңдігімен өлшенеді. Оқушылардың жан-жақты білімін, сабаққа қызығушылығын, шығармашылық ізденімпаздығын қамтамасыз етуде жаңа технологияның алатын орны ерекше. Сабақты бастамас бұрын сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру оқыту үдерісінде жеке тұлғалар өздерін еркін және қауіпсіз сезінуіне жағдай жасаудан тұрады. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыруда « Не ортақ?», «Мен сізді таныстырғым келеді», «Жүрек жылуы», «Блиц кездесу», « Капитан» ойын – тренингтері ерекше орын алады, тағы басқа ойындардың маңызы зор.

Оқыту – тәрбие үрдісінде қолданылып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген жаңа педагогикалық технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғысынан ойлау, яғни оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – оқушының мұғаліммен, құрбы – құрдастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір – бірінің ойын тың дауға, өзекті мәселені шешуге тырысып, қиындықты жеңуге көмектесетін технология. Оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамыған сайын оларда төрт параметрдің көрсеткіші өседі: жекеден – жалпыға, дифференциалдыдан -сенімділікке, интуициядан – логикалыққа, бір перспективадан – көпте – ген перспективаға. Бұл көрсеткіштерді өсіру үшін:

1. өзбетінше тұжырым, қорытындыға келу қабілетін;

2. ұқсасқұбылыстарарасынан тиімділерін талдай білуін;
3. пікірталасты жүргізе білу қабілеттерін қалыптастыру қажет.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы басты үш бөлімнен тұрады:

1. Қызығушылықты ояту;
2. Мағынаны тану;
3. Ойтолғаныс.

Әрбір жаңашыл ұстаз үшін сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының кез- келген стратегиялары құнды, әрі бағалы. Сұрақ қою, ой шақыру, білім көпірі, бес жолды өлең, еркін жазу, ББҮ әдісі, Венн диаграммасы, пікірталас, «дөңгелек үстел», іс-ойыны, сайыстар, болжау, автор орындығы тағы басқа стратегияларын қолдану оқушылардың мотивациясын оятып, ынталандыра түсері сөзсіз. Сонымен қатар бұл стратегиялар оқушының көзқарасын, түсінігін дамыта түседі. Ой шақыру стратегиясында берілетін талқылау сұрақтары оқушыларды шын мәнінде білімге қызықтырып, белсенділігін арттырады. Сын тұрғысынан технологиясының әдіс-тәсілдері оқушыларды тынымсыз ізденімпаздыққа баулиды.

Әрбір технология жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Осы әдіс-тәсілдерді мұғалім сабағына, оқушылардың жас ерекшелігіне сай іріктеп қолданады. Сабақ барысында оқушыны ол пәнге қызығушылығы артып қана қоймай, мұғалім жаңалығы, ізденісі, қолданған әдісі арқылы ерекшеленіп, оқушы жүрегінен орын алады.

Барлық пәндегі кез – келген тақырыптың тәрбиелік саяси мәні болады, сондықтан белгілі бір мақсатты проблемалық тұрғыдан түсіндіруді қажет етеді, міне осы жағдайда «Сын тұрғысынан ойлау» әдістерін қолдану белгілі бір мақсатты ашуға үлкен септігін тигізеді. Бұл мұғалімнен білімділік пен біліктілікті талап етеді. Ұлтымыздың ұлы ұстазы А.Байтұрсынов «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» – деп бағалаған еді.

Ол үшін мұғалім қазіргі заманға лайық, өзінің білім беру ісінде рухани, шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технологияларды меңгерген, білімі мен білігі жоғары ұлағатты тұлға болу міндет.

Әдебиет

1. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. – №5. – Б. 3-5.
2. Абдрахманова К. Төменгі жастағыларды оқыту ерекшеліктері / К.Абдрахманова // Бастауыш мектеп. – 1989. – №9. – Б. 10.
3. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы.
4. Ералиева М. Оқытудың қазіргі технологиялары / М. Ералиева // Бастауыш мектеп. – 2006. – №5. – Б. 3-5.
5. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология / М.Мұқанов. – Алматы: Мектеп, 1982. – 182 б.

ҒТАХР 16.01.21

А.К. Алпысбаева

«№27 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Қазақстан Республикасы, Семей қ., alem_alpysbaeva@mail.ru

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Берілген мақалада орта буын оқушыларының ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы танымдық қабілеттерін қалыптастыру жолдары қарастырылады. Аталмыш жұмыс орта буын пән мұғалімдеріне, зерттеу жұмысына қызығушылық танытып жүрген ұстаздарға, тәжірибе жинақтап жүрген жас мамандарға арналады.

Орта буын оқушыларының ғылыми зерттеу жұмыстары арқылы танымдық қабілеттерін қалыптастыру жолдары

Зерттеу мақсаты:

Орта буын оқушыларын зерттеушілік жұмыстары арқылы танымдық қабілеттерін қалыптастырудың тәжірибелік жолдарымен таныстыру, көпшілік назарына ұсыну, жас мамандарға көмек көрсету.

Міндеттері:

Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, зерттеушілік қызметке баулу, ізденушілік қасиеттерін жетілдіру арқылы танымдық қабілетін қалыптастыру.

Қазіргі заманның басты талабы өскелең ұрпақтың біліктілігін ғана қалыптастырып қоймай, олардың бойында ақпаратты табу, оны сұрыптау, сонымен қатар ұтымды пайдалана алуға, жаңашылдыққа құштарлығын арттыру болып табылады.

Ғылымның жедел түрде қарқынды дамуы, қазіргі заман талабы орта буын сынып оқушыларын да бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу мақсатын қойып отыр. Бәсекеге қабілетті жетілген тұлғаны қалыптастыру үшін оқушыны ізденушілікке, өз бетінше жұмыс жасауға, бақылау мен зерттеуге, зерттеу нәтижелерін жинақтап, қорытынды жасай білуге үйрету қажет.

Кез келген зерттеу жұмысына кіріспес бұрын келесідей кезеңдерді ұстанған маңызды:

- Бастапқы кезең: оқушының жеке бас қызығушылығын ескере отырып, оның білімі, қабілеті, дағдыларын анықтау мақсатында диагностика жүргізу;
- Зерттеу жұмысының өзектілігін таңдау: Мұғалім оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, оған өзекті тақырыптарды ұсынады.
- Тақырыпқа сай әдебиеттерді қарастыру: тақырыпқа қатысты библиографияны құрастыру, оларды талқылау;
- Зерттеу нысанын, міндеттерін, әдіс тәсілдерін, гипотезасын анықтау;
- Мәлімет жинақтау: тәжірибені және мәліметті жинақтауды жоспарлау;
- Зерттеуді қорытындылау: зерттеу нәтижелерін жүйелендіру;
- Зерттеу жұмысының мәтінін құру, өңдеу және рәсімдеу;
- Зерттеудің нәтижелерін көрсету, аудитория алдындағы сөйлеу мәнерін қалыптастыру;
- Жұмысты бағалау.

Бір кезеңнен келесіге өткен шақта оқушы проблеманы көруді, сұрақ қоюды, болжам жасауды және сол болжамды іске асыруды, зерттеу қорытындыларын сараптауды, түсініктемеге анықтама беруді, алынған қорытындыларды кесте, диаграмма т.б түрінде презентациялауды, зерттеу күнделігін жүргізуді, тәжірибе жүргізуді, қорытындылауды, өз тұжырымын дәлелдеуді және негізгі, қосалқы әдебиеттермен жұмыс жүргізуді үйренеді.

Оқушылардың танымдық дамуын көздейтін болсаңыз оқушыға қызықты тақырып таңдағаныңыз жөн және тақырып таңдау ерікті түрде болғаны дұрыс. Оқушының қызығушылығын әңгіме немесе сауалнама жүргізу арқылы анықтауға болады. Анықтау барысында келесідей сұрақтар қойылады: «Бос уақытта не істеуді ұнатасыз?», «Не туралы көбірек білгің келеді?», «Сені не қызықтырады?», т.б.

Тақырыпты таңдау кезінде оқушылардың жұмысы жетекшісімен, мектеп психологымен және сынып жетекшісімен сұхбаттан басталады. Мұндай кенесте әрдайым зерттеушілердің жеке бейімділігімен және қызығушылығымен байланысты өзіндік зерттеу идеялары туындайды.

Мектеп оқушыларының оқу-зерттеу жұмыстарынан міндетті практикалық маңыздылықты – оның нәтижелерін практикада жемісті қолдана білуін талап етудің қажеті жоқ. Бірақ практикалық қосымшалары бар зерттеулерде жоқ емес..

Зерттеу жұмысының тақырыбын таңдау тек аталған принциптермен анықталмайды. Зерттеу жұмысы көбінесе элективті немесе факультативті курстар шеңберінде жүзеге асырылады. Олардың бағыты мектептің профиліне байланысты.

Бүгінгі күні зерттеу жұмысын мектеп мұғалімі басқарады. Бұл оған өзінің шығармашылық әлеуетін іске асыруға, сабақта қолдана бермейтін білімді пайдалануға және ақырында өзінің даралығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбын таңдаудағы тағы бір маңызды нұсқаулық – бұл конференция тақырыбы, оған қатысуды, әдетте, ғылыми кеңесші мен зерттеушілер жоспарлайды.

Сонымен, біз зерттеу тақырыбын таңдау кезеңінің күрделілігі, оларды таңдау принциптері, тақырыптардың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы әңгімелестік. Жақсы тақырып қандай болуы керек екенін қорытындылауға тырысайық.

- ✓ Зерттеуші үшін қызықты және оның жеке басын дамыту міндеттеріне жауап береді;
- ✓ Жетекшіге қызықты;
- ✓ Ол негізгі білім негізінде алынған білімге сүйенеді, оны тереңдетеді және кеңейтеді;
- ✓ Ғылыми принципке сәйкес келеді;
- ✓ Қол жетімді: зерттеушінің жасына, біліміне, қабілеттеріне сәйкес келеді;
- ✓ Бұл оны іске асыру үшін қажетті көлем мен уақыт бойынша мүмкін;
- ✓ Шешуді талап ететін проблема бар.

Тақырып тартымды, таңқаларлық болуы керек

Бастапқы кезеңде әдетте зерттеудің негізгі бағыты белгіленеді, тақырып нақтыланады және оның соңғы тұжырымдалуы кейінірек, жұмыстың мәтіні жазылып, зерттеудің презентациясына дайындық жасалады.

Мақсат – мен өз жұмысымда нақты нені көрсеткім келеді деген сұраққа жауап. Мақсатты анықтау деген сұраққа жауап беруді білдіреді: неге зерттеу жүргізіліп жатыр?

Тапсырмалар негізгі қадамдарды сипаттайды, зерттеу міндеттері мақсатты нақтылайды.

Кейінірек гипотеза (болжам) айтылады. Гипотеза ретінде болжамдар болуы мүмкін:

- қандай да бір құбылыстың болуы немесе болмауы туралы;
- оның пайда болу және көріну шарты бойынша;
- құбылыстар арасындағы байланыс туралы;
- кез-келген объектіде қасиеттің болуы және оның көріну дәрежесі туралы.

Гипотеза әдетте келесі сөздерден басталады: делік ..., делік ..., мүмкін ..., не болса ...

Гипотезаны тексеру әдістері әдетте екі үлкен топқа бөлінеді: «теориялық» және «эмпирикалық». Біріншісі логикаға және басқа теорияларды талдауға (қолда бар білімге) сүйенеді, оның шеңберінде осы гипотеза алға шығады. Гипотезаларды тексерудің эмпирикалық әдістері бақылаулар мен эксперименттерді қамтиды.

Жұмыс немесе қорытынды формадағы гипотеза міндетті түрде зерттеу жұмысының мәтініне енбейді, бірақ зерттеудің нақты мақсатын анықтау үшін оны тұжырымдау қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, танымдық зерттеу қызметінің нәтижесі – білім, бірақ баланың өзі алған білім. Балалар тірі және жансыз табиғат объектілерін сыртқы белгілері бойынша да, тіршілік ету ортасы бойынша да жүйелеп, топтастыра алады. Заттардың өзгеруі, материяның бір күйден екінші күйге ауысуы балаларды ерекше қызықтырады. Баланың сұрақтары қызықты жаңа ақпарат көзі ретінде ересек адамға ізденімпаздықты, байқағыштықты, сенімділікті көрсетеді. Қайсы бір оқушының болмасын оның әр бір әрекетіне оның жетекшісінің тікелей немесе жанама қатысы болады. Өз тапарынан оқытушы оқушы әрекетіне белсенді және белсенсіз қатыса алды. Белсенді емес әрекет кезінде оқытушы жаңа ақпаратты ұсынады, оның игерілуі шектеулі болып қалады. Осы әрекеті арқылы мұғалім білімді репродуктивті жолмен табуға жол ашады.

Белсенді басқарылатын процесс терең әрі нық орнаған білімді көздеп, үнемі кері байланысты орнатады.

Осылайша, когнитивті зерттеулер бұрынғыдан да өзекті.

Жоғары айтылып кеткендерді ескере отырып өз тәжірибемізден өткенді бөлісе кетсек. Ағылшын тілі пәні бойынша “How do we know if a phrasal verb can be separated or not” (Фразалық етістіктердің қалайша бөлінетінін және бөліндейтінін қалай анықтауға болады?) сұрағын 9-сынып оқушыларымен талқыладық. Сұрақтың жауабын табу үй тапсырмасы

ретінде берілді. Нәтижесінде сұрақтың жүйелі жауабы табылмады. Сынып ішінде бір оқушы осы сұраққа қызығушылық танытты. Біз мұнысына қуанып оған осы сұрақты жан жақты зерттеуді ұсындық. Оқушы келісті. Осы сәттен біздің жұмыс басталды. Мен жетекші ретінде оқушыға бағыт-бағдар беріп отырдым. Алдымен біз түрлі әдебиеттерді қарастырдық, оларды қаламыздың және облыстық кітапханалардан, интернет ресурстардан жинақтадық. Одан кейінгі кезеңде мәліметтерді бірлесіп өзімізге қажетін таңдап сұрыптаудан өткіздік. Сосын мәліметтерді жоспарға сай топтастырдық. Нәтижесінде біз сұрақтың болжалды жауаптарын бір арнаға топтастырдық. Ендігі кезекте сол сынып оқушыларының барлығын жинап алып, олардан алдын ала дайындалған тақырыпқа байланысты тест алынды (бастапқы диагностика), содан кейін оларды осы жауаптармен таныстырып, алдарында баяндама оқылды. Баяндамадан кейін оларға баяндаманың алдындағы тесттер қайта таратылды. Тест мазмұны фразалық етістіктердің бөлінетін және бөлінбейтін жағдайларды қарастырды. Біздің байқағанымыз, оқушылардың басым бөлігі бастапқы алынған тестпен салыстырмалы түрде көбірек дұрыс жауап берген. Осыған қарағанда біздің жинақтаған жауаптарымыздың пайдасы тиіп жүзеге асқан.

Менгерудің ғылыми дәрежесін арттыру үшін сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады.

Қорытынды

1. Оқушы ғылыми жұмысты белгілі бір пән мазмұны бойынша орындай отырып, пән бойынша білімі мен біліктері дамыды.

2. Ғылыми жұмыстар оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарының қатарына кіріп, теориялық білімі мен танымдық біліктерін дамытуына көмек көрсетті.

3. Алынған нәтижелерді тадауға және қорытындыны тұжырымдауға тікелей де, жанама түрде де басшылық жасайды.

4. Оқушылардың зерттеушілік жүрізу біліктілігі артқан сайын, мұғалім жанама басшылықта бақылайды, оқушылардың дербестігі мен пәнге ынтасы арта түседі. Бұл оқушыларда зерттеушілік қызыметтің қалыптасуына, дамуына ықпал етеді.

Сонымен, оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстары – олардың іздемпаздығын қалыптастырудың маңызды жолдарының бірі, оқушы тұлғасын жан-жақты жетілдіріп танымдық біліктерін қалыптастырудың міндетті шарты және құралы болып табылады.

Әдебиет

1. Жұматаева Е.О. С чего начать писать проект // Педагогикалық Альманах. – №1. – 2015.
2. Тұңғатова Ғ.Ж. Мектептегі ғылыми жұмыс. – №4. – 2015. – Б. 2-25.
3. Бозбаева А.Т. Мектептегі ғылыми жұмыс. – №3. – 2015. – Б. 2-25.
4. Кропанева Г.А. Учебно-исследовательская деятельность школьников как технология развивающего образования // Исследовательская работа школьников. – №1. – 2002. – Б. 118-12.

Қ.Т. Төлебаева, А.М. Мамырбеков, Г.Б. Қожахметова, А.Б. Абдуллина

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ

Қазақстан Республикасы, Семей қ., tulebaeva82@mail.ru

АЙТЫСКЕР АҚЫН ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВ – ФОЛЬКЛОРЛЫҚ МҰРАЛАРДЫ ЖИНАУШЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» жобасы аясында жазылды.

Халықтың өткен тарихы мен мәдениетін, жалпы рухани дүниемізді жаңғыртып, толықтыру ісі ғалымдар мен зерттеушілердің ғана емес, әрбір ел азаматымын деген жанның ізденістері нәтижесінде жиналар мұра екені заңдылық. Осы тұрғыда Қ.Алтынбаев еңбектеріндегі ауызша тарих айту дәстүрінің ел өткенін түзудегі ескі аңыздар, дастандар, әдеби мұрадағы деректерге баса көңіл бөлетіндігімен ерекшеленеді. Жалпы, қазақ шежіресіне тән өзіндік халық тарихын танытатын категориялар бар. Олар ру, тайпа, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, Отан деген ұғымдарды қамти келіп, біртұтас этностың тарихын айшықтайды. Олай болса, ұлттың ру, тайпа, жүзге бөлінуі оның тұтастығына, туыстығына ортақ тіл, ортақ дін, ортақ Отан екеніне, яки ұлт бірлігіне негізделгенінің айғағы. Сөйтіп, шежіре, тарих халықтың ортақ рухани дүниесі болып, елді біріктіруге қызмет етеді. Қ.Алтынбаевтың «Елді мекендерге ежелгі атын берсе», «Жер-судың аты-тарихтың аты», «Төртуыл мен Садыр», «Арғын болсаң – Алтай бол, Найман болсаң – Матай бол», т.б. мақалалары мен Семей өңіріндегі Ақсуат ауданының тарихынан сыр шертетін «Ақсуат» және 240 жылдан астам тарихы бар Көкпекті аймағы түгел қамтылған «Көкпекті» деген кітаптары оның осы бағыттағы ізденістерінің жемісі. Бұл орайда ол Әлкей Марғұлан сынды ғұлама ғалыммен шежіре, тарих, ономастика мәселелері жөнінде хат алысып, ақыл-кеңес, пікір бөлісіп отырған.

«Ардақты Қалихан! Хаттарыңды алдым. Онда ақылды ой толқыны мен көп мәселе көтергенсің, артық кеткен еш нәрсе жоқ, бәрі орынды айтылған. Ғылыми мәселені жақсы түсініп, терең зерттеушілер, әрине аз, жоқтың қасында. Бірақ ол кейін шығады, оған біраз уақыт керек, биік сатыға жеткен бай рухани мәдениет керек. Тек қана әуесқойлықпен ұлы дүние жасауға болмайды. Шежірені тізушілердің көбі ғылым теорияға сүйенудің орнына бір ғана әуесқойлық әдісін қолданып, ашық мәселені, ертегіге айналдырады. Сенің найманның арғы шығу тегі туралы айтқандарың, онбі өгіз (Окір) Легендасымен байланыстыруың маған өте ұнайды. Мұнда зор ғылыми негіз бар. Математикалық әдіс бойынша 8 ғасырдан осы күнге (XX ғ) дейін жасап келген Найман тайпасының ұрпақтары да 40 тан не артық не кем болмауы керек. Әділдігіне жетем десеңіз, өзіңіз жақсы білетін 18, 19, 20 ғасырларда жасаған аталарыңызды ғасырға бөліп көріңіз, содан ашық көрінеді. Бұл жүйеге келмейтін, ешбір ғылыми тірегі жоқ, босқа лаға берген шежірені мен ғылыми құнды мағлұмат деп айта алмаймын. Найман шежіресін студент кезімде 1927 жылы Ленинградтан шыққан ғылым академиясының экспедициясына қатынасу арқылы, Шабанбайда жайлап отырған Қаратайлар ортасының атақты биі Мұса Рүстемұлынан жазып алып, Ленинградта шыққан «Казаки» деген жинақта шығардым. Мұның соңына әлі де көп түсу керек. Терістаңбалы мен Ергенекші Наймандарының шежіресін жазып жібер. Найманнан олар қалай тарайды? Сәлеммен Әлкей Марғұлан» 1961 жыл [1], – деген академик хаты осының айғағы. Бұдан байқайтынымыз Қ.Алтынбаевтың шежірелері ғылыми хронологиялық негізде жазылғанын дәлелдейді.

Сөзімізге дәйектеме ретінде Қ.Алтынбаевқа жазылған тағы бір хатты келтірейік: «Қалихан Алтынбаев ініме! Алдымен ескертейін, Найман болсаң, маған қайын жұрт болдың. Төркінім – Бағаналы (Қарсақпай). Өзім Қоңырат емес, Қыпшақпын (Торы). Хатың 1980 жылдың 23-мартында жазылып, мен командировкада жүргенде, көп хаттардың ортасына

түсіп, көзіме 1982 жылдың 5-февралында, жаңа үйге көшкенде ғана көрінді. Маған келетін хаттар аз емес қой, шеті ашылған конверт болған соң, ескермегендейміз. Оған ренжімейсің. Қызана (Қызай) аңызы сыр наймандарында бар. Кетбұға Шыңғысханға Жошының өлімін домбырамен естірткен адам ғой, оның Найман екенін білмеуші едім. Қытай шегінде Найман таулары бар, оларды ертеде Яғма деген... Мен – фольклорист маманмын. Ертедегі жазбалар тарихын жазып жүрмін. Бірақ қытай, иран, Батыс кітабына енген көптеген этнос аномастикасы бізде былқыққан. «Оғызхан шежіресі» түріктерді 24 тайпа түркіменнен таратса (Әбілғазы), кейбір тюркологтар «түрік» деген ел аты аңыздан (мифтен) туған дейді. Мұның бәрін анықтау керек. Профессор, Әуелбек Қоңыратбаев» 1982 жыл 6-ақпан [1].

Шежіре – белгілі бір халық пен ұлыстың, ру-тайпаның шығу тегі мен таралу өрісін, әрбір ұрпақ өкілінің түп-түқияннан таратып, ата-бабаларының өсіп-өну жолын саралайтын жадынама, жалпы ел-жұрттың бастан кешірген тарихы мен әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін ауызша да, жазба түрінде де паш ететін жәдігер.

Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы, өзінің түп тамырын тереңнен таратқысы келетіні – тым әріден келе жатқан ұмтылыс. Сол ұмтылыс адамдардың қиялында сонау ежелгі замандардың өзінде-ақ талай-талай аңыздарды туғызды. Шежіре – қазақ халқының жадында сақталып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа көбінесе аңыз-әңгіме түрінде желісі үзілмей келе жатқан рухани мұрасы, баға жетпес асыл қазынасы болып саналады. Жазу-сызудың онша дамымаған кезінде қазақ даласында ауыздан ауызға тарайтын шежіре халық жадында сақталған тарихтың бір көрінісі болды. Бірақ шежіре тарихтың дәл өзі емес, тарихты генеологиялық этникалық деректермен толассыз толықтырып отыратын оның қайнар бұлақтарының бірі болып саналады. Шежіре – ел жадында өмір сүретін ру, тайпа, жүздердегі ұрпақтан ұрпақ өрбуі негізінде тұтас халық тарихының, мәдени дамуының да көрсеткіші.

Әлемдегі қай халықты алмайық, олардың шыққан тегін, өткендегі тарихи жолын танып білуге ұмтылып, қатпары мол тарих қойнауынан оңайлықпен сырын аша бермейтін рухани қазына көздерін түрткілеп ізденуіне, халықтың өзін-өзі тану жолына түсуі – озық халықтардың бәріне тән ортақ құбылыс. Бұл ерекшелік халықтың іштей түлеп, рухани сатысының жоғарғы баспалдақтарына көтерілуінің бір белгісі.

Өмір кешкен тарихи жолын танып білуге деген құштарлық қазақ елінің есте жоқ ескі заманнан бері қарай бабасынан ұрпағына жеті атасын таныту дәстүріндегі тұрақты құбылысқа айналған.

Тарих шежірелеріне көз жіберсек, халықтардың тағдыр талайы, өсу жолы, талай-талай бел-белестерден өткен.

Шежіре – тарихтың бір тармағы. Қазіргі таңда шежіре жазу, яғни ата текті тарату, тану жолында бірнеше еңбектер жарық көрді. Б. Жарылғапұлы «Шежіре тарқату – кейбіреулер айтып жүргендей рушылдықты, жікшілдікті қоздыратын құрал емес, жұртымызды бауырмалдыққа, туысқандыққа, ағайын, жекжат арасындағы сыйластыққа баулитын асыл тәлімдеріміздің бірі. Кез келген екі бейтаныс» қазақтың бір-бірінен жөн сұраса қалса, көбіне-көп әйтеуір бір ағайындығы немесе құда-жекжаттығы бар болып шыға келетіндігі де бағзыдан жалғасқан қасиетті дәстүрімізге, «қарға тамыр ел» болып кеткен ардақты салтымызға саяды. Ендеше ешкімді сыртқа теппейтін бауырмал халқымыздың өз тарихымен тегін түгендеуге ұмтылысына өлшеусіз қолғабыс беретін шежіре парақтау үрдісімізді халқымыздың ортақ игілігіне қайта айналдыруға үлес қосу қастерлі іс деп білеміз» [2, 96.] дейді.

Қазақ үш жүзге және олар руларға бөлінеді дедік. Осы рулардың қай-қайсысында болмасын өзіне тән ерекшеліктері танылтын секілді. Сондай-ақ олар әр аймақта бөліне қоныстанбаған, бірге араласа орналасқан. Мысалы, бір рудың адамдары бір аймақта көбінен кездесе де, олардың біраз бөлігі басқа ру адамдары.

Өз тегін білу – қазақ халқына тән қасиет. Осы ата-баба, тегі туралы естеліктер ұрпаққа, әрине тіл арқылы қалатыны, жететіні анық. Олардың әдет-ғұрпы, дәстүрі, қасиеті ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып тарап келеді. Олар әр түрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Бізге сол ру,

ел туралы мәліметтер сөз, әр түрлі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, нақыл сөдер арқылы жетіп отырғаны белгілі.

Міне, осындай ұлт тілінің тарихи этнонимдерді қалыптастырудағы рөлі жайлы «Қалын ормандай Қаракерей» [3] атты мақаласында Найман тайпасы құрамындағы жеке ұлыс Қаракерей руы туралы ой-пікірлерінде де айқын көрінеді. Автор мақалада найманның қара ормандай қалыны да, атақты адамдырдың көп шыққаны да осы Қаракерей дейді. Қ. Алтынбаевтың топшылауынша «Керей» мағынасы ұмытылған көне түркі сөзі. Бұған мысал кәдімгі Қырым хандары есімдерінің Дәулет-гирей, Меңгі-гирей, Хажы-гирей болып келуі. Айтылуындағы азын-аулақ өзгешеліктер болмаса, «Керей» мен «Герей» сөздерінің түп негізі біреу-ақ деп көрсетеді.

Шежірелік өнерде небір тылсым құдірет бар. Шежіре халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы, рухани байлығы, тәлім-тәрбие құралы, ұлттық құндылықтарымыздың белгісі болып табылады. Ата-бабаларымыздың ұстанған жол- жорасы, салт-салтанаты, рухының қайнар көзі. Иелік еткен жері, оның атаулары, кіндік қаны, маңдай тері сіңген топырағы, ондағы байлық қазынасы. Оны аттан түспей, бел шешпей жүріп қорғап, гүлдендірген ата-бабларымыздың өмірінің өнегесі, ерлік үлгісі, адамгершілік болмысы. Демек, халықтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ұлтты рухтандырып, ұлт өмірінің желісін үзбей ұрпақтан – ұрпаққа мирас етуші сипаттың бірі. Халықтың әдетін, салтын, ырымын, наным-сенімін, яғни ұлттық қасиеті мен ерекшеліктерін айқындауда олардың атқарар қызметі ерекше.

Қ. Алтынбаевтың «Арғын болсаң – Алтай бол, Найман болсаң – Матай бол» [4] атты мақаласы шежіретану саласында жазылған тырнақалды туындысы ретінде дараланып, қазақ елінің этнос ретінде қалыптасу, бірігу тарихындағы осы екі ру маңызын ғылыми деректер негізінде кеңінен саралаған.

Арғынның этнос ретінде пайда болуы да өмір сүріп, өркендеп дамуы турасындағы түрлі пікір-көзқарастарды, ғылыми гипотезаларды таразылап, арғын атауының этимологиялық мәнін айқындау ісіне біршама толымды еңбек сіңірген.

Қаламгер зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, осы этностыңадамзат ақыл-ойының дамуына үлкен үлес қосып, оның өркендеу тарихында шешуші мәнге ие болған аруг гун, аргу, аруғ, арун, арғұт, алұн, арғұ, аргон, ақ ғұн, арғұннут, аркенут сынды ел атауларының түп мәні бір деген қорытындыға келеді. Осы тұста арғын атауы көп вариантты екендігін айту кету орынды. Арғын атауының түркі әлемінде қолданыс тапқан мағыналары да аз емес. Сондықтанда, арғұн атауы осы кезге дейін өзгеріс негізінде жасалып қалыптасқан алдыңғы этнонимдердің ортақ нұсқасы деп біледі. Негізінен алғанда, осы арғұн синкреттік атауы екі компоненттен тұратынын аңғаруға болады.

Қазақ халқының дүниетаным, ой-санасында жер бедерлерін сол жер иесі халық атауымен сәйкестендіру, сол негізде ат қою үлгісі бар. Шежіреші осындай халықтық топонимика қыр-сырын ескере отырып, бұл атау өзінің гидронимдік (өзен судың атауын), этнонимді (ру-тайпа атауын), антрополимді (ру-тайпаға тән жеке дара тұлғаның есімін), этнотопонимді (ру-тайпа атынан туындаған жер-су, елдімекен атауларын) ортақ мәнді түбірден өрбігенін зерделейді.

Осы мақалада автор найман этнонимінің де түп тарихына ерекше мән береді. Онда Қ. Алтынбаев: «Най – үлкен, кең, зор; ман – адам, кісі (Айман, Қадырман деген секілді). Сонда Найман – зор адам (батыр адам) дегенді білдіреді, найман атауының шығуы, оның қалыптасуы әр түрлі жағдайларға байланысты. Яғни тіл заңдылығы мен ерекшелігіне байланысты әр түрлі өзгерістер болуы да сөзсіз» [4] деп ғылыми қисынды тұжырым жасайды. Арғын, найман этникалық топтарының шығу тарихынан кең мағлұмат беретін бұл мақала бүгінде этнос, шежіретанушыларға жаңа мүмкіндіктер, тың мәліметтер берумен құнды.

Қазақстан Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет пен өнер институтының штаттан тыс тілшісі ретінде Қ. Алтынбаев тиянақты зерттеу жұмысын жүргізді. Аяғөз ауданындағы найманның Жанбек руындағы Байғара би әулетінің басы Ақтайлақ, соңы Сабырбай болып 17 ақын шыққан. Олардың даңқы бүкіл Сарыарқаға

жайылғаны мәлім. Шетінен шешен, ақпа-төкпе ақындар болған. Кезінде Ы. Алтынсарин хрестоматия құрағанда Жанақ ақын мен Бала ақынның айтысын енгізген. М. Әуезов те назар аударып, зерттеп, оның Сабырбай ақын екенін өлеңінен дәлелдеген. Осындай бірер зерттеушілер болмаса әдбиет тарихында тұтастай 17 ақынның аты-жөні толық белгісіз болып келді.

Міне осы мәселеге орай Ғылым Академиясының арнайы тапсырмасы бойынша Қ. Алтынбаев 17 ақынның есімін анықтап, Академияның ғылыми қызметкерлері Балташ Ысқақов пен Елубек Байтоқовқа тапсырғаны белгілі. Ол ақындарды жіктейтін болсақ: Байғараұлы Ақтайлақ, Ақтайлақұлы Алшынбай, Өзбек, Сабырбай, Өмірбек, Түбек, Сәметұлы Нұрлыбек, Орынбай, Уәйіс, Бытыхан, Артықұлы Кәдірбай, Байсалұлы Көкен, Өтепұлы Дәрібек, Түсіпұлы Йітімбет, Тілеуімбет, Әлсейітұлы Шәке, Райұлы Байтұяқ. Сонымен қатар, осы өлкеден шыққан Нұрғали Тұңғатаров, Қали Аманбаев, Ақшолақ Қауменов, Құсайын Көнекбаев сынды ақындар өмірінен де деректер жинады. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан Мүрсәлім Бектенұлының өмірін зерттеп, оның «Туған жермен қоштасу» атты поэмасын ғылым академиясына табыстайды. Әйгілі «Біржан-Сара» айтысында Сара пір тұтқан жеті ақынның өмірбаянын анықтады. Олар: Сабырбай Ақтайлақұлы, Түбек Байқошқарұлы, Жанұзақ Шынанұлы, Сұртай, Жылтыр, Кемпірбай Бөгембайұлы, Садыр Жәпекұлы. Сондай-ақ Байболат Тоғалақ бидің ел аузындағы аталы сөздерін жинастырып, өмірбаянынан мәліметтер жариялайды [5].

Қ. Алтынбаевтың ойлы, мазмұнды, ғылыми құндылығы өте жоғары публицистикалық туындыларында тарихи шежірелік мәселелерді, олардың шығу тегінің этимологиялық қырларын, топонидік атаулардың тарихи-әдеби негіздерін, олардың тарихи, танымдық және тағылымдық мән-маңызын жан-жақты толымды түрде талдап жазуымен құнды.

Олай болса, Қалихан Алтынбаевты қазақ сөз өнерінде публицистикалық туындыларымен өзіндік қолтаңбасын қалдырған публицист деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиет

1. Семей қаласы қазіргі заман тарихы құжаттамасы. Фонд 803. Архив 1. Өлеңдер және айтыстар.
2. Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Атамұра, 1994. – 126 б.
3. Алтынбаев Қ. Қалың ормандай Қаракерей // Үш анық. – 1991. – 9 желтоқсан.
4. Алтынбаев Қ. Арғын болсаң – Алтай бол, Найман болсаң – Матай бол // Үш анық. – 1993. – 15 мамыр
5. ҚРҰҒА. ОҒҚК – 280 бума. №1-2 дәптер.

ҒТАХР 17.01.21

Г.Т. Әбікенова, Г.Б. Қожахметова, Ф.А. Гайнуллина
Alikhan Bokeikhan University
Қазақстан Республикасы, Семей қ., abikenova-gt@mail.ru

ШӘКӘРІМ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР БЕЙНЕСІ

Шәкәрім Құдайбердіұлы – «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр», «Айсұлу – Нартайлақ». «Ләйлі – Мәжнүн» сияқты эпикалық поэмалары арқылы қазақ әдебиетінің поэма жанрының дамуына үлкен үлес қосқан эпик ақын.

Шәкәрім шығармашылығы туралы Т. Кәкішұлы: «...Абай мектебінің ең дарынды түлегі ретінде сыншыл реализмнің ұлы арнасында тамаша дастандар жазып, өзінің зор үлесін қосты. Творчестволық салмағы жағынан осы көркемдік үлес шешуші фактор блып әдебиет тарихында қала бермек. Сондықтан оны ХХ ғасыр басындағы әдебиетіміздің үлкен өкілі

ретінде санасақ, жазылар тарихтың алғашқы бетінен Шәкәрім жарқырап көрінері хақ» деген баға береді.

М. Базарбаев «Шәкәрім ақын» атты 1989 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрген мақаласында «Шәкәрімнің өз басы да, қазақ әдебиеті тарихындағы терең, жіті зерттеуді керек ететін көрініс.

... Қай шығармасын алсақ та, шаруасы жағынан артта қалған, оқу, өнерден, озат мәдениеттен тыс қалған халықтың ахуалын, тағдырын көреміз. Ақын көбіне налып, кейіп те айтады. Тек мағынасы жағынан ғана емес, сөз түзілісі, формасы жағынан да мұндай жолдарында Абайға өте ұқсас»[1, 120] – дейді.

Шәкәрім туындыларында өз заманының сыр-сипаты, қоғамның өткені мен бүгіні, туған халқының арман-мұраты, ішкі жан дүниесі, ойы мен мұңы зерделенген.

Ш. Елеуқеновтің «Жаңа жолдан» атты кітабында: «Абай дәстүрін жазба әдебиет саласында ілгері апарушы Шәкәрім мұрасы тарихтан өшіріліп, ауызға алынбай келгендіктен біз «Абайды көріктендіре, толықтандыра түсетін жазба әдебиет өкілдері сол тұста болды ма?» деген сұраққа «жоқ» деп бас шайқайтынбыз.

...Біз, әдетте жалпыадамзаттық, дүниауи проблемаларды көтергендердің арасынан қазақ зиялыларын көрмейміз. «Әлі бізге қайда» дегендей, көбінесе озық әдебиеттерге қарайлаймыз. Ал, тексеріп үңіле қарасақ, бір Шәкәрімнің өзі бүкіл барша адамзат талқылап жатқан көшелі проблемалардың біразының алдын алғанына көз жеткіземіз» [2, 149] дейді.

Шәкәрім нені жырласа да халық, қоғам, адам деген үш ұлы ұғым төңірегінде ой толғады. Заманның шындығын да осы үш категория арқылы ашып беруге ұмтылды. Ақынның басты тақырыбы заман және оның шындығы болды.

Шәкәрімнің «Еңлік – Кебек», «Нартайлақ – Айсұлу», «Қалқаман – Мамыр» поэмалары ескі қазақ тұрмысынан алынған. Поэмаларда автордың баса назар аударғаны – әлеуметтік мәселелер, мінез – құлық жайы. Жанрлық тұрғыдан алғанда, «Қалқаман – Мамыр» лиро – эпикалық жырға жақын, «Еңлік-Кебек» әлеуметтік дастан, ал, «Нартайлақ – Айсұлу» махаббат драмасы.«Қалқаман – Мамыр» поэмасын ақын «тарихи хикая» деп атап, «Мұтылған»дегенлақапатпен жариялаған.

Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» поэмасы 1912 жылы Семейде, «Жәрдем» баспасында басылып шыққан. «Еңлік – Кебек» дастаны да сол баспадан 1912 жылы жарық көреді. «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмасы 1929 жылы қарашада жазылған. Бұл шығарма біздің заманымызға қолжазба қалпында ғана жеткен.

«Қалқаман – Мамыр» мен «Еңлік – Кебекте» Шәкәрім ХҮІІІ ғасырдағы қазақ тарихы туралы біршама мағлұмат береді.Шығарманың негізгі арқауы махаббат трагедиясы болғанымен, автор заман кейпін нақтылау, оқиғаның ескі күндерде өткенін, ендігі жерде ел арасында мұндай келеңсіз істер болмауға тиісін дәлелдей түсу үшін хикаяның өмірлік фонына айрықша мән береді де, шағын көлемді тарихи ақпар жасайды.

«Қалмақ жеңіп, қазақтан алған кегін,
Қалқаман қиссасында жазып едім,
Мыңжеті жүз жиырма үш шамасында
Ақтабан - шұбырынды болды дедім».

Жаудан ығып,босқын тапқан ел Арқаға қарай ауады. Жұрт жаппай қырылған, ал, тірі қалғандар жаяу – жалпы шұбырып, табаны тиген ауыр жол Шақшақ Жәнібектің айтуымен Ақтабан – шұбырынды аталады. Көп ұзамай естерін жиған, қайтадан қайраттанған қазақтар әскер түзіп, ұрысқа бет қояды. Әбілмәнбет,Сәмеке, Әбілхайыр хандар тізе қоса аттанып, Бұлантыда, Аңырақайда үлкен жеңіске жетеді. Осыдан соң – ақ қалмақтардың берекесі қашып, қазақтардың мерейі асады:

«Содан кейін қалмақты қазақ қырған,
Жиылып шаба берген ой мен қырдан.
Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нұр Жайсаң, Шәуешектей аса қашқан...»

Бұланты мен қалмақ ордасының біржола талқандалуы арасында күреске, қан төгіске толы отыз жыл бар. Және мұның алғашқы жиырма жылы қазақтар үшін онша абыройлы болған жоқ. Әйтсе де, Шәкәрім баяндап отырған тарихтың жалпы сұлбасы дұрыс. Автор мақсаты – қазақ – қалмақ соғыстарының шежіресін жазу емес, Еңлік – Кебек трагедиясына себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды айқындау. Сондықтан да ақын шығыс облыстарға ауа көшкен рулардың өзара күресіне арнайы тоқталады. Ел аузында Дадан Тобықты Қараменде би Мұсабай Тобықты Кеңгірбай биге жолдапты дейтін шағын өлең сақталған.

«Басында Сырдан шығып, Орға келдік,
Табан тиеп жүре алмай, зорға келдік.
Құл алдынан құрулы талқы деген,
Бұл жаққа бақытқа емес, сорға келдік».

Бұдан соң Қараменде белі берік атанға күш салып, «аты жақсы дариядан», яғни Ертістен ары өтуге, патша өкіметінің құрығы жетпес қияңға шығуға шақырады. Шәкәрімнің ескілік тақырыбына арналған үшінші поэмасы «Нартайлақ пен Айсұлу» – бұл топта біршама оқшау тұрған шығарма. Сырттай карағанда поэмаға ескі ел аңызы бағзы бір кездердегі Айсұлу, Нартайлақ дейтін бақытсыз ғашықтар тағдыры өзек болған тәрізді көрінеді. Алайда, шығарма сюжеті бастан – аяқ ақын қиялының ғана желісі екені байқалады [3, 46].

«Атақты Әмір – Темір заманында» өтіпті – мыс. Оқиғаның мекені – Бақанас, Байқошқар, Балқыбек, Құр, Балға өзендерінің бойы, қазіргі әкімшілік – территориялық бөліс бойынша Семей облысы Шұбартау ауданының Торный», «Алғабас» атанатын совхоздарына тиесілі ішінара Абай ауданының «Бірлік» совхозымен шектесіп, кірігетін жерлер. Сонымен қатар поэмада Үшқызыл, Қаранай, Тасқызыл, Тектұрмас, Балғашоқы, Самсы, Сапанай, Ұйтас, Томан, Бірбет, Ақтас, Шолақ Өзек, Нартайлақ тағы да басқа тау, қоныс аттары ұшырасады. Бұлардың бәрі де қазіргі Шұбартау ауданына қарасты, революциядан бұрынғы кезеңде Тобықтымен көршілес Керей руына тиесілі мекендер. Шәкәрім осы өзен-су, жайлау – қыстау жерлердің барлығының да атауларын Нартайлақ – Айсұлу хикаясымен байланыстырады; өзендердің бәрі – осы оқиғаға тікелей немесе, жанама қатысы бар кісілердің есіміне қойылған ал, тау мен сай, жайлаудың, қыстаулардың дәл солай аталуы сондай да сондай себептен.

Жергілікті жұрттың ұғымында жоғарыда келтірілген атаулардың ешқайсысы да әлде бір ғашықтардың тарихымен, баяғыда болыпты – мыс адамдар атымен байланыстырылмайды, бұл өңір Айсұлу, Нартайлақ әңгімесінен мүлде бейхабар. Ал, поэмада сөз болатын нақты белгілер -Томанның, Сапанайдың күмбездеріне, Нартайлақ бейітіне келсек, бұлардың бәрі де ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысынан қалған, сол төңіректегі жұртқа белгілі адамдардың басына қойылған ескерткіштер. Томан поэмадағыдай "күң кемпір" емес, Керей руын билеген атақты би, Тобықты Кеңгірбайдың жасы кіші замандасы. Өз тұсында ру арасындағы дау, егеске көп түскен шешендігімен, ұтқырлығымен топтан озған адам: дәулет қумайтынын дәлелдеу үшін ғұмыр бойы қара күркеде тұрған. Өлген соң өз өсиеті бойынша егесті жердің шетіне, Тобықты, Найман, Керей үшеуібірдей тоқайласатын шекараға қойылыпты, саз кесектен өрілген күмбездің бүгінге дейін бар. Шәкәрім айтқандай, «Балқыбектің басында» қазір Томанаталатын жерде тұр, ешкім де күннің зираты демейді, бидің зираты дейді, ұрпақтары қасиетті санап, ақтық байласады.

Сапанай да «Әмір – Темір заманының» ұшығын көрмеген жан. Ел әңгімелерінің айтуынша, Найманның батыры екен, Кеңгірбай Шыңғысқа таласқанда жеңіліп, ығысқан Матайдың бір тобын бастап, Керей үстіне келеді, екі арада тағы да қақтығыс туып, қазаға ұшыраған Сапанай, келісімнен соң, сол заманның салты бойынша, қаны тамған жерге көміледі. Сапанайдың төбесі түскен күмбезі Шәкәрім айтқандай, «Үшқызылдың тұмсығында», Бақанас пен Байқошқардың құйғанында тұр.

Ал, Нартайлақ Керейдің Қосай руынан шыққан, мінезі қатты, тентек адам екен: ел аузындағы әңгімелерге карағанда, тоқалымен көңілдес болып қойған туысының бір бетін кесіп алып, өмір бойы бетсіз, қарабет боп жүрер өзгеше жазаға ұшыратады. Сырттай

қарағанда, махаббат тақырыбына арналған «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» – күйкі мелодрама емес, кең тынысты туындылар, осы сөздің толық мәнісіндегі драмалық дастан, әдебиетіміздің тұтас бір дәуірінің үздік үлгілері болып табылады. Екі поэмада да жеке бас трагедиясы халық трагедиясының бір бөлшегі ретінде көрінеді. Қиын хал, қат – қабат драма нақты бір кейіпкердің зұпымдығынан туындамайды. Сол сияқты, жақсылық тілеген, жәрдем жасамақ болған адамның әрекетінен де ештеңе өнбейді. Бабаң – ел қамқоры, ағайынпанасы. Алайда, әдет – ғұрып заңына тоқтау сала алмай, Қалқаманды оққа байлап береді. Кеңгірбай – ұнамды кейіпкер, бір өзінің емес, бүкіл Тобықтының қамын жейді. Бірақ жағдай құрбаны, заманадан жапа шегуші: Кебекті амалсыздан өлімге қияды. Тіпті, Мамырды атып өлтірген, Қалқаманды өлім жазасына кесуді талап еткен Көкенайдың өзі қалыпты ұғымдағы «ұнамсыз кейіпкер» емес. «Өзі батыр, мінезі қатты кісі», – деп сипаттайды Шәкәрім. Қаныпезер еді, қара жүрек еді демейді. Өйткені, ол ата – салтының патриархалдық ғұрыптың сақшысы, ода заман мен жағдай құрбаны. Поэмалардың басты кейіпкерлері де өз дәуіріне сай сыр – сыпатта. Бірақ өз ордасының әдет – салтын аттап өтіп, махаббат бостандығына ұмтылады. Бұлар да құрбан – асықтық құрбаны. Әсіресе, тағдырының немен аяқталарын біле тұра басқа жол таңдамаған, сахаббатына айнымау арқылы ажалға қарай қадам басқан Кебек мінезі айрықша кесек. Қандай сыпат, қандай тұрпатта көрінсе де, Шәкәрім бейнелеген кейіпкерлер толыққанды реализм желісі болып табылады. Бұл реттегі айрықша атап айтарлық бір жетістік – Шәкәрімнің психологиялық талдау шеберлігі. Айшықты сөздің қас зергері Шәкәрім екі поэмасында да кәдімгі қара өлең үлгісіне жүгінеді. Бұл мазмұнға сай таңдалған, трагедиялық халді өзгеше сезім толқынысыз алып ұшпасыз, әсіресе, қарапайым да' нақты жеткізер ең ұтымды түрі екеніне көзіңіз жетеді. Поэмалардың баяндау сарыны, көркемдей жүйесі – бүкіл болмыс – бітісінен кәнігі шеберге ған тән салқын, сабыр, сөз нарқы нақты байыпталған суреткерлік, қазіргі ахуалды терең таныған білгірлік көрінеді.

Шәкәрім мүсіндеген Нысан Абыз бен Әнет Бабаң да, эпизодтық қана орны болғанмен, поэма фабуласында елеулі қызмет атқаратын жаңа кейіпті тың тұлғалар.

Нысан Абыз – мәжусилік заман сарқыншағы. Әрі бақсы, қобызшы, әрі сәуегей ақылшы. Әлбетте, көне қазақ абыз атағын тек осындай адамдарға ғана беретін болған. Нысан әуелі автор сөзі арқылы таныстырылады: «Шын дәулескер бақсы», «айтқаны келеді» деп қылады аңыз. Кебекпен беттескен сәтте Нысан Абыз көпті көрген, мейірбан адам ретінде танылады. Балгерлігі – кәсіп емес, өнер. Сонымен қатар, Нысан жай ғана өнер иесі емес, тылсым күш иесі, тағдыр сызығын таратушы емес, айқындаушы ғана: «Жаман айтсам, жабығып қала көрме, – Жынның сөзін жасырып қала алмаймын», – дейді.

Абыздың батырға бал ашатын көрінісі – «Еңлік - Кебектің» ең әсерлі тұстарының бірі.

«Соны айтып қобыз алды Кебекке арнап,
Шақырды жындарының атын зарлап.
«Қара қалмақ», «Қорқыттың» күйін тартып,
Темірмасақ жабырлап тұр сылдырлап,
Бұ көзінқан жауып, өңі қашып,
Сұп- сұр болып алартып көзін ашып,
Шүлдір – шүлдірсөйлесіп жыныменен,
Өзін- өзітоқтатты эзер басып.
Нысан Абыз қысылып батқан терге,
Қарады дасөйлейді Кебек ерге:
- Ажалың биікқабак сұрлау қыздан,
Батырым, ондай қызға көңіл бөлме...»

Бұл жолдар – бар түйіннің басы ғана емес, бүкіл поэманың құлақ күйі іспеттес. Оқырманды бірден – ақ трагедиялық халге қарай бейімдейді.

Балгер емес, ел ағасы ғұлама Әнет Бабаң болашақты байыптайтын «бір жаман түс» көреді. Бірақ тағдырдың дәл осылай тынарына күмәнді. Сондықтан да Қалқаман мен Мамырды ел асырып жіберіп, дауды сөз бұйдаға салғаннан гөрі тікелесі күрес үстінде шешкенді жөн санайды. Сенетіні – шариғат жолы. Алайда, ақыр түбінде өз бауырын оққа

байлап беруге мәжбүр болады. Және де сол сәтте авторлық көзқарас тұрғысынан алғанда да, өлімге басы тігілген Қалқаманның ой жүйесі тұрғысынан алғанда да, ең үлкен құрбандық – осы Бабаң. «Бабаңның нұр жүрегі болды мұздай...» «Бабаңның шын кейіген шықты зары...» – делінеді авторлық баяндауда. Ал Қалқаман аналмен жарысқа түсер алдында өз гөрі бабаңның ноласын ауыр көреді «Өз бауырын оққа байлап өлтірді деп – Қалдыңдар обалына мына шалдын» [4,102 б.] – дейді.

«Еңлік – Кебектегі» Кеңгірбай өзін Бабаңның тікелей мұрагері деп біледі. Ол да ағайын қамын жайды, ел тыныштығын ойлайды. Өзін Бабаңдай батагой санамағанымен, Кеңгірбай билігі теңеусіз екені байқалады. Бұлда хандық өкімет күштен айырылған шақтағы шындық. Сондықтанда Кеңгірбай жан – жағына жалтақтамайды, Кебекті қиналмай-ақ құрбанға шалып, бар істі ру мүддесі тұрғысынан шешеді. «Найман тым көп добықты аз, арғын алыс, – қорықпауға да болмайды көрер көзге», – дейді автор. «Көшсем – қоныс, отырсам – көмегім жоқ...», – дейді Кеңгірбайдың өзі. Яғни, Кеңгірбай зұлым да, мейірімсіз де емес, құрбан – заманмен жағдай құрбаны.

Шәкәрімнің заманалық кейіпкер жасаудағы бір үлкен табысы – «Қалқаман – Мамырдағы» Көкенай. Кебектің Құстау үніміне бас қойған, тіпті оның қайда жатқанын нұсқап көрсеткен Кеңгірбай сияқты, Мамырды өз қолымен атып өлтірген, Қалқаманды оққа шалған Көкенайды да қазіргі ұғымдағы «намсыз кейіпкер» деп айту қиын. Ол да өз заманының перзенті, рулық – патриархалық мораль сақшысы. Жай ғана «батыр, мінезі қатты кісі» емес, өркөкірек, шешімтал жан: асау қанды, салқын сабырлы адам. Көкенай ұғымында Мамыр мен Қалқаманның көңіл қосуы – адам естілген және болашақта жол беруге болмайтын сұмдық. Ру рәсімін, адамшылық жолын аяққа басқан екі жас та өлімге кесілуге тиіс. Көкенай ызасы – жеке бас күйігі, араз – өкпе емес, тек қанмен ғана шешілуге тиіс кеселді түйін. Сондықтан да Мамырды көрген бетте: "ұйялмай жүзіқараның жүргенін!" – деп, – «Алмай қақ жүректен ойып салды». Сондықтан да жүйрік атпен шауып бара жатқан Қалқаманды қолы қалтырамай нысанаға шалды. Осыған қарамастан Шәкәрім Көкенайды қаныпезер санамайды. Ал біз... әдеби кейіпкер ретінде ғаға емес, тарихи тұлға ретінде қарағанда да Көкенайды айыптай алмас едік. Мәселе Көкенайдың қол бастаған батырлығында, тіпті Мамыр өлімінен сон арада бір жыл өтпей Түркістан түбіндегі ұрыста қаза тапқан шәйітігінде емес. Бар кілтипан – Көкенай ұстанған моральдің бұрыстығында «Қалқаман – Мамырдағы», «Нартайлық пен Айсұлудағы», революция қарсаңында туған тағы бірталай шығармадағы конфликт осы түйінге тірелетін. Ойдан шығарылған емес, өмірдің өзінен алынған көрініс. Рулық мораль қағидасына қарамай тағдыласқан ғашықтардың бәрі де қатал жазаға тартылып отырған. Ал ақындарымыз, әлбетте, мұны надандық, тығылық санайды, бақытсыз жастардың махаббатын жырға қосады.

*«Әнет бабаң емес пе менің атам,
Бірақ ондай қабыл ма менің батам?
Көшсем қоныс, отырсам көмегім жоқ,
Көрсетемін, қайтейін тыныш жатам»* [4, 306].

Осы өлең жолдарында Әнет баба есімі аталады. Әнет баба Кішікүлы – атақты би, Тобықтының алтыншы ұрпағы. Әнет баба Бұхар медресесін бітірген, Ислам қағидаларына, шарифат ережелеріне жүйрік болған. «Кішіктің бәйбішесінен екі баласы: Саңмұрын, Байымбет, тоқалынан екі баласы – Әнет, Әйтек. Әнет бабаң атанып, «Жеті Жарғы» жазған бидің бірі болған және Сырдан ауғанда ақтабан шұбырындыда 97 жасында жүре алмай қалған осы Әнет еді» – деп Шәкәрім шежіресінде жазылған [4, 306]. Әнет баба есімі поэмада екі рет аталған.

Тарихтан барлығымызға қайсар мінезімен, даналығымен белгілі Шақшақ Жәнібек есімі де бұл поэмада кездеседі. Қазақ хандығы кезіндегі тарихи оқиғалардан Жәнібектің батырлығы мен табандылығы жайлы мәліметтерді алатын болсақ, бұл поэмада оның даналығына куә боламыз. Яғни поэмада Шақшақ Жәнібек есімі Арғын шақшақ табынан шыққан ақылды кісі ретінде беріледі:

*«Сонда Шақшақ Жәнібек сөз сөйлепті:
«Балалар, осы жолды ұмытпа, – депті.*

*«Ақтабан шұбырынды» мұның аты,
Құдай қосса, алармыз біз де кекті!» [4,292].*

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары тарихи шындыққа негізделген «Еңлік-Кебек» поэмасында бірнеше қазақ хандарының есімі де аталады. Әсіресе Кіші жүз хандарының есімдері кездеседі.

*«Кіші жүз өте көшті Орал жаққа,
Әбілхайыр хан еді мінген таққа,
Мың жеті жүз отыз бір шамасында
Орысқа уағда берген қарамасқа» [4,292], –*

жолында Кіші жүздің батыс аймаққа қоныс аударуы жайлы айтылған. Сонымен қоса поэмада Орта жүз хандары: Болат ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның баласы – Әбілмәмбет хан, Сәмеке хан және Қазақ хандығының он сегізінші ханы Абылай ханының есімдері аталады.

Тобықты мен Найман руының арасындағы оқиғаны баяндайтын бұл поэмада екі рудың батырлары мен кемеңгерлерінің есімдері жиі аталады. Шығармада би-болыстардың мінезі ерекше жеткізілген. «Тістеген жерде тісім, ұстаған жерде қолым кетсін» дейтін тізесінен қан кетсе де қаймықпас би – Кеңгірбай биді ерекше атап өтуге болады. Кеңгірбай Жандосұлы (1735-1825) – би, ұлы Абайдың төртінші атасы. Поэмада Тобықтының атақты биі Кеңгірбайдың есімі сегіз рет аталады. Бірде «Кеңгірбай» деп аталса, бірде «Қабекең» деген атаумен қолданылған.

*«Қабекең сөз айтпайды жұмбақтамай:
«Ей, Көбей, сұңқар қалай, тауық қалай?
Тоқтамыс жолаушылап кетіп еді,*

Сол келгенше өтпей ме уақыт талай?» [4, 305], – деген жолдардан Кеңгірбайдың көреген, дана екендігін байқауымызға болады.

Кеңгірбайдан бөлек поэмада есімі аталатын Тобықтының белгілі биі – Қараменде. Қараменде Шоқаұлы – би, шешен. Тобықты руының төбе биі болған. Өзінің шешендік тапқырлығы, әділ билігімен ел құрметіне бөленген. Қарамендені Абайдың әкесі Құнанбай өзіне ұстаз тұтқан.

Поэмада бірнеше тап өңілдерінің есімдері аталған. Көбей – Жүзбенбет деген таптан шыққан, әрдайым Кеңгірбай бидің сөзін шешкен кісі. Көбейдің есімі шығармада алты рет аталады.

*«Көбей мұны ұқты да қайтып кетті,
Тобықтыны кеңес қылған топқа жетті.
Қабекең екі-ақ ауыз жұмбақ айтты,
Ол сөзінің мағынасы мынау депті» [4, 305]. –*

деген жолдардан біз Көбейдің өте тапқыр адам болғанын біле аламыз. Көбей биден бөлек шығармада Байғара табынан шыққан Кеңбайдың есімі де кездеседі. Кеңбай Байқараұлы – ел мен жер, мал, жесір дауларын шешуге белсене араласып жүретін Кеңгірбайдың сенімді адамы.

Шәкәрім шығармаларында Нысан абыз есімді кейіпкер бұл поэмада екі рет кездеседі. Нысан абыздың аты – Жиеншора. Нысаналы болған соң, Нысан деп атап кеткен дейді.

Негізгі сюжеттік байланыс, тартыс бастауы Кебектің Нысан абызды іздеп келіп жолығуынан басталады.

*«Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дауласкер бақсының өзі нағыз.
Жыны айта ма, кім білсін, шыны айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз» [4, 294], –*

деп таныстырылатын Нысан абыз бейнесі шығармада даналық бағыттағы абыз емес, бақсы – балгерлік мағынадағы абыз ретінде сипатталған.

Көркем шығармалардың барлығының да көркемдік негізі – өмір шындығы. Өмір шындығы – әдеби туындыдағы реалистік сипаттың басты ұстанымы. Шәкәрім поэмаларында халықтың ежелгі замандардан жадында сақталған, кейінгі ұрпақтардың санасында сақталған тарихи тұлғалардың адамзатқа өнеге, үлгі болатын істерін көркем шындықпен жырлайды.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жазылды.

Әдебиет

1. Базарбаев М. Шәкәрім ақын // Жұлдыз. – 1989. – №12. – Б. 192-197.
2. Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. – Алматы: Жазушы. – 1989. – 319 б.
3. Мусилимов Б. Шәкәрім Құдайбердіұлы поэмаларының тарихилығы. Scientific Collection «InterConf»: Science, Education, Innovation. April, 16-18. – 2022. – 104 б.
4. Құдайбердіұлы Ш. Қазақ айнасы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003 – 296 б.

ҒТАХР 18.02.21

Г.С. Мусинова

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., g.musinova@mail.ru

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СЕМЕЙ ҚАСІРЕТІ (ӘДЕБИЕТТЕГІ ЭКОЛОГИЯ КӨРІНІСІ)

Кез келген ақын өзі өмір сүріп отырған қоғамнан ада емес. Сол себепті ақындар өздері өмір сүрген кезеңдегі замана шындығын жыр жолдарымен өрнектеп, қоғамның жанды картинасын жасайды. Қоғамның даму эволюциясында ұлт өміріндегі тарихи оқиғалар, заман шындығы, халық басынан кешкен қуанышты сәттер мен қайғыға толы қасіретті кезеңдер де қаламгерлер туындыларына арқау болды. Осындай ақындар қаламынан қанды сия болып төгілген оқиғаның бірі – жылдар бойы адам мен табиғат трагедиясына айналған Семей полигоны тақырыбы. Әрине Сарыарқаның нақ төсінде, Еуразия кіндігіне айналған қасиетті қарт Дегелеңді тітіреткен ажал аждаһасына айналған Семей полигоны қасіреті жайлы жазылған өлең-жырлар аз емес. Трагедия қазақ елін ғана емес, күллі әлемді алаңдатқаны да даусыз.

Қазақ халқы ел боп жаратылғанан бері талай қайғы-қасірет, аламан шапқыншылықты басынан кешірді. Өткен ғасырдың бас кезеңіндегі ХХ ғасыр басындағы туған жерден еріксіз басқа жаққа кетуге мәжбүр болып үдере көшкен қалың елдің қайғылы қасіреті «Елім-ай» жырынан бастап халық басына түскен қасіретті күнге жан бітірген. Дегелеңде болған жарылыс салдары ата жұрттан еш жаққа ауа көшпесе де жер-анаға жасаған қиянат қазақ халқын болашағынан айырды. Қазақ халқы ұлт ретінде жойылу қаупінде тұрды.

Жалпы ұлт әдебиетінде елге, жерге деген сүйіспеншілік әр ақынның жан-тебіренісі, ұлт қасіретін өз қасіретімен астастыра жырланады. Полигон сынақтары жайлы жазылған туындылардың авторлары жойқын жарылысты көздерімен көріп, құлақтарымен естіген шындықты жазды. Заманның ащы ақиқаты, жер ананың аһ ұруы мен бейкүнә халықтың полигон зардабынан қасірет шеккенін көзімен көрген ақындардың жан айқайы өлең жырға арқау болды.

Кезінде Темірхан Медетбектің Бауыржан Жақып лирикасы жайлы: «Сөз жоқ, Дегелең мен Абыралы қасіреті – бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңмен, бүкіл тамыр-талшығыңмен сезінесің. Бірақ ол қасіретті дәл Бауыржандай сезіне қоюымыз қиын. Өйткені ол – сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын» [1], – деген пікірі Семей қасіретін жырлаған әр ақынға қарата айтылғандай.

Ғалым М. Дүйсенова: «Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар» [2], – деп атап көрсеткендей, поэзия халықтық, қоғам өмірінің айнасы. Халықтық поэзияның ең басты нысаны – сол

халықтың арман-мақсатын, тұрмыс тіршілігін, халықтың бастан кешіп отырған хал-ахуалы, арман-мақсатын, іс-әрекетін, өмір шындығын бейнелеп беруі.

Уақыт әрқашанда бәріне төреші, өткен оқиғаның қуанышы мен қайғысының орнын жаңа оқиғалар басады. Өткенге қарағанда қазіргі күн талабынан өткен дүние соншалықты маңызды болып көрінеді. Семей сынақ полигоны жайлы да осындай пікір айтуымызға болады.

XX ғасырдың құбыжығы атанған Семей полигонының зардабы әлі де ұмытылар емес. Атомдық жарылыстардың әсерінен ауа қабаттары бүлініп, шекарамыз қызыл сызықпен қоршалған экологиялық аймаққа айналды, ұрпағымыз қанында жоқ, бұрын-соңды естімеген дертке ұшырады. Қырық екі жылға созылған ядролық сынақтың 1991 жылы аты өшті. Бүкіл әлем «Семей-Невада» шеруіне шығып, ядролық апатты жою мәселесі жүріп жатқанда қазақ ақындарымыз осы тақырыпта қалам тербеп, өз үлестерін қосты.

О.Сүлейменовтың қозғалысының бастамасымен ядролық жарылыстан көзіміз ашылды. Сонда да, өртенген жер қойнауы мен айықпас дертке шалдыққан адамдарды көріп көңіліміз босайды, алаңдайды. Әр дәуірдің өз «заман-айы» болатыны сияқты, ақын Ұлықбек Есдәулет пен композитор Төлеген Мұхамеджановтың «Заман-ай» өлеңі зарлы күндердің куәсіндей «Невада-Семей» қозғалысының ұраны болды.

«Ұлдарымның қайда кеткен құрығы,
Қыздарымның қайда кеткен бұрымы,
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Туған жердің лайланды-ау тұнығы.
Қайран елім, қайран жерім қор болған,
Жомарттығы өз басына сор болған,
Жарылыстан көз ашпаған далам-ай,

Заман-ай, заман-ай» [3], – деп ақын бүкіл бір заманың, бір дәуірдің зары мен мұңын асқан шеберлікпен жырлады.

«Неге біздер у ішеміз суаттан,
Неге біздер ажыраймыз тұяқтан?
Туған жерді тоздырғанша, заман-ай
Неге жерге кірмейміз біз ұяттан?
Қираттық та ата-баба мазарын,
Қасіреттің тарттық енді азабын
Қоң етіңді ойып берген заман-ай,

Көсілетін көрпең қайда, қазағым?» [3, б. 5], – деп ақын көңілімізге ой салып, көзімізге жас үйіртіп ащы шындықты әнге қосты.

Семей полигонын шығармашылығына арқау еткен ақындарымыз ең алдымен туған далаға деген шексіз махаббатын паш етеді. Ақындарымыз ең алдымен туған жердің, өскен қырдың, шексіз кең даланың перзенттері.

«Дала перзенті ақын Ілияс:
Жүрегім жырым сенікі,
Кеңісті далам, кең далам.
Тудым, өстім, есейдім,

Ен далам-анам, мен-балаң» [4],– деп ағынан жарылғандай көркем әдебиетте де дала бейнесі жан-жақты ашылғандығы және де ең көп жырланған тақырып екендігі де белгілі. Асылы, адам әдебиетке қатар өрілген қос өзендей болып, бірі бұрын ешкім айтпағанда жеткізсе, екіншісі өзіндік даралығымен келеді. Бірін-бірі толықтыратын екі жағдайда ғана шын мәніндегі көркем туынды туады. Расында да әр әдеби туынды өз өлшемі мен жолын танытатын, жаңа пішін, құбылыс пен жаңалық.

Енді турасына көшсек, қазақ поэзиясына осы ғасырдың орта тұсынан өте бере, лирикадағы «дала» бейнесі соңғы отыз жылда тек қана өзіне тән өзгеше мазмұнын ашқан, тек қана өзіне тән өзгеше пішінін тапқан. Жыраулар поэзиясынан бастау алған атамекенді, туған жер табиғатын сағыну, ардақтау арқылы ұрпақтарды отаншылдық-патриоттық рухта

тәрбиелеуге ерекше мән берілген. Олардың жыр жолдарынан Баба мекеніне деген ұлы махаббатты жеткізудегі ішкі рухани толқыныстың ғажап сәйкестігін аңғарамыз. Осы сипаттағы туындылар – ақындарымыздың ішкі бұлқыныстары мен буырқаныстарының жемісі. Көшпенділер тыныс-тіршілігі, дала романтикасы – қаламгерлер туындыларының өне бойынан маңызды орын алып, үнемі қайырылып соғатын мәңгілік тақырып. Сахара өмірінің өзіндік сәні, қайталанбас өмір салтын, кең өлкені еркін кезген дала қазақтарының аңғал да батыр мінезін, өршіл рухын ерекше құштарлықпен, көтеріңкі пафоспен бейнеледі.

Сынақ басталмай тұрғандағы Дегелең аймағының қызығы басылмайтын қызу тірлігі, ауыл арасындағы дырдулы думан, жасыл жайлау, салқар көш – бәрі-бәрі ақындарымызға айрықша шығармашылық көңіл-күй қалыптастырды деп айта аламыз. Дала образы, қырдағы ел тұрмысына деген сағыныш ерекше бейнелік теңеулерді қалыптастырды.

Мысалы, Бауыржан Жақыптың шығармашылығындағы:

«Қыраты Көк көтерген иығы боп,
Ұшы жоқ Дала көрдім қиыры жоқ.
Ақында арман бар ма соғып өтсе
Төсінде сол даланың құйыны боп
Ақсақал, жайдым қолды, бер батаңды» [5],

– деген жолдар туған жердің көркем табиғатына тамсанумен қатар бабалар рухына тағзымын сездіргендей.

Бауыржан Жақып шығармалары қазақ поэзияның жаңа қырын, қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиетін танытады, ұлттық поэзияның биік шыңдардан көрінгендігінің куәсі. Ақын қазақтың қара өлеңінің ұлттық рухы мен реңкін түрлендіріп байытты. Сонысымен де өз оқырмандарының жүрегінен орын алды.

Б. Жақып ХХ ғасыр әдебиетіндегі озық классикалық үлгідегі реалистік сарынды жаңаша нәрлендірді. Өз заманының келелі мәселелерін жырлап, ақындық дәстүрді бұзбай ана тілінің нәрін көпшілікке жеткізе білді.

Семей өңірінде туған ұлылардың еңбектерін оқып, ұлағатты тәлім-тәрбие көріп, өрлікпен өскен Бауыржанның көп өлеңдерінен өжет мінез, өршіл рухтың лебі есіп тұрады. Мейлі ол соғыстан кейінгі жаралы ауылдың тұрмысын жырласын, мейлі ол ғасырлардың ауыртпалығын жырласын, мейлі ол қазандай қайнаған қала тіршілігін жырласын... тіпті қай тақырыпқа қалам тартса да егеулі найза мінезінен танған емес. «Ұйқыға батып жатыр батыр-дала, Қаратау басындағы дулығадай» деп ұлы шайқастан соң дамылдап жатқан алып батырды көзіне елестетеді. Дала – батыр метафоралық тіркес пен дулығадай теңеуі сөзді құбылтып, ұлттық реңкте жырланады. Сөйтіп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ кесіп айтса да, ғасырлардың күрделі беттері сананда найзағай ойнатып, жарқ етіп, күркіреп өте шығады.

Ғалым Б. Кәрібозұлы: «Дала қазақ поэзиясының тақырыбы болудан бүгінгі өлең тәжірибесіне сүйенсек, тым биіктеп кетті. Дала – бір немесе бірнеше ақынның емес, поэзиямыздың барлық буын өкілдеріне шабыт беретін – муза, ақындық айдыны. Өйткені, халықтың табиғаты – дала тектес, тарихы даламен тығыз, кіндігі жабыса байланысқан» [6], – деп қазақ ақындарының поэзиясына арқау болған дала тақырыбына байланысты пікірін білдіреді.

Бауыржан Жақып дала көрінісін көп суреттеген ақын. Бірақ қандай жағдайда да құрғақ баяндауға бой ұрып көрген емес. Сөзбен сурет салып, береке дарытып, бедерлі бейнелейді. Дала қырында шашыраңқы өскен қызғалдақтан да идея тауып:

«Жете алмай арманына жау қалғалы,
Жерімнің кеңдігіне таңданғаны...
Шашылып жатыр қырда қызғалдақтар
Бабамның сияктанып тамған қаны» [7],

– деп өзгеше ой түйе білген шеберлігі кісіні таңдандырмай қоймайды. Жаны сұлу ақын қашанда әсемдіктен сұлу өлең өреді. Бұл шумақтан, біріншіден, жалпақ дала төсінде ұлтарактай жерді де жауға бермей жанталасып шайқасып, қызыл қаны шашыраған батыр

бабалардың ерлігі көрінсе, екіншіден, қырда жайқалған қызғалдақтың нарттай жанып алаулап өсіп тұрғаны көзіңе елестейді. Ойдан ой, суреттен сурет туындап жатса, сөз жоқ, бұны сегіз қырлы Бауыржан ақынның бір қыры деп қабылдаған абзал.

Дәл осындай жерге деген перзенттік сүйіспеншілікті, туған даласының сұлу табиғатына сұқтанған ақын, бозбала таңмен қыр гүлдерін оятқан сыршыл Төлеген Жанғалиев:

«Ажарындай жігіттің,
Қара желі ысқырған,
Қарауылда туыппын.
Мен келгенше бұл жерің,
Мекен бопты жұмақтай,
Қызыл, сары гүлдері,
Қырға шыққан ұяттай!
Өр мінезді өзені,
Өректі қыс, жазы.
Құрымапты желегі,
Құжынапты құстары.
Ат бойындай ақ шеңгел,
Ақгүл атып тұрыпты.
Қарағай тал, өскен жер,
Қарақатқа тұныпты» [8], – деп өрбітеді.

Бауыржанды қыр даласында жайнай өсіп тамсандырған қызғалдағы Төлеген ақында ат бойындай ақ гүлмен алмастырылады, қызыл-сары құлпырған гүлге үн қосқан құстарымен жұмақ мекенге айналған туған жер табиғатын тамсана жырлайды.

Бұл жердегі қызыл, сары гүлдері жайнаған, ат бойындай бітік шалғынның келешектегі қайғылы суреті алдындағы дайындық іспеттес.

Бауыржан ақын мен Төлеген Жанғалиевтың осы өлеңдерінде қазақ даласының поэтикалық портреті жасалады. Екі ақын да туған өлкенің тарихын зерделеп, оның алдындағы перзенттік парызын, жауапкершілігін терең сезінеді. Ақындық жолының басты шығармашылық нысанасына айналатынын ашық сезіндіреді.

«Мен атоммен құрдаспын» – деп жырлаған Төлеген ақын базары таусылмаған Қарауылдың атом сынағынан кейінгі көрінісін:

«Мекендеген жерімді.
Ащы үнін тыңдаппын
Ашқан күннен көзімді.
Жатқан сәттен жөргекте,
Жағалапты ол мені» [8],

– деп бесікте тербелген баланың құлағында ана әлдиімен бірге ащы қасірет үнін де етиді. Жырда лирикалық кейіпкер табиғаты ұлт мінезін танытқандай. Қи артына тығылып, қиналған жас сәбидің балалық мінезі де ашыла түседі. Ақын:

«Азған өлкем обал-ай,
Тозған бетін тосады.
Атом салған жарадай,
Атылған көл апаны.
Қайсы бірін айтайын,
Қарауылым, қарт-бабам» [8],

– деп жұмақ мекеніндей болған қарт Қарауылдың азып тозуын сезімтал ақын түңіле жырға қосады.

Ол:

«Қырық жылдай «қыңқ» демеді ол-дағы,
Қырық жылдай мен де дертпен у іштім» [8],

– деп елдің жан азабы мен ажалына айналған трагедияны ақын өз трагедиясы деп таниды.

Ақын үшін бұл сынақ Абайдың еліне, Шәкәрімнің, Мұхтардың еліне, қала берді бүкіл бір ұлтқа жасалған қиянат. Қазақтай халықтың көнбіс шыдамдылығына бүкіл әлем ғалымдары таңдана қарағанда,

«Айттым сәлем Қаламқасты» біз де тұрмыз шырқатып,
«Атом» деген кеселден көрмегендей мұң татып.
«Дегелеңнен» сол күні бізге бұлт та аумады,
Жайшылықта келетін жайбарақат у шашып!
«Бөрі арығын білдірмес» бөрі жүрек жандармыз,
Дертті болып жүрсек те «дертсіз» бола қалғанбыз» [8].

– деген жолдармен ащы шындықтың бетін ашып өтеді. Өлең жолдарындағы сарказм – келешектен немесе биліктен күдерін үзген қазақ халқының жан айғайы, күйзелісі.

«Саңырауқұлақ» салбырап санамызда тұрса да,
Армандадық қол жетпес қияндағы қиялды.
Иә, біздер сондаймыз, су ішпеген у ішкен,
Май орнына у шыққан малын сойса жіліктен.
Қазаны да қалжыңға айналдырып алғанбыз,
Қанымызды қарайтқан мезі болып күйіктен!
Күл шығарып ауыздан, алғаннан соң оттан дем,
«Күрк-күрк» жөтеліп, күңіреністік аспанмен.
Қыл шылбыр да мойынды орап алды оп-оңай,
«Өлуге» де үйрендік қан қысымы, ақ қанмен!
«Дегелеңде түк те жоқ, дерт қоздырар» деменіз,
Көріп келдік сұмдықты, әлі талай көреміз.

Кеудеміздің бір жерін тесіп шығар бір күні» [9, б. 17],

– деген ақынның санасында өшпес қасірет толып қалған жарылыста аспанды өрттей қаулаған «саңырауқұлақ», өзегін өртеген ішкен қасірет-у.

Ақынның «Полигон аймағында тумағандар, Жанарымды көре ме жас парлаған» – деп шырқырағын шындығы – қоғам ақиқаты.

Қорыта келгенде, кең байтақ мекеніміздің, туған топырағымыздың тәнінде айықпас жара бар, адамдар көңілінде дертке бергісіз нала бар екендігі өкінішті-ақ. Қазақстанның өзінде ғана күллі планетадағы тіршілік иесін түп-тамырымен құртып жіберетіндей қауқары бар әлденеше сынақ аймақтары орналасқаны дүние жүзіне аян. Семейден бастап, Байқоңыр, Ақтөбе, Орал, Атырау, Ақтау облыстарының, ең шүйгін, құйқалы жерлерін алып жатқан жасырын полигондар – Қазақстан халқына үлкен нәубет, қатаң сын.

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР22686946 «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі (Семей сынақ полигоны негізінде)» жобасы аясында жазылды.

Әдебиет

1. Медетбек Т. Таны мені, ашып көр құпиямды // <https://bilim-all.kz/>. 12.12.2022.
2. Дүйсенов М. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Рауан, 2001. – Т. 4. – 214 б.
3. Есдәулет Ұ. Заман-ай: өлеңдер. – Астана, 1999. – 88 б.
4. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 1996. – Т. 5. – 320 б.
5. Жақып Б. Қызыл қайың: өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 216 б.
6. Кәрібозұлы Б. Қазақ өлеңінің ұлттық сипаты: 10.01.02: филол.ғыл.док.дис. – А., 1997. – 260 б.
7. Жақып Б. Айдындағы аспан: өлеңдер мен поэма. – Алматы: Атамұра, 1996. – 192 б.
8. Жанғалиев Т. Атом және полигон // <https://www.zharar.com/>20.12.2022.
9. Жанғалиев Т. Ойлы адамға қызық жоқ: өлеңдер арнаулар, балладалар. – Семей: Ғаламшар, 2005. – 288 б.

Ж.Ж. Аитова, Г.С. Мусинова
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
Қазақстан Республикасы, Семей қ., aitova_1@mail.ru, g.musinova@mail.ru

АБАЙДЫҢ ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТІ

Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің грантымен қаржыландыратын АР23486445 «Абай облысының әдеби-мәдени картасы және цифрлық интеграция (фольклордан бүгінге дейін)» жобасы аясында жазылды.

Әдебиет – тарихи-заманалардың көркем шежіресі. Халықтың өткен өміріндегі барлық елеулі оқиғалары, тұрмыстық, шаруашылық, саяси-әлеуметтік жағдайлар сол замандағы сөз шеберлерінің артында қалдырған шығармашылық мұраларында өзінің шынайы көрінісін береді. Бұрын әр ақын өз дәуірін өз алдына жеке дербес сөз етіп келсе, ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында ұлт қаламгерлерін бір бағытқа, ортақ әдеби мүддеге жұмылдырған Абай айналасына топтастырған алаштық әдеби мектеп өмірге келді. Осылайша қазақ руханиятында шығармашылықты жаңаша бағамдаған әдеби дәуірдің шымылдығы түрілді. Заман талабыдәуір тынысын жан-жақты ашып көрсетуді талап ете бастады. Жаңа заман қазақ әдебиетіне өзінің соны әдеби заңдылықтарын таңды. Бұрын бірыңғай Шығыс әдебиетінің, шағатай әдебиетінің әсерімен дамыған алаш әдебиеті әлемдік әдебиеттің биігін бағындыруға ұмтылып, Батыстан үйренудің шәкірттік дәуіріне кеменгер Абайдың әдеби реформалары арқылы аяқ басты.

Сондықтан, әр ақынның әдеби шығармашылық еңбегі өз заманын суреттеп қана қоймай, заманындағы ұлтының көңіл-күйін, ой-пікірін көркем тілмен айшықтай жеткізе отырып, елінің рухани сұранысына үндесе, темір қазықтай жол көрсете білуімен бағаланды. Абай өткендегілердің өнегілі істерін өз тарапынан жалғастырып қана қоймай, замана талабына сай келетін бүгіннің өнерге, поэзияға қойып отырып талаптарын терең ұғынып, өзгеден, яғни Батыстан орыс әдебиеті арқылы өзі ғана үйреніп қойған жоқ. Артынан ерген шәкірттерін де, өзгенің тозығынан жиреніп, озығынан тәлім алуға ақылмандықпен жетеледі. Ұстаздарының танымын тезінен өткен дүниентанымын шүбәсіз қабылдаған үркердей топ оның ізгі ниетін жерге қаратқан жоқ. Замананың хал-күйінің Абайды тебіrentкен, толғантқан, ашу-ызасын келтірген отаршылдық әлегін суреттеу дағдысын шәкірттері де іліп әкетіп, замана тіршілігінің шынайы бейнесін ашатын өнер құдіретіне өздерінің де үлестерін қосты.

Ел көкейіндегі өзекті тақырыптың көзге көрінбейтін тереңіне оймен бойлап, сөзбен сүңгіген Әсет ақын да отаршылдық нәубеті тудырған ұлт портретіндегі келеңсіздікті елінің бетіне басып, намысын жанитын семсер жырында:

Мақсатың – ойын-күлкі қыз-келіншек,
Ендігі жас, болмаңдар енді еріншек.
Сұр шекпенін сүйреткен ит қорлықта,
Отырмыз қайдан келіп біз келімсек? [1, 61] –

деп, ұлтына рухани-саяси, патриоттық сезімді оятар сауал тастай аяқтайды. Ақын осы өлеңінің соңғы финалдық тармағындағы «біз келімсек» деген жарасымды тіркесімі арқылы халықтық ұғым-түсініктегі «өмірдің өгей баласын» философиялық тұрғыдан интерпретациялап отырған жайы бар. Яғни, сол дәуірдегі орын алған үлкен қасірет қазақтың жерінен айырылу трагедиясын бір ғана бүтіннің бөлшегі болып табылатын «келімсек» сөзінің бойына сыйғызады. Ал, өз ұстазы Абайдың табиғат лирикасына тән болып келетін кейіптеулік жандандыруды реалды шындық болмыстың дәлді суретін беруде: «сұр шекпенін сүйреткен ит қорлықта» түрінде дәуір келеңсіздігін айнытпай сипаттауда орынды қолданады.

Ақын бұрынғы өлеңінде жалпы көптің басындағы отаршылдық зардабын бүкіл халықтың жай-күйімен байланысты берсе, осы тақырыпты қозғаған «Кеңес» өлеңінде:

Келе сала болжадық дүниені
Не деп жауап береміз үлкен сотқа
Астымдағы тап-таза жерді көрмей
Аяғымды бастырдым талай боққа [2, 16]

деп көптің басындығы ауыр халді жалғыздардың тұрмыс-тіршілігі арқылы таныта білу Әсеттің поэтикалық қарымдылығын танытқан дидактикалық кең тынысты өлеңдерінің қатарына жатады. Осы өлеңде романтизм бағытына тән болып келетін «қос әлемдік» тақырыбы бой көрсетіп, лирикалық кейіпкердің бүгінгі күні өзінің кесірінен өмірден боқ басып таяқ жеп жүргенін, алдағы күні болатын о дүниенің «үлкен сотында» не дейтінін білмейтін пұшаймандығын танытады. Ақын өзінің отаршылыққа қарсы жырларын бір туындының бойында басқа тақырыптармен де араласып келіп отыратынын ескеруге тиіспіз. Өйткені, Әсет ән мен күйдің, терме мен толғаудың хас шебері болғандықтан оның бір өлеңінде бірнеше тақырып қосыла өріледі. Бұл кейін оның мұрасын жазып алушыларды адастырып, бүгіндері бір кездері тұтас туынды болған ақын өлеңдері жеке-жеке өлеңдерге айналып кетті.

Қазақтың Батысы – Шығыс, Шығысы – Батыс болып кеткен шақта Әсет ақынның:

Қазағым, сәнің кетті, қайран жұртым,
Бұзып тұр мына заман елдің шырқын
Бір адам заманадан хабары жоқ,
Жазылар надандықтан енді тұрқың.
Бірлік жоқ, ынтымақ жоқ, әділдік жоқ,
Тартқызды сазайыңды әдет-ғұрпың.
Қазақ қамын ойлаған кісің бар ма,
Білгенің, іздегенің-өзің құлқың,
Ғәділет, шапағат жоқ жүрегінде,
Адамға ерік бермес өңшең қыртың [1, 62]

деген сөзінен осындай халқы үшін қапаланған шерлі жанның еліне оң жол тілеген тағылымдық ой-танымын көреміз.

Толғаулардағы көнеден тамыр тартып келе жатқан афоризмдік түйіндеу үлгісі Абай дәуіріндегі әдебиетке жат емес еді. Ұлтын рухани жағынан тәрбиелеуде насихаттық тақырыптың аясын ашуда Абай афоризмдік сөз кестелеуге оқтын-оқтын барып отырған:

Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек [3, 23], –

деп, философиялық тұрғыдан адам іс-әрекетіне бағалау жасайды. Толғаудағы ақылмандылықты, аз сөзге ерекше әр беріп, кең мағына сыйдыруды ақынның аса талантты шәкірті те шеберлікпен меңгеріп, өмірдің ащы мен тұщысын айшықты сөзбен кестелей білді. Ә. Найманбайұлы өзінің өмір туралы түсінігін:

Алды үміт арты өкініш алдамшы өмір,
Алдап жүріп жүріп жасайды оспадарлық [2, 86] –

деп, дүниенің құдай жаратқан пендесінің барлығына ортақ болғанымен, адамға берер сыйының әрқилы екендігін өлеңмен өрнектейді.

| Техника моделирования | Особенность | Эксперимент | Частота дискретизации | Точность идентификации с помощью 32 векторов в кодовой книге VQ | Точность идентификации с 64 векторами в кодовой книге VQ |
|-----------------------|-------------|-------------|-----------------------|---|--|
| VQ | MFCC | 1,2-й | 8000 Hz 11025 Hz | 84.46% 85 % | 85.91% 86% |

Заключение.

Результаты показывают, что система SI на основе MFCC с методом моделирования VQ имеет очень хорошую точность идентификации и, следовательно, устойчива к шуму. После анализа результатов обоих экспериментов также делается вывод, что частота дискретизации речи и количество векторов в кодовой книге VQ значительно повышают точность идентификации.

В будущем для дальнейшего повышения точности идентификации будет разработана система множественных классификаторов (MCS), имеющая более одного классификатора. Скрытая модель Маркова [10] будет использоваться в качестве классификации техника. Наконец, потребуется подходящая комбинированная техника для достижения консенсуса путем объединения индивидуальных мнений каждого классификатора.

Литературы

1. Campbell J.P. Speaker Recognition: Tutorial // Proc. of the IEEE. – vol. 85, № 9. – 1997. – P. 1437-62.
2. Zhan C., Li W. and Ogunbona P. Face Recognition from Single Sample based on Human Face Perception / International Conference Image and Vision Computing New Zealand. – 2009. – P. 56-61.
3. Atal B.S. Automatic Recognition of Speakers from their Voices // Proc. IEEE. – 1976. – vol. 64. – P. 460-475.
4. Homayoon B. Fundamentals of speaker recognition. – Springer Science & Business Media, 2011.
5. Deller J.R., Hansen J.L., Proakis J.G. Discrete-Time Processing of Speech Signals. – IEEE Press, NY, 2000.
6. Yella S., Gupta N. and Dougherty M. Comparison of pattern recognition techniques for the classification of impact acoustic emissions // Transportation Research Part C: Emerging Technologies. – 2007. – vol. 15, № 6. – P. 345-360.
7. Reynolds D.A., Rose R.C. Robust Text-Independent Speaker Identification Using Gaussian Mixture Speaker Models // IEEE Trans on Speech and Audio Processing. – 1995. – vol.3, № 1. – P. 72-83.
8. Matsui T., Funii S. Comparison of Text-dependent Speaker Recognition Methods using VQ-Distortion and Discrete / Continuous HMMs”, IEEE ICASSP’92. – 1992, vol.2. – P. 157-160.
9. Huang N.E. et al. On Instantaneous Frequency in World Scientific Publishing Company. – 2009. – P. 177-229.
10. Wildermoth B. Text-Independent Speaker Recognition using Source Based Features. – M. Phil thesis, Griffith University Australia, Jan 2001.

11. Kinnunen T. and Kärkkäinen I. Class-Discriminative Weighted Distortion Measure for VQ-Based Speaker Identification // Joint IAPR Int. Workshop on Statistical Pattern Recognition (SPR'2002). – Windsor, Canada, 2002. – P.681-688.
12. Vergin R., O'Shaughnessy D. and Farhat A. Generalized Mel Frequency Coefficients for Large-Vocabulary Speaker-Independent Continuous-Speech Recognition // IEEE Transactions on Speech and Audio Processing. – 1999. – Vol. 7, Issue 5. – P. 525-532.
13. Kinnunen T., Kilpeläinen T., Fränti P. Comparison of Clustering Algorithms in Speaker Identification // Proc. IASTED Int. Conf. Signal Processing and Communications (SPC): Marbella, Spain, 2000. – P. 222-227.

SRSTI 29.35.19

V.A. Skublin

«Association of scientific and research design companies» LEGAL ENTITIES UNION,
Kazakhstan, Almaty, vladimirskublin@gmail.com

AUTOMATIC IMPEDANCE MATCHING TECHNIQUES OF MAGNETIC RESONANT COUPLING IN WIRELESS POWER TRANSFER

Abstract

The wireless power transfer (WPT) based on magnetic resonant coupling (MRC) is highly affected by the correct set up of transmitter and receiver parts. If the distance between transmitter and receiver coils changes in case receiver is not stationary than it causes the changes of the input impedance of the receiver. Power transfer efficiency (PTE) drop in case output impedance of the transmitter is not equal to impedance of the receiver part. Position of the source coil affects coupling coefficient between load and transmitting coils and this allows to match its impedances in a way that PTE is maximal. Multiple transmitter coil with selector based on solid-state relays (SSR) is proposed to choose the transmitter coil that matches the maximal PTE of WPT. Performance of the proposed solution is evaluated by simulations.

Index Terms: Wireless power transfer, magnetic resonant coupling, impedance match, coupling coefficient, power transfer efficiency

Introduction

There is a high interest to WPT nowadays. It continues to grow due to the fact that the number of mobile and IoT devices [1], mobile robots, smart medical implants [2] are increasing. WPT based on MRC technique is an effective power supply method effective on the distances in general no more than 1-2 meters. Adding additional ON/OFF switching relay resonators into the system allows to extend the transmission distance, this way a mobile device can be fed regardless of its position on the charging surface on X and Y coordinates, Fig. 1 [9]. The Z vertical distance from the transmitter coil to the charged device as well as load variations are highly affecting the impedance of the system. Unequal impedance of transmitter and receiver parts of the WPT can cause reflection of the transmitted signal and loss of PTE [3, 4]. To keep PTE of the WPT on the maximum possible level impedance matching techniques are required. There are a lot of techniques that exist that allow impedance match for the WPT systems, general methods were assessed and presented in Table 1. First method is providing impedance match by changing distance or position of source coil. It allows keeping the carrying frequency unchanged. It changes coupling coefficient by positioning source coil with automatic motorized systems that may be difficult to implement in real prototypes [3,5]. Second method functioning in a way that change impedance match is realized in a way that resonant loops of the WPT are automatically adapted to the frequency shift by switching capacitors in source, load, and metamaterial loops. In the proposed method, frequency is not stable and varies from 14 MHz until 25 MHz that may not fit for the devices that have a preset industrial, scientific, or medical (ISM) band [6].

General methods of impedance match

In method 3 Impedance match is reached by adjusting the duty cycle in DC/DC output converter[4]. Thus, output impedance could be set up. It may not be applicable in cases when load require stable output voltage. In method 4 impedance match made with block of numerous relays, capacitors and coils [7]. By choosing, the right configuration of the on and off state of the relays, coils and capacitors connected in a way that impedance of transmitter part is equal to the receiverpart. The proposed solution is quite efficient, number of possible combinations of the impedance matching circuit allow system to precisely set up the impedance to the required value. Big set of electronics relays may affect the system response time and reliability in case of frequent distance changes.




Fig. 1 – Distance change along Z – axis

Table 1. – General methods of impedance match

| # | Method | Description | Feature | Refer ence |
|---|------------------------------------|--|--|---------------|
| 1 | Adjusting coupling coefficient | Impedance match by changing position of source coil comparing to transmitter coil. | Movable (motorized) source coil. Change of the coil angel comparing to transmitter coil. | [3] |
| | | Impedance match by changing the distance of source coil comparing to transmitter coil. | Automatic movable source coil. Change of the coil distance comparing to transmitter coil. | [5] |
| 2 | Adjusting carrying frequency | Impedance match in 4-coil circuit with frequency reconfigurable metamaterial | Automatic loops switching technique of changing carrying frequency in source, load and metamaterial loops. | [6] |
| 3 | Adjusting power output | Impedance match by changing duty cycle of the DC/DC converter of output chain. | Match of impedance by changing the duty cycle i.e. output power. | [4] |
| 4 | Adjusting Impedance matching chain | Impedance match by switching set of LC elements in impedance matching circuit | Automatic algorithm of adjusting impedance by multiple switching elements in impedance matching circuit | [7] |

The proposed impedance matching technique

On Fig. 2 model of WPT system of four resonators is presented. Gen – is a generator of sinusoidal signal, R_s and R_L are internal resistance of source and load respectively. WPT with MCR is made based on the four coil model. In research in [5] four coil model WPT system is analyzed. Based on that, an effective WPT have to correspond to the following equality:

$$k_{12}^2 = \frac{\sqrt{k_{23}^2 Q_2^2 + 1}}{Q_1 Q_2} \quad (1)$$

Where, $Q_i = \omega L_i / R_i$, Q_1, Q_2 – quality factors of source and transmitter resonators respectively. k_{23} – coupling coefficient between transmitter and receiver resonators.

One of the methods of output impedance regulation is a change of the coupling coefficient k_{12} between source and transmitter coils.

$$k_{23} = \frac{M_{23}}{\sqrt{L_2 L_3}} \quad (2)$$

Neumann formula from [8] for the mutual inductance:

$$M_{23} \cong \frac{\mu_0 \pi N_2 N_3 r_2^2 r_3^2}{2 d_{23}^3} \quad (3)$$

μ_0 – is the free space permeability. N_2, N_3 – Number of turns in transmitter and receiver coils resonators. Equation is valid for the condition when coil radii of the transmitter and receiver coils is much less comparing to the distance between the transmitter and receiver: $r_2, r_3 \ll d_{23}$.

With increase of distance between transmitter and receiver (d_{23}), mutual inductance rapidly drops (3). With decrease of mutual inductance M_{23} , coupling coefficient drops as well (2). To follow equality (1) k_{12} coupling coefficient is should be decreased. Distance between L_1 and L_2 supposed to increase or L_1 should get axial misalignment relatively to L_2 in order to decrease k_{12} . To be able to change k_{12} a set of identical source coils of the same size and shape are proposed on Fig. 3. In order to achieve a high efficiency, output impedance has to match input impedance, condition presented on (1) should be matched. A method presented allow improving the PTE when the distance between the resonators changed. Source coils have a preset axial misalignment comparing to transmitter coil, thus each source coil has defined k_{12} . Connecting the right coil into the source chain allow to choose the proper value of k_{12} in that way a proper source impedance could be chosen to eliminate possible impedance mismatch. The proposed solution has no moving parts in its schematic, which is seems to be desirable, especially in the automotive industry [7].




Fig. 2 – Equivalent circuit of WPT consisting of four resonators




Fig. 3 – Positioning of several source coils comparing to transmitter coil

References:

1. Satyajit Sinha (September, 2021) State of IoT 2021: Number of connected IoT devices growing 9% to 12.3 billion globally, cellular IoT now surpassing 2 billion. **IoT Analytics** <https://iot-analytics.com/number-connected-iot-devices/>
2. Orion Market Research Private Limited (June, 2021) Smart Medical Devices Market 2021-2027 Report ID: 5406806
3. Wireless Power Transfer System for Mobile Robots via Magnetic Resonant Coupling with Impedance Matching, January 2022, DOI: 10.21203/rs.3.rs-1229883/v1
4. Moriwaki Y., Imura T., & Hori Y. Basic study on reduction of reflected power using DC/DC converters in wireless power transfer system via magnetic resonant coupling / 2011 IEEE 33rd International Telecommunications Energy Conference (INTELEC). doi:10.1109/intlec.2011.6099737
5. Duong T.P., & Lee J.-W. Experimental Results of High-Efficiency Resonant Coupling Wireless Power Transfer Using a Variable Coupling Method // IEEE Microwave and Wireless Components Letters. – 2011. – 21(8). P. 442-444. doi:10.1109/lmwc.2011.2160163
6. Dongyong Shan, Haiyue Wang, Ke Cao & Junhua Zhang (2022) Wireless power transfer system with enhanced efficiency by using frequency reconfigurable metamaterial Scientific Reports | (2022) 12:331 <https://doi.org/10.1038/s41598-021-03570-8>
7. Beh T.C., Kato M., Imura T., Oh S., & Hori Y. Automated Impedance Matching System for Robust Wireless Power Transfer via Magnetic Resonance Coupling // IEEE Transactions on Industrial Electronics. – 2013. – 60(9). P. 3689-3698. doi:10.1109/tie.2012.2206337
8. Cheng D.K. Field and Wave Electromagnetics, 2nd ed. Reading. – MA: Addison-Wesley, 1983.
9. Narusue Y., Kawahara Y., & Asami T. Impedance matching method for any-hop straight wireless power transmission using magnetic resonance. – 2013 IEEE Radio and Wireless Symposium. doi:10.1109/rws.2013.6486685

FTAXP36.16.35

Д.С. Ахатова, Ә.Ғ. Алтынбекова

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ. ahatovad.01@mail.ru

ГАЗ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ МОНИТОРИНГІН ЖАСАУ

Аннотация: Мақалада ГАЗ технологияларының көмегімен Арал теңізінің мониторингін жасау. Зерттеу нысаның объектісі ретінде Қазақстан Республикасында орналасқан Арал теңізі болып таңдалды. Онда көлдің барлық проблемасы қарастырылады. Теңіздің су мөлшерінің қаншалықты азаюы және нәтижелері көрсетілген.

Кілт сөздер: Мониторинг, ГАЗ технологиялары, түсіріс жасау, су индекстері, спутниктік желілер, растр, индекс.

Кіріспе

Тақырып өзектілігі: Жалпы тұрғыдағы су қорларын тиімді пайдалану, олардың пайдалану мақсаттарын нақты айқындау. Оның мәселелерін шешу, алдын ала жолдарын қарастыру. Бұл үлкен жауапкершілік пен еңбекті талап етеді.

Қазақстан жер асты суларының бай қоры бар, әсіресе судың жетіспеушілігі бар өңірлерде олар үлкен маңызға ие. Таулы аймақтарда мұздықтар орналасқан, олар су ресурстарының табиғи реттегіші ретінде әрекет етеді және жыл бойы тұрақты су көзі ретінде маңызды. Республикамызда су қоймалары мен каналдар да салынған, олардың ішінде Қапшағай, Бөген, Шардара су қоймалары бар. Олар суармалы егіншілік пен ауыз су қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта су объектілері ғарыштық мониторинг жүргізу орасан зор ақпараттық әлеуетке ие әр түрлі масштабтағы және рұқсаттағы спектрзоналды қашықтықтан зондтаудың жүйелі түрде алынған мәліметтерін білдіреді [1]. Мониторинг тапсырмаларының тізіміне мыналар кіреді:

- мұз жағдайын бақылау;
- су ресурстарның көркею процестерін зерттеу;
- өзендердің, көлдердің, сапасына қарау және бағалау;
- суару жүйелерінің жағдайына анализ жасау;
- су тасқынын алдын алу мақсатында модельдеу және болжау;
- трансшекаралық өзендердің мониторингі;
- өзен арнасының жай-күйін қарау, арна деформациялары олардың су ағындарының табиғи режимін талдау;
- су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің мониторингі;
- су қоймаларының нақты пайдалы сыйымдылығын, оның ішінде өлі көлемін есептеу;
- көлдер мен ірі су қоймаларының жағалау аймағының жай-күйін спутниктік бағалау, антропогендік белсенділікті талдау және жағалау аймағы шегіндегі абразия процестерінің динамикасын бағалау;
- өзен арналарының атырау түзілу динамикасын спутниктік бағалау;

Жұмыстың шешуге бағытталған ғылыми мәселесі ішкі суларды геоэкологиялық бақылау үшін оптикалық диапазонда қашықтықтан зерттеу деректерін пайдалану мүмкіндігін бағалау болып табылады.

Зерттеу нысаны Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан Арал теңізі болып табылды.

Жұмыстың мақсаты: Landsat 8 OLI/TIRS (2015, 2018, 2020 жж.) спутниктерінің ғарыштық түсірілім деректерін пайдалана отырып, таңдап алынған ауданда ГАЗ технологияларын қолданып ЖҚЗ деректері негізінде Арал теңізіне мониторинг жасау.

Негізгі міндеттері: Жұмыстың мақсатына жету үшін келесі негізгі міндеттер қойылды:

- Зерттеу жүргізу кезінде Landsat 8 (АҚШ Геологиялық қызметі) [2] суреттері пайдаланылды. 2003 жылы Ұлттық аэроавтика және ғарыш басқармасы (NASA) жердің спутниктік радиолокациялық ғарыш суреттерін материалдарын сандық рельеф моделі ретінде 30-дан 90 м дейінгі кеңістіктік рұқсаттылықта жариялады. ArcGIS бағдарламасына Geotiff форматында жүктеу;
- зерттеу процесі бес негізгі қадамнан тұрды: мозаика деректер жинағына кескіндерді қосу, тігіс сызығын жасау, түсті реттеу, қызығушылық аймағына деректерді қию және жасалған мозаиканы экспорттау;
- Жерді қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу, спутниктік суреттерді интерферометриялық өңдеу арқылы жоғарыда аталған мәселелерді шешу;
- қашықтықтан зондтау ақпараттарына сүйене отырып су объектілерін анықтау үшін есептік көрсеткіш негізінде индекстер қолданып есептеу жүргізу;
- геологиялық зерттеу жүргізудің әдістемелік бағдарламасын әзірлеу, қашықтықтан зондтау деректері негізінде ішкі су объектілерін мониторинг жасау, олардың қолдану

мүмкіндігін бағалау және қашықтықтан зондтау деректерін өңдеу пайдалану бойынша ұсыныстар беру.

Мемлекеттік су ресурстары ең маңызды аспектілердің бірі болып есептеледі. Су ресурстары көбісі ауыл шаруашылық немесе электр желілерін қамтамасыз ету үшін қолданылады. Арал теңізіне ең басында Өмудария және Сырдария өздері қою арқылы оның аумағы су қоймасының аумағы үлкен болды. Уақыт өте келе, екі өзенде оның аумағына құймай керісінше оның су қоймасының аумағының ауданы азая түсті. Ол Арал теңізінің тартылуына алып келді. ГАЗ технологияларының көмегімен осы Арал теңізінің қаншалықты өзгеріске ұшырағанын көре алатын боламыз.

Арал теңізінің кебу проблемасы бұрыннан байқалып, зерттелген. Осы экологиялық проблеманың алдын алу үшін қажетті шаралар қабылданды. Бақылау үшін жоғары ажыратымдылықтағы деректерді беретін Landsat, Sentinel-2 сияқты әртүрлі спутниктік жүйелер қолданылады. Бұл спутниктердің көмегімен ауданың толық түсірілімін ала аламыз. Негізгі мақсатына келесі қадамдар жүргізіледі:

- Белгілі бір уақыт кезеңдерінде Жерді қашықтықтан бөлу аймақтары (ЖҚЗ) деректері түрінде жұмыс істеу үшін бастапқы деректерді жинау;

- Спутниктік түсірістерді алу;
- Бағдарламаға оларды ретімен салу;
- Кескіндерді мозаика түрінде біріктіру;
- KML форматын бағдарламаға еңгізу;
- Оларды қиып алып шекараларын көрсету;
- Су индекстарын есептеу;
- Зерттеу объектісін бөліп алу;
- Полигондық растрин орындау;
- Ауданың және эрозиялық мәндерін есептеу;
- Мониторинг жасау үшін карта жасау.


Мониторинг жасау барысынан бұрын мониторинг сөзіне анықтама беретін болсақ. Мониторинг-бұл өзгерістерді бақылау және бақылау мақсатында объектінің, құбылыстың немесе процестің күйін үнемі бақылау, өлшеу және талдау процесі. Мониторинг әртүрлі салаларда қолданылады: экология, денсаулық сақтау, экономика, өндіріс. Соның біздің орындағанымыз ол су ресурсының мониторингін жасау болып табылады [3].

Су мониторингі жай-күйін ағымдағы (үзіліссіз емес) және кешенді талдау жүйесін білдіреді. Оған мыналар кіреді: уақыт бойынша сапалық және сандық сипаттамаларды есепке алу және бақылау, сондай ақ су объектілерін әртүрлі режимдерде дамыту және сақтау жүйесін пайдалану.

Арал теңізі – Орталық Азияда, Қазақстан мен Өзбекстанның шекарасында орналасқан тұзды су көлі. Бұл теңіз тарихи тұрғыдан әлемдегі төртінші үлкен ішкі су айдыны болған, алайда 20-шы ғасырдың ортасынан бастап оның көлемі күрт азайып, экологиялық дағдарысқа ұшырады. Арал теңізінің жалпы ауданы 66,1 мың шаршы шақырымды құраған, бірақ 1980 жылдардан бері көлемі 90%-дан астам азайып, екі негізгі бөлікке – Солтүстік Арал және Оңтүстік Арал теңіздеріне бөлінді. Солтүстік бөлігі Қазақстан территориясында, ал Оңтүстік бөлігі Өзбекстанда орналасқан. Теңіздің тартылуының негізгі себептері – Сырдария және Өмудария өзендерінің суын суару мақсатында интенсивті пайдалану. Бұл процесс жергілікті экосистемаларға теріс әсер етіп, балық аулау мен балық шаруашылығына үлкен зиян келтірді. Сонымен қатар, Арал теңізінің тартылуынан тұзды дауылдар пайда болып, ауыл шаруашылығы мен адам денсаулығына қауіп төндірді.

Ғарыштық бастапқы мәліметтері АҚШ геологиялық қызметі ұсынған Landsat спутниктік жүйесінен толық суреттер кескіні алынды. Ол жерден толық ауданды алып жатқан аумақты, сонымен қатар оның жыл сайынғы өзгерісін бақылауға арналған кескіндерді алуға мүмкіндік береді. Ресми сайты арқылы ашық, қолжетімді түрде өзімізге жүктеп ала аламыз. Бақылау кезеңі ретінде 2015-2018-2020 жылдар аралығындағы кезең таңдалып алынды. Себебі, осы жылдардың көмегімен біздің көліміздің қаншалықты

өзгеріске ұшырағандығын байқай аламыз. Яғни мезгіл сайын өзгергендегін көре аламыз. Ғарыштық суреттерді бұлттылық аз кезеңдерді таңдаған жөн. Бақылау барысында мамыр және маусым айлары таңдалып алынды (1-сурет).




1-сурет – 2015-2018-2020 жылдарда түсірілген ғарыштық суреттер

Landsat 8ЖҚЗ спутнигі түсірген алынған ғарыштық суреттер мультиспектрлі болып табылады, яғни оларды су объектілері, өсімдіктер немесе антропогендік нысандар сияқты объектілерді оқшаулау үшін спектрдің көрінетін бөлігінің әртүрлі арналарында қарастыруға болады. Көлдің суреттерін бөлектеу үшін NDWI және WRI индекстері [4] арқылы есептеу жүргізілді, оны жер үсті суларының өзгеруін анықтау және бақылау үшін пайдалануға болады. Бұл индекстер мультиспектрлі растрлық деректер жиынтығынан екі арнаның сипаттамаларының контрастын пайдаланады. Ол жақын инфрақызыл және қызыл арналар арқылы есептеледі. Ол үшін ArcGIS бағдарламасындағы Калькулятор растры арқылы есептеп шығарып алатын боламыз. Ол келесідей формуладан тұрады:


$$NDWI = \frac{Band3 - Band5}{Band3 + Band5}$$

Нәтижесінде 2-суретте көрсетілгендей кескінің көре аламыз.



2-сурет – NDWI су индексінің нәтижесі

Келесі қадам алынған растрлық кескін негізінде көл контурын векторлау болды. Көл контурын анықтау үшін берілген мәндер шегінде пиксель топтары негізінде бір полигонды сақтайтын растрлық полигондау функциясы қолданылды. Субетіне сәйкес келетін кескін пикселдер 0-ден-1-ге дейінгі NDWI индексінің мәндеріне ие. Яғни $NDWI < 0$ [5] мәніне ие болу арқылы есептеледі. Оның сәйкесінше, 2015-2018-2020 аралығындағы контурлық өзгерісін байқай аламыз (3-сурет).



3-сурет – 2015-2018-2020 аралығындағы контурлық өзгерісі

Алынған контурлар негізінде сіз динамикалық өзгерісті бақылай аласыз. Көлдің шекараларын және оның ауданының өзгерісін есептеу арқылы көре аламыз (4-сурет).




4-сурет – Арал теңізінің контурлық салыстырмалы түрі

Кесте 1 – t көрсетілгендей Арал теңізінің ауданының жалпы территориясын, эрозиялық мәнінің есептелгендегісін байқауға болады

| Жылдар | Өткен жыл | Келесі жыл | Тұрақты | Эрозия | Өсу | Ауданы |
|-----------|-----------|------------|-----------|-----------|---------|-----------|
| 2015-2018 | 561878,55 | 30,19 | 30,19 | 561848,35 | 0,00 | 561878,54 |
| 2018-2020 | 738768,28 | 261842,28 | 257477,02 | 481291,26 | 4365,26 | 738768,28 |
| 2015-2020 | 561878,55 | 261842,28 | 261779,45 | 300099,10 | 62,83 | 261842,27 |

Алынған мәліметтерге сүйене отырып, көлдің ең үлкен "кебуі" 2018-2020 жылдар аралығында болды деген қорытынды жасауға болады. Теңіздің кебуі 3000,3627 км² ауданға дейін оның азаюы көрінеді. Оны келесі диаграмма арқылы байқап көруге болады (1-кесте).



1-диаграмма – Тұрақты, эрозия және өсу мөлшерлерінің диаграммасы

Көлдің бұрынғы шекараларын қалпына келтіру мүмкіндігі болмаған жағдайда, кейіннен оның су қорғау аймағының шекараларын өзгерте отырып, су объектісінің нақтыланған шекараларын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жер кадастрына енгізу қажеттілігі туындайды.

Қорытынды

Арал теңізіне мониторинг жасау арқылы мынадай тұжырымға келуге болады. Арал теңізінің тартылуы ол, бүкіл әлем бойынша үлкен жаңалыққа айналды. Оның тартылуынан көптеген экологиялық мәселелер пайда десекте болады. Яғни ол, сол аумақтағы су ресурстарына, ауыл шаруашылық көздеріне өз зияның әкелді. Оған себеп, оған құятын

өзендер Әмудария мен Сырдария өзендерінің бұрындығыдай Арал теңізіне құймау себебінен, теңіздің толығымен тартылуына әкеп соқты. Бұны біз, мониторинг жасау арқылы оның нақты азаюын толық көре аламыз. Бұл бастапқы 1960 жылға қарағанда, қазіргі уақытпен салыстырғанда мүлдем жойылып кетудің алдында тұр.

Бұл жұмыстың мақсатына келесі тапсырмаларды шешу арқылы қол жеткізілді. Біріншіден, ArcGIS бағдарламалық құралымен спутниктік суреттерде су объектілерін бөліп алу жұмысы атқарылды. Солардың нәтижесінен теңіздің қаншалықты аумағы өзгергенің және қаншалықты эрозияға ұшырағандығын байқап көруге болады.

Мәселені шешу жолдары. Арал теңізін қалпына келтіру және экологиялық жағдайды жақсарту үшін бірнеше жобалар мен шаралар қолға алынуда.

Кіші Аралды сақтау жобасы. Қазақстан Үкіметі және халықаралық ұйымдар Кіші Арал теңізін қалпына келтіру мақсатында «Көк-Арал» бөгетін салды. Бұл бөгет арқылы Кіші Аралға түсетін суды ұстап қалу мүмкіндігі туып, теңіздің шағын бөлігі қалпына келе бастады [6].

Орманды қалпына келтіру. Теңіздің құрғап қалған аумағында сексеуіл және басқа да өсімдіктерді отырғызу жобалары жүзеге асырылып жатыр. Бұл өсімдіктер топырақты жел эрозиясынан қорғап, шанды дауылдардың таралуын азайтуға көмектеседі.

Альтернативті су көздерін дамыту. Әмудария және Сырдария өзендерінің суын тиімді пайдалануды реттеп, су ресурстарын үнемдеуге бағытталған түрлі жобалар жасалуда.

Халықаралық ынтымақтастық, Орталық Азия елдері, оның ішінде Қазақстан, Өзбекстан және басқа да елдер экологиялық дағдарысты шешу үшін халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеп, аймақтық келісімдер қабылдауда.

Арал теңізінің тартылуы – тек экологиялық емес, сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық салдарлары бар күрделі мәселе. Қазіргі кезде қолға алынған шаралар белгілі бір нәтижелерге қол жеткізгенімен, экожүйені толық қалпына келтіру ұзақ мерзімді және ауқымды жұмыстарды талап етеді. Біз оны ГАЖ технологияларының көмегімен мониторинг жасау арқылы оның, толық қаншалықты өзгеріске ұшырауын байқап көре аламыз. Қазірде осы Жерді қашықтықтан зондтау деректерін пайдаланып басқа өзен көлдерге мониторинг жасап мәселені алдын-алып отырған жөн деп санаймын.

Әдебиет:

1. Поклад Г.Г., Гриднев С.П., Геодезия. – Академический проект, 2013.
2. Исследование динамики прибрежной зоны, (Электронный ресурс) <https://cyberleninka.ru/article/n/izuchenie-dinamiki-beregovoy-zony-baltiyskogo-morya-s-ispolzovaniem-kosmicheskikh-snimkov/viewer>
3. Ахметов Е., Кунаев М., Основы геоинформационных систем. – Алматы, 2013.
4. Калабаев Н.Б. Геоинформационные системы и цифровая картография. – Алматы, 2016.
5. Токарев О.С. Обработка и интерпретация данных ДЗЗ. – 2010 (Электронная книга) <http://window.edu.ru/resource/028/76028/files/PosobieERS.pdf>
6. Субетто Д.А., Засяд-Волк В.В., Лезебник О.А., Паниди Е.А., Тюрин С.В. Геодезия, Картография, Геоинформатика, Кадастр, Наука и визуализация (Электронный ресурс) https://geosa-conference.ru/files/book/GeoCa_2019_book.pdf
7. Воробьева А.А. Дистанционное зондирование Земли. – Санкт-Петербург, 2012.
8. Перспективные направления развития отрасли образования в области геодезии, картографических пространственных данных, (Электронный ресурс) <https://con-fig.com/wp-content/uploads/2018/11/brovko-1.pdf>
9. Интерпретация комбинаций каналов данных Landsat TM/ETM+, (Электронный ресурс) <https://gis-lab.info/qa/landsat-bandcomb.html>

М.Қ. Жамбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
 Қазақстан Республикасы, Семей қ., zhambaeva_94@mail.ru

**12X18H10T АУСТЕНИТТІ БОЛАТТЫҢ ҰЗАҚ ТЕРМИЯЛЫҚ СЫНАУЛАРДАН
 КЕЙІНГІ КОРРОЗИЯЛЫҚ ЗАҚЫМДАЛУЫН ЗЕРТТЕУ**


Қазіргі таңда барлық ядролық отын бірінше ретті барьері-қабық және екінші ретті барьері-герметикалық қап болып табылатын металлобетондық контейнерде қапталған. Ядролық отынды құрғақ сақтағанда жылу бөлгіш элементтердің ішіндегі газ тәріздес заттар кернеу әсерінен жылу бөлгіш элементтердің қабығында коррозиялық жарылудың болуы қауіпті болып саналады [1]. Осы уақытқа дейін материалдардың коррозиялық жарылуы дәрежесін болжау мақсатында зерттеу жүргізілмеген, алайда алдын-ала есептеулер нәтижесінде 40 жыл сақтағанда қабықтағы кернеу тек 0,7 % шамасына ғана өсетіні белгілі болды. 12X18H10T Аустинитті болат – 12% хром, 18% никель, 10% титаннан тұрады. Сынақ үшін жоғары сәулеленген БН-350 РҚ-ның ЦЦ-19 ЖБЖ чехолынан шетінен кесіліп алынған (+175 мм БАЦ белгісі бойынша) материал ретінде үлгі таңдалып алынды.

Бұл жұмыста негізгі коррозиялық санық үшін 3 жұмыс аймағы ықшамдалған жоғары сәулеленген микроүлгілер берілген. Микроүлгілер туралы мәлімет және сынау шарты 1 кестеде берілген [2].

Кесте 1 – Сыналатын микроүлгілер туралы жалпы мәлімет

| Микроүлгілердің атауы | Сәулеленген дозасы | Үлгінің жұмыс аймағының сыртқы пішіні | Сынақ шарттары |
|-----------------------|--------------------|---------------------------------------|--|
| +175-1 | 55,5 сна | ықшамдалған қима | Деформациялардың тұрақты жылдамдығында |
| +175-5 | 55,5 сна | ықшамдалған қима | $0,9 \cdot \sigma_{0,2}$ |
| +175-2 | 55,5 сна | ықшамдалған қима | $0,5 \cdot \sigma_{0,2}$ |


Сынақ жүргізу барысындағы ең негізгі шарт болып кернеу тұрақтылы болып саналады, яғни ол $0,9 \cdot \sigma_{0,2}$ мына шарттан есептелініп алынады. Температурасы (400 °С) шартты ағымдылық шегін анықтау үшін коррозиялық сынақ жүргізуге арналған жоғары сәулеленген микроүлгілерді бірості керу арқылы механикалық сынақ жүргізілді. Механикалық сынақ (400 °С) температурада, деформация жылдамдығы 3,66 мм/мин «КОРИНА» экспериментті қондырғысында жүргізілді. Жүктеме мен деформацияның өзгерісін тіркеу жиілігі – 0,1 с. 1 суретте үлгінің керу диаграммасы көрсетілген.



1 сурет – Жоғары сәулеленген микроүлгінің керу диаграммасы


Жоғары сәулеленген микроүлгінің графикалық әдіс арқылы анықтау барысында шартты ағымдылық шегінің ($\sigma_{0,2}$) мәні – 703 Н/мм². Беріктік шегі (σ_B) – 1063 Н/мм². Үлгінің жалпы деформациясы – 4 %. Белгілі бір шартты ағымдылық шегін анықтау арқылы жоғары сәулеленген үлгілерге ұзақ коррозиялық сынақ үшін жүктеме мәні есептеп алынды [3].

+175-5 жұмыс аймағы ықшамдалған жоғары сәулеленген микроүлгінің коррозиялық сынауы тұрақты кернеу мәнінде 630 Н/мм^2 ($0,9 \cdot \sigma_{0,2}$) жүргізілді. Сынақ температурасы 400°C . Коррозиялық сынақ толық үзілу орнаған кейін тоқтатылды. Сынақ уақыты 123 сағ. Сынақ барысындағы үлгінің максимал деформациясы 28% құрайды. Үлгінің қалдық деформациясы 1% құрайды. Сынақ кезіндегі температура мен кернеу диаграммасы 2 суретте көрсетілген.



2 сурет – (+175-5) ықшамдалған микроүлгінің сынақ кезіндегі температура мен кернеу диаграммасы

Белгілі бір сенімді қорытынды алу үшін материалдың коррозиялық зақымдалуының тұрақты кернеу мәнін $0,5 \cdot \sigma_{0,2}$ дейін өзгертеміз және сынақ уақыты 1300 сағ құрайды. Осыған сәйкес, жоғары сәулеленген +175-2 микроүлгісіне ұзақ термиялық сынақ жүргізілді. Сынақ температурасы 400°C . Коррозиялық сынақ кезіндегі кернеу мәні 348 Н/мм^2 . Сынақ уақытындағы деформация мәні 17% . 1300 сағ сынақ ұзақтылығында микроүлгі қирауы байқалды жоқ. Үлгінің қалдық деформациясы 1% құрайды. Бірақ, үлгіні қармау барысында коррозиялық зақымдау анықтады. +175-2 ықшамдалған микроүлгінің сынақ кезіндегі температура мен кернеу диаграммасы 3 суретте көрсетілген.



3 сурет – (+175-5) ықшамдалған микроүлгінің сынақ кезіндегі температура мен кернеу диаграммасы

Материалдық талдау бойынша, +175-2 микроүлгінің кернеуін $0,5 \cdot \sigma_{0,2}$ төмендетіп, ұзақ сынақ сағатын ұлғайтқанда жоғары сәулеленген микроүлгінің икемділігі төмен және беріктілігі жоғары болатынын анықталды. Микроқаттылықты анықтаудың нәтижелері жоғары сәулеленген микроүлгінің жұмыс аймағында біраз айырмашылық бар екенін көрсетеді. +175-2 және +175-5 микроүлгілерінің микроқаттылығының орташа мәні $3,75 \pm 0,22$ ГПа және $4,03 \pm 0,25$ ГПа сәйкес келеді. 12X18N10T аустенитті болаттың ұзақ термиялық сынаулардан кейінгі зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мынадай қорытындыға келуге болады:

– ықшамдалған микроүлгілердегі үзілу аймағында микроүлгінің ұзару осіне перпендикуляр таралған микросызаттар анықталды. Микроүлгідегі микросызаттарының шашылуы микроүлгінің үзілу жағында жоғарылайтыны байқалды;

– фрактографиялық талдау бойынша микроүлгінің сынуы түйіршік аралық зақымдалу екенін көрсетті, мұндағы жазық шеткі жағы көп жақты, қабырғалар жапсырма түйіршіктерден құралады. Сондай-ақ микроүлгінің зақымдалуы аралас сипатта болатындығын көрсетті, яғни морт және тұтқыр сыну байқалды.

Әдебиет:

1. Гуляев А.П. Металловедение: учебник для вузов / А.П. Гуляев. – М.: Металлургия, 1977.– С. 449-470, 483-497, 540-556.
2. Геллер Ю.А., Рахштадт А.Г. Материаловедение. – Металлургия, 1989. – С.26.
3. Бакланов В.В. Исследование коррозии под напряжением и определение теплофизических характеристик конструкционных и топливных материалов ядерных реакторов отчет о НИР (заключительный) // ДГП ИАЭ РГП НЯЦ РК. – Курчатов, 2014. – С.53.

ҒТАХР 14.33.09

Д.Н. Эргашова¹, С.А. Рамазанова²

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., dinaraergasova25@gmail.com

²Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., sara_ra@mail.ru

ОПТИКА БӨЛІМІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аннотация. Мақалада оптика бөлімін оқытуда цифрлық технологиялар мен компьютерлік модельдеуді қолдану мәселесі қарастырылады. Мақсаты-физиканы оқытуда цифрлық технологиялар мен компьютерлік модельдеудің тиімділігін зерттеу, сондай-ақ «Жарықтың сыну заңы» тақырыбы бойынша эксперименттік есептерді модельдеу арқылы оқыту тәсілдерін ұсыну. Оптика бөліміндегі физикалық құбылыстарды түсіндіру үшін компьютерлік модельдер мен зертханалық қондырғыларды имитациялайтын бағдарламалар арқылы оқыту тәсілдері талданады.

Кілт сөздер: мектеп физика курсы оптика бөлімі, компьютерлік модельдеу, phet colorado physics бағдарламасы, цифрлық технология.

Кіріспе. Қазіргі таңда компьютер және компьютерлік технологиялар оқу процесінде, көрнекілік құрал ретінде, қарым-қатынаста маңызды орын ала бастады және оны иегере алу да қазіргі қоғамның басты шарттарының біріне айналды. Орта мектептегі оқу процесін жетілдіруде, оқушылардың оқу пәніне деген қызығушылығын арттыруда, уақытты үнемдеу және сабақта көрнекілік үшін мұғалімдерге компьютер мен компьютерлік технологияларды қолдану бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленеді. Орта мектептерде физиканың ғылыми негіздерін оқытуды компьютерлендіру бұл педагогикалық ғылымның негізгі міндеттерінің бірі бола бастады, себебі оқу үдерісін ұйымдастыруды жеңілдету оны шешумен тығыз байланысты.

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша компьютерлік модельдеудің педагогикалық қызметі негізінде практикасы мен теориясы негізінде өз зерттеулерін жүргізді. Атап айтатын болсақ, Д. Касенов [1], А.У. Абуова, Т.М. Инербаев, Ф.У. Абуова, Г.А. Каптағай авторларының еңбектері бойынша: физикалық процесстер мен құбылыстарды компьютерлік модельдеу бұл цифрлық технологияларды ғылымда пайдаланудың перспективті бағыттарының бірі ретінде қарастырды.

Е.Л. Антифееваның [2] зерттеуі негізінде: 1) физика курсына теориялық, практикалық және эксперименттік есептерді шешу барысында компьютерлік және физикалық модельдеуді біріктіру проблемалары қарастырылады; 2) оқушылардың физикалық модельдеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту керектігі көрсетіледі; 3) физикалық есептерді шешу барысында Matlab сияқты қолданбалы бағдарламаларды қолдану керектігі көрсетіледі.

Қазірге кезде компьютерлік модель бұл компьютерлік кестелердің, суреттердің, схемалардың, анимациялық фрагменттердің, графиканың көмегімен сипатталған объектінің шартты бейнесі болып табылады.

Компьютерлік модельдеудің артықшылықтары:

1. Компьютерлік модельдер көмегімен физикалық құбылыстар мен заңдарды визуалды түрде көруге болады, бұл білім алушылардың физикалық процестерді түсінуін жеңілдетеді.

2. Күрделі физикалық заңдар мен құбылыстар түсіну үшін көп ресурстар мен уақытты талап етпейді.

3. Қол жетімсіз және қауіпті тәжірибелерді виртуалды түрде орындау арқылы қауіпсіздік сақталады.

4. Физикалық құбылыстар мен заңдарды модельдеу барысында физикалық параметрлердің қалай өзгеретінін бақылауға болады.

Физика пәні бұл күрделі, абстрактілі және эксперименттік ғылым болып табылады. Физикадағы эксперименттік практикум мектеп физика курсына оқыту барысындағы оның ажырамас бөлігі болып табылады. Эксперименттік жұмыстар кезінде оқушылар:

1) Физикалық құрал-жабдықтармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастырады;

2) Физикалық құбылыстар мен процестердің бейнесін білу әдісі ретінде эксперимент әдісін үйренеді.

Нақты физикалық құрал-жабдықтармен жұмыс жасау білім беру процесінде қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар мен бағдарламалардың көмегімен жасалған виртуалды қондырғыларда жұмыс істеген нәтижеге қарағанда жоғары. Дегенмен, физика курсының оптика, атомдық және кванттық механика сияқты бөлімдеріне зертханалық құрал-жабдықты сатып алу мен оны қолдануда қиындықтар бар. Сондықтан да білім беру процесінде компьютерлік технологияларды қолдану тиімді. Компьютерлік модельдер физикалық құбылыстар мен заңдарды параметрлердің көмегімен өзгерту арқылы бақылауға және нәтижелерді көруге мүмкіндік береді [3].

Физиканы оқыту барысында бағдарламалар мен компьютерлік модельдерді қолдана отырып оқыту тиімділігі, сонымен қатар әдістеме тақырыптары негізінде ғылыми дереккөздерге талдау жасалды. Ол үшін Google scholar базаларынан мақалалар таңдалды. Зерттеуге «компьютерлік модельдеу және оның тиімділігі, виртуалды бағдарламалар және оны пайдаланудың артықшылықтары, оптика бөлімі» сияқты кілт сөздерді қолдана отырып, материалдарға талдау жасалды. «Оптика» бөлімі бойынша бірнеше виртуалды бағдарламаларға зерттеу жасалып, сарапталды. Таңдап алынған бағдарлама бойынша «Жарықтың сыну заңы», яғни жарықтың бір ортадан екінші ортаға өту процесін модельдеу барысы, екінші ортаға өткен кездегі толқын ұзындықтарын анықтау тәжірибесін өткізу және салыстыру жұмыстарын орындау әдістемесі ұйымдастырылды.

Физика пәнін түсіндіруде көптеген бағдарламалар бар. Олар: Vascak Physics Animation, mediadidaktika, algodoo, phet colorado physics және тағы басқа бағдарламалар.

Vascak Physics Animation-физикалық құбылыстарды визуализациялауға арналған, интерфейсі жеңіл бағдарлама. Бағдарлама тегін және жеңіл 2D анимациялары қолданылады. Бағдарламадағы параметрлердің кеңейтілген мүмкіндіктері жоқ сондықтан күрделі физикалық құбылыстарды түсіндіре алмайды. Бағдарламада таңдап алынған «Жарықтың сыну заңы» тақырыбына қатысты жарықтың түсу бұрышы, сыну бұрышы және ортаның сыну көрсеткішін өзгерту арқылы негізгі физикалық құбылыстарды бақылауға болады.

Media didaktika-физикалық заңдар мен құбылыстарды визуализациялауға арналған білім беру бағдарламасы. Бұл бағдарлама теориялық және тәжірибелік материалдарды бір жерде біріктіреді, бұл оқушыларға физикалық заңдарды жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. 3D модельдеу арқылы күрделі құбылыстарды көрнекі түрде көруге және зерттеуге болады. Бағдарламада таңдап алынған «Жарықтың сыну заңы» тақырыбына қатысты жарықтың барлық қасиеттері мен параметрлерін өзгертіп, әртүрлі жағдайлардағы сынуды бақылауға болады. Ал кемшіліктеріне келетін болсақ, бағдарлама интерфейсі күрделі және кейбір мүмкіндіктері ақылы немесе лицензия талап етуі мүмкін.

Бұл электронды бағдарламалар мен оқыту құралдарын сараптай келе phet colorado physics жалпы физика бөлімдерін оқытуда, оптика бөліміне сәйкес зертханалық жұмыстар жүргізуде және «Жарықтың сыну заңы» тәжірибесін іске асыруда тиімді деп таңдалды.

Phet colorado physics – Колорадо университетінің ғылыми жобасы, ол ашық және тегін цифрлық білім беру ресурсы болып табылады. Оны 2002 жылы Нобель сыйлығының иегері Карл Виман жасаған. Бұл бағдарлама қазіргі кезде физика, биология, химия, математика саласында білім беру мақсатында қолдануға арналған 125-тен астам тегін симуляциялар мен интерактивті модельдер бар және олар 65-тен астам тілдерге аударылған [4].

Физикадағы зертханалық жұмыстар мен эксперименттік есептер физикалық процесстер мен құбылыстарды тәжірибе жүргізу және олардан алынған нәтижелерді талдау арқылы зерттеуге негізделген тапсырмалар жүйесін құрайды. Физикадағы эксперименттік есептердің негізгі міндеттері оқушыларға физикалық теорияны оқып қана қоймай, эксперименттер жүргізу, деректерді талдау және алынған нәтиже негізінде тұжырым жасау дағдыларын дамытуға және қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Дегенмен, оптика, кванттық және атомдық физика бөлімдерінде мұндай жұмыстарды орындау зертханалық құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі салдарынан мүмкін болмайтындығы анықталды. Осы себепті мектеп физика курсына бұл бөлімдерге зертханалық жұмыстар мен эксперименттік тапсырмалар аз ұсынылған. Осындай проблемалардың шешімі ретінде виртуальді модельдеу орталарын қарастырдық. Мысал ретінде «Жарықтың сыну заңы тәжірибесін» эксперименттік есеп түрінде қалай ұйымдастыруға болатындығына қысқаша әдістемесін ұсынып отырмыз.

Мысал: Вакуумнан суға жарық 30° бұрышпен түседі. Жарықтың вакуумдағы толқын ұзындықтары берілген ($\lambda_1 = 400\text{нм}, 450\text{нм}, 500\text{нм}, 550\text{нм}, 600\text{нм}$). Су ішіндегі жарықтың толқын ұзындықтарын есептеңіз.

Есептің тақырыбы: Жарықтың сыну заңы

Мақсаты: Вакуумдағы әртүрлі жарық толқын ұзындықтары арқылы су ішіндегі жарықтың толқын ұзындығын есептеу.

Шешуі: Толқын ұзындығы мен сыну көрсеткіші арасындағы байланысты формула арқылы есептейміз: $\lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2}$

$$1) \quad \lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2} = \frac{400 \cdot 10^{-9}}{1,33} = 300,75 \cdot 10^{-9} \text{ м}$$

$$2) \quad \lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2} = \frac{450 \cdot 10^{-9}}{1,33} = 338,34 \cdot 10^{-9} \text{ м}$$

$$3) \quad \lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2} = \frac{500 \cdot 10^{-9}}{1,33} = 375,93 \cdot 10^{-9} \text{ м}$$

$$4) \quad \lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2} = \frac{550 \cdot 10^{-9}}{1,33} = 413,53 \cdot 10^{-9} \text{ м}$$

$$5) \quad \lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2} = \frac{600 \cdot 10^{-9}}{1,33} = 451,12 \cdot 10^{-9} \text{ м}$$

Бағдарламада орындалу реті

1. Сілтеме арқылы phet colorado physics бағдарламасына кіріңіз. https://phet.colorado.edu/sims/html/bending-light/latest/bending-light_all.html

2. Бағдарламадағы құралдармен танысыңыз (1-сурет).


3. Су ішіндегі толқын ұзындығының бірнеше мәнін вакуумдағы толқын ұзындықтарын өзгерту арқылы $\lambda_2 = \frac{\lambda_1}{n_2}$ формуладан анықтап алыңыз.

4. Вакуумдағы толқын ұзындығын ($\lambda_1 = 400\text{нм}, 450\text{нм}, 500\text{нм}, 550\text{нм}, 600\text{нм}$) аралығында өзгерту арқылы есептеулерді қайталаңыз.

5. Есепті MS Excel электронды(1-кесте) кестесінде орындаңыз және судың сыну көрсеткішінің жарықтың судың ішіндегі толқын ұзындығына қатысты $\lambda_1(\lambda_2)$ тәуелділік (2-сурет) графигін тұрғызыңыз.

6. Есептің шешімін талдаңыз, есептеулерді эвристикалық алгоритмдік әдіс бойынша MatLab (3-сурет) бағдарламалау тілінде орындап салыстырыңыз.

7. Қорытынды жасаңыз.



1-сурет – Phet colorado physics бағдарламасындағы «Жарықтың сынуы» симуляциясы

1-кесте – Excel кестесінде модельдеу

| № | n_1 | n_2 | λ_1 | λ_2 |
|---|-------|-------|-------------|-------------|
| 1 | 1 | 1,33 | 4,00E-07 | 3,01E-07 |
| 2 | | | 4,50E-07 | 3,38E-07 |
| 3 | | | 5,00E-07 | 3,76E-07 |
| 4 | | | 5,50E-07 | 4,14E-07 |
| 5 | | | 6,00E-07 | 4,51E-07 |




2-сурет – Excel электрондық кестесіндегі $\lambda_1(\lambda_2)$ тәуелділік графигі

Matlab бағдарламасында орындалуы

```

% Берілген мәндер
lambda1 = [400E-9, 450E-9, 500E-9, 550E-9, 600E-9];% Вакуумдағы толқын
ұзындықтары
n1 = 1.33;% Судың сыну көрсеткіші
% Су ішіндегі толқын ұзындықтарын анықтау
lambda2 = lambda1 / n1;
% Нәтижені көрсету
Disp('lambda2:')
Disp(lambda2)
% График тұрғызу
figure;
plot(lambda1, lambda2, '-o');
xlabel('Суішіндегітолқынұзындығы (lambda2)');
ylabel('Вакуумдағытолқынұзындығы (lambda1)');
title('lambda1 және lambda2 салыстырмалыграфигі');
gridon;
lambda2: 0.3008e-6 0.3383e-6 0.3759e-6 0.4135e-6 0.4511e-6

```

3-сурет – Matlab бағдарламасындағы $\lambda_1(\lambda_2)$ салыстырмалы графигі

Қорытынды: Вакуумнан суға өткенде жарықтың толқын ұзындықтарының қысқаруы байқалды. Толқын ұзындығының өзгеруі жарықтың ортадағы қасиеттеріне, атап айтқанда, жарықтың сыну заңдылығына тәуелді екенін анықтадық. Сонымен қатар, Matlab қолданбалы бағдарламалық ортасында орындалып, су ішіндегі толқын ұзындықтары дәл есептелді.

Тақырыпқа сәйкес есептің мақсаты айқын болуы қажет, ал есептің орындалуы бойынша эвристикалық алгоритм құру оқушыларға ары қарай жасалатын жұмысты нақтылауға көмектеседі. Математикалық модель құру кезінде оқушы өз бетінше теориялық мәліметтерді, қолданылатын формулаларды кітаптан немесе басқа да дереккөздерден тауып есептеулер жүргізеді. Жұмыс виртуальды модель арқылы жасалатындықтан, алғаш рет қолданып жатқан оқушы үшін бағдарламада нақты орындалу ретін ұсыну қажет. Оқушылар алынған нәтижелерге байланысты талдау мен қорытынды жасап, тұжырымның дұрыстығын көрсету барысында қызығушылығы артады.

Қорытынды. Мақалада орта мектепте физика пәнін оқытуда цифрлық технологиялар мен компьютерлік модельдеуді қолданудың тиімділігі қарастырылды. Эксперименттік есептерді модельдеу әдістері оқушылардың теориялық білімін практикамен байланыстырып қана қоймай, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады. Қорытындылай келе, цифрлық технологиялардың интеграциясы білім беру процесін жаңғыртып, физика пәнінің оқытылу сапасын арттырады және оқушылардың шығармашылық, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әдебиет

1. Касенов Д., Абуова А.У., Инербаев Т.М., Абуова Ф.У., Каптагай Г.А. Моделирование как метод познания физико-химических процессов // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. – 2019. – №3(128). – С. 147-152.
2. Антифеева Е.Л., Петрова Д.Г. Компьютерное моделирование физических процессов в курсе общей физики // Мир науки, культуры, образования. – 2021. – № 2(87) . – С. 130-132.
3. Бутиков Е.И. Компьютерное моделирование в преподавании физики // Физическое образование в вузах. – 1996. – № 1. – С. 35-38.
4. Каримова А.Т., Курбанбеков Б.А., Али Ч. Мектептегі жаратылыстану пәндерін оқытуда заманауи виртуалды зертханалармен жұмыс жасау ерекшеліктері // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – Т. 80. – №. 4. – С. 294-303.

**А.Т. Қабденова, С.С. Толеубекова, Е.С. Жарықбасов,
М.М. Джумажанова, Г.М. Байбалинова**
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қаласы., ain_arik@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазіргі әлемде азық-түлікке қатысты мәселелер барған сайын маңызды бола түсуде. Тамақтану адамның денсаулығын, ұзақ өмір сүруін және жалпы әл-ауқатын сақтауда шешуші рөл атқарады. Халық санының өсуімен, тұтыну құрылымының өзгеруімен және адамдардың азық-түлік сапасы туралы хабардарлығының артуымен тамақ өнеркәсібі жаңа қиындықтарға тап болады. Сапалы азық-түлік өнімдерін өндіру, қауіпсіздігі және қолжетімділігі жекелеген мемлекеттер үшін де, халықаралық қауымдастық үшін де басымдыққа айналады. Әлемдегі өзгерістер – экологиялық проблемалар, халық санының өсуі және денсаулыққа байланысты мәселелер азық-түлік саласына деген көзқарасты түбегейлі өзгертті. Соңғы онжылдықтарда азық-түлікке деген көзқарас өзгерді: бұрын тойымдылық басты назарда болса, қазір өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне, сонымен қатар олардың қоршаған ортаға әсеріне көбірек мән берілуде. Бұл мақалада бүгінгі таңда тағамның өзектілігінің негізгі аспектілерін қарастырамыз [1].

Азық – түліктің сапасы мен қауіпсіздігі-салауатты қоғамның негізі. Азық-түлік стандарттарының сәйкес келмеуі әртүрлі ауруларға және халықтың жалпы денсаулық деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, жыл сайын миллиондаған адамдар сапасыз өнімдерді тұтынумен байланысты аурулардан зардап шегеді.

Өндірушілер тұтынушылар мен реттеушілердің талаптарын сақтай отырып, органикалық өнімдерге көбірек көңіл бөледі, химиялық қоспаларды пайдалануды азайтады, өнімдерді өңдеу және сақтау жағдайларын жақсартады. Сапаны бақылаудың негізгі құралдарының бірі – ISO және HACCP сияқты стандарттарды енгізу, бұл тамақ өндірісі мен тұтынумен байланысты тәуекелдерді бақылауға және азайтуға мүмкіндік береді [2].

Заманауи технологиялар азық-түлік өндірісі мен сақтау тәсілін айтарлықтай өзгертті. Мысалы, вакуумды орау әдісі және терең мұздату тағамның балғындығы мен қоректік қасиеттерін ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Нанотехнология, биотехнология және өндірісті автоматтандыру өнімділігі жоғары – тағамдық құндылығы жоғары және сақтау мерзімі ұзақ өнімдерді жасауға көмектеседі. Сондай ақ қоршаған ортаға жүктемені азайту үшін тамақ қалдықтарын қайта өңдеудің жаңа әдістері белсенді түрде әзірленуде.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (FAO) мәліметтері бойынша өндірілген барлық азық-түліктің шамамен үштен бірі жоғалады немесе жойылады. Азық-түлік қалдықтары проблемасы тек экономикалық салдарға ғана емес, сонымен бірге экологиялық проблемаларға да әкеледі, өйткені табиғи ресурстар, энергия мен су жұмсалады.

Тұрақты тамақтану тамақ қалдықтарын азайтуды, жергілікті өндірушілерді және экологиялық таза өндіріс әдістерін қолдауды қамтиды. Қоғамдық тамақтандыру жүйелері мен мемлекеттік саясат тұрақты өндіріс пен тұтынуға көшуге айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Қазіргі тұтынушылар өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне деген ашықтық пен сенімділікті күтеді. Бұған жауап ретінде компаниялар тауарлардың шығу тегін сертификаттау, таңбалау және қадағалау жүйелерін белсенді түрде енгізуде. Тұтынушылар тағамның қайдан келетінін, оның қалай өндірілетінін және сапа стандарттарына сәйкес келетінін білгісі келеді. Нәтижесінде қатаң қауіпсіздік стандарттарын ұстанатын және олардың өндірісі туралы ақпаратпен ашық бөлісуге дайын брендтерге деген сенім артады [3].

Тамақ өнеркәсібінің өзекті мәселелерінің бірі-пестицидтерді, антибиотиктерді, жасанды қоспаларды және генетикалық түрлендірілген организмдерді қолдану. Қатаң

стандарттарға қарамастан, нарықта денсаулыққа қауіп төндіретін өнімдер әлі де бар. Өнімдердің ауыр металдармен және микропластиктермен ластану мәселесі әсіресе өткір болып табылады, бұл ластануды анықтау және жою үшін күшейтілген бақылауды және жаңа технологияларды әзірлеуді қажет етеді [4, 5].

Также стоит указать, что Национальный план развития Республики Казахстан до 2025 года включает в себя задачу внедрения элементов искусственного интеллекта и повсеместного использования технологии Big Data. Согласно этому плану, для создания благоприятных условий для развития ИИ и современных технологий предусмотрено совершенствование нормативно-правовой базы, что отражает стремление Казахстана к поддержке цифровых инноваций и созданию стабильной правовой среды для технологического прогресса. Такая модернизация законодательства в Казахстане позволит укрепить позиции страны на глобальном уровне, так как технологии искусственного интеллекта и обработки больших данных играют ключевую роль в повышении эффективности управления и экономики.

Согласно Концепции правовой политики Республики Казахстан, особое внимание уделяется кодификации законодательства в сфере информационных технологий [3]. Концепция учитывает международный опыт регулирования цифровых технологий и подчеркивает необходимость унификации законодательства в сферах ИКТ, связи, обработки данных, цифровых активов, автоматизации промышленности и информационной безопасности. В рамках этой концепции прорабатывается кодификация норм, регулирующих машинное обучение, искусственный интеллект и защиту прав субъектов персональных данных. Такой комплексный подход необходим для выстраивания системного регулирования, способного обеспечить защиту прав и свобод граждан и устойчивое развитие цифровой экономики. Например, в сфере обработки данных и информационной безопасности Казахстану важно обеспечить защиту персональных данных на уровне международных стандартов. Это касается таких аспектов, как хранение, обработка и передача персональных данных, что особенно актуально с учетом роста объема данных и

внедрения ИИ в государственное и частное управление. Принятие мер по кодификации законодательства и его унификации с международными стандартами позволит Казахстану защищать данные граждан, развивать цифровую инфраструктуру и привлекать инвестиции в ИТ-сектор [4].

Международный опыт, на который ориентируется Казахстан, демонстрирует положительные примеры из таких стран, как Сингапур и Эстония, где правовые рамки способствуют интеграции ИИ и цифровых технологий. Казахстан намерен адаптировать эти принципы к своему законодательству, чтобы создать правовую среду, поддерживающую инновации и инвестиции в ИТ. Так, например, законодательные меры в области защиты данных, разработанные в странах Европейского Союза, уже доказали свою эффективность, и подобные нормы могут быть полезными для защиты персональных данных казахстанских граждан и обеспечения прозрачности работы с цифровыми активами.

Противоположный подход можно увидеть в Европейском Союзе, где законодательство в сфере ИИ развивается с акцентом на этичность и защиту прав человека. В 2021 году Европейская комиссия представила проект «Акта об искусственном интеллекте», который предлагает классификацию ИИ-систем по уровням риска и предусматривает строгие требования к высоко-рисковым системам, таким как системы распознавания лиц и алгоритмы, используемые в медицинской диагностике [5, С. 94]. Этот законопроект нацелен на создание регуляционной среды, в которой инновации будут развиваться в рамках четко установленных этических стандартов и гарантий защиты прав человека. Например, в Германии и Франции были внесены поправки, касающиеся вопросов автономных транспортных средств и управления их безопасностью. Регулирующие органы акцентируют внимание на необходимости защиты частной жизни граждан и правомерности решений, принимаемых ИИ. Европейский подход ориентирован на защиту человека и его прав, но может несколько замедлить внедрение ИИ из-за жестких требований.

Особое внимание ИИ-правилам уделяют и азиатские страны, такие как Китай и Южная Корея. В Китае, например, искусственный интеллект активно внедряется в системы государственного управления и контроля. Правительство применяет ИИ в государственных сервисах, разработав при этом строгие нормы по контролю за использованием данных и алгоритмов. Такой подход связан с намерением китайских властей усилить контроль над технологиями и одновременно поддержать быстрый рост индустрии. Южная Корея, напротив, делает акцент на международном сотрудничестве и гармонизации стандартов регулирования ИИ с другими странами. Это позволяет обеспечивать безопасность и этичность ИИ, а также создавать условия для взаимного обмена технологиями.

Одной из сфер, где законодательство наиболее активно проявляется, является регулирование автоматизированных транспортных средств, которые представляют значительный риск для безопасности участников дорожного движения. В ряде стран, таких как Эстония, Германия, Дания и Канада, уже приняты поправки, направленные на регламентацию беспилотных транспортных средств. Эти меры направлены на установление стандартов безопасности, ответственности за дорожные инциденты и условий эксплуатации беспилотных автомобилей [6]. Например, в Эстонии беспилотные транспортные средства могут использоваться на дорогах общего пользования при соблюдении установленных правил, что стимулирует внедрение технологии в реальную среду, обеспечивая при этом безопасность.

Перспективы применения искусственного интеллекта в государственной правовой политике представляют собой одно из наиболее актуальных направлений в развитии современного управления. Искусственный интеллект обладает значительным потенциалом для повышения эффективности правовой системы и качества управления в государственном секторе. Внедрение технологий ИИ позволяет сократить временные затраты на правовые процессы, повысить точность правоприменения и улучшить доступ граждан к правосудию. В последние годы государственные органы активно исследуют возможности ИИ для автоматизации процессов, анализа данных и принятия обоснованных решений в правовой

сфере. Важная область в первую очередь во внедрении ИИ в государственную правовую политику – это прогнозирование правоприменительной практики. Применяя методы машинного обучения, ИИ способен анализировать судебные решения и выявлять закономерности, что помогает прогнозировать возможные исходы судебных дел. Например, в некоторых юрисдикциях разрабатываются системы, которые помогают судьям и юристам оценивать вероятные решения судов на основе имеющейся судебной практики. Это может быть полезно не только в судебных процессах, но и в процессе разработки правовой политики, позволяя прогнозировать последствия принятия тех или иных нормативных актов. В результате правительство получает более точные данные для принятия решений и может заранее оценивать риски, связанные с определенными правовыми мерами [7].

Однако несмотря на очевидные преимущества, использование ИИ в правовой политике сталкивается с рядом вызовов. Одним из основных вопросов является обеспечение прозрачности и подотчетности алгоритмов. Принятие решений на основе ИИ должно быть понятно и обоснованно, чтобы избежать возможных ошибок и не допустить предвзятости. Например, алгоритмы, используемые для анализа судебных решений, могут выявить корреляции, которые не всегда отражают истинную правовую ситуацию, что может привести к нежелательным результатам. В связи с этим требуется тщательная настройка алгоритмов и постоянный мониторинг их работы.

Еще одним значимым аспектом является защита персональных данных, поскольку ИИ системы часто оперируют большими объемами конфиденциальной информации. Государственные органы должны обеспечить соответствие применяемых технологий требованиям по защите данных, чтобы исключить риск утечек и несанкционированного доступа к информации. Важно, чтобы применение ИИ в правовой политике осуществлялось с учетом требований безопасности и прав граждан на защиту своих персональных данных [7].

Таким образом, перспективы применения искусственного интеллекта в государственной правовой политике весьма широки и разнообразны. Инструменты на базе ИИ могут значительно упростить анализ и мониторинг законодательства, улучшить доступ граждан к правосудию и повысить качество правоприменительной практики. Внедрение ИИ позволит правительственным органам действовать оперативнее и принимать более обоснованные решения, опираясь на глубокий анализ данных и прогнозирование последствий новых мер. Однако для успешного внедрения этих технологий требуется соблюдение высоких стандартов прозрачности, безопасности и защиты данных, а также разработка четких этических принципов использования ИИ в правовой сфере. В будущем искусственный интеллект может стать важным инструментом для государственного управления, обеспечивая более гибкую, точную и эффективную правовую систему, которая сможет своевременно адаптироваться к изменениям и эффективно реагировать на вызовы современного общества, делая процесс правоприменения более доступным, справедливым и открытым для всех слоев населения.

Литературы

1. Закон Республики Казахстан от 25 июня 2020 года № 347-VI «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования цифровых технологий» (с изменениями от 31.12.2022 г.) – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34230083 Дата доступа: 28.10.2024 г.
2. Закон Республики Казахстан от 2 января 2021 года № 399-VI «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста» – [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38686844 Дата доступа: 28.10.2024 г.

3. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года. Утверждена указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 г. № 674 – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39401807 Дата доступа: 28.10.2024 г.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 269 «Об утверждении Концепции цифровой трансформации, развития отрасли информационно-коммуникационных технологий и кибербезопасности на 2023 - 2029 годы» – [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000269> Дата доступа: 28.10.2024 г.
5. Степанян А.Ж. «Регламент европейского союза об искусственном интеллекте (Artificial Intelligence Act): первый взгляд на проект» /// текст научной статьи по специальности «Право» Журнал «Вестник Университета имени О.Е. Кутафина» 2021 г. – С.94.
6. Раскрытие искусственного интеллекта: 10 шагов для защиты прав человека / Рекомендации Комиссара Совета Европы по правам человека / Совет Европы, май 2019 г. – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://rm.coe.int/-/16809a42e4> Дата доступа 27.10.2024 г.
7. Включение прав человека в основу целей в области устойчивого развития посредством искусственного интеллекта, 10 мая 2022 / Управление Верховного комиссара ООН по правам человека [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.ohchr.org/ru/stories/2022/05/ai-ensures-human-rights-are-heart-sdgs> Дата доступа 27.10.2024 г.

ҒТАХР 17.01.11

Б.Е. Салимжанов

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к. **А.Т. Смағұлова**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., 001hero@mail.ru

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

Бүгінде жасанды интеллекттің алғашқы өнімдері бірқатар салаға енгізіле бастады. Дегенмен ғалымдар кез келген салада жетістікке жету үшін жасанды интеллекттің әлеуеті зор болғанымен адамзатқа үлкен қатер төндіруі мүмкін екенін айтып, дабыл қағуда. Жасанды интеллектінің қаупі туралы америкалық кәсіпкер, «Twitter»-дің иесі Илон Маск Дубайда өткен әлемдік үкімет саммитінде: «Мұның жағымды да, жағымсыз да тұстары бар. Оны пайдаланудың тиімді тұсы өте көп. Десек те ол ядролық бомбалар сияқты үлкен қауіп төндіруі мүмкін екенін естен шығармау қажет. Сондықтан бізге бұл саланы әлі де жан-жақты зерттеу маңызды», деп пікір білдірді. «Oxford Insights» компаниясының зерттеуінше, мемлекеттік қызметтерді ұсынуда жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізуде бүгінде АҚШ көш бастап тұр. Қазақстан қоғамдық даму институтының сарапшысы Бауыржан Серікбаев: «Технологиялық университеттер саны, ғылыми институттардың мүмкіндігі, мамандардың қабілеті сынды көрсеткіштер АҚШ-ты әлемнің көшбасшысына айналдырды. Азиядан үш мемлекет – Сингапур, Оңтүстік Корея мен Жапония алғашқы ондыққа енген. Сингапур жалпы ұпай санымен екінші орында тұрғанымен екі негізгі көрсеткіш бойынша АҚШ-тан озық тұр. Еуропа елдерінен Ұлыбритания 3-орынға тұрақтаса, Финляндия – 4, Франция 7-орынды иеленген. Атап өту керек, Ұлыбритания 2017 жылғы есепте 1-орыннан көрінген. Сондай-ақ Малайзия – 29, Ресей 40-орынға тұрақтаса, Түркия – 49, Қазақстан – 72, Әзірбайжан – 74, Өзбекстан 79-орынды иеленген. Кестенің соңында Сирия (180-орын) мен 181-орында Ауғанстан орналасқан. Жасанды интеллект кейінгі 2-3 жылда «ChatGPT» сынды жаңа өнімдердің келуімен қарқынды дамып келеді.

ChatGPT – бұл жасанды интеллектіге негізделген чатбот, ол нақты уақыт режимінде жұмыс істеумен қатар, пікірталас түрінде де диалог жүргізе алады. Сонымен қатар, кодтағы қателерді анықтап, сценарийлерді, өлеңдерді және басқа мәтіндік мазмұнды тез жасай алады.

Бұл технологиялық өнімді «OpenAI» компаниясы енгізді. Оның негізін қалаушылардың қатарында Илон Маск та болды. Әмбебап бот 2022 жылдың қарашасында шығарылды және бүкіл әлемге бірден тарап кетті. ChatGPT-ді қолдану процесі өте қызықты болды. Ол үшін адаммен өзара әрекеттесу жүйесі және көптеген мәтіндер қолданылды. Содан кейін ол өз жауаптарын пайдаланып бірнеше рет қайта өңделді. Бұл мәтінді одан да дәл генерациялауға мүмкіндік берді. Әзірлеушілер бағдарламаны максималды түрде адам санасына жақын етіп жасады. Қолданушылар чатботпен сөйлескен кезде, адаммен сөйлесіп отырғандай әсер алады. Қазіргі кезде ChatGPT мына міндеттерді атқара алады:

- Сұраныстар мен кілт сөздер бойынша мәтін үзінділерін жасау;
- Әндер мен музыкалық шығармаларды құрастыру;
- Кодпен өзара әрекеттесу, оның ішінде жазу, бір тілден екінші тілге аудару және редакторлау;
- Сұрақтарға жауап беру - Google іздеу жүйесіне қарағанда жақсырақ;
- Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін дайындап, сценарийлер құру және танымал телехикаялардың жаңа бөлімдерін әзірлеу;
- Фильмге негізделген ойындарды жасау;
- Жоспарлау және есептеу - енді адамдар бірнеше секунд ішінде салмақ жоғалтудың және салмақ қосудың дайын жоспарларын ала алады.

ChatGPT әлі даму үстінде. Жыл сайын оның жаңа нұсқалары шығып жатыр. Алдыңғы нұсқаларына қарағанда едәуір артықшылықтары да байқалуда. Қазіргі кезде жастардың көркем шығармаларды оқуы өзекті мәселе болып отыр. Бұл жағдай жасанды интеллект заманында қалай болмақ? Жасанды интеллект, соның ішінде ChatGPT-дің әдебиетке қосар үлесі бар ма? Әдебиет және жасанды зияттың қандай байланысы бар? Оның артықшылықтары мен кемшіліктері неде? ЖИ арқылы жасалған шығарманың қандай көркемдік құндылығы болады? Оқырмандардың әдебиетке деген сұранысы одан сайын азайып кетпейді ме? деген сұрақтар туындайды.

Бір естігенде қайшылықтар туындауы әбден мүмкін. Себебі, әдебиет – ол шығармашылықтың, адамның түпкі ойларының, терең түсініктің, мол ізденістің нәтижесі. Әдебиетте, жалпы өнерде шектеу жоқ. Жасанды зиятқа негізделген бағдарламаларда да шектеу жоқ деп айта алмаймыз. Бірақ, ол өзінің мүмкіндіктерімен адамдарды таң қалдыруда. 2004 жылы жарық көрген «Мен роботпын» атты фильмде адам мен робот арасындағы мынандай диалогті байқауға болады:

– Робот симфония жаза алады ма? Бос кенепті алып, оны өнер жауһарына айналдыра алады ма?

– Ал сіз ше? – дейді робот.

Иә, бұл жай ғана фильм. Десек те, жылдан жылға жасанды зият санасы адам санасына жақындап келе жатыр. Мейлі, өнер саласын қарастырмасақ та, басқа салалардағы жетістіктері ұшан теңіз. Шетел мемлекеттерінде жасанды интеллектіні әдебиет саласында қолдану кең өріс алуда. Ал біздің елімізде, қазақ тілінде чатботпен жұмыс жасау біраз қиындық туғызады. Себебі, бот қазақ тілін әлі меңгермеген. Оның беретін мәліметтері грамматикалық, синтаксистік және стилистикалық қателерге толы. Әрине, алдағы уақытта ChatGPT-ге қазақ тілі дұрыс енгізіледі деген ойдамыз. Қазақ тілін меңгермесе, қазақ әдебиеті жайлы сөз қозғаудың өзі артық. Сондықтан жалпы әдебиетке тоқталайық.

ChatGPT-дің әдебиетке қосар үлесі бар ма? Бұл сұраққа «Иә» деп жауап бере аламыз. Жоғарыда атап өткеніміздей, чатботтың мүмкіндіктерінің ішіне сценарий жазу, сюжет ойлап, шығарманың мазмұнына сәйкес суреттер жасап беру сынды іс-әрекеттер кіреді. Олай болса, барлық жазушылар неге солай істемейді деген заңды сұрақ шығады. Барлығы біз ойлағандай оңай емес. Оның мүмкіндіктері бар жерде, қайшылықтары және бар. ChatGPT әртүрлі тақырыптағы және ұзындықтағы мәтіндерді жасай алатынына қарамастан, ол кітап авторын алмастыра алмайды. ChatGPT мәтіндерді тек қолда бар мәліметтер негізінде жасай алады, бірақ ол түпнұсқадағы идеяларды жасай алмайды. Адам бойындағыдай шығармашылық және бірегейлік ЖИ-де жоқ.

Шығарма авторлары бірегей, өйткені олар қайталанбайтын сюжеттерді және өз әлемдері мен кейіпкерлерін жасай алады. Өздерінің жазу стилі қалыптасады. Олар оқырмандарымен эмоционалды байланыс орната отырып, кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне алады. Ал, ChatGPT болса кейіпкерлер мен шығарма әлемінің сипаттамаларын автоматты түрде құрады және кейіпкерлер арасында диалог жасай алады. Ол авторларға синонимдер мен ассоциацияларды табуға, сондай-ақ өз кітабында сипаттағысы келетін тақырыпты зерттеу үшін ақпарат іздеуге көмегін тигізеді. ChatGPT әдебиеттің әртүрлі түрлерін, соның ішінде романдарды, өлеңдерді, эсселерді және тіпті фильм сценарийлерін жасау үшін пайдаланылуы мүмкін.

ChatGPT авторлар үшін өте пайдалы құрал болуы мүмкін, бірақ бұл әдебиеттегі адамды алмастыра алады дегенді білдірмейді. ChatGPT авторға жазу процесінде көмектесе алады, әйтсе де оның шығармашылығы мен ерекше жазу стилін алмастыра алмайды.

Қазіргі кезде медицинадан бастап, қауіпсіздік саласы, қызмет көрсету, өндіріс орындарын автоматтандыру, ғарыш пен робототехника секілді экономиканың сан саласында жасанды интеллект мүмкіндіктері барынша тиімді қолданылады», – дейді. Ал Қазақстан қоғамдық даму институты Қоғамдық үдерістерді зерттеу орталығының басшысы Риззат Тасымның айтуынша, жасанды интеллекттің жуық арада қамтымаған секторы қалмайды. Тіпті жасанды интеллект бүгінде жазушылардың да жәрдемшісіне айнала бастаған. Мәселен, жуырда ғана Жапонияның белгілі әдеби сыйлығы «Акутагаваны» иеленген жазушы Риэ Кудан өзіне «ChatGPT» көмектескенін мойындады. Жазушы кітаптың шамамен 5 пайызы жасанды интеллект жасаған сөйлемдерден тұрады деп ашық мәлімдеді. Сондай-ақ автор жасанды ақыл-оймен жиі сөйлесу ешкіммен бөлісе алмайтын ең құнды ойларын шығаруға мүмкіндік бергенін айтты. Жазушыға «ChatGPT» жауаптары шабыт беріп, қанаттандырған екен. Тіпті роман ішіндегі кей диалогке арқау болған. «Жандүниемнің бар сырын жасанды санаға ақтардым. Ол маған шабыт берді. Әрі қарай да роман жазу кезінде жасанды интеллектті қолданамын. Оның тиімді тұсын қолданып, пайдасын көруді жоспарлап отырмын. Сонымен бірге өз шығармашылығымның толық көрінуіне де мүмкіндік беремін», – деген Риэ Куданның мәлімдемесінен кейін әлеуметтік желілерде қызу пікірталас басталды да кетті. «The Japan Times» басылымы «Акутагава» сыйлығы сияқты беделді марапаттарда мұндай бассыздыққа жол берілсе, әдебиеттің болашағы бұлыңғыр екенін айтып, алаңдаушылық білдірді. Ал «Акутагава» сыйлығын беретін ұйым жеңімпаздың мәлімдемесіне әзірге түсініктеме берген жоқ. Сол секілді америкалық жазушы Робин Слоан да жаңа кітабын үйіндегі компьютердің көмегімен жазып жатыр. Ақылды құрал жазушының сөйлемдерін өзі аяқтап отырады. Сонымен қатар қазір жасанды интеллект арқылы көркем туынды ғана емес, шағын шығарма немесе эссе жазуға да болады. Мұндай боттар білім алушылардың арасында өте танымал. Жасанды интеллекттің жазып бергенін адамның жазғанынан айыру қиын. Өйткені арнайы боттар шығарма немесе эссені 70 пайыз жүйелі жазады. Тіпті кейбір боттар 97 пайыз антиплагиаттан өтетін мәтіндерді де дайындап бере алады. Ғалымдар мұндай алгоритм адам санасының дамуын тежейді деп қауіптенеді. Мамандардың айтуынша, жасанды интеллекттің алгоритмдері адамның ойлау қабілетінен де асып кетуі мүмкін. Ал IT маманы Мейіржан Әуелханұлының сөзіне сүйенсек, болашақта жасанды интеллект ақын-жазушы, жалпы өнер адамдарын тығырыққа тіреуі мүмкін. – Алдымен жасанды интеллекттің жұмыс істеу барысын түсіндіріп көрейік. Бағдарламалаушы алдымен оның базасына философияның, әдебиеттегі барлық жанрдың озық үлгілерін және оны қалай жазу керек екенін енгізіп, үйретеді де: «Осының бәрін түк қалдырмай оқып шық, кейін біреу сенен тура осындай шығарма жазуды сұраса, айтқанын екі етпей орындап бер!» – деп бұйырады.

Ғылыми фантастика жанрында жұмыс істейтін жазушы Тим Бушэ тоғыз айдың ішінде ChatGPT және Midjourney чатботтарының көмегімен 97 кітап шығарыпты. Елестетіп көріңізші. 9 айдың ішінде 97 кітап. Бұндай сандар біздің түсімізге де кірмеген болар.

Чатботтың көмегімен жасалған кітаптардың көлемі шағын екен. Әр кітапта 2000-нан 5000-ға дейін сөз және 40-140 сурет бар. Автордың айтуынша, бір кітапты жазу үшін оған шамамен 6-8 сағат қажет. Кейде 3 сағат та жетеді дейді. ЖИ арқылы жасалған Бушэның кітаптары бір ғаламда өрбиді. Олардың көпшілігінде кейіпкерлер мен дәйекті сюжет жоқ, сондықтан кітаптар сериясын кез келген бөлімінен бастап оқуға болады. «Insider» ақпараттық порталына берген сұқбатында жазушы келесі бір деректерді атап өтті: «Барлық кітаптарда бір - біріне сілтемелер жасалып отырады. Олар оқырмандарды үнемі қызықтыратын және сол әлемді одан әрі зерттеуге итермелейтін өзара байланысты әңгімелер желісін жасайды». Тим Бушэ жасанды зият арқылы 1000 кітап жасауды жоспарлап отыр.

Бушэ өз туындыларын «Gumroad» интернет-дүкені арқылы сатады. Бір кітаптың құны 2\$-дан 4\$-ға дейін барады. 9 айдың ішінде кітаптарының 574 нұсқасын 2000\$-ға сатқан екен. «Жасанды интеллект менің шығармашылық жұмысымның керемет катализаторы болды. Бұл маған сапаны сақтай отырып, өнімділікті арттыруға мүмкіндік берді. Мен басқаша қол жетізе алмайтын нәтижені әлемдік құрылғыларға ену арқылы алдым», – дейді автор Newsweek мақаласында.

Иә, жазушы қысқа уақыт ішінде осындай нәтижеге қол жеткізіп отырғаны тікелей жасанды зияттың арқасы. Бірақ, кітаптың сапасы санына сай болғаны дұрыс деп те ойлаймын. Бұны кітаптан гөрі, комикске жатқызған да жөн болар.

ChatGPT-дің тағы бір артықшылығы жазылған шығармаларды басқа тілдерге аударып бере алатындығында. Егер авторлардың жазылған шығармалары кең тарап жатса, оқырмандардың көңілінен шығатын болса, онда туындыларды басқа елдерге де шығару қажеттілігі туады. Оны аударып отыру, өңдеу, мағынасына сәйкес аударма жасау, барлығы уақыт пен қаражатты талап етеді. Ал, чатбот болса, оны лезде жасай алады. Әрине аударылған мәтін сапасыз болады. Онда қателердің болуы заңды құбылыс. Сол себепті, аударма жасауда адам санасына сенген жөн деп санаймыз. Қазіргі кезде, мәтінді аударуға арналған бағдарламалар да, сайттар да жеткілікті. Чатботтың мәтінді аударуы адамдарды таң қалдыра алмасы анық. Бірақ, жалпы мәтіннің аудармасын жасап алған соң, оның қателерін түзетіп, толықтыруға әбден болады.

ChatGPT-дің әмбебаптығы жазушыларға әртүрлі жанрлар мен жазу стильдеріне тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Триллер, қиял-ғажайып немесе ғылыми фантастика жазу арқылы жазушылар белгілі бір жанрлардың артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінеді және әртүрлі жазу стильдерінде дағдыларын шыңдау үшін осы модельді пайдалана алады. Модель жазушының шығармашылығын кеңейтуіне және жаңалықтарды зерттеуіне мүмкіндік береді. Осылайша автордың жұмыс істеу қарқыны артады. Сонымен қатар, чатбот кейіпкерлерді дамыту бойынша ұсыныстар жасай алады.

ЖИ әдебиет тарихындағы алыптардың жазу стилі, ойлау жүйесі мен заманауи бағыттарды араластырып та жаза алатын қасиетке ие. Мәселен, сіз «ChatGPT»-дан заманауи әдеби тәсілдерді қолдана отырып, Байронның стилімен өлең жазып беруін сұрай аласыз. Бұл ретте жасанды интеллектке шығарма жаздыратын «қаламгерлер» шынайы жазатын ақын-жазушыларды тығырыққа тіреуі мүмкін. Ал жасанды интеллекттің өзі біздің әдебиетке, біздің ғана емес, әлемдік әдебиетке осылай бәсекелес болып, не тығырыққа тіреуі мүмкін. Осы орайда қаламгердің немесе қаламгер болғысы келетін кісінің әдебиетке деген адалдығы, жеке басының этикасы да үлкен рөл ойнайды. Біреу жасанды интеллектті қолданып, ұзын-сонар жақсы шығарма жазуы мүмкін, ең соңында: «Міне, мен осы шығарманы жасанды интеллектке дұрыс тапсырма беріп, бүкіл ақыл-ойымды қолданып, қалай жазу керек екенін сұрап барып қана жазып шықтым», деп ашық мойындауы мүмкін. Бұл автордың жеке бас этикасына байланысты. Біздің қоғам жаппай жасанды интеллектті пайдалану үшін машиналық оқыту қазақ IT мамандарының ішінде жақсы дамуы және бір жыл ішінде соған жеткілікті деңгейде көңіл бөлінуі керек. Жасанды интеллект үшін бір жыл да өте ұзақ уақыт. Өйткені ЖИ әр ай, тіпті апта сайын дамып, жаңа деңгейге көтеріліп жатыр. Сондықтан кешеуілдеген әр күніміз өзімізді орасан зор шығынға ұшыратады.

Сол себепті әзірше біздің қоғам жасанды интеллектпен шет тілдер арқылы байланыс орнатады. Ал оны шығармашылық үшін, тек қазақ тілінде пайдаланатын уақыт біздің машиналық оқыту үдерісіміздің жылдамдауына, тездігіне байланысты. Олар бір жыл тағылымдамадан өтіп, машиналық оқыту технологиясын меңгеріп келіп, команда жасақтап, қазақ тілін түгел машиналық оқытуға енгіземіз десе, бір-екі жылдың ішінде біздің де өз «ChatGPT»-міз пайда болуы кәдік. Сол кезде ғана ЖИ қазақтың төл тілінде, яғни Әуезовтің, Жүсіпбектің, Бейімбеттің стилінде шығарма жазып беретін болар. Ол үшін ұлт әдебиеті алыптарының шығармашылығын тұтастай ЖИ базасына енгізуіміз қажет, – дейді Мейіржан Әуелханұлы. Осылайша жасанды интеллект әлем жазушыларына жердемші болып қана қоймай, көптеген күнделікті және қайталанатын тапсырманы автоматтандыру арқылы еңбек нарығын өзгерте бастады. Жасанды интеллект технологиясы жетілдіруді жалғастыра отырып, күрделі тапсырмаларды орындау арқылы кейбір жұмысшылардың орнын басу қаупі де бар. 2050 жылға қарай жасанды интеллект ауыстыра алмайтын кей қызмет түрлері ғана сұраныста қалады деген болжам бар. Бұл мамандардың қатарына ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, ақпараттық технология саласындағы топ-мамандар, жоғары санатты дәрігерлер, медбикелер, бала күтушілер, әлеуметтік жұмысшылар кіреді.

Технологиялар күнделікті дамып келе жатқан заманда, жасанды интеллект арқылы шығармашылық жазудың болашағы үлкен әлеуетке ие, сонымен бірге қорқыныш пен қауіп те бар. Чат сияқты ЖИ модельдері белгілі бір жазу мәнерлерін түсіну және еліктеу үшін дами алады, бұл адам жасаған мазмұн мен ЖИ жасаған мазмұн арасындағы біркелкі интеграцияны қамтамасыз етеді. Алайда, тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Технологиялар адам шығармашылығын жоюдан гөрі күшейту құралы болып қала береді. Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе айтарымыз, ChatGPT – бұл әдебиет саласындағы өте қызықты және пайдалы құрал, ол авторларға мәтіндер жасауға көмектеседі. Алайда, ол әдебиеттегі адамды алмастыра алмайды, өйткені кітап авторлары өздерінің шығармашылық қабілеттерімен және оқырмандарымен эмоционалды байланыс жасау қабілетімен ерекшеленеді. Әр нәрсенің ортасын тапқан жөн. Технологияларды мүлдем қолданбай қоюға немесе шамадан тыс көп қолдануға да болмайды. Адам миы – керемет жаратылыс. Ол әрбір істі жеңілдетудің амал-тәсілдерін іздеп тұрады. Жасанды интеллектіні шамадан тыс қолдану адамды регрессияға алып келеді. Ол дайын нәрсеге үйрену арқылы, бойындағы адамға тән қасиет-қабілеттерін жоғалта бастайды. Ал, ададық қасиеттер жоқ ортада қоғамның да болуы мүмкін емес. Сондықтан, не нәрсені жасамастан бұрын, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін ойлап, тиімді шешім шығарған дұрыс. Жасанды интеллект бұл бір адамға ғана қажетті құрал емес. Ол тұтас әлемдік мәселе. Сізге пайдасын тигізетін дүние, өзгелерге зиянын тигізбеуі қажет. Әдебиет – қоғамның айнасы. Қоғамда болып жатқан оқиғаларды әдебиет сөзбен сурет салу арқылы жеткізеді. Адам әдебиет арқылы өзін және өзгелерді тәрбиелейді. Жасанды интеллектіні осындай қасиетті де қастерлі іске араластыру қаншалықты дұрысын екенін айқындау сіз бен біздің, келешек ұрпақтың қолында.

Әдебиет

1. <https://dzen.ru/a/ZEDa9KhPVUacJ8v92>
2. <https://mashable.com/article/chatgpt-ai-books-literary-magazines>
3. <https://chat-gpt-world.com/ru/>
4. <https://www.pravilamag.ru/news/offtop/28-05-2023/699471-pisatel-fantast-s-pomoshchyu-chatgpt-vypustil-97-knig-menshe-chem-za-god-on-zarabotal-na-nih-2000/>
5. <https://academiainsider.com/how-to-use-chatgpt-to-write-a-literature-review-prompts-references/>
6. <https://library.fiu.edu/ai/lit-review>
7. <https://arainfo.kz/24267/zhasandy-intellekt-zhazushylar-a-zh-rdemshi>

М.А. Нурекенова, Ж.Д. Сайдахметова, А.Н. Шалаганова, А.Б. Леонидова, Ж.Қ. Акишов
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., nurekenova_03@mail.ru

МАШИНАЛЫҚ ОҚЫТУ ИНЖЕНЕРИЯСЫНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Жасанды интеллект (ЖИ) – компьютерлер мен құрылғыларға адам ойлауына ұқсас қабілеттер беру ғылымы, ал машиналық оқыту – деректерге негізделген өздігінен үйрену қабілеті. Машиналық оқытуға (МО) негізделген жүйелер үлкен деректер ағынын өңдейді, шешім қабылдайды және болжау жасайды.

ЖИ және МО өндіріс, энергетика, құрылыс және көлік сияқты салаларда нақты уақыт режимінде шешімдер қабылдауға көмектеседі. Олар процестердің тиімділігін арттыру, жұмыс өнімділігін жақсарту және шығындарды азайту мүмкіндігін береді [1].

Машиналық оқыту әдістері:

– Қадағаланатын оқыту (Supervised Learning): Бұл әдісте модель алдын ала берілген деректермен оқытылады және болашақ жағдайларды болжауға қолданылады. Инженерияда бұл әдіс ақауларды тану, өндірістік процестерді бақылау үшін қолданылады.

– Қадағалаусыз оқыту (Unsupervised Learning): Деректерде алдын ала белгіленбеген үлгілерді тану үшін қолданылады. Бұл әдіс кластеризация, деректерді сегменттеу, ауытқуларды анықтау үшін тиімді.

– Қарама-қарсы оқыту (Reinforcement Learning): Модель әрекеттер жасап, нәтижелері арқылы «жаза» немесе «сыйақы» алады. Мұндай әдіс робототехникада, автоматтандырылған көлік жүйелерінде қолданылады.

Машиналық оқыту инженериясындағы жасанды интеллектті қолдану модельдері:

– Регрессия: Модель тәуелді айнымалыға әсер ететін бірнеше тәуелсіз айнымалылардың байланысын зерттейді. Инженерияда бұл параметрлерді болжау, өнімділік бағалау үшін қолданылады.

– Нейрондық желілер: Күрделі бейне және дыбыс талдауында, объектілерді тануда кеңінен қолданылады.

– Деректерді кластеризациялау және классификация: Объектілерді топтарға бөліп, өндірістік сапаны бақылауға мүмкіндік береді.

Өндірістік процестерді бақылау және автоматтандыру:

– ЖИ арқылы өндірістік деректерді талдау, олардың дәлдігі мен тиімділігін арттыру. Мысалы, мұнай-газ саласында бұрғылау жұмыстарының тиімділігін бағалау үшін ЖИ қолданылады.

– Автоматтандырылған жүйелер өндірістегі адам қателіктерін азайтып, өндіріс тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді [2].

Болжамдық техникалық қызмет көрсету:

– МО жүйелері жабдықтың ақауларын алдын ала болжауға көмектеседі. Мысалы, автомобильдерде датчиктерден алынған деректер бойынша көліктің жағдайы бақыланады.

– Техникалық қызмет көрсету мерзімдерін тиімді жоспарлау арқылы қызмет шығындарын азайтуға және техникалық үзілістердің алдын алуға болады.

Өндірістік сапаны бақылау және ақауларды тану:

– Суреттер мен бейнелерді өңдеу арқылы сапасыз өнімдерді анықтауға және өндірісте қалдықтарды азайтуға көмектеседі.

– Мысалы, электроника өндірісінде камералар арқылы компоненттердің сапасын тексеру автоматтандырылған жүйелер арқылы жүргізіледі.

Үлкен деректер (Big Data) және оларды өңдеу:

– Инженерлік жүйелерде өңдеу үшін үлкен көлемді деректерді сақтау және басқару тәсілдері маңызды. МО үшін Hadoop, Spark және басқа да технологиялар қолданылады.

– Сақталған деректерді өңдеу және талдау инженерлік мәселелерді шешу үшін маңызды ресурстарды қамтамасыз етеді.

Жасанды нейрондық желілер және терең оқыту (Deep Learning):

– Нейрондық желілердің архитектурасы: Терең оқыту технологиялары бейнені тану, дыбысты өңдеу, тілдік модельдерде пайдаланылады.

– Қолданбалары: Өндірісте объектілерді тану, өндіріс сапасын бақылау үшін пайдаланылатын нейрондық желілер жоғары дәлдікте жұмыс істейді [3].

Модельдерді тестілеу және сапаны бағалау:

– Бағалау метрикалары: ЖИ және МО модельдерінің нәтижелерін дәлелді бағалау үшін метрикалар (мысалы, дәлдік, қателіктер коэффициенті) пайдаланылады.

– Инженерлік ортада тестілеу: Модельдің инженерлік ортаға сәйкес келетіндігін тексеру үшін нақты уақыттағы жүйелерге тест жүргізу қажет.

ЖИ жүйелерін қолдану кезінде құпиялылық, қауіпсіздік және моральдық мәселелер машиналық оқыту инженериясындағы жасанды интеллект қолданудағы қазіргі қиындықтардың бірі. Инженерлік ортада ЖИ шешімдерінің қауіпсіздігі өте маңызды.

Болашақта МО жүйелерінің пайда болуы кейбір жұмыс орындарының өзгеруіне және жаңа дағдыларға сұраныстың артуына алып келеді.

Инженерлік жобаларда ЖИ жүйелерінің қателіксіз жұмыс істеуіне және деректерді қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Инженерлік деректердің қауіпсіздігін сақтау үшін шифрлау және бақылау жүйелері қажет. Сенімділікті қамтамасыз ету үшін алгоритмдерді тестілеу және қайта құрастыру жұмыстары үнемі жүргізілуі керек [4].

Жасанды интеллект және машиналық оқытудың инженериядағы болашағы өнімділікті арттыру мен процестерді автоматтандыруға бағытталады. Олар өнеркәсіптік өндірісті жаңа деңгейге шығаруға мүмкіндік береді. Инженерлер үшін ЖИ және МО білімін меңгеру қажеттігі арта түседі, себебі болашақта технологиялық шешімдер дәл осы салаларға негізделеді. ЖИ және МО арқылы жаңа өндірістік құралдар мен процестерді құруға, оңтайландыруға және қоғамға тиімді шешімдер жасауға болады.

Әдебиет

1. Васильев А.Н., Иванов П.П. Индустрия 4.0 и цифровая трансформация. – М.: ТехноПресс, 2021.
2. Жарылқасынов Б.Т., Мұратова С.С. Қазақстандағы жасыл технологияларды енгізу мәселелері // Қазақстан инженерлік ғылымдары журналы. – 2022.
3. Ким В.В. Ақпараттық қауіпсіздік саласындағы киберқауіптерге қарсы тұру әдістері // ТМД инженерлік және компьютерлік ғылымдар журналы. – 2021.
4. Әлімжанов Н.С. Жасанды интеллект: Мүмкіндіктері мен шектеулері / Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бойынша халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2022.

МРНТИ: 20.53.19

А.Б. Асипова

Астана международный университет

Республика Казахстан, г. Астана, adelaasipova@gmail.com

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРНОГО ЧТЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Искусственный интеллект (ИИ) становится частью современной образовательной системы. Технологические решения позволяют улучшить качество обучения, расширить возможности педагогов и обеспечить учащимися новые инструменты для усвоения материала. В начальной школе, где используются базовые знания и навыки, особенно важно внедрение инновационных технологий, таких как ИИ, для оптимизации процесса обучения.

Роль литературного чтения в начальных классах

Литературное чтение является одним из предметов в начальной школе. Это помогает развивать у детей навыки грамотного чтения, расширять словарный запас, улучшать

понимание текста и стимулировать интерес к чтению. Чтение также способствует развитию критического мышления и воображения. Однако обучение чтению может оказаться сложным процессом для некоторых детей, что требует индивидуального подхода и различных методов обучения. В связи с этим у учителя возникают трудности с рядом задач, таких как создание мотиваций к чтению, работа с разными уровнями подготовки, требует у детей навыков осмысленного восприятия текста и анализа прочитанного. Искусственный интеллект может стать эффективным средством для решения этих задач и повышения эффективности образовательного процесса [5].

Персонализированное обучение. Одним из главных преимуществ ИИ является его способность к персонализации обучения. С помощью специальных программ на основе ИИ можно создавать образовательные планы для каждого ученика. Эти системы анализируют уровень подготовки детей, их прогресс, сильные и слабые стороны, а затем адаптируют задания в соответствии с их потребностями. Например, ребенок, у которого возникли трудности с пониманием текста, может получить дополнительное упражнение или помощь по темам. Программы, такие как умные репетиторы или виртуальные помощники, могут автоматически выбирать книги, которые соответствуют ключу чтения ребенка, а также предлагать адаптированные изображения для добавления материала [2].

Одной из основных задач начального образования является *развитие навыков беглого и осмысленного чтения*. Системы ИИ могут быть полезны в области навыков чтения учащихся. Например, некоторые программы на основе ИИ могут отслеживать скорость и точность чтения детей, выявлять ошибки и обеспечивать их управление

Кроме того, такие программы могут в первую очередь предоставлять обратную связь, что важно для оперативного устранения ошибок. Это может быть особенно важно для технических методов, в которых возникают сложности с чтением вслух, а также для преподавателей, которые могут обратить внимание на более сложные аспекты обучения, рутинную проверку достоверности технологий.

Воздействие нейросетей на обучение активно обсуждается. В Японии, Италии, в некоторых штатах США запретили использовать нейросети в школе. То же самое хотят сделать в Испании, Германии и других европейских странах. Но развитие нейросетей не остановить, поэтому запрещать их использование не целесообразно. В казахстанском образовании активно обсуждаются перспективы применения искусственного интеллекта в обучении детей. Однако необходимо осторожно подходить к внедрению нейросетей, учитывая позитивные аспекты и риски новых технологий. Баланс между инновациями и традиционными методами обучения – основа успешного использования искусственного интеллекта в подготовке обучающихся [3].

В большинстве современных школ у учителей уже есть опыт работы с нейросетями, и они поддерживают их использование в обучении. Но есть и те, кто относится к данному процессу с недоверием. Например, искусственный интеллект способен написать вполне логичное сочинение по литературному произведению, которое сложно отличить от работы реального ученика.

Искусственный интеллект – это новая реальность современного мира, которую необходимо освоить учителям. И задача учителя заключается в осознанном использовании школьниками нейросетей при выполнении заданий. Если ученик переписывает сгенерированный текст без попытки его осмыслить, то в работе можно прочитать, что сказку «Аленький цветочек» написал «Ханс Кристиан Андерсен, а главной героиней этой истории является маленькая девочка по имени Жанна, которая жила вместе со своей злой и жестокой мачехой».

Другая нейросеть присваивает авторство сказки Александру Сергеевичу Пушкину, а главный герой – добрый молодец Иван. Без участия интеллекта человека Серый волк оказывается Белой львицей (рис. 1.).



Рисунок 1 – Нейросеть присваивает авторство сказки А.С. Пушкину

Колобок становится черным хлебом, а Царевна-лягушка превращается в чернокожую красавицу. Но если правильно использовать нейросети на уроке, то они могут многому научить учеников и помочь в работе педагогам в поиске учебного материала, формулировке тем, генерации подсказок при выполнении заданий (рис. 2).



Рисунок 2 – Нейросеть Царевну-лягушку превращает в чернокожую красавицу

Одним из самых распространенных вариантов использования нейросети является *визуализация изображений по текстовому запросу*. На уроках литературного чтения в начальной школе нейросети можно использовать при создании иллюстративного материала к изучаемому художественному произведению. Особое внимание следует уделить текстовому запросу. Чтобы он удачно был интерпретирован нейросетью, необходимо детально прописать каждый объект или образ художественного произведения. При генерации нейросеть обрабатывает актуальный массив информации пользователей, поэтому устаревшие слова, ушедшие в пассивный словарный запас, порождают казусы интерпретации текста искусственным интеллектом.

Визуализация образов в начальной школе используется достаточно часто на уроках литературного чтения. И если графическое иллюстрирование требует много времени и выполняется детьми в основном дома, то создание цифрового рисунка можно выполнить на уроке. Например, нейросеть поможет нарисовать **образы главных героев**. Сначала необходимо провести работу с текстом литературного произведения. После анализа учащиеся составляют характеристику главного героя, на основе которой пишутся – текстовые запросы к нейросетям. От формулировки запроса зависит результат иллюстрации. По цифровому рисунку учитель может оценить, насколько внимательно школьник

познакомился с литературным текстом. Не подходит одежда у героя, цвет его волос, не та обстановка – сразу становится понятно, кто внимательно изучил произведение, а кто не открывал книгу [1].

Основа любого запроса – *объект*, который будет на рисунке. Помимо реальных объектов нейросети могут генерировать абстрактные понятия. Поэтому при написании запроса, для создания аленького цветочка возможно использовать слова из сказки «цветок цвету алого, красоты невиданной и неслыханной, что ни в сказке сказать, ни пером описать». Полученные цифровые рисунки удачно подходят для иллюстрации сказки. Нейросети могут быть инструментом, который поможет глубже понять литературные произведения, индивидуализировать учебный процесс и повысить мотивацию к изучению школьного предмета.

Несмотря на очевидные преимущества, внедрение ИИ в образовательный процесс сопровождается **вызовами**. Прежде всего, это технологические барьеры. Не каждая школа имеет возможность внедрить сложные технологии и обеспечить доступ к качественным образовательным ресурсам на базе ИИ. Кроме того, важным аспектом остаются эти вопросы и защита данных. Программы, работающие с персональной информацией детей, должны быть защищены от утечек и неправомерного использования данных. Также существует риск того, что более широкое использование технологий может снизить уровень живого общения между учителями и учениками, что в младших классах особенно важно для формирования социальных навыков и эмоциональной связи с преподавателем.

Использование искусственного интеллекта на уроках литературного чтения в начальных классах открывает новые горизонты в обучении. ИИ помогает индивидуализировать процесс, автоматизировать рутинные задачи и повысить мотивацию детей посредством игровых форм обучения. Однако важно помнить о необходимости сбалансированного общения, когда технологии меняют, а не заменяют живое общение и взаимодействие между учителями и учениками [4].

Одной из важных целей уроков литературного чтения является развитие умения анализировать текст и понимать его скрытые смыслы. С помощью **ChatGPT** можно организовать диалог с учениками, задавая им вопросы по прочитанному материалу. ChatGPT может предложить ученикам творческие задания, основанные на сюжете прочитанного произведения. На уроках литературного чтения важно уделять внимание развитию навыков пересказа. ChatGPT может помочь ученикам сформулировать основные мысли и идеи произведения. Например, после прочтения рассказа А.П. Чехова «Толстый и тонкий» учитель может предложить ученикам пересказать историю, а ChatGPT может помочь структурировать их ответы. Для начальной школы важно развивать навыки анализа поведения героев и их мотивов. Например, после прочтения сказки «Конек-Горбунок» П. Ершова можно задать ChatGPT вопросы о героях:

Учитель: Почему Иван показан таким простодушным и почему именно ему помогает Конек-Горбунок?

ChatGPT: Иван простодушен, но честен и добр. Эти качества позволяют ему завоевать симпатию Конька-Горбунка, который видит в нем человека, достойного помощи. Автор таким образом подчеркивает важность душевных качеств перед умом или хитростью. С помощью таких вопросов дети смогут лучше понять психологию героев и задуматься о смыслах, заложенных в произведении.

Использование современных технологий на уроках может стимулировать интерес детей к чтению. ChatGPT может выступить в роли виртуального помощника, который не только отвечает за вопросы, но и предлагает новые книги для чтения, основанные на алгоритме шифрования. Это создаёт более персонализированный подход к обучению, который помогает детям получать удовольствие от процесса чтения. Например:

Ученик: Почему Колобок не послушался бабушку и дедушку и убежал?

ChatGPT: Колобок, вероятно, хотел почувствовать свободу и узнать мир за пределами дома. Это показывает его любопытство, но и недалекость, ведь его непослушание привело к неприятным последствиям.

Эти примеры демонстрируют, как ChatGPT может сделать уроки литературного чтения более интересными и интерактивными, помогая развивать у детей творческое и критическое мышление. Учитель может предоставить ученикам задания, в которых они будут составлять собственные тексты, а затем использовать ИИ для улучшения или редактирования. Это помогает детям развивать навыки грамматики и синтаксиса, а также учиться структурировать свое мышление.

Таким образом, использование искусственного интеллекта и технологий, таких как ChatGPT, в обучении может улучшить процесс преподавания литературы в начальных классах. Эти технологии могут обеспечить учащимся увлекательные и интерактивные способы взаимодействия с литературными текстами. Дополнительным преимуществом использования ChatGPT является возможность персонализации образовательного процесса, которая помогает каждому ребенку расти в нужном темпе и получать ответы на вопросы, интересующие именно его.

Литературы

1. Любченко О.А. Подготовка будущих педагогов к практике творческой самореализации младших школьников в условиях дистанционного обучения / О.А. Любченко, Ю.А. Серебренникова / Психология одаренности и творчества: сб. науч. тр. II междунар. науч.-практ. онлайн-конф. – 2020. – С. 284-286.
2. Давыдова С.В., Николаева Е.А. Обучение младших школьников сочинению в жанре письма и заметки на уроках развития речи / Шуйская сессия студентов, аспирантов, педагогов, молодых ученых: материалы XI Международной научной конференции. – Иваново. – 2018. – С. 32-34.
3. Воропаев М.В., Савенков А.И., Серебренникова Ю.А. Подготовка будущих педагогов к формированию социального опыта учащихся в цифровой среде. – М.: Перо, 2023.
4. Николаева Е.А. Детская литература как философско-культурная коммуникация / Е.А. Николаева / Гуманитарные технологии в современном мире. Сб. материалов VII Международной конференции. – Калининград: Западный филиал Российской академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте РФ, 2019. – С. 231-232.
5. Десяева Н.Д. Культурные смыслы современной детской литературы / Н.Д. Десяева, Е.А. Николаева // Известия института педагогики и психологии образования. – 2020. – № 4. – С. 26-32.

ГТАХР: 06.81.23

А.Қ. Болатова, Б.Ж. Байжұмаева, А.Б. Леонидова, М.Қ. Жамбаева

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

Қазақстан Республикасы, Семей қ., bolatova.aknur03@mail.ru

ЯДРОЛЫҚ МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Ядролық медицина – радиоактивті изотоптарды пайдаланып, органдар мен тіндердің қызметін бағалауға бағытталған медициналық диагностика саласы. Жасанды интеллекттің (ЖИ) дамуы ядролық медицинаға жаңа мүмкіндіктер ашады, өйткені машинамен оқыту алгоритмдері медициналық суреттерді талдауда диагностика дәлдігін және жылдамдығын айтарлықтай арттыра алады. ЖИ дәрігерлерге үлкен медициналық суреттер жиынын тез және дәлірек талдауға, патологияларды анықтауға көмектеседі.

Диагностикада: кескінді талдау және әртүрлі құрылғылардың суреттерін түсіндіру

Диагностикада медициналық кескіндер әртүрлі ауруларды анықтауда және бағалауда шешуші рөл атқарады. Бейнелеудің негізгі әдістеріне мыналар жатады [1]:

– Рентгенография: кеуде қуысының сүйектері мен мүшелерінің жағдайын бағалау үшін қолданылады. Сынықтарды, инфекциялар мен ісіктерді анықтауға мүмкіндік береді.

– Ультрадыбыстық зерттеу: жұмсақ тіндерді, іш қуысы мүшелерін және жүрек-тамыр жүйесін зерттеу үшін қолданылады. Қауіпсіз және зиянсыз, жүктілік кезінде жиі қолданылады.

– Компьютерлік томография(КТ): егжей-тегжейлі қабатты кескіндерді қамтамасыз етеді. Ісіктерді, жарақаттарды және ішкі ағзалардың ауруларын диагностикалауда тиімді.

– Магнитті-резонансты бейнелеу (МРТ): әсіресе миды, жұлынды және буындарды зерттеу үшін пайдалы. Жоғары контрастты жұмсақ тіндердің суреттерін алуға мүмкіндік береді.

Суреттерді интерпретациялау мамандардың жоғары біліктілігін талап етеді, өйткені пациенттің визуалды деректерін де, клиникалық белгілерін де ескеру қажет. Бұл дәл диагноз қоюға және тиімді емдеу жоспарларын жасауға мүмкіндік береді [1].

Дозаны және радиофармпрепараттарды енгізу бағытын оңтайландыру

Радиофармпрепараттардың дозасын оңтайландыруда жасанды интеллект сонымен қатар денедегі радиоизотоптардың таралу жолдарын алдын ала болжау арқылы көмек көрсетеді. Алгоритмдер радиофармпрепараттың қалай таралатынын модельдеуге қабілетті, бұл дәрігерлерге ең тиімді енгізу әдісін таңдауға көмектеседі. Әрбір препараттың ағзада әртүрлі таралатынын ескере отырып, ЖИ әртүрлі сценарийлерді ескеріп, мақсатты аймақтарға жету жылдамдығын және тиімділігін арттырады. Мысалы, онкологияда метастаздарды дәл анықтау үшін препаратты белгілі бір жолмен енгізу қажет болуы мүмкін, ал жүрек ауруларын диагностикалауда басқа енгізу әдісі қолданылуы мүмкін.

Енгізу жолын және дозаны жеке ерекшеліктерге қарай реттеу терапияның тиімділігін арттырып қана қоймай, қажетсіз радиациялық жүктемені азайтады, бұл ұзақ мерзімді перспективада науқастың денсаулығын жақсартуға оң әсер етеді. Алдағы уақытта жасанды интеллекттің радиофармпрепараттарды енгізу мен дозаны оңтайландырудағы рөлі арта түсетіні сөзсіз, бұл ядролық медицинаны одан әрі тиімді және қауіпсіз етудің кілті болуы мүмкін [2].

Прогресті бақылау және емдеуді бейімдеу

- *Нейрондық желілерді кері байланыс жүйесінде пайдалану.* Материалды түсіну деңгейін бағалау және оқушылардың ықтимал қиындықтарын анықтау үшін қолдануға болады. Жүйелер тапсырмаларға жауаптарды талдай алады, жалпы қателіктерді анықтай алады және қиындық тудыратын тақырыптарға қосымша түсініктеме бере алады, оқушы жұмысының нәтижесі туралы ақпарат жинайды және оқушы материалды жақсы түсінуі үшін қандай материалды қосымша зерттеу немесе қайталау керектігін анықтай алады. Бұл мұғалімдерге әр оқушыға барынша қолдау көрсете отырып, өз жұмысын дәлірек реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нейрондық желілер оқу нәтижелерін талдай алады және зерттеу үшін қосымша материал ұсына алады. Мысалы, егер оқушы қандай да бір тұжырымдаманы түсінбесе, нейрондық желілер оған тақырыпты жақсы меңгеруге көмектесетін қосымша материал ұсына алады [2, 176].

- *Виртуалды мұғалімдерді құру.* Бұл мұғалімдер әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделе отырып, интерактивті түрде оқытуды қамтамасыз ете алатын арнайы бағдарламалар. Олар оқушылармен дауыстық командалар немесе мәтіндік хабарламалар арқылы сөйлесе алады, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалай алады және қосымша тапсырмалар ұсына алады.
- *Автоматты аударма:* нейрондық желілерді әртүрлі тілдерді автоматты түрде аудару үшін пайдалануға болады. Бұл оқушыларға өзі дербес немесе артық шығынсыз тілді меңгеруге көмектеседі. Мысалы, Google Translate және Yandex. Translate қызметтері мәтінді, дыбысты және кескіндерді аудару үшін терең нейрондық желілерді пайдаланады.
- *Оқу уақытын қысқарту.* Нейрондық желілерді пайдалану оқытуға кететін уақытты қысқартатын тиімді оқу бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл оқытудың тиімділігін және материалдың қауіпсіздігін арттырады.

Бастауыш мектеп оқушыларына көптеген ақпарат ағындарымен жұмыс жасау үшін виртуалды көмекшілер көмектеседі: дауыстық роботтар, чатботтар және басқа да ақылды сандық көмекшілер. Олар ақпаратты сүзеді, дұрыс жауаптарды табады және уақытты үнемдейді. Әсіресе мектеп оқушылары арасында танымал Telegram мессенджерінде чат-боттарды пайдалану ыңғайлы. Осы боттардың көмегімен оқушы емлені тексере алады, сөздің мағынасын таба алады, математикадан күрделі ұғымдарды үйренеді, тіпті ағылшын тілін үйренеді. Солардың қолданыстағы түрлерін ұсынатын болсам:

- «*@AndyRobot*» чат-боты, ағылшын тілін үйренуге көмектеседі. Оқу барысында ойындар ойнап, жаңа сөздерді үйреніп, грамматикасын жаттықтыра алады. Оған Play, /New Words, /Grammar, /Lessons командаларын жіберсе болғаны, ол күнделікті сабақтарын жіберіп отырады. Осындай ағылшын тілін үйренуде ұсынылатын чат-боттар: *@InMindBot*, Pi.
- Оқушы өзінің күн тәртібін дұрыс құруды бастауыш сыныптан бастап жаттығу үшін *@pomodoro_time_bot* нейро желісі қолдануға ұсынылады.
- *@GrammarNaziBot* чат боты – емледегі қателіктерге байыпты қарап, оны көрсетеді. Оған оқушы кез-келген сөзді жазады, ал чат-бот оның дұрыс жазылуын көрсетеді.
- *@dictsbot* чат боты. Мұнда оқушы сөздің мағынасын біле алады. Бұл чат-ботта көптеген анықтамалықтар, сондай-ақ Уикипедия, Яндекс және Google аудармашылары бар. Бұған оқушы сөзді енгізеді, сонда бот оның мағынасын барлық басқа сөздіктерде көру мүмкіндігін ұсынады.
- *Lambda* чат боты кез-келген тақырып бойынша диалог жүргізе алады және пайдаланушының кез-келген сұрақтарына жауап бере алады.
- *Дауыстық көмекшілер:* біздің сұрақтарымызға жауап беруге, тапсырмаларды орындауға, өмірімізді ұйымдастыруға көмектеседі, біздің айтқан дауыстық командаларды түсінеді, сұранысымызға сәйкес әр түрлі тапсырмаларды орындайды, жедел ақпарат береді. Олар: «Алиса», «Apple Siri» т.б.
- *YandexGPT* – ChatGPT технологиясы негізінде жұмыс істейтін "Яндекс" нейрожелісі. Берілген тақырыптар бойынша мәтіндер жасай алады, код жаза алады, пайдаланушылармен сөйлесе алады, интернеттен ақпарат іздей алады, мәтіндерді аудара алады.
- *Writefull* – мәтінді қателерді, қайталануларды тексеруге қабілетті мәтіндік редакторға ендірілген нейрондық желі. Ол сондай-ақ ақпаратты құрылымдауға, сөйлемдерді басқаша құруға көмектеседі және сәйкес тақырыптарды ұсынады.
- *MathGPT* – математикалық есептерді шешуге арналған нейрондық желі. Ол математикалық формулаларды түсіну үшін терең оқытуды қолданады және күрделі есептерді тез және тиімді шеше алады.
- *01Математика* – әр оқушының үлгерімін талдайтын және оған сабақтар мен тапсырмаларды бейімдейтін математикадан онлайн оқыту жүйесі.
- *DeepL* – онлайн аудармашы.
- «ChatGPT» чат-боты – ол бірден қажетті жауап беріп, ақпаратты тезірек табуға көмектеседі [3]. Оған қажетті сұраныс жазылып жіберіледі, ол оған бірден жауап беріп, ақпарат ұсынады, сурет салады т.б. мысалы, мен өз тәжірибемде сынып оқушылары осы ChatGPT чат-боты [4] арқылы сұраныстарына сай ертегілер, мәтіндер жинақтарын жасады,

мақал сөздердің мағынасын жинақтап білді, шағын әңгімелер құрастырып, олардың жинақ етті, мультфильм иллюстрациясын жасады.

«XXI ғасыр дағдылары» оқушылардың әлеуетін барынша толық іске асыру үшін қажет болатын құзыреттер мен қабілеттер жиынтығы, ол дағдылар жиынтығының негізін: креативтілік, ынтымақтастық қабілеті, сыни ойлау, табандылық, мәселелерді шешу қабілеті, мінез-құлықты өзін-өзі реттеу, жаһандық мәселелер туралы хабардар болу және цифрлық сауаттылық құрайды. Технологиялар оқушыларға осы салалардың барлығында дағдыларды дамытуға көмектесе алады, ал ЖИ қолдану мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқытуды ұйымдастыруға және жекелей оқытуға мүмкіндік береді [5,20]

Нейрондық желілер мұғалімдердің өмірін жеңілдететін инновациялық технологиялар тұрғысынан да тиімді. Білім беруде нейрондық желі мүмкіндіктерін пайдалану жекелендірілген оқу бағдарламаларын құруға, оқушылардың үлгерімін бағалауды жақсартуға, сондай-ақ оқу процесінде қосымша көмек көрсетуге әкелуі мүмкін. Бастауыш мектептегі нейрондық желілердің басқа қызықты қосымшалары: мұғалімдерге виртуалды көмекшілер құру және визуалды және аудио эффектілерді қолдана отырып интерактивті сабақтар жасау. Нейрондық желіге негізделген виртуалды көмекшілер мұғалімге сабақ дайындауға, оқушылардың сұрақтарына жауап беруге және жеке көмек көрсетуге көмектесе алады. Сабақты дайындауда нейрондық желілерді пайдалану оқу процесін байыта отырып, оқуды қызықты, интерактивті және әр оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдей алады. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде мен сабаққа дайындалуда мынадай нейрондық желілерді қолданамын, бұл инновациялық технологиялар қызықты және интерактивті сабақтар құруға көмектеседі, әр оқушының қажеттіліктеріне бейімделген оқу материалдарын жасауға көмектеседі:

- *Құрылыммен және мәтінмен жұмыс істеуге арналған нейрондық желілер: YandexGPT, ChatGPT, Wait, National.* Мысалы, *ChatGPT* - бұл табиғи тілде мәтін құруға арналған нейрондық желі. Ол сұрақтарға офлайн жауаптар жасауға, мақалалар жазуға, сондай-ақ әртүрлі мақсаттар үшін мазмұн жасауға көмектеседі. Мысалы, дайын математикалық есептер мен мысалдарды алу (тапсырма: «бөлуге 3 мысал және көбейтуге 3 мысал келтіріңіз»). Берілген мәтін бойынша кескіндерді құру: шығарманың кейіпкерін сипаттап жазады, ол бойынша нейрожелі оның бейнесін жасап, көрсетеді т.б.
- *Суреттермен жұмыс жасауға арналған нейрондық желілер: Шедеврум, Kandinsky, Stable Diffusion, Midjourney т.б. Kandinsky 3.0* - кескіндер мен иллюстрациялар жасау үшін қолданылатын нейрондық желі. Ол бірегей және шығармашылық визуалды туындыларды жасай алады, бұл оны бейнелеу өнеріне қатысты сабақтар үшін маңызды құрал етеді. «Шедеврум» нейрондық желісі, оны қолданудың жолдары - оқушыларға интерактивті тапсырмалар жасау. Мысалы, мұғалім оқушылардан «Шедеврум» көмегімен белгілі бір тақырыпқа сурет салуды сұрай алады. Оқушылар кескіндерін жасау үшін қылқаламдар мен қарындаштар сияқты әртүрлі құралдарды пайдалана алады.
- *Tome, Curipod, GPT for Slides, Canva* - презентациялар жасауға арналған нейрондық желілер. Пайдаланушылар презентацияда не көргісі келетінін қажетті тілде сипаттауы керек. Нұсқау бойынша жүйе сәйкес кескіндер мен мәтіндермен шамамен сегіз слайд жасайды.
- Сабақ жоспарын құру, үй тапсырмаларын жасауда қолданылатын нейрондық желілер: *Magic School, ChatGPT, Notion, Google Gemini, Fetchy, Socrate* т.б.
- Жиынтық бағалауға дайындау кезінде *Gemini* платформасын қолдану.
- Оқыған материалды талқылау үшін чатботты пайдалану, чатбот тақырыбы бойынша бақылау сұрақтарын құрастыру
- Үй тапсырмасын тексеру үшін нейрондық желілерді пайдалану (мәтінді нейрондық желі терезесіне апарып, қателерді іздейміз).

Нейрондық желілерді пайдалану интерактивті оқыту ойындары мен бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Бұл ойындар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып арнайы жасалуы мүмкін және балалардың оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әртүрлі жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. Бұл тәсіл бала үшін оқуды тартымды әрі қызықты етеді, сонымен қатар оның қатысуы мен мотивациясына ықпал етеді

[6]. Осылайша, нейрондық желілер білім беруді тиімдірек және барлығына қолжетімді ету мүмкіндігіне ие. Алайда, нейрондық желілер мұғалімнің рөлін толығымен алмастыра алмайтынын есте ұстаған жөн. Олар мұғалімге балаларды оқытуға көмектесетін құрал ғана. Мұғалім оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруда, сондай-ақ олардың әлеуметтік және эмоционалды құзыреттіліктерін дамытуда маңызды рөл атқаратынын ұмытпағанымыз жөн.

Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі бастауыш мектепте нейрондық желілерді пайдалану білім берудің қызықты перспективасын ұсынады. Бұл технологиялар жекелей оқытуды, интерактивті оқытуды, тиімді оқытуды қамтамасыз етеді. Дегенмен, білім беру процесінің ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жасанды интеллект технологияларын енгізуді жүзеге асыру және технологиялық инновациялар мен дәстүрлі оқыту әдістері арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету маңызды. Осылайша, бастауыш мектеп жасындағы балаларды оқытуда нейрондық желілерді пайдалану білім беру процесінің даралануы, интерактивтілігі және тартымдылығы үшін бірегей мүмкіндіктер береді. Алайда, әр баланың ерекшеліктерін және олардың мұғалімнің рөлімен үйлесуін ескере отырып, осы технологияларды сауатты және теңдестіре отырып пайдалану қажет. Тек осылай ғана біз балаларды оқытуда барынша нәтижелерге қол жеткізе аламыз және оларға қазіргі әлемнің талаптарына сәйкес келетін сапалы білім бере аламыз. Жалпы алғанда, бастауыш сыныптарда нейрондық желілерді пайдалану білім беру процесін айтарлықтай жақсартады және балаларға қазіргі ақпараттық қоғамда сәтті бейімделу үшін қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Әдебиет

1. Долгая О.И. Искусственный интеллект и обучение в школе: ответ на современные вызовы. <https://cyberleninka.ru/article/n/iskusstvennyy-intellekt-i-obuchenie-v-shkole-otvet-na-sovremennyye-vyzovy>
2. Хабибуллин И.Р. Актуальность использования нейросетей в образовательных целях / И.Р. Хабибуллин, О.В. Азовцева, А.Д. Гареев. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2023. – № 13 (460). – С. 176-178.
3. Гурьева Л.П. Об изменении мотивации в условиях использования искусственного интеллекта. – М.: ИЛ, 1989.
4. <https://chatgpt.com/>
5. Искусственный интеллект в образовании: Изменение темпов обучения. Аналитическая записка ИИТО ЮНЕСКО / Стивен Даггэн; ред. С.Ю. Князева; пер. с англ.: А.В. Паршакова. – Москва: Институт ЮНЕСКО по информационным технологиям в образовании, 2020.
6. Серебренникова Ю.А. Использование нейросетей на уроках в начальной школе. Актуальные вопросы практики обучения и воспитания. – НОМІNUM, 2024. – №1 <http://ippo.selfip.com:85/hominum/wp-content/uploads/2024/04/Serebrennikova-YU.A.pdf>

ҒТАХР: 28.23.27

Н.С. Каратаев¹, А.Б. Ибашова¹, Д.Ж. Шырынханова²

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан, Шымкент қ., karataev.90@mail.ru, i@mail.ru

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Қазақстан Республикасы, Семей қ., dinara_27inf@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА РОБОТОТЕХНИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ДАМУЫ МЕН ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларына робототехниканы оқыту ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл пәнаралық сала оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық дағдыларын және техникалық біліктіліктерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Қоғамның цифрландыру жағдайында технологиялық сауаттылықтың маңыздылығы артуда, бұл бастауыш білім беру деңгейінен бастап робототехника

саласындағы білім мен дағдыларды қалыптастыру қажеттілігін туындатады. Педагогикалық ғылымда STEM-білім берудің тиімділігі дәлелденіп отыр, ал робототехника осы тәсілдің маңызды компоненті болып табылады.

Балалардың танымдық даму заңдылықтарын зерттейтін психологиялық теориялар тұрғысынан қарағанда, бастауыш сынып жасы сыни ойлау мен логикалық операцияларды дамыту үшін бейімделгіш кезең болып саналады, бұл робототехниканы оқыту арқылы тиімді жүзеге асырылады. Заманауи педагогикалық парадигмалар бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған, ал робототехника осы дағдыларды дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.

Білім берудегі инновациялық технологиялар саласындағы зерттеулер робототехниканың оқу процесіне интеграциясының оқушылардың оқу мотивациясын арттыратынын көрсетеді. Еңбек нарығының болжамдары болашақта робототехника және автоматтандыру саласындағы мамандарға сұраныстың артатынын көрсетіп отыр, бұл осы бағыттағы ерте кәсіптік бағдар беру керек екенін білдіреді.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер тұрғысынан қарағанда робототехниканы оқыту әдістемесі әлі де жетілдіруді қажет етеді, әсіресе бастауыш білім беру деңгейінде әдістемелі құралдардың жеткіліксіздігі байқалады. Оқыту деңгейлерінің өзара үйлесімділігі аясынан алып қарағанда, бастауыш сыныпта робототехниканы оқыту орта және жоғары білім беру деңгейлерінде техникалық пәндерді оқытудың негізі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларына кірпіштік блоктар арқылы бағдарламалауды үйрету идеясындағы "MINDSTROMS" атауының қолданылуын Seymour Papert-тің зерттеулерінде де байқауға болады. Seymour Papert Массачусетс технологиялық институтында (MIT-Massachusetts Institute of Technology) ұзақ жылдар жұмыс істеп, 2000 жылдардың басында MIT Media Lab-тың құрылтайшыларының бірі ретінде балаларға арналған бағдарламалау тілдерін жасау арқылы оқытудың конструктивистік тәсілін, яғни конструкторлар арқылы бағдарламалауды бастауыш сынып оқушыларына оқытуды ұсынған болатын. Ол оған дейін 1960 жылдары жасалған Logo бағдарламалау тілі мен конструкционизм теориясын жасаумен танымал болған. Кейін оның жұмысын шәкірті Mitchel Resnick Scratch бағдарламалау тілін әзірлей бастады. Seymour Papert Scratch бағдарламалау тілін жасамаса да, оның идеялары мен философиясы бұл жобаның негізі болды. Паперттің ықпалы сондай-ақ білім беру жағдайында робототехника мен бағдарламалауды біріктіруде де байқалады. Құрастыру мен бағдарламалауды біріктіретін LEGO Mindstorms жиынтықтары ішінара Паперттің математика мен жаратылыстану ғылымдары тұжырымдамаларын үйрету құралы ретінде робототехниканы қолдануды насихаттауының арқасында жасалды. Бұл тәжірибелік тәсіл оқуды қызықты етіп қана қоймай, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау мен шығармашылығын дамытуға көмектеседі [1].

Паперттің "конструкционизм" теориясы робототехниканы білім беруге енгізудің негізгі қозғаушы күші болды. Ол балалардың нақты заттармен жұмыс істеу арқылы оқу процесіне белсенді қатысуын насихаттады. Бұл теория LEGO компаниясымен бірлесіп жасалған LEGO Mindstorms жиынтықтарының негізіне айналды.

1998 жылы LEGO Mindstorms-тың нарыққа шығуы бастауыш мектептерде робототехниканы енгізудің маңызды кезеңі деп аталды. Бұл жиынтықтар бастауыш сынып оқушыларына арналған қарапайым роботтар жасауға және оларды бағдарламалауға мүмкіндік берді және бұл көптеген елдердегі мектептер үшін қолжетімді бола бастады.

Соңғы жылдары бастауыш сыныптан бастап робототехниканы білім беру саласына енгізуге айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Бұл XXI ғасыр – жаңа ақпараттық технологиялар ғасырында бастауыш сынып оқушыларына маңызды дағдыларды дамытудағы робототехниканың рөлінің артып келе жатқанын білдіреді. Робототехника STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) білім беру саласында күшті құрал ретінде қызмет етіп, оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттырып, сыни ойлау мен мәселелерді шешу қабілеттерін дамытады [2].

Зерттеулер көрсеткендей, бастауыш білім беруде робототехниканы тиімді енгізу

мұғалімдердің рөліне байланысты. Педагогтар робототехниканы өз оқыту тәжірибелеріне тиімді енгізу үшін жеткілікті дәрежеде дайындалуы керек. Бұл тек технологияны түсінуді ғана емес, сонымен қатар білім беру мақсаттарына сәйкес келетін тиісті педагогикалық стратегияларды әзірлеуді де қамтиды [5]. Мысалы, ERASMUS+ жобасы бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған оқу материалдары мен ресурстарын құруда маңызды рөл атқарды, бұл сыныпқа робототехниканы енгізуді жеңілдетті [4]. Сонымен қатар, мұғалімдер жақсы әдістемелік құралдармен дайындалып келген кезде, олар робототехника арқылы оқушылардың оқу тәжірибесі мен нәтижелерін айтарлықтай жақсарты алады [7, 8].

Бастауыш мектептерде робототехниканы оқытудың педагогикалық тәсілдері әр түрлі, олардың ішінде жобаға негізделген оқыту әдісі ерекше орын алады. Бұл тәсіл оқушыларды ынтымақтастық пен шығармашылықты дамытатын практикалық іс-әрекеттерге тартуға ынталандырады [9, 10]. Мысалы, LEGO робототехника жиынтықтарын қолдану жас оқушыларға бағдарламалау және инженерия тұжырымдамаларын оқытуда тиімді екені дәлелденген, бұл оларға роботтарды ойын түрінде әрі қызықты етіп құрастыруға және бағдарламалауға мүмкіндік береді [11, 12]. Сонымен қатар, Unity3D, Tinkercad сияқты ойын элементтерін қолданатын құрылымдар пайда болды, олар нақты роботтарға тікелей қол жеткізе алмайтын оқушыларға терең оқу тәжірибесін ұсынады [13].

Робототехника білім беру саласында ерекше орны барына қарамастан, оны кеңінен қолдануда әлі де қиындықтар бар. Мұғалімдер көбінесе ресурстардың, оқытудың және қолдаудың жетіспеушілігіне байланысты робототехниканы қолданыстағы оқу бағдарламаларына енгізуде қиындықтарға тап болып жатады [14]. Сонымен қатар, білім беру ортасында роботтарды қолдануға қатысты этикалық мәселелер көтерілді, бұл мұғалімдерге робототехникалық технологияларды қолдану кезінде жауапкершілік пен есеп берушіліктің күрделілігін шешу қажеттілігін көрсетеді [15]. Осы қиындықтарды шешу бастауыш білім беруде робототехниканы табысты енгізу үшін өте маңызды.

Жапония мен Оңтүстік Корея сияқты технологиялық дамыған елдер робототехниканы бастауыш білім беру бағдарламаларына ертерек енгізді. Жапон компаниялары білім беру мақсатында арнайы роботтар мен жиынтықтар шығара бастады. Мысалы, Жапонияда 2020 жылдан бастап робототехника міндетті пән ретінде енгізілді. Бұл шешім елдің инновациялық әлеуетін арттыруға және болашақ мамандарды дайындауға бағытталды. Оңтүстік Кореяда робототехника сабақтары бастауыш мектептерде таңдау пәні ретінде ұсынылады, бірақ көптеген мектептер оны өз бағдарламаларына енгізуде.

АҚШ-та STEM білім беруде робототехниканы бастауыш сыныптан бастап енгізу үдерісі өте белсенді жүрді. Көптеген мектептер мен білім беру орталықтары робототехника бойынша үйірмелер мен курстар ұйымдастырады. Мысалы, FIRST LEGO League Junior сияқты бағдарламалар арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған роботтар құрастыруды және бағдарламалауды үйрететін клубтарын құрды. Бұл бағдарлама 6-10 жас аралығындағы балаларға арналған және оларға ғылым мен технологияны зерттеуге мүмкіндік берді.

Еуропада да робототехниканы бастауыш білім беруге енгізу үрдісі байқалады. Әсіресе Скандинавия елдерінде, робототехника бастауыш білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Мысалы, Финляндия сияқты елдер өз білім беру жүйелерінде инновациялық тәсілдерді белсенді қолданады. Финляндияда робототехника элементтері математика және табиғи ғылымдар сабақтарына біріктірілген, бұл оқушылардың пәнаралық байланыстарды түсінуіне көмектеседі.

Ресейде "Робототехника: инженерлік-техникалық кадрларды балабақшадан бастап дайындау" бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама аясында көптеген мектептерде робототехника сабақтары енгізілді, оның ішінде бастауыш сыныптарда да бар.

Дамушы елдерде робототехниканы енгізу үдерісі баяу жүрді, бірақ 2000 жылдардың ортасынан бастап жылдам қарқын ала бастады. Мысалы, Үндістанда "Atal Tinkering Labs" бағдарламасы іске қосылды, ол мектептерге робототехника жабдықтарын беріп, оқушыларға инновациялық дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

Қазақстандағы бастауыш мектептерде робототехниканы енгізудің алғашқы тәжірибесі 2010 жылдардың басында жолға қойылды. Бұл үдеріс алғашқыда жеке мектептер мен білім беру орталықтарының бастамасымен жүзеге асырылды. Кейіннен, 2016 жылдан бастап, Қазақстан үкіметі "Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы аясында робототехниканы білім беру жүйесіне енгізуді белсенді түрде қолдай бастады. Бастапқы кезеңде робототехника сабақтары көбінесе факультативтік немесе сыныптан тыс сабақтар түрінде жүргізілсе, уақыт өте келе, информатика пәні 1-сыныптан бастап цифрлық сауаттылық пәні ретінде енгізіліп робототехника оқытыла бастады. Көптеген білім беру мекемелері үшін LEGO Education WeDo және LEGO Mindstorms жиынтықтарын қолданылып, бұл жабдықтар бастауыш сынып оқушылары үшін қолжетімді әрі түсінікті болуымен ерекшеленді.

Робототехниканы енгізудің маңызды аспектісі мұғалімдерді оқытуға бағытталған. Көптеген педагогтар арнайы курстардан өтіп, біліктілігін арттырып, пәнді насихаттау және оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі жарыстар мен фестивальдер ұйымдастырылу жолға қойылды. Мысалы, "КазРоботикс" сияқты республикалық деңгейдегі жарыстар өткізілді. Алайда, бұл процесс бірқатар қиындықтарға тап келді. Оның ішінде жабдықтардың қымбаттығы, білікті мамандардың жетіспеушілігі және кейбір ата-аналардың күмәнмен қарайтындығы байқалады. Дегенмен, осы қиындықтарға қарамастан, алғашқы тәжірибелер оң нәтижелер көрсетуде. Оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, инженерлік дағдылары және командалық жұмыс істеу қабілеттері айтарлықтай жақсарғаны анықталды.

Сонымен қатар, жобалық оқыту әдісі де кеңінен қолданылады. Оқушылар топтарда жұмыс істейді, белгілі бір мәселені шешу үшін роботтар жасайды. Бұл тәсіл командада жұмыс істеу дағдыларын, шығармашылық ойлауды және мәселелерді шешу қабілетін дамытады.

Виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын қолдану да перспективалы бағыт болып табылады. Бұл технологиялар балаларға роботтардың жұмысын визуализациялауға және күрделі тұжырымдамаларды түсінуге көмектеседі.

Жалпы, әлемдегі бастауыш мектептерде робототехниканы енгізудің алғашқы тәжірибесі әртүрлі елдерде әртүрлі жылдамдықпен және әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылды, бірақ оның білім беру процесіне оң әсері барлық жерде мойындалды. Бұл тәжірибе қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде робототехниканың кеңінен қолданылуына жол ашты.

Алғашқы тәжірибелер көрсеткендей, робототехниканы бастауыш білім беруге енгізу оқушылардың мәселелерді шешу дағдыларын, логикалық ойлауын және шығармашылығын дамытуға оң әсер етті. Алайда, бұл процесс кейбір қиындықтарға да тап болды, соның ішінде жабдықтардың қымбаттығы, мұғалімдерді даярлау қажеттілігі және оқу бағдарламаларын бейімдеу.

Дегенмен, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық ойлауын дамытуда робототехниканы оқытудың әдістемелік аспектілері әлі де жеткілікті зерттелмеген. Бұл зерттеу осы олқылықтың орнын толтыруға және бастауыш білім беру жүйесінде робототехниканы оқытуды жетілдіруге бағытталған.

Робототехниканы оқытудың тағы бір маңызды аспектісі - мұғалімдерді даярлау. Көптеген елдерде мұғалімдерге арналған арнайы курстар мен семинарлар өткізіледі. Мысалы, Сингапурда мұғалімдерді робототехника негіздеріне оқыту бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Дегенмен, робототехниканы бастауыш білім беруге енгізудің бірқатар проблемалары бар. Біріншіден, бұл жабдықтардың жоғары құны. Көптеген мектептер үшін заманауи робототехникалық жиынтықтарды сатып алу қиындық тудырады. Екіншіден, бұл білікті мұғалімдердің жетіспеушілігі. Көптеген елдерде робототехника саласында мамандандырылған педагогтар әлі де жеткіліксіз.

Осы проблемаларды шешу үшін әртүрлі тәсілдер қолданып келеді. Мысалы, кейбір елдерде мектептер мен жоғары оқу орындары арасында серіктестік бағдарламалары жүзеге асырылуда. Бұл студенттерге мектептерде робототехника бойынша сабақтар өткізуге

мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ашық білім беру ресурстарын пайдалану да перспективалы бағыт болып отыр. Интернетте қол жетімді көптеген тегін курстар мен материалдар бар, бірақ қазақ тілінде оқу материалдары өте аз. Қолда бар материалдар мұғалімдерге робототехника негіздерін үйренуге және оларды өз сабақтарында қолдану аздық етеді.

Әртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулер оң нәтижелерге қарасақ робототехниканы бастауыш сыныптарда оқытудың тиімділігін зерттеу де маңызды бағыт болып табылады. Мысалы, АҚШ-та жүргізілген зерттеу робототехника сабақтарына қатысқан оқушылардың математика мен жаратылыстану пәндері бойынша үлгерімі жақсарғанын көрсетсе, ал Сингапурда жүргізілген басқа зерттеу робототехникамен айналысатын балалардың проблемаларды шешу және сыни ойлау дағдылары жақсарғанын анықтады.

Болашақта робототехниканы бастауыш білім беруге енгізу үрдісі жалғасады деп күтілуде. Жасанды интеллект технологияларының дамуымен бұл сала одан да маңызды бола түседі. Сарапшылардың болжамы бойынша, келесі онжылдықта робототехника көптеген елдерде міндетті пәнге айналуы мүмкін.

Робототехниканы бастауыш сыныптарда оқыту - бұл заманауи білім берудің маңызды бағыты. Ол оқушылардың дағдыларын дамытуға, оларды болашақ мамандықтарға дайындауға және инновациялық ойлауды қалыптастыруға ықпал етеді. Болашақта білікті және инновациялық жұмыс күшін қалыптастыру үшін оның әлеуетін барынша арттыру мақсатында мұғалімдерді даярлауға, оқу бағдарламаларын әзірлеуге және этикалық мәселелерді шешуге назар аудару өте маңызды. Әлемнің көптеген елдері осы саланы дамытуға көп көңіл бөлуде, бірақ әлі де шешілмеген мәселелер бар. Робототехниканы бастауыш сыныптан бастап тиімді енгізу үшін жүйелі тәсіл, мұғалімдерді даярлау және заманауи оқыту әдістерін әзірлеу қажет. Бұл білім беру саласындағы инновациялардың маңызды бағыты болып қала береді және болашақта одан әрі дамитын болады.

Әдебиет

1. Yousuf M.A. Robots in education // Encyclopedia of artificial intelligence. – IGI Global, 2009. – С. 1383-1388.
2. Kaygısız G.M., Üzümcü Ö., Melike Uçar F. The case of prospective teachers' integration of coding-robotics practices into science teaching with STEM approach, 2020.
3. Marín Garcés J. et al. MiniCERNBot educational platform: Antimatter factory mock-up missions for problem-solving STEM learning // Sensors. – 2021. – Т. 21. – №. 4. – С. 1398.
4. Rüdolf A. et al. Research strategy for the evaluation of students' success in the project "innovative educational robotics strategies for primary school experiences" // human, technologies and quality of education. – 2021. – С. 1056.
5. Wang X., Chen C. Case report: Quantitative recognition of virtual human technology acceptance based on efficient deep neural network algorithm // Frontiers in Neurorobotics. – 2022. – Т. 16. – С. 1009093.
6. Yusof M. M., Jalil H. A., Perumal T. Exploring Teachers' Practices in Teaching Robotics Programming in Primary School // Asian Social Science. – 2021. – Т. 17. – №. 11. – С. 122.
7. Pusceddu G. et al. Training school teachers to use robots as an educational tool: The impact on robotics perception // International Conference on Social Robotics. – Cham : Springer Nature Switzerland, 2022. – С. 103-113.
8. Attila K., Szilvia S. From Scratch to Python-Lego robots as motivational tools for coding // Multidisciplinary Tudományok. – 2022. – Т. 12. – №. 3. – С. 247-255.
9. Karahoca D., Karahoca A., Uzunboylub H. Robotics teaching in primary school education by project based learning for supporting science and technology courses // Procedia Computer Science. – 2011. – Т. 3. – С. 1425-1431.
10. Shipepe A. et al. Co-learning computational and design thinking using educational robotics: A case of primary school learners in Namibia // Sensors. – 2022. – Т. 22. – №. 21. – С. 8169.
11. Valzano M. et al. Ten years of educational robotics in a primary school // Makers at School, Educational Robotics and Innovative Learning Environments: Research and Experiences from

FabLearn Italy 2019, in the Italian Schools and Beyond. – Cham: Springer International Publishing, 2021. – С. 283-289.

12. Job M.A. et al. The Impact of Lego Mindstorms NXT Robot in Science on Sixth Grade Students in Bahrain // CS & IT Conference Proceedings / CS & IT Conference Proceedings. – 2016. – Т. 6. – № 13.

13. Nascimento L.M. et al. Sbotics-gamified framework for educational robotics // Journal of Intelligent & Robotic Systems. – 2021. – Т. 102. – №. 1. – С. 17.

14. Poolsawad K. et al. Teachers' Perception for Integrating Educational Robots and Use as Teaching Assistants in Thai Primary Schools //Emerging Science Journal. – 2020. – Т. 4. – С. 127-140.

15. Serholt S. et al. The case of classroom robots: teachers' deliberations on the ethical tensions // Ai & Society. – 2017. – Т. 32. – С. 613-631.

FTAXP: 14.01.11

А.О. Толаметов, Б.Х. Садық

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., tolametov98@mail.ru, sadik_bolat@mail.ru

STEM БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА МЕКТЕП ФИЗИКАСЫ ПӘНІНЕН САБАҚ БЕРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектептегі физика пәнін STEM бағдарламасы аясында оқытудың артықшылықтары мен әдістері қарастырылады. Мақалада STEM тәсілінің мектеп оқушыларында сыни және креативті ойлау қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады. Оқу үрдісінде STEM әдістерін қолдану оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыруға, практикалық дағдыларды дамытуға және болашақта инженерлік мамандықтарға ынталандыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Зерттеу нәтижелері эксперименттік топтың білімді игеру деңгейінің айтарлықтай жақсарғанын дәлелдейді.

Кілт сөздер: STEM-білім беру, физика, мектепте оқыту, сыни ойлау, креативтілік, инженерлік дағдылар, педагогикалық әдістер, эксперименттік оқыту.

Кіріспе

Қазіргі білім беру мекемелерінің негізгі міндеттерінің бірі-оқушылардың білім сапасын жақсарту. Қазіргі уақытта білім беру жүйесі оқушыларды қоғамнан алынған сыртқы ынталандыру мен бағалауға бейімдеуге бағытталған. Дидактика мен педагогикалық психологияда оқушылардың логикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі өзекті бола түсуде, өйткені қоғамды демократияландыру және экономикалық саланы дамыту мамандарды кәсіби даярлаудың жаңа деңгейін, соның ішінде олардың логикалық және әдіснамалық дайындығын талап етеді. Осылайша, мектеп оқушыларды болашақ мамандар ретінде дайындап қана қоймай, олардың логикалық ойлау мәдениетін дамытуы керек [1].

Қазіргі уақытта STEM-білім беру әлемдегі жетекші трендтердің бірі болып табылады. Технологияның қарқынды дамуы жаңа мамандықтардың пайда болуына және осы саладағы мамандарға сұраныстың артуына әкелді [2]. Мысалы, ЕО елдерінде STEM мамандарының үлесі 2000 жылдан 2013 жылға дейін 12%-ға өсті. Болжамдар көрсеткендей, 2025 жылға қарай мұндай мамандарға сұраныс 8%-ға, ал басқа мамандықтарға сұраныс тек 3%-ға артады. 2011 жылы ЭЫДҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) 16 елінің ішінде Финляндия STEM-мамандықтар түлектерінің ең жоғары көрсеткішіне ие болды – 100 мыңға 1109 (20 мен 39 жас аралығындағы адамдар), бұл көрсеткіш Канада мен Швейцариядан екі есе көп [3].

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев НЗМ-нің (Назарбаев Зияткерлік Мектебі) онжылдығына арналған «Ұлы дала мұрагерлері» форумында қазіргі

әлемде аса сұранысқа ие пәндер болып табылатын жаратылыстану ғылымдарын, технологияларды, инженерлік іс пен математиканы қамтитын STEAM-білім беруді белсенді енгізу қажеттігін атап өтті [4].

Негізгі бөлім

STEAM білімі ғылым мен математиканы оқытудың дәстүрлі тәсілдерінен ерекшеленеді, аралас оқу ортасын ұсынады және ғылыми әдісті күнделікті өмірде қалай қолдануға болатындығын көрсетеді. STEAM-бұл мектепте де, одан тыс жерлерде де жобалық және оқу-зерттеу жұмыстарын қамтитын тәсіл. STEM білімі-бұл төрт негізгі бағыт бойынша терең қолданбалы оқытуға бағытталған әдістер мен бағдарламалар жиынтығы. Қазіргі әлем робототехника, бағдарламалау, жобалау және кибернетика саласындағы мамандарды қажет етеді және осы талаптарға сай болу үшін тиімді оқыту қажет [5].

Бүгінгі таңда оқытуға пәнаралық және жобалық тәсіл барлық жерде енгізіліп, оқушыларға зерттеу және ғылыми-технологиялық әлеуетті, сондай-ақ сыни, инновациялық және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл коммуникация және топтық жұмыс мәселелерін шешуге көмектеседі.

Қазіргі әлемде креативті мамандарды қалыптастыру үшін жастарға ХХІ ғасырдың дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық білім қажет. Шығармашылық іс-шаралар инновациялық оқытудың үлгісі бола алады. Шығармашылық барлық процестердің қозғаушы күші және бәсекелестік артықшылық бола отырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың негізгі факторына айналды. Ұзақ мерзімді перспективада, салаға қарамастан-автомобиль жасаудан бастап сән индустриясы мен ақпараттық технологияларға дейін, жасай алатын адам жеңеді [6].

Шығармашылық қазіргі әлемдегі ең көп талқыланатын қасиеттердің біріне айналды. Шығармашы адамдарды ірі компаниялар белсенді түрде іздейтіні белгілі. Көбісі шығармашылық біздің заманымыздың қажеттілігі деп санайды, бірақ оны өлшеудің нақты критерийлері әлі жоқ.

Шығармашылық үлгілер мен стандартты тәсілдерден алшақтап, жаңа нәрсе жасау қабілеті ретінде анықталады. Креативті ойлаудың арқасында жаңа идеялар, стратегиялар мен тақырыптар пайда болады. Бұл адамға қиын жағдайлардан шығудың жолын табуға және бизнестегі бәсекелестерді басып озуға көмектеседі. Сондықтан шығармашылықты дамыту табысқа ұмтылатындар үшін маңызды.

Физика сабақтары нақты өмірге жақын болуымен ерекшеленеді, өйткені физиканың тікелей практикалық қолданылуы бар. Алайда, оқытудың әртүрлі тәсілдеріне қарамастан, қазіргі мектеп оқушыларын қызықтыру және ынталандыру қиын. Жаңа түрлермен жаңартуға болатын көптеген әдістер бар. Қазақстанда оқыту жаңартылған бағдарлама бойынша жүргізіледі, онда басты назар бағалауға емес, балаларды оқуға ынталандыруға аударылады. Әр оқушының үлесін ескеру маңызды, сондықтан әр тапсырманы орындауға қойылатын талаптарды сипаттайтын дескрипторлар қоса беріледі. Бұл дескрипторлар оқушыларға не үшін және қалай ұпай алатынын түсінуге көмектеседі [7].

Қазіргі уақытта интерактивті жабдықты пайдалану арқылы физика сабақтарының мазмұны өзгеруде. Сабақтар бейнелер, презентациялар, электронды кітаптар, флипчарттар және виртуалды зертханалық жұмыстар арқылы қызықты бола түседі. Қазіргі оқушылар жаңа тәсілдер мен әдістерді қажет етеді, өйткені дәстүрлі сабақтар олардың қажеттіліктерін қанағаттандырмайды.

Зерттеулер көрсеткендей, STEM білім беру жағдайында тақырыптарды игеру және материалды түсіну сапасы жақсарады. Біз 7-сынып оқушыларының қатысуымен эксперимент жүргіздік, онда екі топты салыстырдық: 7А (бақылау тобы) және 7В (эксперименттік топ). Әр топта 23 оқушы болды.

Біз екі бірдей сабақты талдадық: 7А-сыныпта сабақтар қалыпты жағдайда, ал 7В-да STEM білімін қолдана отырып өткізілді. Сабақтарды талдау екі тоқсан бойы жүргізілді. Төменде өткізілген сабақтар мен оларға арналған тапсырмаларды сипаттайтын 1-кесте берілген.

Кесте 1 – Бақылау және эксперименттік топтарға арналған сабақтар мен тапсырмалардың түрлері

| Сабақтүрі | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
|-------------------------------|--|--|
| Физика – табиғат туралы ғылым | АКТ қолдану арқылы сабақ | Химия және биология мен пәнаралық байланыс жүргізіледі. Сабақта «физика табиғат ғылымы ретінде» моделі көрсетілген. |
| Зертханалық жұмыс | Эксперименттер арнайы мектеп құралдарымен жүргізілді | Эксперимент жүргізілді, сонымен бірге сабақта компьютерлік модельдеу мен шешім көрсетіледі |
| Білімді бағалау | Тестілеу өткізіледі | Тестілеудің ашық және жабық сұрақтарының мазмұны мен эссе жазылады |
| «Механикалық қозғалыс» бөлімі | Әр тақырып бойынша демонстрация көрсетіледі | Оқушылар өз бетінше демонстрациялар жасайды және өз жұмыстарын қорғайды |
| Практикалық жұмыстар | Үлестірме материалдар бойынша тапсырмалар орындайды | Оқушылар электронды оқу құралдары бойынша жеке тапсырмаларды орындайды және осылайша әрбір жеке оқушы тапсырма аяқталғаннан кейін бірден бағаланады. Әр оқушыға шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беріледі. |
| Сабақтүрі | Бақылау тобы | Эксперименттік топ |
| Физика – табиғат туралы ғылым | АКТ қолдану арқылы сабақ | Химия және биология мен пәнаралық байланыс жүргізіледі. Сабақта «физика табиғат ғылымы ретінде» моделі көрсетілген. |
| Зертханалық жұмыс | Эксперимент арнайы мектеп құралдарымен жүргізілді | Эксперимент жүргізілді, сонымен бірге сабақта компьютерлік модельдеу мен шешім көрсетіледі |
| Білімді бағалау | Тестілеу өткізіледі | Тестілеудің ашық және жабық сұрақтарының мазмұнымен эссе жазылады. |
| «Механикалық қозғалыс» бөлімі | Әр тақырып бойынша демонстрация көрсетіледі | Оқушылар өз бетінше демонстрациялар жасайды және өз жұмыстарын қорғайды |
| Практикалық жұмыстар | Үлестірме материалдар бойынша тапсырмалар орындайды | Оқушылар электронды оқу құралдары бойынша жеке тапсырмаларды орындайды және осылайша әрбір жеке оқушы тапсырма аяқталғаннан кейін бірден бағаланады. Әр оқушыға шығармашылық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беріледі. |

Талдау көрсеткендей, жаңа әдістер әртүрлі ақпарат түрлерін оқу процесіне біріктіруге ықпал етеді. Бұған мәтін, графика, фотосуреттер, суреттер және бейнелер кіреді, бұл студенттерге материалдарды игеруге және заманауи телекоммуникациялық жабдықтармен жұмыс істеуге көмектеседі. Екі сыныпта да (7А және 7В) төмендегі кестеде көрсетілген арнайы тапсырмалар орындалды. STEM бағдарламасы тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдерге де бағытталған.

STEM білім берудің артықшылықтары:

1. *Интеграцияланған пәнаралық оқыту:*

Бұл бір мәселені әртүрлі көзқарастардан зерттеуді білдіреді. Мысалы, шыны түтіктегі бактериялардың бөлінуі:

❖ Химик ДНҚ-ның бөлінуін тудыратын заттарды және процестің энергия шығындарын зерттейді.

❖ Физик шығарылатын жылу мөлшерін есептейді.

❖ Биолог гендердің мутация жылдамдығын біле отырып, қажетті геннің пайда болуын болжайды.

❖ Математик дифференциалдық теңдеулерді қолдана отырып, белгілі бір уақыттан кейін бактериялардың санын болжайды [8].

2. *Білімді нақты өмірде қолдану және сыни көзқарас:*

Мәселеге бағытталған міндеттер, мысалы, сарбаз үшін 500 г ұшақ жасау. Оқушылар ұшуға байланысты материал мен жағдайларды анықтайды. Дизайнды біртіндеп жақсартып отырып, олар оңтайлы өнімді жасауға сенімді түрде жақындайды.

3. *Топтық жұмыстың артықшылығы:*

Топтық жұмыс идеяларды ұсынуға, қателіктерден қорықпауға, басқаларды тыңдауға және сұрақтар қоюға үйретеді. Бұл белсенді қатысу зерттелетін құбылыстар мен ұғымдарды терең түсінуге ықпал етеді.

4. *Инженерлік мамандықтарға деген қызығушылықты ояту:*

Практикалық және қызықты тапсырмалардың арқасында инженерияға деген қызығушылық артып келеді.

Эксперимент Нәтижелері

Екі тоқсан аралығында біз 7А (бақылау тобы) және 7В (эксперименттік топ) сабақтарының сериясына талдау жасадық. 2-кестеде STEM білімін пайдалану тақырыпты игеруді және материалды түсіну сапасын жақсартуға әкелетінін көрсететін осы сабақтардың нәтижелері келтірілген.

Кесте 2 – STEM және қарапайым сабақтарды талдау

| STEM сабақ | Қарапайым сабақ |
|---|---|
| <i>Оқушылар арнайы бағдарламамен жұмыс жасайды</i> | <i>Оқушылар тек қана оқулықпен жұмыс жасайды</i> |
| <i>Оқушының білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланады және қосымша тапсырмаларды орындай алады</i> | <i>Оқушының жұмысын мұғалім бағалайды, ал қосымша тапсырмалар қарастырылмайды</i> |
| <i>Логикалық ойлау деңгейін дамуына ықпал етеді.</i> | <i>Логикалық ойлау қалыпты деңгейде қала береді.</i> |
| <i>Ойлау деңгейі дамыған, шетелдік білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды қабылдайтын тұлға</i> | – |
| <i>АКТ құралдарымен жұмыс істеу қабілеттері жақсарды</i> | – |

Осылайша, STEM білімі оқушылардың физикаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар сыни және креативті ойлауды, сондай-ақ командалық дағдыларды дамыта отырып, олардың нақты өмірде түсінуі мен қолданылуын жақсартады.


Физика сабақтарында оқушылар теориялар мен формулаларды үйреніп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдана алады. Мысалы, Олар тарту заңдарының қалай жұмыс істейтінін көрнекі түрде көру үшін зымыран үлгісін жасай алады. Бұл жаттығу оқушылардан теориялық білімді де, практикалық дағдыларды да қолдануды талап етеді.

STEM сабақтарында Arduino платформасы және оның аналогтары қолданылады, олар білім беру процесінде және робототехника курстарында кеңінен қолданылады. Arduino компьютерге немесе ноутбукке қосылады және ұялы телефонмен USB кабелі арқылы жұмыс істей алады.

Оқушылар C/C++ тіліне негізделген Arduino IDE бағдарламалауды үйренеді. Олар өздеріне нақты мақсаттар мен міндеттер қояды, бағдарламалар жазады және зертханалық жұмыстарда физикалық шамаларды өлшеу үшін сенсорларды пайдаланады. Бұл олардың инженерлік дағдыларын және физикалық эксперименттер жүргізу дағдыларын дамытады.

Оқушылар бағдарламды кіріспе зертханалық жұмыс ретінде зерттейді. Бағдарламды құрастыру үшін олар Arduino материалдарын және өткізгіштердің сериялық және параллель қосылуы туралы Физика білімін пайдаланады. Олар сондай-ақ сенсорлармен жұмыс істеу үшін тақтаны бағдарламалауды үйренеді.

Бұл тәсіл оқушыларға материалды жақсы түсінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар болашақ инженерлік мамандықтарға дайындалу арқылы олардың практикалық және шығармашылық дағдыларын дамытады.



Сурет 1 – Бағдаршам

STEM тәсілі қымбат жабдықтар мен зертханаларды қажет етпейді, оны барлық жерде қолдануға болады. Негізгі инженерлік дағдылар қолдан жасалған зымырандар сияқты импровизацияланған материалдармен жұмыс жасау кезінде қалыптасады.

STEM технологияларын іс жүзінде қолдану нәтижелері қазірдің өзінде байқалады. Біздің оқушылар қалалық "Зерде" инновациялық жобалар байқауында екінші орынға және физика бойынша республикалық қашықтықтан олимпиадада бірінші орынға ие болды.

Бұл жетістіктер STEM тәсілінің білім сапасын жақсартудағы және оқушыларды ғылыми әлемге тартудағы тиімділігін растайды. Біз ойлана алатын және жасай алатын жаңа талантты және креативті оқушылардың дамуына үлес қосамыз.

STEM білім беру тек сән ғана емес, бұл экология, энергетика, медицина, инженерия және құрылыс сияқты әртүрлі салалардағы жаһандық мәселелерді шешудің ең шынайы және тиімді тәсілі.

Мектептер бұл тәсілді мүмкіндігінше тезірек қабылдауы керек, өйткені болашақ креативті ойлауға және дұрыс шешім қабылдауға қабілетті жоғары білікті мамандарға байланысты.

Әдебиет

1. Курбонова Г.Н. Формирование профессионального мышления у будущих медиков-педагогов // Освіта та розвиток обдарованої особистості. – 2019. – №. 3. – С. 25-29.
2. Жолымбаев О.М. и др. Приоритетные аспекты внедрения Stem-образования в Казахстане и за рубежом и сравнение тенденций его развития // Вестник Московского университета. Серия 20. Педагогическое образование. – 2021. – №. 4. – С. 87-98.
3. Кузекбай А. Назарбаев: В Казахстане необходимо активно внедрять STEAM-образование // [Электрон.ресурс]. Baigenews. – 2018. – №1. – С. 12. <https://baigenews.kz/news/>
4. Акаев А.А. и др. Региональное развитие и система образования в условиях цифровой трансформации // Экономика региона. – 2020. – Т. 16. – №. 4. – С. 1031-1045.
5. Тагунова И.А. Педагогические подходы к организации и реализации педагогического образования в зарубежных странах в условиях смешанного обучения // Педагогическое образование за рубежом. – 2021. – С. 159-187.
6. Алексашина И., Абдулаева О., Киселев Ю. Формирование и оценка функциональной грамотности учащихся. – Litres, 2019.
7. Левченко Т.А., Агеева Л.Е. Повышение квалификации педагогов дошкольной подготовки в РК в условиях перехода на обновленную программу образования.
8. Беглиева А. Особенности и преимущества STEM-образования относительно общепринятых подходов к традиционному методу обучения // Актуальные вопросы и тенденции развития предметной области «Технология». – 2021. – С. 32-36.

А.Т. Кабдолданова

«Шынқожа батыр атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ,
Қазақстан Республикасы, Аягөз қ., ainurchemestr2020@gmail.com

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚИТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Цифрлық дәуірдің қарқынды дамуы білім беру саласына түбегейлі өзгерістер әкелді. Заманауи педагог ақпарат пен технологияларды тиімді пайдаланып, оқушылардың қызығушылығына және қажеттіліктеріне сәйкес жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу мүмкіндігіне ие. Білім беру процесінде цифрлық құралдардың рөлі айтарлықтай артуының себебі, олар оқу материалына қолжетімділікті қамтамасыз етіп, білім алушының белсенділігін арттырып отыр. Педагогтердің цифрлық білімдері мен дағдылары әрдайым маңызды болып қала бермек. Онлайн платформалар, интерактивті оқу материалдары, симуляциялар мен ойын технологиялары оқушылардың танымдық әрекеттерін ынталандыра отырып, сабақтарды қызықты етеді. Сонымен қатар, виртуалды және аралас оқыту форматы оқушылардың жеке қажеттіліктері мен қарым-қатынасын ескеруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық және пәндік әлемнің, виртуалды және нақты әлемнің, толықтырылған шындық объектілерінің өнімдерін біріктіретін техникалық құралдарды пайдалана отырып, бірлескен іс-әрекеттің бұрын болмаған құзыреттіліктері сұранысқа ие болуда. Мақалада цифрлық технологияларды дамытудың, цифрлық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері, сондай-ақ "Білім" ұлттық жобасын және "Ресей Федерациясының цифрлық экономикасы" ұлттық бағдарламасын іске асыру жағдайында мұғалімнің кәсіби дамуына қойылатын талаптар ашылады. Нақты электрондық ресурстар, педагогтардың кәсіби қызметіндегі қолданудың рөлі сипатталған. "Цифрлық құзыреттілік", "цифрлық құралдар", "кеңейтілген құзыреттілік", "базалық құзыреттілік" ұғымдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: АКТ-құзыреттілігі, цифрлық құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, цифрлық дағдылар, білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, педагогикалық құзыреттілік, цифрлық құзыреттілік. Интернет-орта қазіргі қоғамдағы ең маңызды ақпарат көзіне, оның ішінде білім беру көзіне айналуға. Интернет-технологияларды меңгеру жақын арада педагогтың базалық құзыреттіліктерінің біріне айналады. Қазіргі шындықта өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыру барысында мұғалім жаңа, кеңірек және күрделірек құзыреттер жиынтығын талап ететін тез өзгеретін талаптарға тап болады. Атап айтқанда, цифрлық құрылғылардың кеңінен таралуы және оқушылардың цифрлық құзыреттілікке ие болуына көмектесу міндеті оқытушылардан өздерінің цифрлық құзыреттілігін дамытуды талап етеді. Қоғамдық қатынастардың, сондай-ақ білім берудің барлық салаларында, атап айтқанда, цифрландыру жағдайында цифрлық технологиялардың дамуын реттейтін негізгі тұжырымдамалық құжаттар мыналар болып табылады:

Цифрлық құзыреттілік – педагогтың білімді, іскерлікті, мотивацияны, жауапкершілікті үздіксіз меңгеруіне негізделген өмірдің әртүрлі салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді және қауіпсіз таңдау және қолдану қабілеттерінің жиынтығы. мақсатында қызметтің нәтижелілігін арттыру. (ақпаратты іздеу, цифрлық құрылғыларды пайдалану, әлеуметтік желілердің функционалдығын пайдалану, қаржылық операциялар, онлайн-сатып алулар, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау, мультимедиялық контентті шығару, құрылғыларды синхрондау және т.б.) Барлық цифрлық құзыреттіліктерді базалық және кеңейтілген деп бөлуге болады.

Базалық құзыреттіліктер – күнделікті және кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану бойынша білім мен дағдылардың ең төменгі қажетті деңгейі.

Кеңейтілген – Кәсіби қызметтегі әртүрлі кәсіби міндеттерді шешу үшін цифрлық құралдарды функционалдық пайдалануға байланысты құзыреттер тобы [3, 13].

